Том 22

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

22 ТОМ

Июль 1912 — февраль 1913

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1977

3К2
Л40

Л $\frac{10102-197}{401(07)-77}$ 5—77

© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1977.

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырма екінші томына 1912 жылғы июль — 1913 жылғы февральда жазған шығармалары кірді.

Бұл дәуірдегі еңбектерінің көпшілігі күшейе түскен революциялық өрлеуге талдау жасап, большевиктердің жаңа жағдайдағы тактикасын түсіндіруге, партияның бірлігін және оның бұқарамен байланысын нығайту жолындағы күреске, жойымпаз-меньшевиктер мен троцкистердің іріткі салушылық әрекетін әшкерелеуге, төне түскен дүние жүзілік соғыс қаупіне қарсы күреске арналған. Ленин экономикалық мәселелерге көп көңіл бөлді.

Шетелде, Краковта тұрып, Ленин Россияның партия ұйымдарымен тығыз байланыста болды да, революциялық қозғалысқа тікелей басшылық етті. РСДРП Орталық Комитеті Шетелдік бюросының бүкіл жұмысы Краковта шоғырланды. Орталық Комитеттің кеңестері мен мәжілістері осында өтіп жүрді, көрнекті партия қызметкерлері осында келіп тұрды, Россиядағы партия ұйымдарына нұсқаулар мен директивалар осы жерден беріліп жатты.

Ленин Краковтан «Правданың» редакциясына күн сайын дерлік хаттар, мақалалар мен заметкалар жіберіп тұрды. Томға «Правда» газетінде жарияланған 59 мақала енгізілген. Ленин Россиядағы және шетелдегі аса маңызды оқиғаларға қызу үн қосып, партия өмірі-

нің толғағы жеткен мәселелерінің бәріне жауап беріп отырды.

«Армия мен флоттағы көтерілістер», «15 ноябрьдегі оқиға туралы мәселе жөнінде», «Революциялық стачка мен көше демонстрацияларының өрістеуі», «Өмір үйретеді», «Стачкалар туралы бірер сөз» деген және басқа мақалалары Россияда өрістеген революциялық күреске баға беруге арналған. Бұл мақалаларда жаңа революциялық өрлеудің, жұмысшы қозғалысының даму кезеңдерінің сипаты мен ерекшеліктеріне талдау жасалған.

Ленин 1912 жылды «Россияның жұмысшы қозғалысындағы ұлы, тарихи бетбұрыс жыл» (осы том, 280-бет) деп атады. Жұмысшы табы капиталистер мен патша монархиясына қарсы жаппай шабуылға көшті. 1,5 миллионнан астам адам ереуіл жасады, саяси стачкаларға 1 миллионға жуық адам қатысты. Стачкалық қозғалыстың қанат жаюы жөнінен Россия 1912 жылы барлық елдердің, тіпті дүние жүзінің ең дамыған елдерінің алдына шықты; революциялық қозғалыстың өрлеуі 1905—1907 жылдардағы революцияның алдындағыдан өлшеусіз жоғары болды. Елде революциялық дағдарыс пісіп-жетіліп келе жатты, ел жаңа буржуазиялық-демократиялық революцияға бет алды.

Жұмысшы табы күресінің барысында революциялық бұқаралық стачка пайда болды; бұл стачка еңбекшілердің қалың бұқарасына күшті ықпал жасады, шаруаларды күреске оятты, армия мен флотты революциялық қозғалысқа тартты. Балтық флоты мен Қара теңіз флотындағы және Түркстандағы матростар мен солдаттардың 1912 жылдың жазындағы революциялық бой көрсетулеріне баға бере келіп, Ленин бұл оқиғалардың стачкалық қозғалыспен тікелей байланысын атап айтты, сонымен бірге армия мен флоттағы толқулар әскерлердің негізгі көпшілігі болып табылатын шаруалар арасындағы наразылық пен толқудың өсуін сипаттайтынын көрсетіп берді.

Жаңа революциялық өрлеудің күшеюі апрель-май стачкаларынан ноябрь стачкалары мен демонстрацияларына барып ұласты. 1912 жылдың күзінде Россияда-

ғы пролетариаттың қозғалысы жаңа, неғұрлым жоғары сатыға көтерілді, деп атап көрсетті Ленин. Октябрьде Петербург жұмысшылары үкіметтің жұмысшылардың тең жартысын Дума сайлауына қатысу правосынан айыруға тырысқан әрекетіне наразылық білдіру ереуілімен және митингілермен жауап берді. Ноябрьде Петербургтің, Рига мен Москваның жұмысшылары патша сотының Қара теңіз флотының матростарына шығарған үкімін саяси ереуілдермен және демонстрациялармен қарсы алды. Петербург жұмысшылары IV Мемлекеттік думаның ашылуын халықтың саяси демонстрациясымен атап өтті. Ленин бұл демонстрацияның маңызын жоғары бағалады. «Демонстрация үшін тамаша таңдап алынған кезең! — деп жазды ол.— Тамаша пролетарлық түйсік, қара «парламенттің» ашылуына астананың көшелерінде қызыл туларды қарама-қарсы қою және салыстыра білу!» (228-бет).

Бірінші орыс революциясының қарсаңымен салыстырғанда 1912 жылғы революциялық өрлеуге сипаттама бере келіп, Ленин жұмысшы қозғалысының жаңа кезеңінің мынадай ерекшеліктерін атап көрсетті: біріншіден — пролетариаттың саны едәуір көбейді; екіншіден — пролетариаттың ірі кәсіпорындарға шоғырлануы өсті; үшіншіден — жұмысшының жерге байланысынан жедел арылуы себепті қозғалыстың таза пролетарлық негізгі тірегі күшейді; төртіншіден — қолөнерде және ауыл шаруашылығында пролетарлық және жартылай пролетарлық халық бұқарасы орасан көп мөлшерде өсті; бесіншіден — жұмысшы табының сапалылығы, тәжірибелілігі және батылдығы артты. Ленин Россия халқының орасан көпшілігінің тілектестігіне ие болып отырған жұмысшы табы күресінің жалпы халықтық сипатын атап көрсетіп, 1912 жылғы қозғалыстың үлкен ұтымды жері либерализм мен демократия позицияларының неғұрлым айқын түрде межеленуі болғанын атап айтты.

Революциялық қозғалыстың дамуындағы жаңа кезең большевиктерден партиялық жұмыс саласында бірқатар жаңа міндеттерді шешуді талап етті. Прага конференциясынан (январь, 1912) бері партия революциялық

күрестің мол тәжірибесін жинақтаған еді. Стачкалық қозғалыстың өрлеуі, жергілікті жерлердегі партия ұйымдарының өсуі және нығаюы, большевиктер ықпалының күшеюі және жұмысшылардың көз алдында жойымпаздардың барған сайын көбірек әшкереленуі, тұңғыш бұқаралық жария жұмысшы газеті «Праванының» шығарылуы, IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның большевик депутаттарының жұмысы — осының бәрі партиялық жұмыстың шеңбері мен ауқымын едәуір кеңейтіп, большевиктерден дәлмедәл және нақты басшылық етуді, тактикалық міндеттерді дұрыс қоюды талап етті. РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесі осы мәселелердің бәрін шешуде зор роль атқарды; кеңес 1912 жылғы 26 декабрьде—1913 жылғы 1 январьда (8—14 январь, 1913) Лениннің басшылығымен өтті. Кеңеске Петербург, Москва облысы, Оңтүстік, Урал мен Кавказ партия ұйымдарының өкілдері қатысты. Ленин кеңесте «Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері», «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» баяндамалар жасады (баяндамалардың тексті сақталған жоқ), сондай-ақ РСДРП Орталық Комитетінің кеңес туралы «Хабарын» және кеңестің қарарларын жазды.

Краков кеңесі Прага конференциясының елдегі жаңа революциялық өрлеуге байланысты партияның міндеттері туралы шешімдерін дамытып, нақтылай түсу ісіндегі ілгері басқан қадам болды. Кеңес 1912 жылғы революциялық күрестің тәжірибесін оқып-үйрену қажеттігін атап көрсетті. Кеңес туралы «Хабарда» былай делінген: жұмысшы табына ұлы міндет — барлық демократияшыл бұқараны революциялық тұрғыдан серпілту және тәрбиелеу, патша өкіметіне жойқын тегеурін жасау үшін сол бұқараға басшылық ету міндеті жүктеліп отыр. «Бұқараның ашық революциялық күресін жан-жақты қолдап, оны ұйымдастыру, ол күресті кеңейтіп, тереңдетіп және күшейтіп отыру — үстіміздегі кезеңнің негізгі міндеті, міне, осындай»,— деп жазды Ленин (280-бет).

Партия кеңесі революцияның өрлей түскен жағдайында бұқаралық саяси стачкалардың өте-мөте зор маңыз алатынын атап көрсетіп, бұл мәселе бойынша егжей-тегжейлі қарар қабылдады. Бұл қарарда бірінші кезектегі міндет ретінде революциялық стачкаларды жан-жақты қолдау қажеттігі айтылды; сонымен бірге партия ұйымдарына революциялық көше демонстрацияларын өткізу, өткізгенде бұларды әрі саяси стачкалармен ұштастыра отырып, әрі дербес өткізу ұсынылды. Кәсіпкерлерге қарсы күресте стачканың нақты экономикалық жағдайларын есепке алу және күрестің жаңа формаларын іздеп табу ұсынылды.

Краков кеңесі партия құрылысы мәселелеріне көп көңіл бөлді. Бұл арада большевиктердің негізгі күшжігері жергілікті орындарда құпия партия ұйымдарын ұлғайтуға және нығайтуға бағытталды. Партияның барлық мүшелері өз жұмысында басшылыққа алуға міндетті болған ұйымдық құрылымның бұл жалпы қағидасы құпия партия ұяларының жария қоғамдармен ұйымдық байланыстарының алуан түрлі болуын әсте де бекерге шығармады. «... Жария және жартылай жария жұмысшы қоғамдарының желісі айнала қоршаған партия ұяларының жиыны ретіндегі құпия партия,— делінген «Құпия ұйым құрылысы» атты қарарда,— басымыздан кешіріп отырған замандағы ұйымдық құрылыстың бірден-бір дұрыс түрпаты болып табылады» (289-бет). Ұйымдық құрылыстағы догматизм мен керенаулыққа қарсы шыға отырып, В. И. Ленин құпия ұяларды жасыру формаларының алуан түрлі болуы, жұмысты жергілікті және тұрмыс жағдайларына бейімдеуде мүмкіндігінше зор оралымдылық болуы құпия ұйымның өміршеңдігінің кепілі болып табылады деп көрсетті.

Жұмысшы қозғалысының жедел өсу жағдайларына сүйене отырып, кеңес жергілікті жерлердегі ұйымдық құрылыс саласындағы кезектегі басты міндет—барлық фабрикалар мен заводтарда неғұрлым белсенді жұмысшылардан құралған нағыз партиялық құпия завод комитеттерін құру, ал әрбір орталықта — жергілікті бытыраңқы топтардан бір басқарушы ұйым құру міндетін

алға қойды. Жергілікті жерлердегі басшы жұмысшылардан бөлінетін жұрт сенген өкілдер жүйесі енгізілді.

Сонымен, Ленин, большевиктер Краков кеңесінің шешімдерінде Прага конференциясының «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарарын онан әрі дамыта отырып және 1912 жылғы революциялық күрестің тәжірибесіне сүйене келіп, Россияда құпия партия ұйымын құрудың нақты формаларын белгілеп берді.

Краков кеңесінің сіңірген зор еңбегі оның жұмысшы қозғалысының бірлігі жолындағы күресті партияның өзекті міндеттерінің бірі ретінде алға қойғандығында болды. «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» қарарда құпия ұйымды және революциялық тактиканы мойындау негізінде жұмысшылардың өздері төменнен жүзеге асыратын бірлікті құру ұраны жарияланды. Кеңес жойымпаздарды өздерінің жікшілдік әрекетін жалғастырып отырған, бірлікті бұзушылар ретінде әшкереледі.

Жойымпаздарды партиядан қуып шыққан Прага конференциясынан кейін жойымпаздардың енді бұрынғыдай қауқары болмай қалды. Жойымпаздардың сатқындық тактикасы олардың жұмысшы табынан барған сайын оқшаулануына әкеліп соқты. Ленин жойымпаздардың саяси банкротқа ұшырағанын және олардың ықпалының әлсірегенін атап көрсетті. «Жойымпаздар — өлексе,— деп жазды ол «IV Думаның сайлауы қарсаңында» деген мақаласында,—сондықтан қаһарлы... шетелдік «топтар, орталықтар, фракциялар, ағымдар, бағыттар одақтарының» қандайы болса да бұл өлексені тірілте алмайды» (9-бет). Бірақ жойымпаздар жұмысшыларды адастырды. «Бірлік» ұранын жамылып, олар іс жүзінде бұрынғысынша ашық партия дейтінді жақтап, астыртын жұмысқа қарсы, реформистік, тек қана жария тактиканы жақтап үгіт жүргізді. Осы үгіттің бүкіл зиянын ашып көрсету керек болды. Краков кеңесі РСДРП Бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының жойымпаздық туралы шешімін еске салып, жойымпаздықтың қауіптілігін жұмысшылар бұқарасына түсіндіру және «Наша Заря» мен «Луч»

жойымпаздарының тобына қарсы үзілді-кесілді күрес бұрынғысынша партияның аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады деп атап көрсетті.

Краков партия кеңесі аяқталғаннан кейін көп кешікпей Ленин «Социал-демократтарға» атты үндеуде жойымпаздардың құпия партияға қарсы айтылған соңғы ашық мәлімдемелерін келтіре отырып, былай деп жазды: «Олардың бет пердесі жұлынды. Қазір «Луч» пен «Наша Заря» жойымпаздарының тобымен бірлік туралы тек екіжүзділер ғана әңгіме ете алады» (346-бет). В. И. Лениннің осы томға енген «Құпия партия және жария жұмыс», «Реформизм дерті», «Ашық партия туралы» атты еңбектері де жойымпаздықты әшкерелеуге арналған. Бұл еңбектер Краков кеңесінің жойымпаздық туралы қарарын толықтыра түседі, бұларда жойымпаздардың іріткі салушылық әрекетінің фактілеріне егжей-тегжейлі талдау жасалады.

Краков кеңесі 1912 жылғы августа Троцкий шақырған конференцияның оппортунистік мәнін түсіндіріп берді; бұл конференцияда бірқатар фракциялық топсымақтардың антибольшевиктік блогы қалыптасқан болатын. Кеңес мынаны атап корсетті: август конференциясы іс жүзінде жойымпаздық конференция болып шықты, оның басты және басқарушы бөлегі партиядан бөлініп шыққан әрі Россияның жұмысшылар бұқарасынан қол үзген жойымпаздардың әдеби тобы болды.

Краков кеңесінде ұлт мәселесі арнайы талқыланды. Кеңес Прага конференциясының ұлттық социал-демократиялық ұйымдар туралы шешімінің дұрыстығын растады және Россияның барлық ұлттарының жұмысшыларын «реакцияның өршеленген ұлтшылдығына мейлінше батыл тойтарыс беруге, ұлтшылдық рухтың еңбекшілер бұқарасының арасындағы алуан түрлі барлық коріністеріне қарсы күресуге және жергілікті жерлердегі социал-демократ жұмысшыларды... РСДРП-ның бірыңғай ұйымдарына мейлінше топтастыруға, біріктіруге» (297—298-беттер) шақырды.

Кеңес ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың басшы мекемелерінің — Бундтың Орталық комитетінің, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы

Бас басқармасының, Латыш өлкесі социал-демократиясы Орталық комитетінің — РСДРП-дан оқшауланып, жойымпаздардың жікшілдік әрекетіне көмектесуге тырысқан әрекеттерін сөкті. Бундтың шектен шыққан оппортунистік позициясы, оның демократиялық республика үшін күрестен бас тартуы, пролетариаттың құпия партиясынан бас тартуы қатты сынға алынды. Кеңес өзінің қарарында сол дәуірде поляк социал-демократиясының қатарындағы жікке бөлінушілікке мейлінше қынжылатынын білдірді және оның Бас басқармасының қателіктерін атап айтты. Осы томға В. И. Лениннің «Халықаралық социалистік бюроның секретариатына», «Біздің партиямыздың «толғағы жеткен мәселелері»», «Поляк социал-демократиясындағы жіктеліс» сияқты бірқатар шығармалары енген; бұл еңбектер поляк социал-демократиясы қатарының бірлігі үшін, сондай-ақ басқа да ұлттық социал-демократиялық ұйымдар қатарының бірлігі үшін Лениннің қандай табандылықпен әрі дәйекті түрде күрес жүргізгенін көрсетеді.

Краков кеңесінің жұмысында большевиктік «Правда» газетінің жұмысына байланысты мәселелер маңызды орын алды; «Правда» газеті еңбекшілерге саяси тәрбие берудің қуатты құралы болды. «Правданың» төңірегіне лениндік идеяларды бұқараға адал жеткізушілер — жұмысшы тілшілерінің қыруар армиясы қалыптасты. Газет жұмысшылардың қаржысымен шығарылып тұрды және олардың зор сүйіспеншілігіне бөленді. Ленин «Правданың» жұмысына айрықша көңіл бөліп, оны «қозғалысты топтастыруға және өрлетуге қажетті ұйымдық құрал» (Шығармалар, 35-том, 54-бет) деп білді. Краков кеңесі газеттің жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгіледі. В. И. Ленин Шығармаларына бірінші рет енгізіліп отырған ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарарда редакцияның партия шешімдерінің бәрін неғұрлым қатаң сақтап, жүзеге асырып отыру қажеттігі атап көрсетілді. Газет жойымпаздықтың зияндылығын түсіндіруге, әсіресе «Лучтың» уағызын әшкерелеуге зор көңіл бөлуге тиіс болды. Кеңес редакцияға «Правданы» пар-

тия тұрмысын, пролетариаттың жай-күйі мен күресін баяндап жазуға жақсылап пайдалануды ұсынды. В. И. Ленин 1912 жылы августа жазылған «Жұмысшылар және «Правда»» атты мақаласында да газет жұмысының осы аса маңызды жағына тоқталған болатын; ол былай деп жазды: «Жұмысшы газеті дегеніміз жұмысшы трибунасы. Жалпы алғанда жұмысшы тұрмысының, соның ішінде жұмысшы демократиясының мәселелері мұнда бүкіл Россияның алдына бірінеп соң бірі қойылып отыруы керек» (осы том, 79-бет). Кеңес жұмысшы қоғамдарын, одақтарын, комитеттерін, топтарын және жекелеген адамдарды газетке белсене қатысуға және оны таратуға тартудың маңыздылығына редакцияның назарын аударды.

Краков кеңесінің «Правда» редакциясының жұмысы мәселелерін шешуі В. И. Ленин басшылық еткен Орталық Комитеттің партияның аса маңызды осы жария органына қалай әмірменді және нақты басшылық еткенін көрсетеді. Қабылданған шешімдердің нәтижесінде «Правданың» редакциясы жұмысын жақсартты, мәселелерді қатты қоятын болды, оппортунистерге қарсы неғұрлым батыл күресіп, жұмысшы өмірінің мәселелеріне неғұрлым жедел үн қосатын болды.

IV Мемлекеттік думаның төрт большевик-депутаты қатысқан Краков партия кеңесі Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына көп көңіл бөлді. Социал-демократиялық фракцияның большевиктік бөлегі, ал кейінірек дербес большевиктік фракция «Правдамен» қатар партияның жалпы россиялық маңызды жария органы болды. Депутат большевиктер партияның идеяларын жұмысшылар бұқарасына таратушылар болды.

Кеңес социал-демократиялық фракция жұмысының алғашқы қадамдарының қорытындысын шығарып, оның жұмысындағы табыстар мен олқылықтарды атап көрсетті; кеңес большевик-депутаттардың жігерлі жұмысын, олардың сәтті сөйлеген сөздерін, олардың Думаға түсірген сұрақтарын құптады және фракцияның жойымпаздық бөлегінің теріс әрекеттерін қатты сөкті. Кеңес былай деп көрсетті: социал-демократиялық фрак-

ция — партияға бағынышты орган, сондықтан жұмысшы табына саяси тәрбие беру және партияның Думадағы жұмысын дұрыс жолға қою мүдделері үшін фракцияның әрбір қадамына мұқият зер салып, оның жұмысын бақылап отыру қажет.

РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесі жаңа революциялық өрлеу дәуірінде большевиктердің бұқаралық пролетарлық партияны қайта құру жолындағы күресінің маңызды кезеңі болды. Кеңес партиялық жұмыстың жаңа формаларын талдап жасауда, партияның еңбекшілер бұқарасымен байланысын ұлғайтып, нығайтуда, жойымпаздар мен троцкистердің оппортунистік бағытын әшкерелеуде зор роль атқарды.

Томның дені Лениннің IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанына басшылық ету, ал сайлаудан кейін — Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына басшылық ету жөніндегі қызметін бейнелейтін шығармалары қамтиды.

«Партия құру жөніндегі өте көп нәрсе сайлаудың нәтижесіне байланысты»,— деп жазды Ленин Горькийге 1912 жылғы октябрьдің бас кезінде (Шығармалар, 35-том, 35-бет). Лениннің 1912 жылдың жазы мен күзінде жазған мақалаларының көпшілігі сайлауға арналған немесе соған байланысты. «IV Думаның сайлауы қарсаңында», «Демократияға қарсы тағы бір жорық», «Кадеттер сайлауға немен бара жатыр?», «Реформистердің платформасы және революцияшыл социал-демократтардың платформасы» атты мақалаларында және басқа мақалаларында Ленин сайлауға қатысушы саяси партиялардың программалары мен саяси платформаларының мәнін ашып корсетеді, большевиктік партияның міндеттерін тұжырымдап, оның сайлау науқанындағы ролін белгілейді.

Партияның Думаның сайлау науқанындағы тактикасын белгілеу үшін елдегі тап күштерінің ара салмағы туралы мәселені дұрыс шешудің принципті маңызы болды. Ленин Россияда үш саяси лагерь бар екенін көрсетіп берді: билеуші реакция, либерал буржуазия және демократия. Ленин кадеттер мен жойымпаздарды әш-

керелеп отырды, олар бұқараның демократиялық қозғалысының дербестігіне қарсы шығып, либералдар мен демократтар арасындағы айырмашылықты жуып-шаюға тырысқан еді, сөйтіп Россияда тек қана екі саяси лагерь: конституциялық лагерь мен антиконституциялық лагерь ғана бар деп мәлімдеген болатын.

Ленин былай деп көрсетті: либерализм реакциядан гөрі демократиядан көбірек қорқады. Либералдық-буржуазиялық партиялардың сайлау платформалары мен программаларында Россияда жаңа революцияның қажеттігі бекерге шығарылды; олардың талаптары баяу конституциялық реформалармен ғана шектелді.

Демократияшыл күштер лагері туралы айта келіп, Ленин бұл лагерьдің біртекті емес екенін атап көрсетті. Оның авангарды — большевиктік партия бастаған жұмысшы демократиясы — бұқаралық революциялық өрлеуді ұлғайтуға және нығайтуға, оны революция сатысына дейін көтеруге ұмтылды. Большевиктер сайлауға демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещик жерлерін конфискелеу ұрандарымен барды. Олар үшін сайлау науқаны мандат алу үшін күрес емес, революциялық принциптер үшін, бұқараны революциялық саяси платформаның төңірегіне топтастыру үшін күрес болды. ««Сайлау үшін» платформа емес, қайта сайлау *революциялық социал-демократиялық* платформаны жүргізу үшін керек!» — деп атап көрсетті В. И. Ленин (осы том, 6-бет).

Буржуазиялық демократия (халықшылдар мен барлық сарындағы трудовиктер) либералдар мен жұмысшы табының арасында ауытқып жүрді. «Екі утопия», «Жаңа демократия», «Халықшылдық туралы» атты мақалалар буржуазиялық демократияға сипаттама беруге арналған. Бұл мақалаларында Ленин трудовиктер мен халықшылдардың «халықтық» социализм, теңгермешілдік, жерді социализациялау сияқты талаптарының утопиялылығын сынай келіп, марксистердің алдына халықшылдық утопиялардың қауызынан «шаруалар бұқарасының шын, батыл, айбынды демократизмінің байыпты, бағалы өзекті мәнін» (134-бет) бөліп ала білу міндетін қойды.

Жойымпаз-меньшевиктердің платформасына баға бере келіп, Ленин олардың революцияшыл желсөздермен ғана бүркемеленіп келгенін, ал іс жүзінде либералдардың соңынан салпақтап жүргенін, «коалициялар бостандығы» болсын дейтіп реформистік ұран ұсынғанын көрсетіп береді. Жойымпаздар IV Мемлекеттік думаның сайлауын конституциялық реформаларды уағыздау және либерал буржуазиямен мәмлеге келу үшін пайдаланды. «Саяси бағыт туралы» атты мақаласында Ленин оппортунистік бағытты қорғаған және дербес пролетарлық саясаттан өздерінің бас тартқанын ашық мәлімдеуден қорқатын жойымпаздардың жалған әрі қорқақтық қылықтарын әшкереледі.

Сайлаудың нәтижелері сайлау науқаны кезіндегі жағдайға және күштердің орналасуына большевиктердің берген бағасын толық растады. Ленин «Сайлаудың қорытындылары» атты мақаласында мынаны атап көрсетті: сайлаудың барысында үкіметтік контрреволюция лагерінің дәрмені кеткені соншалық, оның сайлауды бұрмалауына тура келді. Либерализм лагері бұрынғыдан да гөрі, ірі буржуазияға қарай оңшылдана түсті, кадеттер өздерінің контрреволюцияшылдығын қаражүздіктермен одағы арқылы дәлелдеді. Сайлау жойымпаздардың саяси банкроттыққа ұшырағанын онан сайын айқын көрсетті. Алты губернияның жұмысшы куриялары бойынша дауыс берудің нәтижелері осыны айқын сипаттады. Большевиктер дауыстардың басым көпшілігін алды, олардың депутаттары Россия пролетариатының бестен төрті шоғырланған негізгі өнеркәсіпті губерниялардан өтті, ал оның бер жағында меньшевик депутаттар қалалық ұсақ буржуазияның дауыстарымен сайланды. Мұның өзі большевиктердің үлкен жеңісі еді.

1912 жылғы декабрьдің бірінші жартысында Ленин «Жұмысшы табы және оның «парламенттік» өкілдігі» атты сериялы мақалалар жазды; бұларда Ленин II және III Думалардағы социал-демократиялық фракцияның жұмыс тәжірибесін қорытып, IV Думадағы социал-демократиялық фракцияның міндеттерін белгілеп берді. Ленин партия Думадағы өзінің өкілдігімен жұмыс

жүргізіп, оған басшылық етуге, фракцияның дұрыс партиялық бағыт ұстауы жолында күресуге тиіс деген ойды талай рет атап айтты.

Социал-демократтардың IV Думада тұңғыш рет сөз сөйлеуіне зор маңыз бере отырып, Ленин «Жұмысшы депутаттардың сөйлейтін кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде» атты тезистер және «Думадағы жұмысшы депутаттар және олардың декларациясы туралы мәселе жөнінде» деген социал-демократиялық фракция декларациясының жобасын жазды. Ленин депутат-большевиктерге Мемлекеттік думалардағы бұрынғы социал-демократиялық фракциялардың жұмысымен өзінің сабақтастық байланысын мәлімдеуді, Россия социал-демократиясының социалистік пролетариаттың халықаралық армиясы отрядтарының бірі екенін, капитализмнің құритын және миллиондаған пролетарлардың социалистік қоғам құратын уақыты жақындап келе жатқанын батыл айтуды ұсынды. Ленин декларацияда Россияның ішкі ауыр жағдайын баяндап жазу керек, Россияға саяси бостандықтың қажеттігін көрсетіп, пролетариаттың азаттық қозғалыстағы басшылық ролін айрықша атап айту керек деп көрсетті. Ол большевик-депутаттарға төніп келе жатқан соғысқа қарсы ашық наразылық білдіруді ұсынды.

Декларацияны қабылдаудың алдында большевик депутаттар социал-демократиялық фракцияның меньшевиктік жетеуіне қарсы шиеленіскен күрес жүргізді. Большевик депутаттар декларацияға большевиктік платформаның негізгі талаптарын енгіздірді. Декларация жұмысшылар бұқарасы арасында кеңінен таралып, жұмысшы табының патша өкіметіне қарсы күресін күшейтуде едәуір роль атқарды.

Ленин большевик депутаттармен тығыз байланыс жасалуын қамтамасыз етті. Олардың бүкіл қызметі Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ленин сөйленетін әрбір сөзді, түсірілетін әрбір сұрақты біліп отырды, большевик депутаттар сөйлейтін аса маңызды сөздердің жобаларын жазып берді. Томда социал-демократ депутаттың IV Мемлекеттік думада сөйлейтін сөзінің «Бюджеттік сөз жөнінде» атты жоспары бірінші рет жария-

ланып отыр. Депутат большевиктер Краковқа ақыл-кеңес, жетекші нұсқаулар алу үшін келіп-қайтып жатты. Ленин оларды революцияның мүддесі үшін Дума трибунасын күнбе-күн қалай пайдаланып отыруға, жария жұмыс пен құпия жұмысты ұштастыра білуге, принципшіл әрі табанды болуға, пролетариаттың талаптарын батыл қорғауға үйретті. Лениннің басшылығымен революцияшыл парламент мүшесінің жаңа түрпаты — жұмысшы табының нағыз өкілі осылай тәрбиеленіп отырды.

Кейінірек Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттарының қызметін жоғары бағалады. «... Россияда бір ғана жұмысшы партиясы табылды,— деп жазды ол 1915 жылғы мартта,— оның депутаттары көбік ауыздылықпен емес, буржуазиялық, интеллигенттік салондарға «еркін кіргіштігімен» емес, европалық адвокаттың және парламентарийдің іскерлік ептілігімен емес, жұмысшы бұқарасымен байланысының күштілігімен, сол бұқараның ішінде жанқиярлық жұмысымен, құпия насихатшының, ұйымдастырушының жұпыны қызметін, көзге іліне коймайтын, ауыр, тауқыметті және өте-мөте қатерлі қызметін орындаумен жарқырап көзге түсті» (Шығармалар, 21-том, 167-бет).

Томға енген мақалалардың едәуір тобы халықаралық саясат мәселелеріне, әсіресе барлық елдердің пролетариаты мен оның партияларының төне түскен дүние жүзілік империалистік соғыс қаупіне қарсы күресіне арналған. Ленин соғыстың қандай қасіретке ұшырататынын көрсетіп берді («Соғыстың сұмдықтары» атты мақаланы қараңыз), еңбекшілерді топтасып, агрессорларға тойтарыс беруге шақырды. «Құмарлық ойыны», «Балқан халықтары және европалық дипломатия», «Түлкі мен тауық күркесі туралы», «Масқаралық қарар», «Буржуазия және реформизм» атты мақалаларда Австро-Венгрия, Италия, Россия, Германия, Англия, Франция және басқа империалистік мемлекеттер үкіметтерінің басқыншылық ниет-пиғылдары әшкереленеді. Ленин империалистердің қанқұйлы авантюраларын ашу-ызамен түйрейді, «тәуелсіздік жолындағы қасиетті күрес» жөніндегі сылдыр сөздерді бүркемеленіп, бан-

кирлер мен өнеркәсіп иелерінің пайдаларына бола халықтарды қырғынға айдап салуға тырысып отырған шовинистерді әшкерелейді.

Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттарына Дума трибунасынан революциялық демократияның мынадай ұрандарын бүкіл халық алдында жариялауды ұсынды: «Соғысқа соғыс! Қол сұғушылық атаулыға қарсы! Бейбітшілік үшін!» (осы том, 219-бет).

Ленин 1912 жылғы октябрьде басталған Балқан соғысына көп көңіл бөліп отырды. Томда В. И. Лениннің жаңа документі — РСДРП Орталық Комитетінің «Россияның барлық азаматтарына» үндеуі жарияланып отыр; бұл үндеуде халықаралық жағдайға терең талдау жасалған, Балқан дағдарысының мәні ашып көрсетілген, большевиктік партия мен Россия жұмысшы табының Балқан соғысы жөніндегі позициясы сипатталған. «Балқан дағдарысы,— деп жазды Ленин,— XX ғасырдың басынан бастап барлық жерде таптық және халықаралық қайшылықтардың шиеленісуіне, соғыстар мен революцияларға бастап отырған оқиғалар желісіндегі буындардың бірі болып табылады» (150—151-беттер). Партияның Орталық Комитеті патша самодержавиесі мен басқа да империалистік державалар үкіметтерінің Балқандағы басқыншылық, тонаушылық саясатын әшкереледі, Балқан елдері еңбекшілер бұқарасының ұлттық және әлеуметтік езгіден құтылу жолындағы күресіне қолдау білдірді.

Ленин Балқанның буржуазияшыл ұлтшылдарының басқыншылық пиғылдары мен Балқан халықтарының бұл соғыстағы азаттық мақсаттарын қатаң ажыратты. «Серб-болгар жеңістерінің әлеуметтік маңызы» атты мақаласында Балқан мемлекеттерінің соғыстағы жеңістерінің жалпы ұнамды қорытындысын (Балқандағы орта ғасырлықтың қалдықтарына соққы беру, Балқан халықтарының түрік езгісінен азат етілуінің аяқталуы) атап өте келіп, Ленин сонымен бірге мынаны көрсетеді: егер бұл азаттық алу «революция жасау жолымен жүзеге асқан болса, яғни сербтің де, болгардың да, *түріктің* де шаруаларының *барлық* ұлттардың помещиктеріне қарсы (помещиктік Балқан үкіметтеріне де

қарсы) күресі арқылы жүзеге асқан болса, онда Балқан халықтарының азаттық жолындағы адам құрбаны қазіргі соғыстағыдан гөрі жүз есе аз болатыны күмәнсыз еді. Азаттық әлдеқайда неғұрлым жеңілге түскен болар еді және әлдеқайда толығырақ болған болар еді» (206-бет).

Ленин отаршылдыққа қарсы жалынды күрескер болды. «Италияның Түркияға қарсы соғысының аяқталуы» атты мақаласында ол Италияның Африкадағы тонаушылық әрекеттерін өлтіре түйреді, бұл әрекеттерді XX ғасырдағы «цивилизациялы» мемлекеттің кәдуілгі отарлау соғысы деп, жетілдірілген адам қырғынының дәл өзі, «ең жаңа» қару-жарақтардың көмегімен арабтарды қыру болған соғыс деп атады. Италияның «жеңістерінің» қорытындыларын шығара келіп, Ленин «бітім» болғанына қарамастан, соғыс іс жүзінде әлі созыла беретін болады, өйткені Африка материгінің түпкірінде, жағалаудан шалғай жатқан араб тайпалары бағына қоймайды,— деп атап көрсетті. «Оларды әлі де көп уақыт бойы найзаның, оқтың, арқанның, оттың күшімен, әйелдерді зорлаумен «цивилизациялайтын» болады» (126-бет). Отаршыл державалардың «цивилизаторлық» миссиясы, міне, осындай; империализмнің идеологтары күйреп жатқан отарлық системаның жұрнақтарына жармасып, қазірде де мұны әлі жақсылық етіп көрсетуге тырысуда.

Итальян империалистерінің отаршылдық саясатын әшкерелей отырып, Ленин сонымен бірге Италияның басқа капиталистік елдерден ерекше ел емес екенін атап көрсетті — олардың бәрін де бірдей пайданың жаңа көзін табу үшін ешқандай қырғындардан бас тартпайтын буржуазия басқарып отыр.

«Жаңарған Қытай» атты мақалада империалистік мемлекеттердің Шығыстағы басқыншылық саясаты туралы айтылады. Ленин Россияның, Жапонияның, Англияның, Германияның Қытайға жатқан бір олжа деп қана қарап, осы ұлы мемлекетті жұлмалай бастау үшін қолайлы сәтті күтіп отырған империалистік буржуазиясын әшкерелейді. Сонымен бірге мақалада төрт жүз миллиондық Қытайдың саяси өмірге оянып, белсенді

күреске шыққаны, барлық қиыншылықтарға қарамастан, ілгері өрлеп келе жатқаны атап көрсетілген.

Томға енген бірқатар еңбектер: «Америкаң жұмысшыларының табыстары», «Американдағы президент сайлауының қорытындысы мен маңызы», «Америкадағы сайлаудан кейін», «Пуанкаренің сайлануының мәні», «Брианның кабинеті» атты мақалалар Батыстағы буржуазиялық демократияны сипаттауға арналған. Ленин буржуазиялық демократизмнің халықты алдауға негізделген мәнін ашып көрсетіп, буржуазияшыл саясатшылардың «партиялылық» дегенді арсыздықпен саудаға салатынын әшкерелейді. Америкадағы екі партиялық системаның мысалы арқылы Ленин екі буржуазиялық партияның әсерлі де мән-мағынасыз жекпе-жегінің көмегімен империалистердің халықты қалай алдап отырғанын және еңбекшілердің назарын капитализмге қарсы күрестен басқа жаққа бұрып отырғанын көрсетеді. Ленин американ және ағылшын екі партиялық системасының реакциялық ролін атап көрсете келіп, бұл системаның «дербес жұмысшы партиясының, яғни шын социалистік партияның тууына кедергі жасаудың ең күшті құралдарының бірі» (212-бет) болып отырғанын айтады. В. И. Лениннің бұл нұсқауларының қазіргі заманғы революциялық қозғалыс үшін де орасан зор маңызы бар. Бұлар жұмысшы табын буржуазия қандай жамылғымен бүркемеленсе де, оның алдауына түсіп қалмауға үйретеді.

Ленин буржуазияшыл мемлекет қайраткерлерінің ірі өнеркәсіп иелеріне тәуелділігін көрсетеді, буржуазиялық үкіметтердің капиталистер табының приказчиктері екенін атап айтады. Лениннің мақалаларында Америка Құрама Штаттары монополистерінің президент сайлауы кезінде президенттікке кандидаттарды қалай сатып алатындығының, Францияда туыстары аса ірі акционерлік компаниялардың басқармаларында отырған финанс епшілдері мен аферистерінің министрлік портфельдерді қалай алатындығының мысалдары келтірілген. Пуанкаренің француз республикасының президенті болып сайлануының мәнін бағалай келіп, Ленин мұның өзі «саясатта өзін барлық партияларға

және саясаттан «тыс жерде» барлық байларға кезекпе-кезек сата беретін буржуазиялық епшілдің кәдуілгі мансап жолы... Барлық елдердегі байлар мен финанс шонжарлары мұндай епті мансапқорлардың саяси байланыстарын жоғары бағалайды» (328-бет) деп көрсетті.

«Швейцарияда», «Либералдық жұмысшы саясаты туралы Англиядағы таластар», «Америкада» атты мақалалар және басқа мақалалар халықаралық оппортунизмді сынауға арналған. Ленин Англия мен Американың жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің тамырларын ашып көрсетеді. «Англия мен Америкада буржуазиялық жұмысшы саясатының ерекше көзге түсуіне және оның (уақытша) күшті болуына себепші болып отырған басты тарихи себеп — ертеректен келе жатқан саяси бостандық және басқа елдерге қарағанда капитализмнің тереңдеп те, кеңінен де дамуы үшін айрықша тиімді жағдайлардың болуы. Осы жағдайларға байланысты жұмысшы табынан аристократия бөлініп шығып отырды да, ол өз табына *опасыздық жасап*, буржуазияға ерді» (258-бет). Ағылшын Тәуелсіз жұмысшы партиясының оппортунизмін әшкерелей отырып, Ленин бұл партияның тек социализмнен ғана «тәуелсіз» екенін, ал либерализмге өте тәуелді екенін көрсетіп берді.

Томға маңызды экономикалық проблемалар баяндалған бірқатар еңбектер енген. В. И. Ленин бұл еңбектерінде Россиядағы және Батыстағы экономикалық дамудың цифр көрсеткіштеріне талдау жасай келіп, XX ғасырдың бірінші он жылдығындағы капиталистік өндірістің кейбір белгілеріне сипаттама береді.

«Россияда өндірістің шоғырлануы» атты мақаласында Ленин саяси экономияның аса маңызды мәселелерінің бірін — капиталистік өндірістің шоғырлану процесін талдайды. Мақалада Россияның фабрика-завод өнеркәсібінің 1901 жылғымен салыстырғанда 1910 жылғы жай-күйін сипаттайтын кесте келтірілген. Осы мәліметтер негізінде Ленин ұсақ кәсіпорындардың қалай күйзеліске ұшырап, тұншықтырылатынын және өндірістің аздаған миллионерлердің қолына қалай шоғырландырылатынын, жұмысшылардың ірі кәсіпорын-

дарға қалай жиналатынын көрсетіп береді; ірі кәсіп-орындардың бүкіл өндірістегі үлесінің олардың санына қарағанда әлдеқайда тезірек өсетінін көрсетеді.

«Капиталистік қоғамдағы жоқшылыққа ұшырау» деген мақала зор ынта қоюға лайық. Капитализм тұсында бұқараның жоқшылыққа ұшырауы туралы мәселе — капиталистік қоғамның ең өзекті әрі көкейтесті мәселелерінің бірі. Нақ осы мәселеде оппортунистер маркстік саяси экономияны ревизиялауға бәрінен көп тырысып келді және күні бүгінге дейін тырысуда. XIX ғасырдың аяқ шенінің өзінде-ақ Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Э. Бернштейннің: капитализм тұсында бұқараның жоқшылыққа ұшырауының маркстік теориясы бейне «ескірді» дейтін ревизионистік пайымдауларын әшкерелеуге арнайы тоқталған болатын. «Капиталистік қоғамдағы жоқшылыққа ұшырау» атты мақаласында Ленин бұл мәселеге қайта оралып, «жаңа» және «ескі» социал-реформистердің ревизионистік көзқарастарын өлтіре сынайды, еңбекшілердің жоқшылыққа ұшырауы және капиталистер байлығының адам айтқысыз өсуі жөніндегі соңғы мәліметтерді келтіреді. Бұл еңбегінде Ленин К. Маркстің «Капиталының» қағидаларына сүйене отырып, капитализм тұсында бұқараның абсолютті және относительді түрде жоқшылыққа ұшырауы деген ұғымның анықтамасын береді. Ленин капиталистік қоғамда қолайлы жағдай болған күннің өзінде де жұмысшылардың жалақысы жұмыс күшін ұдайы өндіруге қажетті шығындардың артуына қарағанда әлдеқайда баяу өсетінін көрсетіп береді. Сонымен, капиталистік қоғамда бұқараның абсолютті түрде жоқшылыққа ұшырау тенденциясы болады. «Бірақ жұмысшылардың *относительді* түрде жоқшылық көруі, яғни олардың қоғамдық табыстан алатын *үлесінің* кемуі,— деп жазады Ленин,— бұдан да айқынырақ. Шапшаң байып отырған капиталистік қоғамда жұмысшылардың *салыстырмалы* түрде алатын үлесі барған сайын кемуде, өйткені миллионерлер барған сайын тез байып келеді» (245-бет).

Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібін мысалға келтіре отырып («Россиядағы жұмысшылардың жалақы-

лары мен капиталистердің пайдасы», «Москва губерниясының фабрикаларындағы жұмыс күні», «Москва губерниясындағы жұмыс күні мен жұмыс жылы» атты мақалалар), Ленин фабрикаларда жұмысшылардың қалай және ненің есебінен тоналатынын, капиталистердің еңбекті интенсивтендіруді қалай күшейтіп, жұмыс күнін қалай ұзарттыратынын, жұмысшылардың нақты жалақысының қалай азайтылатынын көрсетіп береді.

Ленин былай деп үйретті: капиталистік қоғамның еңбекшілер бұқарасын жоқшылыққа ұшыратуға, оның материалдық жағдайын нашарлатуға бастайтын тенденциясына жұмысшы табының жалақыны арттыру және еңбек жағдайларын жақсарту жолындағы күресі сияқты қуатты фактор қарама-қарсы тұрады. «Стачкалық күрес және жалақы» атты мақаласында Ленин стачкалық күреске байланысты жалақы мөлшерінің өзгеру заңдылығын қарастырады. Ол 1905 жылғы революциялық шайқастардан кейін Россияда жұмысшылардың жалақысының бірден 10 проценттен астам өскеніне назар аударады. «1912 жылғы ағылшын жұмысшы қозғалысы» атты мақаласында Ленин ағылшын кен жұмысшыларының аса зор стачкасының нәтижесінде үкіметтің жалақы минимумын белгілеген заң енгізуге мәжбүр болғанын, жалақы бұл минимумнан төмендемеуге тиіс болғанын көрсетеді. Сонымен бірге Ленин ағылшын жұмысшылары өз жеңісіне тоқмейілсімеуге тиіс, барлық буржуазиялық реформалар сияқты бұл заң да—мардымсыз шала шара, ішінара жұмысшыларды жай әншейін алдау деп көрсетті. Тек ұйымдасқан әрі табанды күрес жолы ғана революциялық пролетарлық партия басшылық еткен жұмысшы табын пролетариаттың жағдайын түбегейлі түрде өзгертуге және оның түпкілікті жеңісіне жеткізетін болады.

Томға енгізілген «Большевизм туралы» деген мақаланың КПСС тарихын оқып-үйрену үшін зор маңызы бар. 1913 жылғы январьда жазылған бұл еңбегінде Ленин большевиктер жүріп өткен жолға баға береді. Ол большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресінің басты-басты кезеңдерін атайды, олардың арасындағы түбегейлі алауыздықтарды көрсетеді. Ленин большевизмнің

тууы және оның бүкіл тарихы революциялық социал-демократияның түрліше оппортунистік ағымдарға қарсы күресімен ажырағысыз байланысты екенін көрсетеді; большевиктер партиясы осы күрестің барысында нығайып, шыңдала түсті.

* *
*

Томға В. И. Лениннің жеті жаңа документі енгізілген. Бұлардың арасында РСДРП Орталық Комитетінің «Россияның барлық азаматтарына» үндеуі, «Саяси тұрлаусыздық туралы (Редакцияға хат)», «Тағы да IV Думадағы шаруалар депутаттары туралы» атты мақалалар және РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінде қабылданған ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарар бар. «Дайындық материалдар» бөлімінде Краков кеңесінің бірінші рет жарияланып отырған мынадай документтері: ««Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарардың бастапқы нобайы» және ««Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» қарардың бастапқы нобайы» бар, сондай-ақ социал-демократ депутаттың IV Мемлекеттік думада сөйлейтін «Бюджеттік сөз жөнінде» атты сөзінің жоспары енгізілген.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

АРМИЯ МЕН ФЛОТТАҒЫ КӨТЕРІЛІСТЕР[1]

Соңғы кезде әскерлер арасындағы революциялық толқу туралы бірнеше хабар тіпті біздің жария баспасөзге де өтіп кетті. Басты-басты үш хабарды атап көрсетейік.

Қара теңіз флотында. Севастопольдегі әскери-теңіз соты 27 июньде жабық түрде «Иоанн Златоуст» броненосецінің гальванері Зелениннің ісін қарады. Ол Карпишинмен және Силяковпен бірге қарулы көтеріліске шақырған үндеу жазып, таратты деп айыпталды. Зеленин, Карпишин және Силяков өлім жазасына кесіліп, 10 июльде атылды.

Нақ осы сот 2 июльде дәл сол броненосецтің кеме командасының ісін қарады. 16 матрос осы броненосецті басып алуға шақырды деп айыпталды. Бұлардың оны өлім жазасына, бесеуі — 6 жыл каторгаға кесілді. 4 июльдегі қазыналық телеграммалар өлім жазасына кесілген он адам кешірім сұрап өтініш беріпті-міс деп хабарлады.

Балтық флотында. «Двина» жаттығу кемесінің, «Аврора» крейсерінің және «Слава» броненосецінің *65 матросы туралы* іс Кронштадт портының әскери-теңіз сотында 16 июльде тыңдалады деп белгіленген. Бұл дабыралы процесс туралы қалада көп сөз болып жүр деп С.-Петербургтен 3 июльде октябристік «Голос Москвы»[2] газетіне телефон арқылы хабарланған. Жұрттың айтуынша, бұл 65 матрос социалист-революционерлер партиясына[3] жатады және «ашықтан-ашық көтеріліс жа-

сау және бастық-офицерлерді өлтіру туралы мәселелер шешкен жасырын қоғамға жатады» деп айыпталатын көрінеді. Нақ сол хабар бойынша, бұл істің басталуының 1912 жылғы 22 январьда «Двинада» матростың қамауға алынуына қатысы бар.

Онан соң, май күндерінде Гельсингфорста Балтық флотының матростары қамауға алынғаны мәлім.

Ақырында 1 июльде Ташкент түбіндегі Троицкое селосында саперлер көтеріліс жасауға әрекет істеген. Көтеріліс жасаушылар штабс-капитан Похвисневті штыкке түйреп көтерген. *Бұл жөніндегі телеграмманы жіберуге рұқсат етілмеген.* Көтерілісшілермен *шайқас болғанын* мойындаған ресми газет «Туркестанские Ведомостиден»[4] алынған көшірме Петербургте тек 10 июльде ғана пайда болды. Атқыштар мен казактар көтеріліс жасаған саперлерді талқандаған, бұлар не бары 100-ден 130 адамға дейін-ақ болыпты-мыс деседі. Көтеріліс кешқұрым басталып, қазыналық хабар бойынша, таңға таман аяқталған. *380-ге жуық сапер* қамауға алынған, көтеріліске бұлардың «жартысынан көбі (үкіметтік газет осылай деп сендіреді) сөз жоқ (??) қатыспаған». Көтерілісшілер Похвисневтен басқа екі подпоручикті, Красовский мен Коценецті, төмен чинді 2 адамды өлтірген, 5 офицер және төмен чинді 12 адам жараланған. Өлтірілген көтерілісшілердің саны туралы қазыналық газет үндемейді.

Қазір біздің қолымызда бар жартымсыз және көріне толық емес, полиция көріне бұрмалап, азайтып көрсеткен мәліметтер осындай.

Бұл фактілер нені көрсетеді?

Бұл фактілер РСДРП-ның 1912 жылы январьдағы Бүкіл россиялық конференциясының[5] шешімдерінде көрсетілген және Орталық Орган «Социал-Демократтың»[6] 27-номерінде бұдан бір ай бұрын толығырақ түсіндірілген нәрсені толық дәлелдейді*.

Россияда *революциялық* өрлеу басталды. Апрель мен майдағы жаппай стачкалар Россия пролетариатының капиталға *да* қарсы, патша монархиясына *да* қарсы,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 373—383-беттер. *Ред.*

1908—1911 жылдардағы контрреволюцияның қуғыны мен езгісінен азап шеккен жұмысшылардың тұрмысын жақсарту жолында *да, әрі* бүкіл халықтың бостандығы жолында, демократиялық республика жолында шабуылға көшуін бастады.

Апрель-май қозғалысының негізі коалициялар бостандығы жолындағы күрес болды-мыс деп либералдар (ал оларға ілесе «Невский Голостың»[7] жойымпаздары) бос ертегіні таратып жүр. Бұл ертегіні фактілер теріске шығарды. Құлдық деңдеген Россияда саяси праволардың тек біреуі үшін ғана күресуге болмайды, патша самодержавиесі тұрғанда конституциялық реформалар үшін күресуге болмайды. Пролетариаттың күресі бүкіл Россияға стачкалар толқыны болып тарады, бұл стачкалар экономикалық *та,* саяси *да* стачкалар болды. Қозғалыстың *күші* стачкалардың осы екі түрінің ұштасуында болды және болып та отыр. Мұның өзі жай стачкалар емес, бұл — бұқараның *революциялық* өрлеуі, бұл — жұмысшы бұқарасының патша монархиясына қарсы *шабуылының басталуы.*

Жаппай стачкалар *барлық жерде де* революциялық жалынды өршітпей қоймады. Ал әскерлер арасында көтерілістің тұтануы бұл жалынның лаулай бастағанын *дәлелдеді,*— жанғыш материал *барлық жерде* бар,— *барлық жерде* бұқара арасында, тіпті казарманың қатал тәртібі жаныштаған жұмысшылар мен шаруалар арасында да революциялық ниет-пиғыл өсе түсуде.

Россиядағы жаппай стачкалар қарулы көтеріліспен етене байланысты. Стачкалар өссе — көтеріліс те өседі.

Мақаланың бас жағында көрсетілген оқиғалар, міне, осыны дәлелдеді.

Бұл оқиғалар Орталық Орган «Социал-Демократтың» 27-номерінде көрсетілген сабақты беріп отыр. Қазір көтеріліске шақыру мүлде қисынсыз. Көтеріліске шығу әлі *ерте.* Жұмысшы бұқарасының, шаруалардың және армияның таңдаулы бөлегінің тек *біріккен* тегеуріні ғана *жеңімпаз,* ягни мезгілі *жеткен* көтеріліске жағдай жасай алады.

Сондықтан алдыңғы қатарлы жұмысшылар жұмысшы табының *құпия* партиясын, РСДРП-ны нығайтуға,

қалпына келтіруге, дамытуға барлық күштерін жұмсауға тиіс. *Тек* осындай партия *ғана* революциялық үгіт жүргізе отырып, жария насихаттың барлық құралдарын жұмысшы баспасөзі арқылы және Думаның жұмысшы депутаттары арқылы пайдалана отырып, үміт күтуге болмайтын ұсақ көтерілістерге күштерді босқа ысырап етуге жол бермей, пролетариат армиясын ұлы жеңімпаз көтеріліске дайындай алады.

Революцияшыл солдаттар мен матростар жасасын!

Миллиондаған бұқараның кең революциялық тегеурінін, жұмысшы стачкаларын, шаруалар қозғалыстарын дамыту жолындағы ынтымақты, қажырлы, табанды революциялық жұмыс жасасын! Миллиондар тегеурінінің басында болғанда ғана, олармен барынша тығыз, етене одақ жасай отырып қана орыс әскерлерінің революцияшыл бөлігі патша монархиясын жеңе алады және жеңеді!

«Рабочая Газета» № 9, 30 июль (12 август), 1912 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

IV ДУМАНЫҢ САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДА[8]

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы, қуғындаудың бүкіл езгісіне қарамастан, жаппай қамауға алуларға қарамастан, сайлау алдында басқа қай партиядан да болсын негұрлым айқын, анық, дәл программасымен, тактикасымен, платформасымен шығып отыр.

РСДРП-ның 1912 жылғы январьдағы Бүкіл россиялық конференциясы контрреволюцияның ауыр жылдарындағы идеялық-саяси жұмыстың қорытындыларын шығарды. Конференцияның шешімдері қозғалыстың барлық маңызды мәселелеріне толық жауаптар берді. Осы шешімдердің негізінде сайлау платформасы қарапайым қорытынды сөз болып шықты. Платформаны Орталық Комитет Россияда басып шығарды, сонан соң оны толып жатқан жергілікті ұйымдар қайта басып шығарды[9]. Бүкіл буржуазиялық баспасөз конференция туралы хабарлап, оның кейбір шешімдерін келтірді.

Конференциядан кейін өткен жарты жыл ішінде партия баспасөзінде және ондаған баяндамаларда, завод үйірмелерінде, апрель-май күндеріндегі митингілерде сөйленген жүздеген сөздерде конференцияның шешімдері түсіндіріліп, жүзеге асырылды. Партияның ұрандары — республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерді конфискелеу — бүкіл Россияға тарап, оларды алдыңғы қатарлы пролетарлар қабылдады. Стачкалар мен митингілерден бастап, әскерлер арасындағы көтерілістерге дейінгі бұқараның революциялық өрлеуі бұл ұрандардың дұрыстығы мен өміршеңдігін дәлелдеді.

Біздің партия сайлауды қазірдің өзінде пайдаланды әрі кеңінен пайдаланды. Полицияның «түсіндірулерінің» қандайы болса да, IV Думаны бұрмалаудың (поптық немесе басқадай бұрмалаудың) қандайы болса да *бұл* нәтижені тартып ала алмайды. Қатаң партиялық тұрғыдан қойылған үгіт қазірдің өзінде барлық жерге тарады және бүкіл социал-демократиялық сайлау науқанына *бағдар берді.*

Буржуазиялық партиялар «сайлау *үшін»,* құрғақ уәде үшін, сайлаушыларды алдау үшін тездетіп, асығыс «платформалар» жазуда. Либералдардың соцынан ілби ерген жойымпаздар да енді «сайлау *үшін» жария* «платформа» жазып жатыр. Жойымпаздар өздерінің әбден абыржығанын, берекесі кеткендігін, идеясыздығын сыпайы, цензуралық «сайлау платформасымен» бүркемелеуге дайындалып, жария, цензураның бақылауындағы баспасөзде платформалар туралы даурығуда.

«Сайлау үшін» платформа емес, қайта сайлау *революциялық социал-демократиялық* платформаны жүргізу үшін керек!— жұмысшы табының партиясы мәселеге, міне, осылай қарайды. Біз сайлауды осы мақсат үшін қазірдің өзінде пайдаландық және оны ақырына дейін пайдаланамыз, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының революциялық платформасын, тактикасын, программасын уағыздау үшін тіпті патшалық ең қара Думаны да пайдаланамыз. Жойымпаздардың платформасы сияқты асығыс, жыртық-тесікті тығындау үшін, даурықпа жарнама үшін жасалатын платформалар (әсіресе жария платформалар!) емес, тек қозғалыстың *барлық* мәселелеріне қазірдің өзінде *толық* жауап берген, *революциялық* үгіттің ұзақ жүргізген жұмысын аяқтайтын платформалар ғана бағалы.

Партия қайта қалпына келгелі жарты жыл өтті, сөйтіп,— адам айтқысыз қиыншылықтарды жеңе отырып, құтырынған қудалаушылықтан азап шеге отырып, жергілікті орталықтардың және жалпы орталықтың, Орталық Комитеттің жұмысы біресе ол жерде, біресе бұл жерде үзіліп қалуын басынан кешіре отырып,— партия бұқара арасында өз жұмысы мен ықпалын дамыта түсіп, ілгерілеген үстіне ілгерілей түсіп отыр. Жұмыстың

бұл дамуы *жаңаша* жүруде: құпия, жасырын, тар, бұрынғыға қарағанда неғұрлым жасырына түскен ұяларға неғұрлым кең жария маркстік уағыз қосылып отыр. Жаңа жағдайларда революцияның жаңадан дайындалуының нақ осы өзгешелігін партия әлдеқашан көрсетіп, осылай болады деп тапқан болатын.

Біз «қос кандидатуралармен»[10] қорқытатын жойымпаздардың даурықпа сөздеріне енді толық жауап бере аламыз. Ешкімді селт еткізе алмайтын бос қоқан-лоққы! Жойымпаздардың күйреп, дәрменсіз қалғандығы соншалық, енді оларды *ешқандай көмек* тірілте алмайды. Олар «қос кандидатуралармен» шығамыз деп ойлай да алмайды: егер жойымпаздар мұны істей қалса, олар мардымсыз, адам күлерліктей болмашы ғана дауыс алған болар еді. Олар мұны біледі, сондықтан тәжірибе жасамайды. Олар даурыққанда нақ алдау үшін, шындықты жасыру үшін даурығады.

«Ешқандай көмек»,— дедік біз. Жойымпаздар шетелдік көмекке сенеді. Олардың достары — әсіресе латыштар[11], Бунд[12] және Троцкий — *он* «орталық, ұйым және фракция» шақырылатынып жариялады![13] Ойнамаңыз! Шетел бай, ұлан-ғайыр әрі мол. Бақандай «10 орталық»!! IV Думада үкіметтің тәсілдері қандай болса, бұл арадағы тәсілдер де нақ сондай: өкілдікті дайындау, нольдердің қосындысын «үлкен сан» етіп көрсету. 1-ден, Троцкий (Россияда ол — 0, ол тек *«Живое Делоның»*[14] қызметкері ғана, оның агенттері жойымпаздардың «инициативалық топтарып» қорғаушылар ғана). 2-ден, «Голос Социал-Демократа»[15], яғни баяғы дәрменсіз жойымпаздар. 3-ден, «Кавказ облыстық комитеті»[16]— үшінші түрлі киінген нольдің дәл өзі. 4-ден, «Ұйымдастыру комитеті»[17] — *сол бәз-баяғы* жойымпаздардың төртінші түрлі киінуі. 5-ден және 6-дан, латыштар және қазір әбден жойымпаз болып отырған Бунд... Жарар, осы да жетер!

Шетелдік бос кеуделердің бұл айла-шарғысын біздің партияның күле қарсы алатынын айтып жатудың да керегі жоқ. Олар өлексені тірілте алмайды, ал Россиядағы жойымпаздар — өлексе.

Фактілер мынадай.

Жойымпаздар мен олардың *барлық* достары жарты жыл бойы партияға қарсы жанталасқан күрес жүргізіп келеді. *Маркстік* ашық баспасөз өмір сүріп отыр. Бұл баспасөз сұмдық жаныштадып отыр, ол республика туралы, біздің партия туралы да, көтеріліс туралы да, патша бандасы туралы да жұмған аузын аша алмайды. РСДРП-ның ұрандарын бұл баспасөз арқылы насихаттаймыз деп ойлаудың өзі кісі күлерлік.

Бірақ Россиядағы жұмысшы бұрынғы жұмысшы емес. Ол күшке айналды. Ол өзіне жол салды. Оның *өзінің* баспасөзі бар, қысталаңда болғанымен, өзіндік және марксизмді *теориялық* жағынан қорғайтын баспасөзі бар.

Жойымпаздардың жойымпаздарға қарсылармен күресінің «табыстарын» осы ашық аренадан жұрттың бәрі көре алады. Впередшіл С. В.[18] Троцкийдің Венадағы жойымпаздық «Правдасында»[19] бұл табыстарды атап өтті де: жұмысшылардың *жинаған қаржылары* — деп жазды ол — түгелдей дерлік жойымпаздарға қарсыларға кетіп отыр. Сөйтіп ол өзін былай жұбатты: мұның себебі жұмысшылардың «лениншілдерге» тілектес болғандығынан емес.

О, не дегеніңіз, жойымпаздардың сүйкімді досы, әрине, «олай болғандықтан емес»!

Ал дегенмен фактілерге қарап көріңіздерші.

Күнделікті жұмысшы газеті үшін жарты жыл ашық күрес болды.

Жойымпаздар 1910 жылдан бастап ол туралы айқайшу көтеріп келеді. Олардың табыстары қандай? Жарты жыл ішінде, 1912 жылғы 1 январьдан 1 июльге дейін олардың газеттері *«Живое Дело»* мен *«Невский Голос»* жұмысшы топтарының күнделікті жұмысшы газетіне арнап 15 *(он бес)* рет қаржы жинағаны туралы есептер басып шығарды!! Жарты жыл ішінде он бес жұмысшы тобы!

Жойымпаздарға қарсылардың газеттерін алыңыз. Нақ сол жарты жыл ішінде күнделікті жұмысшы газетіне[20] жиналған қаржы туралы есептерді қарап көріңіз. Жұмысшы топтарының қаржы жинау санын есептеп көрі-

ңіз. Сонда сіз 504 *топтың жұмысшы жарнасын* есептеп шығарасыз!

Әр ай бойынша және Россияның аудандары бойынша дәлме-дәл мәліметтер мынадай:

	Күнделікті жұмысшы газетіне арналып 1912 жылдың бірінші жарты жылының ішінде жұмысшылардың топтасып қаржы жинауының саны	
	жойымпаздыққа *қарсы* газеттерге	жойымпаздық газеттерге
Январь	14	0
Февраль	18	0
Март	76	7
Апрель	227	8
Май	135	0
Июнь	34	0
Барлығы	504	15
Петербург және оның төңірегі	415	10
Оңтүстік	51	1
Россияның қалғаны	38	4
Барлығы	504	15

Россияның жұмысшы топтары алдында жойымпаздардың күл-талқаны шықты. Жойымпаздар — өлексе, сондықтан қаһарлы (қаһарлы болғанда қандай!) шетелдік «топтар, орталықтар, фракциялар, ағымдар, бағыттар одақтарының» қандайы болса да бұл өлексені тірілте алмайды.

Шетелдегі даурықпа манифестердің ешқайсысы, «инициативалық топтардың»[21] жойымпаздармен біріккен жасанды конференцияларының ешқайсысы *Россиядағы жүздеген жұмысшы топтарының* алдында жойымпаздардың бұл толық жеңілуін жоя да, бәсеңдете де алмайды.

Россиядағы социал-демократ жұмысшылардың сайлау науқанының бірлігі *қамтамасыз етілді.* Бұл бірлік жойымпаздармен «келісім жасау арқылы» емес, қазір-

дің өзінде өздерінің шын қалыбына, либерал интеллигенттердің қалыбына түсіріліп отырған жойымпаздарды толық жеңу арқылы қамтамасыз етілді. «Наша Заряға»[22] эсер жойымпаз Савиннің керек кісі бола кеткенін қараңызшы. Талай рет (шақырымпаздық есеңгіреуден барып!) жойымпаздыққа салынып жүрген эсерлердің «бастамасын» «Листок Голоса Социал-Демократада»[23] Л. М. қалай мақтап отырғанын қараңыз. Дәл сол листокта Плехановқа үлгі ретінде белгілі эсер «қайраткері» Авксентьев қойылып отыр, бұл фактінің мәнін ойлап қараңыз. Социал-демократиялық *емес* P. P. S.-«солшылдарды»[24] жойымпаздардың *бәрінің* қалай сүйетінін еске түсіріңіз. Барлық партиялардың жойымпаздары, бірігіңдер!

Сайып келгенде бәрі де өз орындарын табуда. Бұрынғы марксистерден және бұрынғы бомбалы либералдардан шыққан интеллигенттік жойымпаздар топтары оқиғалардың барысында топтасып отыр.

Ал жұмысшы табының партиясы, РСДРП, өзін жойғандардың тұтқынынан босанғаннан кейінгі жарты жыл ішінде алға қарай орасан зор қадам басты — мұның өзі келтірілген фактілерден көрініп отыр.

«Рабочая Газета» № 9,
30 июль (12 август), 1912 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

«КОАЛИЦИЯЛАР БОСТАНДЫҒЫ» ҰРАНЫ ҚАЗІР ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗІ БОЛА АЛА МА?

Троцкий бастаған жойымпаздар жария баспасөзде бола алады деп дәлелдеуде. Олар жұмысшы қозғалысының шын сипатын бар күшін салып *бұрмалауға* тырысады. Бірақ бұл — үмітсіз әрекеттер. Өзінің теріс ісін сақтап қалу үшін, суға кетіп бара жатқан жойымпаздар тал қармап отыр.

Интеллигенттер топсымақтары 1910 жылы одақтар бостандығы жолында *петициялар* науқанын бастады. Мұның өзі *ойдан шығарылған* науқан болатын. Жұмысшы бұқарасы бұған немкетті қарады. Бұл сияқты бос әурешілік арқылы пролетариатты еліктіруге болмайды. Патша самодержавиесі *тұсында* саяси реформаларға сену либералдарға тән нәрсе. Жұмысшылар бұл әрекеттің жалған екендігін бірден көрді де, оған құлақ аспады.

Жұмысшылар реформалар жолындағы күреске қарсы емес,— олар қауіпсіздендіру туралы заң үшін күресті. Аздаған жақсартуларға болса да жету үшін олар өздерінің депутаттары арқылы III Думадағы[25] себеп-желеу атаулының бәрін де пайдаланды. Бірақ мәселе мынада: III Дума мен қауіпсіздендіру туралы заң — ойдан шығарылған нәрсе емес, саяси фактілер. Ал Романовтың үшінші июнь монархиясы *тұсындағы* «коалициялар бостандығы» — іріп-шіріген либералдардың бос уәдесі.

Либералдар — революцияның жаулары. Тіпті қазірдің өзінде де олар революцияға тікелей қарсы шығып отыр,— қаражүздік III Дума олардың революциядан

қорқуын қойдыра алмады. Революциядан қорқа отырып, либералдар өздерін *конституциялық реформалардан* үміттенумен жұбатады, сөйтіп жұмысшылар үшін бұл сияқты реформалардың біреуін — коалициялар бостандығын уағыздайды.

Бірақ III Дума тұсында, жаппай правосыздық тұсында, озбырлық өршіп тұрған кезде «конституция» туралы ертегіге жұмысшылар сенбейді. Жұмысшылар коалициялар бостандығын *шындап* талап етеді, *сондықтан* да бүкіл халықтың бостандығы үшін, *монархияны құлату* үшін, республика үшін күреседі.

Апрель-май стачкалары пролетариаттың *революциялық стачкаға* көтерілгенін іс жүзінде дәлелдеді. Экономикалық және саяси стачкаларды ұштастыру, революциялық митингілер, 1 Майда Петербург жұмысшылары алға қойған республика ұраны — осы фактілердің бәрі *революциялық өрлеудің* басталғанын түпкілікті дәлелдеді.

Россиядағы іс жүзіндегі, объективті жағдай мынадай: пролетариат бұқараның патшалық монархияны құлату жолындағы революциялық күресін бастады, әскер арасында осы күреске қосылғандықты білдіретін толқу өсіп келеді. Шаруа демократиясының ең жақсы бөлегі либералдардан теріс айналып, жұмысшы авангардына құлақ қойып отыр.

Ал либералдар, революцияның жаулары, *тек* «конституциялық» жолды ғана жақтайды, орыс патшалық монархиясы *тұрғанда* «коалициялар бостандығы» болады деген уәдені (бос және жалған уәдені) революцияға *қарсы* қояды!

Саяси жағдай іс жүзінде, міне, осындай. Нақтылы қоғамдық күштер, міне, мынадай: 1) «конституция» атаулыны аяққа басып отырған патшалық монархия; 2) «бостандықты» патша өкіметімен біріктіруге болады дегенге революциядан қорыққаннан сенгенситін либералдық-монархиялық буржуа және 3) революцияшыл демократия; бұл демократияның арасында қазірдің өзінде көсем — жұмысшы бұқарасы көтерілді, ал олардың шақыруына Гельсингфорстан бастап Ташкентке дейінгі матростар мен солдаттар үн қосып отыр.

Жағдай осындай болып отырғанда жойымпаздардың «коалициялар бостандығы» туралы сөздерінің қандайлық асқан ақымақтық екенін қараңыз! Либералдық жұмысшы саясатының бұл ақылгөйлері барлық «реформалардың» ішінен құр уәдеден басқа ешнәрсе болып табылмайтын, *мүмкін емес* конституциялық реформаны таңдап алған, сөйтіп «европалық» конституционализмді ермек қылып, соған мәз болады.

Жоқ! Либералдарды және либералдық жұмысшы саясатын жұмысшылар өзінен аулаққа лақтырып тастайды. Қауіпсіздендіруден бастап кеңсе құлдарына жалақыны көбейтуге дейінгі III Думада да, IV Думада да күн тәртібіне шын қойылып отырған реформа *атаулының бәрін* жұмысшылар қолдайды, дамытады, *өз* науқандарының негізі етеді.

Бірақ самодержавие *тұрғанда конституциялық* саяси реформа болады деген бос және қисынсыз уәдені жұмысшылар жиіркене мысқылдайды. Монархияны құлату жолында, республика жолында бұқараның басталып отырған революциялық күресінің өрістеуі және күшеюі жасасын! Жаңа революция *жеңіле қалған* күнде қандай конституциялық жартыкеш реформалар келіп шығатынын күрес көрсетеді, бірақ қазір — революциялық тегеуріннің бас кезінде — бұқараны революциялық *емес* жол бар деп, бейбіт конституциялық реформа болады деп тек «құндақтағы адамдар» ғана сендіре алады.

Басталып отырған революциялық тегеурін революциялық ұрандарды талап етеді. Монархия жойылсын! Демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, бүкіл помещиктік жерді конфискелеу жасасын!

«Рабочая Газета» № 9,
30 июль (12 август), 1912 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

ПРИНЦИПТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Сайлау науқаны аздап жанданысымен-ақ ресми-кадеттік «Речь»[26] өзінің солшылдармен принципті алауыздықтары туралы айта бастады (ақырында бел байлаған екен!).

«Біз үшінші июнь режимімен келісуді ойлағанымыз жоқ және ойламаймыз»,— деп жазады «Речь».

Жалған. Ойладыңыздар және ойлап отырсыздар, кадет мырзалар[27]. Дәлел: «жауапты» оппозиция және ілік септіктегі оппозиция[28] туралы сіздердің сөздеріңіз. Мұның өзі бітім туралы «ойлар» ғана емес, сонымен бірге 3 июнь режимімен «бітісу» саясаты болып табылады.

Ал құдайшыл III Думадағы Карауловтың құдайшыл сөздері ше? Ал кадеттердің бюджетті және оның ең ірі статьяларын жақтап дауыс беруі ше? Ал Березовский 2-шінің* аграрлық мәселе жөнінде сөйлеген сөздері ше? Ал Гредескулдің «Речьте» қайталанған таяудағы мәлімдемелері ше? Осының бәрі нақ үшінші июнь режимінің *негіздерімен бітісу* саясаты болып табылмай ма? Күмәнсыз солай.

«*Думаның шеңберінде*,— деп жазады «Речь»,—социал-демократия тактикасының басқа оппозициялық партиялар тактикасынан басқаша болғанын бес жыл ішінде біз көргеніміз жоқ. Ал қазіргі жағдайда Дума сайлауы туралы сөз болып отыр гой».

Софизмнің және шындықты бұрмалаудың үлгісі осындай! Социал-демократияның III Думадағы такти-

* Осы томның 55-бетіндегі бет соңындағы ескертуді қараңыз. *Ред.*

касы бірде-бір мәселе жөнінде кадеттердің тактикасына ұқсас болған емес. Ол барлық мәселе жөнінде принципті түрде басқаша болды: «бітім» тактикасы *емес*, либерализм тактикасы *емес; бұл қашан да демократия* тактикасы және *тап күресінің* тактикасы болды.

Тактиканың *ұқсастығы* деп бір ғана «қарсы дауыс беруді» атауға болады, ал Думадағы шешендердің сөздеріндегі, көшу формулаларындағы мәселенің *принципті түрде* қойылысының ұқсастығын олай деп атауға болмайды деп шынымен-ақ «Речь» сендіргелі отыр ма?

Думада бір түрлі, Думадан тысқары жерде екінші түрлі сөйлеуге болады деуге шынымен-ақ «Речь» батылдық жасамақ па? Мұның өзі *Думадан тысқарғы* кадеттік уағыздың демократиялық *емес* мазмұны туралы мәселені басып тастау үшін істеліп отырған жоқ па екен?

«Өзіміз қызмет етіп отырған «демократияның» дербес міндеттер қою және шығып сөйлеу правосының бар екендігін,— деп жазады «Речь»,— біз теріс дей алмаймыз».

Жалған, білімдар либерал мырзалар! Либерализм демократиядан өзгеше дегенге өздеріңіздің принципті көзқарастарыңызды баяндап көріңіздер. Бұл көзқарастарыңызды жұмысшы, пролетарлық, маркстік демократияны әдейі былай қалдыра тұрып болса да, ағылшын, француз немесе неміс тарихының мысалдары арқылы түсіндіріп көріңіздер. Буржуазиялық либерализм мен буржуазиялық демократияның ескі тәртіпке өздерінің көзқарасы жөнінде айырмасы бар екендігін сіздер бекер дей алмайсыздар. Ал сіздердің — тіпті де демократиялық партия емес, либералдық-монархиялық буржуазия партиясы екендеріңізді біз сіздерге барлық уақытта да дәлелдеп береміз.

Россиядағы буржуазиялық демократия дегеніміз — трудовиктер мен барлық түрдегі халықшылдар.

«Жүк көтерсең — ауыр деме». Кадеттер мен солшылдардың принциптері туралы айтуға кіріскен екенсіздер, онда принциптерді шындап түсіндіріңіздер. Тек осылай еткенде ғана сайлау үгітін мынадай бір пристав, мына-

дай бір губернатор немесе мынадай бір әкімшілік орын мұнша заңсыздық істеп отыр деген мәселелерден біраз жоғары көтеруге болады.

«Правда» № 79, 31 июль, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШВЕЙЦАРИЯ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ[29]

Қымбатты жолдастар!

Швейцариялық барлық жолдастардың алдында Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының атынан мынаны мәлімдеймін: бұл партияның 1912 жылғы январьдағы жалпы партиялық конференциясы арнаулы қарарда *шетелдегі жекелеген орыс топтары үшін жауапкерлік атаулының бәрін өз мойнынан алды.*

Одан әрі мен мынаны мәлімдеймін: біздің партияның Орталық Комитеті *осы уақытқа дейін* шетелдегі *тек бір ғана* орыс социал-демократиялық ұйымын — атап айтқанда *Шетелдік ұйымдар комитетін*[30] және *оның Цюрихтағы секциясын бекітті.* Біздің партияның Орталық Органы бастырып шығарған неміс кітапшасын қоса жіберіп отырмын, бұл кітапшада орыстардың шетелдегі ірітки салғыш топсымақтарының әрекеті толық суреттелген*.

Партиялық сәлеммен *Ленин (В. Ульянов)*

Россия социал-демократиялық партиясының Халықаралық социалистік бюродағы[31] өкілі.

1912 ж. июльде жазылған

1912 ж. августа неміс тілінде Цюрихта жеке листовка болып гектографта басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр
Орысшасы неміс тілінен аударылған

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 491—513-беттер. *Ред.*

СОҢҒЫ КЛАПАН

Біз Россиядағы қазіргі аграрлық мәселе туралы тақырыпта жазылған осының алдындағы мақаламызды (қараңыз: «Невская Звезда»[32] № 15) мынадай сөздермен аяқтағанбыз:

«Столыпиндік аграрлық программа мен халықшылдық аграрлық программаның нақтылы ұқсастығы мынада: мұның екеуі де ескі, орта ғасырлық жер иеленушілікті түбірімен қиратуды көздейді. Мұның өзі өте жақсы. Ол қираудан басқа түкке жарамайды. Бұдан да гөрі дәйекті және батыл қирату қажет екенін дәлелдеудің орнына — қиратқаны үшін Столыпинді кінәлайтын «Речь» пен «Русские Ведомостидегі»[33] кадеттер бәрінен де гөрі реакцияшыл. Біз келесі мақалада: столыпиндік қиратудың кіріптарлықты және жұмыспен өтеуді жоя *алмайтынын*, ал халықшылдық қиратудың жоя *алатынын* көреміз.

Біз әзірге столыпиндік қиратудың әбден нақтылы бірден-бір нәтижесі 30 миллион адамның ашығуы болып отырғанын атап көрсетеміз. Әлі кім біледі, столыпиндік қирату бұдан да батылырақ қирату ісін *қалай* жүзеге асыруды орыс халқына үйретіп шықпас па екен. Ол бұған үйретіп отырғаны күмәнсыз. Үйретіп шыға ала ма,— мұны тірі болсақ көрерміз»*.

Сонымен, біздің алдымызда енді мынадай мәселе тұр: орта ғасырлық жер иеленуді столыпиндік қирату-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 427—428-беттер. *Ред.*

дың[34] кіріптарлықты және жұмыспен өтеуді жоя *алмайтын,* ал шаруалық-трудовиктік немесе халықшылдық қиратудың жоя *алатын* себебі не?

Бұл мәселені талдауға кірісkенде ең алдымен мынаны көрсете кетейік: бұл тақырып жөнінде ең көп тараған пайымдаулардың,—либералдық, халықшылдық және ішінара ревизионистік (П. Масловтың) пайымдаулардың,— негізгі кемшіліктерінің бірі — мәселені абстрактылы түрде *қоюшылық,* шын болып жатқан, нақтылы тарихи «алмасуларды» ұмыту болып табылады. Батыстың алдыңғы қатарлы елдерінде әлдеқашан болып өткен алмасу — крепостниктік шаруашылықтың капиталистік шаруашылықпен алмасуы Россияда енді болып жатыр.

Әңгіме *бұл* алмасудың тек қана формалары, шарттары, шапшаңдығы, жағдайы туралы болып отыр және сол туралы ғана болмақ: екінің бірінде бірінші қатарға қойылып жүрген *басқа* пікірлердің барлығы да істің мәнісінің төңірегінде, нақ осы алмасудың төңірегінде *ұғынбай* айналшықтап жүре беру ғана болып табылады.

Қазіргі орыс егіншілігінің басым болып отырған крепостниктік формасы — кіріптарлық және жұмыспен өтеу. Натуралды шаруашылықтың біршама едәуір сақталуы — қысқа жібі күрмеуге келмей, ұлтарақтай құнарсыз жерде ескі, ілдалдалауға әрең жарайтын құралдар мен өндіріс тәсілдері арқылы шаруашылық жүргізетін ұсақ егіншінің болып отырғандығы,— бұл ұсақ егіншінің өзін жалдама жұмысшы (мұның өзі капитализмнің бастамасы) ретінде ғана емес, сонымен қатар нақ ұсақ егінші ретінде де (мұның өзі — барщинаның жалғасы) қанап отырған көрші латифундияның иесіне экономикалық тәуелді болуы,— кіріптарлықты және жұмыспен өтеушілікті туғызатын немесе дұрысырақ айтқанда: бұлардың екеуін де сипаттайтын жағдайлар, міне, осындай.

Европалық Россиядағы 30 000 аса ірі помещикке 10 000 000 кедей шаруа үйі келеді. Орта есеппен алғанда мұның өзі шамамен мынадай болып шығады: 2000 десятинадан аса жері бар бір помещиктің маңында үй басына 7 десятинаға жуық нашар және құнары әбден

біткен жері бар 300-ге жуық шаруа үйі тұрады, бұлардың құрал-сайманы — адам айтқысыз (американдық тұрғыдан айтпағанның өзінде, европалық тұрғыдан қарағанда) мешеу, қарапайым.

Ауқатты шаруалардың біразы «адам қатарына қосылады», яғни ұсақ буржуазияға айналады да, жерді жалдама еңбек арқылы үқсатады. Помещик те, көбіне кешегі барин-крепостник немесе оның баласы өз жерінің белгілі бір бөлегінде және белгілі бір ауыл шаруашылық жұмыстары үшін нақ осындай еңбекті пайдаланады.

Бірақ осы капиталистік қатынастардан басқа және оларды Европалық Россияның негізгі орыс губернияларының барлығында артқы қатарға ығыстыра отырып, помещиктік жерді шаруаның құрал-сайманымен ұқсатушылық, яғни жұмыспен өтеу, кешегі барщинаның жалғасы өмір сүріп отыр,— ұсақ егіншінің ділгір мұқтаждығын (нақ *егінші* ретінде, ұсақ қожайынсымақ ретінде) көршілес помещиктік «экономияға» «қызмет еткізу» үшін «пайдалану», яғни *кіріптарлық* өмір сүріп отыр. Жұмыспен өтейсің деп, қарызға ақша беру де, қарызға астық беру де, қысқы жалдау да, жерді арендаға беру де, жолды, суатты, шабындықты, жайылымды, орманды пайдалануға беру де, құрал-сайманды несиеге беру де, т. т. және т. с.— қазіргі кіріптарлықтың шексіз-шетсіз әр алуан формалары болып табылады.

Кейде іс мынаған дейін жетеді: шаруа өзінің көңімен қожайынның жерін тыңайтуға міндеттенеді, ал «хозяйка» жұмыртқа әкеп тұруға міндеттенеді,— ал мұның өзі Христостың туғанынан бергі он сегізінші ғасырда емес, жиырмасыншы ғасырда болып отырған нәрсе!

Столыпиндік «реформаның» мәнін бағалау үшін қазіргі орыс егіншілігіндегі орта ғасырлық пен крепостниктіктің осы қалдықтары туралы мәселені айқын және дәл қоюдың өзі жеткілікті. Атышулы, либералдар мен халықшылдар жер-көкке сыйғызбай мақтаған, «шаруалар» реформасы деп аталатын (ал іс жүзінде *помещиктік)* 1861 жылғы реформаның[35] басқалай жа-

мылғымен 1905 жылға дейін сақтап, барщинаның *өмірін ұзартқаны* сияқты бұл «реформа», әрине, өліп бара жатқан крепостниктің өмірін ұзартты.

Ескі тәртіп пен ескі крепостниктік егіншілікке Столыпин берген «ұзарту» мынада болып отыр: бүкіл помещиктік жер иелігін экспроприацияламай-ақ ашуға болатын тағы бір клапан, клапан болғанда *соңғы* клапан ашылды. Клапанның ашылып, будың біраз шығарылуы былай болды: әбден қайыршыланып біткен шаруалардың біразы өздерінің үлесті жерлерін жеке меншігі етіп «бекітіп» алды да, сатып жіберді, сөйтіп үлесті жері бар пролетардан таза пролетарға айналды, одан соң ауқатты шаруалардың біразы өз үлесті жерлерін иығайтып және кейде отрубтарға орналасып, бұрынғыдан да берік капиталистік шаруашылықты жолға қойды.

Ақырында, клапанның ашылып, будың шығарылуы кей жерлерде ерекше тозгісіз аралас танаптардың жойылып, капитализм тұсында қажет шаруа жерін жұмылдырудың жеңілдеуі арқылы жүзеге асырылды.

Бірақ мұндай ұзарту арқылы деревнядағы қайшылықтардың жалпы саны азайды ма әлде көбейді ме? крепостниктік латифундиялардың езгісі азайды ма әлде көбейді ме? «будың» жалпы мөлшері азайды ма әлде көбейді ме? Бұл сұрақтарға тек екінші мағынада ғана жауап беруге болады.

30 миллион адамның ашаршылыққа ұшырауы қазіргі уақытта тек осы соңғы жауап қана мүмкін екенін іс жүзінде дәлелдеді. Бұл — ұсақ қожайынсымақтардың ашаршылық көруі. Бұл — *бәз-баяғы* ескі, кіріптарлық, қайыршы және крепостниктік латифундиялар езіп жаныштаған шаруа шаруашылығы дағдарысының көрінісі. Крепостниктік *емес* ірі поместьелер тұсында, капиталистік латифундиялар тұсында мұндай ашаршылықтар Европада болмайды және болуы да мүмкін емес.

Жерден әбден босанып шыққан пролетарлардан өзге (жерді сату үшін оны өзіне «бекіткендер») және ауқатты мужиктердің болмашы азпылығынан өзге шаруалар бұқарасы бұрынғы күйінде және бұрынғыдан да жаман күйде қалды. Жерді жеке меншікке бекітудің ешқайсы-

сы да, аралас танаптарға қарсы шаралардың ешқайсысы да нашар, құнары әбден біткен жерде отырған, атам заманғы ескі, ақыр аяғында тозып біткен құрал-сайманы ғана бар, арық көлігі мен қара малы бар қайыршы шаруалар бұқарасын азды-көпті мәдениетті, азды-көпті қожайын ете алмайды.

2000 десятина жері бар помещиктің (Марков немесе Пуришкевич сияқты) төңірегіндегі жеті десятиналық, мардымсыз участкелердің иелерін қалай таратып қоныстандырса да, қауымнан қалай босатса да, олардың мардымсыз участкелерін жеке меншік етіп қалай «бекітсе де» олар сөзсіз кіріптар қайыршы болып қала береді.

Столыпиндік реформа шаруалар бұқарасының кіріптарлығы мен жұмыспен өтеуін де, олардың ашаршылық көруін де жоя *алмайды.* Қазіргі шаруашылықтардың көпшілігі азап шегіп құруы үшін, столыпиндік реформа «табысты» болу үшін, яғни жалпы европалық түрпатта орныққан буржуазиялық құрылысты біздің деревняда құру үшін осы сияқты дүркін-дүркін болып тұратын ашаршылықтың он-ондаған жылдары керек. Ал қазіргі уақытта, столыпиндік «реформа» алты жыл сыналғаннан кейін және «жерді бекітушілер» санының алты жыл ішіндегі «тамаша» прогресінен және тағы сондайлардан кейін бұл реформаның дағдарысты жоймағанына және жоя алмайтынына сәл де болса күмән болуы мүмкін емес.

Қазіргі сәтте де және Россияның таяудағы болашағы үшін де мүлде талассыз болып қала беретін нәрсе мынау: біз толып жатқан крепостниктік қалдықтары бар шаруашылықтың ескі дағдарысын, марковтық және пуришкевичтік түрпаттағы латифундиялар кіріптар еткен, қайыршылыққа ұшыраған ұсақ егіншіліктің ескі дағдарысын көріп отырмыз.

Марковтар мен Пуришкевичтердің қандай болсын әйтеуір қолында бар *соңғы* клапанды Столыпиннің ашқанына қарамастан, 30 миллион адамның ашаршылық көруімен документ жүзінде соншалық айқын дәлелденген әлгі дағдарыс біздің көз алдымызда тұр. Жерді және өкімет билігін Пуришкевичтердің қолында сақтау үшін олар (олармен бірге Біріккен дворяндар

советі[36] де) нақ осы Пуришкевичтердің буржуазиялық саясатты жүргізуінен басқа еш нәрсе ойлап таба алмады*, тағы басқа еш нәрсе ойлап табуға болмайды да.

Қазіргі орыс деревнясы қайшылықтарының жиынтығы нақ осыған сайып отыр: ескі крепостниктер өздерінің жерлері мен өкімет билігін толық сақтай отырып, буржуазиялық аграрлық саясат жүргізуде. Аграрлық салада бұл да — «буржуазиялық монархияға айналу жолындағы қадам болып табылады»[37].

Жаңалыққа қарай басқан бұл қадамды өзінің құдіретті күшін, өзінің жерін, өзінің бейнесін және өзінің жағдайын сақтап қалып отырған ескілік жасады. Бұл — ескіліктің бар жасай алатын соңғы қадамы. Бұл — соңғы клапан. Буржуазиялық елді билеп-төстеп отырған Пуришкевичтердің қарамағында бұдан басқа клапан жоқ және болуы да мүмкін емес.

Жаңалыққа қарай жасалған бұл қадамды өзінің құдіретті күшін сақтап қалған ескілік жасап отырғандықтан да, бұл қадам ешқандай берік нәтижеге жеткізе алмады және жеткізбейді де. Қайта керісінше, бұл қадам — басымыздан кешіріп отырған кездің барлық нышандары бізге мұны анық көрсетіп отыр — Россияның капиталистік жолмен дамуының басқа неғұрлым жоғары сатысында ескі дағдарыстың күшейе түсуіне әкеліп соғады.

Ескі дағдарыс жаңаша, жаңа жағдайда, таптар арасындағы қатынастар әлдеқайда айқындалып отырған жағдайда күшейе түсуде, алайда ол күшейе түсуде және оның әлеуметтік-экономикалық (және тек экономикалық қана емес) табиғаты шынына келгенде бұрынғы күйінде қалып отыр.

Үлесті жерге таңылған пролетарлар саны азайып отырғанда, — Пуришкевичтердің құдіретті өктемдігі сақталып отырғанда, — қайыршыланған және аштықтан құрып жатқан кіріптар орташа шаруалар орасан көп

---

* «Ойлап табу» деген сөзді «тұздығы көбірек» сөз деп ұғу керектігі өзі-өзінен түсінікті: билеп-төстеуші таптың «ойлап тапқаны» Россияның және бүкіл дүние жүзінің капиталистік дамуының бүкіл барысымен шектеліп, соған қарайтын болды. Капиталистік жолмен дамып келе жатқан Россияда таптардың ара салмағы осындай болып отырғанда Біріккен дворяндар советі өз қолындағы өкімет билігін сақтағысы келгендіктен басқаша істей алмады.

болып отырғанда,— үлесті жерге таңылмаған пролетарлардың саны артып отырғанда,— шаруалар буржуазиясының жақсы, отрубтық шаруашылығының саны болмашы ғана,— бүгінгі орыс деревнясының көрінісі осындай.

Столыпиндік аграрлық программаның кіріптарлықты және жұмыспен өтеушілікті жоя алмайтынын, ал халықшылдық аграрлық программаның (бұл сөздің тарихи-таптық мағынасында айтқанда) бұларды жоя алатынын тағы да дәлелдеу керек болар ма екен? Әзірше «жерге орналастыруға» іліклеген помещиктік жетпіс миллион десятина жердің бәрінде шаруалардың өз еркімен таңдауы бойынша отрубтық шаруашылықтар құрылса, жақсы отрубтық шаруашылықтар жерді пайдалануға толық бостандық болған жағдайда бүкіл орта ғасырлық ашаршылықтарды, кіріптарлық атаулыны және жұмыспен өтеу атаулыны бірден сөзсіз жойған болар еді деген ойды деревняның қазіргі жағдайы туғызбай тұра ала ма? Ал тарихтың тәлкегі бізді: столыпиндік жер өлшеушілер «трудовиктік» Россия үшін пайдаға асты деп айтуға мәжбүр етпес пе екен?

«Невская Звезда» № 20
5 август, 1912 ж.
Қол қойған: Р. С.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

КІШКЕНЕ АНЫҚТАМА

Біздің кадеттер демократтар ма әлде олар либералдық-монархиялық буржуазия партиясы ма деген мәселе ғылыми жағынан барынша көңіл қоярлық мәселе.

Бұл мәселе жөнінде тіпті трудовик[38] (буржуазияшыл демократ) Водовозовтың да ауытқушылық көрсеткенін ескерте кетейік.

Осы мәселе жөнінде айта келіп, «Правда» *Гредескул мырзаның «Речьте» қайталанған таяудағы мәлімдемелеріне сүйенді*.*

«Речь» былай деп жауап береді: ««Правданың» Гредескул мырзаның қандай мәлімдемелері туралы айтып отырғанын біз білмейміз».

Рас емес пе, мұнысы сүйкімді-ақ қой? «Правда» «Речьте» *қайталанған* мәлімдемелер туралы айтып отырғанын тиянақтап анық айтты. Сонда ше? Әлде «Речьте» не басылғанын «Речь» *білмей ме??* Бірақ сайлау алдында демократизмді желеу етіп, амалдау үшін либералдар өздерінің таяуда өткен тіршіліктерінің қайсыбірін ұмытқысы *келіп отыр* деп ойлау табиғилау болмас па екен?

Қайткенде де, маңызды ғылыми мәселені анықтау үшін, мен Гредескул мырзаның сөздерін келтіремін, ол бұл сөздерді жұртшылық алдындағы бірқатар лекцияларда айтты және, редакцияның бірде-бір ескертуінсіз, «Речьтің» 117 (2071)-номерінде *қайталады:*

---

* Қараңыз: осы том, 14-бет. *Ред.*

«Өз лекциямның ең аяғында,— деп жазды Гредескул мырза,— «Вехидің» орыс азаттық қозғалысы (бейне бір интеллигенцияның кінәсынан) іске аспады деген пікіріне қарсы айтыса отырып және бұл пікірді П. Б. Струведен анағұрлым солшылырақ тұрғандардың, бірақ сонымен бірге қозғалыс бізге мүлде ештеңе бермеді деп ойлайтындардың пікірімен салыстыра отырып, мен, бұған қарама-қарсы, мынадай тезисті жақтадым: қайта істелген нәрсе өте көп, болашақ конституциялық құрылыстың нағыз іргетасы қаланды, қаланғанда да мейлінше терең, берік, халық бұқарасының нағыз қалың ортасында қаланды. Бұл екі пікірді сын көзімен қарап салыстыру үшін және, сонымен қатар, мен өзім де заманымыз үшін саяси жағынан өте-мөте зор маңызы бар деп санайтын пікірді айту үшін, мен бұл екі пікірдің ексуін де болашаққа бетпе-бет қойып, былай дедім: бұлардың біріншісінің тұрғысынан қарағанда (егер 1905—1906 жылдары еш нәрсе істелмеген болса) барлығын басынан қайта бастау керек, яғни басқа сөздермен айтқанда, екінші қозғалысты ұйымдастыру керек, ал екінші пікірдің тұрғысынан қарағанда (1905—1906 жылдары орыс конституциясының іргетасы қаланды десек), қайта керісінше, екінші халықтық қозғалыстың керегі жоқ, тек қана байсалды, қажырлы және сенімді конституциялық жұмыс керек.

Міне, осы арада мені либавалық (бұл іс Либавада болған) полицеймейстер үзіп жіберді. Сөйтіп Россиядағы жаңа революцияның қажет екендігін жұрт алдында бекерге шығаруға қарсы Либавада полицияның демонстрациясы болды» («Речь» 1912 ж., № 117 (2071)).

Либавалық полицеймейстер мырзаның қателескенін Гредескул мырза толық дәлелдеді. Бірақ сонымен қатар Гредескул мырза тағы да бір маңызды екі нәрсені дәлелдеді:—1) Гредескул мырза мен К⁰-ның «Вехимен»[39] айтысы — екіжүзді, бос нәрсе. Барлық маңызды нәрселерге келгенде *бүкіл* конституциялық-демократиялық партия іс жүзінде —«вехилік» партия, 2) конституциялық-демократиялық партияға ғылыми, экономикалық және саяси белгілеріне қарап берілген маркстік сипаттама сөзсіз дұрыс.

«Правда» № 85, 8 август, 1912 ж.
Қол қойған: Н. Б.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫЛАРЫ МЕН КАПИТАЛИСТЕРДІҢ ПАЙДАСЫ

1908 жылы Россияның фабрикалары мен заводтарына тексеру жүргізілген болатын[40]. Күмән жоқ, бұл тексеру жұмысшылардың жалақыларының мөлшері туралы көтеріңкі цифрлар беріп, өндірістің көлемі мен капиталистер пайдасының мөлшері туралы кемітілген цифрлар берді, өйткені бізде бұл тәрізді тексерулердің бәрі тура немқұрайдылықпен жүргізіледі, оның үстіне тек қана капиталистерден сұралады, ал жұмысшылардан сұрауды керек деп есептемейді.

Ал енді капиталистер үшін неғұрлым тиімді бұл статистиканың не көрсеткенін қарап көрейік.

Осы уақытқа дейін бар жарияланғаны осы ғана болып отырған алдын ала мәліметтер бойынша Россияда барлығы 20 000 дерлік фабрика мен завод болды (дәл цифры: 19 983; біз жақшаның ішінде дәл цифрлар келтіріп, ал текстө түсінуге және оқығанда басты-басты мәліметтерді ойда сақтап қалу оңай болу үшін оларды біраз жинақтап келтіреміз).

Еркек, әйел жұмысшылардың барлық саны $2^1/_4$ миллион адам (2 253 787) болды. Бұған кен жұмысшылары да, акциз салығы салынатын өндірістердегі жұмысшылар да кірді.

Осы жұмысшылардың барлығының жалақысы *жарты миллиард* сомнан *астам* болған (555,7 миллион).

Бір жұмысшының орташа ақысын білу үшін жалақының жалпы сомасын жұмысшылар санына бөлу керек. Осылай етіп бөлгенде шығатын цифр 246 сом.

Сөйтіп, Россияның *екі миллион екі жүз елу мың* фабрика-завод жұмысшысы жалпы және орта мөлшер-

де алғанда, яғни ықшамдап алғанда, 1908 жылы айына не бары *жиырма* сом 50 тиыннан жалақы тапқан!

Егер осындай сомаға семьяны асырауға тура келетінін ескерсек,— мұның өзі пәтер мен тұрмыс керек-жарақтарының қазіргідей қымбатшылығы кезінде болып отырса,— опда мұндай ақыны қайыршылық ақы деп атамасқа болмайды.

Енді капиталистер пайдасының қандай болғанын қарап көрейік. Пайдапы анықтау үшін өндірістің жалпы сомасынан, яғни барлық фабрикалар мен заводтардың келтірген жалпы табысынан, капиталистердің барлық шығындарын шығарып тастау керек.

Өндірістің жалпы сомасы —4½ миллиард сомнан асады (4651 миллион сом). Капиталистердің барлық шығыны —4 миллиард (4082 миллион сом).

Демек, капиталистердің пайдасы *жарты миллиард сомнан астам* (568,7 миллион сом).

Орта есеппен алғанда 1 кәсіпорнына бұл пайда *23,5 мың сомға* тең болады. Әрбір жұмысшы капиталиске *жылына 252 сомнан* пайда келтіреді.

Енді жұмысшылардың жалақысы мен капиталистердің пайдасын салыстырайық. Әрбір жұмысшы жылына орта есеппен (яғни ықшамдап есептегенде) 246 сом жалақы алады, ал капиталиске жылына 252 сом пайда келтіреді*.

Бұдан шығатын қорытынды: жұмысшы күннің *жартысынан азында* өзі үшін, ал *күннің жартысынан көбінде* — капиталист үшін жұмыс істейді. Егер, мәселен, жұмыс күнінің орташа мөлшерін 11 сағат деп алсақ, сонда жұмысшы бар болғаны 5½ сағат үшін ғана, тіпті 5½ сағаттан да кем уақытқа ақы алатын болып шығады. Ал қалған 5½ сағатта жұмысшы ешқандай ақы алмастан тегін еңбек етеді, сөйтіп жұмысшының осы жарты күнде шығарған бар өнімі капиталистердің пайдасы болады.

«Правда» № 85, 8 август, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Жұмысшы жылына барлығы 498 сомның жаңа құндарын жасайды.

СТАЧКАЛЫҚ КҮРЕС ЖӘНЕ ЖАЛАҚЫ

Орыс жұмысшыларының 1905 жылғы әйгілі стачкалық күресі тек саясат саласында ғана емес, экономикалық салада да өте-мөте ірі табыстарға жеткізгені жұрттың бәріне мәлім. Қазіргі уақытта фабрика инспекторларының есептерінен[41] алынған мәліметтер бұл табыстардың қаншалық зор екені туралы әжептәуір дәл түсінік алуға мүмкіндік беріп отыр.

Осы мәліметтер бойынша, орыстың фабрика-завод жұмысшысының орташа жалақысы мынадай болған:

1901 жылы	201 сом	1906 жылы	231 сом
1902 »	202 »	1907 »	241 »
1903 »	208 »	1908 »	242 »
1904 »	213 »	1909 »	236 »
1905 »	205 »	1910 »	242 »
орта есеппен бес жыл ішінде	206 »	орта есеппен бес жыл ішінде	238 »

Бұдан біз 1905 жыл өзгеріс жылы болғанын көреміз. Нақ осы 1905 жылдан кейін жалақы бір жылда *бірден* 205 сомнан 231 сомға, яғни *26 сомға,* 10 проценттен артығырақ көтеріледі.

1904 жылмен салыстырғанда жалақының 8 сомға төмендегенін көрсететін 1905 жыл жайында төмендегілерді еске алу керек: біріншіден, 1905 жыл экономикалық депрессия, яғни өнеркәсіптің құлдырау жылы болды; екіншіден, сауда министрлігінің мәліметтері бойынша, жұмысшылар бұл жылы ереуіл күндері жалақыны кем алғандықтан *17½ миллион сомынан* айы-

рылды, яғни әрбір жұмысшыға орта есеппен жылына 10 сомнан астамнан келеді.

Демек, 1905 жылы нақты жалақы жылына 215 сом болды деп есептеуге болады, бірақ осы 215 сомнан жұмысшылар 1905 жылы сол уақытқа дейін дүние жүзінде еш жерде болып көрмеген тамаша табандылығы мен ауқымдылығы жағынан айрықша болған стачкалық күреске 10 сомнан берген.

Қорытындысында шыққаны: қазір біз тұтас алынған он жылдың, 1901—1910 жылдардың, мәліметтерін қарай отырып, *революцияға дейінгі* заман мен *революциядан кейінгі* заманның арасындағы *таңданарлық* айырмашылықты айқын көріп отырмыз.

1905 жылға дейін орыс фабрика-завод жұмысшысының орташа жалақысы 206 сом. 1905 жылдан кейін 238 сом, яғни *жылына 32 сом артық*. 15,5 процент өскен.

Жалақының артуының бір жыл ішінде күрт болғаны сондай, тіпті капиталистердің бұдан былайғы күш салуының қандайы болса да (бұлардың бесінші жылдың жеңістерін бірінен соң бірін тартып алғаны жұртқа мәлім) жұмысшыны тұрмыстың бұрынғы төмен деңгейіне түсіре алмады. Бесінші жыл орыс жұмысшысының тұрмыс деңгейін жайшылық уақытта бірнеше ондаған жылдардың ішінде көтерілмейтін деңгейге көтерді.

Жұмысшылар 1905 жылдың стачкаларында, ресми статистика бойынша, ереуіл күндері жалақыны кем алудан 17$^1/_2$ миллион сомдарынан айырылды. Өнімнің кем шығарылуы 1905 жыл ішінде капиталистерде, сол статистика бойынша, 127,3 миллион сом болды.

Ал 1905 жылдан кейін жалақының артуынан жұмысшылар бес жыл ішінде (1906—1910) орта есеппен бір жұмысшыға 32 сомнан, яғни барлығы 1,8 миллион жұмысшы деп есептегенде, жылына 57,6 миллион сомнан немесе *тұтас алынған бес жыл ішінде 286 миллион сом* ұтып шықты.

«Правда» № 86, 9 август, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ ФАБРИКАЛАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС КҮНІ

Инженер И. М. Козьминых-Ланин Москва губерниясының фабрикалары мен заводтарындағы жұмыс күні мен жұмыс жылының ұзақтығы туралы кітап шығарды.

Автор жинаған материал 1908 жылдың аяғына қатысты және 219 669 жұмысшыны, яғни Москва губерниясының фабрика-завод жұмысшыларының жалпы санының (307 773) $^{7}/_{10}$ бөлегінен сәл астамын қамтиды.

Осы мәліметтердің негізінде автор орташа жұмыс күнін ересектер мен жасөспірімдер үшін—*9¹/₂ сағат*, балалар үшін — 7¹/₂ сағат деп анықтайды.

Бұл мәліметтерге мерзімнен тыс жұмыстардың есебі мүлде кірмегенін (мерзімнен тыс жұмыстар туралы автор баспаға жеке еңбек дайындаған),— ал екіншіден, автордың мәліметтері «кәсіпкерлер мен жұмысшылар үшін міндетті ішкі тәртіп ережелеріне» ғана негізделгендігін ескерте кету қажет.

Бұл ережелер өмірде сақтала ма деген мәселені біздің инженер көтермейді де. Жұмысшы одақтары ғана өз статистикасын жасай отырып, бұл мәселе жөнінде де мәліметтер жинай алар еді.

Жеке кәсіпорындар бойынша бұл 9¹/₂ сағаттық жұмыс күні үлкен ауытқуларға ұшырайды.

Автордың кестелерінен көрінетіні: *33 466 жұмысшы күніне 10 сағаттан артық* істейді! Мұның өзі барлық тексерілген жұмысшылардың 15 процентінен артығырағы.

13 189 жұмысшы күніне 11 сағаттан артық, ал 75 жұмысшы — күніне 12 сағаттан артық істейді. Осындай шектен тыс ұзақ жұмыс күні титығына жеткен жұмысшылардың дені тоқыма өнеркәсібінде.

Егер жұмысшылардың үштен біріне жуығы автордың тексеруіне енбегенін ескерсек, онда Москва губерниясы фабрика-завод жұмысшыларының *20 мыңнан астамы* күніне сұмдық ұзақ уақыт жұмыс істейді деген қорытынды шығады.

Ақырында, инженер Козьминых-Ланиннің мәліметтері $11^1/_2$ сағаттық (!!!) жұмыс күніне рұқсат ететін 1897 жылғы әбден ескірген орыс заңын да *фабриканттардың орындамайтынын* көрсетеді. Бұл заң бойынша, екі сменалық жұмыста, әрбір жұмысшыға келетін жұмыс уақыты, 2 аптаға есептегенде тәулігіне 9 сағаттан аспауы керек.

Ал іс жүзіне келгенде, автор тексерген екі сменада істейтін 83 990 жұмысшының — 14 376-сы *9 сағаттан артық* істеген. Мұның өзі екі сменада істейтін барлық жұмысшылар санының 17 проценті болады. Ал жөндеу және қосалқы жұмыстардағы екі сменада істейтін 3733 жұмысшыдан 2173 жұмысшы, яғни $^3/_5$ *бөлегіне жуығы,* тәулігіне 9 сағаттан астам уақыт істеп отырған! Барлығы $16^1/_2$ мың жұмысшыны — тіпті қазыналық мәліметтер бойынша — заңда рұқсат етілген мерзімнен ұзақ істеуге мәжбүр етіп отыр!

Барлық тексерілген 219 669 жұмысшының ішінен 1908 жылы Москва губерниясында тек 4398 жұмысшы үшін ғана 8 сағаттық жұмыс күні болды. Демек, қалай болғанда да 8 сағаттық жұмыс күнінің болуы қазір де әбден мүмкін нәрсе, тек 215 мың жұмысшының осы төрт мыңды қуып жетуі ғана қалады.

«Правда» № 88, 11 август, 1912 ж.
Қол қойған: В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС КҮНІ МЕН ЖҰМЫС ЖЫЛЫ

Инженер Козьминых-Ланиннің осы атпен шыққан еңбегі (М., 1912, Орыстың императорлық техникалық қоғамының Москва бөлімі жанындағы Еңбекке жәрдемдесу музейінің тұрақты комиссиясы басып шығарған. Бағасы 1 сом 75 тиын) 1908 жылдың аяғына қатысты мәліметтердің жиынтығы болып табылады.

Мәліметтер 219 669 жұмысшыны, ягни губерниядағы фабрика-завод жұмысшыларының жалпы санының (307 773) 71,37 процентін қамтиды. Автор: «материалды әрбір өнеркәсіп орны бойынша жеке-жеке мұқият зерттеп шықтым, сондықтан жалпы жиынтыққа материалдың ешқандай күмән туғызбаған бөлімі ғана кірді» дейді.

Егер мәліметтердің жиынтығы неғұрлым байыптырақ болса,— көп кешіккеніне қарамастан — бұл тәрізді статистика барынша көңіл қоярлық статистика болған болар еді. Өкінішке орай, нақ осы байыптырақ деген сөзді қолдануға тура келеді, өйткені Козьминых-Ланин мырзаның кестелері өте-мөте мұқият жасалған, әр алуан жиынтықтар мен проценттік қатынастарды есептеп шығаруға ол өте көп еңбек сіңірген, бірақ бұл еңбек тиімді қолданылмаған.

Авторды мол материал басып кеткендей. Ол жұмысты тек қана қиындататын, мүлде керексіз жүздеген, мыңдаған есеп-қисаптар жасаған да, ондаған қорытынды есептерді жасамаған, ал бұлар сөзсіз қажет,

өйткені буларсыз құбылыстың жалпы көрінісі анықталмайды.

Шынында да, автордың кітапты түгелімен дерлік алып жатқан негізгі кестелерінде соншалық егжей-тегжейлі мәліметтер келтіріледі, мәселен, тәулігіне 9 сағаттан 10 сағатқа дейін істейтін жұмысшылар — шектес екі аптадағы жұмыс сағаттарының санына қарай (109-дан 120 сағатқа дейін) — 16 *бөлімге* бөлінген, сөйтіп әрбір бөлім үшін тәуліктегі жұмыс сағатының орта саны есептеп шығарылған! Және осының бәрі екі мәрте: өндірістегі жұмысшылар үшін және көмекші жұмысшылар үшін істелген.

Бұлай егжей-тегжейлеудің, біріншіден, мүлдем керексіз екеніне, мұнда көріністің айқындығына, зерттеу ісі үшін материалдың жарамдылығына *нұқсан* келтіріп, статистикаға бола статистикамен әуестену, өзінше бір цифрмен машықтану орын алып отырғанына келіспеуге болмайды. Ал, екіншіден, автор жүзден біріне дейін соншама дәл есептеп шығарған бұл «орта» мөлшердің оннан тоғызы,— тура зая кеткен еңбек, өйткені осы «орта» мөлшердің қажет екенін кітапты оқитын мың оқушының (мұның мың оқушысы бола қояр ма екен) біреуі ғана сезе алар, бұған кепіл болуға болады (оның үстіне, егер өз басына осындай ерекше бір қырсық төне қалса, сол бір адамның *өзі-ақ оны* есептеп шығара алар еді!).

Солай бола тұрса да, аса қажетті жиынтықтар кітапта *мүлде жоқ*, бұл жиынтықтарды автор әлдеқайда аз еңбек сіңіріп істей *алатын* еді және тексеру мәліметтерімен байыпты танысқысы келген адамға мұнсыз мүмкін емес. 1) Өндіріс топтары бойынша бір сменамен, екі сменамен және үш сменамен істейтін жұмысшыларды жинақтайтын; 2) өндірістегі жұмысшылар мен қосалқы жұмысшыларды жинақтайтын; 3) өндіріс топтары бойынша жұмыс сағаттарының орта мөлшерін беретін; 4) ересектер мен жеткіншектердің жұмыс уақытының жалпы жиындарын беретін; 5) жұмысшыларының саны әр түрлі фабрикаларды жекелеп көрсететін деректер жоқ.

Осы соңғы пунктке тоқталайық. Еңбектің авторы — егер ол жариялаған және баспаға дайындаған еңбектердің осы тізімі бойынша пікір айтатын болсақ,— сірә, соншалықты еңбек сүйгіш болу керек, оның соншалықты мол және қызықты материалы болу керек, сондықтан оның тәсілдеріне сын көзімен талдау жасау тек теориялық қана емес, сонымен бірге тікелей практикалық та пайда келтіруі мүмкін. Біз жоғарыда автордың: жиналған «материалды әрбір өнеркәсіп орны бойынша *жеке-жеке* мұқият зерттеп шықтым» деген сөздерін келтіріп өттік.

Демек, ең болмағанда біздің қазыналық статистика енгізген фабрикалар топтары бойынша болса да (20-ға дейін, 21—50, 51—100, 101—500, 501—1000 және 1000-нан астам жұмысшысы бар), бұл материалды жинақтауға әбден болатын еді. Жинақтау қажет пе еді?

Сөз жоқ, қажет еді. Статистика цифрлардың қалай болса солай алынған тізбегін бермей, зерттеліп отырған құбылыстың өмір толық белгілеген немесе белгілеп отырған әр түрлі әлеуметтік типтерін цифрмен баяндап беруі керек. 50 жұмысшысы бар және 500 жұмысшысы бар кәсіпорындар біз көңіл аударып отырған құбылыстың анағұрлым өзгеше бір *әлеуметтік типтеріне* жататынына күмәндануға бола ма? барлық цивилизациялы елдердің бүкіл қоғамдық дамуы бұл типтердің *айырмашылығын* күшейтетініне және бұлардың біреуін екіншісінің *ығыстыруына* әкеп соғатынына күмәндануға бола ма?

Нақ жұмыс күні туралы мәліметтерді алайық. Автордың қорытылған жиынды кестесінен біз,—егер кітаптан таппай отырған кейбір қажетті статистика жұмысын *өзіміз* жүргізсек,— 33 мың жұмысшы (тексерілген 220 мың жұмысшыдан) *тәулігіне 10 сағаттан артық* жұмыс істейді деген қорытынды шығара аламыз. Ал барлық 220 мың жұмысшы үшін жұмыс күнінің орта мөлшердегі ұзақтығы $9^1/_2$ сағат болады. Шамадан тыс ұзақ жұмыс күні титықтатқан бұл жұмысшылар *ұсақ* кәсіпорындарда істемей ме екен? — деген сұрақ туады.

Бұл сұрақ табиғи және қажетті түрде туып отыр. Ол тіпті де қалай болса солай алынған сұрақ емес. Дүние

жүзіндегі барлық елдердің саяси экономиясы мен статистикасы бізді нақ осы сұрақты қоюға *міндеттейді*, өйткені ұсақ кәсіпорындардың жұмыс күнін ұзартуы тым жиі байқалды. Капиталистік шаруашылықтың жағдайлары ұсақ қожайындардың осындай ұзартуын қажет етеді.

Сөйтіп, автордың материалдарында бұл өте маңызды сұраққа жауап боларлық мәліметтер *болған* екен, бірақ автордың жиынтық мәліметінде бұлар жоқ болып шықты! Жиынтық мәліметте автор бізге егжей-тегжейлі «орта» мөлшерлердің түкке керексіз ұзақ-ұзақ тізбектерін берді, бірақ жұмысшылар санына қарай фабрикалардың қажетті жіктелуін *бермеген*.

Москва губерниясында бұл сияқты жікке бөлу жалпы алғандағыдан да гөрі неғұрлым қажеттірек (егер бұл жерде салыстырмалы шырайды қолдануға болса), өйткені Москва губерниясында өндірістің орасан зор шоғырлануымен қатар біз ұсақ кәсіпорындардың біршама өте көп екенін көреміз. 1910 жылдың статистикасы бойынша онда 335 190 жұмысшысы бар барлығы 1440 кәсіпорын болған. Жұмысшылардың осы санының жартысы (167 199) *66 фабрикаға* шоғырланған,— ал екінші полюсте жұмысшыларының жалпы саны 18 277 болатын 669 кәсіпорын бар екенін көреміз. Алдымызда мүлде әр түрлі әлеуметтік типтер тұрғаны, сондықтан бұларды ажыратып көрсетпейтін статистиканың мүлде ештеңеге жарамсыз екені айқын.

Шектес екі аптада 94, 95 және т. т. 144 сағатқа дейін жұмыс істейтін жұмысшылардың саны туралы цифрлар тізбегіне автордың елігіп кеткені сонша, кәсіпорындардың саны туралы мәліметтерді *мүлдем тастап кеткен*. Бұл сан оның еңбегінің жұмыс жылының ұзақтығы туралы әңгіме болатын екінші бөлімі үшін көрсетілген, бірақ жұмыс күні туралы сөз болып отырған бірінші бөлімде кәсіпорындардың саны туралы ешбір мәлімет келтірілмеген,— ал бұл мәліметтер, күмән жоқ, автордың қолында болды.

Москва губерниясының ірі-ірі фабрикалары дегеніміз өнеркәсіп орындарының өзіндік бір үлгідегі типтері ғана емес, сонымен қатар өзгеше тұрмыс және мәде-

ниет (немесе, дұрысырағы, мәдениетсіздік) жағдайлары бар жұрттардың да өзіндік бір үлгідегі типтері. Бұл фабрикаларды жеке-жеке бөліп алу, жұмысшыларының санына қарай кәсіпорындардың әрбір разряды үшін мәліметтерді жеке-жеке тәптіштеп жасау—дұрыс қойылған экономикалық статистиканың қажетті шарты болып табылады.

Козьминых-Ланин мырзаның еңбегінен басты-басты қорытындылар келтірейік.

Оның жұмыс күнінің ұзақтығы туралы зерттеуі, біздің айтып өткеніміздей, Москва фабрика-заводтарының 219 669 жұмысшысын, яғни олардың барлық санының 71,37 процентін қамтыған, сонымен қатар оның статистикасында басқа өндірістердің жұмысшыларынан гөрі тоқымашылар біраз көбірек қамтылған. Барлық тоқымашылардың 74,6 проценті, ал былайғы өндіріс жұмысшыларының 49—71 проценті ғана тексерілген. *Шамасы, ұсақ* кәсіпорындар жөніндегі мәліметтер азырақ зерттелген болса керек: қалай дегенмен, бір жылғы жұмыс күндері санының статистикасы кәсіпорындардың 58 процентін (1908 жылы болған 1394-тен 811-ін) және жұмысшылардың 75 процентін (307 773-тен 231 130) қамтыды. Бұл арада атап айтқанда неғұрлым ұсақ кәсіпорындардың қалып қойғаны айқын.

Жұмыс күнінің ұзақтығы туралы жиынтық мәліметтерді автор бәрін бір қосып барлық жұмысшылар жөнінде ғана береді. Ересектер үшін тәулігіне $9^1/_2$ сағат және жеткіншектер үшін $7^1/_2$ сағат орта мөлшер шығады. Айта кету керек, жеткіншектер саны көп емес: 218 306 ересекке 1363. Мұның өзі инспекторлардан әсіресе жеткіншек жұмысшыларды «жасырып» қалмады ма екен деген ой туғызады.

Барлығы 219 669 жұмысшының бір сменада істегендері 128 628 адам (58,56 процент), 2 сменада — 88 552 (40,31 процент) және 3 сменада — 2489 (1,13 процент). Тоқыма өнеркәсібінде екі сменалық жұмыс бір сменалықтан басым: екі сменамен істейтін жұмысшы («өндірістегі», яғни қосалқы жұмыстағыларсыз) 75 391 бол-

са, бір сменамен істейтін жұмысшы 68 604. Жөндеу жұмысындағы және қосалқы жұмыстағы жұмысшыларды қосқанда екі сменамен істейтін 78 107 жұмысшы және бір сменамен істейтін 78 321 жұмысшы шығады. Мұның керісінше, металлистерде бір сменалық жұмыс (17 821 ересек жұмысшы) екі сменалық жұмыстан (7673) едәуір басым.

Тәулігіне істейтін жұмыс сағатының мөлшері әркелкі жұмысшылардың жалпы санын жинақтай келіп, мынадай мәліметтер аламыз:

Тәуліктегі жұмыс сағатының мөлшері	Жұмысшылар саны	
8 сағатқа дейін	4 398	
8 сағаттан 9 сағатқа дейін	87 402	
9 » 10 » »	94 403	
10 » 11 » »	20 202	33 466
11 » 12 » »	13 189	
12 сағат және одан артық	75	
Жиыны	219 669	

Бұдан Россияда тәулігіне 8 сағаттан артық істемейтін жұмысшылар саны әлі де тым мардымсыз екені көрінеді: 219 669-дан не бары 4398. Мұның керісінше, жұмыс күні шамадан тыс сұмдық ұзақ, жұмысшылардың саны орасан зор: 220 мыңнан 33 466, яғни жұмысшылардың 15 процентінен астамы *тәулігіне 10 сағаттан артық* істейді! Бұл арада мерзімнен тыс жұмыс ескеріліп те отырған жоқ.

Онан соң. Бір сменамен және екі сменамен істейтін жұмысшылардың жұмыс күнінің ұзақтығының айырмашылығы мына төмендегі мәліметтерден көрінеді, бұл мәліметтер «өндірістегі жұмысшылардың» ересектерін ғана қамтиды, яғни жұмысшылардың жалпы санының 8 проценті болатын жөндеу жұмыстары мен қосалқы жұмыстардағы жұмысшыларды қоспайды. [39-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Реті келгенде айта кетейік, бұдан екі сменамен істейтін жұмысшылардың 17 проценті тәулігіне *9 сағаттан артық* істейтіні көрінеді, яғни Ланин мырза тым мешеу

Жұмыс күнінің ұзақтығы	Жұмысшылардың проценті (тәулігіне осынша сағат жұмыс істейтін)	
	бір сменалық	екі сменалық
8 сағатқа дейін	1,3	1,0
8 сағаттан 9 сағатқа дейін	13,3	81,9
9 » 10 » »	60,7	14,7
10 » 11 » »	15,2	1,4
11 » 12 » »	9,5	1,0
12 сағат және одан артығырақ	—	—
Жиыны	100,0	100,0

қалған заң деп әділ мойындап отырған біздің 1897 жылғы заңымыздың рұқсат еткенінен де артық істейді. Бұл заң бойынша, екі сменалық жұмыста 2 аптаға шаққанда жұмыс сағаттарының саны тәулігіне тоғыз сағаттан аспауы керек. Ал Ланин мырза өзінің барлық есептері мен кестелерінде, атап айтқанда, «шектес 2 аптадағы» кезеңді алады.

Егер әбден анық және дәл заң осылай көрер көзге бұзылып отырса, онда біздің фабрика заңдарының былайғы қаулыларының көпшілігінің жайы қалай болып отырғанын елестетуге болады.

Бір сменамен істейтін бір жұмысшы үшін (тек ересек және тек «өндірістегі жұмысшы» үшін) жұмыс сағатының орта саны тәулігіне 9,89 сағат болады. Демек, тіпті сенбі күндері де ешбір қысқармаған *он сағаттық жұмыс күні* үстем болып отыр, мерзімнен тыс жұмыстар есепке де алынып отырған жоқ. Еңбектің мұндай ұзақтығының, сөз жоқ, шамадан тыс екенін және бұған төзуге болмайтынын айтып та керегі жоқ.

Екі сменамен істейтін жұмысшы үшін жұмыс сағатының орта саны тәулігіне 8,97 сағат болады, яғни практикада бұл реттерде заң талап ететін тоғыз сағаттық жұмыс күні басым. Екі смена кезінде кешкі сағат 10-нан таңертеңгі 4-ке дейінгі (!!) уақыт «түн» деп есептелуі себепті, яғни іс жүзінде жұмысшы үшін *түннің* басым дені *«күн»* болып есептелетіндіктен, жұмыс күнінің сегіз сағатқа дейін кемуі өте қажет нәрсе. Түнді күнге айналдырып, үнемі түнгі жұмыс болатын

тоғыз сағаттық жұмыс күні — міне, Москва губерниясындағы үстем нәрсе осы!

Козьминых-Ланин мырзаның мәліметтерін шолуымыздың қорытындысында: жұмыс жылының орташа ұзақтығын оның 270 күн деп белгілегенін көрсете кетейік. Тоқымашыларда бұл цифр біраз төмен —268,8 күн, металлистерде азырақ жоғары — 272,3 күн.

Жұмыс жылының ұзақтығы туралы бұл мәліметтерді Козьминых-Ланин мырзаның талдап-саралауы да тым қанағаттанғысыз. Бір жағынан, шама-шарықсыз, еш нәрсемен үйлеспейтін егжей-тегжейлеу орын алған: біз жұмыс жылының ұзақтығы туралы жинақ кестеден бақандай 130 көлденең графаны санап шықтық! Кәсіпорындардың, жұмысшылардың, т. т. саны туралы мәліметтер мұнда 22-ден бастап 366-ға дейінгі әрбір кездесетін жұмыс күндерінің (жыл ішіндегі) саны үшін *жеке-жеке* келтірілген. Мұндай «егжей-тегжейлеу» шикі материалдың тіпті «иі қандырылмағанына» көбірек ұқсас.

Екінші жағынан, мұнда да не фабрикадағы жұмысшылар саны жөнінде де, не двигательдерді жіктеу жөнінде де (қол күші және механикалық фабрикалар) әбден қажетті мәліметтер жоқ. Сондықтан жұмыс жылының ұзақтығының әр түрлі жағдайларға байланыстылығын *түсінуге* мүмкіндік беретіндей ешбір көріністі аңғара алмайсың. Автор жинаған мол материал тым жаман жинақтау салдарынан *зая кеткен.*

Ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің арасындағы айырмашылықтың мәнін біз ол мәліметтерді біраз қайта сараласақ, тіпті автордың мәліметтері арқылы да — шамамен және әлдеқайда дәл емес түрде!—аңғара аламыз. Жұмыс жылының ұзақтығы жағынан кәсіпорындардың басты-басты *төрт* тобын алайық: 1) жылына 200 күнге дейін істейтіндер; 2) — 200-ден 250-ге дейін; 3) — 250-ден 270-ке дейін және 4) 270 күн және одан да көп істейтіндер.

Осы разрядтардың әрқайсысы үшін фабрикалардың саны мен еркек, әйел жұмысшылардың санын жинақтай келіп, мынадай жағдайды көреміз:

Жұмыс жылының ұзақтығы	Жыл ішіндегі жұмыс күнінің орта саны	Фабрикалардың саны	Жұмысшылардың саны	1 фабрикаға келетін жұмысшылардың орта саны
200 күнге дейін	96	74	5 676	76
200—250 күн	236	91	14 400	158
250—270 »	262	196	58 313	297
270 және жоғары	282	450	152 741	339
Жиыны	270	811	231 130	285

Фабрикалар неғұрлым ірі болса, жұмыс жылы (жалпы алғанда) соғұрлым ұзағырақ екені бұдан айқын көрінеді. Демек, ұсақ кәсіпорындардың қоғамдық-экономикалық маңызы, бұл кәсіпорындардың, мәселен, жұмысшылардың жалпы санындағы үлесіне қарап шамалағандағыдан іс жүзінде әлдеқайда *кем*. Ірі кәсіпорындарға қарағанда бұл кәсіпорындардағы жұмыс жылының қысқалығы сонша, бұлардағы өндірістің үлесі тіптен мардымсыз болуға тиіс. Ал, оның үстіне, қысқа жұмыс жылы жағдайында бұл фабрикалар (ұсақ фабрикалар) пролетариаттың тұрақты кадрларын құруға қабілетсіз,— демек, мұнда жұмысшылар көбінесе жермен «байланысты», сірә, еңбегіне нашар төленетін, мәдениеті төменірек, т. с. болуы керек.

Жұмыс жылын барынша ұзартып, осынысы арқылы деревнядан мүлде қол үзген пролетариатты туғызып, ірі фабрика қанауды күшейте түседі.

Егер фабрикалардың техникалық жағынан жолға қойылуына (қол күші және механикалық двигательдер, т. т.) қарай жұмыс жылының ұзақтығындағы айырмашылықты зерттейтін болсақ, онда, күмән жоқ, халық тұрмысының жағдайын, жұмысшылардың күйін, біздегі капитализмнің эволюциясын, т. т. көрсететін бірсыпыра аса қызықты деректерді табуға болар еді. Бірақ автор бұл мәселелердің бәріне де соқпаған деуге болады.

Ол өндірістің түрліше топтарына жататын фабрикалардағы жұмыс жылының орташа ұзақтығының цифрларын ғана берген. Жалпы орта мөлшердің ауытқуы онша үлкен болып шықпаған: IX топта (минерал зат-

тарды өңдеу) жылына 246 жұмыс күнінен XII топта (химия өндірістері) жылына 291 жұмыс күніне дейін барады.

Бұл айырмашылықтар, оқушының өзі көріп отырғанындай, қандай өндіріске жататындығына қарамастан, жалпы алғанда ұсақ фабрикалар мен ірі фабрикалардағы жұмыс жылы ұзақтығының айырмашылығына қарағанда әлдеқайда аз.

Әлеуметтік-экономикалық статистика үшін өндіріс түрі жөніндегі айырмашылықтар өндіріс *көлемі* жөніндегі айырмашылықтарға қарағанда *оншама* сипатты емес және оншама елеулі емес. Әрине, бұл бірінші айырмашылықтарды елемеуге болар еді деген сөз емес. Бірақ бұл екінші айырмашылықтарды есепке алмайынша ақылға қонымды статистика әсте де мүмкін емес деген сөз.

«Невская Звезда» № 21,
12 август, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

АНГЛИЯДА

Ағылшын либерализмі алты жарым жылдан бері өкімет басында болып отыр. Англияда жұмысшы қозғалысы барған сайын күшейе түсуде. Стачкалар бұқаралық стачкаға айналуда және оның үстіне таза экономикалық стачка болуды қойып, саяси стачкаларға айналуда.

Осы жуырда бұқаралық күрестің[42] осындай күшін көрсеткен шотланд көміршілерінің көсемі Роберт Смайли өздерінің келесі ірі шайқасында көміршілердің қоятын талабы көмір кендерін мемлекет меншігіне беруді талап ету болады деп мәлімдейді. Ал бұл келесі ірі шайқас сөзсіз төніп келеді, өйткені Англиядағы барлық көміршілер ең аз жалақы туралы атышулы заң өздерінің тұрмыс жағдайын жақсарта аларлықтай елеулі өзгеріс жасауға дәрменсіз екенін тамаша түсініп отыр.

Міне, сол себептен де табан тірер тірегінен айырыла бастаған ағылшын либерализмі сайлаушылар бұқарасының біраз уақытқа либералдарға деген сенімін қайтадан тудыру үшін жаңа айбынды ұран ойлап шығаруда. Алдамасаң — сата алмайсың, капитализмнің саудадағы ұраны осындай. Алдамасаң — парламентке мандаттар ала алмайсың, ерікті деген елдердегі капиталистік саясаттың ұраны осындай.

Осы мақсатпен либералдардың ойлап шығарған «сәнге айналған» ұраны — «жер реформасын» талап ету. Либералдардың және олардың бұқараны ақымақ ету жөніндегі маманы Ллойд Джорджның мұнымен нақ нені айтып отырғаны күңгірт қалған. Сірә, әңгіме жер

салығын көбейту туралы, тек сол туралы болып отырған болу керек. Соғыс авантюраларына, флотқа жаңа миллиондар жинау — міне, іс жүзіне келгенде «жерді халыққа қайтару», т. т. туралы дабыралы сөздердің астарында жатқан нәрсе осы.

Англияда егіншілік толық капиталистік жолмен жүргізіледі: капиталист-фермерлер жерді орта мөлшерлі учаскелер күйінде лендлордтардан (жер иеленушілерден) арендаға алады да, жерді жалдама жұмысшылардың күшімен ұқсатады.

Істің жайы осылай болып отырғанда ешқандай «жер реформасы» село жұмысшыларының күйін ешбір өзгерте алмайды. Англияда помещиктердің жерлерін сатып алу тіпті пролетариатты жаңадан тонауға айналар еді, өйткені помещиктер мен капиталистер, мемлекетте өктемдігін сақтай отырып, өз жерлерін үш есе қымбатқа сатар еді. Ал мұның ақшасын салық төлеуші, яғни баз-баяғы жұмысшы төлеген болар еді.

Жер мәселесі төңірегінде либералдар көтерген айқайшу бір нәрсе жонінен пайда келтірді: ол село жұмысшыларының ұйымдасуға деген ынтасын оятты.

Сондықтан Англияда село жұмысшылары оянып, одақтарға біріккен кезде, сол кезде либералдар алаяқтық жасап «реформалар уәде етумен» немесе батырақтар мен күндікшілерге үлесті жер уәде етумен құтыла алмайды.

Жақын арада Англиядағы бір жұмысшы газетінің қызметкері село жұмысшыларының байырғы көсемі Джозеф Арчқа жолықты, село жұмысшыларын саналы өмірге оятуға Джозеф Арч көп еңбек сіңірді. Бұл істің бірден сәті түспеді—Арчтың ұраны да аңғырттық еді— әрбір село жұмысшысына «үш акр (акр —десятинаның $^{1}/_{3}$ бөлегінен шамалы көбірек) жер және бір сиыр» берілсін,— ол құрған одақ өлді,— бірақ оның ісі өлген жоқ, сондықтан Англияда село жұмысшыларын ұйымдастыру қайтадан күн тәртібіне қойылып отыр.

Арч қазір 83 жаста. Ол сол өзі туған деревнясында, сол өзі туған үйінде тұрады. Ол өзімен сөйлескен адаммен әңгімесінде: село жұмысшыларының одағы жалақыны аптасына 15, 16 және 17 шиллингке (шиллинг

48 тиын шамасында) дейін көбейте алғанын көрсетті. Ал қазір Англияда село жұмысшыларының жалақысы тағы да — Арч тұратын Норфолькте—аптасына 12—13 шиллингке дейін төмендеді.

«Правда» № 89, 12 август, 1912 ж.
Қол қойған: П.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДА ӨНДІРІСТІҢ ШОҒЫРЛАНУЫ

Россияда, барлық капиталистік елдердегі сияқты, өндірістің шоғырлануы, яғни өндірістің барған сайын ірі және аса ірі азғана кәсіпорындарға жинақталуы болып жатыр.

Капиталистік құрылыс тұсында әрбір жеке кәсіпорын рынокқа түгелдей тәуелді болады. Ал мұндай тәуелділік жағдайында кәсіпорын неғұрлым ірі болса, ол өз өнімдерін соғұрлым арзанырақ сата алады. Ірі капиталист шикізатты арзанырақ сатып алады, оларды үнемдірек жұмсайды, жақсы машиналарды қолданады, т. т. Ұсақ қожайындар күйзеліп, құрып кетеді. Өндіріс барған сайын азғана миллионерлердің қолына жинақталып, шоғырланады. Миллионерлер әдетте өздеріне орташа қожайындар мен «ұсақтардың» капиталдарын алып беретін акционерлік компаниялар арқылы өз өктемдігін онан бетер күшейте түседі.

Мәселен, 1901 жылмен салыстырғанда 1910 жылы Россияда болған фабрика-завод өнеркәсібі туралы мәліметтер мынадай[43]. [47-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*].

Барлық капиталистік елдердегі әдеттегі көрініс осындай. Ұсақ кәсіпорындардың саны *азая береді:* ұсақ буржуазия, ұсақ қожайынсымақтар күйзеліске ұшырап, құри түседі, сөйтіп қызметшілер қатарына, кейде пролетарлар қатарына қосылады.

Аса ірі кәсіпорындардың саны тез өседі де, олардың бүкіл өндірістегі үлесі онан бетер көбейеді.

Жұмысшыларының санына қарай кәсіпорындардың топтары	Кәсіпорындардың саны		Мың есебімен жұмысшылар саны	
	1901	1910	1901	1910
50-ге дейін	12 740	9 909	244	220
51 – 100	2 428	2 201	171	159
101 – 500	2 288	2 213	492	508
501 – 1 000	403	433	269	303
1 000-нан артық	243	324	526	713
Барлығы	18 102	15 080	1 702	1 903

1000-нан астам жұмысшысы бар аса ірі фабрикалардың саны 1901 жылдан 1910 жылға дейін бір жарым есе дерлік өсті: 243-тен 324-ке жетті.

Бұларда 1901 жылы жарты миллиондай (526 мың) жұмысшы болды, яғни жұмысшылардың жалпы санының үштен бірінен аз, ал 1910 жылы *700 мыңнан асып* түсті, жұмысшылардың жалпы санының үштен бірінен көп.

Аса ірі фабрикалар ұсақтарын тұншықтырып, өндірісті барған сайын шоғырландыра түседі. Жұмысшылардың орасан көпшілігі барған сайын аздаған кәсіпорындарға жиналады, бірақ миллиондаған біріккен жұмысшылардың еңбегінен түскен барлық пайда ат төбеліндей миллионерлерге тиеді.

«Правда» № 89, 12 август, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МАНСАП

Жуырда өлген миллионер, «Новое Времяны»[44] шығарушы, А. С. Суворин, өз өмірінің тарихымен бүкіл орыс буржуазиялық қоғамының тарихындағы өте қызық дәуірді бейнелеп, көрсетіп берді.

Өзінің өмір жолының бас кезінде кедей, либерал және тіпті демократ,— ал осы жолының ақырында миллионер, буржуазияның масаттанған және ұятсыз мақтаушысы, билік басындағылардың саясатының әрбір бұрылысының алдында құрдай жорғалаушы. Міне, бұл қоғам дейтіннің «білімді» және «интеллигент» өкілдерінің *көпшілігіне* тән нәрсе емес пе? Әрине, ренегаттықты пайдаланғанда, миллионер болып шыға алатындай етіп керемет сәтті пайдалану жұрттың бәрінің бірдей қолынан келе бермейді, бірақ жүзден тоқсан тоғызы болмағанмен, оннан тоғызы нақ осылай ренегаттықты пайдаланады, радикал студент болып *бастап*, белгілі бір қызметтегі не белгілі бір аферадағы «пайдалы орындарға» орнығумен *аяқтайды.*

Қаржының жетіспеушілігінен университетке түсе алмайтын кедей студент; уездік училищенің мұғалімі, оның үстіне дворяндар жетекшісінің секретары болып қызмет етеді немесе атақты, бай крепостниктердің үйінде жеке сабақ береді; Белинский мен Чернышевскийге іш тартатын, реакцияға қас, жаңа бастаған либерал және тіпті демократ журналист,— міне, өткен ғасырдың 50—60-жылдарында Суворин осыдан *бастады.*

Ағылшын буржуазиясы мен ағылшын конституциясына тілектес либерал помещик Катков Россиядағы бірінші демократиялық өрлеу кезінде (XIX ғасырдың 60-жылдарының басы) ұлтшылдыққа, шовинизмге және жанталасқан қаражүздікке қарай бұрылған еді.

Либерал журналист Суворин Россиядағы екінші демократиялық өрлеу кезінде (XIX ғасырдың 70-жылдарының аяғы) ұлтшылдыққа, шовинизмге, билік басындағылардың алдында арсыз малайлыққа қарай бұрылды. Орыс-түрік соғысы бұл мансапқордың «өзінің орнын табуына» және *«Не бұйырасыз?»* деген газетінің орасан зор табысымен қарымы қайтатын малайлық жолын табуына көмектесті.

Сувориннің «Новое Времясы» осы *«Не бұйырасыз?»* атағын ондаған жылдар бойына ажырамайтын етіп алды. Бұл газет Россияда сатқын газеттердің үлгісі болды. «Нововремяшылдық» дегеніміз шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық ұғымдарымен бір мағыналы сөз болды. Сувориннің «Новое Времясы» — «құйдырып әкетудің және басында ішудің» қызған саудасының үлгісі. Мұнда саяси сенімдерден бастап, порнографиялық хабарландыруларға дейін бәрімен де сауда жасайды.

Ал қазір, Россиядағы үшінші демократиялық өрлеуден кейін (XX ғасырдың басында) «вехишілдік» жолмен, ұлтшылдыққа, шовинизмге, демократияны масқаралауға, реакция алдында жағымпаздануға қарай тағы қаншама либералдар бет бұрып отыр десеңізші!

Катков — Суворин — «вехишілдер», міне, мұның бәрі орыс либерал буржуазиясының *демократиядан* реакцияны қорғауға *қарай,* шовинизм мен антисемитизмге қарай бұрылуының тарихи кезеңдері.

Саналы жұмысшылар буржуазияның осылай бұрылуының да,— еңбекшілер бұқарасының жұмысшы демократиясы идеяларына қарай бұрылуының да сөзсіз екенін түсініп, өз сенімдерін шыныңтыра түседі.

«Правда» № 91, 18 август, 1912 ж.
Қол қойған: И. В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ СЕКРЕТАРИАТЫНА

31 август, 1912 ж.

Құрметті жолдас!

Мен Сізден № 15 нұсқау-хат (1912 жылғы июльдегі) алдым, онда Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы[45] бұл ұйымдағы жіктеліс туралы хабарлайды[46].

РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі ретінде мен бұл хабарлауға төмендегі себептермен үзілді-кесілді қарсы шығуға мәжбүрмін.—

1. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы: Варшава комитеті «РСДРП-ға жатпайды, ал Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы оның автономиялық бөлімі болып табылады» деп мәлімдейді.

Бірақ мен өкілі болып отырған РСДРП-ға кімнің жататынын шешуге де, мәлімдеуге де Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының ешқандай правосы жоқ.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының өзі қазір біздің партиямызға жатпайды, өйткені 1912 жылғы январь конференциясында сайланған, мен өкілі болып табылатын Орталық Комитетпен де, оған қарама-қарсы жойымпаздар орталығымен де («Ұйымдастыру комитеті» деп аталатынмен) оның ұйымдық байланысы жоқ.

2. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының жіктеліс «кенет, Мемлекеттік дума сайлауының алдында ғана» болды-мыс деуі шындыққа үйлеспейді.

Бұл Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының өзі бұдан екі жыл бұрын, өзінің бұрынғы мүшелері Малецкиймен және Ганецкиймен күшті жанжал туғызып, Ганецкийді Басқармадан қуған кезде,— сол кезде-ақ Бас басқарма жіктелістің болатынын алдын ала көруге тиіс екені маған тікелей белгілі.

3. Бас басқарманың мынадай мәлімдемелері:

біріншіден, «патшалық Россиядағы өзге де барлық революциялық ұйымдардағы сияқты» Варшава ұйымына да арандатушылар еніп кетті деген мәлімдемесі,

екіншіден, жіктеліс «охранканың белсене көмектесуі» арқылы болды деген мәлімдемесі екіжүзділік болып табылады,— осының өзінде Бас басқарма бірде-бір фамилияны көрсете алмайды, ешбір айқын күдік айта алмайды!

Бірде-бір фамилияны көрсетуге, қандай да болса айқын күдік айтуға батылдығы жетпей отырса да, саяси қарсыластарын моральдық жағынан жою мақсатымен «охранка көмектесті» деп жұрт алдында арсыздықпен кінәлауға қаншама екіжүзділік керек десеңізші!

Мен күрестің мұндай адам естімеген тәсілдерін Интернационалдың қай мүшесі болса да ашу-ызамен қабылдамай тастайтынына сенемін.

Мен Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының бұрынғы екі мүшесін — Малецкий мен Ганецкийді талай жылдардан бері білемін, бұлар Варшава комитетімен ашықтан-ашық қоян-қолтық жүріп келеді. Мен осы фактіні растайтын ресми хабарды Варшава комитетінің нақ өзінен алып отырмын.

Ал осындай жағдай туып отырғанда мен Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Варшава комитетінің осыған қоса жіберіліп отырған наразылығын Халықаралық социалистік бюроға білдіруді өзімнің міндетім деп санаймын.

Бас басқарманың мәлімдемесі Халықаралық социалистік бюроның барлық мүшелеріне жіберіліп қойғандықтан, Интернационалға жататын барлық партиялардың өкілдеріне менің осы мәлімдемемді де Варшава комитетінің наразылығымен бірге жіберуді Сізден сұрауға мәжбүр болып отырмын, құрметті жолдас.

Партиялық сәлеммен *Н. Ленин*

«Gazeta Robotnicza» № 19,
21 ноябрь, 1912 ж.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр
Орысшасы полякшадан аударылған

КАДЕТТЕР ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ

«Правдаға» қарсы айтыста кадеттер қанша тырысса да, өздері демократиялық партия ма әлде либералдық-монархиялық партия ма деген мәселеге соқпай кете алмады.

Бұл аса маңызды мәселе. Негізгі саяси ұғымдарды анықтауға материал бере отырып, ол мәселенің тек жалпы принципті ғана маңызы бар емес. Оның үстіне, бүкіл оппозицияға басшылық еткісі келетін кадет партиясының мәні туралы мәселе жалпы алғанда орыс азаттық қозғалысының негізгі мәселелерінің *бәрімен* мейлінше тығыз байланысты. Сондықтан сайлау науқанына саналы түрде қарайтын адамның, бұқараны саяси ағарту ісіндегі оның маңызын бағалайтын адамның қай-қайсысы да кадет партиясының мәні туралы бұл таласқа аса зор зер салып қарауға тиісті.

Кадеттік «Речь» қазір бұл таласты басып тастауға, принципті мәселелерді жалтарыстармен және ұрысқақ қылықтармен («өтірік», «бұрмалау», т. с.) көлегейлеуге, ұйымдық қатты жанжалдардан туған жеке бастарының қатты ашулы кезінде жойымпаздардың бізге қарсы жұмсаған белгілі бір балағаттауларын пайдалануға тырысып отыр. Мұның бәрі — принципті таласта өзінің әлсіздігін сезетін адамдардың жұртқа белгілі және мезі қылған тәсілдері. Сондықтан да кадеттерге біздің беретін жауабымыз принципті мәселелерді қайталап түсіндіру болмақ.

Демократизм мен либерализмнің жалпы алғанда айырмасы қандай? Буржуазиялық демократ та, либерал

да (либералдардың бәрі де буржуазиялық либералдар болады, бірақ демократтардың бәрі бірдей буржуазиялық демократтар бола бермейді) ескі тәртіпке, абсолютизмге, крепостниктікке, жоғарғы сословиенің артықшылықтарына, т. т. қарсы ниетте, саяси бостандықты және конституциялық «праволық» құрылысты жақтайды. Олардың ұқсастығы осындай.

Олардың айырмашылығы. Демократ халық бұқарасының өкілі. Ол, мысалы, барлық жерлерді жаңадан, «теңгерме» бөлуден крепостниктіктің барлық қалдықтарын жоюды ғана күтіп қоймай (ондай күту дәлелді болар еді), онымен қатар капитализмнің негіздерін күйретуді де күтіп (мұнысы мүлдем дәлелсіз, өйткені жерді *ешқандай* қайта бөлу рынок пен ақшаның өктемдігін де, капиталдың өктемдігі мен құдіреттілігін де жоя алмайды), бұқараның ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдеріне қосылады. Бірақ демократ бұқараның қозғалысына, оның күшіне, оның дұрыстығына сенеді, ол қозғалыстан ешбір қорықпайды. Демократ *барлық* орта ғасырлық артықшылықтарды бірін қалдырмай түгел жоюды жақтайды.

Либерал халық бұқарасының емес, оның азшылығының, атап айтқанда: ірі және орта либерал буржуазияның өкілі. Либерал реакциядан гөрі бұқараның қозғалысынан және дәйекті демократиядан *көбірек* қорқады. Либералдың орта ғасырлық артықшылықтардың бәрін толық жоюға тырыспайтыны былай тұрсын, қайта бірсыпыра және өте маңызды артықшылықтарды ол тура *қорғайды*, бұл артықшылықтарды тегі жоюды емес, оларды Пуришкевичтер мен Милюковтардың бөлісіп алуын көздейді.

Либерал саяси бостандық пен конституцияны қорғағанда әрқашан қысқартылған күйінде (екі палаталы система сияқтыны және басқа толып жатқанды) қорғайды — оның үстіне әрбір қысқарту крепостниктердің артықшылығын сақтау болып табылады. Сонымен либерал үнемі крепостниктер мен демократияның арасында ауытқып отырады; азды-көпті елеулі мәселелердің бәрінде де либерализмнің өте-мөте және адам айтқысыз дерлік *дәрменсіз* болатын себебі осыдан.

Орыс демократиясы дегеніміз, бұл — жұмысшы табы (пролетарлық демократия) және әр түрлі сарындағы халықшылдар мен трудовиктер (буржуазиялық демократия). Орыс либерализмі дегеніміз конституциялық-демократиялық партия, сондай-ақ «прогрессистер»[47] және III Думаның ұлттық топтарының көпшілігі.

Орыс демократиясының елеулі жеңістері бар, ал орыс либерализмінің бірде-бір жеңісі жоқ. Біріншісі күресе білді, ал оның жеңілістері әрқашан бүкіл Россияның ұлы, тарихи жеңілістері болды, сонымен қатар тіпті жеңілгеннен кейін де демократия талаптарының бірқатары әрқашан орындалып отырды. Екіншісі, яғни либерализм, күресе *білмеді,* сондықтан оның орыс тарихында, бариндердің малайларды кемсітетіні сияқты крепостниктердің либералдарды үнемі жиреие кемсітетінінен басқа ештеңесі жоқ.

Міне, осы жалпы пікірлерді және негізгі принципті қағидаларды кадеттік аграрлық программа негізінде тексеріп көрейік. Кадеттердің демократизмді жақтамайтынын кадет Березовский 2-шінің III Думада аграрлық мәселе жөнінде сөйлеген сөздері* дәлелдейтінін «Правда» кадеттерге мәлімдеді.

Кадеттік «Речь» 208-номерінде: «Березовский 2-шінің сөзі, кадеттердің аграрлық мәселе жөніндегі программасын қуаттау болғаны мәлім» деп жауап берді.

Бұл жауаптың жалтарғыштығын қараңызшы! Біз Березовский 1-шінің** сөзі—мәселені демократиялық *емес* түрде қоюдың үлгісі екенін айттық. Либерализмнің демократизмнен айырмалық белгісі деп біздің нені айтатынымызды «Речь» тамаша жақсы біледі. Бірақ ол мәселені шындап талдауды, либерализмнің демократизмнен айырым белгілерінің нақ қандайын «Речь» дұрыс деп білетінін анықтауды, Березовский 1-шінің сөзінде осындай белгілердің бар-жоғын тексеруді ойламайды да. «Речь» мұндай еш нәрсені істеп отырған жоқ. «Речь» мәселеден жалтарып, мұнысымен принципті әлсіздігі мен арсыздығын көрсетіп отыр.

* Қараңыз: осы том, 14-бет. *Ред.*

** Березовский *2-ші* туралы сөз етіп «Правда» да, «Речь» те қателесті. Кадет болып отырған — Березовский *1-ші*, Александр Елеазарович, Симбирск помещигі.

Бірақ Березовский 1-шінің сөзіне *бүкіл* кадет партиясының жауапты екенін теріске шығаруға тіпті «Речьтің» де батылы бармады. Ол Березовский 1-шініц сөзін «кадеттердің аграрлық мәселе жөніндегі программасын қуаттау» деп атап, бұл жауаптылықты мойындады, мойындауға тиіс те еді.

Өте жақсы. Міне, біз енді Симбирск помещигі, III Думаның мүшесі, А. Е. Березовскийдің осы, талассыз және ресми-кадеттік сөзінен басты-басты жерлерін келтіреміз. Біз шешеннің пікірлерін талдай келіп, оның демократиялық көзқараста немесе либералдық көзқараста екенін қарастырамыз. Сөйтіп, біз кадет мырзалар өздерінің ұлан-ғайыр баспасөзінде немесе жиналыстарында бізді теріске шығара ала ма, жоқ па, соны көрейік.

«Менің кәміл сенімім бойынша,— деді III Думада, 1908 жылы октябрьде А. Е. Березовский (біз «Россияның»[48] стенографиялық есебі бойынша цитат келтіріп отырмыз),— бұл жоба» (кадеттердің жер жөніндегі жобасы) «жер иеленушілерге де» (тек шаруаларға ғана емес) «анағұрлым пайдалы, ал мен мұны айтқанда, мырзалар, егіншілікті білетіндігімнен, онымен бүкіл ғұмырым бойы өзім айналысып, жер иеленіп келе жатқанымнан айтып отырмын. Мәдениетті егіншілік шаруашылығы үшін халық бостандығы партиясының жобасы қазіргі тәртіптен күмәнсіз анағұрлым пайдалы болған болар еді. Иеліктен еріксіз айырудың жалаң фактісіне жармасудың, оған ашуланудың және бұл зорлық деудің керегі жоқ, қайта *біздің жобамызда ұсынылып отырған нәрсенің қалай болып шығатынын және бұл иеліктен еріксіз айыру қалай жүзеге асырылатынын* қарап, бағалау керек...»

Біз А. Е. Березовский мырзаның бұл шынында да алтын сөздерін, өзінің өте сирек кездесетін шындығы жағынан алтын сөздерінің астын сызып көрсеттік. Кімде-кім марксист-большевиктердің I Мемлекеттік дума[49] кезінде кадеттерге қарсы сөздері мен мақалаларын еске түсірсе немесе кімде-кім қазір осы мақалалармен танысуға еңбектенсе, ол адам 1908 жылы А. Е. Березовский мырзаның 1906 жылғы большевиктердің айтқанын тамаша дәлелдеп отырғанына қосылуға тиіс болады. Сондықтан біз азды-көпті объективті тарихтың қандайы болса да *олардың* саясатын үш мәрте растайтынын алдын ала болжап айта аламыз.

Біз 1906 жылы былай дегенбіз: «иеліктеп еріксіз айыру» деген сөздердің *дыбысына* нанбаңдар. Бар мәселе *кімді-кім* еріксіз көндіретінінде. Егер, 1861 жылғы атышулы төлем сияқтандырып, помещиктер шаруаларды жаман жерге үш есе қымбат төлеуге еріксіз көндіретін болса, онда мұндай «иеліктен еріксіз айыру» помещиктерге тиімді, шаруаларды күйзелтетін *помещиктік* реформа болады*.

Либералдар, кадеттер иеліктен еріксіз айыру туралы мәселені помещиктер мен шаруалардың арасында, қаражүздіктер мен демократияның арасында *бұлтарып*, қойды. Өздерінің «иеліктен еріксіз айыруын» демократиялық сияқты нәрсе етіп көрсетуге тырысып, олар 1906 жылы демократияға сөз салды. 1908 жылы олар III Мемлекеттік думаның «қу мүйіздеріне» сөз салады және оларға «бұл иеліктен еріксіз айырудың не болып шығатынын және оның қалай жүзеге асырылатынын» қарап көру керек деп дәлелдейді.

Конституциялық-демократиялық партияның ресми шешенін тыңдайық:

«I Мемлекеттік думаның 42 мүшесінің жобасын алып қараңыздар,— деді А. Е. Березовский,— онда тек» (нақ солай, Березовский мырза!) «иелерінің өздері пайдаланбайтын жерлерді ең алдымен иеліктен айыру қажеттігін мойындау бар. Онан кейін халық бостандығы партиясы жергілікті жерлерде комиссиялар құрылуын қолдады, ол комиссиялар белгілі бір уақытта қандай жерлердің иеліктен айыруға жататынын, қандай жерлер жатпайтынын және шаруаларды қанағаттандыру үшін оларға қанша жер керек екенін анықтауға тиіс болды. Бұл комиссиялар өз мүшелерінің жартысы шаруа және жартысы шаруа емес болып құрылуға тиіс».

А. Е. Березовский мырза сәл ғана жеткізе айтпай қалды. Кадеттер басып шығарған «Аграрлық мәселенің» II томында басылған Кутлердің (кадет партиясының аграрлық мәселе жөніндегі жұрт таныған өкілі) аграрлық жобасымен таныскысы келетін адамның қай-қайсысы да комиссиялардың председательдерін, сол жоба бойынша, үкімет тағайындайтынын, яғни олар да помещиктердің өкілдері болатынын көреді.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 112—115-беттер. *Ред.*

Ал тіпті А. Е. Березовский кадеттердің көзқарастарын Кутлерден гөрі дәлірек білдірді дейік. А. Е. Березовский *бәрін де* жеткізе айтты, кадеттер шынында да таптық үкіметтің өкілдерінсіз шаруалар мен «шаруа еместерден» *бірдей болып* құрылған комиссиялар болғанын тілейді делік. Сонда не шықпақ? Ондай жобаны демократиялық жоба деуге кімнің батылы бара қояр екен?

Демократия дегеніміз көпшіліктің үстемдігі. Тек жалпыға бірдей, төте, тең сайлау ғана демократиялық сайлау деп аталына алады. Демократиялық комиссиялар дегеніміз тек *барлық* халықтың жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайлаған комиссиялары ғана. Мұның демократизмнің жалпы, негізгі, айқын ақиқаттарынан туатыны таласссыз екені соншалық, мұның бәрін кадет мырзаларға ежіктеп түсіндіріп жатудың өзі таңданарлық.

Кадеттер қағаз жүзінде жалпыға бірдей сайлау правосын мойындайды. Ал *іс жүзіне келгенде* орыстың азаттық қозғалысының ең маңызды мәселелерінің бірі — аграрлық мәселе жөнінде олар жалпыға бірдей сайлау правосын мойындамайды! Бірінші дәрежелі мәні бар бұл фактіні ешқандай жалтарыстар мен сылтауратулар жоя алмайды.

Ал кадеттер бұл арада жалпыға бірдей сайлау правосы принципінен, демократия принципінен шегінетін ғана көрінеді деп ойлап қалмаңыздар. Жоқ. Олар негізге *басқа* принципті алады, ескінің жаңамен, помещиктің шаруамен, қаражүздіктің демократиямен *«келісімі»* принципін алады. Бір жартысы біреулеріне, бір жартысы екіншілеріне берілсін — міне, кадеттердің айтатыны осы.

Міне, мұның өзі ауытқушы либералдық-монархиялық буржуазияға нағыз тән принцип. Ол орта ғасырлықтың артықшылықтары *жойылсын* демейді, олар помещиктер мен буржуазияға *бөліп берілсін* дейді. Ал шынында да «шаруа еместерге» (яғни, күлтелемей айтқанда, помещиктерге) шаруалармен, халықтың $^{7}/_{10}$ бөлегімен бірдей *теңдік* беру орта ғасырлық артықшылықты *сақтау* және *қуаттау* екеніне таласуға бола ма?

Орта ғасырлық артықшылықтар дегеніміз жүздеген, мыңдаған шаруалар саясатта қандай орын алған болса, бір помещик те сондай орын алды дегеннен басқа немене еді.

Помещиктер мен шаруалардың *теңдігінен* артықшылықтарды помещиктер мен буржуазияның бөлісіп алуынан басқа шынында ешбір амал болуы мүмкін емес. 1861 жылы да іс нақ осылай болды: помещиктер өздерінің артықшылықтарының $^1/_{1000}$ бөлегін туып келе жатқан буржуазияға берді, ал шаруалар бұқарасы *жарты ғасыр* (1861+50=1911) азапқа, правосыздыққа, қорлыққа, бірте-бірте аштан өлуге, алым-салықтар өндіруге және т. б. душар болды. Ал оның үстіне мынаны да ұмытпау керек: 1861 жылы өзінің саяси артықшылықтарының $^1/_{1000}$ бөлегін буржуазияға бере отырып (земство реформасы, қалалық, соттық реформа және басқалар), помещиктер арақ-шарап заводтарын, қызылша-қант заводтарын салып, акционерлік қоғамдардың басқармаларына, т. т. кіріп, өздері де экономикалық жағынан буржуазияға айнала бастады.

Азғантай ғана помещиктердің орасан көп шаруалармен осы «теңдігінен» туатын қандай ақтық амалды А. Е. Березовский мырзаның өзі көрсеткенін біз қазір көреміз. Бірақ әуелі біз Березовскийдің: осы атышулы комиссиялар «қандай жерлердің иеліктен айыруға *жататынын, қандай жерлер жатпайтынын* және шаруаларды қанағаттандыру үшін оларға қанша жер керек *екенін* анықтауға» тиіс болды деген сөздерінің барлық мәнін тағы да астын сызып көрсетуге тиіспіз.

Шаруаларға жер берудің әр түрлі «нормалары» және басқалар туралы әңгімелердің бәрі — мұның бәрі бос сөздер ғана, ондай сөздермен, реті келгенде айта кетелік, біздің халықшыл-интеллигенттеріміз, тіпті ең «солшылдары» да, екінің бірінде өздері мен шаруалардың құлағын тұндырып жүр. Елеулі маңызы бар *бір* ғана мәселе мынау: жердің бәрі иеліктен айыруға жата ма немесе бәрі емес пе? ал бәрі емес болған жағдайда: *«қандай жерлер жатпайтынын» кім* белгілейді? (мен төлемнің мөлшерін *кім* белгілейтінін айтып та отырғаным жоқ, өйткені орта ғасырлық артықшылықтар үшін

төлем төлеудің өзі — либералдық-буржуазиялық тәртіп, бірақ түбірінде, негізінде әсте демократиялық емес, демократиялыққа қарсы тәртіп).

Кадеттік жер жобаларының талдап тексерілген, чиновниктік жолмен жіптіктей етілген параграфтарының бәрі — бос қана кеңесшілдік. Елеулі мәселе біреу: *қандай* жерлер, *қандай шарттармен* иеліктен айыруға жататынын *кім* белгілейді? Бұл мәселеге соқпай өтетін нағыз мінсіз деген заң жобасының өзі алаяқтықтан басқа түк те емес.

Бұл бірден-бір елеулі мәселені Березовский мырза қалай шешеді? Шаруалар мен «шаруа еместердің» теңдігі болган жагдайда келісім көпшілік реттерде болмайтыны,— ал крепостниктердің күні кешегі крепостнойлармен жарасымды келісімі болуы туралы заң жазудың да қажеті жоқ екені айқын гой. Олармен *«жарасымды келісімге»* крепостниктер ешқандай заңдарсыз-ақ әрқашан әзір.

Ал Березовский мырза осы өзекті мәселе жөнінде III Мемлекеттік думаның қу мүйіздеріне айқын жауап берді. Оның сөзін әрі қарай тыңдай беріңіз:

«Осы себепті, жергілікті жерлердегі осы жалпы нақты жұмыс арқылы, әрине, иеліктен айыруға *«мүмкін болатын»* (тыңдаңыз!) «жердің мөлшері де, шаруаларға қажет» (не үшін қажет? міндеткерліктерді өтеу үшін бе? онда бұған крепостниктер әрқашан да келісетін!) «жердің мөлшері де анықталған болар еді және, ақырында, өздерінің әділетті» (гм! гм! бариннің ашуынан, бариннің сүюінен және помещиктік «әділеттіліктен» бізді құдай сақтасын) «талаптарының қандай дәрежеде қанағаттандырыла алатынына шаруалардың өздерінің де көздері жеткен болар еді. Онан кейін мұның бәрі Мемлекеттік дума арқылы және» (тыңдаңыз, тыңдаңыз!) «Мемлекеттік совет арқылы өтіп, өңделгеннен кейін» (гм! гм!) «ақырғы санкцияға» (яғни заңның бекітуіне) «жеткен болар еді. Осындай жоспарлы жұмыстың» («бұдан артық жоспарлы» болар ма!) «нәтижесі күмән жоқ, халықтың нағыз мұқтаждарын шын қанағаттандыру және соған байланысты тыныштану, *халық бостандығы партиясы аса қажет болмаған жағдайда еш уақытта қиратқысы келмейтін* мәдениетті шаруашылықтарды сақтау болар еді».

Әділеттілігіне келгенде помещиктік тыныштандыру партиясы деп атау жөн болатын «халық бостандығы партиясының» өкілі осылай деді.

Кадеттердің «иеліктен еріксіз айыру» дегені *помещиктердің шаруаларды еріксіз көндіруі* екені бұл арада айдан анық көрініп тұр. Мұны теріске шығарғысы келетін адам Мемлекеттік советте[50] помещиктерден шаруалар көп деп дәлелдеуге тиіс! Бастапқы кезінде помещиктер мен шаруалардың «теңдігі», ал ақырында — егер жарасымды келісім болмай қалған күнде — Мемлекеттік советтің жобаны *«өңдеуі»* келіп шығады.

Өзінің шаруашылығын, сірә, «мәдениетті» шаруашылық деп есептейтін помещик А. Е. Березовский мырза: «халық бостандығы партиясы аса қажет болмаған жағдайда мәдениетті шаруашылықтарды еш уақытта қиратқысы келмейді»,— деп мәлімдеді. Ал біз былай деп сұраймыз: *кімнің* шаруашылығы және ол қай жағынан «мәдениетті» шаруашылық екенін *кім* анықтайды, «аса қажеттілік» қай жерден басталады? Жауап: мұны әуелі помещиктер мен шарулардан *бірдей болып* құрылған комиссия, ал содан кейін Мемлекеттік совет анықтайды...

Сонда не? Кадеттер демократиялық партия ма әлде либералдық-монархиялық буржуазияның контрреволюцияшыл партиясы ма? Бұл «халық бостандығы» партиясы ма әлде помещиктік тыныштандыру партиясы ма?

Орыстың буржуазиялық демократиясының, яғни түрлі сарындардағы трудовиктер мен халықшылдардың үлкен кінәсы сол, олар помещиктік жердің шаруаларға өтуінен «теңдестіруді», «еңбек принциптерінің» таралуын, т. с. күтті, олардың тағы да бір кінәсы сол, олар орта ғасырлық жер иеленудің болуы керек пе немесе құруы керек пе деген мәселені жер иеленудің әр түрлі «нормалары» туралы бос сөздермен бүркемеледі, бірақ бұл демократия ескінің қолында бірсыпыра артықшылықтарды *сақтау* жобаларын жасаған жоқ, жаңаның ескіні ығыстырып шығаруына көмектесті.

Жоқ, кадеттердің демократиялық партия емес, контрреволюцияшыл, либералдық-монархиялық буржуазияның партиясы екенін теріске шығару жұртқа мәлім фактілерді турадан-тура қорлау болады.

Қорыта келгенде, бағзы бір аңқау кадеттердің, сірә, беруі мүмкін бір сұрағын қысқаша қарастырып өтелік. Егер кадеттердің «иеліктен еріксіз айыруы» помещиктердің шаруаларды еріксіз көндіруі болса, помещиктердің көпшілігі оны неліктен қабылдамады?

Бұл сұрақтың жауабын, өзі қаламаса да, 1908 жылы 31 октябрьде III Мемлекеттік думада *тарихшы ретінде* сөйлеген сөзінде Милюков мырза бере кетті. 1905 жылдың аяғына дейін өкімет те, *помещиктер* де шаруаларды *консервативтік күш* деп санағанын *тарихшы* Милюков мойындауға тиіс болды. 1905 жылғы 19—26 июльдегі Петергоф кеңесінде — бұл кеңес булыгиндік Думаны[51] әзірлеген болатын — болашақ Біріккен дворяндар советінің тіректері А. А. Бобринский, Нарышкин және т. б. *Думада шаруаларға басымдық берілуін жақтады.* Витте ол кезде самодержавиенің тірегі дворяндар *емес* және буржуазия *емес*, «шаруа демократиясы» болуға тиіс (және бола алады) деген көзқараста болды*.

«Мырзалар,— деді Милюков мырза,— мұның қызық кезең болатын себебі, нақ осы кезеңде келіп үкіметте иеліктен еріксіз айыру туралы ой туды (Дауыстар: Кутлерде). Иә, Кутлер, мырзалар... *Кутлер иеліктен еріксіз айыру жобасын жасау ісін қолға алды.*

... Ол жұмыс істеді, мырзалар; *бұл жұмыс,* мен білмеймін, *бір ай ма әлде екі ай ма — 1905 жылдың аяғына дейін созылды.* Бұл жұмыс белгілі Москва оқиғалары болғанға дейін кедергісіз жалғаса берді, ал осы оқиғалардан кейін ниет-пиғыл едәуір өзгерді».

1906 жылы 4 январьда дворян жетекшілерінің съезі жиналды. Бұл съезд Кутлердің жобасын ұзып құлақтан және жеке хабарлар бойынша біліп, оны қабылдамай тастады. Ол өзінің аграрлық программасын (болашақ «столыпиндік» программаны) қабылдады. 1906 жылы февральда министр Кутлер орнынан түсті. 1906 жылы 30 мартта Гурко-Горемыкиннің кабинеті («столыпиндік», дворяндық-буржуазиялық программасы бар) Вит-

* Қараңыз: III Мемлекеттік думаның 2-сессиясы жөнінде «Халық бостандығы фракциясының есебі» (СПБ, 1909), 43-бет. Бір өкініштісі, барынша өкініштісі Березовскийдің сөздерін кадеттер көшіріп басқан *жоқ*...

те кабинетінің («шаруалық» программасы бар) орнын басты.

Тарихшы Милюков мойындауға тиіс болған фактілер осындай.

Бұл фактілерден шығатын қорытынды ап-айқын. Иеліктен еріксіз айырудың «кадеттік» жобасы шаруаларға сүйенетін самодержавиені арман еткен Витте кабинетіндегі *министр* Кутлердің жобасы болды! Шаруа демократиясы жоғары өрлеген кезде оны, осы демократияны, сатып алуға, аздыруға, «бейбіт», «иеліктен еріксіз айыру», «екінші рет азат ету» жобасымен, чиновниктік жолмен «помещиктердің шаруаларды еріксіз көндіру» жобасымен алдауға тырысты.

Міне, тарихи фактілердің бізге көрсетіп отырғандары осылар. Кадеттік аграрлық жоба дегеніміз Витте тұсындағы министрдің шаруалық цезаризмді «желеу ету» жобасы болып табылады.

Шаруа демократиясы үмітті ақтамады. Ол демократия 1861 жылдан бастап *саналы* демократия бола бастағанын — I Мемлекеттік думада, сірә, 1905 жылғыдан да айқынырақ көрсетті. *Мұндай* шаруалардың тұсында кутлерлік-кадеттік жоба ақылға қонымсыз іс болып шықты: шаруалар өздерін бұрынғыша алдатпайтындығы былай тұрсын, қайта олар тіпті жергілікті кадеттік жер комиссияларының өзін жаңа тегеурін ұйымдастыруға пайдаланған болар еді.

Дворяндардың жетекшілері 1906 жылы 4 январьда либерал помещиктердің (Кутлер және $К^0$-ның) жобасын сенімсіз нәрсе деп дұрыс шешті, сөйтіп оны лақтырып тастады. Азамат соғысы либералдық-чиновниктік жоба құмарлықтан *асып түсті*. Тап күресі «әлеуметтік бітісу» туралы қиял біткенді лақтырып тастап, «не столыпинше болсын, не трудовиктерше болсын» деп мәселені бүйірден қойды.

«Невская Звезда» № 22,
19 август, 1912 жыл
Қол қойған: В. Ф р е й

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

НАШАР ҚОРҒАУ

«Правданың» 9 августағы 86-номерінде «Стачкалық күрес және жалақы»* деген мақалада біз орыстың фабрика-завод жұмысшыларының XX ғасырдың алғашқы он жылындағы орташа жалақысы туралы біздегі ресми статистиканың мәліметтерін келтіргенбіз.

1905 жылғы әйгілі стачкалық күрес арқылы жұмысшылар өздерінің жалақысын 206 сомнан (бір жұмысшыға орта есеппен жыл бойына) 238 сомға дейін, яғни 32 сом немесе 15,5 процент өсірген болып шықты.

Біздің қорытындымыз «Россия» атты қазыналық газетке ұнамады. 15 августағы номерінде ол бас мақаласын біздің келтірген мәліметтерімізді егжей-тегжейлі қайталап баяндауға арнайды (сөйте тұрып неліктен екені белгісіз, бұл мәліметтердің алынып отырған газетін дәл атамайды), сөйтіп біздің қорытындыларымызды теріске шығаруға тырысады.

«Жұмысшы ақысының 1906 жылы шұғыл өскенін алсақ,— бұл, әрине, рас,— деп жазады «Россия»,— ал мұнымен бірге және нақ осы кезде барлық товарлар мен азық-түлік бағасының бірден көтерілгені де рас...» Сөйтіп «Россия» онан әрі өзінің есебін келтіреді, ол есеп бойынша жалақы 20 процент өскенде, тұрмыс 24 процент қымбаттаған. «Россияның» есебі қай жағынан алса да мүлде теріс. Іс жүзінде жалақы оншама көп өспеген, ал тұрмыстың қымбатшылығы едәуір өскен.

---

* Қараңыз: осы том, 29—30-беттер. *Ред.*

Бірақ біз енді «Россияның» қателерін түзетіп жатпаймыз. Оның цифрларын аламыз.

«...Бұл цифрлар тіптен де,— деп жазады «Россия»,— жұмысшылардың бірдеңе ұтқандығын көрсетіп отырған жоқ. Ал олардың қиыншылық уақыт деп жиі-жиі шағынуына қарағанда, бұдан да гөрі тіпті бұған қарама-қарсы қорытындыға: олар, сірә, бірдеңе ұта қойды ма екен деген қорытындыға келуге болады».

«Россияның» пайымдауы таңданарлық екені рас емес пе? Егер жалақының өсуі тіршілікке керек азық-түлік бағасының көтерілуінен кемдеу болып отырса, онда, демек, жалақыны *бұдан да гөрі көбірек* өсіре түсу қажет қой! Бұл айқып емес пе?

Ал экономикалық күрессіз және стачкаларсыз жұмысшылар жалақысын қалай көтерте алады? Тіршілікке керек азық-түлік бағасының көтерілуіне байланысты жұмысшыларға *өздері* келіп: сендердің ақыларыңды көбейтейік деп едік деп ұсыныс жасаған капиталистерді «Россия» көріп пе екен?

Жалақының 1906 жылы, яғни кең өрісті, бұқаралық, табандылығы жағынан дүние жүзінде болып көрмеген стачкалық күрестің арқасында шұғыл өскенін «Россия» мойындайды. Бірақ азық-түлік бағасы *1905 жылдан бұрын* көтеріле бастаған болатын. Мәселен, нанның бағасы Россияда *1903 жылдан бері* төмендеген жоқ, қайта ылғи көтеріле берген. Мал өнімдерінің бағасы 1901 жылдан бері төмендемей, үнемі өсе берген.

Демек, нанның және басқа азық-түлік бағасының көтерілуіне ілесе жалақының *да* көтеріле бастауына жұмысшылардың қолы тек стачкалық күрес арқасында ғана жетіп отыр. Егер жалақының өсуі жеткіліксіз болатын болса,— ал мұны *тіпті* «Россия» да мойындап отыр,— онда оны одан әрі өсіру қажет.

«Правда» № 96, 21 август, 1912 ж.
Қол қойған: В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР ЖӘНЕ «БІРЛІК»[52]

«Невский Голостың» жуырда шыққан жетінші номерін долданушылық дегеннен басқаша атауға болмайды. Газеттің 2 беті дерлік, жұмысшы хроникасын жазудың орнына, «Правда» мен «Невская Звезданың» жер-жебіріне жететін балагаттауға лық толы. Ал осы балагаттаудың жұмысшы табының «бірлігі», сайлау науқанының «бірлігі» ұранымен айтылып отырғаны кісі күлерлік-ақ.

Мырзалар,— деп жауап қайырамыз біз жойымпаздарға,— жұмысшы табының бірлігі деген ұлы принцип. Бірақ, егер сіздер «бірлік» деп даурыға отырып, жұмысшы табына либерал интеллигент-жойымпаздар тобының платформасы мен кандидаттарын таңбақшы болсаңыздар, бұл, шынында да, адам күлерлік нәрсе ғой.

«Жойымпаздық жұмысшы қозғалысында түк емес; ол тек либерал интеллигенцияның арасында ғана күшті» екенін «Правда» *дәлме-дәл* цифрлармен дәлелдеп берді («Правданың» 1912 жылғы 1 августағы 80-номері)*. Қазір «Невский Голос» 17 августағы 7-номерінде «Правданың» осы мақалаларын «фельетондық», «хлестаковтық» және т. с. деп атап сөгіп отыр. Алайда жарты жылдың ішінде «Правдаға» жұмысшылардың *504* тобы қаржы жинап бергені, ал жойымпаздық газеттерге не бары *15* тобы жинап бергені сияқты жай ғана факті

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 432—486-беттер. *Ред.*

жайында «Невский Голос» тіпті таласқысы да келмейді.

Бірлік туралы айқай-шу көтеру, балағаттау және даурығу, мұның бәрі де — жұмысшы табының ішінде жойымпаздардың мейлінше, мүлдем дәрменсіз екендігін жай бүркеу ғана деуден басқа бұдан қандай қорытынды шығаруға болады?

«Невский Голос» бізді қаншама ұрысса да, біз даусыз фактілерді жұмысшыларға сабырлы түрде көрсете береміз. «Невский Голостың» 7-номерінде көрсетіліп отырған және «газет қаражатын күшейту үшін» (ягни — турасын айтқанда — жұмысшылар бұқарасы қолдауының жеткіліксіздігінен шыққнай тоқтап қалған жойымпаздық газетті қалпына келтіру үшін) июль мен август айларында жиналған қаржыларға қараңызшы. Бұл қаржылар туралы есеп 827 сом 11 тиындық 52 жарна болғанын көрсетеді. Бұлардың тек екеуі ғана топтасып жинаған қаржы: біреуі *«Москва инициативалық тобынан»* — 35 сом, екіншісі *«Париждегі достар тобынан»* — 8 сом 54 тиын. Қалған 50 жеке жарнаның 35-і 708 сом сома берген, ягни *әрбір жарнаға орта есеппен 20 сомнан артығырақтан келеді.*

«Невский Голос» ашуланып, балағаттай берсін, бірақ фактілер факт күйінде қала береді. «Инициативалық топтар» дегеннің жұмысшы табы партиясынан *бөлініп кеткен* жойымпаздар тобы екені жұрттың бәріне мәлім. Мұны тіпті Плеханов та 1912 жылы апрельде-ақ анық және тура мойындаған-ды.

Бөлініп кеткен жойымпаздар тобы жұмысшы баспасөзіне қарсы күресу үшін буржуазияшыл либерал интеллигенттердің жарнасымен өз газетін қайтадан шығарып отыр!! Ал осы топ келіп «бірлік» туралы даурығады. Бұған қалай күлмессің?

«Правда» № 99, 24 август, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«КАДЕТТЕРГЕ КҮН КӨРСЕТПЕУ» ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Жұмысшы баспасөзіне қарсы либералдық пасық қылықтар көрсеткені үшін Бланк, Коробка, Кускова мырзалар мен К^0-ға «Правда» мен «Невская Звезда» өте қатаң, бірақ әбден лайық тойтарыс берді.

Алайда «жұмысшыларға бойкот жасаушы мырзаларға» берілген жауаптар қаншама жақсы болғанымен де қарастыруды талап ететін тағы бір аса маңызды принципті мәселе қалып отыр. Бланк және Кускова мырзалар өздерінің өрескел өтірігімен ол мәселені басып тастауға, көмескілеуге тырысты. Бірақ біз принципті мәселелерді көлегейлеуге жол бермеуге тиістіміз, біз олардың мәнін түгел айқындап ашуға, әрбір саналы жұмысшының көңілін аударатын алауыздықтардың тамырларын бланктық-кусковалық бұрмалаулардың, жалалар мен балағаттаулардың үйіндісі астынан жұлып алуға тиістіміз.

Осындай тамырлардың бірін: «кадеттерге күн корсетпеу» деген сөзбен білдіруге болады. Жойымпаздардың жалғыз-жалғыз, бірақ оршеленген үндеріне, партиялық жағынан әбден анықталып болмаған жұрттың ескертпелеріне құлақ салып коріңізші,— сонда сіз «Правда» мен «Невская Звездаға» кінә тағу болмағанымен, олар «кадеттерге күн көрсетпейді» деп ұнатпаушылықты екінің бірінде кездестіресіз.

Ендеше, «кадеттерге күн көрсетпеу» туралы принципті мәселені қарастырып көрелік.

«Правдаға» ондай кінә тағушылықты ең алдымен және бәрінен гөрі мына екі жағдай түсіндіреді: 1) сайлау науқанындағы және жалпы алғанда қазіргі саясаттағы «екі және үш лагерь» туралы мәселенің мәнін түсінбеушілік; 2) қазір маркстік баспасөз, жұмысшы демократиясының газеттері душар болған ерекше жағдайларға көңіл қоймаушылық.

Бірінші мәселеден басталық.

Либералдардың бәрі конституцияны *жақтайтын* және конституцияға *қарсы* екі лагерь бар деген теорияны ұстанады. Милюковтан бастап Изгоевқа дейін, Прокоповичтен бастап М. М. Ковалевскийге дейін олардың бәрі де осыған келіседі. Ал екі лагерь теориясы дегеніміз біздегі бүкіл либерализмнің *таптық мәнінен* сөзсіз туатынын естен шығаруға болмайды.

Экономика тұрғысынан қарағанда бұл мән неде? Мынада: либерализм — буржуазияның партиясы, ол шаруа бұқарасының қозғалысынан қорқады, ал жұмысшылардың қозғалысынан одан бетер қорқады, өйткені ол қозғалыс (қазірдің өзінде, таяу арада, бүкіл капиталистік құрылысты өзгертпей тұрып-ақ) буржуазияның *экономикалық* артықшылықтарының көлемі мен формаларын *шектей* алады. Ал буржуазияның экономикалық артықшылығы дегеніміз капиталды меншіктену, мұның өзі Россияда Европадағыдан екі-үш есе көп пайда келтіреді.

«Орыстың» осы үстеме пайдасын қорғап қалу үшін үшінші лагерьдің дербестігіне жол бермеу керек.

Мәселен, буржуазия 8 сағаттық жұмыс күні тұсында да әбден үстемдік ете алады. Онда оның үстемдігі тіпті 10—11 сағаттық жұмыс күні тұсындағыдан да толық, ашық, кеңірек, еркінірек үстемдік болады. Бірақ тап күресінің диалектикасы мынадай: буржуазия аса қажет, мейлінше қажет болып қалғанда болмаса, тыныш, дағдылы, пайдалы (обломовтық-пайдалы) 10 сағаттық жұмыс күнін 8 сағаттық жұмыс күніне еш уақытта да алмастырмайды.

8 сағаттық жұмыс күні туралы айтылғанның жоғарғы палатаға да, помещиктік жер иеленуге де және басқа да толып жатқан нәрселерге қатысы бар.

4*

Буржуазия қанаудың орыстарда ертеден келе жатқан тыныш, қолайлы, түсімді формаларынан, оларды *тек* европалық формалармен *ғана, тек* демократиялық формалармен *ғана* алмастыру үшін бас тартпайды (өйткені демократия дегеніміз *де,*— «Заветыдың»[53] қызба ерлерінің шамына тиіп кете көрмесін,— буржуазиялық үстемдіктің формасы),— аса қажет, мейлінше қажет болмаса бас тартпайды дейміз біз.

Бұл қажеттілікті белгілі бір жүйеге түсіп, күшке жеткен бұқара қозғалысы ғана жасай алады. Сондықтан буржуазия, өзінің экономикалық мүдделерін қорғай отырып, мұндай қозғалысқа қарсы күреседі, *яғни* үшінші лагерьдің дербестігіне қарсы күреседі.

Саясат тұрғысынан қарағанда либерализмнің таптық мәні неде? Сол айтылған әлеуметтік элементтердің қозғалысынан қорқатындығында, өйткені ол қозғалыс буржуазияның қадір тұтатын саяси артықшылықтарын ойсырата алады. Либерализм реакциядан гөрі демократиядан көбірек қорқады. Мұны 1905, 1906 және 1907 жылдар дәлелдеп берді.

Саяси артықшылықтардың *белгілі бір бөлігін* қорғап қалу үшін үшінші лагерьдің дербестігіне жол бермеу керек,— оппозицияның *бәрін* конституцияны *жақтау* немесе *қарсы* деген формуламен көрсетілген *позицияда,* тек осы позицияда ғана ұстау керек.

Бұл формула *тек қана* конституциялық позицияны білдіреді. Бұл формула конституциялық реформалардың шеңберінен *шықпайды.* Бұл формуланың мәнін абайсызда мылжыңдап айтып салған Гредескул мырза өзінің «Речь» бірде-бір ескертусіз қайталаған, «Правда» жуырда қайта басқан мәлімдемелерінде тамаша, әрі дұрыс көрсетті*.

Бұл формуланың мәні әбден «вехилік» мән, өйткені «Вехилерге» одан артық ештеңенің керегі де жоқ, олар одан өзге еш нәрсені, тегі, уағыздаған да емес. «Вехи» әсте конституцияға қарсы емес, конституциялық реформаларға қарсы емес. «Вехи» *«тек»* демокра-

---

* Қараңыз: осы том, 25—26-беттер. *Ред.*

тияға, оның әр түрлі конституциялық жалған үміттерді сынауына қарсы.

Орыс либерализмі демократияға қарсы күресу және оның дербестігін басып тастау мақсатымен өзін «демократияшыл» деп атарлықтай әжептәуір «епті» саясатшы болып шықты. Барлық капиталистік елдердегі либерал буржуазияның қай-қайсысының да қимылының дағдылы және қалыпты тәсілі осындай: бұқараны шын демократиялық теория мен шын демократиялық практикадан *бұрып жіберу* үшін демократизмді желеу етіп бұқараны алдауды көздейді.

Ал осындай практика ғана шындап ілгері бастыра алатынын барлық елдердің, соның ішінде Россияның да, тәжірибесі даусыз көрсетіп отыр; ал либерализм болса өзінің демократиядан қорқуымен, өзінің вехилік гредескулдық теорияларымен өзін дәрменсіздікке: орыс либерализмінің 1861—1904 жылдардағы, неміс либерализмінің 1849—1912 жылдардағы дәрменсіздігіне душар етпей қоймайды.

Үшінші лагерь, либерализмнің өрісі тарлығын түсінетін, оның жартыкештігі мен болбырлығынан, оның солқылдақтығы мен тартыншақ жалтақтығынан ада демократия лагері, міне, осы лагерь либерализмді үздіксіз, бұлтармастан, күнбе-күн сынамайынша қалыптаса алмайды, өмір сүре алмайды.

Бұл сынды ұнатпай немесе қастықпен «кадеттерге күн көрсетпеу» деп атаған кезде, бұлай еткенде саналы түрде болсын не санасыз түрде болсын нақ *либералдық* көзқарастарды жүргізеді. Өйткені іс жүзінде кадетизмді сынаудың *бәрі, сонымен бірге,* мәселелердің қойылысының бір өзінен-ақ, реакцияны сынау, оңшылдарды сынау болып табылады. Біздің либералдармен айтысымыз,— деді «Невская Звезда» (№ 12)* әбден әділін айтып,— «оңшылдарға қарсы күрестен гөрі *неғұрлым терең, неғұрлым мазмұнды айтыс»***.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 401—402-беттер. *Ред.*

** «Речь» бұған қарсы шығып: егер олай болатын болса, онда оңшылдар «Речьке» қарсы «Правданы» неге іш тартып *цитатқа алады?* дейді. «Речь» бұл арада айла-шарғы жасап отыр: егер оңшылдар «Речьке» қарағанда «Правдаға» көбірек *бостандық* берген болса, бұл социал-демократияға қарсы елеулі дәлел болған болар еді. Бірақ мә-

Іс жүзіне келгенде Россияда жүз либералдық газетке бір маркстік газет келе қояр ма екен, сондықтан біздің кадеттерді сынауымыз «көбейіп кетті» деу тура кісі күлерлік нәрсе: біз қоғам ішінде және халық арасында үстем болып отырған «жалпы оппозициялық» пиғылды антилибералдық, айқын, саналы түрдегі демократиялық пиғылмен алмастыруға қажетті нәрсенің әлі жүзден бірін істегеніміз жоқ.

Ондай «алмасусыз» Русьте жөндем, жарамды еш нәрсе болған емес және бола да алмайды.

«Кадеттерге күн көрсетпейді» деп кінәлаушылық немесе «кадеттерге күн көрсетпейді» деп жақтырмай мысқылдаушылық façon de parler-ден* басқа, либералдық көзқарастарды өткізу тәсілінен басқа ештеңе емес, ал әңгіме жұмысшылардың алдында немесе жұмысшылар туралы болған кезде, либералдық жұмысшы саясаты көзқарастарының нақ өзін өткізу тәсілінен басқа еш нәрсе де емес.

Азды-көпті дәйекті және ойластырылған жойымпаздықтың тұрғысынан қарағанда «кадеттерге күн көрсетпейді» деп кінәлаулар түсінікті және *қажетті* нәрсе. Мұндай кінәлаулар жойымпаздықтың нақ мәнін көрсетеді.

Жойымпаздықтың көзқарастарына, осы көзқарастардың ішкі логикасына, олардың байланысына және жеке тезистердің өзара тәуелділігіне тұтас алып зер салыңызшы: «коалициялар бостандығы» дегеніңіз конституциялық реформа болып шығады,— экономикалық стачкаларға, ең көп дегенде, «саяси *сергушілік»* келіп қосылады,— алысқа сермейтін сайлау платформасы «есуастық» деп жарияланады,—міндет *партияның* ашық өмір сүруі жолындағы күрестің міндеті ретінде тұжырымдалады, яғни қайтадан конституциялық реформа ретінде тұжырымдалады,— Россиядағы өкімет *қазірдің*

селе мұның керісінше екенін кім де болса біледі. Біздің баспасөзіміздің бостандығы «Речьтің» бостандығынан жүз есе кем, беріктігі мың есе кем, «конституциялық» қорғанышы 10 000 есе кем. «Россия» мен «Новое Время» «Речьті» «Правдамен» *ызаландырып отырғанын* сауатты адамның қай-қайсысы да түсінеді, оның бер жағында олар *«Правданы»* тұншықтырады, ал «Речьке» қарсы күңкілдеп, балағаттайды. Бұл «ексуінің айырмасы зор».

* — сөз саптау салты.— *Ред.*

өзінде буржуазиялық өкімет деп жарияланады (Ларин), сауда-өнеркәсіп буржуазиясы қазірдің өзінде үстем тап деп жарияланады,— жұмысшыларға абсолютизм мен конституционализмнің қайшылығына жабысу «жеткілікті» делінеді (Мартов)[54].

Тұтас алғанда *реформизм* дегеніміз осы болады, либералдық жұмысшы саясаты көзқарастарының жүйесі дегеніміз осы болады. Иванның немесе Петрдің, осы көзқарастарды *(олардың белгілі бір бөлімін* — өйткені жойымпаздық «өсіп келе жатқан міндеттердің өсу процесінде» тұр) қорғай келіп, өздерін *өздері* марксистерміз деп есептейтіндігінен істің жайы ешқандай да өзгермейді.

Мәселе олардың жақсы ниеттерінде (кімде ондай ниеттер болатын болса) емес, олардың саясатының объективті мәнінде, яғни одан не шығатынында, ол *cui prodest*, кімге пайдалы екенінде, бұл судың іс жүзінде қай диірменді айналдыратынында.

Мұның өзі оңшылдарды әлсіздендіретін демократиялық, антилибералдық *негіз үшін* жүргізілген күрес емес, жұмысшылардың мүдделерін *либералдардың* оңшылдарға қарсы «күресі» (әлде ұрсысуы ма?) туғызатын *негізде* қорғағандық болып табылады. Жойымпаздар — жұмысшыларды жақтаушылар, бұл күмәнсыз. Бірақ олар жұмысшылардың мүдделерін *түсінгенде* былайша түсінеді: бұл мүдделерді либералдарға *қарамастан демократтардың* кеше құрған және ертең құратын (көрінбейтін түрде бүгін де құрып жатқан) Россияның шеңберінде қорғамайды, либералдар құрмақ болып отырған Россияның *шеңберінде* қорғайды.

Бүкіл мәселенің түйіні осында. Жаңа Россия әлі жоқ. Ол әлі құрылған жоқ. Жұмысшылар Милюковтардың Пуришкевичтермен бірге құрып жатқан Россиясында, осындай Россияда өздеріне «таптық» (іс жүзінде цехтық) ұяшық жасап алуға тиіс пе немесе жұмысшылар жаңа Россияны ешбір Пуришкевичтерсіз және Милюковтарға қарамастан *өздері,* өздерінің ойлағанындай құруға тиіс пе.

Бұл жаңа Россия қалай болған күнде де буржуазиялық Россия болады, бірақ Столыпиннің буржуазиялық

(аграрлық және аграрлық емес) саясатынан Сунь Ятсеннің *буржуазиялық* саясатына дейінгі «екі ара едәуір жер».

Россияда басымыздан кешіріліп жатқан заманның бүкіл мәні — осы екі араның мөлшерін белгілеуде.

«Милюковтарға қарамастан» — дедік біз. Осы «қарамастан» дегеніміздің өзі де «кадеттерге күн көрсетпеу» деген сөз. Сондықтан біз сөздерден қорықпастан жұмысшы табының Милюковқа да қарсы, Сунь Ят-сендерге де қарсы ерекше міндеттерін бір сәт те естен шығармай, *принципті* түрде *«кадеттерге күн көрсетпеушілер»* болып қалып отырмыз және солай болып қала береміз.

«Кадеттерге күн көрсетпейді» деп кінәлау жұмысшылар жаңа Россияны құрған кезде, Милюковтарға қарамастан біздің кішкентай Сунь Ят-сендерді соңына ертпей, Милюковтардың соңынан салпақтай берсін дегенге (саналы түрде немесе санасыз түрде болсын, бәрібір) бейімделу ғана болады...

Бізге енді «кадеттерге күн көрсетпейді» деушілердің естен шығарып жүрген екінші бір жағдайы туралы бірнеше сөз айту қалады.

Былай деушілер бар: өз көзқарастарын неге *жақсы* дамытпасқа? Артықша *айтыстың* қажеті не? Мұны айтушылар былайша пайымдайтын сияқты: біз ерекше, кадеттердің бағытынан әбден өзгеше бағытқа қарсы емеспіз,— біз үш лагерьге қарсы емеспіз,— біз тек жойымпаздардың бір досының бір өткір сөзін қолдану үшін «саясатты айтыспен алмастыруға» ғана қарсымыз[55].

Бұлай деушілерге жауап беру қиын емес: біріншіден, айтысудан басқа түрде жаңа көзқарастарды дамытуға болмайды (маркстік көзқарастар дегеніміз либералдық көзқарастармен салыстырғанда өзінің шығу мезгілі жағынан да, өзінің таралуының кеңдігі жағынан да жаңа көзқарастар). Екіншіден, «Невская Звезда» мен «Правданың» қимыл аренасы —*кілең теориялық* маркстік уағыз аренасы. Бұл аренаны бұдан артық бір нәрсе деп білу қате болған болар еді: *бұл тек* теориялық

«a b c...», әліппе, теориялық кіріспе, жұмыстың бағытын көрсету, бірақ әлі жұмыстың өзі емес.

Марксистер өздерінің практикалық қорытындыларын әлгі айтылған аренада өздеріне «байланысты емес жағдайлардың» себебінен «жақсы» формада бере алмайды. Сондықтан бұл аренаның маңызын асыра көрсету *жойымпаздық* қате болған болар еді. Бұл арада мүмкіндігі бар нәрсе ең әрі кеткенде — *бағытты* көрсету, оның өзінде де оны кадеттерді сынау формасында *ғана* көрсету болмақ.

«Новое Время» мен «Земщина»[56], кадеттерді *мазақ ете келіп,* істің жайын: міне, сіздерге, кадеттерге, *күн көрсетпей отыр,* одан басқа дәнеңе де емес деп баяндайды. «Речь» өте түсінікті себептерден келіп, мұндай «түсіндіруге» келісеміз дегендей *сыңай білдіреді.* Коробкалар мен Кусковалар да, біреулері өте топастығынан, біреулері барынша «кадетке жалпақтаушылығынан», сондай сыңай білдіреді.

Бірақ маркстік түрде «кадеттерге күн көрсетпеу» кадеттерді сынаудың тура *әрбір* пункті жөнінде, мына қолайсыз сөзді қолдануға маған рұқсат етілетін болса, басқа «оппозицияның» *бағытын* көрсетеді, мұны саяси сауаты бар адамның қай-қайсысы да жақсы біледі.

Карауловтың «құдайшыл» сөзі үшін кадетке марксист «күн көрсетпеген» кезде марксист өзінің жақсы көзқарасын дамыта алмайды. Бірақ демократия құдайшыл бола отырып, демократия бола алмайтынын сауатты адамның қай-қайсысы да түсінеді.

Гредескулдің сөзі үшін кадетке марксист «күн көрсетпеген» кезде марксист өзінің жақсы көзқарасын дамыта алмайды. Бірақ Гредескулдің көзқарастарына қосыла отырып, демократия демократия бола алмайтынын сауатты адамның қай-қайсысы да түсінеді.

Марксист былай еткен кезде... бірақ біз өзіміздің «кадеттерге күн көрсетпеуіміздің» барлық мәселелері мен пункттерін осылайша біртіндеп айта бермекші болсақ, мәселені еш уақытта аяқтай алмаған болар едік. *Екінші* жағдай жайындағы өз тезисімізді әбден анықтау үшін екі мысалдың өзі-ақ жеткілікті: *кадеттерге күн көрсетпейді деп кінәлау, белгілі аренаның өзі жет-*

кілікті арена болып табылады дейтін тоғышарлық, зиянды, оңбаған соқыр сенімнің айтылу формасы ғана.

Реті келгенде айта кетейік, осы зиянды соқыр сенімге қарсы күресу үшін де біздер «кадеттерге күн көрсетпеушілер» болып қала береміз.

«Невская Звезда» № 23,
26 август, 1912 ж.
Қол қойған: К. С-ий

«Невская Звезда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЖҰМЫСШЫЛАР ЖӘНЕ «ПРАВДА»

«Правда» жарты жылдық жұмыстың кейбір қорытындыларын қазірдің өзінде шығарды*.

Бұл қорытындылар бәрінен бұрын және көбіне-көп мыналарды көрсетті: жұмысшылардың өздерінің күш жұмсауының арқасында *ғана,* олардың күрестегі жігерінің, батылдығының және табандылығының орасан зор өрлеуінің арқасында *ғана, тек* апрель-май қозғалысынан кейін *ғана* Петербург жұмысшы газеті «Правда» жарыққа шыға алды.

Өз қорытындыларында «Правда», бастама ретінде, күнделікті жұмысшы газетіне жұмысшылар тобының жинап берген жарналары туралы мәліметтермен ғана шектеліп отыр. Бұл мәліметтер бізге жұмысшы қолдауының тек *шағын үлесін* ғана көрсетеді, бұл мәліметтерден олардың анағұрлым бағалы және анағұрлым қиын қолдаулары — моральдық қолдауы, жеке бастарының қатысуымен қолдауы, газеттің бағытын қолдауы, материалдар беру, талқылау, газетті тарату, т. с. қолдаулары тікелей көрінбейді.

Бірақ «Правданың» қолындағы осы шектеулі мәліметтердің өзі де өздерін «Правдамен» *тікелей* байланыстырған жұмысшы топтары санының өте зор екенін көрсетті. Қорытындыларға жалпы көз жіберіп көрелік [78-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Барлығы *бес жүз елу бір* жұмысшы тобы «Правданы» өздерінің жарналарымен қолдады.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер. *Ред.*

«Правда» газетіне жарна жинаған жұмысшылар тобының саны

1912 ж.	январь ішінде		14
»	февраль	»	18
»	март	»	76
»	апрель	»	227
»	май	»	135
»	июнь	»	34
»	июль	»	26
»	август	» (19 августқа дейін)	21
Барлығы			551

Жұмысшылардың жинаған бұдан басқа да көптеген қаржылары мен жарналарының қорытындыларын шығару көңіл қоярлық болар еді. «Правдада» біз белгілі бір стачканы қолдау үшін берілген жарналар туралы есептерді үнемі көріп келдік. «Жазаланғандар» пайдасына, «леналықтар» пайдасына, «Правданың» жекелеген редакторлары пайдасына жиналған қаржылар туралы есептерді, сайлау науқанына, ашаршылыққа ұшырағандарға көмектесуге және т. б., т. с. арналып жиналған қаржыларды коргенбіз.

Бұл қаржылардың әр алуан болуы себепті бұл арада қорытынды шығару әлдеқайда қиын, сондықтан біз статистикалық есеп бұл құбылыстың қанағаттанарлық сипатын көрсете алады деп әлі айта алмаймыз. Бірақ қалай болған күнде де бұл әр алуан қаржы жинаудың *жұмысшы тұрмысының* өте елеулі бір бөлімін қамтитыны айқын.

Жұмысшылардың жинаған қаржылары туралы есептерді Россияның түпкір-түпкірінің жұмысшылары мен қызметшілерінің хаттарына *байланыстыра* қарай келіп, орыс тұрмысының ауыр сыртқы жағдайларының салдарынан кобінесе бытыраңқы, бір-бірінен қол үзген «Правда» оқушылары белгілі бір кәсіптің, белгілі бір жердің пролетарларының қалай күресіп жатқаны, жұмысшы демократиясының мүдделерін қорғауға олардың қалай оянып келе жатқаны туралы *біраз* түсінік алады.

Жұмысшы тұрмысының хроникасы «Правдада» тек енді ғана дамып, орнығa *бастап* келеді. Бұдан былай жұмысшы газетіне фабрикадағы озбырлықтар туралы, жаңа пролетарлық жіктің оянуы туралы, жұмысшы ісінің белгілі бір саласына арналып жиналған қаржылар туралы хаттардан басқа жұмысшылардың көзқарастары мен ниет-пиғылдары туралы, сайлау науқаны туралы, жұмысшы уәкілдерін сайлау туралы, жұмысшылардың не оқитыны туралы, олардың өте-мөте ден қоятын мәселелері және т. с. туралы хабарлардың да түсіп отыратыны күмәнсыз.

Жұмысшы газеті дегеніміз жұмысшы трибунасы. Жалпы алғанда жұмысшы тұрмысының, соның ішінде жұмысшы демократиясының мәселелері мұнда бүкіл Россияның алдына бірінен соң бірі қойылып отыруы керек. Петербург жұмысшылары бастап берді. Қилы заманның ауыр жылдарынан кейін Россия пролетариатының тұңғыш күнделікті жұмысшы газетін шығарып отырғаны Петербург жұмысшылары қайрат-жігерінің арқасы. Астананың жұмысшы газетін—бүкіл Россияда жұмысшы газеттері бар жұмысшы ұйымдары мықтап көбейетін кездің көктемінің алғашқы қарлығашын ұйымдаса қолдай отырып, күшейте отырып, Петербург жұмысшыларының ісін жалғастыра берейік.

Бұл Россияны біздер, жұмысшылар, әлі жасауымыз *керек*, біз оны *жасаймыз* да.

«Правда» № 103, 29 август, 1912 ж.
Қол қойған: С т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БҰРЫН ЖӘНЕ ҚАЗІР

Бұдан он сегіз жыл бұрын, 1894 жылы, Петербургте жұмысшы қозғалысы өзінің ең жаңа, бұқаралық формасында және маркстік ілімнің сәулесімен нұрланған формасында енді-енді ғана туа бастаған еді.

Жетпісінші жылдар жұмысшы табының мүлде болмашы жоғарғы тобын ғана серпілткен еді. Оның алдыңғы қатарлы адамдары сол кездің өзінде-ақ өздерін жұмысшы демократиясының ұлы қайраткерлері етіп көрсетті, бірақ бұқара әлі ұйқыда еді. Тек 90-жылдардың басында ғана *ол* ояна бастады, ал сонымен бірге бүкіл орыс демократиясының тарихындағы жаңа және неғұрлым даңқты дәуір басталды.

Өкінішке орай, біз бұл арада, өзіміздің осы шағын салыстырмамызда, жұмысшы қозғалысы көріністерінің бірінің тек бір жағын ғана, атап айтқанда экономикалық күрес пен экономикалық «әшкерелеулер» жағын ғана алып шектелуге тиіс болып отырмыз.

Ол кезде, 1894 жылы, фабрикалық әшкерелеулерді жолға қою жоспарын алдыңғы қатарлы жұмысшылардың мүлде азғантай үйірмелері ғана қызу талқылаған еді. Жұмысшылардың өздерінің өз жолдастарына арнап айтылған және капиталдың өрескел озбырлық қиянаттарын көрсеткен уытты сөзі ол кезде өте сирек кездесетін. Ондай нәрселер жайында ашық айту туралы әңгіме де болмайтын.

Алайда оянып келе жатқан жұмысшы бұқарасы барлық қиыншылықтарға және кедергілердің бәріне қара-

мастан, өзіне айтылып отырған фабрикалық әшкерелеулерді ұғына білді. Стачкалық күрес өршіді, жұмысшы табының экономикалық күресінің одан өзге неғұрлым жоғары күрес формаларымен *байланысы* тоқтаусыз ұлғая берді. Россия демократиясының озық отряды ояна бастады — ал *он* жыл өткен соң ол өз тұлғасын түгел көрсетті. Ескі жамылғысының жыртылғаны үшін Россия тек осы күшке ғана борышты.

Петербургтің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының 1894 жылы бұқараға арнаған алғашқы фабрикалық әшкерелеулері есінде бар адамға оларды «Правданың» фабрикалық әшкерелеулерімен салыстырып қарау өтемөте қызық және ғибрат аларлық нәрсе. Жұмысшы күресі көріністерінің бірін осылай аздап қана салыстыру оның *бүкіл* құлаш жаюының, кеңеюінің, тереңдеуінің, күшінің өскендігін және т. б. айқын көрсетеді.

Ол кезде — ондаған дана түрінде жұмысшылар жасырын тарататын бас-аяғы бес-алты фабрикалық әшкерелеулер болушы еді.

Қазір — еңбектің нағыз әр алуан салаларына қатысты бірнеше фабрикалық әшкерелеуді қатар беретін ондаған мың дана күнделікті «Правда» бар.

Ол кезде — белгілі бір марксист-интеллигенттің қатысуымен фабрикалық тәртіптерді, әрине, жасырын талқылайтын және «жариялауға» жататын пункттердің мән-мазмұнын белгілейтін бас-аяғы бес-алты ғана «үйірме» дейтіндер болушы еді.

Қазір — өздерінің көкейтесті мұқтаждарын талқылайтын және өздерінің хаттарын, өздерінің әшкерелеулерін, өздерінің тойтарыс беруге және бірігуге деген үндеулерін «Правдаға» өз беттерімен әкелетін, өз бетімен пайда болып жатқан жүздеген және мыңдаған жұмысшы топтары бар.

Тек он сегіз жыл ғана өтті — ал жұмысшылар ең алғашқы саңылаулардан, ең алғашқы жасқаншақ бастамадан, сөздің нағыз дәл мағынасында, *бұқаралық* қозғалысқа аяқ басып отыр.

Өкінішке орай, біз *тек* фабрикалық әшкерелеулерді салыстырумен *ғана* шектелуге тиіс болып отырмыз. Бі-

рақ олардың өзі де өткен жолымыздың қандай зор екенін, бұл жолдың қайда апаратынын көрсетеді.

Он сегіз жыл — адамзатты азат етудің асқан ұлы дүние жүзілік міндеті жүктеліп отырған тұтас бір таптың тарихында шағын бір кезең.

Бұл жолдың көбі қараңғы-қапаста өтілді. Енді жол табылды.— Батылырақ және ұйымдаса алға басайық!

«Правда» № 104, 30 август, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СУДЬЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЪЕЗІ

Венада қазіргі уақытта судьялардың бірінші халықаралық съезі, ал сонымен қатар неміс юристерінің 31-съезі болып жатыр.

Ұлық делегаттардың сөйлеген сөздерінде әсіре реакциялық рух басым. Буржуазиялық юрист және судья мырзалар халықтың сот ісін жүргізуге қатысуына қарсы жорық жариялады.

Қазіргі мемлекеттерде осындай қатысудың басты-басты екі формасы алынған: 1) присяжныйлар соты, бұлар тек айыптылық туралы мәселені шешеді; ал жазаны белгілейтін және процесті басқаратын мемлекеттік судьялар ғана; 2) шеффендер соты, бұлар, біздің «сословиелік өкілдеріміз» сияқты, мемлекеттік судьялармен қатар *барлық* мәселелерді шешуге қатысып отырады.

Сонымен конституциялық мемлекеттердің «көзі ашық» судьялары халық өкілдерінің сот ісін жүргізуге қатысуы атаулының бәріне қарсы адуынды сөздер сөйлеп жатыр. Делегаттардың бірі, Эльснер, «заңдарды қолдануда» бейне бір «анархияға» апарып соғатын присяжныйлар мен шеффендер сотын талқандай келіп, олардың орнына судьялардың *алмастырылмауы* тәртібін қуаттады.

Біз бұл жөнінде мынаны ескертеміз: либералдық талап бұл арада демократиялық талаптың орнына және демократизмнен мүлде шегінуді бүркеу үшін қойылып

отыр. Халық өкілдерінің сотқа қатысуы демократиялық бастама екені күмәнсыз. Бұл бастаманы дәйекті түрде қолдану дегеніміз, біріншіден, присяжныйларды сайлау үшін *цензінің,* яғни сайлау правосын білім, меншік, отырықшылық және басқа шарттармен тежеудің болмауы.

Присяжныйлардың арасында қазіргі кезде, жұмысшыларды шығарып тастағандықтан, екінің бірінде әсіресе реакцияшыл мещандар басым болып отыр. Бұл дерттен арылудың емі әсте де демократизмнен жексұрындықпен безуде емес, демократизмді оның дәйекті және тұтас формасына дейін жеткізе дамытуда. Жұртқа мәлім, цивилизациялы елдердің бәрінде де сот құру ісіндегі дәйекті демократизмнің екінші шарты судьяларды халықтың сайлап қоюы деп танылады.

Ал енді жалпы алғанда либерал буржуа, соның ішінде біздің россиялық либерал буржуа дәріптеп жүрген судьялардың алмастырылмауы дегені орта ғасыр артықшылықтарын Пуришкевичтер мен Милюковтардың, крепостниктер мен буржуазияның *бөлісіп* алулары ғана. *Іс жүзінде* алмастырылмауды толық түрде жүзеге асыруға болмайды, ал оның үстіне жарамсыз, салақ, жаман судьялар жөнінде оны қорғаудың өзі сорақылық. Орта ғасырларда судьяларды тағайындау тек феодалдар мен абсолютизмнің қолдарында ғана болған еді. Буржуазия енді судья топтарына кеңінен қатысуға мүмкіндік алып, *өзін* феодалдардан «алмастырылмау принципі» арқылы *қорғап отыр* (өйткені тағайындалатын судьялар көбінесе, «білімді» юристердің көпшілігі буржуазияға жататын болғандықтан, буржуазиядан шыққандар болатыны сөзсіз). Сөйтіп өздерін *феодалдардан* осылайша қорғай отырып, буржуазия сонымен қатар судьялардың тағайындалатын болуын қорғай отырып, өздерін *демократиядан* да қорғайды.

Онан соң, Дрезденнен келген судья д-р Гинсбергтің сөзінің мына жерлерін көрсетіп өту назар аударарлық. Ол *таптық юстиция* туралы, яғни осы заманғы сот ісін жүргізудегі таптық езгі мен тап күресінің көрінісі туралы пайымдамақ болды.

«Кімде-кім,— деп лепіреді д-р Гинсберг,— халық өкілдерінің сотқа қатысуы таптық юстицияны жояды деп ойлайтын болса, ол қатты адасады...»

Мұныңыз әділеттік, судья мырза! Демократия тегінде тап күресін жоймайды, тек оны саналы, еркін, ашық күрес етеді. Бірақ бұл демократияға қарсы дәлел емес. Бұл — оны ақырына дейін дәйекті түрде дамытудың дәлелі.

«... Таптық юстицияның іс жүзінде бар екені күмәнсыз,— деп жалғастырды Саксониядан келген судья (ал Саксония судьялары Германияда жұмысшыларға қарсы аса қатаң үкімдер шығарумен әйгілі болатын),— бірақ әсте социал-демократтардың айтып жүрген мағынасында емес, кедейлерге қарағанда байларды артық көру мағынасында емес. Оның керісінше, таптық юстиция оған тура қарама-қарсы мағынада өмір сүріп келеді. Менде мынадай бір оқиға болды. Сот құрып отырған біз үшеу едік, мен және екі шеффен болатын. Олардың біреуі — ашық социал-демократ еді, екіншісі де сол сияқты біреу болды. Айыпталып отырған адам штрейкбрехерді («жұмыс істегісі келетін жұмысшыны»— деді саксондық судья мырза сөзбе-сөз алғанда) сабаған стачкашы болатын, ол оны кеңірдектен алып: «Біз енді саған да жеттік, қарғыс атқан сұрқия!» деп айқайлаған.

Әдетте мұндай қылмысқа 4 айдан 6 айға дейін түрме береді, ал мұның өзі — мұндай тағылық қылықтарды жазалауға берілуі керек жазаның ең азы. Сонымен, сотталушыны ақтап жібермеу менің әзер қолымнан келді. Шеффен — социал-демократ — маған сен жұмысшылардың психологиясын түсінбейсің дейді. Ал мен оған: мен соққы жеген адамның психологиясын өте жақсы түсінемін деп жауап бердім...»

Судья Гинсбергтің сөйлеген сөзінің текстін келтірген неміс газеттері осы жерде: *«Қарқылдаған күлкі»* деп көрсетеді. Юрист мырзалар мен судья мырзалар қарқылдап күлген. Расын айтсақ, бұл саксониялық судьяның сөзін тыңдауымызға тура келген болса, біз де рақаттана күлген болар едік.

Тап күресі туралы ілім дегеніміз оған қарсы ғалымша (бейне бір ғалымша) таласпақшы болып зорланып көруге болатын нәрсе. Бірақ мәселені практикалық жағынан алып қарасаң, тұрмыстың дағдылы құбы-

лыстарына көз жіберсең, міне, сөйтсең болганы! — бұл ілімнің нағыз қас-дұшпаны тап күресінің саксониялық судья Гинсберг мырза сияқты талантты насихатшысы болып шыға келуі мүмкін.

«Правда» № 104, 30 август, 1912 ж.
Қол қойған: И. В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШВЕЙЦАРИЯДА

«Правданың» 12 июльдегі 63-номерінде біз оқушыларымызға Цюрихта 29 июньде (жаңаша 12 июльде) болған жаппай стачка туралы баяндаған едік*. Ескерте кетелік, стачка жасау саяси ұйымдар көсемдерінің *дегеніне қарамастан* шешілген болатын. Цюрихтың барлық жұмысшы ұйымдарының 425 өкілінің стачканы жақтаған жиналысы стачкаға қарсы болған баспашылардың мәлімдемесін «масқаралық!» деген айқайлармен қарсы алған.

Қазіргі уақытта баспасөзде осы оппортунизмді әшкерелейтін мәліметтер шығып отыр.

Швейцария жұмысшыларының саяси көсемдері өздерінің оппортунизмінде *партияға* тура *опасыздық* жасауға дейін жеткен болып шықты. Швейцария мен Германия жұмысшы баспасөзінің таңдаулы органдары Цюрих социал-демократтарының, магистрат (қалалық басқарма) мүшелерінің қылығын дәл осындай аса қатаң, бірақ әділетті сөздермен сипаттайды. Цюрихтың қалалық басқармасы *капиталистерді қорғап,* стачка пикеттеріне тыйым салған (міне, сонда келіп жұмысшылар бір күндік жаппай стачкамен наразылық білдіруге ұйғарған).

Цюрих магистратының тоғыз мүшесі бар, олардың төртеуі социал-демократ: Эрисман, Пфлюгер, Фогельвангер, Клёти болатын.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 440—443-беттер. *Ред.*

Ал қазір пикеттерге тыйым салу қалалық басқармада *бірауыздан* қабылданғаны белгілі болып отыр, яғни Эрисман мен оның социал-демократ үш әріптесі соны *жақтап* дауыс берген!!! Цюрихтың кантондық үкіметі қалалық басқармадан пикет *атаулының* бәріне тыйым салуды талап еткен, ал мына төрт дана шабақ, яғни Цюрихтың социал-демократтары, жұмыстары тоқтатылған механикалық екі шеберхананың төңірегінде ғана пикеттерге тыйым салынатып болсын деген *«ымырашылдық»* ұсыныс енгізген.

Әрине, іс жүзінде пикеттерге осылайша ішінара тыйым салу буржуазияның қойған талабының өзі нақ осы болатын, сондықтан «социал-демократтардың» (?!) ұсынысын қалалық басқарманың буржуазиялық көпшілігі қабылдады!

Ол ол ма. Жуырда Цюрихтың қалалық басқармасы жаппай стачкаға байланысты оқиғалар туралы есепті жариялады. Сол стачка үшін кек алмақ болған капиталистер үш күндік локаут жариялады. Цюрихтың қалалық басқармасы өзінің *төрт* социал-демократ мүшесінің *бәрінің* қатысуымен *бірауыздан:* тәртіп сақтау үшін полиция күштерін *әскер шақырып* нығайту қажет деген шешім қабылдады.

Бірақ әңгіме мұнымен де бітпеді. Цюрихтың буржуазиялық қалалық басқармасы қала кәсіпорындарының стачкаға қатысқан қызметшілері мен жұмысшыларын бас салып талай қуғындады. Басқарма 13 жұмысшыны орындарынан қуып жіберді, 116 жұмысшыны ол тәртіп жазаларына (қызметін кішірейту, жалақысын кеміту) тартты. Қалалық басқарманың бұл шешімдері де Эрисманның және оның екі әріптесінің қатысуымен *бірауыздан* қабылданды.

Эрисман және К⁰-ның қылығын партияға опасыздық жасау деуден басқаша атауға болмайды.

Өздерінің қатарында осындай оппортунист-опасыздардың болуына төзіп отырған социалистік партияны жұмысшылар алдында сынауына тура келетін жағдайда анархо-синдикалистердің Швейцарияда белгілі табысқа жеткендігіне таңдануға болмайды. Эрисман және К⁰-ның опасыздық жасауында халықаралық зор мән

болатын себебінің өзі сол, бұл опасыздық жұмысшы қозғалысына *іштен* іру қаупінің *қайдан* және *қалай* төніп отырғанын бізге *айқын* көрсетеді.

Эрисман мен К^{0} әсте де жау лагеріне қашатын әдеттегі қашқындар емес, бұлар жай ғана момақан мещандар, парламенттік «шимай-шатпаққа» дағдыланған, конституциялық-демократиялық жалған үміттермен жүнжіп кеткен оппортунистер. Тап күресі шиеленісе қалып еді,— конституциялық «тәртіптің» және «демократиялық республиканың» жалған үміттерінің бірден күлі көкке ұшты—қалалық басқарманың социал-демократиялық мүшелері қызметіндегі біздің тоғышарларымыз сасқалақтап, батпаққа барып түсті.

Саналы жұмысшылар бұл күйініште мысалдан жұмысшы партиясының ішінде оппортунизмнің жайылуы неге апарып соғуға *тиіс* екенін көре алады.

«Правда» № 105, 31 август, 1912 ж.
Қол қойған: П. П.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДІН БАСЫЛАРЫ ЖӘНЕ САЯСАТ

Жұртқа мәлім, қазір дін басыларының бәрін IV Мемлекеттік дума сайлауына *көтеруге* және оларды түгел қаражүздік күш етіп құруға барынша жанталаса күш салынып жатыр.

Бүкіл орыс буржуазиясының — үкіметтік, октябристік буржуазияның да, оппозициялық, кадеттік буржуазияның да,— үкіметтің осы жоспарларын бірдей ынта қойып, күйгелектене әшкерелейтінін және оларды айыптайтынын көру өте-мөте сабақ аларлық нәрсе.

Орыс көпесі мен орыс либерал помещигі (либералданушы десе дұрысырақ болар) тіл алғыш батюшкалардың дауыстарын өзіне «жиып алғысы» келетін жауапсыз үкіметтің күшеюінен қорқады. Бұл мәселеге келгенде демократия либерализмнен де әлдеқайда батылырақ оппозициялық (жұмсартып әрі дөп баспай айтқанда) екені өзінен-өзі түсінікті.

Либералдардың дін басылары туралы мәселені демократиялық жолмен қойып отырмағанын біз «Правдада» көрсеттік; ал либералдар саясатқа дін басыларының «араласпауы» туралы барып тұрған реакциялық теорияны не тура қорғайды, не осы теориямен келіседі*.

Демократ сайлау правосы мен сайлаудың болмашы *бұрмалануының* өзіне сөзсіз қарсы, бірақ ол дін басылары атаулының нағыз қалың бұқарасын саясатқа тікелей және ашықтан-ашық тартуды сөзсіз *жақтайды*.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 521—522-беттер. *Ред.*

Дін басыларының саяси күреске қатыспауы деген аса зиянды екіжүзділік. Іс жүзінде дін басылары *әрқашан да* саясатқа жасырын қатысып келді, сондықтан дін басыларының ашық саясатқа көшуі халыққа тек пайда келтіреді.

Бұл мәселе жөнінде ескі ғұрыпшыл епископ Михаилдың жуырда «Речьте» басылған мақаласы өте-мөте көңіл қоярлық. Бұл жазушының көзқарастары тым аңғал: ол, мәселен, «клерикализм Россияға (бізге) белгісіз», революцияға дейін оның (дін басыларының) ісі тек о дүние және т. с. болған еді деп ойлайды.

Бірақ, сірә, осы хабардар адамның оқиғаларға беріп отырған іс жүзіндегі бағасы сабақ аларлық.

«...Сайлаудың салтанаты клерикализмнің салтанаты болмайтыны,— деп жазады епископ Михаил,— маған талассыз сияқты. Жасанды түрде болса да біріккен, сонымен қатар өздерінің дауыстарына және ұжданына осылай қожалық етуден, әрине, жәбірленген дін басылары өздерінің екі күштің ортасында екенін көреді... Осыдан келіп өзгеріс, дағдарыс, халықпен табиғи одаққа қайтып оралу қажет болып отыр. Егер клерикалдық және реакциялық ағым... өз-өзінен ығайып және жетіліп үлгірген болса, мұның өзі, мүмкін, болмаған да болар еді. Қазір дін басылары тыныштықтан бұрынғы толқудың қалдықтарымен бірге қимылға тартылып отырғанда, олар өзінің тарихын жалғастыра береді. Сөйтіп дін басыларының демократизмі — осы тарихтың болмай қоймайтын, ең соңғы кезеңі, бұл кезең дін басыларының өздері үшін жүргізетін күресімен байланысты болмақ».

Шындығында әңгіме, автордың аңқаулықпен ойлағанындай, «табиғи одаққа қайтып оралу» туралы болуға тиіс емес, күресіп жатқан таптардың арасында бөліну туралы болуға тиіс. Ондай бөлінудің айқындығы, кеңдігі және саналылығы дін басыларын саясатқа тартудан, сірә, ұтатын болар.

Ал енді Россияның тіпті дін басылары сияқты әлеуметтік жігінде де «бұрынғы толқу қалдықтарының» бар екенін, олардың өміршеңдігі мен күшін хабардар байқаушылардың мойындап отырған фактісін өте-мөте еске алып қою керек болады.

«Правда» № 106, 1 сентябрь, 1912 ж.
Қол қойған: И. В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДЕМОКРАТИЯҒА ҚАРСЫ ТАҒЫ БІР ЖОРЫҚ

Ренегаттық пиғылдар әбден бойына сіңген либералдық-буржуазиялық қоғам арасында орасан табысты болған масқаралықпен аты әйгілі «Вехи» кітабына демократия лагері жағынан жеткілікті тойтарыс және жеткілікті терең сын берілмей келді.

Мұның осылай болуының ішінара бір себебі: «Вехидің» табысты болған кезі демократияның «ашық» баспасөзі мүлдем дерлік тұншықтырылып тасталған кезге тура келгендігі болды.

Қазір Щепетев мырза «Русская Мысльде»[57] (август) «вехишілдікті» жаңартып шығарып отыр. Ренегаттардың басшысы, П. Б. Струве мырза редакциялап отырған вехишілдер органының тарапынан бұл әбден табиғи нәрсе. Ал егер демократия, әсіресе жұмысшы демократиясы өзінің «вехишілдер» алдында борышты болып қалған нәрсесінің енді біраз болса да есесін толтырса, онда оның тарапынан бұл да сондай табиғи нәрсе болып шықпақ.

I

Щепетев мырза *Париждегі орыстар туралы* — «Франциядан жазылған хат» деген формасы жағынан қарапайым ғана хат жазып жүр. Бірақ бұл қарапайым форманың астары шынына келгенде 1905 жылғы орыс революциясын және орыс демократиясын әбден айқын «талқылау» болып отыр.

«Бұл үрейлі (солай деңіз! *кімге* үрейлі, аса құрметті либерал мырза?), тынышсыз және бастан-аяқ түгелімен шатасқан 1905 жыл,— деп жазады вехишіл,— жұрттың бәрінің әлі есінде...»

«Тынышсыз және бастан-аяқ түгелімен шатасқан»! Мұндай сөздерді жаза алатын адамның жан дүниесінде қаншама кір, батпақ болуы керек екен десеңізші. 1848 жылғы революцияға қарсы болған немістер бұл жылды «есуас» жыл деп атаған еді. Сол пікірді немесе, дұрысын айтқанда, нақ сол топас, зұлым үрейді «Русская Мысльдің» россиялық кадеті де білдіріп отыр.

Біз оған азғана, неғұрлым объективті және неғұрлым «қарапайым» фактілерді ғана қарсы қойып көрелік. Жұмысшылардың жалақысы осы жылы бұрын болып көрмеген дәрежеде өсті. Жерді арендалау бағасы кеміді. Жұмысшылардың бірігу формаларының бәрі де — үй қызметшілеріне дейін — бұрын-соңды болмаған табыстарға жетіп өсті. Саяси тақырыпқа жазылған миллиондаған арзан басылымдарды халық, бұқара, тобыр, «төменгілер» Россияда бұған дейін еш уақыт жұрт оқып көрмеген дәрежеде аса құмартып оқыды.

Баяғы бір өткен заманда Некрасов толғанып былай деген еді:

> ...Туар ма екен сондай шақ
> (Кел, аңсаған болашақ!),
> Блюхер мен топас милордқа
> Халқым тіпті қарамай,
> Белинский мен Гогольді
> Базардан қайтар құшақтап?[58]

Орыстың байырғы демократтарының бірінің сол аңсаған «шағы» келді. Көпестер сұлы сатуын тастай салып, одан гөрі тиімдірек сауданы — демократиялық арзан кітапшалар саудасын қолға алды. Демократиялық кітапша *базар* заты болып алды. Базарға түскен бұл жаңа әдебиет бастан-аяқ Белинский мен Гогольдің идеяларына толы еді, ал Некрасовқа — сол сияқты Русьтің жөн білетін адамының бәріне — бұл жазушыларды қымбат еткен осы идеялар еді...

...Өзін білімдімін деп маңғазситын, ал шынына келгенде лас, жиреніште, май басқан, өзіне-өзі мәз либе-

рал доңыз тұрып, базардан... Белинскийдің Гогольге жазған хатын алып бара жатқан осы «халықты» *іс жүзінде* көргенде,— бұл не деген «тынышсыздық еді!»— деп лепірді.

Ал, шынып айтқанда, мұның өзі —«интеллигенттік» хат қой — деп жариялады «Вехи» Нововремяшыл Розанов пен Антоний-Волынскийдің ду қол шапалақтап мақұлдауымен.

Қандай масқаралық көрініс!— дер таңдаулы халықшылдардан шыққан демократ. Қандай сабақ аларлық көрініс!— деп қосамыз біз. Демократия мәселелеріне *көңілшектікпен* қарағандарды ол қандай сергітеді, шірік, бариндік-обломовтық жалған үміттерді аяусыз жойып, демократияның арасындағы өміршең жәпе күшті дегеннің бәрін ол қандай *шынықтырады!*

Бір кезде либерализмге ден қойған адамға либерализмнен енді түңілу өте пайдалы нәрсе. Ал кімде-кім орыс либерализмінің сонау ертедегі тарихын есіне түсіргісі келетін болса, ол либерал Кавелиннің демократ Чернышевскийге қалай қарағанынан-ақ либерал буржуаның кадет *партиясының* орыстың *бұқаралық* демократиялық *қозғалысына* қалай қарайтындығының о бастағы дәлме-дәл бейнесін көреді. Либерал буржуазия Россияда «өз бағытын тауып отыр», немесе, дұрысын айтқанда, өз құйрығын тауып отыр. Ал демократияға Россияда өз басын табатын мезгіл жеткен жоқ па?

Щепетев, Струве, Гредескул, Изгоев және басқа кадет ағайындар сияқты субъектілер келіп Некрасовтың, Щедриннің, т. б. етегіне жармасқандарын көру өтеміте адам төзгісіз нәрсе болады. Некрасов, өзінің жеке басының дәйекті еместігінен, Чернышевский мен либералдардың арасында ауытқыды, бірақ оның бүкіл сүйіспеншілігі Чернышевский жағында болды. Некрасов өзінің сол жеке басының дәйекті еместігінен либералшыл жағымпаздық сарын білдіріп қателесті, бірақ өзінің «күнәларына» өзі қатты налып, *жұрт алдында* оларын *мойындады:*

Саудаға салған емен ақындықты,
Көрлеңген кезде бірақ тағдыр мықты,

Кездері болды қолым қателескен
Жаңсақ басқан әуендер сонда шықты...

Міне, Некрасовтың өзі өзінің либералшыл-жағымпаздық қателерін осылай *«жаңсақ басқан әуендер»* деп атады. Ал Щедрин либералдарды аяусыз әжуалап отырды, оларға «пасықтыққа бейім»[59] деген формуламен өшпес таңба басты.

Бұл формула енді Щепетевтер, Гредескулдер, тағы басқа*, вехишілдер жөнінде қолдануға қаншалық ескіріп қалды десеңізші! Мәселе қазір әсте де бұл мырзалардың пасықтыққа *бейімдігінде* емес. Бейімдік қайда! Олар қазір өздерінің бастамасы бойынша, өздерінше ыңғайлап, неокантшылдық[60] және басқа сәнге айналған «европалық» теорияларға сүйеніп, *өздерінің* «пасықтық» *теориясын* шығарып отыр.

II

«Бастан-аяқ түгелімен шатасқан 1905 жыл» — деп жазады Щепетев мырза. «Жаппай аласапыран және бейберекет жағдайда бәрі де мидай араласып, шатасып кетті».

Бұл пункт жөнінде де біз біраз ғана теориялық қарсылықтар білдіре аламыз. Біздің ойымызша, тарихи оқиғаларды жекелеген адамдар мен шағын топтардың ниет-пиғылдарына қарап емес, тұтас алғанда *бұқара* мен таптардың қозғалысына қарап бағалау керек.

Россия халқының орасан көпшілігі — шаруалар мен жұмысшылар. Халықтың осы көпшілігі жөнінен қарағанда «тұтасып жатқан шатасу мен бейберекеттікті» неде деп білуге болады? Қайта, мүлдем керісінше, халықтың нақ осы көпшілігінің арасында, «шатасу мен бейберекеттікті» *біржолата* жойған, орасан кең және ойдағыдай талдау болғанын объективті фактілер әбден даусыз дәлелдеп отыр.

---

* Бәлкім, Милюков және К° сияқты Гредескул де «Вехимен» *таласты* ғой деп қарсылық айтушылар болар. Иә, бірақ олар таласса да вехишілдер болып *қала берген* еді. Айтса да, «Правданың» 85-номерін қараңыз. (Қараңыз: осы том, 25—26-беттер. *Ред.*)

Осы кезге дейін «қара халық» ішінде патриархтық езілгендік элементтері мен демократизм элементтері «жаппай бейберекеттік ішінде» шынында да «шатасып және мидай араласып» жатқан еді. Мұны зубатовшылдық пен «гапонаданың» болу мүмкіндігі сияқты объективті фактілер дәлелдеп отыр.

Нақ 1905 жыл осы «бейберекеттікті» біржолата жойды. Ғасырлар бойғы тоқырау мен крепостниктіктің ғасырлар бойғы қалдықтары шатастырған қатынастарды, сөзбен емес, іспен, мұндай тыңғылықтап айқын *ажыратқан* заман Россияның тарихында әлі болған емес. *Таптар* осынша айқын және «дұрыс» жік ашысқан, халық *бұқарасы* өзін анықтаған, «интеллигенттердің» теориялары мен программалары миллиондардың *іс-әрекетімен* тексерілген заман болып көрген емес.

«Русская Мысльдің» білімді және либерал жазушысының басында талассыз тарихи фактілердің соншама бұрмаланған түрге көшіп отырған себебі қалай? Мұны түсіндіру оп-оңай: бұл вехишіл өзінің субъективті ниеттерін бүкіл халыққа таңып отыр. Оның өз басы және оның бүкіл тобы — либерал-буржуазиялық интеллигенция — осы кезде өте-мөте «бейберекет», «түгелімен шатасқан» жағдайға түсіп қалған еді. Міне, осы бейберекеттіктен және либерализмнің бүтіндей түкке тұрғысыздығын бұқараның әшкерелеуінен табиғи түрде туған өзінің наразылығын либерал, ауру бастың сақинасын сау басқа аударғандай, *бұқараға* аударады.

Либералдардың жағдайы 1905 жылы июньде шынында да бейберекет жағдай болған жоқ па еді? немесе 6 августан кейін, олар жұртты Булыгин Думасына шақырып, ал халық *іс жүзінде* Думаны жанай өтіп, Думадан әрі кеткен кезде осындай болған жоқ па еді? немесе 1905 жылы октябрьде, өздері күні кеше ереуілге қарсы күрескен болса да, либералдардың «жарамсақтана жүгіріп», ереуілді «даңқты ереуіл» деп жариялауына тура келген кезде осындай болған жоқ па еді? немесе 1905 жылы ноябрьде, либерализмнің бейшара дәрменсіздігінің бәрі Струвенің Виттеге баруы сияқты

соншама айқын фактімен көрсетіліп, әшкере болған кезде осындай болған жоқ па еді?

Егер вехишіл Щепетев вехишіл Изгоевтің Столыпин туралы кітапшасын оқығысы келсе, онда ол кадеттердің I Мемлекеттік дума мен II Мемлекеттік думада[61] «екі оттың арасында» болған жағдайындағы осы «бейберекеттікті» Изгоевтің қалай мойындауына *тура келгенін* көреді. Ал либерализмнің осы «бейберекеттігі» мен дәрменсіздігі сөзсіз туып отырды, өйткені оның жоғарыдағы буржуазия арасында да, төмендегі шаруалар арасында да *бұқаралық* тірегі болмады.

Щепетев мырзаның Россиядағы революцияның тарихы туралы пайымдаулары мынадай керемет сөздермен аяқталады:

> «Дегенмен осы шатасулардың бәрі тым көпке созылмады. Жоғарыдағылар өздерін билеген үрейленушілік дерлік қорқыныштан бірте-бірте арылды, сөйтіп революцияшыл жел сөздің бәрінің жиналып келгенде пәрменділігі толық бір рота солдаттың пәрменділігіне жетпейді деген қиындығы жоқ қорытындыға келіп, «жазалаушы экспедициялар» жасақтады және тез атқыш юстицияны іске қосты. Мұның нәтижелері күткендегінің бәрінен асып түсті. Бас-аяғы екі-үш жылдың ішінде революцияның жойылғандығы және құртылғандығы соншама, охранкалық сипаттағы кейбір мекемелер кей жерлерде оны қолдан жасап көруге мәжбүр болды...»

Егер автордың бұдан ілгергі пайымдауларына біз тым болмағанда кейбір теориялық түсіндірмелер бере алған болсақ, енді біздің мұндай мүмкіндігіміз де болмай отыр. Сондықтан біз осы өте тамаша пайымдауларды көпке дейін әрі алыстан көрінетін етіп биігірек бағанға мықтап қағып қоюмен шектелуге тиіспіз...

Дегенмен, біз әлі оқушыдан мына бір жайды сұрай аламыз: октябристік «Голос Москвыдың» ұлтшыл иудушкалық «Новое Времямен» бірге Щепетевті тамсана цитатқа алуы таңқаларлық нәрсе ме? Шынына келгенде, «конституциялық-демократиялық» журналдың «тарихи» бағасының аталып отырған екі басылымның бағасынан қандай айырмашылығы бар?

III

Щепетев мырзада бәрінен де гөрі эмиграпттық тұрмыстың очерктері көп орын алады. Бұл очерктерге ұқсас нәрсе табу үшін Катков заманындағы «Русский Вестникті»[62] қопарып тауып алып, одан дворяндардың ізгі жетекшілерін, аққоңіл және риза мужиктерді, наразы жауыздарды, жексұрындарды, қаныпезер-революционерлерді суреттеген романдарды алу керек болар еді.

Щепетев мырза Парижге зер салғанда (егер зер салған болса) демократияға ызалы тоғышардың көзімен зер салған, бұл тоғышар Русьте бұқаралық демократиялық кітапшаның алғаш көріне бастауын тек қана «тынышсыздық» деп білген-ді.

Жұртқа мәлім, әркім шетелде нені көргісі келсе, соны көреді. Немесе басқаша айтқанда: әркім жаңа жағдайда *өзін-өзі* көреді. Қаражүздік шетелде тамаша помещиктерді, генералдар мен дипломаттарды көреді. Охранка адамы онда асқан ізгі полицейлерді көреді. Россиялық либерал ренегат Парижде игі ниетті консьерж әйелдер мен «пысықша»* дүкеншілерді көреді; бұлар орыс революционерін бізде «адамгершілік және альтруистік сезімдер жеке адамның талап-тілектерін тым тұқыртып-тежеп, көбінесе бүкіл еліміздің жалпы прогресі мен мәдени дамуына нұқсан келтіріп отырды»** деп үйретеді.

Жан дүниесі малай адам, әрине, бәрінен де бұрын малай бөлмелерінде көп болатын өсек-аяңдар мен жанжалдарға көңіл қояды. Париждегі рефераттарда және Париждің орыс тілінде шығатын баспасөзінде талданып жүрген идеялық мәселелерді дүкенші мен консьерж-малай, әрине, байқамайды. Бұл баспасөзде, мәселен, 1908 жылдың өзінде-ақ 3 июнь режимінің әлеуметтік мәні туралы, демократизмдегі жаңа ағымдардың таптық тамырлары туралы және т. с. мәселелер*** қойылғанын, қойылғанда көп уақыт өтпей-ақ кейін келіп, ен-

---

* Щепетев мырзаның мақаласының 139-беті («Русская Мысль» 1912 ж., № 8).

** Бұл да сонда, 153-бет.

*** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 296—311-беттер. *Ред.*

ді бұрмаланыңқыраған түрде, күшейтілген күзетпен «қорғалып отырған» баспасөзге (қысқартылған түрде) жол тапқан мәселелер қойылғанын ол малай қайдан көрсін?

Дүкенші мен малайдың, осындай жан дүниесі малай адамдар қандай «интеллигенттік» костюм кисе де, бұл мәселелерді байқауға және түсінуге өресі жетпейді. Егер бұл малай либералдық журналдың «публицисі» аталатын болса, онда ол «публицист» Париждеп басқа ешбір жерде ашық және айқын қойылмаған ұлы идеялық мәселелер жөнінде жұмған аузын ашпайды. Бірақ оның есесіне ондай «публицист» сізге малайлар бөлмесіндегілер тамаша білетін нәрсені әбден баптап айтып береді.

Ол, осы ізгілікті кадет, аса ізгі ниетті Струве мырзаның журналында сізге мыналарды баяндап береді: «Париждегі бір өте белгілі революция қайраткері әйелдің пәтерінен», «полицияның көмегінсіз болмау керек», бейшара эмигрантка-жезөкшені қуып шығыпты,— қайырымдылық мақсатпен жасалған балда «жұмыссыздар» тағы да жанжал шығарыпты,— Щепетев мырзаға белгілі бір үйде көшірмеші «едәуір көп ақшаны күн ілгері қағып алып, одан кейін салақси бастапты»,— эмигранттар «түнгі сағат 2—3-те жатып, күндізгі 12-де тұрады екен, күні бойы қонақ, у-шу, талас, тәртіпсіздік болып жатады екен».

Міне, осылардың бәрін де кадет Струве мырзаның малайшылық журналы —«Новое Времяның» Меньшиковы мен Розановынан ешбір кем түспейтін етіп — әбден тәптештеп, әшекейлеп, майын тамызып, бұрыштап тұрып баяндап береді.

«Эмиграцияның жоғарғылары мен төменгілерінің арасындағы қатынастар: ақша бер: әйтпесе тұмсығыңды бұзамын — деген сияқты айқын қастастық формаға түсіп отыр. Рас, бұл формула кең тарала қойған жоқ, ал «төменгілердің әсіре ағымы» дегеніміз» (Струве мырзаның журналында сауатты кадет осылай деп жазады!) «не бары жиырма шақты ғана, мүмкін, тіпті сырттан бір шебер қол бағыттап отыратын өте күдікті элементтер болып отыр...»

Осы пайымдауға тоқталыңыз, оқушы, сөйтіп әдеттегі малайдың публицист-малайдан айырмашылығын ойлап

қараңыз. Әдеттегі малай — әрине, қазір таптық тұрғыға көшіп отырған және өзінің малайлық жағдайынан шығу жолын іздеп отырған саналы элементтерін былай қойып, көпшілігін алғанда,— аңқау, білімсіз, көбіне сауатсыз және ысылмаған адам; оның өзіне бәрінен де ұғымдырақ нәрсені, өзіне бәрінен де түсініктірек және жақынырақ нәрсені мылжыңдап жұртқа жаюға деген аңғал құмарлығын кешіруге болады. Ал публицист-малай —«білімді» адам, ең тәуір деген үйлердің төріне шығатын адамы. Эмиграцияда қылмысты шантажшылар саны өте аз (*мың* эмигрантқа «жиырма шақты») екенін ол түсінеді. Ол тіпті мұндай шантажшыларды Орыс халқы одағының[63] шайханасынан «мүмкін» *«бір шебер қол бағыттап отыратынын»* да түсінеді.

Ал, осының бәрін түсінетіндігінен, публицист-малай «білімді адамша» әрекет істейді. Оның ізін жасыра білетінін, товарын жақсы жағынан көрсете білетінін айтпаңыз! Ол қаражүздіктің сатылғыш жазғышы емес, әсте олай емес. Жиырма шақты шантажшыларды *мүмкін* біреу-міреу бағыттап отыратын болар дегенді оның тіпті *«өзі»* көрсеткен, бірақ сонымен бірге *нақ* осы шантажшылар, жанжалдар, көшірмешілердің салақсулары жайында *ғана* әңгіме қылады!

«Русская Мысльдің» *«жазушылары»* үшін нововремялық мектеп босқа кеткен жоқ. Нововремяшыл Суворин ешқашан қаржылай көмек алғаным жоқ,— мен *тек* «өзім» ойлаған жерден шыға «білгемін» деп мақтанды.

«Русская Мысль» ақшалай көмек алмайды — құдай сақтасын! Ол нововремяшылдар мен Гучков «жігіттерінің» ойлаған жерінен шығуды *тек* «өзі» *ғана* «біледі».

IV

Иә, эмигранттық ортада ауыр нәрсе көп. Тоқырау мен толастау жылдарында бүкіл орыс демократиясының ең маңызды принципті мәселелері эмигранттық ортада, тек қана соның ішінде қойылып келді. Мұқтаждық пен қайыршылық басқадан гөрі осы ортада көбірек. Осы ортада өзін-өзі өлтірушілер проценті өте-мөте көп, онда

бар тіршілігі күйгелектікпен күн кешу болған адамдар проценті адам айтқысыз, сұмдық көп. Азап шеккен адамдар ортасында одан басқаша болуы мүмкін бе?

Эмиграниттық ортаға түскеннен кейін әр түрлі адам түрліше нәрсеге көңіл қояды. Біреулер саясаттың ең маңызды принципті мәселелерінің ашық қойылуына зер салады. Біреулерді балда болған жанжал туралы, арам ойлы көшірмеші туралы, консьерждер мен дүкеншілер арасындағы эмигранттардың тұрмыс күйіне наразылық туралы әңгімелер қызықтырады... Әркімнің өз қызығы бар.

Ал солай бола тұрса да, титықтатқан, мезі қылған, күйгелектікпен күн кешкен эмиграниттық өмірдің барлық ауыртпалығын көрген кезде және Щепетев, Струве, Головин, Изгоев мырзалар мен $К^0$-ның өмірін ойлаған кезіңде былай демей де ешбір тұра алмайсың: «зиялы адамдардың» осы қоғамына жатпайтынымыз, осы адамдар бара алатын, оларға онда қолдарын беретін қоғамға жатпайтынымыз қандай өлшеусіз бақыт!

Бұл «зиялы қоғамда», сірә, ешбір жанжал болмайтын болар. Жезөкшелер жолдастық дәрежесінен сәл кем жағдайда бұл мырзалардың пәтерлерінде болмайды. Жоқ. Олар басқа пәтерлерде қалады.

Бұлар сияқты жұрттың балдарында жұмыссыздар жанжал жасамайды. Олардың балы тәртіпті. Оларда бұл бөлектеулі: жезөкшелер (жұмыссыздардан шыққан) бір пәтерде, ал бал екінші пәтерде болады. Ал егер олар өздеріне көшірмешілер алатын болса, онда көшірмеші күн ілгері ақшаны қағып алып, оның үстіне жұмысқа салақсып кететін бассыздыққа олар еш уақытта жол бермейді.

Олардың арасында ақшаға бола жанжалдасу деген мүмкін емес. Олардың төңірегінде аш, азап шеккен, күйгелек, өзін-өзі өлтіруден қашпайтын адамдар жоқ. Ал егер «миллиондар» бүгін Струве мырза және $К^0$ арқылы «ғылыммен»,— ертең Головин мырза және $К^0$ арқылы депутаттық атақпен,— арғы күні Маклаков мырза және $К^0$ арқылы депутаттық және адвокаттық атақпен «достасатын» болса[64],— мұнда жанжал болғандай не бар??

Мұнда кілең бір ізгі ниеттілік. Егер Струве, Гредескул, Щепетев мырзалар және К^{0}-ның демократияға қарсы жазғандары Рябушинский, т. б. сияқтыларды сүйсіндіретін болса, мұнда тұрған ерсі не бар? Струве ақшалай көмек алмайды, ол «өзі» ойлаған жерден шыға біледі ғой! «Русская Мысль» — Рябушинский мырзалардың қаржысымен шығады деп ешкім айта алмайды. Кейбір «публицистердің» жазуынан Рябушинский мырзалардың алатын рақатын ерте кездегі помещиктердің өкшесін қаситын крепостной қыздардың оларға көрсететін рақатымен салыстыру ешкімнің де ойына кіріп шықпайды.

Струве мырзаның немесе Гредескул, Щепетев және солар сияқты мырзалардың өз сенімдерін көрсетіп жазған шимай-шатпақтары мен сөйлеген сөздері Россияның революцияға өшіккен копесі мен помещигінің өкшесін қасудың бір түрі болып шығатын болса, оған әлгі мырзалар, шынында да, неменеге айыпты?

Бұрынғы депутат Головин мырза пайдалы концессия алған болса, онда тұрған жанжал болғандай не бар? Ол депутат атағын тастады ғой!! Демек, ол депутат болған кезде концессия болған жоқ-ты, концессия тек даярланып қана жатты. Ал концессия алғаннан кейін ол депутат болуып қойды. Бұл істің кінәратсыз екені айқын емес пе?

Тек жалақорлар ғана қараңдар деп Маклаковқа меңзей алатыны айқын емес пе? Ол Тагиевті қорғағанда — оның өзінің «Речьке» жазған хатында мәлімдегеніндей — «өзінің сенімдері бойынша» қорғады ғой! Париждің бірде-бір консьерж әйелі және Париждің бірде-бір дүкеншісі бүкіл осы қадірменді кадет тобының тұрмыс қалпы мен іс-әрекетінен тіптен ешбір,— мүлдем ешбір сөлекет, қолайсыз, жанжалды — нәрсе таппайтынына ешқандай күмән келтіру мүмкін емес.

V

Щепетев мырзаның жалпы принципті пайымдауы толық келтіруге тұрарлық пайымдау:

«Осы кезге дейін, әсіресе революцияға қатысы бар топтардың ішінде, адамгершілік және альтруистік сезімдер жеке адамның талап-тілектерін тым тұқыртып-тежеп, көбінесе бүкіл еліміздің жалпы прогресі мен мәдени дамуына нұқсан келтіріп отырды. «Қоғам пайдасына» және «бүкіл халықтың игілігіне» ұмтылу өз басыңды, өзіңнің жеке тілектерің мен қажеттеріңді тым ұмыттырып жіберді; ұмыттырғанда да, қоғамдық сезімдер мен ұмтылулардың өзі пайдалы (!!) творчестволық және толық саналы жұмыс түрінде орындала алмайтын, қайта өзін өзі құрбан етудің енжарлық формаларына еріксіз жеткізетін дәрежеде ұмыттырды. Ал сонан соң арнайы тек осы салада ғана емес, сонымен қатар нағыз күнделікті қатынастар саласында да жеке адамның тілектері, бір жағынан, осындай ерлік іске, өзін-өзі құрбан етуге құмарлықты екінің бірінде сондай күшейтіп жіберетін «дертті ұждан» арқылы, екінші жағынан, мәдениетіміздің дәрежесінің төмендігіне байланысты өмірдің өзін жете бағалай білмегендік арқылы үнемі және барынша жаншылып отырды. Ал осының нәтижесінде келіп — үнемі әрі-сәрі болу, өз өміріңнің терістігін және тіпті «айыптылығын» үнемі сезіп отыру, өзіңді құрбан етуге, жарлылар мен пақырларға көмек етуге, ақырында, «өліп бара жатқандар тобына» баруға үнемі ұмтылып отыру — біздің әдебиетімізде соншама толық және соншама айқын бейнеленген факт болып отыр.

Француз халқының көзқарастары мен салт-саналарында мұндай еш нәрсені кездестіруге болмайды...»

Мұның өзі — Гредескул мырзаның саяси және программалық мәлімдемелеріне берілген түсінік, оның бұл мәлімдемелерін «Речь» ешбір ескертусіз басқан-ды, бірақ «Речь» бұларды ұмытқысы келген кезде «Правда» (№ 85) бұларды еске салған болатын.

Мұның өзі — «Вехидің» жалғасы және қайталануы. Осы келтірілген пайымдаудың мысалында мына жағдайға сенген үстіне сене түсуге болады, сену керек те: «Вехи» тек сырт қарағанда ғана «интеллигенциямен» жауласып отыр, ал іс жүзіне келгенде ол *демократиямен жауласып отыр,* демократиядан бүтіндей безіп отыр.

«Вехидің», Гредескулдің және «Речьтің» бірлігі қазір, сайлау күндерінде, кадеттер демократизмді жақтағансып, саясаттың нағыз маңызды және түбегейлі принципті мәселелерінің бәрін көмескілеуге және көрсетпеуге жанталаса тырысып жатқан кезде ерекше баса көрсетілуге тиіс. Демократияның практикалық келе-

лі міндеттерінің бірі — осы мәселелерді сайлау жиналыстарында көтеру,— мүмкін болғанынша неғұрлым қалың жұртшылыққа Щепетев мырзалар мен барлық вехишілдердің сөздерінің мән-мағынасын түсіндіру,— «Русская Мысльде» конституциялық-демократиялық *партияның мүшелері* мақалалар жазып отырса да «Русская Мысль» үшін жауапкершілікті өздеріне алмауға тырысатын «Речь» пен Милюковтардың екіжүзділігін әшкерелеу.

Гредескул, Милюков мырзалардың және басқалардың вехишілдермен «таластары», олармен «айтысулары» тек көз бояу ғана, бүкіл конституциялық-демократиялық партия мен «Вехидің» терең жатқан принципті ынтымақтастығын екіжүзділікпен бүркеу ғана. Шынына келгенде, жоғарыда келтірілген цитаттың негізгі қағидаларына қарсы «таласуға» бола ма? Демократия атаулының ең қарапайым принциптерінен үзілді-кесілді безудің осы уағызына *толық* жауапкер болмай, әлгіндей көзқарастағы адамдармен бір партияда қалуға бола ма?

Мәселені «Вехи» à la «дарашылдықты» «альтруизмге» және т. с. қарама-қарсы терминдермен қоюға келісетін адамдар мәселені көмескілейді. Бұл сөздердің саяси мәні айдан айқын: бұл—демократияға *қарсы* бетбұрыс, бұл — *контрреволюциялық* либерализмге бетбұрыс.

Бұл бетбұрыс кездейсоқтық емес, буржуазияның таптық жағдайының нәтижесі екенін түсіну керек. Осыдан келіп демократизмнің либерализмнен айқын жік ашуына байланысты қажетті саяси қорытындылар жасау керек. Бұл ақиқаттарды түсінбей тұрып, оларды халық бұқарасының арасына кең таратпай тұрып, алға қарай ешбір елеулі қадам басу туралы сөз де болуы мүмкін емес.

«Невская Звезда» №№ 24 және 25, 2 және 9 сентябрь, 1912 ж. Қол қойған: В. И.

«Невская Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕР МЕН НОВОВРЕМЯШЫЛДАРДЫҢ БІРІГУІ

Сайлау науқанын бізде мандаттар алу үшін, яғни Думадан орын алу үшін күресу деп қарауға бейімдік тым жиі кездеседі.

Саналы жұмысшылар үшін бұл науқан—ең алдымен және көбіне-көп принциптер үшін, яғни негізгі көзқарастар үшін, саяси сенімдер үшін күрес. Бұқара алдында жүргізілетін және бұқараны саясатқа тартатын мұндай күрес өкілдік құрылыстың басты артықшылықтарының бірі болып табылады.

Біздегі кадеттер либерализм мен демократизм туралы, «бейбітшілік» саясаты мен тап күресі саясаты туралы біздің принципті мәселелерді алға қоюымызға жауап ретінде істің мәні жөнінде айтысудан жалтарады, сөйтіп біздің, бейне бір, «кадеттерге күн көрсетпеуіміз» туралы оңды-солды күңкілдеумен болады.

Ал бұл екі ортада кадеттер мен нововремяшылдардың орыс өмірінің ең маңызды мәселелерін бағалауда адам тебірентерлік принциптік бірігулерінің фактілері ап-айқын көрініп тұр.

«Русская Мысльдің» 8-кітапшасы шықты. Бұл журналды кадет Струве редакциялайды, ал оған Изгоев, Северянин, Галич және басқа толып жатқан кадеттер жазып тұрады.

А. Щепетев мырза мұнда «Париждегі орыстар» деген атпен революция мен революционерлер жөнінде жиркенішті қаражүздік пасквиль бастырып отыр. «Новое Время» *дереу* «Русская Мысльдің» бастаған әніне қо-

сыла кетіп, оның толып жатқан «тамаша жерлерін» цитатқа келтіреді және масаттана аптығып: «Адам баласының бұл сияқты бейшара өкілдерінің (яғни «Русская Мысльдің» бейнелеуінде революционерлердің) орыс өмірін жаңартушылар роліне дәмеленуін қарай көріңдер» деп лепіреді.

Ал ресми-кадеттік «Речь» енді бізге не айтар екен?— мұның сайлауға, яғни жайлы орын алу үшін күреске «қатысы жоқ» дер ме екен?— әлде «Речь» «Русская Мысль» үшін «жауапты емес», яғни *бірде-бір* кадеттік конференция тіпті бір рет те айыптамаған өз мүшелеріне партия жауапты емес дер ме екен?

«Речь» жалтарып, бұлтара берсін, принципсіз және тұрлаусыз адамдар біздің «кадеттерге күн көрсетпейтіндігімізге» таңдана берсін, ал біз Россияның азаматтарына: кадеттердің *принциптерін* байыптап түсініп алыңыздар да, «конституцияшыл демократтар» демократияның жер-жебіріне жетіп қаралап жатқанда, масқара түрде немқұрайды болмаңыздар дегенді айтудан жалықпаймыз.

Қаражүздік-кадет Щепетев мырзаның мақаласындағы азғана, бірақ нағыз айқын, оның үстіне өсек емес, принципті жерлері мынадай:

«Осы кезге дейін, әсіресе революцияға қатысы бар топтардың ішінде, адамгершілік» (яғни адамды сүюшілік) «және альтруистік» (өзімшіл емес, өз басының қамын ғана ойламайтын) «сезімдер жеке адамның талап-тілектерін *тым* тұқыртып-тежеп, көбінесе бүкіл еліміздің жалпы прогресі мен мәдени дамуына нұқсан келтіріп отырды. «Қоғам пайдасына» және «бүкіл халықтың игілігіне» ұмтылу — (кекеткен тырнақшалар «Русская Мысльдікі») өз басыңды, өзіңнің жеке тілектерің мен қажеттеріңді тым ұмыттырып жіберді... Ал осының нәтижесінде келіп — үнемі әрі-сәрі болу, өз өміріңнің терістігін және тіпті «айыптылығын» үнемі сезіп отыру, өзіңді құрбан етуге, *жарлылар мен пақырларға көмек етуге*, ақырында, «өліп бара жатқандар тобына» баруға үнемі ұмтылып отыру — біздің әдебиетімізде соншама толық және соншама айқын бейнеленген факт болып отыр» («Русская Мысль» № 8, 152—153-беттер).

Бүкіл демократияның ең әліппелік, ең қарапайым қағидаларын, сенімдерін, принциптерін жер-жебіріне жетіп қаралап отырған осындай мырзаларды өз ката-

рында ұстауға төзе тұра, демократияшыл болуға дәмсленетін партия қандай жиренішке лайық.

Либерал буржуазия демократияға өшігіп алды — мұны «Вехи» деген кітапша дәлелдеді, мұны ай сайын «Русская Мысль» дәлелдеп отыр, мұны Карауловтар мен Гредескулдер дәлелдеді.

Өздері мен демократияның арасына либералдардың өздері меже қойып отыр.

«Правда» № 109, 5 сентябрь, 1912 ж.
Қол қойған: И. В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Н. С. ПОЛЯНСКИЙДІҢ ХАТЫ ЖАЙЫНДА

Н. С. Полянскийдің деревнядан келген, «Правданың» осы номерінде басылып отырған хаты өте қызық мәселені қойып отыр. Бұл мәселе жөнінде шаруалардың өздерінің жиі-жиі пікір айтып тұрғандары жақсы болған болар еді.

Ал өз тарапымыздан біз мынаны атап көрсетуді қажет деп білеміз.

Н. С. Полянскийдікі әбден дұрыс — тек «ерікке еріншек» қана болыстық жиынды ақымақтар деп есептей алады. Белгілі бір жерде жерді пайдалану мен жер иеленудің қандай формасы қолайлырақ болатынын тек шаруалардың *өздері* ғана шеше алады. Шаруалардың жерді ерікті түрде билеуіне заңның немесе әкімшілік орындарының араласуының қандайы болса да — крепостниктік правоның қалдығы. Мұндай араласудан іске келетін зияннан басқа, шаруаны кемсіту мен қорлаудан басқа ештеңенің де шығуы мүмкін емес.

Жұмысшы-шаруа «Правданың» 38-номеріндегі өзінің хатында мұндай араласудан қандай мағынасыз әурешілік туатынын тамаша көрсетті.

Енді: хутор керек пе әлде қауым керек пе? деген мәселеге өмір бойы еңбек етіп, өмір бойы қаналуға душар болып отырған ондаған миллион адамдар қалай қарауға тиіс екенін қарастырып көрейік.

Бұл адамдардың ойлауына тура келіп отырғаны тіпті де хутор керек пе әлде қауым керек пе деген ой емес. Олар өздерін кім қанап отырғанын, бұл қаналуды қа-

лайша жеңілдетуге және жоюға болатынын ойлауы керек.

Мәселен, Европалық Россияда 30 000 аса ірі помещиктің қолында 70 000 000 десятина жер бар, ал 10 000 000 кедей шаруаның қолында соншалық қана жер бар. Бұл шаруалар хуторда тұра ма әлде қауымда тұра ма, бұдан олардың қайыршылық күн көрісі тырнақтай да өзгермейді. Егер менің семьяма жеті десятина нашар жерім болса, ал қасымдағы помещиктің 2000 десятина тамаша жері болса, онда хутор бола ма, қауым бола ма,— бәрібір крепостниктік право тұсындағыдай дерлік болады да шығады.

Аш адамды: хутор керек пе әлде қауым керек пе, ботқадан жасалған самса керек пе, әлде капустадан жасалған самса керек пе деген сөздермен алдаусыратады. Ал біз алабота жеп, батпақта немесе құмайтты жерде тұрамыз, суат үшін, жайылым үшін және егістік үшін барщиналық жұмыс істейміз.

Хуторлар арқылы — үлкен помещиктерді қорғау үшін — «кішкене помещиктер» жасағысы келеді. Бірақ миллиондаған және он миллиондаған шаруалар бұдан тек бұрынғыдан да бетер ашыға түсетін болады.

Батыс Европада крепостниктік езгі қалдықтарының қандайы болса да біржола жойылған *жерлерде ғана* ауыл шаруашылығы шын мәнісінде тез және ойдағыдай дамыды.

Егіншілік жақсы жолға қойылған нағыз еркін деген елдерде шаруа мен жұмысшыны езетін тек бір ғана күш — капитал күші қалып отыр. Бұл күшке қарсы тек бір нәрсе: жалдама жұмысшылар мен күйзелген шаруалардың ерікті одағы ғана көмек ете алады. Осындай одақтардан жаңа қоғамдық тәртіп өркен жаяды, ал бұл тәртіптің тұсында ұқсатылған жерлер, тамаша машиналар, бу мен электр қуаты ат төбеліндей миллионерлерді байыту үшін емес, еңбекшілердің өздерінің тұрмысын жақсарту үшін қызмет ететін болады.

«Правда» № 118, 15 сентябрь, 1912 ж.
Қол қойған: Ф р.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

САЯСИ БАҒЫТ ТУРАЛЫ

«Невская Звезда» мен «Правданың», күмән жоқ, толық қалыптасқан пішіні бар; оны жұмысшылар ғана емес, сонымен қатар,—«Правда» мен «Невская Звездаға» қаражүздіктер мен октябристердің де («Россия», «Новое Время», «Голос Москвы» және т. т.), либералдардың да («Речь», «Запросы Жизни»[65] және басқалар) шабуыл жасап отырғандығынан,— Россияның саяси партияларының бәрі біледі.

Осы аты аталған газеттердің жүргізіп отырған саяси бағытына баға берудің сайлау алдындағы науқан тұрғысынан қарағанда ерекше мәні бар, өйткені осындай баға беру негізінде түбегейлі принципті мәселелер жөніндегі көзқарастар сөзсіз тексеріледі. Міне, сондықтан да біз Н. Николиннің «Невский Голостың» 9-номерінде «Правда» мен «Невская Звезда» газеттерінің бағыты туралы жазған мақаласына тоқталмақпыз. Оқушының өзі де көрер, бұл мақалада барынша ашулы сөздер аз емес, бірақ автор маңызды мәселелерді мәніне үңіле сөз етуге әрекеттеніп отырғандықтан, ондайларды елемей-ақ қоюға болады (және елемеуге тиістіміз).

«Көп жағынан қарағанда,— деп жазады Н. Николин,— «Правда» Россия пролетариатының тілектерін, мұқтаждарын, қажеттерін және мүдделерін білдіруші болу міндетін едәуір қанағаттанарлық түрде орындап отырғанын мен мойындауға тиіспін. Өкінішке орай, өзінің осы пайдалы жұмысын ол саяси болмысты мүлдем солекет, шындықтан аулақ және нәтижелері жағынан

мейлінше зиянды түрде суреттеуімен құнын едәуір түсіріп алады».

Ашулы сөздерді былай қоя тұрып, басты мәселені: саяси болмыстың сипатталуын алалық. Шын мәнінде түбегейлі мәселені осылайша тура қойғаны үшін біз автордың шамдануын ықыласымызбен кешіреміз. Кәне, мәселенің мәні жөнінен айтысып көрелік. Шынында да, біздің «саяси болмысымыздың» *нақ қандай* екеніне берік көзқарастарымыз болмайынша, практикалық жұмыс саласында бір қадам да ілгері басуға болмайды.

Мәселені тікесінен қойып алып, Н. Николин оған мынадай жауап берді:

««Правда», бұл ретте «Невская Звездадан» үлгі алып, өзінің оқушыларын: жұмысшы табы жаңа Россияны либералдарға қарамастан құруға тиіс деп сендіруге тырысады. Бұл, әрине, асқақ естіледі, бірақ онда сорақылықтан өзге ештеңе де жоқ. Жаңа Россияны ешкім құрмайды, ол әр түрлі мүдделер күресінің күрделі процесінде *құрылып жатыр* (астын сызған Н. Николиннің өзі), ал жұмысшы табының міндеті — *басқалар үшін және осы басқалардың бәріне қарамастан* жаңа Россияны құрудың қиялдағы жоспарларымен әуреленү емес, осы Россияның шеңберінде өзінің бұдан арғы дамуына ең қолайлы жағдайлар жасап алу».

Мәселенің тоқ етерін бір-ақ айтуға тырысып отырғаны үшін біз автордың «ашу шақырып» тым шамдануын бұл жерде де шын ниетімізбен кешіреміз. Н. Николин біздің терең алауыздықтарымыздың ең терең көздерінің біріне бұл арада көптеген жойымпаздардан гөрі анығырақ, шын ниетімен және ойланыңқырап соғып өтеді.

«...Жаңа Россияны ешкім құрмайды, ол... процесінде *құрылып жатыр...»* деген бұл тамаша пайымдау бүкіл жойымпаздық (және тіпті кеңірек алғанда: бүкіл оппортунистік) музыканың негізгі және өзгермейтін әуені екенін кім білмейді?

Бұл пайымдауды зер салыңқырай талдап көрелік.

Егер жаңа Россия әр түрлі мүдделер күресінің процесінде құрылып жатса,— онда бұл *әр түрлі* мүдделері бар *таптар* жаңа Россияны түрліше *құрып жатыр* деген сөз. Бұл айдан анық. Ендеше, Н. Николиннің: «жаңа

Россияны ешкім құрмайды, ол... *құрылып жатыр* және т. т.» деген *қарама-қарсы қағидасының* қандай мағынасы бар?

Мүлдем ешқандай мағынасы жоқ. Бұл — нағыз қарапайым логиканың тұрғысынан қарағанда да мағынасыз нәрсе.

Бірақ бұл мағынасыздықта *өзінің логикасы,* оппортунизмнің логикасы бар; ол оппортунизм өз позициясын «марксистерше» қорғауға тырысып, Николинның қателеріне әлдеқалай емес, сөзсіз сырғып түседі. Міне, осы «оппортунизм логикасына» тоқталу керек болады.

Кімде-кім: жаңа Россияны мынадай-мынадай таптар *құрып жатыр* дейтін болса, оның марксизм негізінде берік тұрғаны сонша, оны Н. Николиннің ашулы сөздері түгіл, тіпті... тіпті «бірігімпаздық-жойымпаздық» конференциялар мен олардың қандай болсын сөз жүзіндегі «күркіреулері» де ауытқыта алмайды.

Кімде-кім: «жаңа Россияны ешкім құрмайды, ол... *құрылып жатыр* және т. т.» дейтін болса, ол тап күресінің объективизмінен (яғни марксизмнен) өмір шындығын буржуазиялық ақтаудың «объективизміне» сырғып түседі. Н. Николиннің (өзі сезбей) марксизмнен оппортунизмге ауып түсу кінәсының негізі тап осы арада.

Егер мен: жаңа Россияны, айталық, ақиқаттың, әділеттіктің, еңбек теңгермесінің және т. с. тұрғысынан, *міне, былайша* құру *керек* дейтін болсам, бұл мені құрғақ қиял саласына түсіріп жіберетін субъективизм болады. Іс жүзінде жаңа Россияны құруды менің тамаша жақсы тілектерім емес, таптардың күресі белгілейді. Шын мәнінде өмір сүріп отырған таптың, тұрмыс жағдайлары себепті белгілі бір бағытта қимылдауға мәжбүр болып отырған таптың, мүдделерін білдіретін болғанда ғана, менің жаңа Россияны құру жөніндегі мұраттарым бос қиял болмайды. Тап күресі объективизмінің осы тұрғысына көшкенде, мен өмір шындығын ешқандай да ақтамаймын, қайта осы өмір шындығының *өзіндегі* оны жаңадан құрудың нағыз терең (ә дегенде көрінбейтін болса да) көздері мен күштерін көрсетемін.

Егер мен: «жаңа Россияны ешкім құрмайды, ол мүдделердің күресінде *құрылып жатыр»* дейтін болсам, онда мен *мынадай-мынадай* бір таптардың күресінің айқын суретіне бірден бір жамылғы жапқан болып шығамын, мен билеуші таптардың, яғни әсіресе буржуазияның қимылының көзге түсерін ғана көретін адамдарға жеңілдік жасаймын. Мен буржуазияны ақтауға еріксіз сырғып түсемін, тап күресі объективизмінің орнына ең көрнекті деген немесе уақытша табысқа жетіп отырған буржуазиялық бағытты өзіме өлшем етіп аламын.

Мұны тарих саласынан алынған мысалмен түсіндірейік. Жаңа Германия (XIX ғасырдың 2-жартысындағы Германия) әр түрлі мүдделер күресінің процесінде «құрылды». Оқығандарының ішінен ешбір буржуа бұған таласпайды,— және бұдан әрі де бармайды.

Ал Маркс *жаңа* Германияны құрудың нағыз «шешуші» дәуірінде былай пайымдаған.

«Әуел бастан антиреволюциялық ірі буржуазия,—деп жазды Маркс 1848 жылы,— халықтан, яғни жұмысшылар мен демократиялық буржуазиядан қорқып, реакциямен бірге қорғану және шабуылға кошу жөнінде одақ жасады». «1789 жылғы француз буржуазиясы өзінің одақтастарын, шаруаларды, бір минут та тастаған жоқ. Ол деревняда феодализмді құрту, еркін жер иеленуші шаруалар табын құру өз үстемдігінің негізі екенін білді. 1848 жылғы неміс буржуазиясы шаруаларды, бұларсыз дворяндарға қарсы тұруға шамасы келмейтін, өзінің қаны-тегі бір нағыз табиғи одақтастарын ешбір ұялмай-қызармай сатып кетті. Феодалдық праволардың сақталуы... 1848 жылғы неміс революциясының нәтижесі осындай. Тау толғатып, тышқан туды»[66].

Марксте жаңа Германияны *құрған таптар* алдында тұрғандай бірден көзге түседі.

«Объективизмге» бола өмір шындығын ақтайтын буржуазияшыл ғалым былай дейді: Бисмарк Марксті жеңді, Бисмарк «әр түрлі мүдделер күресінің күрделі процесінде жаңа Германияның» қалай *«құрылғанын»* есепке алды. Ал Маркс болса, либералдарға қарамас-

тан, жұмысшылардың және демократиялық (реакциямен одақтасуға бармайтын) буржуазияның күшімен ұлы германиялық демократиялық республиканы «құрудың қиялдағы жоспарларымен әуре болды».

Буржуазиялық оқымыстылар мың құбылтып нақ осыны айтуда. Бұл мәселені таза теориялық жағынан қарастыра келіп, біз өзімізден: бұлардың қатесі неде? — деп сұраймыз. Қате тап күресін бүркеу мен көмескілеуде. Бисмарктік Германияны «опасыздықтары мен сатқындықтары» өзін «дворяндарға қарсы тұруда дәрменсіз» еткен буржуазияның құрғандығы туралы шындықты олардың (Германия процесте *құрылды* және т. т. деген сияқты терең мағыналысымақ сөздер арқылы) бүркеуінде.

Ал Маркске тап күресінің объективизмі, саяси болмысты әсте ақтамай-ақ, қайта ондағы, атап айтқанда демократиялық Германияны құрған, тіпті оқиғалар барысының Бисмаркке айрықша қолайлы болып шыққан кезінің өзінде демократизм мен социализмнің тірегі бола білген таптарды көрсете, атап өте отырып, *саяси болмысты* жүз есе тереңірек және дәлірек түсінуге мүмкіндік берді.

Маркстің саяси болмысты дұрыс және терең түсінгені соншалық, ол Бисмарк Германиясының *мәнін* жарты ғасыр бұрын 1848 жылы: бұл — «дворяндарға қарсы тұруга дәрменсіз» буржуазияның Германиясы деп бағалады. Маркстің бұл бағалауынан 64 жыл кейін, 1912 жылғы сайлауда либералдардың мінез-құлқынан ол баға толық дәлелденіп шықты.

1848 жылдан бастап либералдарға қарсы аяусыз, адам айтқысыз қатаң және либералдарды жаппай ұлытқан (қатты айтқаныма гапу етіңіз, сүйікті Николин!) күрес жүргізе отырып, ұлы германиялық демократиялық мемлекет «жоспарын» қорғаған кезде, Маркс пен марксистер әсте «құргақ қиял» адамдары болған жоқ.

Қайта, осы «жоспарды» қорғай отырып, оны айнымастан насихаттай отырып, оған опасыздық жасаған либералдар мен демократтарды соққылай отырып, Маркс пен марксистер атап айтқанда бойында «жаңа

Германияның» *өміршең* күштері жатқан тапты тәрбиелеп шығарды; бұл тап — Маркстің дәйекті, қалтқысыз батыл уағыздауының арқасында — қазір бисмарктік буржуазияның ғана емес, онымен қатар буржуазия атаулының бәрінің көрін қазушы ретіндегі өзінің тарихи ролін атқаруға даяр болып, сақадай сай тұр.

* *
*

Германияның тарихынан алынған мысал бізге Николиннің көзқарастарындағы *оппортунизмнің логикасын* көрсетеді; оның бізді «кадеттерге күн көрсетпейді» деп ашумен сөгіп отырған *себебі де нақ сол* — ол өзінің либералдық жұмысшы саясатының жойымпаздық идеяларына түсіп бара жатқанын *көрмейді.*

Н. Николин (ал ол жалғыз емес!) неғұрлым көбірек ашуланып, теріс қараған сайын біз оған, публицистік қызметімізді атқарып, соғұрлым түсіндіріңкіреп, тыңғылықтаңқырап былай деп қайталайтын боламыз: кадеттерге және жойымпаздарға қарсы біздің күресіміз әбден ойластырылған және бес жылдан астам уақыт (ал шынын айтқанда, он жылдан астам уақыт) бойында марксистердің бәрінің ресми шешімдерінде сан рет баянды етілген пікірлерден туады. Н. Николиннің — және оның қорғап отырған жойымпаздарының да — қырсығы мынада: олар осы әлдеқашанғы, өте көп, дәл, ресми түрдегі тактикалық шешімдерге тіпті шамалап болса да тұжырымдалған, тиянақты, айқын *еш нәрсені* қарсы қоя алмайды.

«Жұмысшылар жаңа Россияны либералдарға қарамастан құруға тиіс» деген сөз тіпті де «асқақ» сөз емес. Бұл пікір марксистердің көпшілігі мойындайтын бірсыпыра тактикалық шешімдерде айтылғанын Н. Николин жақсы біледі. Шын мәнінде бұл — Россияның ең болмаса соңғы он жыл ішіндегі саяси тәжірибесін жай *қорыту ғана.* Бұл — соңғы 10 жылдың ішінде Россияның жұмысшы табы жаңа Россияны «либералдарға қарамастан» *құрып келгені* ешбір талассыз тарихи факт. Бисмарк болғысы келетін орыс дәмегөйлерінің

уақытша «табыстары» қандай болғанымен, мұндай «құрылыстың» жұмысы *еш уақытта* босқа кетпейді.

Басқа елдердің оппортунизмі сияқты, тұрлаусыз, айқын емес, су жыландай орыс оппортунизмі өзінің көзқарастарын анық, айқын білдіре алмайды, жұмысшы табы жаңа Россияны либералдарға қарамастан құруға тиіс *емес,* мынаны-мынаны істеуге тиіс деп ресми түрде айта алмайды. Егер оппортунизм айқын және тура жауап бере алатын болса, ол оппортунизм де болмас еді. Бірақ жұмысшылар саясатына өзінің наразылығын, өзінің буржуазияға бейімділігін оппортунизм: «жаңа Россияны ешкім құрмайды, ол мүдделер күресі процесінде *құрылып жатыр»* деген сөздермен білдіреді.

Ал *құрылып жатқанның* ішінен бәрінен айқын көрінетіні, бәрінен айқын көзге түсетіні, өткінші табысқа жетіп, «тобырды» тәнті қылып отырғаны, бұл — либералдар *түзеп отыратын* дворяндар мен буржуазияның «құрылысы». «Қандай таптардың нақ қалай құратынын айырып жатудың қажеті не, онысыз бос қиял; *құрылып жатқан* нәрсені алу керек»,— міне, Николиннің пайымдауының шын мәні осы, нағыз «оппортунизм логикасы» осы.

Тап күресін ұмыту дегеніңіздің өзі осы болады. Либералдық жұмысшы саясатының принципті негізі дегеніңіздің өзі осы болады. Нақ осындай «логика» арқылы жұмысшы табы гегемон ролінен, яғни ақиқат, дәйекті, риясыз демократияның басшысы ролінен либералдардың қара жұмысшысы роліне түсіріледі.

Осыдан келіп біздерге, орыстарға, жақсы таныс мына факт туады: *сөз жүзінде* оппортунистер пролетариаттың «дербес» бағыты мен партиясын мойындайды, оны, әлбетте, Николин де мойындайды. Ал *іс жүзіне* келгенде ол нақ *дербес емес* бағытты, либералдық жұмысшы саясатының бағытын қорғайды.

Николин бізге жұмысшы табының дербестігін, *жариялаудың* маңызының қаншалық аз екендігін түсіндіреді, көрсетеді. Оны жойымпаздардың «Невский Голостың» 8-номерінде хабарланған платформасы да жариялаған, оны Николиннің өзі де жариялаған, бірақ ол сол

арада-ақ, «дербестікті» сол *жариялаған* кезінің өзінде-ақ *дербес емес* саясатты уағыздайды.

Жұмысшы табының қазіргі саясатта, демократизмнің барлық мәселелерінде, либералдарға қарамастан, өзінің бағытын жүргізуінен (немесе, *бұл да осы сияқты,* «жаңа Россияны құруынан») бас тарта отырып, Николин іс жүзінде жұмысшы табын либералдардың соңынан салпақтауға шақырады.

Істің мәні, міне, осында. «Оппортунизмнің логикасы», міне, осындай. Ал жұмысшы табын «оқшауламау» керек, «саяси бостандық жолындағы күрестің ауыртпалығы жұмысшылардың иығына түспеуге тиіс», «күштерді ыдырату керек емес, үйлестіру керек», т. с. деген сияқты пайымдауларды алатын болсақ, оның бәрі бос ділмарсушылық қана ғой. Іс жүзінде мұның бәрі кәдімгі: оқшауланбаңыздар *(либералдардан),* «күштеріңізді үйлестіріңіздер» *(либералдардың саясатымен),* либералдық саясатты Пуришкевичтермен мәмлеге келу жолындағы емес, саяси бостандық жолындағы шын күрес деп таныңыздар дегендердің, т. т. және т. с. суреттемесі, қайталап айтылуы.

Біз бұл ділмарсушылыққа тоқтамадық, өйткені мәселенің мәні жөнінде таласпақ болса, өзінің негізі жағынан теріс бағытты ділмарсып әшекейлеуді алмай, алауыздықтардың нағыз бастама пункттерін, негіздерін алу керек.

«Невская Звезда» № 26,
16 сентябрь, 1912 ж.
Қол қойған: М. М.

«Невская Звезда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

КАДЕТТЕР САЙЛАУҒА НЕМЕН БАРА ЖАТЫР?

«Речьтің» 15 сентябрьдегі сенбілік бас мақаласы конституциялық-демократиялық партияның негізгі саяси принциптерінің нағыз баяндалуы болып шыққан. Либералдық-монархиялық буржуазияның басты партиясының бұл принциптері қазір неменеге келіп саяды?

Мынадай үш пунктке келіп саяды: 1) «сайлау правосын кеңейту», 2) «Мемлекеттік советті түбегейлі реформалау» және 3) «министрліктердің халық өкілдері алдында жауаптылығы». Бұған одақтар (коалициялар) бостандығы және барлық басқа да бостандықтар, ұлттардың тең праволылығы, деревняның жіктелуін «кідірту және бәсеңдету», т. т. және т. с. қосылатыны өзінен-өзі түсінікті.

Оқушылар либералдардың осы «үш пунктін», саяси мәселеге де, жұмысшы мәселесіне де, шаруа мәселесіне де нақты жауап берген жұмысшы демократиясының «үш пунктімен» салыстырып көрсін. Жұмысшы демократиясының «үш пунктінде» барлық пәле мен жоқшылықтың нағыз көзі, бұлардың нағыз «өзегі» және бұлардан құтылудың әдісі де айдан анық көрсетілген.

Ал кадеттердің либералдық платформасы — өйткені формальды жағынан емес, қайта істің мәніне келгенде, мұның өзі нақ сайлау платформасының өзі — аздаған конституциялық реформаларды *тілеу* ғана. Октябристік тілектерден бұл тілектің айырмасы болмашы ғана.

Басты мәселе көлеңкеде қалып қойған; либералдық-монархиялық буржуазиялық партияның басты мәселе

туралы айтар ештеңесі жоқ. Егер кадеттер «қанағатшылдығымен алғысы» келетін болса, онда Гучков мырзалар қанағатшылдықты іс жүзінде сынап көрді ғой — соның нәтижесі ше? Нәтижесі — нольге тең!

Біздің тілейтініміз азын-аулақ нәрсе — деп мақтапады кадеттер. Бірақ, бұл «көзірмен» октябризм ойнап көрген, мырзалар. Кадеттер мен октябристер[67] бірінің сөзін бірі киіп кетіп барлық үш Думада біз азын-аулақ, ынсапты, ең аз европалық мөлшерді ғана тілейміз деп, «өкімет» пен «қоғамды» сендірумен болған. Нәтижесі — нольге тең!

Жоқ, мырзалар, сіздер конституциялық реформаларды үш пунктте тізіп шығасыз ба не жиырма пунктте тізіп шығасыз ба,— бәрібір сіздердің платформаларыңыз өлексе платформа болып қала береді. Конституциялық реформалар жөнінде, өзің күлкі болмайын десең, саяси бостандықтың негіздері мен тіректері бар, қалыптасқан, қамтамасыз етілген, мықтап бекіген жерде ғана және сондай кезде ғана айтуға болады.

Россияда мұның әлі жоқ екенін сіздер өздеріңіз білесіздер, сондықтан да сіздердің ізгі тілектеріңіз демократияға құтылу жолын көрсетпейді, қайта оны алдамшы үміттермен алдайды!

1912 ж. 17—18 сентябрьде (30 сентябрь — 1 октябрьде) жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АМЕРИКАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Американың «Парасатқа шақыру»[68] атты апталық жұмысшы газетінің Европада алынып отырған соңғы номері бұл газеттің таралуы 984 000 данаға жеткенін хабарлайды. Жергілікті жерлерден алынған хаттар мен талаптарға қарағанда —деп жазады редакция (жаңаша 7 сентябрьдегі 875-номері)—жуық арадағы апталардың ішінде біздің миллионнан асып түсетініміз күмәнсыз болып отыр.

Бұл цифр — американ соттары арсыздықпен ізіне түсіп, қудалап отырған және қудалау үстінде өсіп-нығайып келе жатқан социалистік газеттің миллион данаға жетуі — Америкада қандай төңкерістің жақындап келе жатқанын ұзақ пайымдаулардан гөрі айқынырақ көрсетеді.

Жуырда сатқын жазушысымақтардың органы, жағымпаз газет «Новое Время» Тафттың, Рузвельттің, Вильсонның, республика президенттігіне буржуазиялық партиялардан ұсынылған кандидаттардың *бәрінің* сұмдық сатқындық фактілерін табалаған түрде қайта баяндай келіп, Америкадағы «ақшаның күші» туралы жазды. Міне сізге, еркін, демократиялық республиканың сиқы осы — деп күңкілдеді орыстың сатқын газеті.

Саналы жұмысшылар бұған былай деп сабырмен және асқақ жауап қайырады: кең өрісті демократияның маңызы жайында біз ешбір адаспаймыз. Дүние жүзінде ешқандай демократия тап күресін және ақшаның құдіреттілігін жоя алмайды. Демократияның маңызы

мен пайдасы эсте мұнда емес. Оның маңызы мынада: демократия тап күресін кең, ашық, саналы күрес етеді. Ал бұл — сәуегейлік емес, тілек емес, факт.

Германияда социал-демократиялық партия мүшелерінің саны 970 000 адамға жетіп отырған кезде, Америкада апталық социалистік газеттің таралуы 984 000 данаға жетіп отырған кезде,— көру үшін көзі бар адамның қай-қайсысы да мынаны мойындауға тиіс: жалғыздаған пролетар әлсіз; миллиондаған пролетар — құдіретті күш.

«Правда» № 120, 18 сентябрь, 1912 ж.
Қол қойған: М. Н.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БІРЛІГІ ЖӘНЕ САЙЛАУ

«Бірлік» туралы сылдыр сөздер—«Правданың» бір қызметкерінің әділ көрсеткеніндей — жойымпаздардың бірлікті бұзу үшін *сайлау күні* шыққан «Луч»[69] газетінде лық толы.

Петербург губерниясындағы жұмысшы куриясы бойынша сайлаудың шешуші кезеңі жақын арада, 5 октябрьдегі жұма күні болмақшы. Бұл күні жұмысшы уәкілдері 6 сайламшыны сайлайды. Нақ *осы* сайлаудың шешуші маңызы бар, өйткені егер сайламшылардың *бәрі* бірдей табанды, дәйекті жұмысшы демократтары және жойымпаздыққа қарсы шығушылар болмаса, онда Мемлекеттік думаға саналы жұмысшылар көпшілігінің қалайтынындай депутат сайланатынына ешқандай елеулі кепілдік болмайды.

Шешуші кезеңде жасқанып қалмас үшін жұмысшы демократтардың міндеттерін және уәкілдердің қимыл жасайтын жағдайын айқын түсініп алу керек.

Ендігі жерде істің бар мәні мынада: жойымпаздар бірлік туралы айқай-шуды желеу етіп, Петербургтің саналы жұмысшылары көпшілігінің еркін *бұзып* отыр, жұмысшы көпшілігіне интеллигенция, атап айтқанда жойымпаздық интеллигенция *азшылығының жікшіл* кандидаттарын таңып отыр.

Буржуазиялық елде сайлау атаулының бәрі дырду бос сөздер, беталды жалған уәделер беру үстінде өтеді. Социал-демократияның негізгі принципі— бос сөздерге сенбеу, істің мәнін талдау.

Жойымпаздардың өздерінің «Луч» газетіндегі бірлік туралы сөздері — шылғи жалған. *Іс жүзіне келгенде* саналы жұмысшылардың көпшілігі Петербургте *жойымпаздарға қарсы* бірлікті қазірдің өзінде орнатты, бұл бірлікті май айындағы бой көрсету орнатты, жойымпаздардың 16 тобына қарсы 550 жұмысшы тобының «Правданы» қолдауы арқылы орнатылды.

Міне, бұл сылдыр сөз емес, бұл іс. 550 топ 16-ға қарсы топтасса, бұл *бірлік* болып аталады. Егер 16 «өз» кандидатын 550-ге *таңса,* бұл жікшілдік болып табылады.

Қашып бара жатып: «ұрыны ұста!» деп айқай салатын ұры тәрізді жойымпаздар бірлік туралы айқайлап жүріп, жікшілдік жасауда.

Саналы жұмысшылар бос айқай мен сылдыр сөздерге алданып қалмаулары тиіс.

Сөзге сенбеңіздер, істің жағдайын байыптап қараңыздар. Марксист-жұмысшылардың орасан көпшілігі жойымпаздықтың қарсыластары. Жойымпаздарды жұмысшылардың болмашы азшылығы жақтайды, ал жойымпаздардың «күші» — буржуазиялық интеллигенция, ол журналсымақ бірдеңе шығара алады, сайлау күні жаңа газет ұйымдастыра алады, интеллигенттік сайлау комиссиялары, т. с. үшін «байланыстар», кісілер таба алады.

Бұл фактілер Питердегі социал-демократ атаулының бәріне белгілі.

Осыдан келіп жойымпаздардың бірлік туралы айқайшуларының қандай мәні бар екендігі айқын болады. Жойымпаздарға іш тартатын буржуазиялық интеллигенция осы айқайларды желеу етіп, жұмысшыларға жойымпаздардың кандидатын таңып, *жұмысшылардың* бірлігін бұзғысы келеді.

Міне, мәселе қайда жатыр. Жойымпаздардың «Лучының» «құйтырқылығы» міне, осындай.

Кімде-кім марксист-жұмысшылардың *шын* бірлігін қалайтын болса, ол барлық жойымпаздарға қарсы сайламшыларды сайлауға көмектесуге тиіс.

Кімде-кім шын бірлікті қалайтын болса, ол саналы

жұмысшылар көпшілігінің еркін жүзеге асыруға көмектеседі.

Кімде-кім бұл ерікті азшылықтың бұзуына көмектесетін болса, онда ол бірлік туралы даурықпа сөздер айтып, қаншалық айқайласа да, ең қас жікшілдің өзі!

1912 ж. 18 сентябрьден (1 октябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ИТАЛИЯНЫҢ ТҮРКИЯҒА ҚАРСЫ СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

Бітімнің алдын ала шарттарына Италия мен Түркия уәкілдерінің қол қойғаны телеграммалардан мәлім.

Италия «жеңді». Бұдан бір жыл бұрын ол Африкадағы түрік жерлерін талауға аттанған еді, ал бүгіннен бастап Триполи Италияның жері болмақ. XX ғасырдың «цивилизациялы» мемлекетінің осы кәдуілгі отарлау соғысына көз жіберу артық болмайды.

Соғыс неден туды? Соғыс жаңа рынокты керек етіп отырған, итальян империализмінің табысты болуын керек етіп отырған итальян финанс шонжарлары мен капиталистерінің пайдақорлығынан туды.

Бұл соғыс нендей соғыс болды? Жетілдірілген, цивилизациялық адам қырғыны болды, «ең жаңа» қару-жарақтардың көмегімен арабтарды қыру болды.

Арабтар жанталаса қарсыласты. Соғыстың бас кезінде итальян адмиралдары 1200 матросты абайсыз жағаға түсірген кезде, арабтар оларды бас салып, 600-ге жуық адамды қырып салды. «Мұның сазайын тартып» 3000-ға жуық араб қырғынға ұшырады, толып жатқан семья қырылып, жоқ болды, әйелдер мен балалар қырылды. Итальяндар — цивилизациялы, конституциялы ұлт қой.

1000-ға тарта араб дарға асылды.

Итальяндардың шығыны — 20 мың адамнан асты; соның ішінде аурулар — 17 429, хабарсыз кеткендер — 600, өлгендер — 1405.

Итальяндарға бұл соғыс 800 миллионнан астам лирге, яғни 320 миллионнан аса сомға түсті. Сұрапыл жұмыссыздық, өнеркәсіптің тоқырауы —соғыстың зардаптары.

Арабтардан 14 800 шамалы адам қырылды. «Бітім» болғанына қарамастан, соғыс іс жүзінде әлі де созыла берстін болады, өйткені Африка материгінің түпкірінде, жағалаудан шалғай жатқан араб тайпалары бағына қоймайды. Оларды әлі де көп уақыт бойы найзаның, оқтың, арқанның, оттың күшімен, әйелдерді зорлаумен «цивилизациялайтын» болады.

Италия, әрине, басқа капиталистік елдерден жақсы да емес, жаман да емес. Олардың бәрін де бірдей пайданың жаңа көзің табу үшін ешқандай қырғындардан тартынбайтын буржуазия басқарып отыр.

«Правда» № 129, 28 сентябрь, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚҰМАРЛЫҚ ОЙЫНЫ

«Новое Время» орыс ұлтшылдарының жоспарларын әбден ашып көрсетеді. Осы айтылып отырған топтардың, ал сонымен қатар октябристердің де арасында «ықпалды» осы газетті оқыған кезде олардың Түркияны тонау жөнінде қатаң жүргізіп отырған жоспары айқын бола кетеді.

Әдеттегіше, шовинизм саясаты және бөтен жерлерді басып алу саясаты ең алдымен жұртшылықты Австрияға айдап салу арқылы жүргізіледі. «Балқан халықтары,— деп жазады «Новое Время»,— тәуелсіздік жолындағы қасиетті күреске қамдануда. Австрия дипломаты оларды тонауға мүмкін болатын минутты аңдып отыр».

Австрия бір кесегін жұлып алды (Босния мен Герцеговинаны), Италия бір кесегін жұлып алды (Триполиді), ендігі олжа түсіру кезегі біздікі — міне, «Новое Времяның» саясаты осы. «Тәуелсіздік жолындағы қасиетті күрес» деген аңқауларды алдау үшін айтылған бос сөз ғана, өйткені *барлық* халықтардың шынайы тәуелсіздігінің нағыз демократиялық принциптерін біздің Россияның өзінде ешкім ұлтшылдар мен октябристердей аяққа басқан жоқ.

Ұлтшылдардың қазіргі кезеңді талау саясатына қолайлы деп есептеп отырған себебі не? Бұл да «Новое Времядан» айқын көрінеді. Италия соғыса қоймас, сан миллион туыстас халқы бар Балқан славяндарына қарсы соғыс бастау Австрияға қауіпті, ал Германия Түр-

кияны талқандауға бола европалық соғысқа бармайды деседі.

Ұлтшылдардың есебі ашықтан-ашық және шектен шыққан арсыздық есеп. Олар халықтардың «тәуелсіздігі жолындағы қасиетті күрес» туралы әдемі сөздер айта отырып, өздері ат төбеліндей көпестер мен өнеркәсіп иелерінің пайдасына бола халықтарды қырғынға итермелеп, миллиондаған адамдардың өмірін ешбір шімірікпестен ойыншық етіп отыр.

Үш жақты одақ (Германия, Австрия, Италия)[70] қазіргі кезде әлсіреулі, өйткені Италия түріктерге қарсы соғысқа 800 миллион франк шығарды, ал Балқанда Италия мен Австрияның «мүдделері» қабыспай отыр. Италияның тағы бір кесекті — Албанияны қағып алғысы келеді, ал Австрияның бұған жол бергісі келмейді. Ал біздегі ұлтшылдар осыған иек артып, жанталаса құныққан әрекет жасап отыр, сөйтіп үш жақты келісімнің екі державасының (Англия мен Франция)[71] күші мен байлығына сүйеніп және бұғаздарға бола немесе «біздің» жерлерімізді азиялық Түркияның есебінен «жұмырлауға» бола «Европаның» жаппай соғысты тілемейтініне үміт артып отыр.

Жалдама құлдық қоғамындағы көпестің қандайы болса да, қожайынның қандайы болса да: «не күйзелейін, не байып, басқаларды күйзелтейін» деп құмарлық ойынын ойнайды. Жыл сайын жүздеген капиталистер банкротқа ұшырап, миллиондаған шаруалар, майдагерлер, қол өнершілер күйзеледі. Капиталистік мемлекеттер дәл осындай құмарлық ойынын ойнап отыр, бөтен жерлерді басып алу және әлсіз көршілерін тонау үшін біресе мына жердегі, біресе ана жердегі қырғынға жіберілетін миллиондаған адамдардың қанымен ойнап отыр.

«Правда» № 134, 4 октябрь, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІ УТОПИЯ

Утопия дегеніміз грек сөзі: «у» грекше «жоқ», «топос» — «орын» деген сөз. Утопия—жоқ орын, қиял, ойдан шығарылған, ертегі.

Саясаттағы утопия дегеніміз не қазір, не кейін ешбір жүзеге асыруға болмайтын тілек,— қоғамдық күштерге сүйенбейтін, саяси, таптық күштердің өсуімен, дамуымен нығайтылмайтын тілек.

Ел ішінде бостандық неғұрлым аз болса, таптардың ашық күресінің көрінісі неғұрлым мардымсыз болса, *бұқараның* оқу-білім дәрежесі неғұрлым төмен болса — әдетте саяси утопиялар соғұрлым оңай туады және соғұрлым ұзағырақ сақталады.

Қазіргі Россияда екі түрлі саяси утопия неғұрлым берік сақталып, бұқараға өзінің тартымдылығы жағынан белгілі дәрежеде әсер етуде. Бұл — либералдық утопия және халықшылдық утопия.

Либералдық утопия дегеніміз ынтымақпен, татулықпен, ешкімді ренжітпей-ақ, Пуришкевичтерді орнынан ауыстырмай-ақ, кескілескен әрі шегіне дейін жеткізілген тап күресін жүргізбей-ақ Россияда, оның саяси бостандығында, халықтың еңбекші бұқарасының жағдайында азды-көпті бір елеулі жақсылыққа жетуге болар еді деген утопия. Бұл—азат Россия Пуришкевичтермен *ынтымаққа* келеді деген утопия.

Халықшылдық утопия дегеніміз барлық жерлерді жаңадан және әділ бөлу арқылы капиталдың өктемдігі мен үстемдігін *жоюға,* жалдама құлдықты жоюға болар

еді немесе капитал үстемдігінің тұсында, ақша өктемдігінің тұсында, товар өндірісінің тұсында жердің «әділ», «теңгермелі» бөлінісін *сақтауға* болар еді дейтін халықшыл-интеллигенттің және трудовик-шаруаның арманы.

Бұл утопиялар неден туған? қазіргі Россияда бұлар неліктен едәуір берік сақталып отыр?

Бұлар ескі тәртіпке, крепостниктікке, правосыздыққа қарсы, бір сөзбен айтқанда, «Пуришкевичтерге қарсы» күрессе де бұл күресте дербес жағдайда болып отырмаған таптардың мүдделерінен туған. Утопия, арман осы дербессіздіктен, осы *әлсіздіктен* туындаған. Арманшыл болу — *әлсіздердің* ісі.

Жалпы либерал буржуазияның, әсіресе либералдық-буржуазиялық интеллигенцияның бостандық пен заңдылыққа ұмтылмасына болмайды, өйткені бұлай болмайынша буржуазияның үстемдігі толық емес, түгел өзінде емес, қамтамасыз етілген емес. Бірақ буржуазия реакциядан гөрі бұқараның қозғалысынан *көбірек* қорқады. Либерализмнің саясаттағы ғажап, адам айтқысыз *әлсіздігі,* оның мүлдем дәрменсіздігі осыдан келіп туады. Либералдардың бүкіл саясатындағы толып жатқан екі ұштылық, өтірік, екіжүзділік, қорқақтық жалтарулар осыдан келіп шығады, бұлар бұқараны өз жағына тарту үшін демократизмді жақтағансуға *тиіс* болады, сөйте тұрып бұлар демократияға мейлінше қас, бұқараның қозғалысына, олардың бастамасына, олардың инициативасына, өткен ғасырдағы европалық бұқаралық қозғалыстардың бірі туралы бірде Маркс айтқандай, олардың «аспанға атой салатын»[72] салтына мейлінше қас болады.

Либерализм утопиясы — Россияны саяси жағынан азат ету ісіндегі дәрменсіздіктің утопиясы, артықшылықтарды Пуришкевичтермен «бейбіт» отырып бөліскісі келетін және осы ізгі тілегін орыс демократиясының «бейбіт» жеңу теориясы деп түсіндіретін өз қулқынын көздеген ақшалы қапшықтың утопиясы. Либералдық утопия дегеніміз Пуришкевичтерді оларға соққы бермей жеңер ме еді деген, олардың жанына батырмай күйретер ме еді деген арман. *Бұл* утопияның зиянды-

лығы оның утопия болғандығынан ғана емес, оның үстіне бұқараның демократиялық санасын *аздыратын* болғандығынан да зиянды екені анық. *Бұл* утопияға сенетін бұқара еш уақытта да азаттық ала алмайды; мұндай бұқара азаттық алуға лайық емес; мұндай бұқара өздерін Пуришкевичтердің қорлауына әбден лайық.

Халықшылдар мен трудовиктердің утопиясы дегеніміз капиталист пен жалдама жұмысшының ортасында тұрған ұсақ қожайынсымақтың жалдама құлдық тап күресінсіз жойылса ғой деген арманы. Экономикалық азаттық туралы мәселе Россия үшін, қазір де саяси азаттық туралы мәселе тәрізді, жуық арадағы, тікелей, *көкейтесті* мәселеге айналғанда, халықшылдардың утопиясының зияндылығы либералдардың утопиясынан *кем болмайды*.

Бірақ қазір Россия пролетарлық қайта құрылыстың заманын емес, әлі буржуазиялық қайта құрылыстың заманын бастан кешіріп отыр; *ең ақырына дейін* пісіп жетілген мәселе пролетариаттың экономикалық азаттық алуы туралы мәселе емес, саяси бостандығы туралы мәселе, яғни (істің мәніне келгенде) толық буржуазиялық бостандық туралы мәселе.

Ал осы соңғы мәселеде халықшылдардың утопиясы өзінше бір үлгіде тарихи роль атқарады. Жерді жаңадан бөлудің экономикалық салдары қандай болуға тиіс (және болады) деген мәселе жөнінде утопия бола отырып, бұл өзі шаруалар бұқарасының, яғни буржуазиялық-крепостниктік, осы замангы Россияда халықтың *көпшілігі* болып отырған бұқараның ұлы, бұқаралық *демократиялық* өрлеуінің серігі және *нышаны* болып табылады. (Таза буржуазиялық Европадағы тәрізді, таза буржуазиялық Россияда да шаруалар халықтың көпшілігі болмайды.)

Либералдардың утопиясы бұқараның демократиялық санасын аздырады. Халықшылдардың утопиясы бұқараның *социалистік* санасын аздыра отырып, бұқараның демократиялық өрлеуінің серігі, нышаны, тіпті ішінара соны білдіруші болып табылады.

Халықшылдар мен трудовиктер антикапиталистік құрал ретінде Россиядағы аграрлық мәселе саласында мейлінше дәйекті және батыл капиталистік шара ұсынады, жүргізеді, тарихтың диалектикасы осылай. Жерді *жаңадан* бөлудегі «теңгермелілік» дегеніміз утопия болып табылады, бірақ ескілік атаулының бәрінен, помещиктік жер иеленуден де, үлестік және «қазыналық» жер иеленулерден де әбден арылу, жерді *жаңадан* бөлу үшін қажет болып отырған осы әбден арылу дегеніміз Россия тәрізді мемлекет үшін ең керекті, экономикалық-прогресшіл, буржуазиялық-демократиялық бағыттағы неғұрлым қажет болып отырған шара.

Энгельстің тамаша нақыл сөзін есте сақтау керек: «Формальдық-экономикалық мағынада жалған нәрсе бүкіл дүние жүзілік-тарихи мағынада ақиқат болуы мүмкін»[73].

Энгельс осы терең мағыналы қағиданы утопиялық социализм жөнінде айтқан: бұл социализм формальдық-экономикалық мағынада «жалған» еді. Айырбас заңдары тұрғысынан қосымша құнды *әділетсіздік* деп жариялағанда, бұл социализм «жалған» болатын. Формальдық-экономикалық мағынасында алғанда буржуазиялық саяси экономияның теоретиктерінікі *бұл* социализмге *қарсы* дұрыс еді, өйткені айырбас заңдарынан қосымша құн әбден «табиғи» түрде, әбден «әділетті» түрде туады.

Бірақ бүкіл дүние жүзілік-тарихи мағынада утопиялық социализмдікі *дұрыс* еді, өйткені ол капитализмнен туындайтын, енді қазірде, XX ғасырдың басында, бұқаралық күш болып, капитализмді жоюға қабілетті және соған қарай тоқтаусыз ілгері басып бара жатқан күпі болып өскен таптың нышаны, білдірушісі, хабаршысы болды.

Россиядағы (мүмкін бір ғана Россиядағы емес, XX ғасырда буржуазиялық революцияларды бастарынан кешіріп отырған бірқатар азиялық мемлекеттердегі де) қазіргі халықшылдық немесе трудовиктік утопияға баға бергенде, Энгельстің терең мағыналы қағидасын есте сақтау керек.

Формальдық-экономикалық мағынада алғанда жалған халықшылдық *демократизм тарихи* мағынада алғанда ақиқат; социалистік утопия ретінде жалған болатын *бұл* демократизм шаруалар бұқарасының өзінше бір үлгідегі тарихи-шарттылығы бар демократиялық күресінің *ақиқаты,* бұл күрес буржуазиялық қайта құрылыстың ажырағысыз элементі және оның толық жеңуінің шарты болып табылады.

Либералдық утопия шаруалар бұқарасын күресуден шеттетеді. Халықшылдық утопия бұлардың күреске ұмтылуын көрсетеді, жеңсе оларға миллион жақсылық беруге уәде етеді, ал іс жүзінде бұл жеңіс оларға тек жүз жақсылық береді. Бірақ күреске аттанған миллиондар, ғасырлар бойы құлақ естімеген қараңғылықта, мұқтаждықта, қайыршылықта, ластықта, елеусіздікте, езілуде күн өткізген миллиондар өзінің болуы мүмкін жеңісінің игілігін ондаған рет асыра бағалауы табиғи нәрсе емес пе екен?

Либералдық утопия — жаңа қанаушылардың артықшылықтарды ескі қанаушылармен бөліссек деген құлқыншыл тілегін бүркейтін бет перде. Халықшылдық утопия — миллиондаған ұсақ буржуазия еңбекшілерінің ескі, феодалдық қанаушыларды *мүлдем* жоюға құлшынуының көрінісі және мұнымен «қабаттастыра» жаңа, капиталистік қанаушыларды да жойып жіберу жөніндегі жалған үміт.

Утопия *атаулының бәріне* қас марксистер таптың, тап болғанда меншікке қатысуға «тырнағының» жүзден бірін де «іліктірмегендіктен» барып феодализмге *қарсы жан аямай* күресе алатын таптың дербестігін қорғауға тиіс екені анық; ал осы меншікке қатысы барлығы буржуазияны феодалдардың жартыкеш дұшпаны, ал екінің бірінде осылардың одақтасы етіп те жібереді. Шаруалардың ұсақ товар өндірісіне «тырнағы іліккен»; бұлар тарихи жағдайлардың қолайлы орайласуында феодализмді барынша толық жоюға жете *алады,* бірақ бұлар *қашан да* буржуазия мен пролетариаттың арасында, либерализм мен марксизмнің арасында белгілі

бір ауытқушылықты кездейсоқ түрде емес, сөзсіз көрсетіп отырады.

Марксистер халықшылдық утопияның қауызынан шаруалар бұқарасының шын, батыл, айбынды демократизмінің байыпты, бағалы өзекті мәнін ыждағаттап бөліп алуға тиісті, бұл анық нәрсе.

Өткен ғасырдың 80-жылдарындағы бұрынғы маркстік әдебиеттен осы бағалы демократиялық өзекті мәнді ұдайы ажыратып алып отыруға ұмтылушылықты табуға болады. Бір кездері тарихшылар осындай ұмтылушылықты жүйелеп зерттеуге кіріскенде мұның XX ғасырдың алғашқы он жылдығы ішінде «большевизм» деген ат алған ағыммен байланысын көретін болады.

1912 ж. 5 (18) октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Жизнь» журналының 1-номерінде басылған
Қол қойған: В. И.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДЫҚ ЖҰМЫСШЫ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ АНГЛИЯДАҒЫ ТАЛАСТАР

Англияда екі жұмысшы партиясы бар екені белгілі; олар: қазір «Британия социалистік партиясы»[74] деп аталып жүрген социал-демократтар және «Тәуелсіз жұмысшы партиясы»[75] деп аталатын партия.

Ағылшын социалистік жұмысшы қозғалысындағы бұл жіктеліс кездейсоқтық емес. Ол көптен пайда болған. Ол Англия тарихының ерекшеліктерінен туған. Англияда капитализм барлық жерден бұрын дамыды да, ол ұзақ уақыт бүкіл дүние жүзінің «фабрикалық шеберханасы» болды. Осы бірден-бір, монополиялық жағдай Англияда *жұмысшы аристократиясы* үшін, яғни үйретілген, жақсы еңбек ақы төленетін жұмысшылардың азшылығы үшін біршама жөндем тұрмыс жағдайын жасады.

Осы жұмысшы аристократиясындағы мещандық, цехтық рух осыдан келіп шығады; бұл жұмысшы аристократиясы өз табынан қол үзді, либералдардың соңынан ерді, социализмге «утопия» деп келекелей қарады. «Тәуелсіз жұмысшы партиясы» дегеніміздің өзі либералдық жұмысшы саясатының партиясы. Бұл партия тек социализмнен ғана «тәуелсіз», ал либерализмге өте тәуелді деп әділ айтылып жүр.

Соңғы уақытта Англия монополиясының шырқы біржолата бұзылды. Тұрмыстың бұрынғы біршама жөндем жағдайлары тұрмыстың қымбаттауы салдарынан барып тұрған мұқтаждықпен алмасты. Тап күресі зор мөлшерде шиеленісіп отыр, ал осы шиеленісумен бірге

оппортунизмнің негізі әлсіреп келеді, либералдық жұмысшы саясаты идеяларының жұмысшы табы арасында таралуының бұрынғы негізі күйреп келеді.

Бұл идеялар Англия жұмысшыларының едәуір бөлегінде әзірше сақталып отырғанда, жұмысшылар арасындағы жіктелісті жою туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Социал-демократияның либералдық жұмысшы саясатына қарсы күресі әлі жойылмай тұрғанда, сылдыр сөздер мен тілектер арқылы бірлік *жасауға* болмайды. Бірақ *қазір* бұл бірлік шынымен мүмкін бола бастады, өйткені «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» *өз ішінде* либералдық жұмысшы саясатына қарсы *наразылық өсіп отыр.*

Біздің алдымызда осы партияның өзінің соңғы съезі туралы, 1912 жылғы 27 және 28 майда Мертирде (Merthyr) болған «XX жылдық конференциясы» туралы ресми есебі жатыр. Бұл есепте «парламенттік тактика» туралы мәселе жөніндегі жарыс сөздер өте-мөте көңіл аударарлық;— істің шын мәнісінде мұның өзі неғұрлым терең мәселе жөнінде, шешендер бұл сөздерді қолданбаса да, социал-демократиялық саясат туралы және либералдық жұмысшы саясаты туралы болған жарыс сөздер еді.

Съезде жарыс сөзді парламент мүшесі Джоуэл бастады. Ол либералдарды қолдауға қарсы қарар енгізді, бұл туралы біз қазір толығырақ айтамыз, ал оның қарарын қолдаған пікірлесі Конуэй тура былай деді: «қатардағы жұмысшы әрқашан да парламентте жұмысшы партиясының өзінің дербес бағыты бар ма?—деген сұрақ қояды». Жұмысшы партиясы либералдарға «тұтқын» болып жүр деген күдік жұмысшылар арасында күшейіп отыр. «Жұмысшы партиясы либералдық партияның жай бір қанаты болып табылады деген көзқарас ел ішінде барған сайын кең тарап отыр». Айта кететін бір жай, парламентте «жұмысшы партиясын» «Тәуелсіз жұмысшы партиясына» жататын депутаттар *ғана* құрамайды, сонымен бірге кәсіптік одақтар өткізген депутаттар да құрайды. Мұндай депутаттар «Тәуелсіз жұмысшы партиясына» *кірмей-ақ*, өздерін жұмысшы депутаттармыз, «жұмысшы партиясының»

мүшелеріміз деп атайды. Ағылшын оппортунистері басқа елдердің оппортунистерінің соншалық жиі ойысып жүрген нәрсесін, атап айтқанда: оппортунистік «социалистік» депутаттарды бейне бейпартиялық кәсіптік одақтардың депутаттарымен біріктіруді жүзеге асырды. Бізде 1906—1907 жылдары кейбір меньшевиктердің сөз еткен аты шулы «кең жұмысшы партиясы»[76] Англияда, тек Англияда жүзеге асырылды.

Өз көзқарастарына практикалық түр беру үшін Джоуэт қарар енгізді. Ол қарар таза «ағылшынша» жазылған: ешқандай жалпы принциптер жоқ (ағылшындар өзінің «практицизмін» және жалпы принциптерді сүймейтіндігін мақтаныш етеді; мұның өзі — жұмысшы қозғалысындағы сол бір цехтық рухтың көрінісі). Қарар қауымдар палатасындағы жұмысшы тобын либералдық министрлік азшылық болып қалуы мүмкін, демек, орнынан түсуге мәжбүр болуы мүмкін деп *қорқыту атаулының бәрін елемеуге* (көңіл аудармауға) — және *істің мәніне лайық* (on the merits of the questions) *әрбір мәселе жөнінде табандылықпен* (steadfastly) *дауыс беруге* шақырды.

Джоуэт өзінің қарары арқылы «тоқ етерін бірақ айтты». Бүкіл либералдық партия[77] сияқты Англиядағы либерал министрлік те жұмысшыларды былай деп сендіруге бар күшін салады: реакцияға қарсы (яғни консервативтік партияға[78] қарсы) күштерді біріктіру керек; егер жұмысшылар либералдармен бірге дауыс бермесе, құрып кетуі мүмкін болып отырған либералдық көпшілікті сақтау керек; жұмысшылар оқшауланбауға тиіс, олар либералдарды қолдауға тиіс. Міне, осы арада Джоуэт мәселені айқын қойып отыр: «табандылықпен» дауыс беріңіздер, либерал министрлік құлайды деген қорқыныштармен санаспаңыздар, либералдық партияның мүддесі талап етіп отырғанына қарай емес, істің мәніне қарай дауыс беріңіздер, яғни — маркстік тілмен айтқанда —либералдық жұмысшы саясатын емес, дербес пролетарлық таптық саясатты жүргізіңіздер.

(«Тәуелсіз жұмысшы партиясы» қатарында маркс-

изм *принципті* жағынан теріске шығарылады, сондықтан да маркстік тіл мүлде қолданылмайды.)

Партияда үстемдік етуші оппортунистер Джоуэтке дереу шабуыл жасады. Ал — ерекше бір нәрсе! — олар нақ оппортунистер сияқты, орағытып, айламен шабуыл жасады. Біздер либералдарды қолдауды *жақтаймыз* деп *тура* айтуды олар қаламады. Олар жұмысшы табының «дербестігін» міндетті түрде ескертіп, өз ойын *жалпы сөздер* арқылы білдірді. Иә, *іс жүзінде* осы дербестікті либералдық жұмысшы саясатымен өзгертуге өздері әзірленіп жатқан кездердің нақ өзінде жұмысшы табының «дербестігі» туралы әрқашан айрықша қатты айқайлайтын дәл біздің жойымпаздар сияқты.

Оппортунистік көпшіліктің өкілі Меррэй «түзету» енгізді, яғни төмендегі мазмұнда қарсы қарар ұсынды:

> «Конференция былай деп табады: өз мақсаттарына ойдағыдай жету ниетімен жұмысшы партиясы өз тактикасының тікелей де, жанамалай да болуы мүмкін барлық нәтижелері мен салдарларын бұрынғыша есепке алуға тиіс, сөйтіп өзінің шешімдері партия ретіндегі бірден-бір меншікті мүдделері арқылы және өз мақсаттарына жету үшін қолайлы жағдайлардың санын арттыруға ұмтылу арқылы бағытталуға тиіс екенін бір минут та ұмытпауға тиіс».

Екі қарарды салыстырыңыз. Джоуэтте — либералдарды қолдау саясатынан қол үзуді айқын талап етеді, Меррэйде — сып-сыпайы және тосыннан қарағанда талассыз, бірақ *іс жүзінде нақ* либералдарды қолдау саясатын, бүркемелейтін, ештемені көрсетпейтін мағынасыз пайымдаулар. Егер Меррэй Маркспен таныс болған болса және марксизмді құрметтейтін адамдардың алдында шығып сөйлеген болса, онда өз оппортунизмін маркстік сөздермен әрлендіру және марксизм әрбір жағдайдың барлық нақтылы жәйттерін есепке алуды талап етеді деп, біз өз қолымызды өзіміз байламаймыз. өз дербестігімізді сақтай отырып, біз «дау-жанжалдарды пайдаланамыз» деп, қазіргі режимнің «қайыршылықтарының Ахиллес өкшесіндей жанды жерінен ұстаймыз», т. т. және т. с. деп айту оған түк емес болған болар еді.

Оппортунизмді *қандай* доктринаның *болса да, оның*

ішінде марксизмнің де терминдерімен білдіруге болады. Россиядағы «марксизм тағдырларының» барлық ерекшеліктерінің өзі мынада: жұмысшы партиясының оппортунизмі ғана емес, оның үстіне либералдық партияның оппортунизмі де (Изгоев және К°) марксизм *«терминдерін»* жамылуды сүйеді! Бірақ бұл жақша ішінде. Мертирге оралайық.

Джоуэтті жақтап Мак-Лахлан сөйледі.

«Саяси партияның мүдделері неде?— деді ол.— Қауымдар палатасында депутаттық орындарды өзінде сақтап қалуда ғана ма? Егер шынымен партия мүдделерін ескеретін болсақ, онда парламенттегі депутаттармен қалай санассақ, парламенттен тыс жұмысшылармен де, жұмысшы әйелдермен де дәл солай санасу керек. Біз — социалистік ұйымбыз. Біз өзіміздің саяси қызметімізде өз принциптерімізді жүргізуге тиіспіз».

Сөйтіп Мак-Лахлан Хесвэл түрмесіндегі оқиға жөніндегі дауыс беруді дәлел етті: бұл түрмеде отырған баланы өлімші етіп азаптаған. Парламентте сұрақ қойылған. Либералдық министрлікке құлау қаупі төнген: Англия — Пруссия емес, сондықтан азшылық болып қалған министрлік орнынан түседі. Міне, сондықтан жұмысшы депутаттар министрлікті сақтап қалуды көздеп, азаптаушыны ақтау үшін дауыс берген.

Жұмысшы партиясы, деді Мак-Лахлан, өзінің дауыс беруі үкіметтің тағдырына қандай ықпал ететінімен әлі күнге санасып жүр. Министрлік құлайды екен — парламентті таратады— жаңа сайлау белгілейді деседі. Бірақ бұдан қорқатын ештеме жоқ. Министрліктердің құлап, жаңа сайлаудың белгіленуінің нәтижесі *буржуазиялық екі партияның қосылуы* болар еді (Мак-Лахлан «буржуазиялық» деген сөзді қоспай әшейін «екі партия» деді: ағылшындар маркстік терминдерді сүймейді!). Бірақ, *бұл екі партия неғұрлым тезірек қосылатын болса, біздің қозғалысымыз үшін соғұрлым жақсы.* Біздің насихатшыларымыздың айтып жүргенін парламенттегі депутаттарымыз іс жүзіне асыруға тиіс. Бұл осылай болмайынша, тори-жұмысшы (яғни консерватор) *либералдық партия мен жұмысшы партиясының арасында қандай да бір айырма бар дегенге ешқашан сенбейді.* Біз тіпті парламенттегі барлық орыннан айы-

рылып-ақ қалайық, бірақ біз өз принциптерімізді қорғайтын болсақ, бұдан либералдық үкіметтен кеңшілік алуға бола оның көңілін аулаймыз деп зорланулардан гөрі пайда көп болады!

Кейр Гарди, парламент мүшесі, партия көсемі. Ол бұлғақтап бұлтарумен болады...

«Шынында ерсілі-қарсылы ауытқып отыратын жағдай біздің парламентте жоқ: ирландықтармен бірге либералдар тори мен жұмысшылардың одағынан күштірек... Хесвэлдегі азаптау туралы іс жөнінде мен үкіметті қолдау үшін емес, шын мәнісінде мұндай дауыс берудің дұрыстығына сенуім бойынша үкіметті жақтап дауыс бердім. Азаптау күмәнсыз болды, сондықтан біз бәріміз парламентке барғанда үкіметке қарсы дауыс беру керек деген шешіммен бардық. Бірақ біз парламентте қарсы жақтың айтқанын тыңдағанымызда меңгеруші қаталдық жөнінде айыпты болғанмен, бірақ түрме жалпы алғанда — корольдіктегі ең жақсы түрме болып шықты. Мұндай жағдайларда үкіметке қарсы дауыс беру дұрыс болмаған болар еді... (Ағылшын оппортунистері Жұмысшы партиясын, міне, осыған әкеліп соқтырды: мұндай сөздері үшін көсемді ысқырып қуып шықпай, тыныш отырып тыңдаған!)...

Айып «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» мүшелерінде емес. Жұмысшы партиясына көмір қазушылардың федерациясы кірді, ал көмір қазушылардың депутаттары жұмысшы тобына кіргенде, *олар либералдар болып шықты.* Ал олар өз көзқарастарын өзгертпеді. Олардың Жұмысшы партиясына қосылуының *тек аты ғана...*

Джоуэттің қарары парламентаризмнің бүкіл жүйесін мағынасыздыққа әкеліп соқтырады. Дауыс беру атаулының зардаптарын есепке алу қажет.

... Мен қарарды да, түзетуді де кейінге қалдыруға кеңес берер едім» (!!!).

Ленсбери Джоуэттің қарарын қолдайды:

«Қарар істің барлық жағдайларын ойластырып алмай, жеке мәселелер жөнінде дауыс беруді ұсынады-мыс деп, Кейр Гарди қарарды ақымақтық-күлкілі түрде көрсетуге босқа тырысты. Қарар дауыс берудің нәтижесі үкіметтің беріктігі жөнінде қандай болады деген пікірмен *ғана* санаспауды ұсынады. Жеке-дара жиналыстардың және депутаттарды «бағыттаудың» көмегімен қауымдар палатасын өз қолдарында ұстаушы саяси епшілдердің амалдарынан жиіркенгеннен кейін барып мен социализмге келдім. Ал менің тәжірибем маған мынаны көрсетті: көтерілген мәселенің қай-қайсысы болсын, атап айтқанда белгілі бір дауыс берудің үкімет тағдырына қандай әсер ететіні тұрғысынан қаралып, талқыланып отырды.

Жұмысшы партиясы либералдық партиядан мүлде дерлік оқшаулана алмайды. Либералдардан өзінің шегін ажырату жөнінде Жұмысшы партиясына мүмкіндік болған заң шығару мәселесін мен білмеймін. Партия ретінде, біз жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы мәселе жөнінде үкіметтің айырғысыз құрамды бөлігі болдық. Жұмысшы партиясы барлық уақытта үкімет үшін және оның жобасы үшін дауыс беріп келді.

Хесвэлдегі түзеу үйі туралы мәселе жөнінде дауыс беру менің ар-ұятыма тиеді. Баланы азаптағаны анық, бала азаптаудан өлді, ал біз болсақ азаптаушыны ақтап, үкімет үшін дауыс береміз! Біздің «айдаушылар» («whips»— басқарушылар немесе өз фракциясының дауыс беруін бақылайтын уәкілдер) үкіметтің жеңілуіне жол бермеу үшін жұмысшы депутаттарды жинап, бүкіл палатада зыр қақты... Адамдарды арына қарсы дауыс беруге үйрету—отанымыздағы демократияның болашағына өлтіре соққы беру деген сөз...»

Парламент мүшесі, нағыз барып тұрған оппортунистердің бірі Филипп Сноуден жыландай үйіріледі:

«Менің күрес түйсігім мені қарар үшін дауыс беруге ойыстырып отыр, бірақ менің шынайы ойым, менің парасатым, менің тәжірибем қарсы дауыс беруге итермелейді. Парламентке идеализм мен саяси ынта жетелеп алып келген адамдарға қазіргі парламент жүйесі аздыратын әсер етеді дегенге мен қосыламын, бірақ мен Джоуэттің қарарын қабылдау айтарлықтай өзгеріс жасайды деп ойламаймын. Істің мәнін талқылағанда, осы оқиғаның бір ғана жағдайларымен шектеліп қалуға болмайды. Дауыс берудің үкіметке тиетін салдарының қандайынан болса да, Жұмысшы партиясы үшін маңыздырақ мәселелер бар— мысалы, әйелдердің сайлау правосы туралы мәселе осындай,— бірақ кез келген ұсақ мәселе жөнінде дауыс берулердің салдарын елемей кетуге болар ма екен? Мұндай саясат жиі болатын жалпы сайлаудың қажеттігін туғызар еді, ал жұрт үшін бұдан өткен ұнамсыз еш нәрсе жоқ... Саясат дегеніміз келісімге келу».

Дауыс бергенде 73 дауыс қарарды жақтады, 195 дауыс *қарсы* болды.

Оппортунистер жеңіп шықты. Ағылшын «Тәуелсіз жұмысшы партиясы» сияқты оппортунистік партияда мұның өзі таңданарлық нәрсе емес. Бірақ осы партияның өз қатарында оппортунизмнің оппозиция туғызып отырғаны,— бұл қазір біржолата анықталған факт.

Оппортунизмнің қарсыластары екінің бірінде оппортунистермен шірік мәмлелесулерді қорғайтын Германиядағы пікірлестерінен әлденеше есе дұрыс істеді. Өз

қарарымен ашық шығу өте маңызды принципті жарыс сөздерді туғызды, ал бұл жарыс сөздер Англияның жұмысшы табына барынша әсер етеді. Либералдық жұмысшы саясаты оппортунист басшылардың дәстүрлері, кертартпалығы, ептілігі арқасында сақталып отыр, бірақ пролетариат бұқарасы ішінде ол күйремей қоймайды.

1912 ж. 5 (18) октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1913 ж. апрельде «Просвещение» журналының 4-номерінде басылған
Қол қойған: W.

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

САЙЛАУДАҒЫ ДІН БАСЫЛАРЫ ЖӘНЕ ДІН БАСЫЛАРЫМЕН БІРГЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН САЙЛАУ

Газет хабарларына қарағанда[79], Европалық Россияның 46 губерниясындағы ұсақ жер иеленушілер мен шіркеу басшыларының съездерінде 7990 уәкіл сайланған, олардың 6516-сы священниктер. Соңғылар 82 проценті болған.

50 губерния бойынша алынатын толық мәлімет бұл қорытындыны онша өзгерте қоймайды.

Осындай сайлаудың мәнін байқап көрелік.

Ұсақ жер иеленушілерден және приходтардан, заң бойынша, жер иеленушілер съезіне қатысуға белгіленген *толық сайлау цензі бойынша* бір уәкіл сайланады. Демек, уәкілдердің саны сайлаушылардың жерінің көлеміне сәйкес болуға тиіс.

1905 жылғы статистика бойынша Европалық Россияның 50 губерниясы үшін мынадай мәлімет бар [144-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Бұл арада ұсақ жер иелік, сірә, дін иелерінің жерінен гөрі шала есептелген болу керек. Ал солай бола тұрса да жеке меншіктегі ұсақ жер иелік жерлерінің барлығы 21,3 миллион десятина болып шығады, оның 2,2 миллион десятинасы, яғни $^1/_{10}$ бөлігінен *біраз көбірегі* дін басыларының қолында! Ал уәкілдерді дін басылары *онның сегіз* бөлегінен артық өткізген!!

Қалайша бұлай болып шыққан? Бұл өте түсінікті. Ұсақ жер иеленушілер сайлауға өте сирек барады: қаржысы да жоқ, ынтасы да кем, сайлау бостандығына

Шіркеу жерлері	1,9	миллион	десятина
Дін қызметшілерінің жеке меншігіндегі жер	0,3	»	»
Дін басыларындағы жердің барлығы	2,2	миллион	десятина
Мещандардың жеке меншігіндегі жерлер	3,7	»	»
Шаруалардың » »	13,2	»	»
Басқаларының » »	2,2	»	»
«Жай» халықтың ұсақ жер иелігінің жиынтығы	19,1	миллион	десятина

мыңдаған полицейлік кедергілер де болады. Ал поптарға бәрің кел деп «түсіндірілген».

Поптар үкіметке ұнамды кандидаттарға дауыс берді. Міне, сондықтан—буржуазияны былай қойғанда — *тіпті помещиктер де* наразылық білдіруде. Октябристер де, ұлтшылдар да наразылық білдіруде. Сайлауды үкімет *«жасайды»* деп бәрі де оны кінәлайды. Ал помещиктер мен ірі буржуазия сайлауды *өздері жасамақ* еді.

Демек, қақтығыс бір жағынан, абсолютизм, екінші жағынан, помещиктер мен буржуазия шонжарлары арасында болып отыр. Үкімет помещиктерге және буржуазияның жоғарғы топтарына сүйенгісі келген еді; 1907 жылғы 3 июнь заңының[80] түгелімен осыған негізделгені белгілі.

Үкімет *тіпті* октябристермен де үйлесе алмайтын болып шықты. *Тіпті* феодалдық-буржуазиялық монархия да бұл таптарды «қанағаттандырарлық» қабілетке жете *алмады.*

Бұл сәтсіздікті, дау жоқ, үкімет іс жүзінде мойындады; ол өзіне бағынышты, қарамағындағы дін басыларынан *өзінің меншікті чиновниктерін* ұйымдастыра бастады!

Абсолютизмнің елеулі белгілерін сақтаған үкіметтің мұндай тәсілі тарих ғылымында бонапартизм деп аталады. Бұл жағдайда белгілі бір таптар емес, немесе солар ғана емес, көбінесе солар емес, әдейі іріктеп алын-

ған, көбінесе әр түрлі тәуелді жіктерден теріп алынған элементтер тірек болады.

«Социологиялық» мағынада, яғни тап күресі тұрғысынан қарағанда ондай құбылыстың мүмкін болу себебі не?

— Мұның себебі жауласушы немесе бәсекелесуші таптардың күшін теңестіруден. Егер, мысалы, Пуришкевичтер Гучковтармен және Рябушинскийлермен бәсекелесіп отырған болса, онда үкімет осы бәсекелестердің күшін біраз теңестірген жағдайда бұл таптардың біреуінің көріне басым болған жағдайындағыдан гөрі дербестікті (әрине, белгілі, едәуір тар шеңберлерде) *көбірек* ала алады. Ал егер бұл үкімет сабақтастық, т. с. арқылы абсолютизмнің оте-моте «айқын» формаларымен тарихи байланысты болса, егер елде судьялар мен чиновниктердің сайланылмауы мағынасында соғысқұмарлық пен бюрократизмнің дәстүрлері күшті болатын болса, онда бұл дербестіктің шеңбері одан да гөрі кеңірек болады, оның көріністері одан да гөрі... ашығырақ болады, сайлаушыларды және бұйрық бойынша дауыс беретін сайламшыларды «іріктеп алудың» тәсілдері одан да гөрі дөрекілеу болады, озбырлық одан да гөрі күштілеу болады.

Осы сияқты бір нәрсені қазіргі Россия басынан кешіріп те отыр. «Буржуазиялық монархияға айналу жолындағы қадам» бонапартизм әдістерін қабылдау арқылы қиындап отыр. Егер Францияда буржуазиялық монархия мен бонапарттық империяның бір-бірінен өзгешелігі анық та айқын болса, Германияда Бисмарк мұның екі түрін «ұштастырудың»— бонапартизмді айтпағанның өзінде, Маркс «әскери деспотизм»[81] деп атаған белгілерін көріне басым етіп «ұштастырудың» үлгілерін көрсетті.

Табан балық қаймаққа қуырғанды жаратады деседі. Тоғышар буржуазиялық монархияға, ескі крепостниктік абсолютизмге, «ең жаңа» бонапартизмге немесе әскери деспотизмге немесе, ақырында, осы «әдістердің» бәрінің белгілі қосындысына «қуырғанды» жарата ма, ол белгісіз. Бірақ, егер тоғышардың тұрғысынан қарағанда және «праволық тәртіп» дейтіннің тұрғысынан

қарағанда, яғни *таза* заңдық, формальдық-конституциялық тұрғыдан қарағанда айырмашылық өте шамалы ғана болып көрінетін болса, онда тап күресі тұрғысынан қарағанда мұндағы айырмашылық елеулі.

Егер тоғышар өзінің ескіше ғана емес, жаңаша да соққы жеп жатқанын біле қойса, одан оған жеңіл болмайды. Бірақ тоғышарларды жаныштап отырған режимнің *беріктігі,* бұл режимнің *даму* және ыдырау *жағдайлары,* бұл режимнің тез... сәтсіздікке ұшырауға бейімділігі — міне, осының бәрі қазір бізде белгілі бір таптардың үстемдігінің азды-көпті айқын, ашық, берік, тікелей формалары бар ма немесе мұндай үстемдіктің әр түрлі басқалар арқылы болатын, тұрақсыз *формалары* бар ма, осыған барынша байланысты.

Таптардың үстемдігін жою тозығы жеткен ескілік рухы сіңген, тұрақсыз, іріктеп алынған «сайлаушылар» қолдайтын қондырма формаларын жоюдан гөрі қиынырақ болады.

Саблер мен Макаровтың IV Дума сайлауында дін басыларын «ұйымдастыру» эксперименті «социологиялық» жағынан алғанда да, практикалық-саяси жағынан алғанда да кім-кімге болсын онша қызықсыз бола қоймайды.

«Невская Звезда» № 27,
5 октябрь, 1912 ж.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

МИЛЮКОВ МЫРЗАНЫҢ «ПОЗИЦИЯСЫ»

Кадет партиясының көсемі көз алдындағысын көрмей адасты. Ол «үш позиция» туралы, «бір позиция» туралы Меньшиковша ұзақ-ұзақ мақалалар жазады, ал неғұрлым көп жазған сайын оның оқушыны *алдарқатып отырғаны*, мәселенің мәнін іш пыстырарлық, бос мылжыңмен *көлегейлеп отырғаны* соғұрлым айқын бола түсіп отыр.

Бейшара болған ғалым тарихшы! Оның либерализм мен демократияның арасындағы айырмашылықты түсінбегенсіп *көлгірсуіне* тура келеді. Істің барлық мәні осы айырмашылықта, мырзалар! Жалпы алғанда Думадағы дауыс берулерде де, «реформаларға» көзқараста да, бюджетке дауыс беруде де, «парламенттен тыс тактика» туралы мәселеде де істің бірыңғай *мәні*, либералдық-монархиялық буржуазия мен демократияның арасындағы зор айырмашылық әр түрлі *формаларда* көрініп отырады.

«Түсінбейтін» Милюков мырзаларга бұл айырмашылықтың неде екенін мың реттің үстіне тағы бір рет қысқаша қайталап өтейік.

Либералдарда — бірсыпыра феодалдық-абсолюттік артықшылықтарды (екінші палата және т. б.) қорғау. Демократияда — артықшылықтардың бәріне қарсы ымырасыз күрес.

Либералдарда — қоғамдық өмірдегі ескіліктің күштерімен келісімге келу, демократияда — бұл күштерді жою тактикасы.

Либералдарда — бұқараның өз бетінше талаптануынан қорқу, оған сенбеу, оны теріске саю; демократияда — осы өз бетінше талаптануына тілектес болу, оған сену, оны қолдау, оны дамытып отыру.

Әзірге осы да жетер.

Милюков мырза тіпті тарих оқулықтарынан да белгілі осы айырмашылықты шынымен «түсінбей ме» екен?

Кадеттердің *программасының* өзі демократтардың программасы емес, либералдық-монархиялық буржуазияның программасы екенін, тек либералдардың (оның үстіне жаман либералдардың) ғана III Думада бюджетті жақтап дауыс бере алғанын, өздерін ниеті дұрыс оппозиция деп жариялай алғанын; т. т. ол шынымен «түсінбей ме?»

Милюков мырза мұны тамаша жақсы түсінетіндіктен де либерализмнің демократиядан айырмашылығының әліппесін ұмытқансып, көлгірсіп, «алдарқатады».

Кадеттердің осы бейшаралық жалтаруын баспасөзде баянды етіп қалдыру үшін Милюков мырзаға біз мынаны ескертеміз: социал-демократияның бүкіл *ресми* баспасөзінде (әрине, жойымпаздарды есептемегенде; оларды біз Милюков мырзаға бар ықыласымызбен береміз), социал-демократияның басшы орындары қарарларының *бәрінде*, үшінші Думадағы социал-демократтардың барлық бағытында, біз Милюков мырза социал-демократтар одан бас тартты-мыс деп отырған ескі тактиканың қорғалуын әрқашан және үнемі мыңдаған формаларда кездестіріп отырамыз.

Бұл — талассыз тарихи факт, ғалым тарихшы мырза!

Егер кадеттер осыншалық қарапайым және Россиядағы саяси партиялардың тарихымен берік белгіленген мәселелер жөнінде жұртшылықты алдамақ болса, онда біз олардың қаншалықты құлдырап кеткенін баспасөзде баянды етіп қалдыруға тиіспіз.

Ақырында,— айтылғандарды қорыту және қысқаша қайталау үшін,— біз Милюков мырзаға мынадай бір кішкене сұрақ қояйық: сіздер, кадет мырзалар, Вой-

лошниковты бес мәжіліске қатыстырмауға келіскен кездеріңізде[82], сіздер либералша әрекет еттіңіздер ме әлде демократша әрекет еттіңіздер ме?

«Правда» № 136, 6 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

РОССИЯНЫҢ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРЫНА[83]

Жұмысшы жолдастар және Россияның барлық азаматтары!

Балқанда төрт мемлекеттің Түркияға қарсы соғысы басталды[84]. Жалпы европалық соғыс қаупі төніп отыр. Үкіметтерінің жалғандықпен теріске шығарған барлық мәлімдемелеріне қарамастан, Россия мен Австрия соғысқа әзірленуде. Түрік жерлерін тонау саясатында Италия арсыздана түсуде. Вена мен Берлиндегі, Париж бен Лондондағы биржаның дүрлігуі бүкіл Европа капиталистерінің европалық бейбітшілікті сақтап қалу мүмкіндігін көре алмай отырғанын көрсетеді.

Бүкіл Европа Балқандағы оқиғаларға қатысқысы келеді! Бәрі де «реформаны» және тіпті «славяндарға бостандық болуын» жақтайды. Ал іс жүзінде Россия Азияда Түркия жерінің бір пұшпағын тартып алып, Босфорды басып алғысы келеді, Австрия Салоникиді, Италия Албанияны, Англия Аравияны, Германия Анатолияны алсам деп жұтынып отыр.

Дағдарыс шиеленісуде. Капиталдың жүздеген мың және миллиондаған жалдама құлдары және крепостниктердің езгісіндегі шаруалар тақта отырған бірнеше қарақшының әулеттік мүдделері үшін, бөтеннің жерін тонамақшы буржуазияның пайда табуы үшін қырғынға кетіп жатыр.

Балқан дағдарысы XX ғасырдың басынан бастап барлық жерде таптық және халықаралық қайшылықтардың шиеленісуіне, соғыстар мен революцияларға бас-

тап отырған оқиғалар желісіндегі буындардың бірі болып табылады. Орыс-жапон соғысы, Россиядағы революция, Азиядағы бірқатар революциялар, европалық мемлекеттер арасындағы бәсекелестік пен дұшпандықтың асқынуы, Мароккоға бола бейбітшілікке қауіптің төнуі, Италияның Триполиге тонаушылық жорығы — қазіргі дағдарыстың әзірленуі осындай.

Соғыстарды, соғыс салатын барлық азаптарды капитализм туғызады, ол миллиондаған еңбекшілерді кіріптарлыққа түсіреді, ұлттар арасындағы күресті шиеленістіреді және капиталдың құлдарын зеңбірек жемтігіне айналдырады. Революцияшыл пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік социалистік армиясы ғана бұқараны осылайша езу мен кіріптар етуді, құл иеленушілердің мүделеріне бола құлдардың осындай қырғынға ұшырауын тоқтата алады.

Батыс Европа мен Америкада социалистік пролетариаттың империалистік буржуазиялық үкіметтерге қарсы күресі шиеленісе түсуде, ал бұл үкіметтер миллиондаған жұмысшы табының жеңіске қарай тоқтаусыз алға басуын көргенде небір жан ұшырған авантюраларға барғап сайын бой ұруда. Бұл үкіметтер соғысты әзірлейді, сөйте тұрып бүкіл дүние жүзілік соғыстың бүкіл дүние жүзілік революция екенін білетіндіктен, соғыстан қорқады.

Шығыс Европада — Балқанда, Австрияда және Россияда — біз жоғары дамыған капитализм аудандарымен қатар бұқараны феодализмнің, абсолютизмнің, орта ғасырлықтың мыңдаған сарқыншақтарының езгенін көріп отырмыз. Адриатика жағалауларындағы Босния мен Герцеговинаның шаруаларын да, сондай-ақ орталық Россияның ондаған миллион шаруаларын да осы уақытқа дейін крепостник-помещиктер езіп-жаншып келеді. Габсбургтер мен Романовтардың қарақшы әулеттері монархияның өкіметін күшейту үшін, көптеген ұлттардың кіріптарлықта болуын мәңгілік қалдыру үшін халықтар арасында араздық туғызуға тырысып, осы крепостниктік езгіні қолдауда. Шығыс Европада монархтар әлі күнге дейін халықтарды өзара бөлісіп, оларды саудаға салып, айырбастайды, крепостниктік

право тұсында помещиктердің дәл бір өз қол астындағы шаруа семьяларын бөліп, құрастырғандары сияқты, өздерінің әулеттік мүделерін көздеп, түрлі ұлттардың жұрнақтарынан жаман-жасқан мемлекеттер құрастырады!

Социализм жолындағы кең арналы тап күресіне жол ашу үшін халықтардың өзін өзі билеуін және толық бостандығы болуын қорғай отырып, біздің бауырларымыз, Балқан елдерінің социалистері бұқараға:— Балқан федерациялық республикасы құрылсын — деген жалынды ұран тастады.

Ал нағыз демократтардың, жұмысшы табының нағыз достарының осы жалынды ұранын біз бүкіл дүние жүзіндегі реакцияның ең қаскөй тіректерінің бірі — орыстың патшалық монархиясы алдында ерекше көтеріп әкетуге тиіспіз.

Орыс патша өкіметінің халықаралық саясаты — халықтардың бостандығына қарсы, демократияға қарсы, жұмысшы табына қарсы жасалған құлақ естіп, көз көрмеген қылмыстар мен зорлық-зомбылықтардың, ең жиіркеніштi, ең жексұрын зымияндықтың тізбектеліп жатқан біртұтас желісі. Патша өкіметі Англияның «либерал» билеушілерінің көмегімен Персияны езіп-жаншып, тұншықтыруда, патша өкіметі Қытайдағы республикаға ор қазуда, патша өкіметі Босфорды басып алуға және азиялық Түркияның есебінен «өз» жерлерін ұлғайтуға тұзақ құруда. Патша монархиясы XIX ғасырда крепостной орыс шаруаларынан құралған әскер Венгриядағы көтерілісті басып-жанышқан кезде европалық жандарм болған еді. Патша монархиясы енді, XX ғасырда, европалық та, азиялық та жандарм болып отыр.

I және II Думаны қуып таратқан, Россияны қанға бояған, Польша мен Финляндияны құлдыққа салған, қанышезер қаражүздіктермен одақтасып, еврейлерді және барлық «бұратаналарды» тұншықтыру саясатын жүргізіп отырған Қанқұйлы Николай патша,— сенімді достары Ленадағы жұмысшыларға оқ атқан, шаруаларды күйзелтіп, бүкіл Россияда оларды ашаршылыққа ұшырауға жеткізген патша,— осы патша өзін славян-

дардың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаушы етіп көрсетіп отыр!

Орыс халқы 1877 жылдан бері біраз нәрсеге үйренді және өзіміздің *«ішкі түріктеріміз»* — патша мен оның малайлары басқа түрік атаулының бәрінен жаман екенін енді біледі.

Бірақ помещиктер мен буржуазия, ұлтшылдар мен октябристер бостандық сүйгіш патша өкіметі деген осы жексұрын, арандатушылық өтірікті жандарын сала қолдауда. Үкіметтік газеттердің тұтас бір армиясын бастаған «Голос Москвы» және «Новое Время» сияқты газеттер Австрияға қарсы айтақтап салып, оған арсыздықпен жала жабуда. Орыстың патша өкіметі Габсбургтердің монархиясына қарағанда жұрттың қанын жүз есе көп төгіп, ласқа бейне белшесінен батпаған сияқты!

Оңшыл партиялар ғана емес, тіпті оппозициялық, либерал буржуазия да дипломатиялық, екі ұшты және екіжүзді сөздермен шала-шарпы бүркемеленген шовинистік, империалистік насихатты бар күшін салып жүргізуде. Либералдық-бейпартиялық «Русское Слово»[85] ғана емес, тіпті «конституцияшыл демократтар» (ал іс жүзінде контрреволюцияшыл либералдар) партиясының ресми органы «Речь» те бейне бір «келісімпаздығы» үшін, Австрияға «кеңшілік жасағаны» үшін, Россияның «ұлы державалық» мүдделерін жеткілікті дәрежеде «қорғай» алмағаны үшін патша министрі Сазоновқа қарсы шабуылды үдете түсуде. Кадеттер ең ұрдажық реакцияшыл-ұлтшылдарды айыптағанда олардың империализмі үшін емес, қайта, керісінше, патша өкіметінің Константинопольді жаулап алуды көздеген «ұлы» идеясының салмағы мен маңызын кемітіп алдыңдар деп айыптайды!!

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы барлық еңбекшілер бұқарасының өмірлік мүдделері үшін, осы сұрқия шовинизмге қарсы өзінің үзілді-кесілді наразылығын білдіреді және оған бостандық ісіне опасыздық жасау деп таңба басады. 30 миллион шаруа ашаршылыққа ұшырап отырған, өкімет орындарының жұмысшыларды жүз-жүздеп атуына дейін жеткен,

шектен шыққан зорлық-зомбылығы етек алып отырған ел,— бостандық жолындағы ондаған мың күрескерлерді дүрелеп, каторгада азаптап отырған ел,— осы ел ең алдымен патша өкіметінің езгісінен азат болуға ділгер болып отыр. Орыс шаруасы өзін крепостник-помещиктерден және патша монархиясынан азат етуді ойлауы тиіс, осы көкейтесті істен помещиктер мен көпестердің Россияның «славяндық міндеттері» жайындағы жалған сөздермен басқа жаққа алаңдатуына ермеуі тиіс.

Егер империалистік либерализм, патша өкіметімен келіскісі келіп, халыққа сырт жерлерде жеңіске жеткіземіз деп те, патша монархиясын сақтай отырып конституциялық реформалар әпереміз деп те уәде ете отырып, «бейбіт конституциялық» жұмыс жүргізуге күш салатын болса, онда социал-демократияшыл пролетариат бұл алдауды ашына серпіп тастайды. Патша өкіметін революциялық жолмен құлату ғана Россияның да, бүкіл Шығыс Европаның да еркін дамуын қамтамасыз ете алады. Россияда республиканың жеңуімен қатар Балқанда федерациялық республиканың жеңуі ғана жүздеген миллион адамдарды соғыс апаттарынан және «бейбіт» уақыттар деп аталынатын кездегі езгі мен қанаудың азаптарынан құтқара алады.

1912 жылдың алғашқы 5 айы ішінде Россияның 500 000-нан астам жұмысшысы контрреволюцияның ең ауыр жылдарынан кейін өз күштерін қалпына келтіре отырып, саяси стачкаға көтерілді. Бірқатар жерлерде матростар мен солдаттар патша өкіметіне қарсы көтеріліске шықты. Бұқараның революциялық күресіне, жұмысшылардың, шаруалардың және әскерлердің таңдаулы бөлімдерінің батыл бірлескен бас көтеруін негұрлым табанды, баянды және кең көлемде әзірлеуге шақырамыз біз! Патша өкіметі күйзелтіп, езіп отырған Россияны құтқарудың бірден-бір жолы осында.

Балқан елдерінің социалистері соғысты қатты айыптады. Италия мен Австрияның, сондай-ақ Бүкіл Батыс Европаның социалистері де оларды бірауыздан қолдады. Біз де оларға өз үнімізді қосайық, патша монархиясына қарсы үгітті кеңінен өрістетейік.

Патша монархиясы жойылсын! Россия демократиялық республикасы жасасын!

Балқан федерациялық республикасы жасасын!

Соғыс жойылсын, капитализм жойылсын!

Социализм жасасын, халықаралық революциялық социал-демократия жасасын!

РСДРП Орталық Комитеті

1912 жылғы 10 (23) октябрьден ертерек жазылған

1912 жылғы октябрьде жеке листок болып басылған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ

Астана пролетариаты өздерінің таңдаулы адамдарының бірін помещиктік, поптық, қара Думаға жібергелі отыр. Бұл таңдаулы адам даңқты шепте болады. Ол миллиондардың атынан сөйлеп, әрекет жасауға тиіс, ол ұлы туды көтеруге тиіс, ол марксизм мен жұмысшы демократиясының жауапты өкілдерінің жылдар бойы ресми, айқын, дәл білдіріп келген көзқарастарын білдіруге тиіс.

Бұл шепке бір адамды таңдап алудың орасан зор маңызы бар іс екені сонша — іс жайында тура қалтқысыз айтудан қорқу, қандай да бір адамды, қандай да бір үйірмені және т. с. «ренжітемін» деп қорқу ұсақтық, жасқаншақтық, масқаралық болған болар еді.

Сайлау саналы, маркстік жұмысшылар көпшілігінің еркіне сай болуға тиіс. Бұл айқын нәрсе. Мұны ешкім де теріс деп *тура* айта алмайды.

1908 жылдан 1912 жылға дейін жүздеген және мыңдаған жиналыстарда, айтыстарда, әңгімелерде, әр түрлі баспасөз органдарының беттерінде Петербург жұмысшыларының арасында жойымпаздыққа қарсылар мен жойымпаздардың күресін келгені жұрттың бәріне мәлім. Ақылсыз құстардың істейтініндей, басын қанатының астына тығу, сөйтіп бұл фактіні «ұмытуға» тырысу лайықсыз.

Бір депутатты сайлау мәселесі жөнінде қазір «бірлік» туралы даурығып жүрген адамдар істі шатастырады, шатастыратын себебі — ол мәселені өзгертіп, істің мәнін даурығумен *ыбыстырып жібереді*.

Бір адамды сайлау керек болып отырған кезде және ол саналы марксист-жұмысшылар көпшілігінің еркін білдіруге тиіс екеніне жұрттың бәрі келісіп отырған кезде «бірліктің» бұл арада қандай қатысы бар??

Жойымпаздар өздерінің жойымпазды немесе «фракцияда жоқ адамды» (яғни ауытқымалы адамды) сайлағысы келетіндерін тура айтуға қорқады,— сөйтіп, өз көзқарастарын *тура* қорғаудан қорқып, буларын «бірлік» туралы даурығып, *алдап* өткізбек болады.

Бұл шатасушылықты әшкерелеу — біздің борышымыз. Егер саналы жұмысшылардың арасында жойымпаздар көпшілік болатын болса,— олардың жойымпазды сайлауына дүниеде ешкім де кедергі болмайды. *5 жыл күрестен кейін,* өз көзқарастарын жасыру үшін (сайлаудан бірнеше ғана күн бұрын!) «бірлікті» уағыздап отырған адамдардың шулауынан қысылмай, көпшілік кімнің жағында екенін мүмкіндігінше дәлірек, сабырлырақ, тиянақтаңқырап, абайлаңқырап, дұрысырақ анықтап алу керек.

Жұмысшылар — ондай ертегіге сене қоятын бала емес. Мына үш шешімнің біреуін ғана қабылдауға болады: 1) жойымпазды сайлау; 2) жойымпаздыққа қарсы адамды сайлау; 3) ауытқымалы адамды сайлау. 1908—1912 жылдардағы бес жыл ішінде социал-демократтар арасында басқа ешкім болған емес және қазір де жоқ!

Ересек және дербес адам болғысы келетін жұмысшылар өздерінің арасында саясаттағы штрейкбрехерлер болуына жол бермеуге тиіс. Жұмысшылар саналы жұмысшылар көпшілігінің еркін құрметтетуге және орындатуға тиіс.

Жұмысшыларға көпшіліктің еркін білдіретін және өзінің Думада және Думадан тыс *қандай* жұмыс істейтінін жақсы білетін депутат керек.

Көпшіліктің еркі мәлімденді, сондықтан Питердің депутаты жойымпаздықтың үзілді-кесілді қарсыласы, дәйекті жұмысшы демократиясының жақтаушысы болуға тиіс.

«Правда» № 144, 16 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БАЛҚАН ХАЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЕВРОПАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ

Қазір Балқанға бүкіл жұрттың назары тігіліп отыр. Бұл түсінікті де. Мүмкін, бүкіл Шығыс Европа үшін халықтардың өздерінің еркін және үзілді-кесілді сөзін өздері айтатын сағаты туған болар. Буржуазиялық «державалардың» және зымияндықтың, орға жығудың және бірін-бірі арам оймен сүріндіру ғылымынан асып түскен олардың дипломаттарының айла-шарғысына енді орын жоқ.

Балқан халықтары біздегі крепостнойлардың ерте кездегі айтқандарын айтып: «бариннің ашуы да, бариннің сүйіспеншілігі де, қайғылардың бәрінен бетер, бізден аулақ»[86] дей алған болар еді. Европа «державаларының» дұшпандық қол сұғуы да, достықсымақ қол сұғуы да Балқан шаруалары мен жұмысшыларының еркін дамуына капиталистік қанаудың жалпы жағдайларының үстіне әр түрлі бұғаулар мен кедергілер қосу ғана болып табылады.

Сондықтан, былайша айтқанда, қазыналық-үкіметтік «дипломатияға» да, либералдық «дипломатияға» да қарсы күресу керек. Мысалы, жуырда «орыс қоғамын» (яғни буржуазияны) ағылшын министрлік органының: Европа Балқанда «жаман басқару ісіне» жол бермейді! деген сөздерін естен шығармауға шақырған «Речьтің» пайымдаулары тұрған бойы жалған. «Біздің дипломатиямыз қолын қусырып отырмасын» — деп даурығады «Речь».

Балқанға тіпті ең «либералдық» буржуазиялық Европа да ірік-шірік пен тоқырауды қолдаудан басқа, бостандыққа бюрократиялық кедергілер жасаудан басқа ештеңе де бере алмайды,— деп жауап береміз біз. Федерациялық Балқан республикасының құрылуына дәл «Европа» кедергі жасап отыр.

Буржуазиялық дипломаттар өздерін қандай либералдық сөздермен әдемілеп көрсетсе де, Балқанның алдыңғы қатарлы жұмысшылары мен бүкіл Балқан демократиясы буржуазиялық дипломаттардың әзәзілдіктеріне емес, *бұқараның* саналылығының, демократизмнің және өз бетімен талаптануының өсуіне ғана үміт артады!

«Правда» №144, 16 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

САЯСИ ТҰРЛАУСЫЗДЫҚ ТУРАЛЫ

(РЕДАКЦИЯҒА ХАТ)

«Правданың» тұрақты оқушысы ретінде мен сайламшы П. Судаковтың қылығына барынша ашынғанымды білдірмей отыра алмаймын.

5 октябрьде сайлау болып жатады. Судаков «Правданың» тізімінде болмайды. Сөйтсе де Судаков «Правданы» жақтаушылардың даусымен өтіп кетеді — бұл сайлаудың қорытындыларынан көрініп отыр. Сондай-ақ Судаков «Правданы» жақтаушылардың даусынан (50-дің 27—31-і) басқа тағы да әлдекімдердің, шамасы, ауытқушылардың онға жуық даусын алғаны көрінеді.

Сөйткен Судаков ауытқи бастайды. Сайлау өткеннен соң келесі күні, 6 октябрьде, «Правдада» оның хабары басылып, онда айдан-айқын былай делінген: «сайланғандардың бәрі, Петров жолдастан басқалары, «Правда» мен «Звезданы»[87] жақтаушыларға жатады».

Тегі, бұл айқын шығар?

Тағы бір күннен соң Судаков енді «Лучтан» келіп шығады! Судаков «Правданың» редакциясына барғанын мойындайды, бірақ «тек қана социал-демократиялық газеттің редакциясы ретінде ғана» барған көрінеді!! Мына Судаковың жаңа туған пәресте емес пе өзі? Ол екі социал-демократиялық газет бар екенін білмеді дегенге кім сенеді? Оның өзі жойымпаздарды түсініп отырғанда, жойымпаздар туралы білмеді дегенге кім сенеді?

«Егер мен «Правданы» оқимын және оған қосыламын (біліп қойыңыз, Судаков «Правдаға» қосыламын деп мәлімдеді!)

деп айтқан болсам да,— деп жазады Судаков жойымпаздық «Лучта»,— онда мен жалпы алғанда (!!) социал-демократияга (соған ғана ма?) қосыламын деген мағынада ғана (!!) айтқанмын».

Міне, енді түсініп көріңіздер! Екі газет жайында білетін, ««Правдаға» қосыламын» деп айтқанын мойындайтын адам келесі күні жойымпаздардың газетіне «жалпы алғанда социал-демократияға қосыламын деген мағынада ғана айттым» деп «сенаттық түсіндірме» апарып отыр!!

Тұрлаусыздық пен ауытқушылықтың бұдан өткен сорақы түрін біз білмейміз.

«Тушинодағыдай ұшып-қонып жүру» — бір бағыттан екінші бағытқа көше салу — әрдайым болған, бірақ жұмысшылар ұшып-қонып жүргендерді ұнатпайды...

«Правда» № 145, 17 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: «Правданың» тұрақты оқушысы

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТҮЛКІ ЖӘНЕ ТАУЫҚ КҮРКЕСІ ТУРАЛЫ

Балқан соғысы туралы және оған «Европаның» көзқарасы туралы мәселе — қазіргі заманғы саясаттың ең көкейтесті мәселесі. Бұл арада белгілі бір партияға қандай таптық мүделер жетекші болатынын *түсіну* жалпы алғанда бүкіл демократия үшін, ал әсіресе жұмысшы табы үшін маңызды нәрсе.

Октябристердің, ұлтшылдардың, «Новое Времядан» бастап «Русское Словоға» дейінгі бейпартиялық «патриоттардың» саясаты айқын және түсінікті. Австрияны кұстаналау, оған қарсы соғысқа айдап салу, Россияның «славяндық міндеттері» туралы даурығулар — мұның бәрі де ақ жіппен көктегендей көрініп тұратын пиғыл, Россияның ішкі істерінен назарды басқа жаққа аударсақ және Түркияның «бір пұшпағын жұлып алсақ» деген пиғыл. Іште реакцияны қолдау, сыртта отарлық, империалистік талауды қолдау — бұл дөрекі «патриоттық» «славяндық» саясаттың мәні осы.

Кадеттердің саясаты бұдан гөрі шебер және дипломаттық түрде боялған саясат, бірақ, шын мәніне келгенде, олардың саясаты да — *империализмнің реакциялық ұлы державалық* саясаты. Мұны ұғып алу өте-мөте маңызды, өйткені либералдар өз көзқарастарын демократиялық әуенді сөздермен жымысқы бүркейді.

«Речьке» қараңызшы. Әуелі — Милюковтың Сазоновпен «сүйіспеншілікпен дидарласуына»[88] дейін — Сазоновқа «келісімге келгіш» деген кінәлар тағылды, ұлт-

ПРАВДА

ЕЖЕДНЕВНАЯ РАБОЧАЯ ГАЗЕТА.

Годъ изданія первый.

№ 146. Четвергъ 18 Октября. 1912 г. ЦѢНА 2 коп.

ВОЙНА. Сраженіе при Люле-Бургасѣ. — Наступленіе турокъ — Австрія и война. — Движеніе грековъ, сербовъ и черногорцевъ.

ВЫБОРЫ. Рабочая курія: оторческія выборы — избраны 3 с.-д. одна переблаготворены — Стачки протеста петербургскихъ рабочихъ — Результаты выборовъ по 2-й куріи въ Сибири.

РАБОЧЕЕ ДВИЖЕНІЕ. Стачка — у Вестингауза, въ Ригѣ — печатниковъ, въ Гельсингфорсѣ.

Кризисъ сахарнаго рынка.

Кто побѣдилъ?

О лисѣ и курятникѣ.

Позорная резолюція.

Послѣ «разъясненія».

ОБЗОРЪ ПЕЧАТИ.

Въ Финляндіи.

«Правда» газетінің 1912 ж. 18 октябрьдегі 146-номерінің бірінші беті, мұнда В. И. Лениннің «Түлкі және тауық күркесі туралы» және «Масқаралық қарар» деген мақалалары бар

Кішірейтілген

шылдарға Константинопольді алудың «ұлы идеясын» әлсіретеді деген кінәлар тағылды. Ал қазір, дидарласқаннан кейін, «Речь» «Россияны» мақұлдап, «Новое Времяның» «байыпсыз адуындауын» барынша сөгіп отыр.

Ал қазір «Речьтің» саясаты қандай?

Асқақ талаптардан бастаудың керегі жоқ, өйткені ол жағдайда біз (Франция мен Англияның) қолдауынан айырылып, «амалсыздан *қанағатшылдың ар жағындағы қанағатшыл* болып тынамыз» (№ 278)!!

Сонымен, «Речьтің» шовинистерге қарсы болу *себебі сол,* олар «қанағатшылдың ар жағындағы қанағатшыл болып тынады» дейді. Яғни сіздер, шовинистер, мақтанасыздар және түк түсірмейсіздер. Ал біздер, француз және ағылшын буржуазиясының қолдауымен бейбіт және тыныш отырып, олжа түсіруді жақтаймыз!

«Сол Балқандағы біздің қамқорлығымыздағылардың мүдделері үшін» (үш жақты келісімнің) қолдауы «бізге керек»,—деп жазады «Речь». Бұл естеріңізде болсын: «Речь» *те* Россияның славяндарға *«қамқор болуын»* (қорғауын) *жақтайды,* тауық күркесін түлкінің қорғауын жақтайды, бірақ неғұрлым әккі қорғауын жақтайды!

«Қолымыз жетуге болатын нәрсенің бәрі де нақ осы бірденбір жолда — европалық дипломатияның бірігіп жұмыс істеуі жолында жатыр»— деп мәлімдейді «Речь».

Мәселе айқын: кадеттер саясатының мәні — дәл сол «Новое Времядағы» шовинизм мен империализм, тек одан гөрі шебер, жымысқы. «Новое Время» жалғыз Россияның атынан соғыс шығарамын деп дөрекілеу, сөлекеттеу түрде қорқытады. «Речь» *те* «шебер және дипломаттық түрде» *соғыспен* қорқытады, тек үш жақты келісімнің атынан қорқытады, өйткені: «қанағатшылдың ар жағында қанағатшыл болмау керек» деу — атап айтқанда соғыспен қорқыту деген сөз. «Новое Время» *Россияның* славяндарға қамқор болуын жақтайды, «Речь» славяндарға үш жақты келісімнің қамқор болуын жақтайды, яғни «Новое Время» тауық күркесін-

дегі бір түлкіміз болуын жақтайды, ал «Речь» үш түлкінің келісімін жақтайды.

Жалпы алғанда демократия, ал әсіресе жұмысшылар,— түлкілер мен қасқырлардың славяндарға «қамқор болуы» атаулысына қарсы шығып, халықтардың өзіп өзі толық билеуін, толық демократия болуын, славяндарды «ұлы державалардың» қамқорлығы *атаулыдан* азат етуді жақтайды.

Либералдар мен ұлтшылдар Балқан халықтарын Европа буржуазиясының талауының және құл етуінің *әр түрлі тәсілдері* жайында таласады. Тек жұмысшылар ғана бостандық пен демократияны барлық жерде және ақырына дейін жақтап, «қамқор болудың», талаудың және қол сұғудың қандайына болса да қарсы шығып, шын демократия саясатын жүргізіп отыр.

«Правда» № 146, 18 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МАСҚАРАЛЫҚ ҚАРАР

Петербург қалалық думасының 10 октябрьдегі қарары өзіне жұртшылықтың назарын аударып отыр.

Қарар Балқан соғысы жайында — дүние жүзілік саясаттағы ең маңызды оқиға жайында. Қарар ықпалды — буржуазия арасында — қоғамдық мекемеден шығып отыр. Қарарды барып тұрған реакционерлер мен либералдар *бірауыздан* қабылдаған.

«Демократ» (!?) және кадет болуға сәл ғана қалған либерал Фальборк «жалынды сөзінде» осындай қарардың қажеттігін дәлелдеді, оны комиссияның әзірлеуіне және дауысқа салуға қатысты.

Ал бұл қарар — буржуазиялық шовинизмнің үлгісі, «билік басындағылардың» алдында буржуазияның лайықсыз жағымпаздануының үлгісі, халықтарды зеңбірек жемтігіне айналдыру саясатын буржуазияның қолдауының үлгісі.

«Петербург,— делінген соғысып жатқан Балқан державаларының астаналарына арналған қарарда,— езілген халықтардың тәуелсіз бостандығының жарқын болашағына сіздермен бірге үмітпен қарайды, сіздер осы бостандық үшін қан төгіп жатырсыздар».

Шовинизмнің бүркеніп отырған сылдыр сөздері, міне, осындай! Езілген халықтар ешқашан және ешбір жерде бір халықтың екінші халыққа қарсы *соғысы* арқылы «бостандыққа» жеткен емес. Халықтардың соғысы халықтарды құл етуді тек күшейте түседі. Балқандағы

славян шаруасының, сондай-ақ түрік шаруасының да нағыз *бостандығы әрбір* елдің ішіндегі толық бостандық арқылы *ғана* және әбден, ақырына дейін демократиялық мемлекеттердің федерациясы арқылы *ғана* қамтамасыз етілмек.

Балқандағы славян шаруасы да, түрік шаруасы да өздерінің помещиктері мен өздерінің үкіметтері тарапынан бірдей «езіліп отырған» бауырлар.

Нағыз езу деген, міне, осында, «тәуелсіздік» пен «бостандықтың» нағыз кедергісі деген, міне, осында.

Петербург қалалық думасында ашықтан-ашық бірігіп отырған реакциялық және либералдық шовинистер (олар баспасөзде бүркемелене біріккен, өйткені «Речь» пен «Новое Времяның» бұл мәселе жөніндегі пікірлері біртектес, сарыны мен жеке жағдайлары жағынан ғана өзгешелігі болғанмен *шын мәніне* келгенде біртектес) — міне, осы шовинистер халықтарды зеңбірек жемтігіне айналдыруды уағыздайды!

«Правда» № 146, 18 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТ ПРОФЕССОРЫ

Кадет партиясы кандидаттарының бірі, профессор Туган-Барановский мырза жас кездерінде марксистер дерлік болған, ал сонан соң тез «ақылы енген», буржуазиялық теориялардың үзінділерімен Маркстi «түзеген» және сіңірген ренегаттық зор еңбегі арқасында студенттерді ғалымдық жолмен ақымақтандыру үшін университеттік кафедраларды алуды қамтамасыз еткен россиялық экономистердің сапатына жатады.

Марксистен либералға дамып жетіскен Туган мырза тұрмыстың қымбатшылығы жайындағы көкейтесті мәселе жөнінде таяуда «Речь» газетінде мынадай пікір айтты:

«Менің (?) көзқарасым бойынша, тұрмыстың қымбаттауының негізгі (ал керек болса!) себебі әбден айқын. Ол — халықтың орасан көбеюі, көбейгенде көбінесе қала халқының көбеюі. Халықтың көбеюі жер өңдеудің неғұрлым интенсивті әдістеріне көшуді туғызады, бұл — ауыл шаруашылық еңбегі *өнімділігінің кеми беруінің белгілі заңы бойынша* өнім өлшемінің еңбектік құнының өсуіне әкеліп соғады».

Туган мырза «мен», «менің» деп айқайлауды сүйеді. Іс жүзінде ол Маркс әлдеқашан теріске шығарған буржуазиялық ілімдердің үзінділерін қайталап отыр.

«Өнімділіктің кеми беруінің белгілі заңы» — буржуазияның топастары мен жалдама ғалымдарының қолдарында *капитализмді ақтау үшін* қызмет ететін ескі буржуазиялық қоқыс. Іс жүзінде бұған кінәлы *капиталистік қоғамдық* құрылыс болып отырғанда, кінәны *та-*

биғатқа жабатын (еңбек өнімділігі кемиді екен,— бұған ештеме істей алмайсың! деседі) бұл «заңды» Маркс әлдеқашан теріске шығарды.

«Ауыл шаруашылық еңбегі өнімділігінің кеми беру заңы» — буржуазиялық өтірік. Капитализм тұсында *рентаның*, *яғни жер иелері* табысының өсу заңы, бұл — шындық.

Тұрмыс қымбатшылығы себептерінің бірі — жерге монополия болуы, *яғни* оның жеке меншікте болуы. Сондықтан жер иеленушілер *арта түсіп отырған* еңбек өнімділігінен барған сайын көп алым алады. Өз мүдделерін қорғау үшін жұмысшыларды ұйымдастыру ғана, капиталистік өндіріс әдісін жою ғана қымбатшылықты құртады.

Буржуазияның, кадет Туган мырза сияқты, жарамсақтары ғана ауыл шаруашылық еңбегі өнімділігінің кеми беру «заңы» жөніндегі ертегіні қорғай алады.

«Правда» № 147, 19 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ТАРИХТЫҢ ЖАҢА ТАРАУЫ

Бүкіл Европаның Балқандағы аты шулы status quo (статус кво — бұрынғы, бұлжымас жағдай) дегенді реакциялық және қара ниет мақсатпен қорғаған буржуазиялық баспасөзінің өзі де бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа тарауы басталғанын қазір біраузыдан мойындап отыр.

Түркияның талқандалуы күмәнсыз. Төрт жақты одаққа біріккен балқандық мемлекеттердің (Сербия, Болгария, Черногория, Греция) жеңістері аса зор. Бұл төрт мемлекеттің одағы шындық болып отыр. «Балқан — балқандық халықтарға» — бұған *қазірдің өзінде* қол жетті.

Бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа тарауының қандай маңызы бар?

Шығыс Европада (Австрия, Балқан, Россия) — қоғамдық дамуды және пролетариаттың өсуін сұмдық тежеп отырған орта ғасырлықтың күшті қалдықтары осы кезге дейін әлі жойылған жоқ. Бұл қалдықтар — абсолютизм (тежеусіз самодержавиелік өкімет), феодализм (крепостник-помещиктердің жер иеленушілігі мен артықшылықтары) және ұлттарды жаншу.

Балқан елдерінің саналы жұмысшылары Балқанда ұлт мәселесін дәйекті демократиялық жолмен шешу ұранын бірінші болып ұсынды. Бұл ұран: Балқан федерациялық республикасы. Қазіргі Балқан мемлекеттеріндегі демократияшыл таптардың әлсіздігі (пролетариаттың саны аз, шаруалар жаншылған, бытыраңқы,

сауатсыз) экономикалық және саяси жағынан қажет одақтың Балқан монархияларының одағы болуына әкеліп соқты.

Балқандағы ұлт мәселесі өзінің шешілуі жолында ілгері қарай аса зор қадам басты. Бүкіл Шығыс Европада қазір негұрлым артта қалған мемлекет болып *тек бір ғана Россия* қалып отыр.

Балқанда республикалардың одағы емес, монархиялардың одағы құрылғанына қарамастан,— одақтың революция нәтижесінде емес, соғыс нәтижесінде жүзеге асырылғанына қарамастан,— бұған қарамастан, бүкіл Шығыс Европада орта ғасырлықтың қалдықтарын талқандау жөнінде ілгері қарай ұлы қадам жасалды. Сондықтан ерте масайрап отырсыздар, ұлтшыл мырзалар! Бұл қадам — сіздерге *қарсы,* өйткені Россияда орта ғасырлықтың қалдықтары *бәрінен көп!*

Ал Батыс Европада пролетариат мына ұранды бұрынғыдан да өктемірек жариялап отыр: ешқандай қол сұғушылық болмасын! Балқан — балқандық халықтарға!

«Правда» № 149, 21 октябрь, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕР МЕН ҰЛТШЫЛДАР

Біз кадеттердің өз көзқарастарының негізі жағынан национал-либералдар болып табылатынын, ұлт мәселесін олардың мүлде *демократиялық* тұрғыдан қоймайтындығын көрсеткенімізде,—«Речь» бізді білмейді және бұрмалайды деп айыптап, ашумен, менменсіп жауап берген болатын.

Көптеген документтердің бірі мынадай. Оқушылар мен сайлаушылар төрелік берсін.

18 октябрьде М. М. Ковалевский мырзада «славян мәселесіне көңіл қоятын адамдардың үйірмесінің» екінші жиналысы болды. Қоғамға арналып, Е. Аничков, Кареев, Л. Пантелеев (кадеттерден кандидат болған), Г. Фальборк, сонан соң, әрине, М. М. Ковалевский мырза және басқалар қол қойған үндеу оқылды.

Кареев, Пантелеев және К⁰ үшін жауапкершіліктен «Речь» бұлтарып кеткісі келіп отырған жоқ па екен?

Либералдардың қоғамға арналған үндеуі былай дегенге келіп саяды:

«**орыс жүрегі жалпы өрлеуде...** славяндарға тілектестікпен соғады, **орыстың ұлттық саналылығы** славяндардың жеңістерінің жемісін олардың өздеріне қамтамасыз етуге **көмектеседі** деген үмітпен соғады».

Мұның «Новое Время» және К⁰-ның ұлтшылдығы мен шовинизмінен айырмасы қайсы? Тек ақ қолғап киетіндігі және неғұрлым дипломатиялық сақ сөздерді қолданатындығы. Бірақ шовинизм ақ қолғап кисе де,

сөздерді мейлінше мәнерлеп қолданса да — жиіркенішті.

Бірқатар халықтарды мейлінше езуші орыс ұлтшылдары қатар (және жоғарыда!) тұрғанда демократия «жалпы өрлеу» бар деп ешқашан айтпайды.

Славян мен түрік шаруаларын *бірге алып* — славян мен түрік помещиктеріне, басы бұзықтарына қарсы қою керек болып отырғанда, славянды түрікке қалай болса солай қарсы қоюға демократия ешқашан төзбейді.

Поляктарды, еврейлерді, жалпы «бұратаналарды» езіп, қуғындап отырғанда,— *барлық* халықтардағы бостандықты жақтаушылардың және езгіге қастардың *сана-сезімі* «орыстың ұлттық сана-сезімімен» өзгертілуіне демократия ешқашан жол бермейді.

Адал демократтың бірде-бірі, езілген халықтарды шын ниетімен жақтаушының бірде-бірі кадеттер үшін дауыс бермеуге тиіс!

«Правда» № 151, 21 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОҒЫСТЫҢ СҰМДЫҚТАРЫ

Соғысушы жақтар Балқанда не болып жатқанын «басқалардан», яғни бүкіл дүниеден бар күштерін салып жасырып отыр. Тілшілерді алдайды, кідіртеді, ұрыс біткеннен кейін көп уақыт өткен соң ғана шайқас болған жерге жібереді.

Сондықтан тек ерекше бір жағдайлар ғана кейде соғыс жөніндегі шындықты білуге мүмкіндік береді. Сірә, «Daily Chronicle»[89] деген ағылшын газетінің тілшісі Доноугоэ (Donohoe) мырзаға осындай ерекше бір жағдайлар жәрдем еткен болу керек. Оның Люле-Бургас түбіндегі шайқас кезінде түрік армиясында болуының сәті түскен; сонан соң ол автомобильмен Константинопольге дейін барған, одан теңізбен Констанцаға (Румыния) жеткен. Констанцадан ол Лондонмен телеграфпен еркін хабарласа алған.

Түріктердің жеңілісі сұмдық болған. Олардан 40 000 (!) шамалы адам қырылған. Апат Мукден апатынан кем емес — деп жазады ағылшын. Түріктердің артиллерия қаруларының төрттен үші болгарларда қалған. Болгарлар түріктерді өздеріне әбден жақын жіберіп, олардың қолма-қол ұрыс бастауына мүмкіндік берген,— сонан соң тез шегінген, сөйтіп... *пулеметтер* түріктерді жүздеп, мыңдап қырып салған.

Түріктердің шегінуі есі шыққан, ашыққан, азап шеккен, ақылынан танған тобырлардың бей-берекет қашуына айналған. Тілшінің автомобилі қашқандардың ортасында тұрып қалған. Аш түріктер одан нан сұра-

ған. Бұған жұрттың жараларын таңып беруіне тура келген. Дәрігерлер аз. Жара таңатын материалдар жоқ. Азық-түлік жоқ. Мен көптеген соғыс жорықтарының куәсы болдым — деп жазады ағылшын — бірақ мұндағыдай сұмдық күйзеліс, Анатолияның (Азиялық Түркия) ашыққан, титықтаған, азап шеккен, дәрменсіз шаруаларының қырылуындай қырылу болады деп ешқашан ойлаған емеспін.

«Правда» № 155, 28 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. Ф р.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕР МЕН ІРІ БУРЖУАЗИЯ

Кадеттердің Москва мен Петербургтің қалалық 1-куриясы бойынша жеңісі, одан соң өнеркәсіптен Мемлекеттік совет мүшелерін сайлаудағы жеңісі,— ақырында, *реакционерлердің* социал-демократтарға қарсы кадеттерге көмектесуінің күмәнсыз дәлелденген фактісі — осының бәрі біздің қоғамның *барлық* таптарының барынша назар аударарлық саяси дамуының белгілері.

Конституциялық-демократиялық партияның мәні туралы социал-демократтардың 1907 жылға қатысты басты шешімін еске түсірейік: «Либералдық-монархиялық буржуазияның партиялары және бұл партиялардың бастысы — кадеттер, қазірдің өзінде-ақ революциядан айқын теріс айналып, контрреволюциямен мәмлеге келу арқылы революцияны тоқтату міндетін көздеп отыр; мұндай партиялардың әлеуметтік негізі — буржуазияның экономика жағынан неғұрлым прогресшіл топтары, әсіресе буржуазиялық интеллигенция болып табылады, ал қалалық және деревнялық ұсақ буржуазияның бір бөлегі бұл партияларға әлі де тек дәстүр (қараңғылық әдет) бойынша ғана және либералдардың тура алдауы бойынша еріп келеді»[90].

Бұл сипаттаманың дұрыстығын оқиғалар әбден дәлелдеді. Демократия кадеттерді қалалық екінші куриядан (демократ сайлаушылар *көп* жерден) *ығыстырып* отыр. Кадеттер қалалық бірінші куриядан октябристерді ығыстырып шығарып отыр.

Реакция неғұрлым өршеленген сайын, сайлаудың бұрмалануы неғұрлым ашық бола түскен сайын ірі капитал либерализм жағына соғұрлым көп шығуда. Конституциялық-демократиялық партияның марксистер 1906 және 1907 жылы көрсеткен таптық мәні қазір бұқара алдында айқын *ашылып отыр.*

Кадеттерді қалалық *демократияның* партиясы деп есептегендердің қатесі айқын болып келеді. Кадеттердің реакционерлермен жасаған одағы құпиялықтан аз-аздап *айқындалып* келеді; реакционерлер кадет Мансыревті социал-демократ Предкальнға қарсы, кадет Николаевты социал-демократ Покровскийге қарсы өткізіп отыр.

Социал-демократиялық саясаттың күші, оның жеңілмейтіндігі атап айтқанда мынаған байланысты: капиталистік қоғамның *бүкіл* дамуы социал-демократиялық саясаттың дұрыстығын барған сайын барынша дәлелдей түсіп отыр. Кадеттер ірі буржуазиямен топтасып отыр; бұл ірі буржуазия, өзінің бүкіл контрреволюцияшылдығына қарамастан, риза бола *алмайды.* Демократия кадеттерден *солға* кетіп отыр.

«Правда» № 157, 1 ноябрь, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

НАҒЫЗ ОРЫСТЫҚ ӘДЕТТЕР

Жуырда «Земщина» газеті Пуришкевичтің өлеңдерімен қатар «Россияның» «әйгілі» (бұдан былай тырнақшасыз да әйгілі) қазыналық публицисі Гурьев жөнінде мақаласымақ басты. «Земщина» бұл — «еврейлік-либералдық сарындағы публицист» деп сендіреді. Ғажап! Сонда ресми «Россия» да еврейлік-либералдық орган болып шыққаны ма?

Алайда, істің мәні неде? Істің мәні мынада — Петербург жіп мануфактурасы акционерлерінің жалпы жиналысы Гурьевті бірауыздан басқарма мүшелігі қызметінен босатқан. Оның үстіне, теріс әрекеттері үшін Гурьевті сотқа тарту туралы прокурорға өтініш жасауға қаулы етілген.

Бақса, компаниялас екі фабрикант 100 000 сом қосса да, Гурьев 1000 сом қосып пайданың *үштен бірін* алып отыруға право алған екен! Капиталистер мұндай жомарттықты Гурьевке не үшін жасаған?

Мұның себебі, бұл сабазың — толық статс советнигі, ресми «Россия» газетінің қызметкері, т. т. және т. с. Ол Виттенің жеке өзінің секретары болды. Оның «ерекше байланыстары» бар. Ол... *үкіметтік субсидиялар* әперемін деп уәде беріпті!

Сонымен, капиталист мырзалар үкіметтік «байланыстарды» әжептәуір жоғары «бағалаған»: дәл 49 мың сомға бағалаған. Товар сіздікі — ақша біздікі. Сізде «үкіметтік байланыстар», субсидиялар алу мүмкіндігі бар екен,— бізде ақша бар. Сатып алу-сату. Мұнша

мыңға «үкіметтік байланыстарыңыз», мұншаға субсидиялар аламын деген уәдеңіз, мұншаға қазыналық «Россияға» қатысуыңыз. Алыңыз, Гурьев мырза!

Гурьев алды — алды да алдап кетті. Уәделерін орындамады, ал пайданың үштен бірінен артығын талап ете бастады, оның үстіне қоқан-лоққы жасай бастады, яғни кәсіпорын кредитінің шырқын бұзамын деп қорқытып ақша ала бастады.

Айрықша тән іс. Екінің бірінде болатын іс. Әдетке айналып бара жатқан сөкеттік Үкіметтік байланыстар мен субсидиялардың капиталға қатынасы туралы тақырыпқа суреттеме.

Тек «еврейлік-либералдық сарынның» бұл арада не қатысы бар, «Земщинадағы» мырзалар? Бұл нағыз орыстық, нағыз консерваторлық сарын! Пуришкевичтің достары, мүләйімсімеңіздер!

«Правда» № 160, 4 ноябрь, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Россійская Соціалъ-Дем. Рабочая Партія

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Le SOCIAL-DÉMOCRATE

СОЦІАЛЬДЕМОКРАТЪ

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ОРГАНЪ РОССІЙСКОЙ СОЦ.-ДЕМ. РАБОЧЕЙ ПАРТІИ.

№ 28-29 Понедѣльникъ 5|18 Ноября 1912 года. Цѣна 30 снт.

Интернаціоналъ противъ войны.

Къ рабочимъ всѣхъ странъ!

Интернаціональное Соціалистическое Бюро, Брюссель, 30 октября 1912 г.

Къ русскимъ товарищамъ.

«Ко всѣмъ гражданамъ Россіи».

Платформа реформистовъ и платформа революц. с.-д.

«Социал-Демократ» газетінің 1912 жылғы 5 (18) ноябрьдегі 28—29-номерінің бірінші беті, мұнда В. И. Лениннің «Реформистердің платформасы және революцияшыл социал-демократтардың платформасы» деген мақаласы басылған

Кішірейтілген

РЕФОРМИСТЕРДІҢ ПЛАТФОРМАСЫ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ПЛАТФОРМАСЫ

Россияда революциялық өрлеу 1912 жылдың бірінші жартысында айқын сезілді. Фабриканттардың есебі бойынша, саяси стачкашылардың саны бес айдың ішінде 515 000 адамға жетті. Бұл стачкашылардың ұрандары қандай болғанына, олардың талаптары қандай болғанына, олардың демонстрацияларының, митингілерінің және т. т. саяси мазмұны қандай болғанына—Орталық Органның 27-номерінде толық көшіріліп басылған айрықша маңызды документ, атап айтқанда Петербург жұмысшыларының майдағы үндеуі куә бола алады.

Осы естен кетпейтін күндерде Петербург жұмысшылары реформистік ұрандармен емес, революцияшыл социал-демократияның ұрандарымен: құрылтай жиналысы, 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктердің жерлерін конфискелеу, патша үкіметін құлату, демократиялық республика құру ұрандарымен шықты.

Түркстандағы, Балтық флотындағы және Қара теңіздегі солдаттар мен матростардың көтерілістері және көтеріліс жасау әрекеттері, Россияда ұзақ жылдарға созылған контрреволюциялық алапаттан және жұмысшы қозғалысындағы толастан кейін жаңа революциялық өрлеудің басталғанының жаңа *объективті* дәлелдемесін берді.

Бұл өрлеу IV Мемлекеттік думаның сайлауы уақытына дөп келді; мұның өзі барлық партиялардың, барлық саяси бағыттардың қандай ретпен болса да саяси

жағдайға *жалпы* баға берулеріне *тура келген* кез еді. Міне, сондықтан егер біз өзіміздің саяси міндеттерімізді топсымақтардың игі тілегі ретінде емес, жұмысшы табының міндеттері ретінде байыптап талдамақ болсақ, егер программалар мен платформаларды бұқаралық күрестің фактілерімен және сол қоғамның *барлық* таптарының қимылымен салыстыра отырып, марксистерше тексермек болсақ, онда біз түрліше сайлау платформаларын да бұқараның *революциялық өрлеуінің* нақ осы талқысына салып тексеріп, сынап алуымыз керек. Өйткені социал-демократия үшін сайлау дегеніміз — айрықша саяси операция емес, уәделер беру немесе мәлімдемелер жасаудың қайсысынан болсын тартынбай, мандаттарға ие болу емес, саналы пролетариаттың негізгі талаптары үшін және саяси дүние тануының негіздері үшін үгіт жүргізуге ерекше бір себеп қана болып табылады.

Қаражүздіктен бастап Гучковқа дейінгі барлық үкіметтік партиялардың программалары мен платформалары ешқандай күмән туғызбайды. Мұндағы контрреволюцияшылдық айқын, ашық нәрсе. Бұл партияларды жұмысшы табы мен шаруалар тұрсын, *тіпті* буржуазияның қалың топтарының өзі де қандай да болсын елеулі түрде қолдамай отырғандығы баршаға мәлім. Бұл соңғы топтар октябристерден мүлде дерлік теріс айналды.

Либералдық-буржуазиялық партиялардың программалары мен платформалары біразы (мұсылман тобының платформасы) ресми түрде дерлік жарияланды, енді біразы («прогрессистердің», кадеттердің платформалары) «үлкен» саяси баспасөзден әбден нақты белгілі болып отыр. Бұл программалар мен платформалардың бәрінің *мәнін* мылжыңдап кеткен кадет Гредескул «Речьте» қайта басылған, ал одан барып маркстік баспасөзде жарияланған өзінің мәлімдемелерінде тамаша етіп сипаттап берді.

«Россияда жаңа революцияның *керектігін* көпшілік алдында *теріске шығару»* — міне, Гредескул мырза өзінің көзқарастарын осылайша тұжырымдаған (салыстырыңыз: *«Социал-Демократ»* № 27, 3-беті), тағы да

соның өзі: «аспай-саспай, табанды түрде және сенімді түрде жүргізілетін *конституциялық* жұмыс *қана* керек» деген (кадеттер бас болған) либерализмнің *шын* платформасын революционерлерге қарсы қойды.

Біз шын платформа деген сөздерді баса айтамыз, өйткені барлық буржуазиялық елдердегідей, Россияда да платформалардың көпшілігі — *көз бояушылық* платформалар.

Ал істің мәні атап айтқанда (ілуде бір болатын шыншылдығы ұстаған сәтте) Гредескул мырзаның мойындаған дүниесінде болып отыр. Либералдық-монархиялық буржуазия конституциялық реформаларды *ғана* жақтап, жаңа революцияға *қарсы* шығады.

Социал-демократия табанды түрде, буржуазиялық демократия (халықшылдар) бұлталақтап жаңа революцияның «керектігін» жақтайды, осыны насихаттайды. *Бұқаралық* күрестің өрлеуі *басталды*. Революцияшыл социал-демократтар оның бұрынғыдан да шарықтап, *революция* сатысына дейін дамуына жәрдемдесе отырып, оны ұлғайтып, нығайтуға ұмтылады. Ал реформистер өрлеуді «жандану деп» қана қарайды, олардың саясаты конституциялық жеңілдіктерге, конституциялық реформаларға жетуге бағытталған саясат. Демек, буржуазия мен пролетариат орыс тарихының бұл «кезеңінде» де «халыққа», бұқараға ықпал жүргізу жолында күреске шықты. Күрестің немен тынатынын ешкім де болжап айта алмайды, бірақ *бұл* күресте РСДРП-ның қандай орын алуға тиіс екеніне де ешкім күмән келтіре алмайды.

Партияның сайлау платформасын бағалағанда,— және жойымпаздар конференциясы сайлаған «Ұйымдастыру комитеті» жуырда шығарған сайлау платформасын бағалағанда да,— осылай, тек осылай қарауға болады.

Орталық Комитет январь конференциясынан кейін бастырып шығарған партияның сайлау платформасы апрель-май оқиғаларына *дейін* жазылған-ды. Бұл оқиғалар оның дұрыстығын *растады*. Бүкіл платформаға өзек болған бір пікір: *қазіргі* Россияда конституциялық реформаларға үміт артуға болмайтындығын, утопиялы-

ғын сынау және революцияны насихаттау. Революциялық міндеттерді мейлінше айқын көрсету үшін және бұл міндеттерді конституциялық реформалар болады деген уәделермен шатастыруды мүлдем болдырмайтын ету үшін платформа ұрандары *нақ* осылай алынған. Партияның платформасы — *жүз мыңдаған* саяси стачкашыларға, миллиондаған мужик әскерлердің алдыңғы қатардағыларына революцияшыл социал-демократтың тікелей *үндеуі* болып табылады, оларға көтерілістің міндеттері *түсіндіріледі.* Революцияшыл партия өз платформасына май айындағы ереуілдер мен июнь-июль айларындағы әскери көтеріліс жасау әрекеттерінің партияның түсіндіру жұмысына тікелей үн қосуынан жақсы сын, өмірдің бұл платформаны одан артық дәлелдеуі болар деп армандай да алмайтын еді.

Жойымпаздардың платформасына қараңыздар. Оның жойымпаздық мәні Троцкийдің революциялық сылдыр сөздерімен шебер бүркемеленген. Бұл бүркемелеушілік аңқау және мүлде тәжірибесіз адамдардың кейде көзін байлап, керек десе жойымпаздардың партиямен «ымыраласуы» тәрізді болып көрінуі мүмкін. Бірақ болмашы зер салғанның өзінде мұндай алданудан тез арылуға болады.

Жойымпаздардың платформасы май стачкаларынан және жазғы көтеріліс жасау әрекеттерінен *кейін* жазылды. Сондықтан біз бұл платформаның мәні туралы сұраққа іскерлік нақтылы жауапты іздей отырып, ең алдымен сұрайтынымыз: платформа бұл стачкалар мен әрекеттерді *қалай* бағалады?

«Экономикалық өрлеу»... «пролетариат өзінің стачкалық қозғалысының өсуімен жаңа қоғамдық өрлеудің алдағы шабуылын атап көрсетті»... «коалиция бостандығын талап еткен пролетариаттың құдіретті апрель қозғалысы» — міне, апрель-май стачкалары туралы жойымпаздардың платформада *бар* айтқаны осы.

Бірақ мұнысы жалған ғой! Бұл — істі адам айтқысыз бұрмалау! Мұнда *бастысы* айтылмаған, атап айтқанда *тіпті* де конституциялық реформалардың бірін жеңіп алуға *емес,* үкіметті *құлатуға,* яғни революцияға бағыт-

талған саяси стачканың *революциялық* сипаты айтылмаған.

«Қызыл» сөздерге толы, құпия, революциялық прокламацияда мұндай жалғандықтың айтылуы қалайша болды екен?— Бұл осылай *болуға тиісті* еді, өйткені либералдар мен жойымпаздар *осылай қарайды.* Олар стачкалардан өздерінің көрсек дегенін көреді,—конституциялық реформалар үшін күресті көреді. Олар өздері көргісі келмеген нәрсені, яғни революциялық өрлеуді көрмейді. Біздер, либералдар, реформа үшін күрескіміз келеді, революция үшін күрескіміз келмейді — жойымпаздардың *өтірігімен* білдірілген таптық позицияның *шындығы,* міне, осы.

Көтеріліс жасау әрекеттері туралы біз былай дегенді оқимыз: «...казармадағы солдаттарды күштеумен, кемсітумен және ашықтырумен *ашынған наразылықтың бұрқ етуіне* жеткізеді, ал одан кейін оқпен, дарға асумен жуасытады» және т. б....

Бұл — либералдық баға. Біздер, революцияшыл социал-демократтар, көтеріліс жасау әрекеттерінен *бұқара көтерілісінің басталуын* көреміз, сәтсіз, мезгілсіз, теріс басталуын көреміз, бірақ біз *бұқараның* ойдағыдай көтеріліс жасауға ойдағыдай болмаған көтерілістердің тәжірибесін көріп барып *үйренетінін* білеміз,— мұның өзі орыс жұмысшыларының 1901—1904 жылдардағы бірқатар сәтсіз, ал кейде айрықша сәтсіз болған саяси стачкалардан кейін 1905 жылғы октябрьдегі сәтті стачка жасауға үйренгені тәрізді. Казармада бәрінен көп жаншылған жұмысшылар мен шаруалар көтеріліс жасай *бастады,*— дейміз біз. Мұнан шығатын айқын және тура қорытынды: *ойдағыдай* көтерілісті не үшін және қалайша әзірлеу керек екенін оларға *түсіндіру* керек.

Либералдар басқаша пайымдайды: солдаттарды «*ашынған* наразылықтың бұрқ етуіне» дейін «жеткізеді» дейді олар. Либерал үшін көтерілісші-солдат революцияның субъектісі емес, көтеріліс жасаушы бұқараның бірінші хабаршысы емес, үкімет жауыздығының *объектісі* («ашынуға жеткізеді»), осы жауыздықты баттитып көрсетуге себепші болатын объекті.

Қараңыздаршы, солдаттарды *ашынған* халге дейін *жеткізіп,* сонан кейін оқпен жуасытып отырған біздің үкімет қандай жаман үкімет — дейді либерал (қорытынды: ал егерде біз, либералдар, өкімет басында болған болсақ, бізде солдат көтерілістері болмас еді).

Қараңыздаршы, егер тіпті казармалық тұрпайы үйретуден езілген солдаттар мен матростардың өзі көтеріліске шыға бастап отырса және көтерілісі нашар болып, ойдағыдай көтеріліс жасауға үйретіп жатқан болса, қалың, кең бұқараның арасында революциялық жігер-қайрат қалай толысып келе жатыр дейді социал-демократ.

Сіздер көріп отырсыздар: жойымпаздар Россиядағы көктемгі және жазғы революциялық өрлеуді *«түсіндірді»* (түсіндіру деген сөздің сенаттық мағынасында). Олар осының ізінше біздің партияның программасын «түсіндіреді».

РСДРП программасында былай делінген:

«...РСДРП патша самодержавиесін құлатуды және оны демократиялық республикамен ауыстыруды өзінің *таяудағы* саяси міндеті етіп қояды; мұндай республиканың конституциясы мыналарды *қамтамасыз етер еді:* 1) халық самодержавиесін...» және т. т.,— бұдан әрі «бостандық» және «праволардың» тізбесі келеді[91].

Мұны түсінбеуге болмайтын тәрізді. «Таяудағы» міндет — самодержавиені құлату және оны бостандықты *қамтамасыз ететін* республикамен ауыстыру.

Жойымпаздар осының бәрін өзгертіп жіберген.

«...Социал-демократия,— дегенді оқимыз олардың платформасынан,— халықты демократиялық республика үшін күресуге шақырады...

...Халық *тек революция нәтижесінде ғана* жүзеге асыра алатын осы мақсатқа ұмтыла отырып, социал-демократия *қазіргі сайлау науқанында* (тыңдаңыздар!) еңбекші бұқараны төмендегі *кезекті* талаптардың төңірегіне топтасуға шақырады: 1) *Мемлекеттік думаның сайлауы кезінде* жалпыға бірдей т. б. сайлау правосы...», т. б.

Эсер жойымпазы Пешехонов мырза 1906 жылдың күзінде, «ашық партия» құрмақшы болып жүргенде (және құруға сәл ғана қалып еді... тек полиция кедергі болып, түрмеге алып кетті!), республика дегеніміз —

«*алысқа* созылатын перспектива», «республика туралы мәселе өте-мөте сақтықты талап етеді», енді *кезектегі* талаптар — реформалар деп жазды.

Бірақ эсер жойымпаз аңқау, қарапайым, дөкір болатын, сондықтан күлтелемей сөйлейтін. Ал «европалық» оппортунистер бұлай ететін бе еді? Жоқ, олар құлау, ептірек, дипломатияшылырақ...

Олар республика ұранынан бас тартпайды,— қандай жала! Олар кез келген тоғышарға анық пікірлерді басшылыққа ала отырып, оны тек тиісті түрде «түсіндіреді». Революция бола ма, жоқ па—бұл әлі белгісіз дейді жай ғана тоғышар, ал Троцкий мұны ғалымдарша «Наша Заряда» қайталайды (№ 5, 21-бет). Республика «революция нәтижесінде *ғана»* болады, ал «қазіргі сайлау науқанында» конституциялық реформалар *«кезектегі»* іс болып табылады!

Бәрі де сондай жып-жылмағай болып шықты: республика әрі мойындалды, әрі алысқа ығыстырылып тасталды. Ррреволюциялық сөздер көл-көсір болып-ақ айтылды,— ал іс жүзінде «қазіргі сайлау науқанында» (платформа бүтіндей осы *қазіргі науқан* үшін ғана жазылады!) «кезектегі» талап болып реформалар талабы ұсынылған.

Иә, иә, жойымпаздардың конференциясында үлкен «дипломатиялық істердің шеберлері» отырды... Бұл шеберлер мардымсыз-ақ екен-ау! Бірақ олар үйірмелік дипломаттарды шаттандыратын болса, қарапайым-«ымырашылдарды» адастыратын болса, марксистердің оларға айтатын сөзі басқаша.

Тоғышар революцияның болатын, болмайтынын алдын ала білуге болмайды деген талассыз, шынайы және *бос* ақиқатты місе тұтады. Марксист бұған місе тұтпайды; оның айтары мынадай: біздің насихат және барлық социал-демократ жұмысшылардың насихаты революцияның болатын, болмайтынын *анықтайтын анықтағыштың бірі болып* кіреді. Жүздеген мың саяси стачкашылар, әскерлердің түрлі бөлімдерінің алдыңғы қатардағылары бізден, біздің партиядан, не үшін ұмтылуымыз керек, көтерілісті не үшін жасаймыз, нені көздейміз, басталған өрлеуді революцияға дейін ұлғайта

береміз бе немесе өрлеуді реформа үшін күресуге бағыттауымыз керек пе?— деп сұрайды.

Революцияның болатын, болмайтынын кім білсін?— деп тоғышарлық-троцкистік «мұрын шұқудан» гөрі революцияшыл социал-демократия бұл сұрақтарға негұрлым деп қоярлық және маңызды жауап берді.

Біздің жауабымыз: конституциялық реформалардың утопия екендігін сынау, оларға үміт артудың жалғандығын түсіндіру, *революциялық* өрлеуге жан-жақты және мейлінше жәрдем ету, *бұл үшін* сайлау науқанын пайдалану. Революцияның болу-болмауы бізге *ғана* байланысты *емес*. Бірақ біз *өз* ісімізді істейміз, ал бұл іс ешқашан босқа кетпейді. Ол бұқараның арасына демократизмнің және пролетарлық дербестіктің тұқымын терең себеді, ал бұл тұқым не ертең болатын демократиялық революцияда, не арғы күні болатын социалистік революцияда *міндетті түрде* көктеп өнеді.

Ал енді: «революцияның болатын, болмайтыны белгісіз, ал *«кезекте»* тұрған нәрсе — реформалар» деп өзінің оңбаған, интеллигенттік, бундшылдық-троцкистік скептицизмін *бұқараға* уағыздаушылар болса, *олар қазірдің өзінде* бұқараны аздырады, бұқараға либералдық утопияны уағыздайды.

Сайлау науқанына жарты миллион жұмысшы революциялық стачка жасап отырған кездегі, мужик әскерлерінің алдыңғы қатардағылары дворянсымақ офицерлерге оқ атып жатқан кездегі осы, нақтылы, *«нағыз»* саяси жағдайдың рухын *сіңірудің* орнына — мұның орнына олар өздерінің бейне бір «европалық» (біздегі бұл жойымпаздар сондай европалықтар, сондай европалықтар ғой!) «парламенттік» пікірлерінен бұл нақтылы жағдайды (бұл жағдайдың «европалығы» өте аз, «қытайлық», *яғни* демократиялық-революцияшылдық өте көп) *шеттетеді* және еш нәрсеге міндетті етпейтін бірнеше сылдыр сөздер арқылы оны өзінен шеттете отырып,— олар реформистік науқанды *нағыз* сайлау науқаны деп жариялайды!

Социал-демократиялық партияға IV Дума сайлауы жөніндегі платформа — сайлау жөнінде *де*, сайлауға байланысты *да*, сайлау туралы таластарда *да* револю-

цияның *қажеттігін, көкейтестілігін, болмай қоймайтындығын* бұқараға тағы бір рет түсіндіру үшін керек.

Оларға, жойымпаздарға, платформа сайлау *«ү ш і н»* керек, яғни революция туралы ойды, екіталай мүмкіндіктердің бірі деп танып, оны сыпайы түрде қашықтату үшін, ал конституциялық реформалар тізбесіне бола жүргізілетін сайлау науқанын «нағыз іс» деп жариялау үшін керек.

Социал-демократиялық партия сайлауды пайдаланганда бұқараға қайталаған үстіне қайталап революция қажет деген, басталып отырғанның өзі нақ революциялық өрлеу деген ой *салу* үшін пайдалангысы келеді. Сондықтан социал-демократиялық партия өзінің платформасы арқылы *IV Дума* сайлаушыларына әрі қысқа, әрі айқын түрде: конституциялық реформалар *емес,* республика керек, реформизм *емес,* революция керек дейді.

Жойымпаздар IV Дума сайлауын конституциялық реформаларды уағыздау үшін және революция туралы ойды *әлсірету* үшін пайдаланып отыр. Сондықтан осы *үшін* солдат көтерілістері «ашынған наразылықтың бұрқ етуі» деп, солдаттарды осыған «жеткізіп отыр» деп көрсетіледі, жаппай көтерілістің *басы* деп көрсетілмейді, ал бұл көтеріліс, анығын айтқанда, Россияның барлық социал-демократиялық жұмысшылары оны қазірден бастап-ақ барлық күшін салып, барлық жігерін, барлық ынтасын салып қолдай бастай ма, жоқ па, осыған қарай не өсіп, не өшетін болады.

Осы үшін майдағы революциялық стачкалар реформашылдық стачкалар деп «түсіндірілген».

Осы үшін партия программасы «түсіндірілген», «таяудағы» міндет — бостандықты *қамтамасыз ететін* республика құру деудің орнына «осы сайлау науқанында» *кезектегі* деп — бұл IV Мемлекеттік дума үшін, ойнаңыз!— түрлі бостандықтарды талап етушіліктерді есептеу керек деп бұйырылған.

Орыс өмірінде ескі қытайшылық қалай көп десеңші! Біздегі патша өкіметінде ескі қытайшылық қандай көп, жоғарыда Пуришкевичтер мен Трещенковтар отырған жағдайда және төменде бұқара революциялық

әрекет жасап отырған жағдайда осы екеуінің арасына парламенттік күрестің және реформизмнің «кәделерін» әкеліп қыстырғысы келетін біздегі жойымпаздарда ол ескі қытайшылық қандай көп! Интеллигенттердің Хвостовтар мен Макаровтардан қорғанғанда Макдональд пен Жорестен, Биссолати мен Бернштейннен, Кольб пен Франктен алған кепілдеме хат арқылы қорғанбақ болған осы зорлануларында ескі қытайшылық қандай көп!..

Жойымпаздардың көзқарастарын партиялық көзқарастармен жойымпаздар конференциясында Троцкийдің дипломатиялық түрде «ымыраластырған» болғансуы шынында ештемені «ымыраластырмайды». Ол қазіргі Россияда бүкіл әлеуметтік-саяси жағдайды белгілейтін аса ірі саяси фактіні жоя алмайды. Бұл — реформистік платформа мен революцияшыл-социал-демократиялық платформаның күресі; бұл — революциялық стачка жасап, бұқараны бостандық жолындағы шын күреске шақыратын жүз мыңдаған пролетариаттың бас көтеруіне қарама-қарсы қойып — өзінің партиялық либерал көсемдері арқылы буржуазияның Россияда жаңа революцияның қажеттігіне қарсы және тек конституциялық «жұмыс» жолын қуаттап бой корсетуі.

Реформистер жағына қарап бір рет бас ию, революцияшыл социал-демократия жағына қарап екінші рет бас ию, бұл объективті саяси фактіні жою болмайды, оның күшін және салмағын аз да болса әлсірету болмайды. Осы фактіден туындаған алауыздықтарды жуып-шаюға бағытталған ізгі ниеттер,— бұл ниеттер тіпті шынында да әбден «ізгі» және адал болған күнде де,— контрреволюцияның бүкіл жағдайынан туған және бір-біріне бітіспестей қас саяси тенденцияларды өзгертуге дәрменсіз.

Пролетариат өзінің революцияшыл-социал-демократиялық туын қолға ұстап көтерілді және ол IV, қара, Думаның қарсаңында либералдардың алдында туын имейді, реформистерге жағымпазданып туын жинамайды, үйірмелік дипломатияға бола өз платформасын әлсіретуге немесе бәсеңдетуге келіспейді.

Реформизмнің платформасына қарсы революциялық социал-демократияның платформасы — май стачкалары осы ұранмен өтті, помещиктік-поптық Дума сайлауына да РСДРП осы ұранмен барады, бұл Думада және халықтың қалың бұқарасы арасында партияның бүкіл жұмысы осы ұранмен жүргізілетін болады.

«Социал-Демократ» № 28—29, 5 (18) ноябрь, 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚҰПИЯ ПАРТИЯ ЖӘНЕ ЖАРИЯ ЖҰМЫС

Россиядағы социал-демократтардың құпия партиясы туралы және жария жұмысы туралы мәселе — ең басты партиялық мәселелердің бірі; РСДРП бұл мәселемен революциядан соңғы заманның *өне* бойында шұғылданып келеді, бұл мәселе оның қатарындағы неғұрлым кескілескен ішкі күреске себепші болды.

Бұл мәселенің төңірегінде күрес көбінесе жойымпаздар мен жойымпаздарға қарсылардың арасында болып отырды, ал бұл күрестің кескілескен күрес болғанының әбден түсінікті болатын себебі, ол біздің байырғы, құпия партиямыз өмір сүруі керек пе, жоқ па дегенге *тірелді.* РСДРП-ның 1908 жылғы декабрь конференциясы[92] жойымпаздықты үзілді-кесілді айыптап, ерекше қарарында ұйымдық мәселе жөніндегі партиялық көзқарасты айқын белгіледі: партия құпия социал-демократиялық ұялардан құрылады, бұл ұялар түрліше жария жұмысшы қоғамдарының мүмкіндігінше неғұрлым кең және көп тармақты желісі түрінде өзіне «бұқара арасында жүргізілетін жұмыстың тірек пункттерін» жасап алуға тиіс болады.

Орталық Комитеттің 1910 жылғы январьдағы пленумының[93] шешімдері де, 1912 жылғы Бүкіл россиялық январь конференциясы да партияның бұл көзқарасын әбден қуаттады. Партияның бұл көзқарасының толық айқындығы мен тиянақтылығын, сірә, бәрінен де гөрі Плеханов жолдастың соңғы «Дневнигі»[94] (№ 16 — апрель, 1912) айқын сипаттайтын болар. Бәрінен де гөрі

айқын деп отырмыз, өйткені нақ Плехановтың өзі ол кезде (январь конференциясының маңызы туралы мәселе жөнінде) бейтарап позицияда болды. Сөйтіп, өзінің бейтарап көзқарасын ұстанған ол, партия ұйымынан жырылып шыққан немесе онан қашып шыққан немесе партиядан тыс пайда болған «инициативалық топтар» деп аталатын топтарды — құпия ұялардың съезінің немесе конференциясының ерекше қаулысы болмайынша, партиялық топтар деп есептеуге болмайтынын айтып, қалыптасқан осы партиялық көзқарасты толығынан растады. Егер өздерінің партияға жататын-жатпайтынын «инициативалық топтардың» *өзі* белгілеуі керек дейтін болсақ, онда мұның өзі принципті тұрғыдан алғанда анархизм, практикалық тұрғыдан келгенде жойымпаздықты қуаттау, заңдандыру болып шығады,— деп жазды Плеханов жолдас.

Партия талай рет әбден тиянақтап шешкен мәселе енді бейтарап Плехановтың осы соңғы түсіндіруімен тамамдалды деп есептеуге болғандай еді. Бірақ жойымпаздардың соңғы конференциясының қарары шешілген түйінді қайта шиеленістіруге, анық нәрсені қайта көмескілеуге жаңа әрекеттер жасап отырғандықтан, бұл мәселеге қайта оралып соғуға мәжбүр етіп отыр. «Невский Голос» (№ 9) жойымпаздарға қарсыларды өршелене сөгіп, жаңа конференция жойымпаздық конференция емес деп жариялады. Солай бола тұрса да оның ең маңызды мәселелердің бірі, құпия партия туралы және жария жұмыс туралы мәселе жөніндегі қарары конференцияның бастан-аяқ жойымпаздық конференция екендігін айдап анық дәлелдеп отыр.

Демек, бұл қарарды егжей-тегжейлі талдап шығу және осы үшін оны толығынан цитатқа келтіру қажет.

I

Жойымпаздар конференциясының қарары: «Партия *құрылысының* ұйымдық *формалары* туралы» деп аталады, бірақ істің шындығында бірінші пункттің өзі-ақ әңгіме құрылыс «формалары» туралы емес, мұндағылардың «құрғысы» келіп отырғаны *қандай* партия,

байырғы партия ма әлде жаңа партия ма, осы туралы болып отырғандығын көрсетеді. Бұл бірінші пункт мынадай:

«Конференция партия құрылысының формалары және әдістері туралы мәселені талқылап, төмендегі қорытындыға келді: 1. Социал-демократияны социал-демократиялық пролетариаттың өзін-өзі басқаратын ұйымы етіп қайта құру тек социал-демократиялық ұйым жұмысшы бұқарасын ашық қоғамдық саяси өмірге, оның барлық көріністеріне тарту үстінде қалыптасатын болғандықтан ғана жүзеге аса алады».

Сонымен, **партия** *құрылысы* туралы қарардың бірінші сөзі социал-демократияны *қайта құрудың* қажеттігін сөзсіз мойындау болып отыр. Бұл өзі, кем дегенде, таңырқарлық нәрсе. Партияның әрбір мүшесі партияның «қайта құрылуына» күш салуға ерікті екені түсінікті, бірақ әңгіме осы 4 жылдың бойында *көрінеу көзге байырғы* партияны мойындау немесе мойындамау туралы болып жүр ғой! Мұны кім білмейді?

Партия қарары (1908 жылы декабрьде) байырғы партияны жаңа партиямен *«ауыстырғысы»* келетін жойымпаздарды айыптау туралы айдан айқын айтып отыр. Плеханов 1912 жылы апрельде жойымпаздар конференциясын шақырмақшы болған (және шақырған) «инициативалық топтарды» қорғаушылардан: «осы біздің байырғы партия өмір сүріп отыр ма әлде жоқ па?»—деп турадан-тура сұрайды («Дневник Социал-Демократа» № 16, апрель, 1912 жыл, 8-беті).

Бұл сұрақты орағытып кетуге болмайды. Оны 4 жылдық күрес қойып отыр. Партия «дағдарысы» дегеннің бүкіл шиеленісушілігі осында.

Осындай сұраққа бізге «социал-демократияны *қайта құру* тек... ғана жүзеге аса алады» деп жауап бергенде, біз мұның жауап емес, босқа бұлтару екенін бірден-ақ көреміз.

Партияны қайта құру туралы *байырғы* партияның мүшелері айта алады. Байырғы партия бар ма деген сұрақты *орағытып*, «қайта құруды» (партиялық *емес* «инициативалық топтардың» қатысуымен) төтесінен декретпен белгілегенде сіздер, мырзалар, жойымпаздық тұрғыда тұрғандарыңызды тек толығынан растайсыз-

дар! Қарар — «социал-демократиялық пролетариаттың өзін-өзі басқаратын ұйымы» туралы мүлдем мағынасыз, ділмарсыған сөздерден кейін — істің мәнін «қайта құру» социал-демократиялық ұйым жұмысшы бұқарасын *ашық қоғамдық-саяси* өмірге... тарту үстінде қалыптасатын болғандықтан *ғана...*» (біз кісі күлерлік, көпірме, ессіз сөздерге тоқтап та отырған жоқпыз) «жүзеге аса *алады*» дегенге апарып тірегенде, жоғарыдағы жағдай бұрынғыдан бетер айқындала түседі!!

Бұл не деген сөз? Осы таңқаларлық қарардың авторлары стачка мен демонстрацияны «бұқараны ашық» және т. б. өмірге «тарту» деп атай ма екен? Логикасы бойынша *солай* болып шығады! Бұлай болатын ретте қарар — бүтіндей бос сөз, өйткені «ұйымның» стачкалар мен демонстрациялардан тысқары да *«қалыптасатынын»* әркім жақсы біледі. Ұйым — данасынған мырзалар — үнемі тұрақты өмір сүреді, ал бұқара дүркін-дүркін ғана *ашық* бас көтеріп отырады.

Жойымпаз мырзалар «ашық қоғамдық-саяси өмір» деп (жұрт дегеннің өзі осындай—осыдан 30 жыл бұрынғы нақ «Русские Ведомостидегі» тәрізді — қазыналық-либералдық стильді тапқыш-ақ!) тіпті де стачкалар мен демонстрацияларды және т. б. айтып отырған жоқ, жұмысшы қозғалысының *жария* формаларын айтып отыр. Тіптен тамаша. Қарар бұл ретте де — бос сөз, өйткені бізде ұйым тіпті де бұқараны жария қозғалысқа тарту үстінде «ғана» «қалыптасып», құрылған емес. Бізде ұйым жария қозғалыстың *ешқандай* формаларына жол берілмейтін көптеген жерлерде *бар*.

Сөйтіп, қарардың негізгі пункті (ұйым жұмысшы бұқарасын... өмірге тарту үстінде қалыптасатын *«болғандықтан ғана»*...) мүлдем түкке аспайды. Бұл өзі — түгел шатасу.

Бірақ бұл шатасудан жойымпаздық *мазмұн* айқын көрінеді. Қайта құру бұқараны *жария* қозғалысқа тарту үстінде *ғана* мүмкін — іс жүзіне келгенде 1-пункттің былшылы, міне, осыған келіп тіреледі. Ал барып тұрған жойымпаздық дегеніңіздің өзі де осы.

Біздің ұйым жария қоғамдардың мүмкіндігінше не-

ғұрлым тармақталған желісі қоршаған құпия ұялардан құралатынын партия 4 жыл бойы айтып келді.

Жойымпаздар өздерінің жойымпаздар екенін 4 жыл бойы бекер деп келеді, 4 жыл бойы қайта құру бұқараны жария қозғалысқа тарту үстінде *ғана мүмкін деумен* келеді. Біздің партия неден *тұрады,* бұл *байырғы* партия *қандай* партия деген мәселені, жарияшылдарға қандайлық қажет болса, нақ солай орағытумен келеді. Әңгіме бәз-баяғы ертегіге ұқсайды; Плеханов 1912 жылы апрельде — біздің байырғы партия өмір сүріп отыр ма әлде жоқ па?— деп сұрайды.—Жойымпаздар конференциясы: «қайта құру бұқара жария қозғалысқа тартылатын *болғандықтан ғана* мүмкін» деп жауап қайырады!

Бұл кеше күшті болып, партияны келемеждеген, ал бүгін (жеңіліске ұшырап) жалтақ болған және қызыл тілге сүйеніп қорғанатын болған, партиядан бөлініп шыққан жарияшылдардың жауабы.

II

Қарардың екінші параграфы былай дейді:

> «2. Революцияға дейінгі заманмен салыстырғанда қоғамдық-саяси жағдайлар өзгергендіктен, қазір бар және жаңадан пайда болып жатқан құпия партия ұйымдары ашық жұмысшы қозғалысының жаңа формалары мен әдістеріне бейімделуі тиіс».

Логикасы тағы да жақсы-ақ. Қоғамдық жағдайлардың *өзгеруінен* ұйым формасының *өзгерісі* ғана туады, бірақ бұл өзгерістің *бағыты* қарарда еш нәрсемен негізделмеген.

Қарар «қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгерісіне» не үшін сүйеніп отыр? Өзінің практикалық қорытындысын дәлелдеу, негіздеу үшін, сол қорытындысын шығару үшін болар: құпия ұйымның жария қозғалысқа бейімделуі қажет. Бірақ бұл дәлелден тіпті де мұндай қорытынды тумайды. «Жағдай өзгергендіктен» жарияның өзі құпияға бейімделуі тиіс — осындай қорытынды да сондайлық заңды болған болар еді!

Жойымпаздарда бұл шатасу қайдан туып отыр?

Олар шындықты айтудан қорқады және екі орындықтың арасына отыруға күш салып бағады, міне, сонан туып отыр.

Жойымпаздар «ағымдағы кезеңге» *жойымпаздық* баға беру тұрғысында (Левицкийдің, Лариннің, Ежовтың және басқалардың берген бағасында) тұр, өйткені «қоғамдық-саяси жағдайлардың» *қалай* «өзгергендігін» анықтаудың өзі кезеңге баға беру болып табылады, шындық, міне, осында.

Бірақ олар осы бағаны тура баяндап беруге қорқады. Керек десе олардың конференциясы осы туралы мәселе қоюға да бел байлай алмады. Құпияның жарияға «бейімделуін» талап ететін *(әйтеуір бір)* өзгерістер болды деген көзқарасты конференция үн-түнсіз, жасырын, контрабандамен өткізіп отыр.

Бұл — кадеттік көзқарастан түк айырмасы жоқ көзқарас; мұны социал-демократиялық партиялық баспасөз бұрын талай рет көрсеткен болатын. Кадеттер өз партиясын «тұтас алғанда құпия партия болып қалуға мәжбүр» (жойымпаздар қарарының 3-§-ын қараңыз) болып отыр деп және, жағдай өзгергендіктен, құпия партия жария қозғалысқа бейімделуі тиіс деп толығынан мойындап отыр. Кадеттер үшін осының өзі жеткілікті. Олар үшін өздерінің партиясына тыйым салынуы, оның құпия жағдайға көшуі кездейсоқ нәрсе, «қалыпты жағдай емес», ескінің қалдығы, ал басты нәрсе, мәнді, негізгі нәрсе — олардың жария жұмысы. Оларда бұл көзқарас Гредескул мырзаның: жаңа революция керек емес, тек қана «конституциялық жұмыс» керек деп, «кезеңді бағалауынан» *логикалық* жолмен келіп туады.

Кадет партиясының құпиялығы кездейсоқ нәрсе, «конституциялық жұмыстың» жалпы жүйесінде ілуде бір болатын жағдай. Осыдан барып құпия ұйымның «жария қозғалысқа бейімделуі» тиіс екені әбден қисынды. Кадеттерде өзі де осылай.

Социал-демократиялық партия болса бұлай қарамайды. Кезеңге берген біздің партиялық бағамыздан шығатып негізгі қорытынды: *революция керек және болады.* Революцияға бастайтын дамудың *формалары*

өзгерді, революцияның *байырғы міндеттері* өзгерген жоқ. Бұдан шығатын қорытынды: ұйым формалары өзгеруге тиіс, «ұялар» формалары икемді болуға тиіс, олардың ұлғаюы көбінесе ұялардың өздерінің ұлғаюы есебінен емес, олардың жария «сыртқы қабаттарының» ұлғаюы есебінен болады және т. т. Осылардың бәрі де партия қарарларында талай рет айтылған.

Бірақ құпия ұйым *формаларының* бұл өзгерісі оны жария қозғалысқа «бейімдеу» формуласымен тіпті де бірдей емес. Бұл мүлдем басқа! Жария ұйымдар дегеніміз *құпия ұялардың* идеяларып бұқараға жеткізудің *тірек пункттері.* Демек, бұрынғы ықпалдың өзі *құпия* бағытта жүруі үшін біз ықпал жасау формасын өзгертеміз.

Ұйымдарының *формасы* жағынан құпия енді жарияға «бейімделеді». Біздің партияның жұмысының *мазмұнына* қарап жария іс-әрекет «құпия» идеяларға *«бейімделеді».* (Жақшаға алып айтқанда — «революциялық меньшевизмнің» жойымпаздарға қарсы соғысуының бәрі осыдан.)

Енді өздеріңіз ойлап көріңіздер, біздегі жойымпаздар *бірінші* шартты (жұмыс формасы туралы) қабылдап, ал екіншісін (жұмыстың *мазмұны* туралы) ұмытып кеткенде, олардың терең ойлылығы қандайлық болғаны!! Сөйтіп өздерінің кадеттік ақылгөйлігін партия *құрылысының* ұйымдық формалары туралы пайымдау деп атаған, сонда олардың пайымдауы былай болып шыққан:

> «Партияны құрғанда бұқараны жария қозғалысқа тарту жолымен (оны) қайта өзгертетіндей етіп құру керек және құпия ұйымды жария қозғалысқа бейімдеп құру керек».

Мұнысы партия берген жауапқа ұқсай ма? — деген сұрақ туады (партияны құру — құпия ұяларды нығайту және көбейту, олардың төңірегінде жария тірек пункттер желісін жасау деген сөз).

Әлде мұнысы кадеттер мен энестердің[95] пікірін қайталау болғандықтан, жойымпаздарға сылтау қалдыруды заңдастыруға ұқсай ма? — Халықтық социалист Пешехонов мырза 1906 жылы августа «ашық партия»

құрып жүрген кезінде *нақ* осы идеяларды қорғады; қараңыз: «Русское Богатство»[96], 1906, № 8 және «Пролетарий»[97] № 4, «Эсер меньшевиктер»* деген мақала.

III

Қарардың III параграфы былай дейді:

> «3. Социал-демократиялық партия қазіргі уақыттың өзінде, оның ұйымы тұтас алғанда құпия ұйым күйінде қалуға мәжбүр болып отырғанда, өзінің партиялық жұмысының кейбір жақтарын ашық жүргізуге және бұл үшін тиісті мекемелер құруға тырысуы тиіс».

Бұл өзі — дәлме-дәл, бірінші сөзінен соңғы сөзіне дейін *кадет* партиясының айнымаған бейнесі екенін біз бұрын көрсеткен болатынбыз. Бірақ мұнда «социал-демократиялық» деген сөздер босқа тұр.

Кадеттерде, шынында да, олардың партиясы «тұтас алғанда» құпия партия болып қалуға «мәжбүр болып отыр»,— оларда, шынында да, қазіргі уақыттың «өзінде» (құдайға шүкір, бізде конституция бар болып отырғанда...) өзінің партиялық жұмысының біразын ашық жүргізуге тырысады.

Осы жойымпаздық қарардың әрбір жолынан көрініп тұратын үнсіз пікір «конституциялық жұмысты» бірден-бір жұмыс деп — ең кем дегенде: басты, берік, негізгі жұмыс деп мойындауда болып отыр.

Мұның өзі түбірімен теріс. Мұның өзі нақ либералдық жұмысшы саясатының көзқарасы.

Социал-демократиялық партия «тұтас алғанда» да, әрбір ұяны жеке алғанда да және — *ең мәндісі* — өзінің революцияны уағыздау және әзірлеу жұмысының бүкіл мазмұнын алғанда — құпия партия. Сондықтан социал-демократиялық партияның ең ашық ұясының *ең* ашық жұмысы «партия жұмысын ашық жүргізгендік» болып таныла *алмайды.*

Мысалы, 1907—1912 жылдары РСДРП-ның ең «ашық» ұясы Думадағы социал-демократиялық фрак-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 436—447-беттер. *Ред.*

ция болды. Ол бәрінен гөрі «ашық» айта алды. *Жария* болған *жалғыз* сол еді және *өте көп* жайды жария айта алушы еді.

Бірақ барлық жай туралы емес! Және тегі «барлық жай туралы ғана емес», керек десе тіпті атап айтқанда өз партиясы туралы, өзінің партиялық жұмысы туралы да «барлық жайды айта алмады» және ең басты жай туралы айта алмады. Сондықтан *керек десе* Думадағы социал-демократиялық фракция жөнінде де біз жойымпаздық қарардың 3-параграфын қабылдай алмаймыз. Ал енді партияның басқа «жеке жақтары» туралы айтып жатудың да қажеті жоқ.

Жойымпаздар — «ашық», жария партияны жақтаушылар. Олар енді мұны тіке айтудан қорқады (жұмысшылар оларды қорқуға мәжбүр етті, Троцкий оларға қорқыңдар деп кеңес береді). Олар *нақ осының* өзін *азын-аулақ* бүркемелеп айтатын болды. Олар партияны жария ету туралы үндемейді. Олар партияны *біртіндеп* жариялыққа көшіруді уағыздайды!

Жарияшылдардың бөлініп шыққан «инициативалық топтары» партияға қарсы — деген болатын бейтарап Плеханов 1912 жылы апрельде жойымпаздарға.— Бөлініп шыққан жарияшылдардың «инициативалық топтары» — «партия жұмысының» кейбір жақтарын ашық жүргізу дегеннің өзі осы деп жауап береді жойымпаздар конференциясы;— құпия партияның «бейімделуі» тиіс *болатын* «ашық қозғалыс» дегеннің өзі осы;— «ашық өмір» дегеннің өзі осы, осыған «тарту» партияны қажет болып отырған «қайта құрудың» өлшемі және кепілі дейді олар.

Егер жойымпаздардың осындай көзқарастарды Троцкий алып келген «жойымпаздарға қарсылар» құптадымыс деген сөздері дұрыс болса, онда жойымпаздардың тапқаны қандай ашық ауыздар болды десеңізші!

IV

Қарардың соңғы параграфы:

«4. Өзінің құпия өмір сүретіні себепті өзінің ықпалы жүретін жұмысшылардың қалың тобын өз шеңберіне тартуға мүм-

кіндігі болмағандықтан, социал-демократиялық ұйым пролетариаттың саяси-белсенді топтарымен байланысуы тиіс және осылар арқылы бұқарамен де байланысуы керек: мұның жолы азды-көпті қалыптасқан әр түрлі жария немесе құпия саяси ұйымдар құру және әр түрлі жария бүркемелер құру (4 марттағы заңның негізінде құрылған сайлау комитеттері, саяси қоғамдар, муниципальдық компаниялар, қымбатшылықпен күресу қоғамдары және т. с.), сондай-ақ саяси емес жұмысшы ұйымдарымен өздерінің іс-әрекеттерін үйлестіріп отыру арқылы құру».

Бұл жерде де жария бүркемелер туралы даусыз пайымдаулар арқылы тек даулы ғана емес, сонымен бірге тура жойымпаздық пайымдаудың өзі *бүркемеленіп* отыр.

Жария саяси ұйымдар құру — Левицкийдің және Н. Р-ковтың уағыздағанының өзі осы, партияны біртіндеп жария етудің өзі осы.

Біз жойымпаздарға жылдан артық уақыттан бері былай деп келеміз: сөз жетті, енді өздеріңіздің «жұмысшы табының мүдделерін қорғау қоғамы» және т. с. тәрізді «жария *саяси* қоғамдарыңызды» құрыңыздаршы. Сөз жетерліктей болды, іске кірісіңіздер!

Бірақ олар іске кірісе алмай отыр, өйткені *қазіргі* Россияда либералдық утопияны жүзеге асыруға болмайды. Олар осындай бүркемеленген түрде, пайдалы сөздермен және бірін-бірі көтермелеумен, «жария саяси ұйымдар» жайында ұсыныстар, пікірлер айтумен айналысып жүрген өздерінің «инициативалық топтарын» ғана *қорғай* алады.

Олар құпия ұйымдар *«пролетариаттың саяси-белсенді топтарымен*, ал осылар арқылы бұқарамен де байланысулары» *тиіс* деп қарарында ресми түрде жариялай отырып, өздерінің «инициативалық топтарын» қорғайды!!! Демек, ұлардан *тысқары* тұрған нақ осы «саяси-белсенділер»! — «өлексе болған партиядан» барлық белсенді атаулылар «инициативалық топтарға» *қашып* шықты деген белгілі сөздерді, даурығуларды жай ғана қайталау деген осы емес пе?

«Наша Заряның» және «Дело Жизнидің»[98] құпия партияны *сөге* отырып, тура айтқандарын Троцкий партиядан шығарылған жойымпаздармен бірлесіп алып

«жұмсартып» айтады: бейне бір негұрлым *«белсенділер»* нақ тар шеңберлі құпия партияның сыртында тұр, міне, нақ солармен «өзін байланыстыру» керек дейді. Біздер — бөлініп шыққан жойымпаздар — белсенді элементпіз; «партия» біз арқылы бұқарамен байланысуы тиіс дейді.

Партияның әбден тиянақтап айтқаны: экономикалық күреске басшылық ету ісінде социал-демократиялық партия ұялары кәсіптік одақтармен, олардағы социал-демократиялық ұялармен, кәсіптік қозғалысының кейбір қайраткерлерімен ынтымақтасуы керек. Немесе — Дума сайлауы жөніндегі сайлау науқанында одақтар партиямен қатар жүретін болсын дейді. Бұл анық та дәл әрі түсінікті. Жойымпаздар мұның *орнына* партия жұмысын жалпы алғанда «саяси емес», яғни бейпартиялық одақтармен бұлыңғыр түрде «үйлестіруді» уағыздайды.

П. Б. Аксельрод Троцкийге жойымпаздықтың идеяларын берді. Троцкий Аксельродқа, мұның «Наша Зарядағы» қайғылы сәтсіздіктерінен кейін, бұл идеяларды шатастыратын сөздермен бүркемелеу керек деп кеңес берді.

Бұл компания ешкімді алдай алмайды. Жойымпаздар конференциясы жұмысшыларды жалтарма сөздердің мәніне қатаң зер салуға үйретеді. Бұл конференция жұмысшыларға осындай қайғылы, қызғылықсыз, бірақ буржуазиялық қоғамда пайдасыз да емес «ғылымнан» басқа түк те бермейді.

Либералдық жұмысшы саясатының идеяларын біз Левицкийдің жұпыны костюмінде зерттегенбіз, оны Троцкийдің сәнді әлем-жәлем киімінен де тану қиын емес.

Құпия ұйым туралы және оның жария жұмысы туралы партияның идеялары барлық осы екіжүзді маскарадтармен салыстырғанда барған сайын құдіретті болып көрінуде.

«Социал-Демократ» № 28—29, 5(18) ноябрь, 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СЕРБ-БОЛГАР ЖЕҢІСТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

«Македония үшін оны Болгария мен Сербияның жаулап алуы, 1789 немесе 1848 жыл тәрізді, буржуазиялық революция деген сөз»,— австриялық марксист Отто Бауэрдің осы сөздері қазір Балқанда болып жатқан оқиғалардың басты мәнін бірден ашып береді.

1789 жылы Францияда, 1848 жылы Германияда және басқа елдерде болған революция буржуазиялық революция болды, өйткені елдің абсолютизмнен және помещиктік, крепостниктік артықшылықтардан азат болуы іс жүзінде капиталдың дамуына еркіндік берді. Бірақ мұндай революция болуын жұмысшы табы мүдделерінің барынша талап еткені өзінен-өзі түсінікті,сөйтіп 1789 және 1848 жылдардағы «партияда жоқ», тап болып ұйымдаспаған жұмысшылардың өзі француз және неміс революцияларының алдыңғы саптағы күрескерлері болды.

Македония, барлық Балқан елдері тәрізді, экономикалық жағынан өте-мөте артта қалған. Онда крепостниктік правоның, помещик-феодалдарға шаруалардың орта ғасырлық тәуелділігінің ең күшті қалдықтары әлі сақталған. Мұндай қалдықтарға жататындар: шаруаның помещикке төлейтін оброгы (ақшалай немесе азықтүліктей) сонан соң жарма-жарлық (әдетте Македонияда жарма-жарлық бойынша шаруа помещикке егін өнімінің үштен бірін береді, Россиядағыдан аз) және т. с.

Македониядағы помещиктер *(спаги* дейтіндер) — түріктер мен Мұхаммед діндегілер, ал шаруалар — сла-

вяндар мен христиандар. Сондықтан таптық қайшылық діни және ұлттық қайшылықпен шиеленісін отырады.

Сөйтіп, сербтер мен болгарлардың жеңістері Македонияда феодализм үстемдігін әлсірету деген сөз, жер иеленуші шаруалардың азды-көпті ерікті табының құрылуы деген сөз, Балқан елдерінде абсолютизм мен крепостниктік қатынастар тежеп келген бүкіл қоғамдық дамуды қамтамасыз ету деген сөз.

«Новое Времядан» бастап «Речьпен» аяқталатын буржуазиялық газеттер Балқандағы *ұлттық* азаттық туралы әңгіме қылады да, *экономикалық* азаттықты көлеңкеде қалдырып қояды. Ал іс жүзінде бастысы нақ осы соңғы мәселе.

Помещиктерден және абсолютизмнен толық азат етілген жағдайда, оның болмай қалмайтын нәтижесі халықтардың ұлттық азаттық алуы және өзін өзі билеуіне толық бостандық алуы болар еді. Мұның керісінше, егер помещиктер мен Балқан монархияларының халықтарды езуі сақталып қалатын болса, белгілі бір дәрежеде ұлттық езгі де қалмай қоймайды.

Егер Македонияның азаттық алуы революция жасау жолымен жүзеге асқан болса, яғни сербтің де, болгардың да, *түріктің* де шаруаларының *барлық* ұлттардың помещиктеріне қарсы (помещиктік Балқан үкіметтеріне де қарсы) күресі арқылы жүзеге асқан болса, онда Балқан халықтарының азаттық жолындағы адам құрбаны қазіргі соғыстағыдан гөрі жүз есе аз болатыны күмәнсыз еді. Азаттық әлдеқайда неғұрлым жеңілге түскен болар еді және әлдеқайда толығырақ болған болар еді.

Мәселенің революция жолымен емес, соғыс арқылы шешілуін қандай тарихи себептер туғызды? — деген сұрақ туады. Мұның басты тарихи себебі — Балқан елдерінің бәріндегі шаруалар бұқарасының әлсіздігі, бытыраңқылығы, мешеулігі, қараңғылығы, сондай-ақ жұмысшылардың аздығы болды; жұмысшылар болса, істің жағдайын жақсы түсініп, Балқан федерациялық (одақтық) республикасын талап етті.

Европалық буржуазия мен европалық жұмысшылардың Балқан мәселесіне көзқарасындағы түбірлі айыр-

машылық осыдан айқын болады. Буржуазия, тіпті біздегі кадеттер тәрізді либерал буржуазияның өзі «славяндардың» «ұлттық» азаттығы жайында айтып даурығып отыр. Мұнымен қазір Балқанда болып жатқан оқиғалардың мағынасы мен тарихи маңызы тура бұрмаланып отыр, мұнымен Балқан халықтарының шындап азаттық алу ісі *қиындап* отыр. Мұнымен белгілі дәрежеде помещиктік артықшылықтардың, саяси правосыздықтың, ұлттық езілудің сақталуы *қуатталып* отыр.

Мұның керісінше, тек жұмысшы демократиясы бір өзі ғана, Балқан халықтарының шындап және толық азаттық алуын қорғауда. Барлық Балқан халықтары *шаруаларының* экономикалық және саяси жағынан біржола азаттық алуы ғана қандай да болсын ұлттық езгінің болу мүмкіндігінің бәрін жоя алады.

«Правда» № 162, 7 ноябрь, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАҢАРҒАН ҚЫТАЙ

Алдыңғы қатарлы және цивилизациялы Европа Қытайдың жаңарғанына көңіл аудармайды. Артта қалған төрт жүз миллион азиялықтар бостандыққа жетті, саяси өмірге оянды. Жер шарындағы халықтың *төрттен* бірі, былайша айтқанда, ұйқысынан оянып жарыққа, қозғалысқа, күреске шықты.

Цивилизациялы Европаның онда жұмысы жоқ. Тіпті Француз республикасының өзі әлі күнге дейін Қытай республикасын ресми түрде таныған жоқ! Француз депутаттар палатасында бұл туралы жуырда сұрақ түсірілмек.

Европаның бұл немқұрайдылығы неліктен? Оған себеп: Батыстың қай жерінде болса да, жұмысшыларға қарсы «қатал» шаралары үшін немесе бір сом пайдаға бес тиын артық қосу үшін өзінің бүкіл «цивилизациясын» кез келген авантюриске сатып жіберуге әзір тұрған, төрттен үші іріп-шіріп болған империалистік буржуазия үстем болып отыр. Бұл буржуазия Қытайға жатқан бір олжа деп *қана* қарайды; оны енді,— Россия Монғолияны «елжірей құшақтағаннан» кейін — сірә, жапондар, ағылшындар, немістер және т. б. жұлмалайтын болар.

Алайда Қытайдың жаңаруы дегенмен алға басуда. Қазіргі уақытта парламенттің — бұрынғы деспотияның *бірінші* парламентінің — сайлауы басталып отыр. Төменгі палата 600 мүшеден, «сенат» 274 мүшеден құрылатын болады.

Сайлау правосы — жалпыға бірдей *емес* және тоте *емес*. Тек 21 жастан асқандар ғана және сол сайлау учаскесінде кемінде 2 жыл тұрғандар ғана, оның үстіне егер олар 2 сомға жуық төте салық төлейтін болса немесе 500 сомға жуық мүлкі болса ғана сайлай алады. Алдымен сайламшыларды сайлайды, бұлар депутаттарды сайлайды.

Осындай сайлау правосының өзі-ақ пролетариат болмай отырған жағдайда немесе ол мүлдем әлсіз болған жағдайда, ауқатты шаруалардың буржуазиямен одақтасып отырғандығын көрсетеді.

Қытайдың саяси партияларының сипаты да нақ осы жағдайды корсетіп отыр. Басты-басты партиялар үшеу:

1) «Радикалдық-социалистік» партия,— мұнда да, біздегі «халықтық-социалистер» тәрізді (және «социалист-революционерлердің» $^{9}/_{10}$ тәрізді), шындығына келгенде *мүлде ешқандай* социализм жоқ. Бұл — ұсақ буржуазиялық *демократияның* партиясы. Оның басты-басты талаптары: Қытайды саяси біріктіру, «әлеуметтік бағытта» сауда мен өнеркәсіпті дамыту (нақ біздегі халықшылдар мен эсерлердің «еңбек негізі» және «теңгермелілігі» тәрізді, бұлыңғыр сөздер) бейбітшілікті сақтау.

2) Екінші партия — либералдар. Бұлар «радикалдық-социалистік» партиямен одақ болып отыр, сөйтіп екеуі бірге *«ұлттық партияны»* құрайды. Тегінде, Қытайдың бірінші парламентінде осы партия көпшілік болатын болар. Бұл партияның көсемі — белгілі доктор Сунь Ят-сен. Ол қазір әсіресе ұлан-ғайыр темір жол желісінің жоспарын жасаумен шұғылдануда (орыс халықшылдарының есіне салайық: Сунь Ят-сен мұны капитализм тағдырына Қытайдың «соқпай өтуі» *үшін* істеп отыр!).

3) Үшінші партия «республикашылдар одағы» деп аталады — қойылған аттың саясатта қаншалықты алдамшы болатынын көрсететін үлгінің бірі! Іс жүзінде, бұл — *солтүстік* Қытайдың, яғни неғұрлым артта қалған Қытайдың, көбінесе чиновниктеріне, помещиктеріне, буржуасына сүйенетін *консервативтік* партия. Ал «ұлттық» партия болса — көбінесе өнеркәсібі бар,

негұрлым озат, негұрлым дамыған *оңтүстік* Қытай партиясы.

«Ұлттық партияның» басты сүйеніші — қалың шаруалар бұқарасы. Мұның көсемдері — шетелде тәрбие алған интеллигенция.

Қытай бостандығын шаруалар демократиясы мен либерал буржуазияның одағы жеңіп алды. Пролетариат партиясы басшылық етпейтін шаруалар оңға қарай жалт беру үшін қолайлы кезеңді күтіп қана отырған либералдарға *қарсы* өзінің демократиялық позициясын ұстап тұра ала ма,— мұны таяудағы болашақ көрсетеді.

«Правда» № 163, 8 ноябрь, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АМЕРИКАДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Солтүстік-Америка Құрама Штаттарының президенттігіне «демократ» Вильсон сайланды. Ол 6 миллионнан астам дауыс алды, Рузвельт (жаңа «Ұлттық прогресшіл партия»[99]) — төрт миллионнан астам, Тафт («Республикалық партия»[100]) — үш миллионнан астам дауыс алды. Социалист Евгений Дебс — 800 000 дауыс алды.

Американ сайлауының дүние жүзілік маңызы социалистік дауыстардың саны күшті өскендігінде ғана емес;— американ сайлауының маңызы *буржуазиялық* партиялардың аса үлкен *дағдарысқа* ұшырауында, олардың арасына түскен іріткінің таңқаларлық күштілігінде. Ақырында, сайлаудың маңызы — социализмге қарсы күрестің құралы ретінде, *буржуазиялық реформизмнің* айрықша айқын, анық бас көтеруінде.

Буржуазиялық елдердің *бәрінде* капитализм көзқарасында тұрған партиялар, яғни буржуазиялық партиялар талай уақыт бұрын құрылды және саяси бостандық неғұрлым көп болса, соғұрлым берік болып құрылды.

Американдағы бостандық ең толық деген бостандық. Ал буржуазиялық *екі* партия мұнда бүтіндей *жарты ғасыр* бойында құл иеленушіліктен туған 1860—1865 жылдардағы азамат соғысынан кейін[101]—өздерінің тамаша беріктігімен және күштілігімен айрықша көзге түсті. Бұрынғы құл иеленушілер партиясы, бұл — «демократиялық партия»[102] деп аталатын партия. Негрлердің

азаттық алуын жақтаған капиталистер партиясы «республикалық партия» болып дамыды.

Негрлер азат етілгеннен кейін бұл екі партияның арасындағы айырмашылық барған сайын азая берді. Бұл партиялардың күресі көбінесе баж салығының жоғары не төмен болуы туралы мәселе жөнінде болды. Халық бұқарасы үшін бұл күрестің ешқандай *елеулі* маңызы *болған жоқ*. Екі буржуазиялық партияның әсерлі, мағынасыз *жекпе-жегі* арқылы халықты алдап келді, оны көкейтесті мүдделерінен алаңдатып келді.

Америка мен Англияда үстем болып келген осы «2 партиялық система» делінетін система дербес жұмысшы партиясының, яғни шын социалистік партияның тууына кедергі жасаудың ең күшті құралдарының бірі болды.

Енді, міне, Америкада, ең алдыңғы қатарлы капитализм елінде, 2 партиялық система күйреді! Бұл күйреу неден туды?

Жұмысшы қозғалысының күшінен, социализмнің өсуімен туды.

Ескі буржуазиялық партиялар («демократиялық» және «республикалық») өткен заманға, негрлерді азат ету заманына бет бұрып келді. Жаңа буржуазиялық партия, «Ұлттық прогресшіл партия», *болашаққа* бет бұрып отыр. Оның бүкіл программасы капитализмнің болу, болмауы туралы мәселенің төңірегінен, атап айтқанда жұмысшыларды қорғау туралы және «трестер» туралы мәселенің төңірегінен шықпай отыр; Америкада капиталистер одағы осылай трестер деп аталады.

Ескі партиялар — капитализмнің дамуын тездетуді өзіне міндет етіп қойған заманның туындысы. Партиялардың күресі осы дамуды *қайткенде* жақсы етіп жеделдету және оңайлату мәселесіне тірелді.

Жаңа партия — қазіргі заманның туындысы, ал бұл заман капитализмнің өмір сүруінің өзі туралы мәселені қойып отыр. Ең азат, ең алдыңғы қатарлы ел деген Америкада бұл мәселе бәрінен де айқын, бәрінен де кең түрде кезекке қойылып отыр.

Рузвельттің және «прогрессистердің» бүкіл программасы, бүкіл үгіті *капитализмді... буржуазиялық рефор-*

малар арқылы қалай *сақтап қалуға* болар еді дегеннің төңірегінде жүргізіліп отыр.

Байырғы Европада либерал профессорлардың былшылы ретінде бой көрсетіп отырған буржуазиялық реформизм,— осы буржуазиялық реформизм ерікті американ республикасында бірден 4 миллиондық партия болып бой көрсетіп отыр. Американша осылай болмақ.

— Біз капитализмді реформалар арқылы сақтап қаламыз — дейді бұл партия.— Біз ең алдыңғы қатарлы фабрикалық заңдар береміз. Біз *барлық* трестерге (Америкада бұл *бүкіл* өнеркәсіпке деген сөз!) мемлекеттік бақылау енгіземіз. Қайыршылық болмас үшін, жұрттың бәрі «тәуір» жалақы алатын болуы үшін біз оларға мемлекеттік бақылау енгіземіз. Біз «әлеуметтік және өнеркәсіптік әділеттік» орнатамыз. Біз *барлық* реформаларды жасаймыз деп ант-су ішеміз... тек *бір* ғана *«реформаны»: капиталистерді экспроприациялауды* ғана қаламаймыз!

Америкада бүкіл ұлттық байлық қазір 120 биллион (мың миллион) доллар болып есептеледі, яғни 240 биллион сомдай. Мұның *үштен біріне жуығы,* 80 биллион сомдайы, *екі* треске, Рокфеллер мен Морганның трестеріне тиесілі, немесе осы трестерге бағынады! Осы екі тресті құрайтын 40 000-нан аспайтын семья,— 80 миллион жалдама құлдардың қожасы.

Қазіргі заманғы осы құл иеленушілер тұрғанда «реформалардың» бәрі де бос алдау екендігі түсінікті. Осы алдауды уағыздау үшін жылпос-миллиардерлер Рузвельтті *көрінеу* жалдап алған. Ол уәде етіп отырған «мемлекеттік бақылау» — капитал капиталистердің қолында сақталып отырған жағдайда — стачкаларға қарсы күрестің және стачкаларды тұншықтырудың құралына айналады.

Бірақ америкап пролетары қазірдің өзінде оянды және өз орнында тұр. Ол Рузвельттің табыстарын сергек мысқылмен қарсы алуда.— Сіз 4 миллион адамды өзіңіздің реформалар жүргіземіз деген уәделеріңізбен еліктіріп әкеттіңіз, сүйікті шарлатан Рузвельт? Тамаша! Күні ертең осы төрт миллион сіздің уәделеріңіздің —

алдау екенін көреді, ал бұл миллиондардың сізге еріп отырғандығы олар енді ескіше өмір сүруге *болмайтындығын* сезгендіктен *ғана* ғой.

«Правда» № 164, 9 ноябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр



1

Къ вопросу о нѣкоторыхъ выступленіяхъ раб. депутатовъ

Какія основныя линіи дѣйствія должны быть положены въ основу первого выступленія рабочихъ ораторовъ в Думѣ?

В. И. Лениннің «Жұмысшы депутаттардың сөйлейтін кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1912 ж.

Кішірейтілген

ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРДЫҢ СӨЙЛЕЙТІН КЕЙБІР СӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[103]

Жұмысшы шешеннің Думадағы *бірінші* сөзінің негізіне қандай негізгі пікірлер алынуға тиіс болар еді?

Әрине, жұмысшылар *бірінші* сөзді айрықша асығыстықпен және айрықша зейін қойып күтетін болады. Әрине, олар жұрттың бәрін ерекше толғандырып жүрген, жалпы алғанда елдің саясатында, әсіресе жұмысшы қозғалысының (саяси қозғалысының да, *экономикалық қозғалысының да)* практикасында алдыңғы қатарға ерекше қойылатын мәселелерге көзқарастың бастысы мен негізгісінің жинақтала баяндалуын нақ осы бірінші сөзден күтеді.

Мұндай мәселелерге жататыны мыналар:

1) IV Думадағы социал-демократиялық фракция қызметінің *сабақтастығы.* Сабақтастық деп барлық бұрынғы Думалардағы бұрынғы социал-демократиялық фракциялармен *ажыратқысыз байланыстың* сақталуын түсіну керек, оның үстіне екінші Думадағы социал-демократиялық фракция контрреволюцияның тарапынан белгілі шабуылға ұшырағандығы себепті сол фракциямен байланыстылықты ерекше баса көрсету керек.

Сабақтастықты атап корсету маңызды, өйткені буржуазиялық партиялардан озгеше, жұмысшы демократиясы өз назарын өзінің міндеттерінен, өзінің өзгермес мақсаттарын көздеуден оқиғалардың ешқандай бұрылыстарының (және 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс сияқты ешқандай төңкерістердің) басқа жаққа ауда-

руына жол бермей, I, II, III және IV Думалардағы *өз* жұмысын *бүтін* және *тұтас* нәрсе деп біледі.

2) Жұмысшы депутаттың бірінші сөзі үшін қажетті екінші тезис, бұл — социализм. Асылында, бұл арада 2 тақырып бар. Біреуі — Россияның социал-демократиясы дегеніміз социалистік пролетариаттың халықаралық армиясы отрядтарының бірі. III Думада Покровский де дәл осылай деді (стенографиялық есептердегі опың декларациясын қараңыз, ресми басылуының 328-беті, 7-мәжіліс, 16 ноябрь, 1907 жыл). Мұны көрсету өте-мөте қажет екені түсінікті.

Бірақ біздің заманымызда тағы бір өте маңызды нұсқау бар. Ол — *қазіргі* жағдайды және социализмнің *бүкіл* дүние жүзіндегі міндеттерін көрсету. Бұл жағдайды сипаттайтын не? а) Жұмысшы табының буржуазияға қарсы күресінің өте-мөте шиеленісуі (тұрмыстың қымбатшылығы — жаппай стачкалар — державалардың *империализмі*, олардың рыноктарға бола жанталасқан бәсекесі, олардың соғысуға жақындығы) және б) социализмнің жүзеге асырылуының жақындығы. Бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы өзінің социалистік партия құру праволарының танылуы үшін емес, *өкімет үшін*, қоғамды жаңаша құру үшін күресуде. Мұны Думаның мінбесінен айту, Европа мен Америкада социализм жолында ұлы шайқастардың басталуы туралы, цивилизациялы дүниеде социализмнің салтанат (сөзсіз салтанат) құруының *жақындығы* туралы Россияның жұмысшыларына баяндау өте маңызды.

3) Үшінші тезис — Балқан соғысы, халықаралық жағдай және Россияның сыртқы саясаты туралы.

Бүгін таңдағы өте маңызды бұл тақырыпқа соқпай өту мүмкін емес. Бұл тақырып мына мәселелерге бөлінеді:

а) Балқан соғысы. Балқан федерациялық республикасы ұранын орыс жұмысшы депутаты да көтеруге тиіс. Славян-түрік дұшпандығына қарсы. Балқандағы *барлық* халықтардың бостандығы мен тең праволылығы *үшін*.

б) Балқан соғысына басқа державалардың араласуына қарсы. Базельде, халықаралық социалистік конгрес-

те[104] болған бейбітшілікті жақтау демонстрациясына міндетті түрде қосылу. Соғысқа соғыс! Қол сұғушылық атаулыға қарсы! Бейбітшілік үшін! Жұмысшылардың ұрандары осындай.

в) Орыс үкіметінің жалпы сыртқы саясатына қарсы — Босфорды,— Түрік Армениясын,— Персияны,— Моңғолияны басып алуға «құштарлықты» (және басып ала бастаушылықты) ерекше ескерту.

г) Үкіметтік ұлтшылдыққа қарсы, езілген халықтарды: Финляндияны, Польшаны, Украинаны, еврейлерді, т. т. көрсету. Барлық ұлттардың *саяси жағынан өзін өзі билеу* ұранын әр түрлі шала айтушылыққа *(бір ғана* «тең праволылық» деген сияқты) қарама-қарсы қою көрсету өте маңызды.

д) Оншама дөрекі болмағанымен, өзінің екіжүзділігімен, өзінің халықты «жымысқылап» алдауымен ерекше зиянды болып табылатын либералдық ұлтшылдыққа қарсы. Бұл либералдық (прогрессистік-*кадеттік)* ұлтшылдық неден білінеді?— «славяндардың» міндеттері туралы шовинистік сөздерден — Россияның «ұлы державалық міндеттері» туралы сөздерден — басқа елдерді *тонауға* бола Россияның Англиямен және Франциямен келісім жасасуы туралы сөздерден білінеді.

4) Төртінші тезис — Россияның саяси жағдайы. Бұл арада тақырыптың мәні — правосыздық пен озбырлықты суреттеу, саяси бостандықтың *өте-мөте* қажеттігін айқындау.

Бұл арада мынаны ерекше атап көрсету керек:

(а) Түрмелер туралы еске салудың қажеттігі — Кутомара, Алгачи, т. т.[105].

(б) Сайлаудың бұрмаланғандығын көрсету — бонапартизм тәсілдері — үкіметтің тіпті 3 июнь төңкерісі үміт артқан таптардың да (помещиктер мен буржуазияның) сенімінен айырылуы.

Священниктерді ұждандарына қарсы дауыс беруге мәжбүр етті.

Дума оңшылдана түсті, ел солшылданды.

(в) «Коалициялар бостандығы» деген аты шулы жойымпаздық ұран мен жалпы *саяси бостандық* міндеттерінің ара салмағын дұрыс білдіру өте-мөте маңызды. Бас-

пасөз, одақтар, жиналыстар, стачкалар бостандығы жұмысшыларға *әбден* керек екенін көрсету өте-мөте маңызды, бірақ *атап айтқанда* мұны жүзеге асыру үшін оның саяси бостандықтың жалпы негіздерімен, бүкіл саяси құрылысты *түбірінен* өзгертумен *тығыз байланыстылығын* түсіну керек. Үшінші июньдік режим *тұрғанда* коалициялар бостандығы болады деген либералдық утопия емес, қайта жалпы бостандық *үшін* және әсіресе коалициялар бостандығы *үшін* барлық бағытта *осы режимге қарсы,* бұл режимнің *негіздеріне* қарсы күрес керек.

5) Бесінші тезис: шаруалардың адам төзбестік жағдайы. 1911 жылы 30 миллион адамның ашығуы. Деревняның күйзеліп, қайыршылануы. Үкіметтің «жерге орналастыруы» істі тек *нашарлатады.* Финанс жөніндегі сәттілік — алдамшы көрініс, алым-салықтарды күштеп өндіріп алуға, халықты маскүнемдікке баулуға негізделген сырттай сәттілік. III Думаның оңшыл шаруаларының («43 шаруаның») жер жөніндегі жұпыны жобасы да[106] аяқсыз қалды. Шаруаларға помещиктердің және помещиктік жер иеленушіліктің езгісінен құтылу қажет.

6) Алтыншы тезис: IV Думаның сайлауындағы үш лагерь және ел ішіндегі үш лагерь:

(а) үкімет лагері. Дәрменсіз. Сайлауды бұрмалаушылық.

(б) либерализм лагері. Бұл арада, 2 сөзбен болса да, либералдардың контрреволюцияшылдығын атап көрсету өте-мөте маңызды: олар жаңа революцияға *қарсы.* Гредескулдің «Правданың» 85-номерінде (8 августа) көшіріп басылған мына сөздерін* дәлме-дәл келтіруге болады: «екінші халықтық қозғалыстың (яғни екінші революцияның) керегі жоқ, тек қана байсалды, қажырлы және сенімді конституциялық жұмыс керек» — Гредескул тап осылай деді, ал «Речь» мұны көшіріп басты.

Либералдардың кең халықтық қозғалыс *болмайынша,* қазіргі құрылыстың *негіздері* сақталып

* Қараңыз: осы том, 25—26-беттер. *Ред.*

отырғанда конституциялық *реформалар* болады деген үміті — *утопия.*

(в) үшінші лагерь — демократия. Мұның басшысы — жұмысшы табы. Үшінші жақ болып, өткендегі туралы, *тіпті* «Голос Москвыдың» не айтқанын айтуға болады, атап айтқанда, жұмысшы табы сайлауға *үш* ұранмен шықты: (1) демократиялық республика; (2) 8 сағаттық жұмыс күні; (3) барлық помещиктік жерлерді шаруалардың пайдасына конфискелеу.

7) Жетінші тезис: 1912 жылдың саяси қозғалысы мен стачкаларын көрсету.

(а) *Саяси* стачкашылардың саны миллионға жеткенін атап корсету өте-мөте маңызды. Бүкіл азаттық қозғалыстың сергуі.

(б) Жұмысшылар өздерінің саяси стачкаларымен өздеріне *жалпы халықтық* мақсаттар қойғандығын, жеке міндеттерді емес, *жалпы халықтық* міндеттерді ұсынғандығын көрсету өте-мөте маңызды.

(в) Атап айтқанда саяси және экономикалық стачкалардың *байланысы* қозғалысқа күш пен өміршеңдік беретіндігін атап көрсету қажет.

(г) Матростарға өлім жазасын қолдануға қарсы жұмысшылардың наразылығын атап көрсету керек.

8) Бұдан бұрынғылардың бәрінен туындайтын және олармен тығыз байланысты, маңызды, сегізінші тезис, бұл—пролетариаттың гегемониясы. Оның басшылық ролі. Оның көсемдік ролі. Ол бүкіл халықты, бүкіл демократияны соңына ертіп келеді. Ол бостандықты талап етеді және бостандық жолындағы күреске бастайды. Өнеге, үлгі көрсетеді. Рухты көтереді. Жаңа ниет-пиғыл тудырады.

9) Тоғызыншы және соңғы тезис: қысқаша қайталау және жинақтау. Үшінші жақ болып айтқанда, саналы жұмысшылар туралы былай деу керек: олар *үш* принципке «айнымастай» берілген: біріншіден, социализмге берілген; екіншіден, «бұрыннан келе жатқан, ұрыстарда сыналған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының принциптеріне» берілген:— жұмысшылар оған адал. Бұл *фактіні* жеткізу керек; үшіншіден, жұмысшылар «өздерінің республикашылдық сенімдері-

не» берілген. Әңгіме үндеу туралы, ұран туралы болып отырған жоқ, сенімдерге берілгендік туралы болып отыр. (Бірқатар монархиялық елдерде, Англияда, Швецияда, Италияда, Бельгияда және басқаларында ашық республикашыл партиялар бар.)

P. S. Тағы «коалициялар бостандығын» *ерекше* көтеру қажеттігі туралы мәселе тууы ықтимал. Мына жайды есте ұстау керек: жойымпаздар бұл жалауды бетке ұстап, үшінші июньдік *н е г і з д е р г е* қол сұғылмай *т ұ р ғ а н д а* конституциялық реформа болсын деген либералдық талабын өткізбек...*

1912 ж. 11 (24) ноябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылуларының XVI томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы арадан үзілді. *Ред.*

ДУМАДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[107]

IV Мемлекеттік думаның мінбесінен сөз сөйлегенде, социал-демократиялық фракция өз қызметінің Мемлекеттік думалардағы бұрынғы социал-демократиялық фракциялардың қызметімен және әсіресе контрреволюция тарапынан құлақ естімеген саяси кек алушылыққа душар болған екінші думалық социал-демократиялық фракцияның қызметімен ажырағысыз сабақтастық байланыстылығын мәлімдейді. Россия социал-демократиясы—социалистік пролетариаттың халықаралық ұлы азаттық армиясының отряды. Бұл армия қазір бүкіл дүние жүзінде ерекше шапшаңдықпен өсуде; тұрмыстың жаппай қымбатшылығы, одақтарға, картельдерге, трестерге, синдикаттарға біріккен капиталдың езгісі және державалардың империалистік саясаты жұмысшы бұқарасының жағдайын адам тозғісіз етуде, капиталдың еңбекпен күресін шиеленістіруде; капитализм құртылатын уақыт, миллиондаған біріккен пролетарлар бұқараның қайыршылығы болмайтын, адамды адамның қанаушылығы болмайтын қоғамдық құрылыс орнататын уақыт тез жақындап келеді.

Социал-демократиялық фракция Базельде болған халықаралық конгресте барлық елдер жұмысшыларының соғысқа қарсы үзілді-кесілді наразылық білдірген үніне оз үнін қосады. Жұмысшылар бейбітшілікті талап етеді. Жұмысшылар Балқан істеріне қол сұғушылықтың қандайына болса да наразылық білдіреді. Балқан халықтарының толық бостандығы мен дербестігі ғана,

Балқан федерациялық республикасы ғана қазіргі дағдарыстан құтылудың ең жақсы жолын табуды және барлық ұлттардың түгелдей толық тең праволылығын, саяси жағынан өзін өзі билеу жөніндегі сөзсіз правосын тану арқылы ұлт мәселесін шын мәнісінде шешуді қамтамасыз ете алады.

IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция әсіресе орыс үкіметінің сыртқы саясатына қарсы наразылық білдіреді. Ол біздің мемлекетіміздің территориясын Босфорда, Түрік Армениясында, Персияда, Қытайда бөтеннің жерін басып алу арқылы кеңейту ниетін масқаралайды, Монғолияны басып алуды, ұлы, туысқан Қытай республикасына деген татулық қатынастарды бұзушылықты масқаралайды.

Қандай да болса шовинизм мен ұлтшылдық,— мейлі ол Финляндияны, Польшаны, Украинаны, еврейлерді және великорус халқына жатпайтын барлық халықтарды езіп-жаншушы және тұншықтырушы дөрекі, айуандық үкіметтік ұлтшылдық болсын, мейлі ол Россияның ұлы державалық міндеттері туралы және бөтеннің жерін тонау үшін Россияның басқа державалармен келісім жасасуы туралы сөз қылуға әзір отырған либералдар мен кадеттердің екіжүзділікпен бүркемеленген жымысқы ұлтшылдығы болсын, бәрібір ол — социал-демократиялық фракцияның аяусыз жауы.

Билеп-төстеуші таптар ұлтшылдық сөздердің даурықпасымен халықтың назарын Россияның адам төзгісіз ішкі жағдайынан басқа жаққа аударуға босқа тырысуда. Авантюрист III Наполеонның бонапартистік тәсілдерін еске түсіретін IV Дума сайлауының адам айтқысыз бұрмалануы халықтың бірде-бір табына үкіметтің сүйене алмайтындығын жүзінші рет, мыңыншы рет көрсетті. Ол тіпті помещиктермен және ірі буржуазиямен жасасқан одағын да ұстай алмай отыр; ал 1907 жылғы 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс осы одақ үшін жасалған болатын. Бүкіл ел солшылданып отырған кезде, Дума оңшылдана түсті.

Бүкіл Россия правосыздық пен озбырлықтың езгісінен тұншығуда. Еліміздің таңдаулы адамдарын азаптап отырған Кутомарада, Алгачиде және басқа түрме-

лерде саяси тұрғыдан сотталғандарды қинап, азаптайтынын естіп, бүкіл цивилизациялы дүние ызадан тітіркенуде. Адамның тыныс алуы үшін ауа қандай қажет болса, Россияға саяси бостандық сондай қажет. Баспасөз, жиналыстар, одақтар және стачкалар бостандығынсыз Россия өмір сүріп, өркендей алмайды, ал бұл бостандықтарға бәрінен де бұрын, бәрінен де гөрі пролетариат мұқтаж; орыс өмірінің правосыздығы жалақыны арттыру жолындағы, жұмыс күнін қысқарту жолындағы, тұрмысты жақсарту жолындағы, пролетариат үшін қажетті күресте оның аяқ-қолын байлап отыр. Капиталдың езгісі, тұрмыстың қымбатшылығы, қалалардағы жұмыссыздық және деревняның қайыршылануы жұмысшылардың одақтарға бірігуін және олардың өмір сүру правосы үшін күресуін ерекше қажет етеді, ал саяси бостандықтың жоқтығы жұмысшыны құлдың немесе крепостнойдың жағдайында ұстап отыр. Орыс өмірінің барлық саяси жағдайларын түбірінен өзгерту ғана, саяси бостандықтың негіздері мен тіректерін толық қамтамасыз ету гана жұмысшылардың капиталға қарсы күресу бостандығына кепіл бола алатынын жақсы білетіндіктен, жұмысшылар бостандық жолындағы күресте ешқандай құрбандықтардан тайынбайды.

IV Думаның сайлауы және бір миллионға дейін жұмысшы қатынасқан 1912 жылғы бұқаралық саяси жұмысшы стачкалары жұмысшылардың қайтадан бүкіл демократияны бастап, бостандықты жеңіп алуға аттанатын уақыты жақыннан келе жатқанын корсетті. Сайлау күресінде үш лагерь өздерінің күштерін сынасты. Үкіметтік контрреволюция лагерінің дәрменсіз болып шыққандығы соншалық, селоның қорғалақ священниктерін ұжданына қарсы, сеніміне қарсы дауыс беруге мәжбүр етіп, тіпті 3 июнь заңы бойынша сайлауды бұрмалауға тура келді. Либерализм лагері демократиядан ірі буржуазияға қарай жылысқан үстіне жылыса түсті. Кадеттер өздерінің контрреволюцияшылдығын Рига мен Екатеринодарда, Костромада және Петербургтің 1-куриясында социал-демократтарға қарсы қаражүздіктермен одақтасу арқылы дәлелдеді. Күшті халықтық қозғалыс болмай-ақ, қазіргі саяси құрылыстың негіздері

сақталып отырғанда конституциялық реформалар болады деген либералдық утопия — бұл утопия демократияның арасында барған сайын негізінен айырылуда. Либералдардың ураны — «екінші революцияның керегі жоқ, тек қана конституциялық жұмыс керек». Бұл уранның жалғандығын сезіп-біліп, жұмысшы табы бүкіл демократияның күшін өз төңірегіне біріктіре отырып, сайлауда өз күресін жүргізді.

Сайлау науқанына жұмысшы табының үш ұранмен: демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні және барлық помещиктік жерді шаруалардың пайдасына конфискелеу урандарымен шыққандығы жалпыға мәлім және мұны тіпті үкімет баспасөзі де мәлімдеді.

Социал-демократиялық пролетариаттың кәміл сенімі бойынша, бұл үш талап жалпыға бірдей сайлау правосы, баспасөз, жиналыстар, одақтар, стачкалар бостандығы, судьялар мен чиновниктерді халықтың сайлап қоюы, тұрақты армияны жойып, халық милициясын енгізу, шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден бөлу, тағысын тағылар сияқты демократ атаулы қостайтын талаптардың қажетті қорытындысы болып табылады.

Россияда шаруалар бұқарасының жағдайы барған сайын адам төзгісіз болып барады. Үкіметтік «жерге орналастыру» дейтіннің өзі деревняны күйзелтіп, 30 миллион адамды өткен жылы ашаршылыққа ұшыратып, жалпы егіншілікті баянды түрде ешбір жақсартпай, көпшіліктің халін тек нашарлатып отыр. Финанс жөніндегі сырттай сәттілік алым-салықтарды күштеп өндіріп алуға және халықты маскүнемдікке баулуға негізделіп отыр, ал үкімет өзінің банкрот болуын үсті-үстіне жаңа заемдар алуға келісу арқылы кешеуілдетіп келеді. Тіпті III Думадағы 43 оңшыл шаруаның жер жөніндегі жұпыны жобасы да аяқсыз қалды. Шаруалардың ең таңдаулы бөлегінің бәрі жұмысшы табын бостандық жолындағы күресте халықтың бірден-бір көсемі деп біліп, барған сайын оған назар аударып отырғаны таңданарлық емес. Жұмысшы табының экономикалық қозғалысымен тығыз байланысты болған 1912 жылғы саяси стачкаларды бүкіл демократияның жаңа

өмірдің таңы — жаңа, неғұрлым қуатты, азаттық қозғалыстың таңы деп біліп отырғаны таңданарлық емес.

IV Думадағы социал-демократиялық фракция осы қозғалыстың мүдделері мен мұқтаждарын қорғайтын болады. Ол Россияның барлық саналы жұмысшыларының қандай ойда, қандай сезімде екенін IV Думаның көпшілігінен жасыратын хақымыз жоқ деп санайды. Саналы жұмысшылар социализмге қалтқысыз берілген қалпында қалады. Олар бұрыннан келе жатқан, ұрыстарда сыналған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының принциптеріне қалтқысыз берілген қалпында қалады. Олар осы принциптер үшін өздерінің республикалық сенімдеріне қалтқысыз берілген қалпында қалады.

1912 ж. кеш дегенде
13 (26) ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1948 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуының 18-томында басылған

Н. К. Крупскаяның қолымен жазылған көшірме бойынша басылып отыр

15 НОЯБРЬДЕГІ ОҚИҒА ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

(СӨЙЛЕНБЕГЕН СӨЗ)

15 ноябрьде IV Дума ашылды. 15 ноябрьде Петербургте жұмысшылардың демонстрациясы болды[108]. Мұның алдындағы саяси ереуілдерге байланысты, сол ереуілдердің негізінде, бұл демонстрация маңызы жағынан ірі тарихи құбылыс болды. Стачкалардан демонстрацияларға көшу басталды. Бұқараның қозғалысы жоғары сатыға: саяси сипаттағы стачкалардан көше демонстрацияларына көтерілді. Мұның өзі — ілгері басқан ұлы қадам; оны пролетариаттың барлық саналы басшылары баса айтып, атап көрсетіп, лайықты бағалауы тиіс.

Ілгері басқан бұл қадамның зор маңыз алатын себебі — ол IV, помещиктік, қара, үшінші июньдік Думаның ашылуына доп келді. Демонстрация үшін тамаша таңдап алынған кезең! Тамаша пролетарлық түйсік, қара «парламенттің» ашылуына астананың көшелерінде қызыл туларды қарама-қарсы қою және салыстыра білу!

Тамаша пролетарлық түйсік, сарай ішіндегі жағымпаздық, құлшылдық, кадеттік-октябристік «демонстрацияға» (Родзянконың «конституция» туралы бейшаралық сөздері[109] жөнінде) нағыз шын мәніндегі, шын халықтық, шын демократиялық, нағыз жұмысшы демонстрациясын (газеттерге сенсек, өкінішке орай, интеллигенция болмапты) қарама-қарсы қоя білу.

«Конституция» (немесе Родзянко à la хрен салған қорытпа балық) туралы қара Думадағы жағымпаздық мылжың сөз — және бостандық пен халық өкілдігі (тырнақшасыз) үшін, Думадан тыс республика үшін

басталып келе жатқан күрестің үлгісі,— бұл қарама-қарсы қоюшылықта революцияшыл бұқараның терең, дұрыс түйсігі білінді.

Либералдардың — жойымпаздардың «Лучының» мұндай демонстрация болады деп «сақтандыруы»— жұмысшы ісіне опасыздық етушілерге ғана лайықты.

Бірақ социал-демократиялық фракция қалайша «сақтандыра» алды? Ол қалайша кадеттердің деңгейіне дейін құлдырай алды?— қалайша құлдық дәрежесіне дейін құлдырай алды? Бұл арада оның жекелеген мүшелері қалайша бағына алды?— мұндай масқарашылыққа қалайша бара алды??

«Шақырған» топтардың қайсыбіреуі арандатады деген қауіп болмады ма екен?— деген, кейде «колденеңнен» болатын жорамал туады.

Мұндай жорамал болды екен деп бір минут ойлап көрейік. Ол социал-демократиялық фракцияны ақтай ма? Жоқ. Немесе дұрысырағы: ол оның қадамын *жеке* түрде ақтайды, бірақ ол оның қадамын *саяси* жағынан ақтамайды. Ол Думадағы социал-демократиялық фракцияны жұмысшы ісіне опасыздық істеді деп күмәнданудан ақтайды, бірақ ол оны саяси қате істедің деп кінәлаудан ақтамайды.

Шынында, *жұмысшы* депутат, нағыз жұмысшы депутаты, әзірленіп жатқан мұндай демонстрация туралы хабарларды үш күн естіп жүріп, ақырғы күні: «бұл арада арандату жоқ па?» деген «лақапты» (бәлкім, *бұл да* арандатушылық лақап шығар?) естісе, не істер еді?

Жұмысшы депутат бірнеше ықпалды жұмысшыға баруға жол тапқан болар еді. *Мұндай* кезеңдерде өзінің орны аса көрнекті жұмысшылармен бір қатарда екенін, Думадағы фракцияның мәжілістерінде болғаннан гөрі мұндайда жұмысшылармен бірге болу жүз есе маңыздырақ екенін жұмысшы депутат түсінген болар еді. Жұмысшы депутат аса көрнекті жұмысшылардан, астананың екі-үш (егер 4—5 болмаса) *ықпалды* жұмысшысынан *істің жайы қандай,* жұмысшылар қалай *ойлайды,* бұқараның *ниет-пиғылы қандай?*— осыны білген болар еді.

Жұмысшы депутат бұл туралы хабардар болар еді,

бұл туралы хабар ала *алған* болар еді, ереуілдің болатынын (буржуазиялық баспасөздің мәліметтері бойынша 15—50 *мың!!)*, демонстрацияның болатынын, жұмысшылардың күш жұмсалады, тәртіпсіздік болады деп ойламайтынын, *демек*, арандату туралы лақаптардың былшыл лақаптар екенін біле алар еді.

Жұмысшы депутат бұл туралы білер еді де, зұлым «инициативалық топтың» зәресі ұшқан либералдық интеллигентсымақтарының алдауына ермес еді.

Арандату туралы лақаптар. Солай екен делік. Ал бұл лақаптар гапонада кезінде болмады ма? Гапонада кезінде бұқараның өзінше бір ояна бастағанын арандатушы Гапоннан, Гапонды итермелеген полицей арандатушылардан айыра білмеген жұмысшы немесе жұмысшы көсемі жетісер еді!!

15 ноябрьдегі демонстрацияны әзірлеуде де полиция мен арандатушылардың әрекеті болған екен делік. Солай екен делік (бірақ бұл дәлелденбеген және адам нангысыз; арандату бар деген *лақаптардың арандатушылық* лақап болуы нанымдырақ).

Бірақ солай екен делік. Одан не шығады? Күш жұмсау туралы сөз де болмағандықтан, күш жұмсауға бармау керек. Күш жұмсаудан сақтандыру керек. Бірақ бұқара *әбден толқыған кезде* бейбіт ереуіл болмасын деп сақтандыру керек пе? *Демонстрациядан* сақтандыру керек пе??

Тұтас алғанда Думадағы социал-демократиялық фракция өкінішті, өкінішті қате жасады. Бұл қатені жасаған олардың бәрі емес екенін, оны жасағандардың көбі қатесін ұққанын және қайталамайтынын білудің өзі сүйсінерлік іс болар еді.

Россияда пролетариаттың қозғалысы (қай жерде болса да, полицейлік әрекеттер қандай болса да) *жоғары сатыға* көтерілді.

1912 ж. ноябрьдің екінші жартысында жазылған
Қол қойған Депутат-емес

Бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларының XVI томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДЕМОКРАТИЯШЫЛ СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Біз жуырда «Правдада» (№ қараңыз) студент М.-нің «студенттердің ниет-пиғылы» туралы мәселе жөнінде тамаша бағалы материал беретін мақаласын[110] атап өткенбіз. Студенттердің партиялылығы жөнінде автор былай дейді:

«Әрине, солшыл ұйымдардың құрамына студенттердің біршама шағын бөлігі кіреді. Қазіргі жағдайда басқаша болуы мүмкін емес, оның үстіне жалпы алғанда: ұйымдардың күші мүшелерінің санына қарап емес, оның бұқараға ықпалына қарап анықталады. Болашақ туралы бал ашу қиын, бірақ қазір солшыл ұйымдардың студенттер бұқарасымен ниеттес екенін көрсеткен жөн» («Запросы Жизни» № 47).

Автор *бізде* Россияда, *әсіресе* қазіргі саяси жағдайларда, «ұйымдардың күші мүшелерінің санына қарап емес, оның бұқараға ықпалына қарап анықталады» деуі әбден дұрыс. Европа үшін бұл дұрыс болмас еді; 1905 жылғы күздегі Россия үшін де дұрыс болмас еді; бірақ қазіргі Россия үшін мұның дұрыстығы соншалық, тіпті: ұйымның бұқараға ықпалы кең *және тұрақты* болуы *үшін* ұйым мүшелерінің сапы белгілі бір минимумнан аспауға тиіс деген парадокс тәрізді нәрсені айтып салуға да болады!

Бірақ студенттердің ішіндегі осы «солшыл» ұйымдардың партиялылығы қандай? Студент М. былай деп жазады:

«Жекелеген солшыл ұйымдардың арасында араздықтың сезілмейтіндігін ерекше атап өту керек. Мұндай араздық осыдан

үш жылдай бұрын, әрекетсіздік пен тыныштық кезінде ерекше күшті болатын. Асханалар жөніндегі комиссияларға және тағы сондай комиссияларға сайлаудың партиялық тізімдер бойынша өткізілген кездері болды. Енді бұл егестер жойылды десе болады,— бұған бір жағынан бірлесіп қимылдау үшін күштерді біріктірудің қажет екендігі жұрттың бәріне де айқын болғандығы, бір жағынан ескі партиялық позициялардың ауытқып, ал жаңалары әлі бекімегендігі себеп болды».

Бұл тұрғыдан алғанда да студенттер жалпы орыстық көлемдегі құбылысты өзі арқылы көрсетіп отырғаны күмәнсыз. Барлық жерде, бүкіл демократияда және жұмысшылар арасында да, «ескі партиялық позициялар ауытқып, ал жаңалары әлі бекіген жоқ». Жойымпаздық дегеніміз не? Бұл не заман рухына, ескі партиялық позициялардың «ауытқушылығы» рухына жасықтықпен көне кету дегеннің өзі, не осы ауытқушылықты либералдардың табалап пайдалануы болып табылады.

Бүкіл демократияның міндеті — осы «ауытқушылыққа» қарсы бар күшті салып күресу, сөйтіп «жаңа позицияларды» тиянақтап, айқын, анық, ойластырып барып «баянды етуге» тырысу. Партиялық (және ішкі партиялық) платформалар жөніндегі таластарды, айтыстарды «егесушіліктермен» шатастыру орасан зор қате болар еді.

«Бірлесіп қимылдау үшін күштерді біріктіру»— соның ішінде, мәселен, марксистер мен халықшылдардың күштерін біріктіру әбден қажет. Бірақ бұл партиялық тиянақтылықты жоймайды, қайта соны *талап етеді.* Осы қимыл қажет деген *нағыз* сенім бірлігі болғанда ғана қимылдарды біріктіруге болады. Бұл айдан анық нәрсе. Орыс демократиясы *демократиялық* қимыл үшін «күштерді» демократ *е м е с т е р м е н,* либералдармен «біріктірмекші» болғаннан зардап шегіп келді!

Айтайық, саяси стачкаларды жақтаушылардың «күштерін» бұған қарсылардың «күштерімен» «біріктіріп» қараңыздаршы: мұнан «қимыл» үшін *«зиян»* келетіні анық. Жоқ, алдымен «позициялардың», платформалардың және программалардың айқын, анық, дәл, ойластырып барып межеленуіне жетіңіздер — содан кейін барып өзінің сенімдері бойынша, өзінің әлеуметтік жара-

тылысы бойынша бірлесе *алатын* күштерді *біріктіріңіздер,* бұл күштерді бірауыздылық болады-ау деген қимылдар негізінде *ғана* біріктіріңіздер. Сонда, тек сонда ғана бастамадан іс шығады.

1912 ж. 24 және 29 ноябрь (7 және 12 декабрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған
Қол қойған: В. И.

Қолжазба бойынша басылып отыр

АМЕРИКАДАҒЫ САЙЛАУДАН КЕЙІН

Америкада республикалық партияның жікке бөлінгенінің және Рузвельттің «прогресшіл» партиясы құрылуының қандайлық үлкен маңызы бар екендігін біз бұрын «Правдада» көрсетіп өткенбіз*.

Енді сайлау бітті. «Демократтар» жеңіп шықты, сойтіп социалистер болады деп болжаған нәтижелер бірден біліне бастап отыр. Рузвельттің прогресшіл партиясы, өзінің $4^1/_2$ миллион дауыстарымен, кең, американдық құлаш сермеуімен сахнаға шыққан буржуазиялық-реформистік ағымның үлгісымағы болып табылады.

Бұл ағым белгілі бір формада *барлық* капиталистік елдерде бар болғандықтан, оның тағдырына жұрттың бәрі көңіл қойып отыр.

Қандай да болсын буржуазиялық-реформистік ағымның негізгі екі желісі бар, бұл: реформалар жасаймыз деп бұқараны уәдемен алдайтын буржуазиялық шонжарлар, саясатқұмарлар және ескіше өмір сүруге болмайтынын сезетін, бәрінен де көп уәде беруші алаяқтың соңына еретін алданған бұқара. Міне, сонымен, Америкада жаңа ғана пайда болған прогресшіл партия сайлаудың ертеңіне-ақ тігіс-тігісінен сөгілуде.

Рузвельттік алаяқтықпен бұқараны алдаған буржуазиялық саясатқұмарлар енді келіп республикалық партиямен *қосылу* туралы шу көтеруде. Не болды екен?

---

* Қараңыз: осы том, 211—214-беттер. *Ред.*

Жай әшейін: саясатқұмарларға табыс көп түсетін орындар керек; Америкада жеңіп шыққан партия бұл орындарды өзінің жақтастары арасында ерекше арсыздықпен бөліседі. Республикашылдардың жіктелуі «демократтарды» жеңіске жеткізді. Демократтар енді келіп қоғамдық байлықтың майлы кесектерін құныға бөлісуде. Бұлардың бәсекелестері «прогресшіл» партиядан безіп, демократтарды жеңуге барлық мүмкіндіктері бар *бірыңғай* республикалық партияға кері қайтуға әзір тұр, бұл түсінікті нәрсе.

«Партиялылықты» дөрекі, арсыз түрде саудаға салу, солай емес пе? Бірақ нақ осындай жайды біз капиталистік елдердің *бәрінен* көріп отырмыз; ал елдің еркіндігі неғұрлым *аз* болса, буржуазиялық пысықтардың партиялылықты саудаға салуы да соғұрлым пас және зұлым болады, концессиялар, субсидиялар, табысты (адвокат мырзалар үшін) істер және т. с. табуда астыртын әрекеттер жеке адамдардың «байланыстары» соғұрлым үлкен маңыз алады.

Қандай да болсын буржуазиялық-реформистік ағымның екінші қанаты — алданған бұқара — енді бұл да өзін американша ерекше, еркін, айқын көрсетіп отыр. «Прогресшіл партияны жақтап дауыс берген ондаған адамдар,— деп жазады Нью-Йорк жұмысшыларының «Үндеу» газеті,— енді социалистік редакциялар мен бюроларға түрлі анықтамалар мен мәліметтер сұрап келіп жатыр. Бұл халық көбінесе жас, сенгіш, тәжірибесіз халық. Бұлар — саясаттан және экономикалық ғылымнан түк хабары жоқ, Рузвельт жүнін күзеп алған қойлар. Рузвельтке берілген $4^1/_2$ миллион дауыстан гөрі бір миллион даусы бар социалистік партияның елеулі партия екенін бұлар түйсініп сезеді, сөйтіп бәрінен гөрі білгісі келетіні Рузвельттің уәде еткен ең шағын деген реформаларын жүзеге асыруға болар ма екен деген мәселе».

«Пәлен дейтіні жоқ,— деп қосады «Үндеу»,— біз бұл «прогрессистердің» бәріне анықтамалар мен мәліметтердің *бәрін* ықыласпен береміз және де бірде-бірін социалистік әдебиетсіз жібермейміз».

Капитализмнің тағдыры сондай, нағыз барып тұрған алаяқтары мен пысықтарының өзі ... социализм пайдасына «жұмыс істейді»!

1912 ж. 25 ноябрьден (8 декабрьден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ӘЛІН БІЛМЕЙ ӘЛЕКТЕНУ

Әркімнің өз ойлағаны бар: пролетариат бейбітшіліктің қажеттігін, капиталистер Балқан соғысындағы «патриоттық» үлгілерді ойлайды. Әркім өзінше топшылайды. Жұмысшылар Балқан революциясы болса құрбандық Балқан соғысынан гөрі жүз есе кем болар еді және мың мәрте кеңірек әрі баянды демократиялық нәтижелер болар еді деп дәлелдейді.

Капиталистер — «оңшылдары» да, біздегі прогрессистер мен кадеттерге дейінгі либералдары да — әне, Балқандағы біріккен буржуалар пәлендей-түгендейді қағып алды, ал Англияның, Францияның, Россияның біріккен буржуалары «келісе отырып» онан анағұрлым көбін қағып алған болар еді деп әр саққа жүгіртіп дәлелдейді.

Бір американ «патриоты», ақшалы қапшықтың патриоты, бір жерден: грек соғыс флотында гректің миллионер-шонжарларының жеке меншік қаржыларына жасалған кемелер болыпты дегенді біліпті.

Біздегі американдық Гучков немесе американдық Маклаков ұлы патриоттық үлгіні кеңірек насихаттауға асығады. «Егер біздің елдің теңіз жағалауларын,— деп жазады ол,— және біздің теңіз арқылы жүргізілетін бүкіл саудамызды «Морган», «Астор», «Вандербильт», «Рокфеллер» деген аттармен жүзіп жүретін алып зор дредноуттар қорғайтын болса гой! Осындай үлгіні көріп, халық капиталдың миллиардерлердің қолында шо-

ғырлануына қарсы және байлықтың әркелкі бөлінушілігіне қарсы күңкілін азайтар еді!»

Патриоттық ұсыныс болғанымен практикалық ұсыныс емес,— деп күледі американ жұмысшылары. Өздеріңіздің тамаша жоспарыңызды жүзеге асырыңыздар, мырзалар, біз оны әбден *жақтаймыз*. Осы күнге дейін бізде Америкада Рокфеллерлер, Моргандар және т. б. өздерінің меншігін қорғау үшін, стачкашыларға қарсы күресу үшін қаруланған адамдардың жеке отрядтарын жалдайды. Ендігі жерде миллиардерлер «мемлекетті» бүкіл «сыртқы» қорғау дегеніміз біздің трестердің иелерінің *монополиялары мен пайдаларын қорғау* екендігін халыққа айқын етіп көрсетсінші! Көрелік, американ жұмысшылары «Морган», «Рокфеллер» және т. б. деп аталатын барынша зор дредноуттарды көріп, не нәрсеге үйренер екен: патриоттық елжіреушілікке үйрене ме әлде социалистік сенімдерге келуді үйрене ме. Олар капиталистердің алдында бұрынғыдан бетер құлша бас ие түсер ме екен әлде барлық трестердің (фабриканттар одақтарының), барлық трест мүліктерінің бүкіл қоғамның қолына, жұмысшылардың өз қолына өтуін қатаңырақ талап етер ме екен?

...Американ «патриоты» әлін білмей әлектенген...

1912 ж. 25 ноябрьден (8 декабрьден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТАҒЫ ДА IV ДУМАДАҒЫ ШАРУАЛАР ДЕПУТАТТАРЫ ТУРАЛЫ

«Новое Время» жақында IV Думада ерекше шаруа тобының біржола ұйымдасып болғанын хабарлады. Бұл хабарға қарағанда, оның құрамына 40 адам кірді. Топтың бюросында Евсеев, Караулов, Ичас, Фирсов және Мерщий бар.

«Жаңа топтағы ең жігерлі қызметкерлердің бірі ретінде,— деп жазды «Новое Время»,— Карауловты (казак) ауызға алып жүр; пристав бөлімі Дума мүшелеріне ұсынатын бланкті деректермен толтырған кезде ол өзінің партиялылығын өзгеден ерек бір үлгіде анықтауымен көзге түсті. «Партиялылығы» деген графаға Караулов былай деп жазған: «Менің ешқандай партияға немесе фракцияға қатысым жоқ. Мен өз отанын шын сүйетін адам атаулы қандай болуға тиіс болса, сондаймын, мен — монархист-демократпын»».

Партиялылыққа бұлайша анықтама беру «өзгеден ерек» дегенмен келісуге бола ма? Болады да, болмайды да. Болады дейтініміз, Караулов жұрттың көбі ашық айтпай жүрген нәрсені ашық айтты. Келісуге болмайды, өйткені істің шын мәніне келгенде шаруалар мен казактардың көрінеу көзге әлі де едәуір көп бөлегі депутат Карауловтың пікіріне қосылады.

Сөз арасында айта кетейік, депутат Караулов «өз отанын шын сүйетін адам атаулы» демократ болуға *тиіс* деп жорамалдайды. Депутат Караулов көріне қателесіп отыр. Ол Думаның бүкіл оңшыл жартысына немесе «оңшыл» үштен екі бөлегіне қарап көрсін: барлық «оңшылдардың» — «ұлтшылдардың» — октябристердің ара-

сында «отанын шын сүйетін» адамдар шынымен-ақ *жоқ* болғаны ма? Шамасы, бар болар, Караулов бұған келіспей тұра алмас.

Ал солай бола тұрса да, оңшылдар да, ұлтшылдар да, октябристер де (шындығын айтқанда — кадеттер де) *көріне* «демократтар» *е м е с*. Олардың бәрі де монархистер, оған талас жоқ, бірақ олар демократтар *емес*. Олар демократиялық сайлау заңын, баспасөз туралы, одақтар мен жиналыстар туралы демократиялық заңдар шығаруды, жерді меншіктенуді демократиялық жолмен бөлуді не әсте де жақтамайды, не демократияның келелі мәселелерінен бос сөздер айтумен сытылып шыға келеді.

Сонда қайту керек? «Отанға деген шын сүйіспеншілікті» помещиктердің, мәселен, шаруаларға қарағанда, екеуі де «монархистер» болса да, *басқаша* түсінетіні айқын емес пе?

IV Думаның жұмысы Караулов пен сол сияқтыларды осы жайында ойлануға мәжбүр ететіндігіне кепіл болуға болады.

1912 ж. 27—28 ноябрьде (10—11 декабрьде) жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

РЕФОРМИЗМ ДЕРТІ

«Біздің дертіміз не?» — деп сұрады жақында «Лучта» 15 ноябрьдегі ереуілдің әсерімен жазылған осындай тақырып қойылған ғибрат боларлық фельетонның авторы.

Мұның жауабы төмендегі екі цитаттан айқын:

«Ерекше жағдайларды жою мен коалициялар бостандығын талап ету — бір басқа және бүгінгі күн мен таяудағы болашақтың күрес мәселесі болып табылатындығы, ал үндеуде айтылатынындай, қазіргі бар құрылысты өзгерту — екінші басқа бірдеме екендігі көсемдердің ролін дәме етіп жүргендерге, сірә, айқын болуға тиіс. Бұған қазіргі уақытта біздің көріп отырғанымыздай, ереуілді ойыншық ету арқылы емес, қайта қажырлы жоспарлы жұмыс арқылы, бір позициядан соң бір позицияны жеңіп алу арқылы, барлық күшті жұмсау, тамаша ұйымшылдық арқылы және бұл күреске жалғыз жұмысшы табын емес, халықтың қалың бұқарасын тарту арқылы жетуге болады...

Өз міндеттерімізге саналы қарай отырып, өз мүдделерімізді қорғауға жоспарлы қимыл жасай отырып, бүгін қызбаланып, ертең басылып қалмау үшін біз қол сұғуға ешкімнің де батылы бармайтын күшті кәсіподақ ұйымдарын да, ашық саяси партияны да құрып аламыз».

Авторға «сіздің өзіңіздің дертіңіз не?» деп сұрағаныңыз жақсы болар, сүйіктім, деп айту үшін осы цитаттар жеткілікті. Сонда біз сізге былай деп жауап береміз: сіздің дертіңіз — реформизм, бұл анық. Сіз «жабысқақ идеяға», столыпиндік жұмысшы партиясы идеясына шалдыққансыз. Дертіңіз қауіпті. «Лучтағы» докторлар емдеймін деп түбіңізге жетеді.

Автор саяси бостандық болсын деген жалпы талапқа қарама-қарсы, «ашық саяси партияны» әбден айқын және әдейі уағыздап отыр. Келтірілген екі цитатты салыстырса, бұған ешбір күмән қалмайды. Бұл арада бұлтарудан ештеңе шықпас еді.

Біз автордан былай деп сұраймыз: ұсақ буржуазиялық демократияның (1906 жылғы «энестер») және ірі буржуазиялық либерализмнің (1906—1907 және келесі жылдардағы кадеттер) оппортунистерінің «ашық партиясы» утопия болып шыққанда *сіздің* «ашық» жұмысшы партияңыздың утопиялық болмайтын себебі не?

Кадеттердің контрреволюцияшыл екенін, олардың демократтар емес екенін, жалпы алғанда бұқараның партиясы емес, қайта дәулетті буржуазияның партиясы екенін, «бірінші куриялық» партия екенін сіз мойындайсыз (немесе, қалай болғанда да, сайлаудағы «ашық» бой көрсетулер сізді мойындауға *мәжбүр етті)*. Сөйте тұрып, «парасатты парықты саясатшы», «дүрсе қоя берудің және жұдырық көрсетудің» дұшпаны — сіз кадеттер үшін утопиялық, қол жетпес болып шыққан «таяудағы» талапты бейне жұмысшылардың атынан деп ұсынасыз!! Сіз үлкен утописсіз, бірақ сіздің утопияңыз кішкентай, ұсақ, болымсыз.

Өзіңіз де сезбестен, сіз бұл күнде сән болған дертке — уайымшылдық, қорқақтық, торығушылық, сенбеушілік дертіне — бұл қазір етек алып кетті! — шалдыққансыз. Сөйтіп бұл дерт сізді оппортунизм тұңғиығына итермелеуде, ал мұнысы үшін энестер де, кадеттер де жалпы жұртқа күлкі болып қазірдің өзінде сазайын тартты.

Ерекше жағдайларды жою мен коалициялар бостандығын талап етуді сіз кезекті және іскерлік, «жоспарлы» және «саналы» талап деп санайсыз. Сіз социал-демократиядан түбегейлі түрде ажырасасыз, өйткені ол мұндай реформаларды жүзеге асырудың жалпы шарттарын (және ол реформалардың елеулілігін) *түсінеді*. Сіз прогрессистермен және октябристермен әжептәуір бірігесіз, өйткені нақ осы адамдар істің қазіргі жағдайы негізінде реформалар мен «бостандықтар» болады деген... мылжың сөзбен өздерін де, басқаларды да

алдап жүр. Итальян реформисі Биссолати *либерал* министр Джиолиттидің *барлық* таптардың партиялары «ашық» өмір сүріп тұрғанда уәде еткен реформаларына бола жұмысшы табына опасыздық жасады. Ал сіз Макаровтан *тіпті* Изгоевтар мен Булгаковтар да күтпейтін реформаларға бола жұмысшы табына опасыздық жасап отырсыз!

Сіз «ереуілді ойыншық ету» туралы жиіркенішпен сөз қыласыз. Менің сізге осы мәселе жөнінде бұл арада тиісінше жауап беруге мүмкіндігім жоқ. Терең тарихи қозғалысты «ойыншық ету» деп атау тура ақылсыздық екенін қысқаша ғана атап өтемін. Сіз ереуілдерге «Новое Времяның» (17 ноябрьдегі номерін, Незнамовтың мақаласын қараңыз), Изгоевтар мен Булгаковтардың ашуланғаны сияқты *ашуланасыз*. Ал сіздің ашуланатын себебіңіз — өмір сіздің либералдық жалған үміттеріңізді аяусыз талқандауда. Жұмысшылар бұқарасы ұйымның, жүйенің, әзірліктің, жоспарлылықтың қажет екендігін әбден мойындайды, бірақ сіздің сөйлеген сөздеріңізге олар жиіркенішпен қарап отыр және жиіркенішпен қарайды да.

Сізді меңдеген ауыр дерт өте-мөте көп тараған бациллададан жұққан. Ол — либералдық жұмысшы саясатының, немесе, басқаша айтқанда, жойымпаздықтың бацилласы. Ол ауада толы. Бірақ сіз оқиғалардың жалпы барысына, соның ішінде 15 ноябрьге қалай ашулансаңыз да, оқиғалардың бұл барысы ондай бациллаңы құртпай қоймайтын болып отыр.

«Правда» № 180, 29 ноябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАПИТАЛИСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ЖОҚШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАУ

Буржуазияшыл реформистер, ал оларға ілесіп, социал-демократияның қатарындағы кейбір оппортунистер капиталистік қоғамда бұқара жоқшылыққа ұшыраған жоқ деп дәлелдейді. «Жоқшылыққа ұшырау теориясы деген» дұрыс емес: бұқараның әл-ауқаты баяу өссе де, әйтеуір өсуде,— дәулеттілер мен дәулетсіздердің арасындағы тұңғиық тереңдеп отырған жоқ, қайта кеміп отыр деседі.

Соңғы уақытта мұндай дәлелдеулердің бүкіл жалғандығы бұқараның алдында барған сайын айқын ашылуда. Тұрмыс қымбатшылығы өсіп барады. Жұмысшылардың табысы, ең табан тірескен, жұмысшылар үшін *неғұрлым* сәтті болған стачкалық күрестің тұсында *да,* жұмыс күшінің қажетті шығындарының артуынан гөрі анағұрлым баяу өсуде. Ал мұнымен қатар капиталистердің байлығы ғажап шапшаңдықпен артуда.

Мәдени дәрежесінің неғұрлым жоғары болуы арқасында, *стачкалар* мен одақтар *бостандығының* арқасында, саяси бостандықтың арқасында, кәсіптік одақтардың миллиондаған мүшелері, жұмысшы газеттерінің миллиондаған оқушылары болуының арқасында жұмысшылардың жағдайы Россиядағыдан әлдеқайда тәуір болып отырған Германия жөніндегі кейбір мәліметтер мынадай.

Ресми деректемелерге сүйенетін *буржуазиялық* социал-саясатшылардың мәліметтері бойынша, Германияда

жұмысшылардың жалақысы соңғы 30 жылдың ішінде орта есеппен 25 процент өскен. Ал осы дәуірдің ішінде тұрмыстың құны ең *кем дегенде* 40 процент артқан!!

Азық-түліктің де, киімнің де, отынның да, пәтердің де — бәрінің де бағасы көтерілді. Жұмысшы *абсолютті түрде* жоқшылыққа ұшырауда, яғни нақ бұрынғысынан да гөрі кедейлене түсуде, тұрмысы нашарлап, жарым тамақ іше алмай, көбінесе жарым құрсақ күн кешіп, подвалдар мен чердактарды паналауға мәжбүр болуда.

Бірақ жұмысшылардың *относительді* түрде жоқшылық көруі, яғни олардың қоғамдық табыстан алатын *үлесінің* кемуі бұдан да айқынырақ. Шапшаң байып отырған капиталистік қоғамда жұмысшылардың *салыстырмалы* түрде алатын үлесі барған сайын кемуде, өйткені миллионерлер барған сайын тез байып келеді.

Россияда табыс салығы жоқ, қоғамның дәулетті таптарының байлығы артқандығы туралы мәліметтер жоқ. Біздің бұдан да бетер күйкі өмір шындығымыз шымылдықпен — қараңғылықтың, жариясыздықтың шымылдығымен бүркелген.

Германияда дәулетті таптардың байлығы туралы дәл мәліметтер бар. Мысалы, Пруссияда *бастапқы* 10 миллиард марка (5 миллиард сом) салық салынатын мүлік 1902 жылы — 1853 адамдікі еді, ал 1908 жылы — 1108 адамдікі болды.

Ең ірі байлардың саны азайды. Олардың байлығы артты: олардың әрқайсысының орта есеппен 1902 жылы 5 миллион маркалық ($2^1/_2$ миллион сомдық), ал 1908 жылы 9 миллион маркалық ($4^1/_2$ миллион сомдық) мүлкі болды!

«Жоғарғы 10 000» туралы сөз етеді. Пруссияда «жоғарғы 21 мың» байдың $13^1/_2$ миллиард маркалық мүлкі болды, ал салық салынған мүліктің қалған 1 300 000 иесінің — 3 миллиард маркалық мүлкі болды.

Пруссияның өте ірі төрт миллионерінің (бір князь, бір герцог және 2 граф) 1907 жылы 149 миллион маркалық, ал 1908 жылы 481 миллион маркалық мүлкі болды.

Капиталистік қоғамда — жұмысшылар бұқарасының жоқшылыққа ұшырауымен қатар байлық адам айтқысыз шапшаңдықпен артуда.

«Правда» № 181, 30 ноябрь, 1912 ж.
Қол қойған: В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ПАРТИЯМЫЗДЫҢ «ТОЛҒАҒЫ ЖЕТКЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ»

«ЖОЙЫМПАЗДЫҚ» ЖӘНЕ «ҰЛТТЫҚ» МӘСЕЛЕЛЕР

1912 жылы августа Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы Польша социал-демократиясының «өлкелік конференциясын»[111] шақырды. Польша социал-демократиясының бұл Бас басқармасының қазіргі уақытта партиясы *жоқ* басқарма екендігі белгілі. Польшаның астанасы Варшавада жергілікті социал-демократиялық ұйым Бас басқарманың іріткі салушылық саясатын үзілді-кесілді айыптады; бұл Бас басқарма оған жауап ретінде арандату жасады деп жексұрындық анонимдік кінә тақты, өзіне жалған варшавалық ұйым құрды, сөйтіп «өзінің», тиісті түрде әзірленген өлкелік конференциясын шақыруға асықты.

Кейіннен Мемлекеттік думаға Варшаваның жұмысшы куриясы бойынша жүргізілген сайлау Бас басқарманы жақтаушылардың жалғандығын түпкілікті дәлелдеді: 66 уәкілдің 34-і социал-демократ, мұның ішінде тек 3-і ғана (олар да күмәнды) Бас басқарманы жақтаушылар болды.

Бұл алдын ала ескертудің қажет болып отырған себебі Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы өлкелік конференциясының біз айтқалы отырған қарарын оқушы ешбір ретте Польшаның социал-демократ жұмысшыларының шешімі деп қарамай, *тек тышқалық* Бас басқарманың қарары деп *қана* қарайтын болуы үшін керек.

I

Польша социал-демократиясының РСДРП-ға көзқарасы туралы мәселе айрықша маңызды және көкейтесті мәселе. Сондықтан тышкалық конференцияның бұл мәселе жөніндегі шешімі, бұл шешімді *байсалды* шешім деп қарау қаншама қиын болса да, негұрлым мұқият зерттеуге лайықты шешім.

Балағатқа толы тышкалық қарардың ең болмағанда жойымпаздық туралы *негізгі* мәселеге көзқарасының өзінен-ақ оған байсалды қарау қиын.

Бұл — 1908—1912 жылдардағы РСДРП ішіндегі негізгі мәселе. Партияны контрреволюция қатты талқандады. Партия өзінің ұйымын қалпына келтіру үшін барлық күш-жігерін жұмылдырды. Сөйтіп партия контрреволюцияның *барлық төрт жылының он-бойында* социал-демократтардың арасындағы партияны жойғысы келетін топсымақтарға қарсы *үздіксіз* күрес жүргізіп келеді.

Осыдан келіп, кімде-кім жойымпаздық туралы мәселені тиянақтап шешпесе, өзін партияның мүшесімін деп *бекер* атайды деген қорытындының шығатыны айқын емес пе?

Сондықтан тышкалық конференция РСДРП-ға көзқарас туралы өзінің қарарында бәрінен де гөрі жойымпаздыққа көп орын береді. Жойымпаздық «РСДРП-ның дамуы үшін аса зор кедергі және оның өмір сүруінің өзі үшін елеулі қауіп» болып табылатындығын конференция мойындайды.

«Ашық және дәйекті жойымпаздық пен революциялық социал-демократия бірін-бірі жоққа шығарады» — делінген қарарда.

Көріп отырсыздар, Тышка мен $К^0$ проблемаға батыл және сенімді түрде кіріседі де — жауап беруден жалтарып шыға келеді!

Сонда «ашық және дәйекті» жойымпаз болып отырған кім? Және жойымпаздыққа қарсы *төрт жылдық күрестің тәжірибесі* қандай практикалық қорытындыға алып келді?

Табиғи және міндетті түрде қойылатын бұл сұрақтарға РСДРП-ның 1912 жылғы январь конференциясы айқын, дәл және сендіретін жауап берді: жойымпаздар — «Наша Заря» мен «Живое Дело» басылымдарының тобы. Бұл топ өзін партиядан тыс қойды.

Бұл жауапты дұрыс деп не теріс деп санауға болады, бірақ оны айқын емес деуге болмайды, өз позициясын айқын белгілеуден жалтаруға болмайды!

Ал тышкалық конференция ұсақ ұрыға ұқсап, нақ қашқалақтап, жалтарып, бұлтарып кетуге тырысады. Егер, 1912 жылы январьда біздің анық айтқанымыздай, «Наша Заряның» ашық және дәйекті жойымпаздар екені рас болмаса, онда Тышка мен К⁰ 1912 жылғы августа поляк социал-демократ жұмысшыларының алдында біздің қатемізді неге көрсетпеді? Егер «Наша Заряның» өзін партиядан *тыс* қойғаны рас болмаса, егер сіздер, Тышка, Роза Люксембург, Варский мырзалар, оны *партияда бар* деп санайтын болсаңыздар, онда сіздер мұны неге тура айтпадыңыздар? Бұл сіздердің поляк социал-демократ жұмысшылары жөніндегі тікелей міндеттеріңіз еді!

Ал сіздер 1912 жылғы «лениндік» январь конференциясына қарсы сөгу сөздерін, қарғысты, балағатты қалағандарыңызша жаудырсаңыздар да, сіздер алдангысы келетін адамдардан басқа ешкімді бұл айқай-шумен алдай алмайсыздар. Өйткені январь конференциясынан кейін «Наша Заря» жойымпаздық топ па, жоқ па және бұл топтың орны қайда—партияның ішінде ме әлде одан тыс па?—деген сұраққа ашық және айқын жауап бермейінше, адал және адал социал-демократ болу мүмкін емес, РСДРП ішіндегі істердің жайы туралы айту мүмкін емес.

II

Тышкалық конференцияның «леншілдерге» жаудырып отырған мол, әр алуан, көп сөзді балағатының мәнісі біреу ғана — *жіктеліс* жөнінде кінәлау.

РСДРП январь конференциясы «Наша Заря» тобын ғана партиядан тыс тұр деп тапты. Бұл — жалпыға

мәлім факт. Бұл фактіден тіпті Тышка мен оның достары да жікteліс жөнінде кінәлау—«Наша Заря» тобының *партиялылығын* тану болып табылады деген түсінікті де анық қорытынды жасай алған болар еді.

Мұндай қорытындының сөзсіз туатындығын тіпті бала да түсінеді. Ал Тышка мен К° балалық шақтан әлдеқашан өткен...

Бізді жіктеліс жөнінде кінәлайтын адамның ««*Наша Заряның*» тобы — жойымпаздық топ емес», «ол партиядан тыс болуға *тиіс емес*, қайта оның орны — партияның *ішінде»*, «ол партия ішіндегі *заңды сарын* болып табылады» және т. с. деп тым болмаса ашық мәлімдейтіндей қарапайым ерлігі, қарапайым адалдығы болуға тиіс.

Істің бар мәні нақ сонда, бізді жіктеліс жөнінде айыптаушы Тышка тәрізді мырзалар мұны тура айтудан *қорқып*, (өйткені бұл жіктеліс туралы байбаламдарынан *өзінен-өзі* көрінеді) оны *бұқпантайлап*, ұялып, тұспалдап айтады!

«Наша Заря» партияда болуға тиіс деп айту және *дәлелдеу оңай емес*. Кімде-кім мұны айтса, ол өзіне белгілі жауапкерлік алады — белгілі принципті мәселені шешеді — жойымпаздықтың басшыларын тура *қорғайды*. Мұндай адамды жойымпаздардың жақтаушысы деп санауға болады (және санау керек), бірақ оның тиянақты сенімі бар адам екенін мойындамауға болмайды, ең болмаса жойымпаздардың белгілі бір тобының партиялылығы немесе партиялық еместігі туралы шағын мәселе саласында болсын оның саяси адалдығы жоқ деуге болмайды.

Ал егер бұлай деуге келсе тұтас бір ұйым немесе тұтас бір өлкенің ұйымдар жиынтығы жалтарып және бұқпантайлап, ұялып және жеткізе айтпай жойымпаздарды қорғап отырса, жойымпаздарды партиядан шығарғандарды жіктеліс туғызды деп айыптап отырса, «жойымпаздардың бұл тобы партияда болуға тиіс» деп тура айтуға батылы бармай отырса,— онда мынадай қорытынды ойға оралмай қоймайды: біздің көріп отырғанымыз — мынадай-мынадай көзқарастарға қосылатын социал-демократтардың ұйымы емес, қайта жойымпаз-

дардың жойымпаздарға қарсылармен күресуін «пайдаланудан» саяси беделге ие болғысы келетін *әзәзілдердің үйірмесі.*

Сондықтан бундшылдардан кейін Тышка мен К⁰ — сондай әзәзілдердің, «салмағы жағынан марксистердің», ондайлар социал-демократтардың арасында аталып кеткеніндей — «Тушино қашқындарының» үлгісі екендігі, РСДРП-ның 1907 жылдан бергі ішкі істеріне қанық адам үшін әлдеқашан-ақ құпия сыр болудан қалды. Кейбір бундшылдар сияқты Тышка да өзінің партиядағы бүкіл «позициясын» жойымпаздар мен жойымпаздарға қарсылардың арасында *айла жасауға,* делдалдық жасауға, жойымпаздар да, жойымпаздарға қарсылар да көпшілік ала алмайтын «таразыдағы қосымша салмақ» болған жағдайынан пайда түсіруге негіздеп отыр!

1911 жылдың күзінде, Тышканың бұл ескі және жұрттың бәрін ығыр қылған «айласы» оны апарып орға жыққанында, біріне-бірі қарсы ағымның *екеуінің* де органдары — жойымпаздар да, жойымпаздарға қарсылар да оны әзәзіл деп баспасөз бетінде ашық атады[112].

Шынында да, «таразыдағы қосымша салмақ» тұрғысынан қарап көріңіздерші, сонда тышкалық конференцияның қисынсыз, балалық аңқаулықпен жазылған, кісі күлерлік әлсіз және дәрменсіз қарарлары бірден-ақ *әбден* түсінікті болады. Әзәзіл былай, тек қана былай деп айтуға тиіс: мен жойымпаздықты айыптаймын.., бірақ мен кімнің ашық және дәйекті жойымпаз екенін тура айтпаймын! Жойымпаздық партияның өмір сүруінің өзі үшін қауіпті екендігін мен мойындаймын.., бірақ мынадай топ партия ішінде болуға тиіс немесе партиядан тыс болуға тиіс деп мен тура айтпаймын! Мұндай «позициядан» мен *әрқашан,* қандай жағдайларда болса да өзім үшін пайда түсіре аламын, «саяси беделге» ие бола аламын, өйткені *мен болмасам* жойымпазға қарсы адам жойымпазды жеңе алмайды, *мен болмасам* жойымпаз партия ішінде қамтамасыз етілген орынға ие бола алмайды!!

«Тышкалық» саясат кездейсоқ емес, жеке көрініс емес. Жіктеліс жағдайында және тегі бағыттардың шиеленіскен күресі жағдайында өздерінің өмір сүруін ылғи бір жақтан екінші жаққа жалт беріп отыруға, ұсақ әзәзілдікке негіздейтін топтар пайда *болмай қоймайды.* Бұл — партиямыздың өміріндегі күйініште, жағымсыз сипат; бұл сипат эмиграциядағы революциялық жұмыс жағдайларымен ерекше шиеленісулі. Әзәзіл топтар, әсіресе Россиямен өзінің байланысы жағынан нашар кейбір топтардың саясатындағы әзәзілдік сипаттар — бұл өзіңді алдатпау үшін, әр түрлі «түсініспеушіліктердің» құрбандығы болмау үшін білу керек болатын құбылыс.

III

«Бірігу» ұраны — бұл бірігудің *кіммен* болуға тиіс екенін, бұл *бірігу* белгілі бір топқа *қандай жеңілдіктер* беру деген сөз екенін, жойымпаздарды партияға енгізу немесе оларды партиядан шығару саясатының *қандай негіздерде* құрылатынын білмейтін жұмысшылардың қалың топтары арасында, әрине, «әйгілі».

Әрине, істің мәнін мұндай *түсінбеушілікті* «жіктеліс» туралы байбалам салу үшін демагогтықпен пайдаланудан оңай ештеме жоқ. Біржола ажырасқан бағыттардың «бірігуін» талап ету арқылы үйірмелік дипломатияны бүркеуден оңай ештеме жоқ.

Бірақ «бірігу» ұраны ұғымы кем адамдардың арасында қаншалықты «әйгілі» болса да, әр түрлі демагогтардың, әзәзілдердің, үйірмелік дипломаттардың қазіргі уақытта мұны бетке ұстауы қаншалықты қолайлы болса да, біз 1912 жылы РСДРП-ның январь конференциясы шешкен мәселеге айқын және тиянақты жауап беруді әрбір саналы социал-демократтан қалай болғанда да талап ететін боламыз.

Жойымпаздардың 1912 жылы августа шақырылған конференциясы барлық таластардың өзегі — нақ жойымпаздық туралы мәселе, жойымпаздық топтардың партиялылығы немесе партиялық еместігі (тіпті партияға қарсылығы) туралы мәселе екендігін айқын көр-

сетті. Кімде-кім істің осы мәнін орағытып өтсе, ол өзінің де, басқалардың да басын қатырады.

Ал январь конференциясының «фракцияшылдығы», т. с. туралы мылжың—бұның өзі істің мәнін нақ осылай *орағытып* өту. Ал, жақсы, мырзалар, деп жауап беруге болады мылжыңдарға: январь конференциясы аса фракцияшыл, жікшіл, правосыз, т. с. конференция екен дейік. Бірақ осы «сұмдық күшті сөздер» арқылы сіздер өздеріңіздің алдыңызда *өздеріңіз бұлталақтап отырсыздар* ғой. Социал-демократтардың бір бөлегі январьда — қай бөлегі болса да бәрібір — «Наша Заря» дегеніміз партияға қарсы, партиядан тыс тұрған жойымпаздар деп мәлімдеді. Бұл пікір толық, дәлелді және партияның 4 жылдық тарихынан туатын қарарда негізделді.

Кімде-кімнің бұл, айталық, «январьлық» социал-демократтардың қатесін шын ниетпен түсіндіргісі және теріске шығарғысы келсе, ол осы қарарды талдап, теріске шығаруға тиіс, «Наша Заря» партияда болуға тиіс, оның идеялары партияны апатқа ұшырататын идеялар емес, бұл топқа мынадай-мынадай жеңілдіктер беру керек, одан мынадай-мынадай міндеттемелерді талап ету керек, бұл міндеттемелерді орындаудың кепілдігі мынадай болуы керек, бұл топтың партия ішіндегі ықпалының өлшеуіші былайша белгіленуі керек деп айтуға және дәлелдеуге тиіс.

Мәселені *осылай* қою — январьлық социал-демократтардың көзқарасын ақ ниетпен және адалдықпен теріске шығару деген сөз, дұрыс емес деп санайтынды жұмысшыларға *түсіндіру* деген сөз. Бірақ бар әңгіме, жікteліс туралы қазіргі арзан айқайшылардың *бірде-біреуі* мәселені осылай қоюға қарай бір де қадам баспағанында болып отыр!!

Сондықтан да біз демагогтар мен әзәзілдерді жиренішпен аластай отырып, байсалдылықпен қайталап айтамыз: жойымпаздарды шығару туралы біздің қарарымыз теріске шығарылған жоқ және теріске шығарылмайды. Жаңа фактілер — троцкистік сөзуарлықпен жымдасқан жойымпаздық *«Лучтың»* шығуы сияқты

фактілер — біздің қарарымыздың күшін тек жүз есе арттыра түседі. Фактілер — майдағы бас көтеру, жүздеген жұмысшы топтарының жойымпаздыққа қарсы газеттің төңірегіне топтасуы, IV Мемлекеттік думаның жұмысшы куриясы бойынша сайлауы — жойымпаздарға қарсы біздің позициямыздың дұрыстығын *біржолата* дәлелдейді.

«Жіктеліс» туралы байбалам бұл сенімді мызғыта алмайды, өйткені ол байбалам салушылық жойымпаздарды қорқақтықпен, жасырын, екіжүзділікпен *қорғаушылық* болып табылады.

IV

РСДРП-ның 1912 жылгы январь конференциясы тағы бір елеулі принципті мәселені алға қойды, ол — біздің партиямыздың ұлттық жағынан *құрылуы* туралы мәселе. Орынның аздығы себепті мен бұл мәселеге тек қысқаша тоқтаймын.

Толық федерация ма әлде толық емес федерация ма, «ең нашар түрдегі федерация» ма әлде толық бірлік пе? Бұл мәселе, міне, осылай қойылып отыр.

Тышкалық конференция бұл проблемаға да: «жалғандық», «фактілерді бұрмалау», т. с. деген балағатпен және айқай-шумен ғана жауап береді. Бұл Тышка мен оның нөкерлері дегеніңіз қандай түкке тұрғысыз айқайшылар!

Латыш, поляк, еврей (Бунд) социал-демократтарының әбден оқшау тұрғандығы факт болып табылады. Польшада Бундпен бірігуге ұқсас *ештеменің* болмағанын және жоқ екенін әрбір поляк социал-демократы біледі. Орыстардың да Бундпен арасы дәл сондай, т. т. «Ұлт өкілдерінің» өздерінің ерекше ұйымдары, өздерінің орталық инстанциялары, съездері, т. т. бар. Орыстарда *бұл* жоқ, сондықтан *бұлардың* Орталық Комитеті орыс мәселелерін бірімен-бірі күресіп жатқан және орыс істерімен таныстығы жоқ бундшылдардың, поляктардың, латыштардың қатынасуынсыз шеше алмайды.

Бұл — факт. Мұны ешқандай балағатпен баса алмайсың. 1907 жылдан бері біздің партиядағылардың *бәрі* мұны көрді. Мұнда жалғандық бар екенін бәрі де сезді. Сондықтан біздің конференциямыз оны «ең нашар тұрпаттағы федерация»* деп атады.

Мәселенің бұлай қойылысына адал және шын ниетті социал-демократтар істің мәні бойынша жауап берулері керек.

Мәселенің бұлай қойылысының дұрыстығын август конференциясы мейлінше көзді жеткізе *растады,* бұл конференция *тіпті* Плехановтың мойындауы бойынша, өзінің «ұлттық-мәдени» автономия туралы атышулы қарарымен «социализмді ұлтшылдыққа бейімдеді».

Бунд та, тышқалық Бас басқарма да бірлікті жақтаймыз деп екеуі бірдей ант-су ішеді, ал Варшавада, Лодзьде, т. т. *олардың арасында толық жіктеліс* үстем болып отыр!!

«Жойымпаздық мәселесінің» «ұлт мәселесімен» байланысын біз ойлап шығарғанымыз жоқ, оны өмірдің өзі байқатты.

Барлық байсалды ойлаушы социал-демократтар «ұлт мәселесін» де алға қойып, талқылайтын болсын. Федерация ма әлде бірлік пе? «Ұлттар» үшін бөлек орталықтары бар, орыстар үшін бөлек орталығы *жоқ* федерация ма әлде толық бірлік пе? Жергілікті жерлерде Бундтың іс жүзінде жіктелуімен (немесе бөлініп шығуымен) бірге әйтеуір аты бірлік пе әлде төменнен жоғарыға дейін іс жүзіндегі бірлік пе?

Кімде-кім бұл сұрақтардан жалтаруға болады деп ойласа, ол мықтап қателеседі. Кімде-кім 1907—1911 жылғы «ең нашар тұрпаттағы федерацияны» әшейін қалпына келтіруді көздесе, ол *өзінің де, басқалардың да басын қатырады.* Ол федерацияны енді қалпына келтіру *мүмкін емес.* Бұл шала-жансар енді қайтып тірілмейді. Партия одан мәңгіге аулақ кетті.

Қайда кетті? «Австриялық» федерацияға ма?[113] Әлде федерациядан *толық* бас тартуға, іс жүзіндік бірлікке

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 147—148-беттер. *Ред.*

ме? Біз екіншісін жақтаймыз. Біз «социализмді ұлтшылдыққа бейімдеуге» қарсымыз.

Жұрттың бәрі де бұл мәселені барлық жағынан ойластырып, түпкілікті шешетін болсын.

1912 ж. ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1913 ж. августа «Pismo Dyskusyjne» журналының 1-номерінде басылған
Қол қойған: N. Lenin

Журналдың тексті бойынша басылып отыр
Орысшасы поляк тілінен аударылған

АМЕРИКАДА

Рочестер қаласында «Американ еңбек федерациясының»[114] — кәсіптік ұйымдарының одағы осылай деп аталады—32-ші жылдық съезінің мәжілістері аяқталды. Жедел өсіп келе жатқан социалистік партиямен қатар бұл одақ ескінің: Америка жұмысшы табының *аристократиясын* дендеп алған ескі цехтық, либералдықбуржуазиялық дәстүрлердің көзі тірі қалдығы болып табылады.

Федерация мүшелерінің саны 1911 жылы 31 августа — 1 841 268 адам болды. Мұның председателі болып тағы да социализмнің нағыз қарсыласы Самуэль Гомперс сайланды. Бірақ социалистік жұмысшылардың кандидаты, Макс Хейс (Hayes), Гомперске берілген 11 974 дауысқа қарсы 5074 дауыс алды, ал бұрын Гомперс бірауыздан сайланатын. Американ кәсіптік қозғалысында социалистердің «профессионалистерге» қарсы күресі баяу да болса, біріншілердің екіншілерді жеңуіне қарай қалтқысыз бастап келеді.

Гомперс «еңбектің капиталмен үйлесімі» туралы буржуазиялық ертегіге бүтіндей сеніп қана қоймайды, сонымен бірге сөз жүзінде кәсіптік одақтардың толық саяси «бейтараптығын» қорғаса да,— федерацияда социалистік саясатқа қарсы буржуазиялық саясатты ашық жүргізеді! Америкада жуырда болып өткен президент сайлауы кезінде Гомперс федерацияның ресми органында үш буржуазиялық партияның (демократтар, республикашылдар және прогрессистер) үшеуінің де

программалары мен платформаларын көшіріп басты, бірақ *социалистік* партияның программасын көшіріп басқан *жоқ!!*

Тіпті Гомперсті жақтаушылардың ішінен Рочестердегі съезде осы тәрізді әрекеттерге қарсы наразылықтар болды.

Американың жұмысшы қозғалысындағы істің жайы, Англиядағы сияқты, бізге таза кәсіби талаптар мен социалистік талаптардың тамаша айқын жіктелісін, *буржуазиялық жұмысшы саясаты* мен социалистік саясаттың арасындағы жіктелісті көрсетіп отыр. Өйткені, бұл сөздер құлаққа қаншалық оғаш естілгенімен, егер жұмысшы табы өзінің азат етушілік мақсаттарын ұмытатын болса, жалдама құлдыққа төзетін болса және өзінің құлдық жағдайының жалған «жақсаруына» бола буржуазиялық партияның біресе онысымен, біресе мұнысымен одақ жасау жағын қамдастырумен шектелетін болса, онда жұмысшы табы да капиталистік қоғамда буржуазиялық саясатты жүргізе алады.

Англия мен Америкада буржуазиялық жұмысшы саясатының ерекше көзге түсуіне және оның (уақытша) күшті болуына себепші болып отырған басты тарихи себеп — ертеректен келе жатқан саяси бостандық және басқа елдерге қарағанда капитализмнің тереңдеп те, кеңінен де дамуы үшін айрықша тиімді жағдайлардың болуы. Осы жағдайларға байланысты жұмысшы табынан аристократия бөлініп шығып отырды да, ол өз табына *опасыздық жасап*, буржуазияға ерді.

XX ғасырда Англия мен Американың жағдайындағы бұл ерекшелік жылдам жойылып келеді: басқа елдер ағылшын-саксон капитализмін қуып жетуге, ал жұмысшы *бұқарасы* өмір тәжірибесінен социализмді үйренуде. Дүние жүзілік капитализмнің өсуі неғұрлым жеделдеген сайын Америка мен Англияда социализмнің жеңісі соғұрлым тезірек болады.

1912 ж. 7 (20) декабрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ПАРЛАМЕНТТІК» ӨКІЛДІГІ[115]

Россияда саналы жұмысшылардың жұмысшы табының Мемлекеттік думадағы коллективтік өкілдігімен істес болып отырғаны бір бұл жолы ғана емес. Және әрбір ретте, II, III, IV Думада (социал-демократтардың көпшілігі бойкот жасаған бірінші Дума туралы айтпай отырмыз) мұндай өкілдік құрылған сайын, әрбір жолы социал-демократияның *көпшілігі* мен оның Думадағы өкілдігінің пікірлерінің, көзқарастарының, бағытының арасында *сәйкессіздік* байқалып отырды.

Осы сәйкессіздік туралы дәлме-дәл мәліметтер екінші Мемлекеттік дума жөнінде бар. Социал-демократияда қандай көзқарастардың, бағыттардың, ағымдардың немесе фракциялардың басым екендігі және Думадағы социал-демократиялық фракцияда қандайлары басым екендігі 1907 жылы көктемде ресми түрде және даусыз анықталды.

Әрбір 500 социал-демократ жұмысшыдан бір-бірден делегат жіберіп отырғанда, ол кезде большевиктердің 105 делегаты, меньшевиктердің 97, фракциялық еместердің 4 делегаты болған болып шықты.[116]

Большевизм жағы көрінеу басым.

«Ұлттық» социал-демократтардың арасында поляктардың 44, бундшылдардың 57, латыштардың 29 делегаты болды. Латыштардың арасында ол кезде оппортунизмнің, меньшевиктердің және Бундтың қарсыластары өте басым болғандықтан, «ұлтшылдардың» арасында да жалпы алғанда «ағымдардың» қатынасы социал-

демократияның «орыстық» бөлегіндегі «ағымдар» қатынасымен біртектес болды.

Ал Думадағы социал-демократиялық фракцияда ол кезде 36 меньшевик және 18 большевик болды,— жұмысшы куриясынан депутат болғандарды алсақ, олардың арасында 12 меньшевик және 11 большевик болды. Меньшевиктердің басым болғандығы айқын.

Сонымен, социал-демократияның ішінде және Думадағы фракцияда «ағымдардың» күштері біркелкі бөлінбеді, қайта тікелей қарама-қарсы түрде бөлінді.

Бұл кездейсоқтық па?

Жоқ. Дүние жүзінің барлық елдерінде, әдетте, жұмысшы партияларының өздерінің құрамымен салыстырғанда жұмысшы партияларының парламенттік өкілдері құрамының *неғұрлым оппортунистік* құрам болатыны байқалады. Бұл құбылыстың себебін көру қиын емес: біріншіден, буржуазиялық елдердің сайлау жүйелерінің бәрі, тіпті ең демократиялық деген жүйелері де, іс жүзінде жұмысшылардың сайлау праволарына не жас жағынан (Россияда 25 жас болуы керек), не отырықшылығы және жұмыс орнының тұрақтылығы (Россияда жарты жыл), т. т. жағынан *шек қояды*. Мұндай шек қоюшылықтар әдетте пролетариаттың нақ жас, неғұрлым саналы және батыл топтарына бәрінен де гөрі ауыр тиеді.

Екіншіден, жұмысшы партияларының пролетарлық емес элементтері — жұмысшы одақтарының чиновниктері, ұсақ қожайынсымақтар, қызметшілер және, әсіресе, «интеллигенция»—буржуазиялық қоғамдағы *қандай да болса* сайлау правосының тұсында «парламенттік» кәсіпте неғұрлым оңай (өздерінің кәсіптері, «қоғамда» алатын орны, даярлығы, т. т. себепті) маманданады.

Бұл фактіден қандай қорытындылар шығады және II Думамен салыстырғанда үшінші, төртінші Думаларда істің жайы қандай болды,— бұл мәселелерге біз келесі мақаланы арнаймыз.

«Правда» № 191, 12 декабрь, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ПАРЛАМЕНТТІК» ӨКІЛДІГІ

III МАҚАЛА

Россиядағы үшінші Думадағы социал-демократиялық фракция бірнеше жыл өмір сүрген және жұмысшы табы партиясымен бірлесіп жұмыс істеудің ұзақ «сынынан» өткен бірінші социал-демократиялық фракция болды. Түсінікті себептерге байланысты, біз бұл жерде бұл жұмыстың тарихын баяндап бере алмаймыз. Біз Думадағы фракцияға партияның дамуы қалай *әсер етті?* фракцияның партияға *көзқарасы* қалай өзгерді? деген ең басты мәселелерді ғана атап өте аламыз және атап өтуге тиіспіз де.

Ең алдымен мына фактіні анықтап алуға тура келеді: үшінші Думадағы социал-демократиялық фракция қызметінің алғашқы қадамдары партия көпшілігінің батыл наразылығын және қатаң айыптауын туғызды. Фракцияда партияның 1907 жылғы шешімдеріне[117] оппозицияда болған меньшевиктер әдәуір басым болды, ал осы «оппозицияны» III Думадағы социал-демократиялық фракция ілгері жалғастырды немесе қабылдап алды.

Партия мен фракцияның арасында өзінше бір күрес басталды. Фракцияның декларациясын оппортунизмі үшін айыптады — және бұл әбден әділ айыптау болатын. Партия көпшілігінің немесе түгелімен бүкіл партияның пікірін білдіретін баспасөз органдары фракцияның оппортунистік қадамдарын талай рет сынады және түрліше мәселелер жөнінде фракция партияның көзқа-

растарын жеткізе айтпады немесе оны теріс баяндады деп атап көрсетті.

Үшінші Думадағы фракцияның түзетуді керек ететін қателері мен теріс басқан қадамдарының ұзақ тізімі 1908 жылы декабрьде ресми түрде мойындалды[118]. Әлбетте, бұл жерде кінә бір ғана фракцияның кінәсы емес, сонымен бірге өзінің Думадағы өкілдігімен көбірек жұмыс жүргізуге және онымен *бірлесіп* жұмыс істеуге тиісті *бүкіл* партияның кінәсы екендігі дәл көрсетілді.

Бұл жұмыстың нәтижелері барлық жұрттың көз алдында. 1908 жылдан 1912 жылға дейін партияда меньшевизмнің оң қанаты *жойымпаздыққа* қарай дамыды. «Луч» газеті қаншалықты өшіргісі келгенімен, большевиктердің де, партиялық меньшевиктердің де[119] жойымпаздарға қарсы төрт жылдық күресін тарихтан өшіріп тастауға болмайды.

Сонымен осы 4 жылдың ішінде Думадағы социал-демократиялық фракция партияға оппозиция болып келген фракциядан, партия сынап, меньшевиктер қорғап келген (ал кейде оппортунизмін тікелей көтермелеп те келген) фракциядан—*жойымпаздыққа қарсы* фракцияға айналды.

Үшінші Думадағы фракцияның 1912 жылдың қарсаңында газеттер бойынша бөлінуі осыны документ жүзінде дәлелдейді. Астраханцев пен Кузнецов жойымпаздардың «Живое Делосында» болды. Белоусов — бұл да солай, бірақ ол, Мартов пен «Наша Заряға» тілектестік білдіріп, фракцияға *әсіре жойымпаздық* жолдама жіберді де (Белоусов мырзаның бұл тарихи жолдамасы, сірә, көп ұзамай баспасөзде шығатын болар), ұзамай *фракциядан мүлдем кетіп қалды.*

Онан соң, Шурканов жойымпаздық газетте де, жойымпаздыққа қарсы газетте де болды. Гегечкори мен Чхеидзе бұлардың ешқайсысында да болған жоқ. *Фракцияның* қалған *8 мүшесі* (Воронин, Войлошников, Егоров, Захаров, Покровский, Предкальн, Полетаев және Сурков) *жойымпаздыққа қарсы* органдардың қызметкері болды.

1911—1912 жылдары «Наша Заря» социал-демократиялық фракцияға сан рет өзінің наразылығын білдірді: меньшевиктік фракцияның жойымпаздарға қарсы жаққа көшуі жойымпаздарға ұнай алмады.

Қара Думадағы жұмыстың тәжірибесі және меньшевизмнің жойымпаздардың батпағына сырғып түскен оң қанатына қарсы күресу тәжірибесі — осының бәрі III Думадағы социал-демократиялық фракцияны солға қарай, оппортунизмнен аулақтатып, партияға қарай итермеледі.

Фракцияның *партиялылығы* жолында *партияның* жүргізген осы 4 жылдық *күресінің* тамаша тарихын (әрине, бұл арада әңгіме идеялық бағыт туралы ғана, жұмыс бағыты туралы ғана болып отыр) тіпті көп адамдар, әсіресе оны ұнатпайтындар — ұмытуға бейім тұрады. Бірақ бұл тарих — факт. Мұны есте сақтау керек. Төртінші Думадағы фракцияға баға бергенде осыған сүйену керек; бұл туралы келесі мақалада сөз болады.

1912 ж. декабрьдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған
Қол қойған: В. И.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ПАРЛАМЕНТТІК» ӨКІЛДІГІ

V МАҚАЛА

IV Думадағы социал-демократиялық фракцияның құрамы мен жұмыс бағыты жөнінде белгілі түсінік беретін бұл фракцияның алғашқы қадамы оның Ягелло туралы мәселе жөніндегі қарары болды[120]. Бұл қарардың большевиктердің 6 даусына қарсы меньшевиктердің 7 дауысымен қабылданғаны газеттерден белгілі. Демек, бұл арада партия көпшілігінің пікіріне қарама-қарсы қабылданған шешімді көріп отырмыз, өйткені басты-басты алты өнеркәсіпті губерниядан сайланған 6 жұмысшы депутаты, біздің көргеніміздей, жұмысшы партиясының орасан көпшілігінің өкілі екені айқын.

Бірақ, мүмкін, бұл қарардың *мазмұны* оның дұрыс екендігіне біздің көзімізді жеткізетін болар?

Қарардың мазмұнын қарап көрейік.

1-пункт Ягеллоны «Варшава пролетариатының көпшілік немесе азшылық жағының» «*сайламшы* етіп өткізгендігін» «анықтау үшін дәл мәліметтердің жоқ екендігін» корсетеді.

Демек, социал-демократ 7 депутаттың пікірі бойынша, мәселе анық емес. Бұл ретте олар, жойымпаздар мен Бундтың айтып жүргеніндей («Луч» пен «Наша Заряны» қараңыз), жалпы поляк пролетариаты емес, *Варшава* пролетариаты туралы қалайда анық айтып отыр. Ал «Варшава пролетариатының» *«сайламшылар етіп»* екі социал-демократ және бір ппс (Ягеллоны) *«өткізгендігін»* біз *анық* білеміз.

Екеу — біреуге қарсы көпшілік. Демек, Ягеллоны *азшылықтың* өткізгендігі туралы өте *дәл* мәліметтер бар. Ол олма: жұмысшы сайламшылардың *көпшілігі* (екі социал-демократтың екеуі де) Ягеллоны сайлауға *қарсы* болған, бұл туралы *ресми* түрде мәлімдеген. Жойымпаздар Ягелло көп дауыс алды дегенге сүйенген болатын, бірақ мұның өзі сайламшылар болып *екі* социал-демократтың және *бір* ппс-тің сайлану *фактісін* жоққа шығармайды.

Қалай болған күнде де, Варшаваның *бүкіл* поляк социал-демократиясының өкілі болған екі социал-демократ сайламшының *наразылығын* қарарда орағытып өтіп, жетеу *партияға қарсы* әрекет жасап отыр, өйткені осы күнге дейін Россия социал-демократиясының құрамына *тек* поляк социал-демократиясы *ғана* кірді.

Бірақ қарардың 2-пункті мұнан әлдеқайда нашар. Ягеллоны «еврей буржуазиялық сайламшыларының» сайлауы,— дейді бізге,— «тіпті буржуазиялық ортаның өзінде де (!? *еврей* буржуазиялық ортасында ма?) социалистер ғана езілген ұлттардың әділ (?!) мүдделері жолындағы шын күрескерлер бола алады деген сананың өскендігінің белгісі».

Еврей буржуаларында бұл тәрізді «сананың» көлеңкесі де болмағандығы баршаға мәлім. Бұлар поляк буржуасын *артық көрді,* бірақ тең праволылықты басқа жақтаушы болмағандықтан социалисті сайлауға *мәжбүр* болды. «Сананың өсуі» емес, буржуалардың арасындағы ұлттық күрестен туған *қиыншылықтардың* өсуі, міне, депутат Ягеллоға мандат берген осы!

Думаға адал адамды өткізу үшін сайламшы жұмысшы төбелесіп қалған екі ұрының «қиыншылықтарын» *пайдалануына* болады (және пайдалануға тиіс). Бұл даусыз. Поляк социал-демократиясы болмашы бөлшегінің (*басты нәрседен* — Варшавадан — айырылып қалған, «Бас басқарма» деп аталатын) бұған керісінше көзқарасы түкке аспайды.

Бірақ екі ұрының төбелесіп қалу жағдайымен барын адал адам Думаға өткеннен кейін, *ұрының бірін* «санасының өскендігін» көрсеткен ұры деп атау,— әрі күлкі, әрі сорақы. Нақ осының өзі, тіпті Ягеллоның мандатын

ақтау үшін де мүлде қажеті жоқ, буржуазиялық еврей сайламшыларын мадақтау фракцияның жеті мүшесінің *оппортунизмін*, олардың ұлт мәселесіне *пролетарлық емес* көзқарасын дәлелдейді.

Жеті депутат өзінің *қарарында* жалпы ұлт араздығын, *әсіресе* антисемитизмі үшін поляк буржуаларын айыптауы және масқаралауы керек еді, міне, бұл іс болып шығар еді. Бірақ еврей буржуазиясына апарып «сананың өсуін» таңу өз санасының *жоқтығын* көрсету деген сөз.

3-пункт Ягелло — социал-демократ деп дәлелдемекші болады. Ал бұл немен дәлелденеді? 1) «Оның мәлімдемесімен». Бұл дәлел емес. *Партиялық* адамдар Икстің «мәлімдемесімен» есептеспейді, сол Икстің өзі кіріп отырған *ұйыммен* есептеседі. Мұндай әліппені тек жойымпаздар ғана ұмыта алады*. 2) «Ягеллоның кандидатурасын Бунд пен Поляк социалистік партиясы блогының қолдауы».

Ал поляк социал-демократиясы қайда қалады? *Мұнсыз* және *бұған қарсы* блок болуы (Варшаваның екі социал-демократ сайламшысының кетіп қалуы) Бундтың *антипартиялығының* дәлелі болып табылады; ымырашылдық ниетте болған Плехановтың өзі де мұны осылай деп тапты!

4-пункттен мынаны оқимыз: «Поляк социалистік партиясы Россия социал-демократиясымен әлі біріккен жоқ». Бұл — жартылай шындық! Партия қарары (1908 жылы декабрьде) Поляк социалистік партиясымен бірігуді *қабылдамай тастағанын* жетеу неліктен *айтпады?* Партияны жоюшылардың пайдасын көздегендіктен ғана ма?

Бүкіл осы туралап қалған, бейшаралық қарардан шығатын қорытынды — «Россия социал-демократиясының ішкі өмірінің мәселелерін» «Думадағы саяси жұмыс мәселелерінен» *бөліп тастау*. Бұл болу мүлдем нашар бөліс. *Партиялық* адамдар бұл мәселелерді бөле алмайды. Бұларды бөлу — Думадағы фракцияны партиядан бөлу деген сөз. Бұл ең нашар оппортунизм жә-

* Бұл сөз қолжазбада өшірілген. *Ред.*

не мейлінше шатасушылыққа ұрындыру. Тактиканы партияның «ішкі» шешімдері анықтайды: «Думадағы саяси жұмыста» *осы* тактиканы қолдану жөн бе әлде басқа, «бейпартиялық» тактиканы қолдану жөн бе??

Социал-демократияның бір бөлімі болып табылғысы келетін Бундтың кандидаты «социал-демократияның ішкі өмірінің мәселелерінде» шешуші дауыстан *айырылған.* Бұл — жойымпаздар шатастырған жеті депутаттың шатасқан қарарының бірден-бір жақсы жағы.

Думадағы фракцияны *түзеу* жолында қажырлы түрде еңбектене отырып (III Думадағы сияқты, IV Думада да), саналы жұмысшылар бұлардың шатасудан құтылып шығуына барынша көмектесуге, олардың істеген қатесін түсіндіруге тиіс. Қатенің өзін ғана алатын болсақ, алғашқы кезде әлі оншама қорқынышты нәрсе емес,— мұны К. Сталин дұрыс атап көрсетті[121],— жұмысшы демократиясы болған қатені ашық, тура *мойындауы* және оның мойындалуына жетуі керек, маңыздысы осы ғана. Сонда жалғасы басталуына қарағанда жақсы болады.

Мақаланы алғандығыңыз жөнінде маған қалайда хабарлаңыз және күтпеген жерден баспауға үйғара қалсаңыз, дереу қайтарып жіберіңіз, өйткені онда басқа бір жерге бастырамын.

1912 ж. декабрьдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған
Қол қойған: В. И.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҰЛТШЫЛДАРДЫҢ КАДЕТТЕРМЕН «ЫМЫРАЛАСУЫ»

Үкіметтің декларациясы жөнінде Думада болған жарыс сөздердің ең ірі саяси қорытындысы *ұлтшылдардың*, октябристердің және *кадеттердің* жүрек елжірететін бірігуі болып табылады. Біздің орыс «қоғамы» дейтініміздің даурықпа және арзан бос сөзге беріліп кететіні соншалық, *барлық* партиялардың саясаттың принципті мәселелерін сынап сөйлеген сөздерінің осы *шын* қорытындысын ерекше баса көрсетуге тура келеді.

Партиялар жоғалды,— деп жазды *ұлтшыл* «Новое Время» (№ 13199).— Депутат Маклаковтың тамаша сөзі (7 декабрьдегі мәжілісте) барлық партиялық есептер мен пікір алалықтарын ұмытып, оған қол шапалақтаған бүкіл Мемлекеттік думаны біріктірді».

Жағымпаздық атаулының, еврейлер мен бұратапаларды қуғындаудың басты органы болып отырған *ұлтшыл* газеттің бұл бағасын саясатқа ден қойған әрбір адам есінде сақтап, ойластыруы керек.

Октябристер мен ұлтшылдар, гучковшылдар мен нововремяшылдар Маклаковқа партиялық пікір алалықтарын «ұмытып» қол шапалақтаған жоқ, қайта либерал буржуазия мен ұлтшыл-помещиктердің арасындағы терең *пікір ортақтығын* өздерінің дұрыс түсінгендігі себепті қол шапалақтады.

Ішкі және сыртқы саясаттың түбірлі мәселелері жөнінде Маклаков осы пікір ортақтығын байқатты.

«Егер Россия соғысты іздемей отырған болса, ол сонымен қатар соғыстан қорықпайды да»,— деп лепірді бұл кадет *ұлтшылдардың* ұзақ қол шапалақтауы үстінде. Олар қайтіп қол шапалақтамасын? Кадеттердің бұл сөздермен халық бұқарасын езіп, күйзелтіп отырған соғыспен қорқыту саясатына, милитаризм саясатына, құрғақта және теңізде қарулану саясатына өздерінің *қосылатындығын* білдіргені әрбір саяси сауатты адамға айқын.

Милитаризмді қолдаушы либералдар реакцияға қорқынышты емес, өйткені реакционерлер әбден дұрыс пайымдайды: милитаризмді қолдау — *іс,* ал либералдық лепірулер — *бос сөздер,* реакцияның үстемдігі тұсында бұл бос сөздерді жүзеге асыруға болмайтыны анық. Әрбір ақылды крепостник-помещик думалық Балалайкиндерге[122] «бізге қарулануға миллиондаған қаржы бер — біз саған либералдық бос сөздерің үшін қол шапалақтаймыз» деп айтады және солай айтуға тиіс.

Ал Маклаковтың ішкі саясаттағы позициясы ше? «Речьтің» өзінің айтуы бойынша, оңшыл священниктің «мейлінше риза болуы»,— немесе Маклаковтың: «Россияда ел және үкімет деген екі лагерьге бөлінушілік болмасын» деген «лейтмотивін» «Новое Времяның» аптыға қайта басуы кездейсоқ па?

Жоқ, бұл кездейсоқ емес, өйткені «ымыраласу» керек деп зар илеуімен Маклаков *іс жүзінде* Коковцовты қайталап отыр. Коковцов та «ымыралассақ» дейді!

Коковцов қоғамдық күштердің ара салмағында өзгерістер болсын *демейді.* Маклаков *қандай* өзгеріс қажет екендігін және оған *не арқылы* жетуге болатындығын түсінетіндігінің *көлеңкесін де* байқатқан жоқ. «Ымыраласу»— мұндай өзгерістердің шарттары мен амалдары туралы бірден-бір елеулі мәселені *көлегейлейтін* сөздің дәл өзі; көлегейлегенде — түк мағына бермейтін, бұқараның азаматтық санасын топастандыратын, бұқараны жұбататын шірік сөз арқылы көлегейлейді.

Маклаковтардың «ымыраласу» туралы сөздеріне қол шапалақтай алатын «қоғам» жексұрын болуға лайықты.

Ал жұмысшылардың өкілі Малиновскийдің министрлік декларация жөніндегі сөзінен ұлтшылдар да, кадеттер де демократияның мәселе *қойысын* байқамауға тырысып бақты. Бірақ Малиновский өзінің сөзін тіпті де бұл жұрт үшін сөйлеген *жоқ*.

«Правда» № 191, 15 декабрь, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

НАЦИОНАЛ-ЛИБЕРАЛДАР

Соңғы жылдары орыс либерализмінің арасында белгілі бір жіктелу айқын байқалып отыр. Жалпы либералдық лагерьден «нағыз» буржуазия бөлініп шыға бастады. Либерал капитал *өзінің* ерекше партиясын құруда; бұған буржуазияның бұрын октябристермен бірге болып келген көп элементтері бөлініп шығуға тиіс (және бөлініп шығуда) және бұған екінші жағынан, кадет партиясынан неғұрлым баяу, ірі буржуазиялық, «байсалды» элементтер барып жатыр.

III және IV Думалардағы «прогрессистер» тобы, сондай-ақ Мемлекеттік советтегі «прогрестік» топ осы национал-либерал буржуазияның парламенттік аренадағы ресми партиялық өкілдігі болуға өте жақын тұр. «Прогрессистердің» жақында болған съезі шынына келгенде қазір «Русская Молва»[123] жүзеге асырып отырған национал-либералдық программаны белгілеп те берді.

«Прогрессистер» дейтіндер нені қалайды? Біз оларды неліктен национал-либералдар деп атаймыз?

Олар помещиктер мен бюрократтардың толық және бүтіндей үстемдік етулерін *қаламайды.* Олар екі палаталы системасы, антидемократиялық сайлау правосы болатын баяу шағын-цензілік конституцияға жетуге тырысуда және мұны ашық айтып отыр. Олар оқтың күшімен, найзаның ұшымен «отандық өнеркәсіп» үшін жаңа рыноктар жаулап алудың «патриоттық» саясатын жүргізетін «күшті өкіметті» керек етеді. Олар бюро-

краттардың Пуришкевичтермен қаншалықты санасса, өздерімен де соншалықты санасуын қалайды. Сонда олар реакционерлермен «ескі араздықтарды» ұмытуға және «ұлы» капиталистік Россия құру жолында олармен қоян-қолтық бірге жұмыс істеуге әзір.

Октябристік партиядан бұл адамдарды айыратын нәрсе — октябристік партияда помещиктік элемент тым күшті және ол партия дәрменсіздікке дейін баратын бейімделгіш партия. Кадеттік партиядан бұларды айыратын нәрсе — бұлар кадеттердің демократияға демагогтықпен жағынуын жек көреді. Жалпыға бірдей сайлау правосы туралы, жерді еріксіз иеліктен айыру (тіпті төлем төлеп болса да) туралы кадеттік жалған сөздер бұл «байсалды» конституционалистерге мүлдем артық және жол бергісіз болып көрінеді.

Национал-либералдар турасынан басады: «реакцияшыл күштерге жәрдемдеседі» деп айыптаудан қорықпау керек, «помещиктік жерлерді тартып алуға шақырушылыққа» және «дәулетті таптарға өшпенділікті өршітуге» қарсы тікелей күресу керек; «соғыстық күшқуат» жөніндегі мәселелерде оңшылдар да, солшылдар да болмауға тиіс:

«Біз туған елге қайтып келдік... Орыс армиясы бұл... *біздің* армиямыз... Орыс соты Шемяк соты емес, *біздікі*... Орыстың сыртқы қуаттылығы — бюрократияның атақ құмарлық зауығы емес, ол — *біздің* күш-қуатымыз бен қуанышымыз». («Русская Молваның» программалық мәлімдемелерін қараңыз.)

Национал-либералдардың Россияда белгілі «болашағы» бар екені күмәнсыз. Бұл — Германияда да біздің көріп отырғанымыздай — «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады. Таза интеллигенттік, аз-«негізді» либерал элементтер кадеттерде қалады. Национал-либералдар Струве, Маклаков, Протопопов, Ковалевский және басқалары сияқты көптен бері-ақ бір аяғы реакциялық лагерьде тұрған идеологтарды өзіне алады. Шағын-цензілік конституцияны — байларға арналған «конституцияны» жақтаушы өте баяу «шиповтық» земстволық-помещиктік элементтер де сөзсіз

соларға қосылады. (Струве мырзаның жақында Шипов мырзаны соншалық елжіреп еске түсіргені тегін емес...)

«Прогрессистердің» либералдық саясат жүргізуші «күшті өкімет» туралы арманы, әрине, таяу уақытта жүзеге аспайтын арман. Хвостовтар мен Пуришкевичтер мәз-мейрам. Бәлкім, национал-либералдық партия қазір түпкілікті құрыла да қоймас және, жалпы алғанда озіне дәл осы мақсаттарды қойған «Слово»[124] газетінің бұдан 3 жыл бұрын құрып кеткені сияқты, бұлардың газеті де құрып кетер. (Алайда Думада кадеттермен салыстырғанда «прогрессистер» біршама күшейді). Бірақ национал-либерал буржуазияның ашық бас көтеруі қалай болганда да, Россияда тап қайшылықтарының едәуір пісіп-жетілгендігін көрсетеді.

Капиталистік буржуазияның өз алдына дербестенуіне жұмысшылар *өзінің* ұйымдасуы және *өзінің* өз алдына таптық дербестенуі ісінде еселеп арттырған жігерін қарама-қарсы қоюға тиіс.

«Правда» № 200, 22 декабрь, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДЫҚҚА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БІРЛІК ТУРАЛЫ

Тезистер

1. Жойымпаздыққа қарсы 4 жылдық күрес.

Партияның 1908 жылы *декабрьде* жойымпаздыққа берген анықтамасы. Жойымпаздықты жария жұмыс үшін емес, қайта партияны ыдыратқаны үшін айыптау. 1912 жылы жария аренада жойымпаздыққа қарсылардың жеңуі («**Правда**» және **сайлау**).

2. Жойымпаздардың жіктеліс туғызуы. Жойымпаздар партиядан бөлініп шықты. Олардың инициативалық топтары — жіктелістің нәтижесі және көрінісі.

3. 1912 жылғы август конференциясы — құрамы жағынан антипартиялық конференция; мұны тіпті ымырашылдар да мойындауға мәжбүр болды.

Россиядағы қайсыбір социал-демократиялық ұйымнан тікелей уәкілдігі жоқ және онымен келісіп әрекет етпейтін шетелдік шағын топтардың социал-демократиялық партияның атынан қимыл жасауына жол беруге болмайтындығы.

4. Август конференциясының қозғалыстың негізгі мәселелері жөніндегі, ең алдымен құпия партияны толық және шын ниетпен мойындау туралы негізгі мәселе жөніндегі қарарлары, барынша жұмсартып айтқанда, «дипломатия», яғни мәселеге тура жауап беруден бұлтарушылығымен ерекшеленеді. Іс

жүзіне келгенде бұл қарарлар — жойымпаздық қарарлар.

5. Жойымпаздық топтың конференциядан (августағы) кейін «Наша Зарядағы» және «Лучтағы» саяси қимылы бұл топтың сөзсіз антипартиялылығын көрсетті; мұның өзі (а) ашық партияны уағыздаудан; (б) жария баспасөзде «астыртын жұмысты» келекелеуден; (в) революциялық стачкаларға қарсы және революциялық бұқаралық күрес атаулыға қарсы күресуден көрінді.

   Антипартиялық топ ретінде бұл топқа қарсы батыл күресудің қажеттігі.

6. Жария баспасөзде істің мәніне, атап айтқанда: құпия партияны *іс жүзінде мойындау* туралы мәселеге соқпай, оны көлегейлеп, бірлікті уағыздау — жұмысшыларды алдау.

7. Құпия ұйымдағы барлық ағымдар мен сарындардың бірлігінің әбден қажеттігі. Осы бірлікке шақыру.

1912 ж. декабрьде жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Большевик» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКІЗГЕН КРАКОВ КЕҢЕСІНІҢ ХАБАРЫ ЖӘНЕ ҚАРАРЛАРЫ[125]

1913 ж. февральдың бірінші жартысында (жаңаша) РСДРП Орталық Комитеті Парижде жеке кітапша етіп бастырып шығарған

«Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарар бірінші рет 1956 жылы «Вопросы Истории» журналының 11-номерінде басылған

«Хабар» — қолжазбамен, «Қарарлар» гектографта басылғанымен салыстырылған кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Н. К. Крупскаяның қолымен жазылған көшірме бойынша басылып отыр

ХАБАР

Үстіміздегі жылдың февраль айында РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен кеңесі болды. Кеңеске Петербургтің (бес адам), Москва облысының (екі адам), Оңтүстіктің (екі адам), Уралдың және Кавказдың құпия партия ұйымдарының мүшелерін қатыстырудың сәті түсті. Жергілікті ұйымдарда сайлау өткізуге мүмкіндік болмады, сондықтан да кеңес конференция болып заңдандырылған жоқ. Орталық Комитет мүшелерінің біразы полицияның қуғындауы себепті қатыса алмады.

Кеңеске қатысушылардың барлығы дерлік әр түрлі жария жұмысшы қоғамдарына және «жария мүмкіндіктер» деп аталатындарға аса көрнекті жұмысымен араласқан адамдар. Сонымен, кеңестің құрамы Россияның барлық басты-басты аудандарындағы бүкіл партия жұмысының дұрыс көрінісін қамтамасыз етті.

Кеңестің 11 мәжілісі болып, күн тәртібінің мына мәселелері жөнінде қарарлар (жарияланбайтынынан басқа)* дайындады: 1) Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері. 2) Құпия ұйым құрылысы. 3) Думадағы социал-демократиялық фракция. 4) Партиялық баспасөз. 5) Қауіпсіздендіру науқаны. 6) Жойымпаздыққа көзқарас. Бірлік туралы мәселе. 7) «Ұлттық» социал-демократиялық ұйымдар туралы.

---

* Жақша ішіндегі сөздер қолжазбада сызылып тасталған және конспирация ниетімен кітапшаға енгізілмеген. *Ред.*

Қарарлар бірауыздан қабылданды — жалғыз-ақ бір жолдас «қауіпсіздендіру» қарарының екі пункті жөнінде, ал екінші бір жолдас «ұлттық» қарардың жеке бір мәселелері жөнінде қалыс қалды.

Кеңестің Орталық Комитет бекіткен қарарлары партия тәжірибесін қорытып беріп отыр және қазіргі Россиядағы социал-демократиялық жұмыстың барлық аса маңызды мәселелері жөнінде басшылыққа алатын бағыт беріп отыр.

* *
*

1912 жылдың тәжірибесін үнемі ескеріп отыру социал-демократияның ең маңызды міндеті болып табылады, өйткені бұл жыл Россияның жұмысшы қозғалысындағы ұлы, тарихи бетбұрыс жыл болды. Ол ол ма, құлдырау мен ыдырау жанданумен алмасып келеді. Жұмысшы табы капиталистер мен патшалық монархияға жаппай шабуыл жасауға көшті. Экономикалық және саяси стачкалар толқынының жоғары көтерілгендігі сонша, Россия бұл жөнінде тағы да дүние жүзінің *барлық* елдерінің, тіпті неғұрлым дамыған елдерінің де, *алдында* тұр.

Бұл факт, әрине, бірде-бір саналы жұмысшыға бұқараны ұйымдастыру және таптық тәрбие беру ісінде еркін деген елдердің пролетарлары бізден қаншалықты озып кеткенін ұмыттыра алмайды. Бірақ бұл факт Россияның *жаңа революцияның* күшею кезеңіне аяқ басқанын дәлелдеді.

Жұмысшы табына барлық демократияшыл бұқараны революциялық тұрғыдан серпілтіп, күресте тәрбиелеудің, Романовтар монархиясын қиратып, Россияға бостандық пен республика әперуге тиісті жойқын тегеурін жасау үшін сол бұқараға басшылық етудің ұлы міндеті жүктеліп отыр. Бұқараның ашық революциялық күресін жан-жақты қолдап, оны ұйымдастыру, ол күресті кеңейтіп, тереңдетіп және күшейтіп отыру — үстіміздегі кезеңнің негізгі міндеті, міне, осындай. Кімде-кім осы міндетті түсінбесе, кімде-кім революцияны дамыту



Совѣщаніе Ц.К. Росс. С.Д. Раб. Партіи с партійными работниками.

Въ февралѣ текущаго года состоялось совѣщаніе Ц.К. Росс. С.Д. Р.П. с партійными работниками. Къ совѣщанію удалось привлечь членовъ нелегальныхъ, партійныхъ организацій Петербурга (четырехъ), Московской области (двухъ), Юга (двоихъ), Урала и Кавказа. Произведены выборы отъ мѣстныхъ организа-

В. И. Лениннің РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесі туралы «Хабар» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1913 ж.

Кішірейтілген

ісіне қызмет ететін белгілі бір құпия ұйымда, топта немесе ұяда жұмыс істемейтін болса, ол социал-демократ емес.

* *
*

Пролетариаттың 1912 жылгы революциялық өрлеуі демократияның ниет-пиғылындағы жұрттың бәрі мойындаған өзгерістің негізгі қозғаушысы болды. IV Думаның сайлауында да, марксизм теориясының әліппелік негіздерін болса да уағыздаушы жария жұмысшы баспасөзін құру ісінде де социал-демократия ірі жеңістерге жетті. Патша үкіметінің бұл табыстарға бөгет жасай алмауы бұқараның ашық революциялық күресі бүкіл қоғамдық-саяси жағдайды өзгертіп жібергендіктен ғана болды. Қара Думаның мінбесінен бастап, ішкілікке қарсылар қоғамы атаулыға дейінгі «жария мүмкіндіктердің» бәрін түгелдей пайдалану жөніндегі өзінің бұлжымайтын, табанды, жүйелі жұмысын жалғастыра отырып, РСДРП мына жайды бір сәт те естен шығармайды: партия мүшесі деген жоғары атаққа бұқара арасындағы бүкіл жұмысты шын мәнінде үшінші июнь «жариялылығының» тұрғысынан емес, күшейе бастаған революция тұрғысынан ойластырылып, қабылданған партиялық шешімдердің рухында жүргізетін адам ғана лайық. 1908—1911 жылдар заманынан қалған ауа жайылушылық пен ыдыраушылыққа беріліп кетпеу, қайта онымен күресу — біздің міндетіміз. Бей-берекет және принципсіз жарияшылдықтың ағымымен жүзе беру емес, қайта құпия партияның төңірегіне өміршең атаулының бәрін бірте-бірте топтастыру үшін барлық жария атаулыны пайдаланып отыру — біздің төл ісіміз. Бұқараның революциялық күресіне скептицизм мен немқұрайдылық туғызу үшін немесе тіпті оған тура кедергі жасау үшін жарияшылдықты теріс пайдаланатындармен ешқандай бітісу болмасын,— біздің ұранымыз осындай.

Біздің талаптарымыздың жүзеге асырылуының кепілі ол талаптарды бәсеңдетуде емес, программамызды келтелеуде емес, россиялық патша өкіметі тұрғанда белгі-

лі бір конституциялық реформаны жасаудың оңайлығы жөніндегі алдамшы ұран арқылы сана-сезімі жетілмеген адамдарды өз жағына тарту тактикасында емес. Жоқ. Мұның кепілі — бұқараны дәйекті демократизм рухында және конституциялық жалған үміттердің жалғандығын ұғыну рухында тәрбиелеу. Мұның кепілі — алдыңғы қатарлы тапты, пролетариатты, революциялық жолмен ұйымдастыру және бұқараның революциялық ұлы жігері.

Контрреволюция құтырынған дәуір бізге идеялық ауа жайылушылық пен ыдырауды, жұмысшы қозғалысының көптеген орталықтарындағы ұйымдық ыдырауды, біреулердің майдагерлігін және амалсыздан партиядан қол үзгендігін, ал екіншілердің революция өсиеттерін сақтаушы, революциялық тактиканы әзірлеуші «астыртын жұмысқа» менсінбей қарауын, тіпті қастықпен қарауын қалдырып кетті. Жойымпаздардың социал-демократиялық партиядан бөлініп кетуі, іс жүзінде оқшауланауы, ал кей жерлерде социал-демократияның принциптерін ұмытуы және «ұлттық» социал-демократиялық ұйымдардың ыдырауы — осының бәрі *бірлік* талабын мейлінше шиеленістірді.

Социал-демократиялық пролетариаттың бірлігі — оның жеңістерінің қажетті шарты.

Социал-демократиялық пролетариаттың бірлігі *оның* партиясы — РСДРП-ның бірлігінсіз мүмкін емес.

Ал осы арада біз бірден мына жайды көреміз: құпия партияның қажеттігі туралы мәселені сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де шешіп алмай тұрып, бұл бірлік жөніндегі мәселені шешуге болмайды. Кімде-кім бірлік туралы сөз қылып, сөйте тұра «ашық жұмысшы партиясын» уағыздайтын болса, ол өзін де, жұмысшыларды да алдайды. Кімде-кім бірлік туралы сөз қылып, бұл мәселені жариялылық шеңберінде шешуге болады, анықтап алуға болады, тым болмағанда алға қоюға болады деген сыңай білдірсе,— ол өзін де, жұмысшыларды да алдайды.

Жоқ. Жария баспасөзде «бірлік» туралы айтылатын құрғақ сөздер емес, интеллигенттердің «бет-бетімен лағып жүрген» түрлі топсымақтарымен келісімге келу

емес, шетелдегі келіс сөз дипломатиясы емес, *тек* жергілікті жерлерде *бірігу ғана,* РСДРП-ға кіретін *барлық* жұмысшылардың іс жүзінде бірыңғай құпия ұйымға *бас қосуы* ғана,— тек жалғыз осы ғана бірлік туралы мәселені шешеді.

Жұмысшылардың өздері, төменнен, бірлік туралы мәселені осы бірден-бір байыпты, бірден-бір тыңғылықты түрде шешуге қазірдің өзінде кірісті. Кеңес барлық социал-демократтарды осы жолға түсуге шақырады.

Социал-демократиялық жұмысшылар заводтардағы ұялар түрінде, фабрикалық және заводтық комитеттер, аудандық топтар түрінде, жалпы қалалық орталықтар, *әр алуан* жария мекемелердегі социал-демократиялық топтар, т. т. түрінде РСДРП-ның бірыңғай құпия ұйымдарын барлық жерлерде қалпына келтіріп жатыр. Кімде-кім өзін дәрменсіз жалғыз адамның халіпе түсіргісі келмесе,— осы ұйымдарға кіретін болсын. Құпия партияны мойындау, бұқараның революциялық күресін қолдау ісі мұнда жұмысшылардың өздерінің бақылауымен жүзеге асырылып отырады.

* *
*

Ыдырау дәуірі өтіп барады. Күштерді жинау мезгілі туды. РСДРП-ның құпия ұйымдарына топтасайық. Бұл ұйымдар өздерінде жұмыс істегісі келетін, пролетариаттың ұйымдасуына, оның капиталға қарсы күресіне, оның патшалық монархияға қарсы басталған революциялық шабуылына көмектескісі келетін бірде-бір социал-демократқа есікті жаппайды.

Жалпы ұлттық саяси дағдарыс Россияда баяу, бірақ үнемі жақындап келеді. Үшінші июнь системасы патшаның қаражүздік монархиясын сақтап қалудың ақырғы әрекеті болды, оны буржуазияның жоғарғы топтарымен одақ жасасу арқылы жаңғырту әрекеті болды, бірақ бұл әрекет те күйреді. Демократияның жаңа күштері Россияда шаруалар мен қала буржуазиясының арасында күн санап емес, сағат санап өсуде, нығаюда. Деревня мен қалаларда пролетарлардың саны бұрынғыдан тезірек көбейіп келеді, олардың ұйымшылдығы, олардың

топтасқандығы, олардың өздерінің жеңілмейтіндігіне сенімі, бұқаралық стачкалардың тәжірибесі нығайта түсіп отырған сенімі өсіп келеді.

РСДРП осы пролетариаттың алдыңғы қатарлы отрядтарын біртұтас етіп ұйымдастыра отырып, пролетариатты өзіміздің байырғы революциялық талаптарымыз жолындағы революциялық шайқастарға бастауға тиіс.

РСДРП Орталық Комитеті

Февраль, 1913 ж.

ҚАРАРЛАР

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӨРЛЕУ, СТАЧКАЛАР ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Жұмысшы қозғалысы мен орыс революциясының 1912 жылғы тарихындағы ең ірі факт пролетариаттың экономикалық, сондай-ақ саяси-стачкалық күресінің тамаша өрістегендігі болып табылады. Саяси стачкашылардың саны миллионға дейін жетті.

2. 1912 жылғы стачкалық күрестің сипаты айрықша назар аударуға лайық. Жұмысшылар бірсыпыра реттерде экономикалық талаптар мен саяси талаптарды қатар қойып отыр, экономикалық стачкалар кезеңі саяси стачкалар кезеңімен алмасып және керісінше болып отыр. 1905 жылдың контрреволюция тартып алған жеңістері үшін капиталистерге қарсы күрес және тұрмыс қымбатшылығының өсе түсуі жұмысшылардың үсті-үстіне жаңа топтарын көтеріп, олардың алдына саяси мәселелерді мейлінше шұғыл формада қойып отыр. Экономикалық күрес пен саяси күрестің ұштасуының, тоғысуының осы түрлерінің бәрі революциялық бұқаралық стачканы туғызып, қозғалыстың күш-қуатының шарты мен кепілі болып отыр.

3. 1912 жылды есте қаларлық еткен флот пен әскер ішіндегі наразылық пен көтерілістердің бұрқ етіп басталуы жұмысшылардың бұқаралық революциялық стачкаларымен сөзсіз байланысты болып отыр, демократияның қалың топтары арасында, атап айтқанда әскердің басым көпшілігін беретін шаруалардың арасында толқу мен ашынудың өскендігін көрсетіп отыр.

4. Осы фактілердің бәрі елдің жалпы солшылдануына байланысты, солшылдану болғанда қаражүздік патша үкіметінің IV Дума сайлауын барынша арсыздықпен бұрмалауына қарамастан, бұл сайлауға әсерін тигізген солшылдануына байланысты мына жайды біржолата көрсетті: Россия қайтадан бұқараның ашық революциялық күресі кезеңіне аяқ басты. Басталуын өзіміз көріп отырған жаңа революция патша өкіметінің үшінші июнь саясатының банкрот болуының сөзсіз нәтижесі болып табылады. Бұл саясат тіптен ең жарамсақ ірі буржуазияны да қанағаттандыра алмады. Ал халық бұқарасы бұрынғыдан бетер правосыз күйге түсті, әсіресе езілген ұлттар үшін осылай болды, шаруалар болса миллион-миллиондаған адамдардың ашаршылыққа ұшырауына қайтадан душар етілді.

5. Мұндай жағдайларда революциялық бұқаралық стачкалардың айрықша маңызды болатын тағы да бір себебі, бұл стачкалар ауыл шаруашылық пролетариаты мен шаруалардың торығуын, түңілушілігі мен тозғындауын жоюдың, оның саяси талапкерлігін оятудың, оны мүмкіндігінше неғұрлым ұйымдасқан, бір мезгілдегі және кең түрдегі революциялық бас көтеруге тартудың нағыз шын құралдарының бірі болып табылады.

6. Партия ұйымдары РСДРП-ның ең таяудағы талаптары — демократиялық республика, сегіз сағаттық жұмыс күні және шаруалардың пайдасына помещиктердің барлық жерлерін конфискелеу — жолындағы үгітті кеңінен өрістетіп, күшейте отырып, өз жұмысында революциялық бұқаралық стачкаларды жан-жақты қолдау ісін, сондай-ақ бұқараның әр алуан революциялық бой көрсетулерін өрістету, ұйымдастыру ісін алдыңғы орындардың біріне қоюға тиіс. Кезектегі міндет ретінде, әсіресе революциялық көше демонстрацияларын ұйымдастыруды, бұларды саяси стачкалармен ұштастыра отырып та, сондай-ақ дербес бой көрсетулер ретінде де ұйымдастыруды алға қою керек.

7. Кейбір капиталистердің ереуіл жасаушы жұмысшыларға қарсы локауттарды (жаппай жұмыстан шығаруды) қолдануы жұмысшы табының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Әрбір ауданда, өнеркәсіптің әрбір

саласында, әрбір жеке ретте стачканың экономикалық жағдайларын мұқият есепке алып отыру керек, локауттарға тойтарыс беру үшін күрестің жаңа формаларын (мәселен, итальян стачкасы) іздеп тауып отыру керек, сөйтіп саяси стачкаларды революциялық митингілермен, революциялық көше демонстрацияларымен алмастырып отыру керек.

8. Жария баспасөздің кейбір органдары, өздерінің белгілі бір стачканы қалай бағалайтындығына мүлдем қарамастан, революциялық бұқаралық стачкаларға қарсы жалпы үгіт жүргізуде. Мұндай үгітті, либералдық баспасөзден басқа, мәселен, «Луч» газетінде осы газетті белгілі бір түрде қолдайтын жұмысшылардың бірсыпырасының тілегіне қарамастан, жойымпаздар тобы жүргізуде. Осы себепті барлық партиялық социал-демократ жұмысшылардың міндеті мынадай: 1) бұл топқа қарсы батыл күресу; 2) ұстаған бағыттары қандай болса да, барлық жұмысшыларға әлгі айтылған уағыздың бүкіл зияндылығын үнемі, табандылықпен түсіндіріп отыру және 3) революциялық үгітті және бұқараның революциялық бой көрсетуін бұдан былай да өрістету үшін барлық пролетарлық күштерді топтастырып отыру.

ҚҰПИЯ ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫСЫ

1. 1912 жылғы жұмысшы қозғалысы мен партия жұмысын қорыта келіп, кеңес былай деп табады:

бұқараның революциялық бой көрсетулерінің жаңадан басталған толқыны РСДРП-ның партия құрылысы туралы мәселе жөніндегі бұрынғы шешімдерін (және әсіресе 1912 жылғы январь конференциясының шешімдерін) бүтіндей растады. 1912 жылғы стачкалық күрестің барысы, IV Дума сайлауы жөніндегі социал-демократиялық сайлау науқаны, қауіпсіздендіру науқанының барысы және т. т. мына жайды күмәнсыз көрсетті: жария және жартылай жария жұмысшы қоғамдарының желісі айнала қоршаған партия ұяларының жиыны ретіндегі құпия партия басымыздап кешіріп отырған замандағы ұйымдық құрылыстың бірден-бір дұрыс тұрпаты болып табылады.

2. Құпия құрылыстың ұйымдық формаларын жергілікті жағдайларға бейімдеу сөзсіз міндетті болып табылады. Құпия ұяларды жасыру формаларының алуан түрлі болуы, жұмыс формаларын жергілікті жағдайлар мен тұрмыс жағдайларына бейімдеуде мүмкіндігінше көбірек оралымдылық болуы құпия ұйымның өміршеңдігінің кепілі болып табылады.

3. Қазіргі кезеңде ұйымдық құрылыс саласындағы кезектегі басты міндет мынадай: барлық фабрикалар мен заводтарда неғұрлым белсенді жұмысшы элементтерінен құралған таза партиялық құпия заводтық комитеттер құру. Жұмысшы қозғалысының орасан зор өрлеуі өте көп жерлерде заводтық партия комитеттерін қайыра жаңғыртуды және қазіргі бар комитеттерді нығайтуды мүмкін ететін жағдайлар туғызып отыр.

4. Кеңес былай деп атап көрсетеді: қазір жергілікті бытыраңқы топтардан әрбір орталықта бір басқарушы ұйым құрудың қажеттігі әбден пісіп жетті.

Мәселен, Петербургтегі басқарушы қалалық комитет жалпы қалалық ұйым типі ретінде көрініп отыр, бұл комитет аудандық ұялардан сайлау принципін және кооптациялау принципін ұштастыру жолымен құрылды.

Ұйымның мұндай типі басқарушы орган мен төменгі ұялардың арасында неғұрлым тығыз да тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді, сонымен бірге әр жолы бүкіл ұйымның атынан қимылдауға правосы бар, құрамы жағынан шағын, икемді және неғұрлым жасырын атқарушы орган құруға мүмкіндік береді. Кеңес жұмысшы қозғалысының басқа орталықтары үшін де осы типті ұсынады, мұнда жергілікті жағдайлар мен тұрмыс жағдайларынан туатын өзгерістер ескерілсін.

5. Жергілікті ұйымдар мен Орталық Комитет арасында тығыз байланыс орнату мақсатында, сонымен қатар партия жұмысын бағыттап, біріктіріп отыру мақсатында, кеңес жұмысшы қозғалысының басты-басты аудандарында облыстық орталықтар ұйымдастыру ісін бәрінше қажетті деп санайды.

6. Орталық Комитет пен жергілікті социал-демократиялық топтардың арасында тұрақты нақты байланыс орнату ісінде, сонымен қатар жұмысшы қозғалысының

ірі-ірі орталықтарында жергілікті жұмысқа басшылық етудің икемді формаларын жасау ісінде ең маңызды практикалық міндеттердің бірі ретінде — жұрт сенген өкілдер жүйесі ұсынылады. Жұрт сенген окілдер жергілікті жұмыстың жұмысшы басшыларынан алынуға тиіс. Бүкіл Россиядағы сияқты, жергілікті жерлерде де партияның орталық аппаратын тек алдыңғы қатарлы жұмысшылар ғана оз күштерімен нығайтып, баянды ете алады.

7. Кеңес социал-демократиялық жұмыстың түрлі салаларында істейтін жергілікті партия қызметкерлерімен Орталық Комитет мүмкіндігінше жиі-жиі кеңес ұйымдастырып отырса деген тілек білдіреді.

8. Кеңес жұмысшы партиясының дұрыс жиналатын мүшелік жарналарға, жұмысшылардың жинаған қаржыларына сүйеніп қана өмір суретіні жөнінде талай рет алынған партия шешімдерін жұрттың есіне салады. Мұндай қаржылар болмайынша, әсіресе қазіргі жағдайда, партияның тіпті ең шағын орталық (жергілікті және бүкіл россиялық) мекемесінің де өмір сүруі мүлде мүмкін емес.

9. (Жариялауға жатпайды.)

ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ТУРАЛЫ

1. Кеңес былай деп атап көрсетеді: үкіметтің адам естімеген қудалаулары мен сайлауды бұрмалауына қарамастан, көп жерлерде социал-демократтарға қарсы әбден айқын белгіленген қаражүздік-либералдық блокқа қарамастан, РСДРП IV Дума сайлауында орасан зор жеңістерге ие болды. Социал-демократия барған сайын либералдардың қолынан жұлып алып отырған 2-қалалық курияда социал-демократтарға берілген дауыстардың саны барлық жерде дерлік артты. Ал біздің партия үшін басты курия болып табылатын жұмысшы куриясында РСДРП толық үстем жағдайын сақтап қалды, оның үстіне жұмысшы табы барлық куриялық большевик-депутаттарды сайлауы арқылы өзінің байырғы РСДРП-ға және оның революциялық өсиеттеріне бұлжымас адалдығын айрықша ұйымшылдықпен білдірді.

2. Кеңес IV Думаның социал-демократ депутаттарының Думада сөйлеген бірсыпыра сөздерінен, сұрақтар қоюынан және социал-демократияның негізгі принциптерін жалпы алғанда дұрыс білдірген декларацияны оқуынан көрініп отырған жігерлі жұмысын құптайды.

3. Думадағы социал-демократиялық фракция тұтас ұйым ретіндегі партияға, оның орталық мекемелеріне бағынышты орган болып табылады деген, партиямызда қалыптасқан дәстүрді бірден-бір дұрыс дәстүр деп тани отырып,— кеңес былай деп есептейді: жұмысшы табына саяси тәрбие беру және партияның Думадағы жұмысын дұрыс жолға қою мүдделері үшін социал-демократиялық фракцияның әрбір қадамына мұқият зер салып отыру қажет, сөйтіп партияның фракцияны бақылауын жүзеге асырып отыру керек.

4. Кеңес Ягелло жөніндегі қарарда социал-демократиялық фракцияның партиялық борышты турадан-тура бұзғандығын елемей тұра алмайды. Бұл қарар поляк социал-демократтарына қарсы болып, социал-демократиялық емес партиямен (ППС) келісім жасаған және жұмысшы сайламшылар коллегиясында көпшілік болған барлық социал-демократиялық сайламшылардың еркіне қарсы болып, социал-демократ емес Ягеллоны өткізіп жіберген Бундтың жікшілдік қадамын қолдайды. Фракция осылайша Польшада жұмысшылар арасындағы жікті тереңдетті және бүкіл партия ішіндегі бірлік ісін қиындатып жіберді.

5. «Әрбір ұлттың еркін дамуы үшін қажетті мекемелер құру керек» дегенді желеу етіп, Чхенкели жолдастың фракция атынан мәдени-ұлттық автономияны қорғауының өзі партия программасын тікелей бұзғандық болып табылады[126]. Шын мәнінде дәл осындай тұжырымды партия программасын бекіткен партияның II съезі арнайы дауысқа қою арқылы қабылдамай тастаған болатын[127]. Тіпті осындай бүркемелі формада болса да ұлтшылдық ниеттерге кеңшілік жасау пролетарлық партия үшін жол беруге болмайтын іс.

6. Социал-демократиялық фракцияның министрлік декларация бойынша кезектегі іске көшу жөніндегі прогрессистік (ал іс жүзінде октябристік) формуланы

жақтап дауыс беруі және дербес социал-демократиялық формула ұсынбауы қателік болып табылады, либералдық баспасөз қаскүнемдік түсінік беріп отырғандықтан партия бұл қателікті атап көрсетуге тиіс[128].

7, 8 және 9. (Жариялауға жатпайды.)[129]

ҚҰПИЯ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

Құпия баспаны жан-жақты дамыту қажеттігі туралы мәселені талқылап және бұл мәселе жөнінде бірқатар нақты нұсқаулар даярлай келіп, кеңес құпия әдебиетті тарату үшін тасымалдау және Орталық Комитет бюросымен[130] байланыс жасау ісінде партияның барлық жергілікті ұйымдарын, барлық жұмысшы ұяларын және жеке жұмысшыларды көбірек дербес әрекет етіп, бастама жасап отыруға барынша шақырады.

ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ НАУҚАНЫ ТУРАЛЫ

Қауіпсіздендіру туралы заңның[131] енгізілуіне байланысты пролетарлық мүдделерді қорғау ісінде жұмысшы табы мен оның партиясының барлық қудалаушылыққа қарамастан барынша жігерленіп іс істегендігін көрсете келіп,— кеңес былай деп ұйғарады:

1. Жұмысшыларды өз уәкілдерін ауырғандарға жәрдем кассаларына сайлағанда жұмысшы жиналыстарын жасатқызбастан, көрмей сайлауға көндірмекші болатын үкімет пен капиталистердің әрекеттеріне қарсы мейлінше батыл және ынтымақты күрес жүргізілуі қажет.

2. Жұмысшылар өздеріне ұнамды деген кандидаттарды уәкілдікке алдын ала белгілеу үшін барлық жерлерде де өз бетімен жиналыстар өткізуге күш салуы тиіс.

3. Қауіпсіздендіру заңдарын енгізу кезінде орын алатын зорлық-зомбылық пен қорлауға наразылық білдіру үшін жұмысшылар революциялық митингілер жасап отыруға тиіс.

4. Қалай болғанда да уәкілдікке кандидаттардың жұмысшы тізімін неғұрлым ықпалды социал-демократ жұмысшылардан алдын ала белгілеп отыру керек және

ешбір жиналыс өткізуге мүмкіндік болмайтын жерлерде де бұл тізімді ынтымақтасып өткізіп отыру қажет.

5. Кеңес уәкілдер сайлауға бойкот жасауды қисынсыз және зиянды деп есептейді. Қазіргі кезде капиталистер жұмысшылардың белгілі фабрика-заводтық пролетарлық ұяларға ие болуына жол бермеуге барынша күш салуда, жұмысшылардың ауырғандарға жәрдем кассалары осындай ұяларға айналуға тиіс. Бойкот жасау қазіргі кезде жұмысшыларды бір-бірінен бөлектеп, капиталистердің әлгі ниетіне ғана қызмет етер еді.

6. Ауырғандарға жәрдем кассаларына делегаттарды дұрыс сайлау жолындағы күрес бір минут та тоқтатылмауға тиіс. Барлық амалдарды қолданып, барлық күшті жұмсап, әрбір қолайлы кезеңді пайдаланып, кәсіпкерлердің өндірістің қалыпты жүрісі қамтамасыз етілді деп есептеуіне бір минут та жол бермей, жұмысшылардың күресін ұлғайтып, өрістету керек,— сонымен бірге барлық кедергілерге қарамастан социал-демократиялық тізімді өткізіп отырудан бас тартуға болмайды. Сайлау күрестің бұдан былай да өрістеуін жоққа шығармайды. Қайта, ұстамды социал-демократ жұмысшыларды делегат етіп өткізе отырып, біз сайлаудың дұрыс өткізілуі жолында бұдан былайғы жерде де жүргізілетін күресті жеңілдетеміз, бұл күресте делегаттар жұмысшыларға барынша жәрдемдесетін болады.

7. Сайлау жиналыстарсыз өтетін жерлердің бәрінде де — жұмысшылардың қолы жететін құралдардың бәрін қолданып — жиналыстар өткізіп, шынымен еркін сайлау негізінде уәкілдерді қайта сайлау жолында үгіт жүргізіп отыру қажет.

8. Думадағы социал-демократиялық фракция жұмысшылардың сайлау өткізу үшін жиналыстар шақыруына рұқсат етілмегені жөнінде дереу жаңа сұрақ түсіруі тиіс.

9. Қауіпсіздендірудің енгізілуі жөніндегі бүкіл үгіт жұмысын патшалық Россиядағы бүкіл жағдайды баяндаумен тығыз байланыстыра отырып, біздің социалистік принциптеріміз бен революциялық талаптарымызды түсіндіре отырып жүргізу керек.

ЖОЙЫМПАЗДЫҚҚА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БІРЛІК ТУРАЛЫ

1. Партияның жойымпаздыққа қарсы төрт жыл бойына жүргізген күресі РСДРП-ның 1908 жылғы декабрьдегі жалпы партиялық конференциясының мына сөздермен берген анықтамасының әбден дұрыстығын дәлелдеді:

«Партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің өмір сүріп отырған РСДРП ұйымын жоюға, оны қайткен күнде де, тіпті жариялылықтың өзі партияның программасынан, тактикасынан және дәстүрлерінен көрінеу бас тарту болып шықса да, жариялылық шеңберіндегі бейнесіз бірлестікпен алмастыруға тырысу әрекеті»[132].

Демек, жойымпаздар әсте де жария жұмыстың қажеттілігін ұсынғаны үшін емес, қайта құпия партиядан безгені үшін, оны ыдыратқаны үшін айыпталады.

Россияда күнделікті тұңғыш маркстік жұмысшы газетінің жолға қойылуы және жұмысшы куриясы бойынша барлық куриялық большевик-депутаттардың сайлануы партияның жойымпаздарды ығыстырып, жария жұмысты меңгере алғандығын біржолата дәлелдеді.

2. Құпия партиядан кетіп және жергілікті ұйымдардан өз алдына бөлек топтасып, жойымпаздар жік шығарды, олар бірсыпыра жерлерде, әсіресе Петербургте, инициативалық топтар дегенді құрып, бұл жікті баянды етті. «Наша Заря» мен «Дело Жизни» әдебиетшілерінің инициативалық топтардың ұйтқысы болып табылатын жойымпаздық тобы «өзін партиядан біржолата тыс қойды»* деп қаулы еткен РСДРП-ның 1912 жылғы январь конференциясы мұнысымен жойымпаздардың жік шығарғандығын атап қана көрсетті.

3. Өзін «РСДРП ұйымдарының конференциясы» деп атаған 1912 жылғы август конференциясы іс жүзінде жойымпаздық конференция болып шықты, өйткені оның басты және басқарушы бөлегі партиядан бөлініп шыққан, орыс жұмысшы бұқарасынан қол үзген жойымпаздардың әдебиетші тобы болды.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 167-бет. *Ред.*

4. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың басым көпшілігінің құпия партияға берілгендігі август конференциясын партиялылыққа көнгенсуге және құпия партияны мойындағансуга мәжбүр етті. Іс жүзінде бұл конференцияның барлық қарарлары бастан-аяқ жойымпаздыққа толы, сондықтан конференцияның артынан іле-шала «Наша Заря» және август шешімдеріне қосыламыз деген «Луч»:

а) ашық партия үшін,

б) астыртын жұмысқа қарсы,

в) партия программасына қарсы (мәдени-ұлттық автономияны қорғау, III Думаның аграрлық заңдарын қайта қарау, республика ұранын кейінге шегеру, т. т.),

г) революциялық бұқаралық стачкаларға қарсы,

д) реформистік тек қана жариялылдық тактика үшін жүргізілген жойымпаздық уағызды бұрынғыдан бетер үдете түсті.

Сондықтан «Наша Заря» мен «Луч» жойымпаздарының тобына қарсы батыл күресу және олардың уағыздарының барынша зияндылығын жұмысшылар бұқарасына түсіндіріп отыру бұрынғысынша партия міндеттерінің бірі болып табылады.

5. Жойымпаздар жария баспасөзде көтерген «бірлік» жолындағы науқан құпия партияға ену және онда жұмыс істеу жөніндегі басты мәселеге соқпай өтеді және оны күңгірттейді, сөйтіп жұмысшыларды адастырады, өйткені бұл мәселені керек десе жария баспасөзде қоюға да болмайды. Іс жүзінде жойымпаздар бұрынғысынша жікшілдік істеп жүр, мұны Петербургтегі сайлау ерекше айқын көрсетті: сайламшылар теңбе-тең болып екіге бөлінген кезде нақ жойымпаздар жеребе салу туралы ұсынысты қабылдамады, ал тек осы жеребе салу ғана буржуазиялық партиялардың алдында жұмысшылардың бөлшектенуіне жол бермейтін еді.

6. РСДРП-ның құпия ұйымын мойындаған жағдайда және ол ұйымға кірген жағдайда барлық ағымдар мен сарындардағы социал-демократ жұмысшылардың бірлігі сөзсіз қажетті нәрсе болып табылады және мұны жұмысшы қозғалысының барлық мүдделері барынша талап етеді.

Нақ осындай негіздерде бірігу Петербургтегі Нарва аудандық ұйымында және бірсыпыра провинциялық ұйымдарда қазірдің өзінде жүзеге асырылды.

7. Кеңес осындай бірігуді барынша жігерлі түрде қуаттайды және барлық жерде де заводтық комитеттерден, аудандық топтардан және т. т. бастап төменнен дереу нақ осындай бірігу ісін бастауды ұсынады, мұны бастағанда, құпия ұйымды мойындау және бұқараның революциялық күресі мен революциялық тактиканы қолдауға әзірлік жүзеге асырылып отырған-отырмағанын жұмысшы жолдастар істе тексере отырып бастауы керек. Бірліктің іс жүзінде тек осылай төменнен жасалуына қарай бүкіл россиялық көлемде партияның түпкілікті топтасуы және бірлік ісінің толық шығаюы аяқталатын болады.

«ҰЛТТЫҚ» СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ

1. 1912 жылдың тәжірибесі РСДРП январь конференциясының (1912 ж.) бұл мәселе жөніндегі шешімінің дұрыстығын толық растады*. Бундтың поляк социал-демократтарына қарсы болып, социал-демократ емес Ягеллоның кандидатурасын қолдауы және жойымпаздардың, Бунд пен латыш социал-демократтарының август (1912 ж.) конференциясының ұлтшылдық пайдасына партия программасын бұзуы социал-демократиялық партияны құрудағы федералистік негіздердің толық күйрегендігін және «ұлттық» социал-демократиялық ұйымдардың оқшауланұының пролетарлық іс үшін мейлінше зиянды екенін ерекше айқын етіп көрсетіп берді.

2. Сондықтан кеңес Россияның барлық ұлттарының жұмысшыларын реакцияның өршеленген ұлтшылдығына мейлінше батыл тойтарыс беруге, ұлтшылдық рухтың еңбекшілер бұқарасының арасындағы алуан түрлі барлық көріністеріне қарсы күресуге және жергілікті жерлердегі социал-демократ жұмысшыларды жергілікті пролетариаттың әрбір тілінде жұмыс жүргізетін, коп-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 147—148-беттер. *Ред.*

тен бері Кавказда болып келе жатқандай төменнен болатын бірлікті іс жүзінде жүзеге асыратын РСДРП-ның бірыңғай ұйымдарына мейлінше топтастыруға, біріктіруге барынша шақырады.

3. Кеңес поляк социал-демократиясы қатарындағы, Польшаның социал-демократ жұмысшыларының күресін барынша әлсірететін жікке бөлінушілік жөнінде қатты қынжылыс білдіреді. Кеңес былай деп атап көрсетуге мәжбүр: поляк социал-демократиясының Бас басқармасы, қазіргі кезде поляк пролетариатының поляк социал-демократиялық ұйымдары көпшілігінің өкілі бола алмай тұрып, осы көпшілікке қарсы күресуде жол беруге болмайтын амалдарды қолданып отыр (мәселен, бүкіл Варшава ұйымына арандату жасайды деп дәлелсіз күдікпен қарау). Кеңес поляк социал-демократ жұмысшыларымен қарым-қатынасы бар барлық партия ұйымдарын поляк социал-демократиясының шын мәніндегі бірлігін орнату ісіне көмектесуге шақырады.

4. Кеңес республика ұранынан безген, құпия жұмысты кейін сырғытқан және пролетариаттың революциялық міндеттерін ұмытқандығын байқатқан Бундтың соңғы (IX) конференциясының шешімдеріндегі әсіре оппортунизм мен жойымпаздықты өте-мөте баса көрсетеді. Бундтың жергілікті жерлерде (Варшавада, Лодзьде, Вильнода және т. б.) барлық социал-демократ жұмысшылардың бірігуіне,— 1906 жылдан бастап РСДРП өзінің съездері мен конференциялары арқылы әлденеше рет талап еткен бірігуіне қарсыласуы да нақ осындай кіналауға лайық.

5. Кеңес латыш ұйымының жойымпаздыққа қарсы рухта табандылықпен насихат жүргізіп отырған революцияшыл социал-демократ жұмысшыларын құптап, сонымен қатар Латыш социал-демократиясы Орталық Комитетінің жойымпаздардың антипартиялық қадамдарын қолдауға ойысқанына қынжылатынын білдіреді.

6. Кеңес басталып отырған революциялық өрлеу, бұқаралық экономикалық және саяси стачкалар, көше демонстрациялары және бұқараның ашық революциялық күресінің басқа да түрлері ешбір ұлт айырмашылығына қарамастан жергілікті жерлерде социал-демократ жұ-

мысшылардың толық топтасуына, бірігуіне жәрдемдеседі, сөйтіп Россияның барлық халықтарын езіп отырған патша өкіметіне қарсы және Россияның барлық ұлттарының бірігіп отырған буржуазиясына қарсы шабуылын күшейте түседі деп кәміл сенім білдіреді.

«ПРАВДА» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

1. Редакцияның партиялық рухы жеткілікті дәрежеде емес. Редакцияға партиялық шешімдердің бәрін неғұрлым қатаң орындап және жүзеге асырып отыру барынша ұсынылады. Жұмыс жүргізудің жариялылығы міндетті іс.

Орталық Комитет редакцияны қайта құру үшін шаралар қолдануда.

2. Редакция Петербургтегі социал-демократ жұмысшылардың партия тұрмысына баяу үн қосады. Партиялық қарарлардың мазмұнын беру немесе олар туралы айту сөзсіз жария формада жүргізілуі қажет.

3. Редакция жалпы алғанда жойымпаздықтың және жекелеп алғанда «Лучтың» уағыздарының терістігі мен зиянын түсіндіруге көбірек назар аударуға тиіс.

4. Редакция газетке жазылуға және жұмысшылар арасында қаржы жинауға үгіттеуге көп көңіл бөлуі тиіс.

5. Депутаттардың большевиктік бөлігі газеттің кең редакциялық коллегиясына еніп, істің әдеби жағына да, шаруашылық жағына да ұдайы, табанды түрде қатысуды ұйымдастыруы тиіс.

6. Редакция басталған жақындасуды қиындатып алмау үшін және принципті қате бағытқа жол бермеу үшін өзінің впередшіл қызметкерлеріне ерекше сақ қарауға тиіс.

7. Газет шығаруға жұмсалатын шығынды азайту үшін және құрамына міндетті түрде алтаудың[133] ең болмағанда бір өкілі кіретін шағын басшы (бүкіл істі жүргізетін) коллегия құруға барлық күш-жігерді жұмсау қажет.

Алтаудың біреуінің міндетті түрде қатысуымен нақ сондай басшы коллегия (шаруашылық комиссиясы) істің шаруашылық жағын жүргізу үшін қажет.

8. Орталық Комитет міндетті түрде басылуға тиіс деп есептейтін мақалалар (шартты қол қойылып) дереу басылуы тиіс.

9. Газеттің жариялылығын қатаң сақтай отырып, газетті әдеби жағынан жүргізуге де, оны таратуға да Петербург пен провинциядағы жұмысшы қоғамдарын, одақтарын, комитеттерін, топтарын, жекелеген адамдарды белсене қатыстыру қажет.

10. С.-Петербург социал-демократтар тобының жойымпаздарға қарсы бағытталған жалпы кәсіптік органын шығару ісіндегі инициативасы қуатталсын, істің жолға қойылуы жергілікті жерде мұқият тексерілсін.

11. Газет пен журналдың[134] әдеби және шаруашылық жақтарын жақындастыру жөнінде шаралар қолданылсын.

12. Петербургтегі газеттің бөлімшесі ретінде Москвада күн сайын шығатын жұмысшы газетін жолға қою ісіне жігер салып кірісу қажет. Бұл үшін москвалық топты Москва облысының үш депутатымен ұйымдық жағынан байланыстыру керек.

1912 ЖЫЛҒЫ АҒЫЛШЫН ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Өткен жылдың ішіндегі ең көрнекті оқиға көмір қазушылардың стачкасы болды. Темір жол жұмысшыларының 1911 жылғы стачкасы[135] Британия жұмысшыларының «жаңа рухын» көрсетіп өткен болса, ал көмір қазушылардың стачкасы тура бір заман болды деуге болады.

Билеп-төстеуші таптар «соғысқа» қалай дайындалса да, буржуазия капиталдың қайсар құлдарының қарсылығын жаныштап тастауға қалай жанын салса да, дегенмен стачканың сәті түсті. Көмір қазушылардың ұйымшылдығы үлгілі болды. Штрейкбрехерлердің ізі де болған жоқ. Солдаттардың немесе тәжірибесіз қара жұмысшылардың көмегімен көмір шығару туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. Сөйтіп, алты апталық күрестен кейін Англияның буржуазиялық үкіметі елдің бүкіл өнеркәсіп тіршілігінің тоқтап жатқанын, жұмысшылардың өлеңіндегі: «бар дөңгелек тоқтайды, қолың сенің қаласа...»[136] деген сөздердің жүзеге асуын көрді. Үкімет кеңшілік жасауға барды.

«Бұрын-соңды болған бүкіл дүние жүзілік ең құдіретті империяның премьер-министрі көмір өнеркәсіп иелерінің ереуіл жасаушы құлдары жіберген делегаттардың жиналысына келіп, оларға мәмлеге келіңдер деп жалынған». Бір хабардар марксист күрестің қорытындысын осылай бейнелейді.

Өзінің реформалар жасаймыз деген уәделерінде әдетте жылдар бойына жұмысшыларды «ертеңмен» тойдырып келген ағылшын үкіметі енді келіп шындап асық-

ты. *Бес күннің* ішінде парламенттен жаңа заң өткізілді! Бұл заң жалақы *минимумын* енгізді, яғни ақының одан *төмендемейтін* мөлшерін белгілеу туралы ереже шығарды.

Рас, бұл заң, барлық буржуазиялық реформалар сияқты,— бейшаралық шалағай шара, ішінара жұмысшыларды жай әншейін алдау, өйткені ақының ең төмен мөлшерін белгілегенде қожайындар қалай дегенмен өздерінің жалдама құлдарына қысым жасайды. Бірақ сонда да болса, ағылшын жұмысшы қозғалысын білетін жұрттың бәрі көмір қазушылардың стачкасынан кейін ағылшын пролетариаты *енді баяғы пролетариат емес* дегенді айтады. Жұмысшылар күресуді үйренеді. Олар өздерін жеңіске жеткізетін *жолды* көріп білді. Олар өздерінің күшін сезіп білді. Олар жалдама құлдықты қорғаушылар мен мадақтаушылардың барлығының қуанышына қарай ұзақ уақыт бойы өздері болып келген момақан қой болуды қойды.

Англияда қоғамдық күштердің ара салмағында өзгеріс болды, бұл өзгерісті цифрмен көрсетуге болмайды, бірақ муны жұрттың бәрі сезіп отыр.

Өкінішке орай, Англиядағы партия істерінде прогресс шамалы. «Британия социалистік партиясы» (бұрынғы социал-демократиялық федерация) мен «Тәуелсіз» (социализмнен тәуелсіз) «жұмысшы партиясының» арасында жіктеліс әлі де жалғасуда. Осы екінші партияның ішінен шыққан парламент мүшелерінің оппортунистік қылығы, әрқашанғы сияқты, жұмысшылар арасында *синдикалистік* сарындар туғызып отыр. Бақытымызға қарай, бұл сарындар күшті емес.

Англияның кәсіптік одақтары, либералдық жұмысшы саясатының ескі салтын қарысып қорғаушы, жұмысшылар арасынан шыққан көптеген парламент мүшелерінің еркіне қарамастан, баяу түрде, бірақ бұлжымастан социализмге бет бұрып келеді. Бірақ бұл соңғы могикандар ескі салттарды сақтап қала алмас!

«Правда» № 1, 1 январь, 1913 ж.
Қол қойған: W.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕВГЕНИЙ ПОТЬЕ

(ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ ТОЛУЫНА)

Былтырғы, 1912 жылғы, ноябрьде атақты пролетарлық ән «Интернационалдың» («Тұрыңдар, қарғыспен қарылған», т. т.) авторы, француздың жұмысшы ақыны Евгений Потьенің қайтыс болғанына 25 жыл толды.

Бұл ән барлық европалық тілдерге, тіпті европалық тілдерден өзге тілдерге де аударылған. Саналы жұмысшы қандай елге тап болса да, тағдыр оны қайда айдап апарса да, отанынан алыста жүріп, бөтен тілді білмей, таныстары болмай, өзін қаншама жат санаса да,—«Интернационалдың» таныс әуені бойынша ол өзіне жолдастар мен достар таба алады.

Барлық елдердің жұмысшылары өздерінің алдыңғы қатарлы күрескерінің, пролетар-ақынның әнін іліп әкетіп, бұл әнді бүкіл дүние жүзілік пролетарлық әнге айналдырды.

Енді барлық елдердің жұмысшылары Евгений Потьені құрметпен еске түсіруде. Оның әйелі мен қызы әлі тірі, «Интернационал» авторының өмір бойы жоқшылықпен күн өткізгені сияқты, олар да жоқшылық көруде. Ол 1816 жылы 4 октябрьде Парижде туған. Өзінің алғашқы әнін шығарған кезде ол 14 жаста еді, бұл ән «Жасасын бостандық!» деп аталған. 1848 жылы жұмысшылардың буржуазияға қарсы жүргізген ұлы шайқасына ол баррикада жауынгері ретінде қатысты.

Потье кедей семьяда туып, өмір бойы кедей, пролетар болды, жәшік орап, буумен, кейін матаға сурет салумен нан тауып келді.

1840 жылдан бастап ол Францияның өміріндегі ірі-ірі оқиғаларға өзінің жауынгерлік әнімен үн қосып отырды, артта қалғандардың санасын оятты, жұмысшыларды бірлікке шақырды, Францияның буржуазиясы мен буржуазиялық үкіметтерін аяусыз сынады.

Ұлы Париж Коммунасының кезінде (1871 ж.) Потье оның мүшесі болып сайланды. 3600 дауыстан оған 3352 дауыс берілді. Ол Коммунаның, осы тұңғыш пролетарлық үкіметтің, барлық шараларына қатысты.

Коммунаның құлауы Потьені Англия мен Америкаға қашып кетуге мәжбүр етті. Атақты «Интернационал» әнін ол *1871 жылдың июнінде,* майдағы қанды жеңілістің ертеңіне жазды деуге болады...

Коммуна жанышталды.., ал Потьенің «Интернационалы» оның идеяларын бүкіл дүние жүзіне таратты, сондықтан ол қазір қай кездегіден де анағұрлым күшті болып отыр.

1876 жылы, қуғында жүріп, Потье «Америка жұмысшылары Франция жұмысшыларына» деген поэма жазды. Мұнда ол капитализмнің тепкісіндегі жұмысшылардың тұрмысын, олардың жоқшылығын, олардың каторгалық еңбегін, олардың қаналуын, өз істерінің келешекте жеңіп шығатындығына олардың кәміл сенетіндігін суреттеді.

Коммунадан соң тоғыз жыл өткеннен кейін ғана Потье Францияға оралып, бірден «Жұмысшы партиясына» кірді. 1884 жылы оның өлеңдерінің бірінші томы басылып шықты. 1887 жылы «Революциялық жырлар» деген атпен екінші томы шықты.

Жұмысшы ақынның бірқатар басқа өлеңдері оның өзі қайтыс болғаннан кейін барып басылып шықты.

1887 жылы 8 ноябрьде Париж жұмысшылары атылған коммунарлар жерленген Père Lachaise зиратына Евгений Потьенің мүрдесін шығарып салды. Полиция қызыл туды жұлып алмақ болып, ойрап ұйымдастырды. Азаматтық жерлеуге орасан көп жұрт қатысты.

Тұс-тұстан: «Жасасын Потье!» деген дауыстар естіліп жатты.

Потье жоқшылықта қайтыс болды. Бірақ ол өзі жөнінде шын мәнінде мәңгілік ескерткіш қалдырды. Ол *ән арқылы* жігерлендіретін ең ұлы *насихатшылардың* бірі еді. Ол өзінің алғашқы әнін шығарған кезде социалист жұмысшылар, ең көп дегенде, ондап қана саналушы еді. Қазір Евгений Потьенің тарихи әнін ондаған миллион пролетарлар біледі...

«Правда» № 2, 3 январь, 1913 ж.
Қол қойған: Н. Л.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГЕРМАНИЯДА ЖҰМЫСШЫ ХОРЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Германияның жұмысшы әншілер қоғамдары таяуда өзгеше бір мерекені мейрамдады: жұмысшы әншілердің саны 100 000-ға жетті, ал жұмысшы әншілер қоғамдары мүшелерінің жалпы саны 165 000 адам. Бұл қоғамдарға кірген жұмысшы әйелдердің саны — 11 000.

Жұмысшы хорларының өздерінің баспа органы: «Жұмысшы Әншілер Газеті»[137] бар, бұл газет тек 1907 жылдан бері ғана дұрыс шыға бастады.

Жұмысшы әншілер қоғамдарының алғашқы адымдары 1860 жылдары жасалды. Лейпцигтегі «Қолөнер ағарту қоғамында» ән бөлімшесі құрылды, ал оған, айта кетсек, Август Бебель де мүше болып кірді.

Фердинанд Лассаль жұмысшы хорларын ұйымдастыруға үлкен мән беріп отырды. Оның талабы бойынша, «Жалпы неміс жұмысшылары одағының»[138] мүшелері 1863 жылы Майндағы Франкфуртта «Әншілер одағы» деген атпен жұмысшы қоғамын құрды. Бұл одақ Франкфурттағы бір трактиршінің қараңғы, піс-қоңысқа толы, түнкір бөлмесінде жиналып жүрді. Бұл бөлмеге май шырақ жағылатын.

Одақ мүшелерінің саны 12 адам болатын. Лассаль үгіт жұмысымен сапар шеккен кездерінің бірінде оның Франкфуртта түнеп шығуына тура келген-ді, сонда осы 12 жұмысшы әнші оған белгілі ақын Гервегтің әнін хормен орындап берді; Лассаль хормен айтылатын жұмысшы әніне сөз жазып беруді Гервегтен көптен бері өтініп жүретін.

Ерекше заң[139] жойылғаннан кейін, 1892 жылы Германияда жұмысшы хорлары 4300 мүшесі бар 180 әнші қоғамы болды. 1901 жылы мүшелер саны 39 717, 1907 жылы — 93 000, ал 1912 жылы — 165 000 адамға жетті. Берлинде жұмысшы әншілер қоғамдарының мүшелері 5352 адам деп есептеледі, Гамбургте — 1628, Лейпцигте — 4051, Дрезденде — 4700, т. т.

Таяуда біз Франция және басқа роман елдері жұмысшыларының атақты «Интернационалдың» авторы Евгений Потьенің (1816—1887) қайтыс болғанына жиырма бес жыл толуын қалай құрметтеп атап өткенін хабарлағанбыз*. Германияда жұмысшы әні арқылы социализмді насихаттау ісі едәуір кеш басталды, ал Германияның «юнкерлік» (помещиктік, каражүздік) үкіметі мұндай насихатқа әлдеқайда көп сұрқия полициялық кедергілер жасап отырады.

Бірақ жалдама құлдықтан адамзаттың кешікпей азат етілетіндігі туралы қосыла шырқаған пролетариат әні дүние жүзінің барлық үлкен қалаларында, барлық фабрика поселкелерінде, батырақтардың лашықтарында да жиі-жиі естіліп жатады, ал бұған полициялық қазымырлықтың ешқандайы да бөгет бола алмайды.

1913 ж. 3 (16) январьдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1954 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған
Қол қойған: Т.

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 303—305-беттер. *Ред.*

ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ

Л. Мартовтың «Лучта» жазғанын (1912 жылғы 28 октябрьдегі 37-номері) менің өте кешігіп теріске шығаруыма тура келіп отыр. Бірақ қалай етпек керек? Жалған айту — оңай. Ал шындыққа *жету* үшін кейде көп уақыт керек болады.

Л. Мартов «Лучтың» 37-номерінде осы жазушының әдетінде бар «күңгірт» пәле-жалаларын қоса маған ең жаман балағатты жаудырды. Он жыл бойына Л. Мартовтың бұл сияқты күресу тәсілдеріне үйреніп кеткендіктен, мен керек десе оның мақаласын ақырына дейін оқып та шыққаным жоқ. Бірақ әріптестерім маған, Л. Мартов неміс социал-демократиялық орталық комитетінің мүшесі Гаазе жолдасқа: «Ленин Интернационалды *алдап жүр»* деген сөздерді таңатынын көрсетті.

Шындыққа жету үшін Мартов сөздерінің *қайдан шыққанын* іздеу керек болды. Ол қайдағы бір «Кен жұмысшылары газетінің» 225-номеріне сілтеген. Мен оны таппадым. «Vorwärts»-те (неміс социал-демократиялық партиясының орталық органы)[140] мұндай сөздер жоқ. Бұл сөздерді мен тек «Bremer Bürger-Zeitung»-тен (Бремен социал-демократиялық органы)[141] таптым.

Л. Мартовтың ұшқалақтығына еліктемеу үшін Гаазенің өзінен сұрауға тура келді.

Неміс социал-демократтарының орталық комитетіне жазба сұрау жіберілді.

Гаазенің жауабы мынадай:

Герман социал-демократиялық партиясының
Орталық комитеті.
Берлин, 31 декабрь, 1912 ж.

Құрметті жолдастар! Сіздердің сұрауларыңызға жауап ретінде Сіздерге мынаны хабарлаймын: Халықаралық социалистік бюрода менің сөйлеген сөзім жөнінде, Сіздердің сөздеріңізге қарағанда, «Лучта» берілген мазмұндама шындыққа үйлеспейді. Мәжілісте Ұйымдастыру комитеті Халықаралық социалистік бюрода өкілдік етуді талап ете ала ма, жоқ па деген мәселе талқыланды. Мен бұған жол беруге болмайды дедім, өйткені тіпті оның өз мәлімдемесіне қарағанда да, Ұйымдастыру комитеті ұйым емес, ұйымның бірлігін қалпына келтіретін топтардың одағы ғана болғысы келеді. Осыған байланысты мен Россия партиясының қазіргі жағдайында оның өкілі болуға атап айтқанда кімнің правосы бар деген мәселені көтердім де, былай деп ескерте кеттім: Орталық Комитет Халықаралық бюромен қарым-қатынас жасағанда «РСДРП» ретінде қатынасады деген пікір дұрыс болса, онда бұл ат түсінісеушілік тугызуы мүмкін.

Сонымен, бұл арада Ленинге ешбір шабуыл болған жоқ, ал тегінде бұл ескерту әсте тіл тигізу сипатында болған жоқ. Мен тек қана жоғарыда айтылған пікірге байланысты істің жайын анықтағым келді және ең алдымен барлық орыс-поляк топтарын біріктіруге қарай қадам жасайтын мезгіл жеткен жоқ па деген мәселені көтергім келді. Лениннің болмағанына мен қатты өкіндім.

Толық болу үшін ғана айта кетейін: «алдау» деген сөз менің аузымнан шыққан емес.

Жолдастық сәлеммен *Гаазе.*

Сонымен, мені мыңыншы мәрте балағаттау үшін Л. Мартов Гаазе туралы *өтірікті* (біреуге еріп) қайталаған.

Гаазе Ұйымдастыру комитетінің өкілдігіне *қарсы* болған, Гаазе Орталық Комитетінің өкілдігіне *таласқан жоқ.*

Гаазе Орталық Комитетті, РСДРП-ға «ұлт өкілдерін» де, жойымпаздарды да қоса, *бүкіл* РСДРП-ның өкілі деп есептемейді, бірақ Орталық Комитеттің өзі де, менің білуімше, бұлардың екеуінің де өкілі болуды *ешқашан* талап еткен жоқ.

«Ұлт өкілдерінің» (поляктар, Бунд, латыштар) өздерінің ерекше өкілдері бар.

Осы іс жүзіндегі теріске шығарумен шектелемін...

19 январь (жаңаша), 1913 ж.

Н. Ленин

«Правда» № 8, 11 январь, 1913 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИЗМ ТУРАЛЫ[142]

Большевизмнің шығуы «экономизм»[143] дейтіннің (жұмысшы табының саяси күресі мен оның басшылық ролін теріске шығарған оппортунизмнің) 1897—1902 жылдары революцияшыл социал-демократияға қарсы жүргізген күресімен тығыз байланысты. Бұрынғы «Искраның» жүргізген белгілі науқаны (1900—1903 жылдары Мюнхен, Лондон және Женевада)[144] Бунд қолдаған «экономизмді» жеңіп, ығыстырып шығарды, сөйтіп ол марксизм мен революциялық социал-демократиялық принциптердің негізінде социал-демократиялық партияны (1898 жылы құрылған, бірақ кейін қамауға алулар арқылы талқандалған партияны) қалпына келтірді. РСДРП II съезінде (август, 1903 ж.)[145] искрашылдар екіге бөлінді: олардың *көпшілігі* бұрынғы «Искраның» принциптері мен тактикасын қолдады, ал *азшылығы* оппортунизм жағына бет бұрып, оларды «Искраның» бұрынғы дұшпандары, «экономистер» мен бундшылдар қолдады. Большевизм мен меньшевизм (большевиктер мен меньшевиктер) деген ат осыдан шықты. 1903—1904 жылдары күрестің басты тақырыбы меньшевиктердің ұйымдық мәселелердегі оппортунизмі болды. 1904 жылдың аяғынан бастап басты нәрсе тактикадағы айырмашылықтар болды. *Жаңа,* меньшевиктер қолына өткен «Искра»[146] жүргізген «земство науқанының жоспары» (1904 жылдың күзі) «либералдарды шошытпау керек» деген тактиканы қорғады[147]. 1905 жыл тактикадағы алауыздықтарды біржолата

қалыптастырды (большевиктер съезі, 1905 жылы май айында Лондонда өткен РСДРП III съезі[148], дәл сол кезде Женевада меньшевиктердің «конференциясы»[149] өтті). Меньшевиктер жұмысшы табының тактикасын либерализмге бейімдеп отырды. Большевиктер жұмысшы табының буржуазиялық-демократиялық революциядағы мақсаты: оны ақырына дейін жеткізу, либерализмнің опасыздықтарына қарамастап, демократияшыл шаруаларды өз соңынан ерту деді. Екі ағымның практикадағы басты алауыздығы — 1905 жылдың күзі: большевиктер — Булыгин Думасына бойкот жасау, меньшевиктер — қатысу жағында болды. 1906 жылдың көктемі — Витте Думасы жөнінде де осылай болды. I Дума: меньшевиктер — думалық (кадеттік) министрлік болсын деген ұранды қолдауды жақтады, большевиктер — бұқараның тікелей күресін, т. т. ұйымдастыру үшін солшылдардың (социал-демократтар мен трудовиктер) атқару комитеті болсын деген ұранды жақтап шықты. Мұнан гөрі толығырақ баяндау шетел баспасөзінде ғана мүмкін нәрсе. Стокгольм съезінде (1906 ж.)[150] меньшевиктер, Лондон съезінде (1907 ж.)[151] большевиктер жеңіп шықты. 1908—1909 жылдары большевиктерден «впередшілдер» (философияда махизм[152] мен саясатта «шақырымпаздық»[153] немесе III Думаға бойкот жариялау: Богданов, Алексинский, Луначарский және басқалар) бөлініп кетті. 1909—1911 жылдары, олармен (салыстырыңыз: В. Ильин «Материализм және эмпириокритицизм», Москва, 1909 жыл*), сонымен қатар жойымпаздармен (қупия партияны теріс деп тапқан меньшевиктер) күрес жүргізе отырып, большевизм жойымпаздыққа қарсы үзілді-кесілді күрес жариялаған *партияшыл меньшевиктермен* (Плеханов және басқалар) жақындасты. Большевиктердің органдары: «Вперед»[154] пен «Пролетарий» (Женева, 1905 ж.)[155], «Новая Жизнь» (СПБ., 1905 ж.)[156], «Волна»[157], «Эхо»[158] және басқалары (СПБ., 1906 ж.), Финляндияда (1906—1907 жж.), Женевада (1908 ж.) және Парижде (1909 ж.) «Пролетарий», Парижде (1909—1912 жж.)

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 18-том. *Ред.*

«Социал-Демократ» болды. Большевизмнің кейбір басты-басты шығармаларының жиыны В. Ильиннің «12 жыл ішінде» атты кітабында, СПБ., 1908; соның ішінде әдебиеттер неғұрлым толық көрсетілген. Басты-басты большевик жазушылар: Г. Зиновьев, В. Ильин, Ю. Каменев, П. Орловский және басқалар. Соңғы жылдары большевиктер Санкт-Петербургтегі «Звезда» (1910—1912 жж.), «Правда» (1912 ж.) газеттерінің және Москвадағы «Мысль»[159] (1910 ж.), Санкт-Петербургтегі «Просвещение» (1911—1913 жж.) журналдарының басты қызметкерлері болды.

1913 ж. 12 (25) январьдан ертерек жазылған

1913 ж. мына кітапта басылған: Н. А. Рубакин. «Кітап әлемінде», II том, 2-басылуы, Москва

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СТАЧКА МЕН КӨШЕ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ӨРІСТЕУІ

1912 жыл стачкалық күрестің өрістеуіндегі өте-мөте айрықша құбылыс болғаны әлдеқашан-ақ көрсетілген және жалпы жұрт мойындаған жағдай. Бірақ бұл құбылысты жұрттың бәрі бірдей түсініп, дұрыс есепке ала қойған жоқ.

Жылдың алғашқы 11 айының ішіндегі саяси стачкалар туралы мәліметтерді алып қарайық. Бұдан біз мынаны көреміз:

1905 жылы	1 052 мың
1906 »	642 »
1907 »	540 »
....	....
1912 жылы	*900 мың* шамасы

Алғашқы 9 айдың ішіндегі саяси стачкашылардың саны, барынша сақ есептер бойынша, 700 мың адам болған. Питерде уәкілдер жайында берілген түсіндірме[160] жөнінде болған стачкалар 50 мыңдай жұмысшыны қамтыды, Севастопольдегі атыл-асуға қарсы наразылық стачкасы және 15 ноябрьдегі, Дума ашылған күнгі, стачка, Москва *фабриканттар қоғамының* мәліметтері бойынша, 188 мың адамды қамтыған. Бұл 20 ноябрьге дейінгі мәліметтер. 900 мың дегеннің ең аз цифр екені анық. 1905—1907 жылдармен салыстыруға бола қоймайтын тіпті 100 мыңның өзін шығарып тастағанда (фабрика-завод инспекциясының қарауынан *тыс* заводтар), 800 мың болып шығады.

Қалай болғанда да қозғалыс 1906 және 1907 жылдардан сөз жоқ асып түсті, ал 1905 жылдан *шамалы ғана қалып қойды!*

Бұл не деген сөз?

Қозғалыстың қазіргі кездегі жалпы халықтық серпіні, әрине, 1905 жылғыдан әлдеқайда әлсіздеу деген сөз. Демек, революциялық өрлеудің *басталуы* қазір бірінші революция алдындағыдан *өлшеусіз жоғары* болып отыр. Демек, болашақ екінші революция қазірдің өзінде-ақ пролетариаттың бойында *әлдеқайда көп* революциялық жігер сақтаулы екендігін байқатып отыр. Пролетариаттың саны — minimum 20 процент көбейді. Пролетариаттың шоғырлануы өсті. Жерге байланысты болудан жедел арылу нәтижесінде қозғалыстың таза пролетарлық негізгі тірегі күшейді. «Майдагерлік» өнеркәсіпте, қолөнерінде және ауыл шаруашылығында пролетар және жартылай пролетар халық бұқарасы есептеуге келмейтін орасан зор мөлшерде артты.

Ақырында, алдыңғы қатарлы демократияшыл таптың саналылығы, тәжірибелілігі және батылдығы артты. Бұған жұрттың бәрі келіседі, бірақ бұдан қандай қорытынды шығатындығын ақырына дейін ойластыруға жұрттың бәрінің батылы бара бермейді. Жұрттың бәрі бірдей шындыққа тура қарап, біздің алдымызда *революциялық* бұқаралық стачкалар, *революциялық* өрлеудің басталуы тұрғанын мойындауға батылдық жасай бермейді.

Мұны бәрінен бұрын мына негізгі, неғұрлым объективті факт, субъективті тұрғыдан бұрмалауға оншама жол бермейтін факт: қозғалыстың көлемі көрсетіп отыр. Дүние жүзіндегі бірде-бір елде — революциялық қоғамдық жағдай шарттарынан тыс — жүз мыңдаған жұмысшыларды жылына бірнеше рет барынша әр түрлі себептерге байланысты саяси бой көрсетулерге көтеруге болмас еді. Ал бізде мұндай өрлеу стихиялық түрде жүріп жатыр, олай жүріп жатқан себебі, он миллиондаған жартылай пролетар және шаруа халқы, егер осылай айтуға болса, өз авангардына бұлақтай қайнап, арнасынан аса тасыған тас-түйін ашынған ниетін жеткізіп отыр.

Орыс жұмысшыларының 1912 жылғы революциялық стачкасының, сөздің толық мағынасында айтқанда, жалпы халықтық сипаты болып отыр. Өйткені жалпы халықтық қозғалыс деп — буржуазиялық-демократиялық революция жағдайларында—әсте де бүкіл буржуазия немесе ең болмағанда либерал буржуазия қостайтын қозғалысты түсінбеу керек. Оппортунистер ғана солай қарайды. Жоқ. Өзінің ауыр соққыларын елдің дамуына бөгет жасайтын дұшпанның орталық күштеріне қарсы жұмсап, бүкіл елдің объективті мұқтаждарын білдіретін қозғалыс жалпы халықтық қозғалыс болады. Халықтың орасан көпшілігінің тілектестігі қолдап отыратын қозғалыс жалпы халықтық қозғалыс болады.

Жұмысшылардың үстіміздегі жылғы саяси қозғалысы нақ осындай, оны барлық еңбекшілер мен қаналушылардың, ол қапшалықты әлсіз, жапшылған, бытыраңқы, дәрменсіз болғанымен де, бүкіл демократияның тілектестігі қолдап отыр. Либерализм мен демократия арасының неғұрлым айқындалып ашылуы («Думаны реакцияның қолынан жұлып алуды» армандағандарға қарсы күресу арқылы қол жеткен) жаңа қозғалыстың орасан жетістігі болып табылады. Табысты болу үшін революция шайқасқа кіммен бірге баруға болатынын, кімнің сенімсіз одақтас екенін, нағыз жаудың қайда екенін мүмкіндігінше дәлірек білуге тиіс.

Міне, сондықтан либералдардың (кадеттердің) жаңа революцияға ашық қарсы шығуының мәні соншама зор. Міне, сондықтан дәл қазір Россияда республика ұранының өте-мөте айрықша (Европамен салыстырғанда) маңызы бар, бұл ұран күрескісі келетін демократияның санасын 1905 жылғы тегеуірінді соншалық әлсіреткен монархиялық («конституциялық» та) жалған үміттерден тазартады. Россияда жаңа революцияның өсіп жетілу процесінде мынадай екі кезеңнің тарихи мәні бар: біріншіден, апрель-май стачкалары, онда Петербург жұмысшылары—керек десе өздерінің басшы ұйымының, Петербург комитетінің қамауға алынуына қарамастан,—республика, 8 сағаттық жұмыс күні және жерді конфискелеу ұрапын көтерді. Екіншіден, ноябрь стачкалары мен демонстрациялары (Рига мен Москва-

дан жазылған хаттарды қараңыз[161]; Питерде де солай болды, бірақ қамауға алулар біздің тілшілерімізді ала кетті). Бұл демонстрациялардың ұраны тек «өлім жазасы жойылсын! соғыс жойылсын!» деген ұран ғана емес, «революцияшыл жұмысшы табы мен революцияшыл армия жасасын!» деген ұран да болды.

Петербург, Рига, Москва көшелерінде пролетариат монархияға қарсы ерлікпен көтерілген мужик әскерлерінің алдыңғы қатардағыларына қол созды.

* *
*

Либерал буржуазия жаңа революцияға қарсы, революциялық бұқаралық стачкаға қарсы. Бірақ либералдар егер саяси стачкалар «жандануды» ғана көрсететін болса және конституциялық реформалар деген либералдық ұранды ғана қолдайтын болса, жалпы алғанда ондай стачкаларға әсте қарсы емес. Ал өрлеудің осы екі тарихи кезеңінің екеуіп де революциялық стачкаларға қарсы «шығуларымен»... әйгілеген біздің жойымпаздар объективті түрде, өздерінің «ізгі» тілектеріне қарамастан, контрреволюцияшыл буржуазияның кәдуілгі малайлары болып отыр!! Ұмытылмас және теңдесі жоқ В. Ежов «Невский Голостың» 1912 жылғы 20 майдағы 1-номерінде экономикалық стачкаларды саяси стачкалармен «қиындатуға» және саяси стачкаларды экономикалық стачкалармен қиындатуға қарсы шықты, оларды «зиянды араластырушылыққа» қарсы шықты (салыстырыңыз: «Социал-Демократ» № 27, 4-бет*).

1912 жылдың ноябрінде жойымпаздық «Луч» та стачкаларға қарсы шықты. Бұдан кейін «Луч» социал-демократиялық фракцияда 15 ноябрьдегі стачкаға қарсы болған дегенді сылтауратып, зейінсіз адамдарды «жалған ізге» бағыттауға тырысты. Бірақ оқиғаның мәнісіне азды-көпті зейін қоятын әрбір адам «Лучтың» бұрмалап отырғанын оп-оңай көреді.

Иә, социал-демократиялық фракция да, Петербург комитеті де 15 ноябрьдегі стачканы мезгілсіз деп тап-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 391—392-беттер. *Ред.*

ты. Бұл стачканы дәл сол күні өткізуден олар жұртты сақтандырды. Жұмысшы баспасөзінің борышы осыны жұртқа хабарлау еді. «Луч» та, «Правда» да осыны істеді.

Бірақ «Луч» тек мұны ғана істеп қойған жоқ.

15 ноябрьдегі оқиғадан кейін (бұл уақытқа дейін көбінесе меньшевиктермен байланысты болған Выборг ауданының дәл өзі бәрінен гөрі ынталана ереуіл жасаған кезде), қозғалыс ұлғайып демонстрацияға ұласқаннан кейін, данагөй «Луч» «күшті қауіпті ысырап етуге» қарсы айқай-шу көтеріп, «жиі-жиі қолданғандықтан жұрт стачкаларға тілектес болуды қояды» деп жұртты сендірмек болып «басқа жол іздейік», «ет қызулықпен (!?!) ештеңе бітіре алмайсың» деген ұран тастап, «ереуілді ойыншық етуге» қарсы байбалам салып, мақалалар жазды (бас мақала және 17 ноябрьдегі бас мақаланың артынша 21 ноябрьдегі фельетон).

Міне, жойымпаз мырзалар, «Невский Голостан» да, сіздердің «инициативалық тобыңыз» мүшелерінің сөйлеген сөздерінен де Петербург жұмысшыларына көптен мәлім сіздердің осындай «философияңыз» сіздерді Петербург жұмысшыларына орынды түрде жек көргізді, жиреніштi еттi. Жеке бір ереуіл сәтсіз болуы немесе сәтсіз мезгілде болуы мүмкін. Бірақ миллионға тарта пролетарларды аяғынан тік тұрғызған дүние жүзіндегі ең ұлы қозғалыстардың бірін көре отырып, «ереуілді ойыншық ету» туралы сөз қылу либералдар мен контрреволюционерлерге ғана лайық іс!

Жиі-жиі болатын стачкалар жұмысшыларды қажытуы мүмкін. Ондайда жұртты неғұрлым қысқа стачкаларға, неғұрлым дайындалған демонстрацияларға шақыруға тура келуі әбден мүмкін. Бірақ 15 ноябрьдегі оқиға нақ демонстрациялық қозғалыста алға қарай жаңа қадам жасағандығымен тамаша!

Өздеріңіздің қателеріңізді адал мойындаудың орнына (өйткені сіздер 15 ноябрьдің мәні жөнінде көрінеу қателестіңіздер),— сіздер, жойымпаздар, либералдық саясаттың әліппесін қайталаушы сіздер, барып тұрған арсыз либералдарға ұқсап, революциялық үндеудің «саяси сауатсыздығы» туралы сөз ете бастадыңыздар!

Революциялық стачкалар мен демонстрациялар туып, өрістеп келе жатқан заманда жойымпаздар оларға қарсы күрес ашып отырғанда, жария баспасөзде құпия үндеулерді балагаттап отырғанда жойымпаздардың біздер партиямен «бірміз» деген жәдігөйлік сөздерінің қандай құны бар екеніне жұмысшылар төрелік айтсын!!

* *
*

Алайда, жойымпаздардың стачкаларға қарсы жорыққа шығуының неғұрлым тереңірек себебі бар. Жойымпаздар — либералдардың құлдары. Ал либералдардың революциялық стачкалардың табандылығынан шынында үрейі ұшты. «Прогрессист»-фабрикант наразылық білдіріп, тіпті долдана бастады. Милюковтар өздерінің Родзянкомен жасасқан «блогының» тыныштығы үшін қорқа бастады.

Жойымпаздық саясат жұмысшыларды либералдарға бағындыруға қызмет етеді. Маркстік саясат жұмысшыларды *шаруалардың* басшылары роліне дейін көтереді. Бұл жөнінде жария айтуға болмайды, жойымпаз мырзалар, бірақ революцияшыл социал-демократ болғысы келетіндер бұл жөнінде ойлауы және айтуы керек.

Еркін, конституциялы Европада саяси стачка әзірге (әлі *социалистік* революция басталмай тұрғанда) жекелеген реформалар жолындағы күреске қызмет етеді. Келесі *буржуазиялық-демократиялық* революцияға таяп келе жатқан құлдық, азиаттық, патшалық Россияда саяси стачка шаруаларды және шаруа әскерлерінің таңдаулы бөлегін пысытудың, қозғаудың, сергітудің, революциялық күреске көтерудің бірден-бір елеулі құралы болып табылады! Қазір енді, Россияның бақытына қарай, қаһарман жеке халықшылдардан басқа «халыққа баратын» ешкім болмаған уақыт өтіп кетті. Жеке дара террористердің террор жасау арқылы халықты «қозғау» туралы әңгіме ете алған уақыты өтіп барады. Россия бұл қайғылы уақыттан ілгерілеп кетті. Революцияшыл пролетариат бесінші жылы «ха-

лыққа барудың» өзге «жолын», бұқараны қозғалысқа тартудың өзге құралын тапты.

Бұл құрал — табанды, бір жерден екінші жерге, елдің бір шетінен екінші шетіне ауысып отыратын революциялық стачка, қайталанып отыратын стачка,—артта қалғандарды экономикалық жақсартулар жолындағы күрес арқылы жаңа өмірге көтеретін стачка,— патша өкіметінің әрбір шектен шыққан зорлық, озбырлық, қылмыс әрекетін бетіне басып, әшкерелеп отыратын стачка,— астаналардың көшелерінде қызыл туды желбіретуші, *тобырға,* халық бұқарасына революциялық сөздер мен революциялық ұрандар жеткізуші стачка-демонстрация.

Мұндай стачканы қолдап жасауға болмайды, бірақ ол әлденеше жүз мыңдаған адамдарды қамти бастаған кезде оны тоқтатуға да болмайды.

Өзін Родзянконың «өзімен» қатар жайлы орындыққа отырғызғанына мәз болған либерал жұмысшыларға: «туысқандар! қызулық жасаудың керегі жоқ, басқа жол іздеңдер, кәсіптік бейбіт қозғалыспен шұғылданыңдар, өздеріңді дұрыстап европалық ашық партияға әзірлеңдер, мужикті бүлікке итермелемеңдер, стачкаларға күштеріңді ысырап етпеңдер, әйтпесе «біз» сендерге тілектес болуды қоямыз»— дей берсін!

Жұмысшылар мұндай сөздерге баға бере біледі және оларды «Лучтың» кез келген жазушысының «маркстік дерлік» сөздерімен безелген болса да ажырата біледі.

Шаруалар мен әскерді көтеріліске әзірлеу үшін стихиялы түрде өсіп келе жатқан революциялық стачканы *саналы түрде* қолдауға, күшейтуге, өрістетуге, ныгайтуға жұмысшылар бар назарын аударады. Егер стачкалар жұмысшыларды қажытатын болса,— оларды кезекпен, біреулерге тыныс беріп, тынныққан немесе «тың» күштерді күреске көтеріп, жүргізу керек. Негұрлым қысқа стачкалар ұйымдастырып отыру керек. Кейде стачкаларды демонстрациялармен алмастыру керек. Бірақ ең бастысы,— стачкалар, митингілер, демонстрациялар үздіксіз болып отыруы керек,— барлық шаруалар мен бүкіл әскер жұмысшылардың қажырлы күресін біліп отыруы керек,— деревня, тіпті ең меңіреу

түпкірдегі деревня да, қалалардың тыпыпсыз екенін, *«өз»* адамдарының көтерілгенін, олардың өліспей беріспейміз деп күресін жатқанын, олардың жақсы тұрмыс үшін, жоғары ақы үшін, өкімет орнының бассыздықтары мен озбырлықтарын тоқтату үшін, помещик жерлерін шаруаларға алып беру үшін, патшаның помещиктік монархиясын құлату үшін, республика орнату үшін күресіп жатқанын көріп білуі керек. Деревняның көмескі ашу-ызасы мен сабырлы наразылығы казарманың ашынуымен бірге жұмысшылардың революциялық стачкасынан өзін тартып тұратын орталық табатын болуы керек. Осы жөнінде тыным таппай жұмыс істеу керек,— сонда біз пролетариаттың шаруалармен, әскермен бірігіп, помещиктердің аяғын аспаннан келтірген, халық көтерілісі арқылы патша монархиясын құлатқан күнін көреміз.

P. S. «Луч» прогресс жасап келеді: ашық пейілді В. А.-ның соңынан (№ 56) — дипломат Ф. Д. ерді (№ 65). Бірақ «дипломатиясына» қарамастан, Ф. Д.-ның сөздерінің мағынасы сол бәз-баяғы: революциялық стачкаға *қарсы шығу!* Біз бұл арада нағыз либералдың өзін көріп отырмыз, стачкалардың шаруаларды оятатыны, оларды көтеріліске бастайтыны, бұқара арасында *революциялық* үгітті өрістететіні, әскерді оятатыны, стачкалардан (бұл стачкалар жұртты қажытатын болғандықтан) көше демонстрацияларына көшу керек екендігі т. т. оның *ойында да* жоқ.

Ф. Д.-ның «кезектегі міндет» ретінде «ұйым правосы үшін күресу» туралы либералдық пасық сылдыр сөздері — Трещенко тұсында конституциялық реформа «кезектегі нәрсе» дегені! — «Лучтың» революциялық стачкаларға қарсы күресінің бірден-бір жамылғысы. Бұларыңыз аздау, жойымпаз мырзалар!

«Социал-Демократ» № 30,
12 (25) январь, 1913 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ПОЛЯК СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНДАҒЫ ЖІКТЕЛІС

Поляк социал-демократиясындағы қазіргі жіктеліс бұдан бірнеше жыл бұрын басталған жанжалдың жемісі болып табылады. Партияның 1908 жылғы VI съезінің[162] өзінде-ақ бір жағынан, Бас басқарманың, екінші жағынан, Варшава және Домбровск ауданы ұйымдарының арасында күшті қайшылық болғаны сонша,— съезд Бас басқармаға сенім білдірілсін деген ұсынысты қабылдамай тастады. Жанжал ұйымдық жанжал еді, бірақ оның үлкен саяси маңызы болды. Периферия партияның саяси позициясына ықпал ету мүмкіндігін талап етті, оның барлық қадамдарын ұйымдардың кең талқылауына беруді талап етті.

Бас басқарма дегенмен сол баяғы адамдардың қолында қала берді. Ал оның әйгілі Тышка бастаған көпшілігі өзінің тактикасынан қайтпады, партияның әлсірегенін, сотсіздіктерді және контрреволюциялық жағдайды пайдаланды. РСДРП ішінде Тышка Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының еркін сұрап білмей-ақ, соның атынан билеп-төстеді және әзәзілдік істеді. Партияның саясатында, мәселен, кәсіптік одақтар туралы мәселе жөнінде, Поляк социалистік партиясына көзқарас жөнінде, Поляк социал-демократиясының РСДРП ішіндегі тактикасы туралы принципсіздік пен ауытқушылық дәуірі басталды. Бас басқарманың саясатындағы қайшылықтарды ашқан, дәйекті принципті бағыт ұстауып талап еткен жолдастардың Бас басқарма баспасөзде айтысқа жол бер-

мей және, мұнан да сорақысы, «жуық арада» айтыс ашамыз, ал сол кезде жолдастардың бұл тактикаға қарсы наразылықтарын да бірден басып шығарамыз деп *үнемі* уәде беріп, аузын ашырмай қойды. Тышканың Бас басқарманың өзіндегі қарсыластары, бұрыннан келе жатқан, бүкіл партияға жақсы мәлім қызметкерлердің бәрі бір-бірлеп ығыстырыла берді. Біреуі Тышкамен жұмыс істеу мүмкін емес деп мәлімдеп, VI съездің өзінде-ақ қайта сайланудан бас тартты, екіншісі 1909 жылы ығыстырылды, үшіншісі 1911 жылы Бас басқармаға қатысудан бас тартты[163].

Бірақ 1911 жылдың басынан бастап қозғалыс пен жанданудың өрлеуіне қарай наразылық жергілікті жерлерде де біліне бастады. «Бүлікті» бастаған ең маңызды, ең күшті және, бастысы, революциялық жағынан барынша устамды, 1905 жылдан бастап күні бүгінге дейін поляк социал-демократиясында сол қанатта болып келген Варшава ұйымы болды.

Әрине, Бас басқарма мазасызданып, «тыюға» дайындалды. 1911 жылдың декабріндегі Варшаваның аудан-аралық конференциясы[164] шабуыл жасауға белгі болды. Бұл конференция таяудағы *партия* конференциясында «өлкенің» неғұрлым күшті өкілдігі болуын талап етуге батылы барды, ягни мұнымен — сұмдық пікір — конференцияда Бас басқарманың ықпалын әлсіретуді көздеді. Бірақ бұл ештеңе етпес еді: мұндай қарарды Лодзь конференциясы[165] да қабылдады. Варшава қылмыстырақ әрекет істеді: ол мұны текке талап етпей, *саяси мақсатпен* талап ететінін көрсетті. Ол Тышкаға ұнамаған бірнеше саяси қарарлар қабылдады: айта кететін болсақ, Бас басқарма өзінің жұмысы туралы бізге есеп бермеді деп наразылығын білдірді, Бас басқарма партияны РСДРП ішіндегі жүргізген жұмысымен таныстырсын және «россиялық» саясатты поляк жұмысшыларынан жасырмасын деген және т. т. талап қойды.

Ашық күрес басталды. Тышка ашуына мініп бірсыпыра «нұсқау-хаттар» мен «түсіндірмелер» жазды. Ол былай деп «түсіндірді»: 1) Варшава ұйымы партия уставын аяққа басып, жік шығарды; 2) оның қарарлары — бойкотизмнің, шақырымпаздықтың және анархизмнің

көрінісі; 3) оның Бас басқармамен ешқандай идеялық алауыздығы жоқ, олай болса, жіктің ешқандай саяси негізі жоқ; 4) Варшава ұйымы іс жүзінде жоқ, конференция жалған конференция болды, олай болса, ешқандай жік жоқ, болған да емес; 5) Варшава ұйымы бүкіл әдеби жұмысты Бас басқармаға беріп, өз алдына дербес бірде-бір листок шығара алған жоқ; ол заңсыз түрде өзінің жікшілдік техникасын құрып, өз листоктарын шығарып отыр. Тышка мұнымен қатар Варшаваның бір-екі «интеллигент-вархолдарының*» кімдер екенін, ата-тегін түгел қазбалап, сипаттап берді және жікті шығарған солар екенін, ал олардың ұйымда жұмыс істемегенін және істемейтінін түсіндірді.

Ақырында, Варшава ұйымының өз дегенінен қайтпайтынын көрген соң, Тышка... «жойқын» құрал қолдануға бекінді. Ол *жалған* конференция өткізуді, оған оппозицияны —яғни өлкеде жұмыс істейтін жолдастардың орасан көпшілігін қатыстырмауды ұйғарды. Бұл үшін ең күшті Варшава ұйымын Тышка... «таратылды» деп жариялап, Тышканың екі-үш агентінен жеке жікшіл «Варшава ұйымы» құрылды.

Бірақ ең ашындырарлығы — Варшава ұйымын Тышканың «таратқандағы» «дәлелі» болды. Тышка өзіне бойсұнбайтын бұл ұйым полициялық арандатушылық құралынан басқа ештеңе де емес деп жариялады. Мұны дәлелдейтін бірде-бір, болмашы болса да, елеулі фактіні Тышка осы уақытқа дейін келтірген жоқ. Сезікті деген ең болмаса бір адамның да *бірде-бір аты-жөнін* ол әлі жарияламаған жоқ. Ол ол ма: өзі шегінетін жол қалдыру үшін Тышка Халықаралық бюроға жолдаған мәлімдемесінде қорғалақтап: қазіргі жағдайда жұмыс істеп отырған ұйым *атаулының бәріндегі сияқты*, Варшавада да арандатушылықтың орын тебуі тіптен оп-оңай еді деп жазды.

Алайда Тышка Варшава ұйымын «таратқан», тіпті оны РСДРП-дан тыс деп жариялаған жөн деп білді. Оқушының өзі көріп отырғанындай, мұның өзі фракциялық күрес емес, тура бір қылмысты іс.

---

* — өсекшілер. *Ред.*

Әрине, асқақтап кеткен Тышка бұл қадамымен жұртты бұрынғыдан он есе артық ашындырды. Арандатушылықты тексеру үшін Тышканың өзі тағайындаған комиссия оның өзіне қарсы шықты. Бұған Тышка партияның көп жылдардан бері келе жатқан, жалпы жұрт сенетін үш мүшесін — Поляк социал-демократиясының қайраткерлерін партиядан шығарумен жауап берді. 44 байырғы қызметкер «Бас басқарманың» революционер атаулыны қорлайтын әрекеттеріне қарсы барынша қатты наразылық жариялады. Өлкеде де, шетелде де, барлық жерде жұрт «Бас басқарманың» жауап беруін талап етуде. Варшава ұйымы, әлбетте, Тышканың дегеніне бола тарап кеткен жоқ, қайта осылай қалыптасқан жағдайларда соншалық қиын болып отырған өз жұмысын жүргізе беруде. Варшава бойынша жұмысшы куриясынан сайлауды нақ «оппозиция» тамаша етіп өткізді. Сайлау барлық қалған партияларға қарағанда социал-демократияны басым көпшілік етті. 34 социал-демократиялық уәкілдің 31-і — оппозиция жағындағылар, 2-і — толқушылар, тек біреуі ғана Тышканың жақтасы. Мұның есесіне Бас басқарма мен оның жақтастары «жұмыс» жүргізіп отырған провинцияда сайлау науқаны *барлық жерде* ұтылып қалды.

Тышканың қылығынан туған ұсақ, лайықсыз егестің тез арада келмеске кетіп, принципті алауыздықтар айқынырақ белгіленеді деп үміттену керек. Мұнымен қатар поляк социал-демократ жұмысшыларының ұйымдық жағынан орыс жолдастармен тығызырақ байланысу тілегі де нақтырақ көрінетін болады. Тышканың РСДРП ішіндегі қылығы Бас басқарманы мынадай күйге әкеліп соқтырды: ол жалпы партиялық өмірден мүлде қол үзді, оның РСДРП ішінде бірде-бір одақтасы жоқ және екі жақ та бірдей (жойымпаздар және жойымпаздарға қарсылар) Тышка мен оның «Бас басқармасының» ғажап, идеясыз «тактикасына» аң-таң қалып отыр.

Поляк социал-демократиясы ауыр кезді басынан кешіріп отыр. Бірақ мұның немен тынатыны қазірдің өзінде-ақ айқындалды. Поляк социал-демократиясының барлық таза элементтері топтасып келеді. Сөйтіп, По-

ляк социал-демократиясының принципсіз әзәзілдің қолындағы ойыншығы болмай, өзінің принциптері, өзінің тактикасы бар партиялық социал-демократ жұмысшылардың ұйымы болатын мезгілі алыс емес.

Поляк социал-демократиясы ішіндегі жіктеліс туралы хабарды «арандатушылық» жөніндегі айыптаудың бұдан кейінгі тарихына қатысты кейбір мәліметтермен толықтыруды қажет деп санаймыз. Бұл жөнінде бізге былай деп хабарлайды:

Роза Люксембург (Поляк социал-демократиясы атынан Халықаралық социалистік бюроның мүшесі) Халықаралық социалистік бюроға қағаз жазып, жариялау үшін емес деп хабарлап, Варшава комитеті—жікшілдер және *охранканың қолында-мыс* депті!

Ал, сөйте тұра, Тышканың *өзі* бұл масқаралықты поляк социал-демократиялық әдебиетінде жариялады!!

Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары Гюисманстан Тышканың қағазының көшірмесін алып, Гюисмансқа, әрине, мынадай хат жіберді: мұның өзі кек алудың «ең опасыз» әрекеті, Малецкий мен Ганецкий, Орталық Комитеттің бұрынғы мүшелері, партия ішінде жұрттың бәріне мәлім адамдар;— Тышканың өзі тағайындаған тексеру комиссиясы ешқандай арандатушылық *тапқан жоқ*; — аты-жөнін айтпай, саяси қарсыластардың арасында арандатушылық бар деп баспа бетінде жариялау — нағыз лас, арамдық іс*.

Бас басқарма жалаң даттаумен жауап берді.

Базель конгресі болып өтті. Варшава комитетінің делегациясын РСДРП-ның *барлық* делегаттары, жұйымпаздар да, латыштар да, впередшілдер де, бундшылдар да, троцкистер де *бірауыздан* мойындады!

Варшавадан сайлау *Варшава комитетінің жақтастары,* Тышка және К^{0}-ның қарсыластары болған социал-демократ *екі* жұмысшы сайламшыны өткізді.

Тышканың қосарлас ұйымының жалғандығы барлық жұрттың алдында дәлелденді. Адал жол — арандату-

* Қараңыз: осы том, 50—52-беттер. *Ред.*

шылық жасады деген айыпты кері алу — өзінің Бас басқармасымен қосып, Тышканың қолынан келмейтін іс.

Бірақ «бірлікті» тәуір көретін біздің жойымпаздар мен олардың Ұйымдастыру комитеті бәрінен де асып түсті. Август конференциясына ресми түрде қосылатын «Луч» Тышканың масқаралық өтірігін екі рет басып шығарған!!

Бірінші рет мұны инициалмен бүркенген мырза істеді. Екінші рет — *Августовский* мырза істеді.

Қандай өжеттер десейші! Бұлар масқара нәрсені таратады да — Бас басқарманың тасасына тығылады. Бұған біздің қатысымыз жоқ, біз жауапты емеспіз, біз масқаралықты таратып отырғанымыз жоқ, біз «бар болғаны» Бас басқарманың атынан *басып шығарылу* (масқаралықты) *фактісі* туралы хабарлап отырмыз дейді!!

Мартов, Троцкий, Либер, латыштар және $К^0$ Тышканың тасасына тығылып, документтерді келтіруге болмайтын жария баспасөзде Тышканың масқаралығын *бүркеншік атпен* таратып отыр!!

«Социал-Демократ» № 30,
12 (25) январь, 1913 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ПУАНКАРЕНІҢ САЙЛАНУЫНЫҢ МӘНІ

Француз республикасының жаңа президентін барынша құттықтауда. Ойраншыл-қаражүздік «Новое Время» мен либералдық «Речьке» көз салыңыз: президент Пуанкарені құттықтауларында, өздерінің сүйсінуін білдіруінде неткен жүрек тебірентерлік біраузыдылық десеңізші!

Сыртқы саясат мәселелері мен Батыс елдеріндегі істің жайына баға беруде біздегі қаражүздіктер мен біздегі либералдардың барынша іштей тектестігі ерекше айқын ашыла түседі. Бұлардың екеуі де Франциядағы ірі буржуазия мен клерикалдық-феодалдық реакцияның одағы сайлаған «ұлт» президенті Пуанкарені құттықтап отырғанда,— қаражүздіктер мен либералдар социализмге қарсы күресу *әдістеріне* көзқарастары жағынан ғана ажырасатыны жұрттың бәріне айқын бола кетеді.

Бірақ Пуанкаренің сайлануының мәні жанын сала «құттықтаушылардың» ойлағанынан гөрі ірірек. Саналы жұмысшылар, бұл сайлаудың мәнін ойластыра келіп, үш жағдайды атап көрсетеді.

Біріншіден, Пуанкаренің сайлануы Францияда болғалы тұрған тап күресінің шиеленісуінің тағы бір қадам ілгері басқандығы болып табылады. Пуанкаре *радикал* көпшілік болған палатада премьер-министр еді. Ал президенттікке ол радикал кандидат Памсқа *қарсы* сайланды, *клерикалдық-феодалдық* реакцияның көмегімен сайланды, *оңшыл блок* сайлады.

Бұл не деген сөз? Францияда өкімет басында *соңғы* буржуазиялық партия, радикалдар[166] отыр деген сөз. Оның «реакциядан» айырмашылығы барған сайын кеми түсуде. Радикал буржуазиядан бастап реакцияшыл буржуазияға дейін *барлық* буржуазия социалистік пролетариатқа қарсы барған сайын тығыз топтасуда, сөйтіп бұлардың екеуінің арасындағы шек барған сайын жойылуда. Мұның өзі Пуанкаренің сайлануынан ерекше айқын көрінді. Мұндай топтасу — тап қайшылықтарының мейлінше шиеленісуінің айқын белгісі.

Екіншіден, Пуанкаренің мансап жолы айта қалғандай — саясатта өзін барлық партияларға және саясаттан «тыс жерде» барлық байларға кезекпе-кезек сата беретіп буржуазиялық епшілдің кәдуілгі мансап жолы. Кәсібі жағынан Пуанкаре — 20 жасынан адвокат. 26 жасында ол кабинет бастығы, 33 жасында министр болды. Барлық елдердегі байлар мен финанс шонжарлары мұндай епті мансапқорлардың саяси байланыстарын жогары бағалайды. «Тамаша» адвокат-депутат — саяси алаяқ, мұның өзі — «цивилизациялы» елдерде *синоним сөздер*.

Үшіншіден, Пуанкаре сайланарда француз социалистерінің жасаған демонстрациясы айта қалғандай болды. Вальян үшін дауыс беру Коммуна құрметіне жасалған демонстрация болды. Вальян — Коммуна туралы тірі естелік. Мұны түсіну үшін, сақал-шашы аппақ құдай болып мінбеге шыға келген Вальянды Париж жұмысшыларының қалай қарсы алатынын бір көрудің өзі-ақ жетіп жатыр.

Міне, пролетариаттың көтерілісін жаныштау үшін буржуазиялық Франция 1871 жылы отанды Бисмаркке сатқан Версальдің дәл өзінде,— бұдан 42 жыл бұрын Францияның корольге ынтызар болған қаражүздік помещиктері ащдай ұлыған залдың дәл өзінде жұмысшы табының депутаттары қарт коммунарға дауыс берді.

«Правда» № 11. 15 январь, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АШЫҚТАН-АШЫҚ

Архангельск губерниясында земство енгізу туралы думалық заң жобасының Мемлекеттік советте өтпей қалуы біздің газетімізде бұрын атап өтілген болатын. Бірақ өзінің соншама елеусіздігіне қарамастан, сөйте тұра өте-мөте тән сипатты болып табылатын бұл фактінің мәніне тоқталған үстіне тоқтала түсу керек.

Феодалдық (орысша: крепостниктік) тұрпаттағы *помещиктің* сөзсіз басымдығын қамтамасыз ететін дворяндық земство жарты гасыр бойы дерлік өмір сүріп келеді. Кейбір губернияларда ғана, мәселен, дворяндық жер иелігі жоқтың қасы деуге болатын Вятка губерниясында, земствоның негұрлым мужиктік сипаты бар; бірақ оның есесіне мұнда ол чиновниктік әр алуан тыйымдардың, кедергілердің, шектеулердің және түсіндірмелердің торымен онан бетер шырмалған. Осындай зиянсыздандырылған және күзелген сияқты земствоны Архангельск губерниясы да, міне, жарты ғасырдан аса уақыт бойы талап етіп келеді.

Міне, сонымен, қара, помещиктік және буржуазиялық III Думаның Архангельск земствосын енгізу туралы қаулысын Мемлекеттік совет *қабылдамай тастады.* Бұл «ұсақ-түйек» нәрсе біздегі «жаңғырған» құрылыстың *мәнін* қалай керемет айқын ашып беріп отыр! Саясаттың таптық тамырлары жөнінде қандай тамаша сабақ болып отыр!

Мемлекеттік советте земствоға қарсылардың дәлелдері ашықтан-ашық: байқайсыз ба, онда дворяндар жоқ.

Бүкіл губернияда не бары 2660 десятина «жеке меншік» жер иелігі бар — деп даурықты Мемлекеттік советтегі баяндамашы Стишинский мырза.

Сонымен, егер дворян-помещиктер жоқ болса, онда «халықтың» тіпті жол түзейтін, аурухана салатын дәрежеге де жетпегені. Бірақ егер помещиктер жоқ болса, онда оларды тікелей не жанамалап болдыру керек қой.

Қайдан әкеліп болдырады? Россияның орталығынан әкелу керек, мұнда олар жеткілікті. Крепостниктік правоның әлі ізі суи қоймаған, «барщина» (шаруашылықтың жұмыспен өтеу жүйесі) бәрінен де көбірек қалып отырған, Курск қу мүйіздері тәрізділер бір өзі үстемдік құрып, билеп-төстеп отырған қара топырақты орталықтың помещиктері,— мемлекеттік істер мен қоғамдық істерде, міне, осыларға арқа сүйеуге болады. Осы мағынада алғанда Архангельск земствосы жөніндегі мәселеге Мемлекеттік советтің көзқарасы біздегі мемлекеттіктің өте-мөте ғибратты, көрнекі сабағы болып табылады.

«Правда» № 13, 17 январь, 1913 ж.
Қол қойған: В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БРИАННЫҢ КАБИНЕТІ

Бір кездерде әсіре революционер және «жаппай стачканың» жаршысы болған белгілі ренегат Бриан Францияда тағы да министрлік басшысы болып шықты. Англиядағы Джон Бёрнс сияқты, ол да жұмысшы табына опасыздық жасап, буржуазияға сатылып кетті.

Оның жаңа кабинетінің құрамы көңіл қоярлық. Онда үштік билеп-төстеп отыр: Жоннар — Этьенн — Бодэн. Бұлар қандай адамдар?

Либералдық газеттерге, мәселен, «Речьтің» 11-нөміріне көз салыңыз. Сонда сіздер министрлердің қайда оқып, қайда қызмет істегені туралы егжей-тегжейлі баяндауды көресіздер. Сіздер ар-ұятсыз мадақтауды, жағынуға ұмтылғандықты көресіздер: Жоннар — король Эдуардтың досы! Бодэн — коммунардың немересі!

«Жомини, Жомини дейсің, арақ туралы ләм демейсің»[167]. Істің *мәні* жөнінде «Речь» үндемейді. Ал бұл мән тіпті қарапайым: бүкіл үштік — финанс епшілдері мен аферистерінің нағыз әккі және ар-ұятсыз компаниясы. Этьенн *Панамадан*[168] *бастап* барлық лас миллиондық жанжалдарға қатысқан. Ол — біздің башқұрт жерлері сияқты отарлардағы финанс операцияларының епшілі... Жоннар онан да кем соқпайтын «таза жолмен» Уэнцтегі (Африка) өте бай темір рудаларына концессия алуға қатысты. Оның тумалары ең ірі акционерлік компаниялардың басқармаларында отыр. Бодэн — капиталистердің, мердігерлердің және верфь иелерінің приказчигі. Оның орны да дәл теңіз министрлігінде... мерді-

герлікке, флотты қамтамасыз етуге бір табан жақын болу!

Маркстің буржуазиялық үкіметтер — капиталистер табының приказчиктері деген сөздері[169] Франциядағыдай айқын дәлелденетін ешбір жер жоқ. Ал Францияның ұлы прогресі мынада: мұнда жұмысшы табы жалған жамылғылардың бәрін жұлып тастады, айқын емес нәрсені айқын етті, «бұғаулардан оларды безендіріп тұрған жалған гүлдерді жұлып тастады — адамзат бұл бұғауларды бүкіл қуаныш пен бүкіл ләззат атаулыдан жұрдай түрінде мойнына асып жүре беру үшін емес, қайта адамзат бұғауларды лақтырып тастап, шешек атқан гүлге қол созу үшін жұлып тастады»[170].

«Правда» № 14, 18 январь, 1913 ж.
Қол қойған: И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ӨМІР ҮЙРЕТЕДІ

Кімде-кім еліміздегі азаттық қозғалысының тағдырына шын ниетімен көңіл қойып отырса, ол ең алдымен біздегі *жұмысшы* қозғалысына зер салмай отыра алмайды. Контрреволюция жылдары сияқты, өрлеу жылдары да мына жайды айдан-анық көрсетті: жұмысшы табы *барлық* азаттық күштерін *бастап* келеді, сондықтан да жұмысшы қозғалысының тағдыры жалпы алғанда орыс қоғамдық қозғалысының тағдырымен мейлінше тығыз байланысты.

Жұмысшылардың соңғы сегіз жыл ішіндегі *стачкалық қозғалысын* көрсететін қисық сызықты алыңыз! Сөйтіп, жалпы алғанда осы жылдардың ішіндегі бүкіл орыс азаттық қозғалысының өсуі мен төмендеуін көрсететін нақ осындай қисық сызық жүргізіп көріңіз. Екі қисық сызық та әбден үйлесін түседі. Бір жағынан, тұтас алғанда барлық азаттық қозғалысының және, екінші жағынан, жұмысшы қозғалысының арасында барынша тығыз, айырғысыз байланыс бар.

1905 жылдан бастап Россиядағы стачкалық қозғалыс туралы мәліметтерге қарап көріңіз [334-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Россиядағы бүкіл жалпы халықтық азаттық күресінің ең таңдаулы барометрі орыс жұмысшыларының стачкалық қозғалысы екенін осы мәліметтер мейлінше айқын түрде көрсетіп отырған жоқ па?

Ең жоғары өрлеу кезі (1905 жыл) 3 миллионға жуық стачкашы беріп отыр. 1906 және 1907 жылдары қоз-

Жылдар	Стачкалар саны	Қатысушылар саны (мың есебімен)
1905	13 995	2 863
1906	6 114	1 108
1907	3 573	740
1908	892	176
1909	340	64
1910	222	47
1911	466	105

1912 шамамен алганда $1^1/_2$ миллионга жуық (экон. жәпе саяси).

ғалыс төмендейді, бірақ әлі де өте жоғары дәрежеде қалып, орта есеппен 1 миллион стачкашы беріп отыр. Мұнан кейін қозғалыс тез құлдилап, төмендей бастайды — тура 1910 жылға дейін төмендейді: 1911 жыл — өзгеріс жылы. Қисық сызық — әлі аз-аздап болса да — көтеріле бастайды. 1912 жыл жаңа ең ірі өрлеу жылы болды. Қисық сызық сенімді, батыл түрде 1906 жылдың дәрежесіне дейін көтеріліп, үш миллиондық цифр *бүкіл дүние жүзілік* рекордты басып озған жылға көрінеу бағыт түзейді.

Жаңа заман туды. Бұған енді ешбір күмән болуы мүмкін емес. 1913 жылдың басы — бұған ең жақсы кепіл. Кейбір *жеке* мәселелерден жұмысшы *бұқарасы жалпы* мәселе қою жағына бет алуда. Нағыз қалың бұқараның назары енді біздің орыс өмірінің кейбір ретсіздіктеріне ғана аударылып отырған жоқ. Мәселе тұтасынан алғанда осы ретсіздіктердің *бүкіл жиынтығы* туралы қойылып отыр, әңгіме реформалар туралы емес, реформа туралы болып отыр.

Өмір үйретеді. Нақты күрес осы жуырда ғана соншалық талас болып келген мәселелерді бәрінен жақсы шешіп береді. Енді, 1912 жылдан кейін, «петициялық науқан» туралы және «коалициялар бостандығы» ұраны туралы болған таластарымызға болса да көз жіберіп көріңіздерші. Тәжірибе нені көрсетті?

Барынша баяу петицияга тым болмағанда бірнеше он мың жұмысшының қолын қойдырудың өзі — мүмкін болмай шықты. Ал *саяси* стачкалардың бір өзіне *миллион* адамның қатысқандыгы — факт болып шықты.

«Коалициялар бостандығы» ұранынан әрі бармау керек, өйткені басқаша болса бұқара бізді түсінбейді, іске жұмылмайды деген әңгімелер,— өмірден қол үзген адамдардың құр бос, еріккен әңгімелері болып шықты. Ал тірі, нақтылы бар миллиондаған бұқара нақ сол нағыз кең, байырғы, қысқартылмаған формулалармен іске жұмылды. Тек осы формулалар бұқараның жігерін тасытты. Іс жүзінде кімдердің бұқарамен бірге болғаны, кімдердің оларсыз және оларға қарсы болғаны — қазір көз жеткізерліктей болып-ақ көрсетілді.

Бұқараның өзінің сергек, тың, қуатты қозғалысы кабинеттерде отырып жасалған, жасанды ережелерді түкке жарамсыз ескі-құсқы ретінде сыпырып тастап, алға, барған сайын алға басып барады.

Көз алдымызда болып жатқан орасан зор қозғалыстың тарихи мағынасы осында.

«Правда» № 15, 19 январь, 1913 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАҢА ДЕМОКРАТИЯ

«Речьтің» жаңа жылға арналған номеріндегі «Ала-құла кездесулерде» Тан мырза бір маңызды мәселені қозғаған, бұл мәселеге жұмысшылардың мықтап назар аударулары керек. Бұл — жаңа демократияның өсуі туралы мәселе.

«Міне, бір жылдан бері немесе одан көбірек болар,— деп жазады Тан мырза,— өмір арнасы тағы да өзгеріп, қожырай бастады. Су тартылудың орнына көбейіп келеді, мұның жер қойнаулары мен алыс бұлақтардан ба, қайдан шығатынын бір құдайым білсін. Үш жыл бойы бәрі де тым-тырыс, жым-жылас еді. Енді адамдар көріне бастады, түрлі саңылаулар мен меңіреу түпкірлерден бірінен соң бірі жылжып шығып жатыр...

...Бәрінен де қызғылықтысы төменнен шыққан шаруа атанатын адамдар. Олардың аты легион. Олар өмірдің орта саласын толтырды, керек десе жоғары саласына да, әсіресе, провинцияда оқталуда. Техниктер, есепшілер, агрономдар, мұғалімдер, әр алуан земство қызметкерлері. Бұлардың бәрі де бір-біріне ұқсас. Бет ажарлары сүреңсіз, сүйектері ірі, сырт көріністері қолапайсыз адамдар; рефлекске бейім емес, қайта, мысықтай жансебіл... Өмір, анығында, бір саты алға басқан болу керек, өйткені біздер, әр тектілер — олармен салыстырғанда — біздерге қарағанда дворяндар қандай болса, сондаймыз».

Дәл де дұрыс айтылған сөз, алайда бұрынғы әр тектілер де, «шаруа атанатын» демократиялық жаңа интеллигенция мен жартылай интеллигенция да дворян-крепостниктерден өзгеше буржуазия болып табылатынын ұмытпау керек.

Бірақ буржуазияның түрлі жіктері бар, оларға түрліше тарихи мүмкіндіктер тән. Буржуазияның жоғар-

ғы топтарына және буржуазияның бай интеллигенциясына: адвокаттарға, профессорларға, журналистерге, депутаттарға, т. т. әрдайым дерлік Пуришкевичтермен одақтасуға ойысу тән. Олармен *бұл* буржуазияны мыңдаған экономикалық арқаулар байланыстырып отырады.

Мұның керісінше, шаруа буржуазиясы мен «шаруа атанатын» жаңа интеллигенция правосыз, жаншылған, қараңғы, аш-жалаңаш шаруалар *бұқарасымен* мыңдаған арқаулар арқылы байланысты және өздерінің бүкіл тұрмыс жағдайлары жағынан пуришкевичшілдік *атаулының,* онымен жасалатын одақ атаулының бәріне де қас.

Сан жағынан неғұрлым көп, миллиондардың өміріне неғұрлым жақын бұл жаңа демократия тез үйреніп, нығайып, өсіп келеді. Бұл демократия көбінесе бұлыңғыр оппозициялық ниеттерге толы, бұл демократия либералдық ірік-шіріктен қорек алады. Саналы жұмысшыларға ұлы да жауапты міндет жүктеледі, ол — осы демократияның либералдық соқыр сенімдердің ықпалынан арылуына көмектесу. Бұл демократия осы соқыр сенімдерден арылып, өзінен либералдық жалған үміттердің бейшаралықтарын аластап, либералдардан қол үзіп, жұмысшыларға қол созатын шамада ғана,— Россиядағы бұл жаңа демократия бостандық ісі үшін елеулі бір нәрсе істей алады.

«Правда» № 15, 19 январь, 1913 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ТУРАЛЫ

А. В. П. мырза «Русское Богатствоның» 12-номерінде «Халықшылдық социализм бе әлде пролетарлық социализм бе?» деген атпен «кезектегі» тақырыпқа арнап «басшылық» мақала жазған.

Бұл мақаланың өзі тым байыпсыз және мағынасыз мақала. Бос сөздердің мұндай жиынын, жалтарма, құрғақ сөздердің мұндай ойнағын, көзқарастардың мұндай қойыртпағын (эклектицизмді) елеулі журнал деп есептелінетін халықшылдық журналдың «басшылық» мақалаларынан біз көптен бері кездестірмеген едік.

Бірақ мақалаға тән бір сипат — халықшылдықтың ыдырауы жөніндегі барынша елеулі, көкейтесті мәселені қозғайды. Халықшылдық дегеніміз Россиядағы шаруалар демократиясының идеологиясы (көзқарастар жүйесі). Сондықтан әрбір саналы жұмысшы бұл идеологияның қалай өзгеріп отырғанын мұқият қадағалап отыруға тиіс.

I

Халықшылдық өте көне. Оның негізін салушылар Герцен мен Чернышевский деп есептелінеді. Пәрменді халықшылдықтың гүлденген кезі 70-жылдардағы революционерлердің «халыққа баруы» (шаруаларға) болды. Халықшылдардың экономикалық теориясын өткен ғасырдың 80-жылдарында В. В. (Воронцов) мен Николай — он негұрлым сындарлы түрінде талдап жасады. XX ғасырдың бас кезінде социалист-революционерлер

солшыл халықшылдардың көзқарастарын неғұрлым қалыптасқан түрде білдірді.

1905 жылғы революция Россияның *барлық* қоғамдық күштерін таптардың ашық, бұқаралық қимылының үстінде көрсетіп, халықшылдықты түбегейлі тексеріп, оның орнын анықтап берді. Шаруалар демократиясы — міне, халықшылдықтың бірден-бір шын мазмұны мен қоғамдық мәні осы.

Орыстың либерал буржуазиясы өзінің экономикалық жағдайы бойынша Пуришкевич пен К^0-ның артықшылықтарын *жоюға* емес, бұл артықшылықтарды крепостниктер мен капиталистердің *бөлісіп алуына* ұмтылуға мәжбүр. Мұның керісінше, Россиядағы буржуазиялық демократия — шаруалар — осы артықшылықтардың бәрін *жоюға* ұмтылуға мәжбүр.

Халықшылдардың «социализм» туралы, «жерді социализациялау», теңгермелік туралы, т. с. туралы айтып жүрген сөздері — шаруалардың саясатта толық тең болуға және крепостниктік жер иеленуді толық жоюға ұмтылатындығының нақты фактісін бүркемелейтін әншейін сөз.

1905 жылғы революция халықшылдықтың осы әлеуметтік мәнін, оның осы таптық табиғатын біржолата ашып берді. Бұқараның қозғалысы — 1905 жылғы шаруалар одақтары формасындағы да, 1905 және 1906 жылдары жергілікті жерлерде болған шаруалар күресі формасындағы да, алғашқы екі Думаның сайлауы («еңбек» топтарын құру) формасындағы да қозғалысы — бізге миллиондаған шаруаларды *әрекет үстінде* көрсеткен осы әлеуметтік ұлы фактілердің бәрі де халықшылдық, бейне социалистік, құрғақ сөздерді шаң-тозаңды сыпырғандай сыпырып тастап, ұйтқыны: орасан зор, әлі сарқылмаған тың күші бар шаруалар (буржуазиялық) демократиясын айқындап берді.

Кімде-кімді жаңа, қазіргі Россиядағы асқан ұлы заманның *тәжірибесі* халықшылдықтың нақтылы мазмұнын оның сөз түріндегі қауызынан ажырата білуге үйретпеген болса,— ондай адамға үміт артуға болмайды,

ондай адамды байыптап елеуге болмайды, ондай адам сөзбен ойнайтын жазушы болуы мүмкін («Русское Богатстводағы» А. В. П. тәрізді), бірақ саяси қайраткер бола алмайды.

Келесі мақалада халықшылдықтың ыдырауына және осы жазушыға жақынырақ зер салып көреміз.

II

1905 жылдың тәжірибесінің орасан зор маңызы болатын себебінің өзі нақ сол, бұл тәжірибе халықшылдардың теорияларын бұқараның *қозғалысы* арқылы тексеруге *мәжбүр етті.* Ал бұл тексеріс бірден халықшылдықты ыдыратып, олардың теорияларын күйретіп кетті.

Эсерлердің бірінші съезінің өзінде-ақ, 1905 жылғы декабрьде, олардан «халықтық социалистер» бөлініп шыға бастады, бұлар 1906 жылдың күзіне біржолата бөлініп шықты.

Бұл «халықтық социалистер» біздегі жойымпаздардың алдын орап кетті. Бұлар «ашық партия» туралы дәл сондай әуенге басты, дәйекті демократия ұрандарын дәл солай жойып, ренегаттық сөздер айта бастады (мәселен, «Русское Богатствоның» 1906 жылғы 8-номеріндегі Пешехонов мырзаның мақалаларын қараңыз). Бұлар шаруа кадеттері еді, сондықтан екінші Дума (бұған халықшылдар, тіпті эсерлер де бойкот жасаған *жоқ)* шаруалар депутаттарының көпшілігі «Русское Богатстводағы» оппортунистердің соңынан еріп, ал азшылығы эсерлердің соңынан ергенін *дәлелдеді.* Екінші Дума «бостандық күндеріндегі» (1905 жылдың күзі мен 1906 жылдың көктемі) халықшылдық газеттердің өзінен-ақ көрінген нәрсені біржолата растады, атап айтқанда: эсерлер Россиядағы шаруалар демократиясының сол қанатынан басқа ештеме бола алмайтынын, мұнан тыс жерде олардың түк емес екенін растады.

Халықшылдықтың ыдырауы мұны барған сайын айқын дәлелдеп отыр. Контрреволюция құтырынған кезде бұл ыдырау тез жүрді: солшыл халықшылдар думалық трудовиктер болудан өздерін өздері «шақырып алды». Ескі партияны іс жүзінде жойды, жаңа партияны құр-

мады. Ренегаттық (Ропшиннің «Сорлы ат», «Болмаған нәрсе» деген масқара шығармаларына дейін) тіпті «солшыл» халықшылдар арасына да кең жол тапты. Олардың бір бөлегі («починшілдер») бойкотты қойды. Бір бөлегі марксизмге бой ұрады (Н. Суханов,— оның шатасушылықтары әлі толып жатса да). Енді бір бөлегі — анархизмге бой ұрады. Жалпы алғанда,— социал-демократтарға қарағанда бүліну анағұрлым күштірек, өйткені ресми орталықтары бар, бірақ құлдырауға қарсы *күресуге* қабілетті айқын, ұстамды, принципті бағыт *жоқ*.

Міне, енді А. В. П. мырза бізге осы идеялық құлдыраудың үлгісін көрсетіп отыр. Бір кездерде халықшылдардың өз теориясы болған еді. Ендігі бар қалғаны ойдан-қырдан жинап, марксизмге жасалған «ескертулер» ғана. Буржуазияның пысық газетсымағының кез келген принципсіз фельетонисі ештеңесін тәуекелге тікпей-ақ, өзін еш нәрсеге байлаулы етпей-ақ, *ағынан жарылмай-ақ* А. В. П. мырзаның «халықтық» социализмді қорғаған мақаласына қол қояды. Өйткені «халықтық» социализм дегеніміз дүние жүзінің барлық жерінде *қай* тап немесе қай әлеуметтік топ социализм үшін күреседі деген мәселеге *соқпай өтуге* қызмет ететін нағыз бос сөз болып табылады.

А. В. П. мырзаның мылжыңының бір-екі үлгісін келтірсек жеткілікті.

«...Бақсақ,— деп жазады ол,— пролетарлық социализмнің доктринасын меңгерін алған партия шыңдығына келгенде басқа, «жартылай пролетарлық», керек десе «буржуазиялық» топтардың да есебінен өз күштерін өрістетуге әзір екен».

Мұның өзі расында 4-класс гимназисіне лайық қарсы пікір емес пе! Бүкіл дүние жүзіндегі социалистік партиялардың ішінде жартылай пролетарлар да, буржуа да бар... *демек?* Демек,— деп ойын түйеді А. В. П. мырза,— бүкіл дүние жүзінде *тек* пролетариат *қана* 1) капиталистер табына қарсы үнемі күрес жүргізіп отырған және 2) социал-демократиялық партиялардың *бұқаралық* тірегі болып табылатын фактісін орағытып кетуге болады екен.

2-мысал:

«Тіпті студенттерді-ақ алайық,— деп жазады пысықша А. В. П. мырза,— бұлар нағыз шынайы буржуазия ғой, ал бұлардың арасындағы социалистер, қазір қалай екенін білмеймін, бірақ осы жуырдағының өзінде, көпшілік болатын десе болғандай еді».

Ал мұның өзі нағыз керемет емес пе? Бұл дәлел аңқау эсер гимназист бикешке лайық дәлел емес пе? 1905—1907 жылдардан кейін, барлық саяси бой көрсетулердің аренасында ондаған миллион шаруалар мен миллиондаған жұмысшылардың қалай межеленгенін көрмеу дегеніңіз,— және мынадай фактіге: Россиядағы либералшыл, демократияшыл оқушы жастардың эсерлер мен эсдектерге тілектес болып отырғанына («пролетарлық социализмге» *қарсы дәлел ретінде!)* мән беру дегеніңіз ғажап емес пе! Тыңдаңыз, А. В. П. мырза, шама дегенді білсеңізші...

Саналы жұмысшылар халықшылдар жөнінде тура, айқын саясат жүргізуге тиіс. Бейне бір социалистік сылдыр сөздерді аяусыз келемеждеп, дәйекті *демократизм* жөніндегі бірден-бір келелі мәселені *осы сылдыр сөздермен бүркеп жасыруға жол бермеу керек.*

«Халықтық» социализм, теңгермелік, жерді социализациялау, кооперациялар, еңбек негізі ше? Мұның өзі теріске шығаруға да тұрарлық нәрсе емес. Мұны өмір мен революция әлдеқашан-ақ саясаттың келелі мәселелерінің саласынан мүлде *ысырып* тастаған болатын. Бұл мылжыңмен сіз *демократизм* туралы *келелі* мәселені бүркеп жасырып қана отырсыз. Сіз *дәйекті* демократия ұрандарына адалсыз ба? осыны сіз айқын және тура айтуыңыз керек. Сіз бұл ұрандар нақты бір әлеуметтік топтың *бұқарасы* арасында *үнемі* жүргізілетін жұмысқа айналсын дейсіз бе, айналдыра білесіз бе? Айналсын дейді екенсіз,— онда демократияның барлық жауларына қарсы жұмысшы демократы сіздің одақтасыңыз және досыңыз. Олай демейді екенсіз,— онда тайып тұрыңыз, сіз әшейін мылжыңсыз.

«Правда» №№ 16 және 17; 20 және 22 январь, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРҒА

Петербургтегі «Луч» газетінің соңғы номерінің (1913 жылғы 19 январьдағы 15/101 номерінің) бас мақаласын толық келтіреміз:

ЖҰМЫСШЫЛАР БҰҚАРАСЫ ЖӘНЕ АСТЫРТЫН ЖҰМЫС

«Металлистердің одаққа тіркеу жөніндегі талабын тағы да қабылдамай тастады. Жұмысшылардың көнуге әзір отырған жайларының бәріне де қарамастан, өкімет орны барлық параграфты түгелдей қабылдауға келмейді деп тапты. Бұл арада, бір кездерде газеттердің хабарлағанындай, металлистерге жаңа кәсіптік одағын құру рұқсат етілмеуін талап еткен фабриканттар мен завод иелері қоғамының әрекеті болды ма әлде өкімет орнының өзі мұндай одақтың болуына жол берілмесін деп шешті ме — бұл жағдай істің мәнін өзгертпейді. Петербург жұмысшыларының неғұрлым алдыңғы қатарлы, неғұрлым мәдениетті бөлегі одақтар мен қоғамдар туралы уақытша ережелер негізінде өздеріне тиісті тіпті болмашы правоның өзінен жұрдай болып отыр! Осы кішкентай право жолындағы күресте қаншама күш сарп етілді, қаншама адамның өмірі қиылды десейші, енді келіп бұл право қолды бірақ сілтегеннен қалмай отыр!

Ал енді бәрінен де бір ғажап нәрсе сол — қалың жұмысшылар бұқарасы өздерін осылай праволарынан айыруына мүлде үн қатпай отыр. Жария ұйымдарды соңғы кездердегі қудалаушылықтың барлығының әсерінен кей жерлерде жұмысшылар арасында керек десе «астыртын жұмысқа» тілектестік күшейіп, нығайып келеді. Біздің ойымызша, өкінішті болып табылатын бұл фактіні біз ешбір көрмей отырғанымыз жоқ. Бірақ стихиялылыққа бас июге дағдыланбаған біздер оның мағынасына ой жіберіп қарауға тырысамыз.

«Астыртын жұмыс» туралы қазірде айтылып жүрген сөздер террор туралы ежелгі, қазірде, сірә, мүлде ұмытылған таластарды едәуір дәрежеде еске түсіреді. Жеке өз бастарының жа-

рамсыздығын бүркемелеу үшін террорға да көп адамдар «бас иген-ді». Ерлердің болғаны жақсы болды ғой, ал біз болсақ ейтіп-бүйтіп солардың соңынан еріп жүрерміз. Қазір де осылай. Біз ойлануға еріне міз, жаңа жолдар іздеуге еріне міз, сөйтеміз де астыртын жұмыс біз үшін істі шешіп береді, ал сол кезде біз басқаның жауапкершілігімен іске кірісетін боламыз деп күтеміз. Сәті түссе — жақсы, сәті түспесе — бізде айыпты аудара салатын адам бар.

Айтпақ болып отырған психологиямыз, біздің қазіргі саяси жағдайымызда тамыр жайғанын өзіміз бекерге шығармайтын және шыққан себебін қазірдің өзінде-ақ ашық қозғалыстың жолына шалынған ауыр құрбандықтар жеткілікті түсіндіріп беретін осы психология, жауапсыздықтың, сәтсіздікке ұшырай қалған күнде «басы-қасында болмаған едік деп шыға келмекші» санасыз тілектің осы психологиясының дәл өзі жұмысшы бұқарасының кейбір топтарын астыртын жұмысқа қайтадан ден қойдырып отыр. Біз астыртын жұмысқа ден қою туралы айтып отырмыз, астыртын жұмыс жағына қашу туралы айтып отырған жоқпыз, өйткені астыртын жұмыста іс жүзінде қашан да бірлі-жарым адамдар ғана болып келген-ді, астыртын жұмыста бұқара істейтін түк жоқ, ал осы ешкімнің алдында жауапты емес бірлі-жарым адамдар бұқараның бой көрсетулеріне басшылық етіп отырды.

Ал енді, «жария мүмкіндіктердің» бәрі де таусылды, осының нәтижесінде жария ұйымдардың түгелінен дерлік жойылғандығын көріп отырмыз деушілер бар. Міне, мүмкіндіктердің *бәрі* таусылды деудің дәл өзі дұрыс емес. Іс жүзінде жұмысшы табының бірде-бір жеңісі мұнсыз мүмкін болмайтын сол *негізгі* мүмкіндік әлі де тым аз жүзеге асырылып отыр. Біз бұқараның өз ұйымдарын қорғау ісіне жоспарлы түрде қатысуы туралы айтқан болатынбыз. Осы уақытқа дейін істелген істің бәрі де әрі жеткілікті *жоспарлы түрде* істелген жоқ, әрі *бұқараның* жеткілікті түрде қатысуымен істелген жоқ. Коалициялар бостандығы туралы петицияға мыңдаған адамның қол қоюы — фабрика-заводтардың жүздеген мың жұмысшыларымен салыстырғанда түк те емес. Біздің кәсіптік, ағарту және басқа әр алуан қоғамдарымыздың ондап, оқта-текте жүздеп саналатын мүшелері белгілі бір кәсіппен шұғылданатын, белгілі бір кварталда тұратын және т. с. орасан көп жұмысшылармен салыстырғанда болмашы тамшы ғана. Ал одақтарға шынымен көңіл қоятын және бұларда жұмыс істейтін адамдар іс жүзінде одан да аз ғой.

Жария ұйымдарда ең қауіпті орындарға жұмысшы интеллигенциясының таңдаулы бөлегін қойып, бұқара оп-оңай енжар болады да, өз қатарларынан осы озат күрескерлерді жұлып әкеткен кезде істі тастай салуға әзір тұрады. Қазіргі жұмысшы қозғалысының әлсіздігінің негізі дәл осында, қажымай-талмай табандылықпен атқаратын социал-демократиялық жұмыстың әлі шеті де кетілмей жатқан жері дәл осында».

Біздің социал-демократиялық партияның толғағы жеткен қиын мәселелерін осы мақаладан толығырақ, дәлірек, дәлелдірек баяндайтын документтің болуы екіталай. «Лучтың» 101-номеріндегі бас мақала «Лучтың» барлық жүз номерін және жойымпаздардың, П. Б. Аксельродтың, Ф. Данның, В. Ежовтың, Левицкийдің, Потресовтың, Мартовтың, Мартыновтың және т. б. бүкіл бес жылдағы насихатын тамаша дұрыс қорытып шыққан.

Бұл бас мақалаға тыңғылықтап түсінік беру үшін, *барлық* ағымдағы марксистердің 1909—1912 жылдары баспасөз бетінде жойымпаздарға қарсы айтқан пікірлерін қайталай отырып, бір том жазып шығуға тура келер еді.

Кейбір нәрселерді ғана атап өтелік. Жұмысшы бұқарасында астыртын жұмысқа деген тілектестік күшейіп, ныгайып келеді, оған ден қоюшылық қайта туып келеді. Бұл фактіні өкінішті деп санау социал-демократ емес, либерал болу, демократ емес, контрреволюционер болу деген сөз. Астыртын жұмысты террормен салыстыру бұқара арасындағы революциялық жұмысты адам естімеген қорлаушылық болып табылады. Тек астыртын жұмыс қана ұлғайып өсіп келе жатқан революцияның мәселелерін алға қойып, шешіп отырады, революциялық социал-демократиялық жұмысқа бағыт беріп отырады, жұмысшылар бұқарасын нақ осы жұмыс арқылы тартады.

Астыртын жұмысқа әрдайым ең саналы, ең таңдаулы, бұқара ең тәуір көретін алдыңғы қатарлы жұмысшылар еніп келді және еніп отырады. Көбінесе бұқараның саналылығының осе түсуі нәтижесінде, ал ішінара нақ «жария мүмкіндіктердің» арқасында астыртын жұмыстың бұқарамен байланысы қазір бұрынғыдан да гөрі кеңірек, тығызырақ болуы мүмкін, болады да. Ашық партия жөнінде айтылып жүрген сөздер ақымақтық, арамдық сөздер, бірақ біздің социал-демократиялық партия ұяларымыз үшін, *олардың* бұқара арасындағы жұмысы үшін «жария мүмкіндіктер» әсте таусылған жоқ, «таусылуы» *мүмкін де емес.*

«Лучтың» 101-номерінің бас мақаласы қалайша барлық социал-демократтарды серпілтпес екен? Социал-демократтар арасында осындай уагызға төзетін тіпті бір «ағым» болса да қалай табыла қояр екен?

Социал-демократиялық партияның *бірлігі* туралы *толғағы жеткен* қиын мәселені шешуге осы қорытынды бас мақала қалай жәрдем етпес екен?

Жойымпаздықтың дипломаттары «Лучтың» 101-номерінде біржолата әшкереленді. Олардың бет пердесі жұлынды. Қазір «Луч» пен «Наша Заря» жойымпаздарының тобымен бірлік туралы тек екіжүзділер ғана әңгіме ете алады.

Түрліше себептермен осы уақытқа дейін толқып келген, мәселеге айқын жауап бермей келген, жалтарма түрде «Лучпен» «келісімге» келуге болады деп есептеген, «Лучпен» бірігуді «бірлік» туралы сөздермен бүркемелеп келген социал-демократтардың,— міне, бұлардың ақырында толқуды қойып, пікірлерін тура айтатын уақыты жетті.

«Лучпен» бірлік болуы мүмкін емес, «Лучқа» *қарсы* бірлік болуы әбден мүмкін, әбден қажетті нәрсе. Өйткені әңгіме *«астыртын жұмыстың»* бірлігі жөнінде, құпия социал-демократиялық партияның, РСДРП-ның бірлігі жөнінде және оның бұқара арасындағы революциялық жұмысының бірлігі жөнінде болып отыр.

1913 ж. 22 январьда
(4 февральда) жазылған

1913 ж. январьдың аяғында
Краковта жеке листовка болып
гектографта басылған

Листовканың тексті бойынша
басылып отыр

АЗЕФТЕР ДҮНИЕСІНДЕ

Ұлтшылдық баспасөз Алехинмен болған «оқиға» жөнінде сұмдық шу көтерді. Қараңызшы! Австриялықтар Россияны қорлапты, шпиондық жасады деген күдікпен орыс инженерін жазықсыздан қамауға алыпты, тұтқынға қорлық көрсетіпті! Австрияға қарсы «патриоттық» ашынудың шегі болмады.

Міне, енді бүкіл сыр — бұл істің оп-оңай, ежелгі, көптен мәлім сыры ашылды. Алехин мырза Австрия полициясының «қызметкері» Вейсманның құрбандығы болған; ол айына 2000 крон (800 сом) алып, Австриядағы орыс шпиондарын ізіне түсіп, ұстап беріп келген.

Немісше түсінбейтін — сірә, жартылай тағылығы және болса керек — орыс инженері өзін арсеналдарды аралатып жүрген арандатушының қармағына аңқаулықпен түсіп қалған.

«Новое Время» және біздегі қаражүздік, үкіметтік бағыттағы өзге де газеттер *орыс* Азефтерін жанын салып қорғайды. Бірақ Азеф Австрияға қызмет ететін болып шыққан кезде, ізгі ниетті россиялықтарды «ақ ниетті» ашу-ыза кернеді.

Бірақ мұның үстіне Вейсман бір кездегі *орыс* шпионы мен арандатушысы болып шықты. Бұл Вейсман дегеннің мансабы — нағыз сабақ боларлық мансап екен.

Оның әкесі жезөкшелер үйінің иесі болған. Баласы, осындай даярлықтан кейін, Австрияда, Венада орыс шпионы болып алды, мұның үстіне орыстың саяси эмигранттарын да аңди жүрді. Сонымен, 1901 жылдан 1905

жылға дейін Вейсман орыс полициясына қызмет етті, мұнымен қатар әрі әскери, әрі саяси шпион болды.

Мұнан кейін Вейсман орыс полициясымен керісіп қалып, Австрия полициясының қызметіне көшті.

Тіптен оп-оңай.

Байғұс Алехин бір кездегі орыс шпионының құрбандығы болып шықты. Ал енді Австрияның бұл сияқты «зұлымдығына» орыстың малай газеттері қалай ызаланбасын?

«Правда» № 20, 25 январь, 1913 ж.
Қол қойған: W.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ РЕФОРМИЗМ

«Речьтің» стачкалар туралы көкейтесті мәселе жөніндегі пайымдаулары — жұмысшылар барынша назар аударарлық пайымдаулар.

Либералдық газет ереуіл қозғалысы туралы төмендегі ресми мәліметтерді келтіреді:

Жылдар	Ереуілдер	Жұмысшылар (мың есебімен)
1905	13 995	2 863
1906	6 114	1 108
1907	3 573	740
1908	892	176
1909	340	64
1910	222	47
1911	466	105
1912	1 918	683

1912 жылдың цифрлары көріне кем алынғанын жол-жөнекей көрсете кетейік: саяси стачкашылардың саны не бары 511 мың деп алынған. Олар екі есе көп болды. «Речьтің» әрі кеткенде 1912 жылғы майда біздің жұмысшы қозғалысының саяси сипатын бекерге шығарып, бүкіл қозғалыс тек қана экономикалық сипат алып отыр деп сендірмекші болғанын тағы да еске түсіре кетейік. Бірақ біз қазір мәселенің екінші жағына тоқталмақпыз.

Осы құбылысты біздегі либерал буржуазия қалай бағалайды?

«Орыс азаматтарының саяси санасының» (*санасының* ғана болатыны неліктен??) «негізгі тілектері қанағаттандырылмады»,— деп жазады «Речь».

«Жұмысшы табы қай жерде болсын қалалық демократияның ең елгезек және ең елігімпаз тобы... халықтың ең пәрменді тобы... Конституциялық жағдайларда... қалыпты саяси жағдайда... қазір, сыртқы қыншылықтарға байланысты, ерекше маңыз алып отырған өндіріс саласында ондаған мың жұмыс күндері (Путилов стачкасының салдарынан) жоғалмас еді» (№ 19).

Буржуазияның көзқарасы айқын. «Біз» империализм саясатын, басқаның жерін басып алуды тілейміз. «Бізге» стачкалар кедергі жасап отыр. «Біз» «жоғалған» жұмыс күндері үшін қосымша құннан айырылып отырмыз. «Біз» жұмысшыларды дәл Европадағыдай сияқты «бірқалыпты» қанағымыз келеді.

Тамаша, либерал мырзалар! Сіздердің тілектеріңіз заңды, сіздердің талаптарыңызды қолдауға біз дайын болар едік... егер... *егер* оныңыз құр сүлде, бос нәрсе болмаса!

«Речь» былай жалғастырады: «Пруссияның мемлекеттік адамдары (Пруссия помещиктері деп айту керек еді) *«социал-демократиялық партияны жария ету»* ісін бостандыққа тілектестігінен жасаған жоқ. Реформалар дер кезінде жасалса, тиісті жемісін береді».

Біздегі буржуазияның шегіне жеткен реформизмі, міне, осындай. Ол қынжылумен шектеледі, ол Пуришкевичтерді ренжітіп алмай, сендіргісі келеді, оларды шеттетпей, олармен татуласқысы келеді. «Социал-демократиялық партияны жария ету» ұраны өзінің *объективті* мәні тұрғысынан алғанда (яғни жекелеген топсымақтардың игі ниеттеріне қарамастан) осы бейшаралық, дәрменсіз буржуазиялық реформизмнің айырғысыз құрамдас бөлегі екені ой жүгірте білуші адамның қайсысына болса да айқын болуға тиіс.

Тек бір нәрсені ескертейік. Бисмарктың реформалар жүргізе алған бір ғана себебі — ол реформизм шеңберінен шығып кетті: оның «жоғарыдан» бірқатар «революциялар» жасағаны мәлім, ол дүние жүзіндегі ең бай елді тонап, 5 миллиард франк алды, ол көл-көсір алтынға және соғыста адам айтқысыз жеңістерге жетіп мас-

танған халыққа жалпыға бірдей сайлау правосы мен нағыз заңдылықты бере *алды*.

Сіздер, либерал мырзалар, Россияда осындай бір істердің болуы мүмкін деп ойлап отырған жоқсыздар ма?? Онда сіздер тіпті Архангельск земствосы туралы мәселе жайында («реформа» болса осындай болсын!) Россияда реформалардың болуын үмітсіз нәрсе деп неліктен жарияладыңыздар??

«Правда» № 23, 29 январь, 1913 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АШЫҚ ПАРТИЯ ТУРАЛЫ

Өзін жұмысшылар неғұрлым аз оқыса, интеллигенттер топтары арасында соғұрлым көбірек «даурыға» білетін «Луч» газеті *жұмысшылардың ашық партиясын* құру жөніндегі өз насихатын игілікті іске лайық ыждаһатпен жалғастырып отыр.

Бұл газеттің жаңа жылға арналған бас мақаласынан 1912 жыл «жұмысшы Россиясы үшін оның кезекті ұраны етіп және жауынгерлік туы етіп коалициялар бостандығы жолындағы күрес мәселесін және социал-демократиялық жұмысшы партиясының ашық түрде өмір сүруі жолындағы күрес мәселесін алға қойды» деген баз-баяғы өтірікті оқып отырмыз.

1912 жылғы бұқаралық жұмысшы қозғалысына шын мәнісінде қатысты болған және бұл қозғалыстың саяси бейнесін зер салып бақылаған адамның қай-қайсысы болса да «Лучтағы» жойымпаздардың бұл арада өтірік айтып отырғанын әбден біледі. Жұмысшылардың кезекті ұран және жауынгерлік ту етіп көтергені *басқа* болды. Мұның өзі, мәселен, май күндерінде, әр түрлі ағымдардағы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың *өздері* (тіпті социал-демократтар көпшілігінің арасында халықшылдар азшылығының қатысуымен) *басқа* ұран ұсынып, басқа «жауынгерлік ту» көтерген күндерде ерекше айқын көрінді.

«Лучтағы» интеллигенттер мұны біледі, бірақ олар *өзінің* сенімсіздігін, *өзінің* шолақ ұғымын, *өзінің* оппортунизмін жұмысшыларға таңғысы келеді. Белгілі, ескі

көрініс! Ал Россияда бұл сияқты бұрмалаушылық оның авторларының қолынан оп-оңай келетін себебі — мұның өзі белгілі areналарда «ашық түрде» көрінудің монополиясымен пайдаланады.

Бірақ «Лучтың» өтірігі өтірік күйінде қалады. Ал «Луч» бұдан әрі былай деп жалғастырған кезде, ол өтіріктің түбі тереңдей түседі:

> «1913 жылы жұмысшылар бұқарасын саяси жағынан жұмылдыруда нақ осы ұран негізгі ұран болады...»

Басқаша айтқанда: қазірдің өзінде *өзге* ұран көтерген жұмысшылар бұқарасына *қарамастан*, «Лучтағы» интеллигенттер ол ұранды қырнап, жырымдамақ! Ерік өздеріңізде — бірақ тек сіздер, мырзалар, тіпті де социал-демократиялық емес, либералдық іс істеп отырсыздар.

«Лучтың» «Правдамен» ашық партия туралы жуырда ғана таласқанын оқушы еске түсіріп көрсінші. Тіпті кадеттердің де ашық партия құра алмаған себебі не? — деп сұрады «Правда»*. Ал Ф. Д. «Лучта» былай деп жауап берді:

> Олардың уставын бекітпеген кезде «кадеттер өзінің тілегін утопия деп тапты», ал жойымпаздардың «қажырлы жоспарлы жұмысы, бір позициядан соң бір позицияны жеңіп алуы болды» (қараңыз: «Луч», № 73).

Көрдіңіз бе: Ф. Д. жауаптан жалтарды! Кадеттердің де қажырлы жұмысы болды, олар да жария әдебиет пен жария одақтарда «позициялар жеңіп алды». Бірақ тіпті кадеттердің де ашық *партиясы жоқ*.

Кадеттердің ашық партия туралы армандап, сөз етуін коймай отырған себебі не? Себебі, олар — контрреволюцияшыл либерал буржуазияның партиясы, бұл партия либералдарға белгілі бір болмашы жеңілдіктер алу үшін, «бейбіт» ашық конституциялық-демократиялық партиясына болмашы жеңілдік алу үшін Пуришкевичтермен *келісуге* даяр.

Үшінші июнь режимі заманында ашық партия туралы сөздердің объективті мәні, яғни игі тілектер мен әсем

* Қараңыз: осы том, 242-бет. *Ред.*

сөздерге қарамайтын мәні, міне, осындай. Бұл сөздер дәйекті демократиядан *безу* және Пуришкевичтермен *татулықты* уағыздау болып табылады.

Жойымпаздардың ашық партия құру уағызымен қандай *мақсаттар* көздейтіні, олардың қандай ниеті мен ойлары барлығы маңызды емес. Бұл субъективті мәселе: тамұқтың да «ізгі» ниетпен жасалғаны мәлім. Үшінші июнь режимі тұсында, ашық емес либералдық партия және т. т. тұсында ашық жұмысшы партиясын уағыздаудың объективті мәні қандай екендігі маңызды.

Ашық партия туралы жойымпаздық сөздердің осы объективті мәні — демократияның жалпы халықтық және негізгі шарттары мен талаптарынан безу болып табылады.

Сондықтан да әрбір саналы жұмысшы жойымпаздардың уағызына теріс қарайды, өйткені «ашық партия» туралы мәселе — *түбегейлі* мәселе, жұмысшы табы партиясының *өмір сүруінің өзі* туралы мәселе. Жойымпаздық уағыз жұмысшы партиясының нақ өмір сүруінің өзінің негізін әлсіретеді.

«Правда» № 24, 30 январь, 1913 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

САЙЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

IV Думаның сайлау науқаны тарихи кезеңге марксистердің 1911 жылдан бастап беріп келген бағасын растады. Бұл баға орыс контрреволюциясының тарихындағы бірінші кезең аяқталды дегенге саятын. Екінші кезең басталды, бұл кезеңге буржуазиялық демократияның «жеңіл отрядтарының» оянуы (студенттер қозғалысы), жұмысшылардың шабуылды экономикалық қозғалысы мен онан да гөрі шабуылды экономикалық емес қозғалысы және т. т. тән болды.

Экономикалық депрессия, контрреволюцияның жойқын шабуылы, демократия күштерінің шегінуі мен ыдырауы, «прогресшіл лагерьде» ренегаттық, «вехишілдік», жойымпаздық идеялардың етек алуы — бірінші кезеңнің (1907—1911) ерекшелігі, міне, осы. Ал екінші кезең болса (1911—1912) экономикалық жағынан да, саяси жағынан да, идеялық жағынан да бұған қарама-қарсы белгілері арқылы ерекшеленеді, бұл белгілер: өнеркәсіптің өрлеуі, бұрынғы күшімен немесе жігерімен, т. т. контрреволюцияның бұдан әрі шабуылға шығуға қабілетсіздігі, вехишілдік, ренегаттық, жойымпаздық ниеттерді *жасырынуға* мәжбүр еткен демократияның серпілуі.

1912 жылғы сайлау науқанын дұрыс бағалау үшін есте ұстау қажет болатын жағдайдың жалпы көрінісі осындай.

I. САЙЛАУДЫҢ «ЖАСАНДЫЛЫҒЫ»

IV Дума сайлауының көзге неғұрлым көбірек түсетін ерекше белгісінің өзі — бұл сайлауды үкіметтің үнемі бұрмалап отыруы. Біз бұл арада «сайлаудың жасандылығына» қорытынды шығару мақсатын көздеп отырғанымыз жоқ; бұл жөнінде *бүкіл* либералдық және демократиялық баспасөз әбден жеткілікті айтты; кадеттердің IV Думада қойған егжей-тегжейлі сұрағы да осы туралы айтып отыр; ұлан-ғайыр, саны жағынан барған сайын көбейіп отырған документті мәліметтер бір жерге жинақталған кезде бұл мәселеге арнап, сірә, ерекше мақала жазуымызға болар.

Ал қазіргі уақытта сайлаудың жасандылығының тек негізгі қорытындыларын және осы «жасандылықтың» басты саяси мәнін ғана атап көрсетеміз.

Дін басыларын либерал және октябристік помещиктерге қарсы жұмылдыру; — жазалаулардың он есе күшеюі және заңды масқара бұзушылық, бұл әрекеттердің қалалар мен деревнялардағы буржуазиялық демократияға қарсы бағытталуы;— дәл осындай амалдармен социал-демократиядан жұмысшы куриясын жұлып алу әрекеттері — 1912 жылы сайлауды жасанды етудің негізгі тәсілдері осындай. Бонапартизм саясатын еске түсіретін бүкіл осы саясаттың көздеген мақсаты Думада оңшыл-ұлтшылдық көпшілік құру еді, ал бұл мақсаттың дегеніне жетпегені жұртқа мәлім. Бірақ біздегі, бұлай дегенімізге кешірім етіңіз, парламентте үкімет бұрынғы, үшінші думалық жағдайын «сақтап» қала алды, біз мұны төменде көреміз: IV Думада екі көпшілік, оңшыл-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік қалды.

1907 жылғы 3 июнь сайлау заңы басқарудың — жалғыз ғана басқару емес — мемлекеттік жүйесін крепостниктік-помещиктердің буржуазияның жоғарғы топтарымен блок жасасуы негізінде «құрды», сонымен қатар бірінші айтылған әлеуметтік элемент бұл блокта орасан басымдылығын сақтады, ал осы элементтердің *екеуінен де* жоғары іс жүзінде тежелмеген ескі өкімет болды.

Бұл өкіметтің крепостниктіктің ғасырлар бойындағы тарихы жасаған ерекше табиғаты қандай болғанын және қандай болып қалатынын, т. т. қазір айтып жатудың керегі жоқ. Қандай болғанда да, 1905 жылғы өзгеріс, ескінің күйреуі, бұқара мен таптардың ашық, күшті бой көрсетулері белгілі бір әлеуметтік күштермен *одақ* жасасу жағын іздестіруге мәжбүр етті.

«Момақан», мужик жөнінде 1905—1906 жылдары болған үміттердің (булыгиндік және виттелік сайлау заңдары) астан-кестені шықты. Үшінші июнь системасы «күштілерге», помещиктерге және буржуазия шонжарларына «сенім артты». Ал енді III Думаның тәжірибесі бас-аяғы бір бес жылдың ішінде бұл «сенімнің» өзін де әлсірете бастады! 1907—1912 жылдардағы октябристердің жағымпаздығынан асқан жағымпаздық болады деп елестетіп те болмас, бірақ соның өзінде октябристер де «жағына алмады». Жаратылысы жағынан октябристерге барынша жақын ескі өкімет («бюрократия» деп аталатын) тіпті осылардың өзімен сыйыса алмады. Деревнядағы буржуазиялық саясат (9 ноябрьдегі заң) және капитализмге барынша жәрдемдесу — мұның бәрін сол баяғы Пуришкевичтер бағыттап отырды, ал нәтижелері мүлдем мардымсыз болып шықты. Жаңа аграрлық саясат арқылы, өкілдік мекемелердің жаңа жүйесі арқылы жаңғыртылған, жөнделген, әрленген пуришкевичшілдік дамуды бөгеп, бәрі-бәрін басып тұншықтыра берді.

Үшінші июнь системасында жарықшақ пайда болды. Мықты, берік, сыннан өткен тұтас әлеуметтік тірек жоқ кезде, әр текті элементтердің арасында амалдауға тура келетін кезде бонапартизм тәсілдерінің тарихи тұрғыдан болмай қоймайтыны сияқты, сайлаудың «жасандылығы» да сөзсіз болды. Егер демократиялық таптар дәрменсіз болса немесе уақытша себептерден ерекше әлсіреген болса, онда мұндай тәсілдер бірқатар жылдар бойына «табысты» болып отыруы мүмкін. Бірақ өткен ғасырдың 60-жылдарындағы Бисмарктің немесе III Наполеонның «классикалық» үлгілерінің өзі де мейлінше шұғыл өзгерістер жасамайынша (Пруссияда мұның өзі

«жогарыдан болған революция» және өте-мөте сәтті болған бірнеше соғыстар еді) істің жолы болмайтынын көрсетіп отыр.

II. ЖАҢА ДУМА

Сайлау нәтижелерін анықтау үшін IV Думаның партиялық құрамы жөніндегі ресми мәліметтерді алайық, бұл мәліметтерді III Думамен, оның өмір сүруінің соңғы кезімен ғана емес (1912 ж.), сонымен қатар бас кезімен де (1908 ж.) салыстырып көрейік. Бұдан сабақ боларлықтай мына жағдайды көреміз*:

	Үшінші Дума		Төртінші Дума
	1908 ж.	1912 ж.	
Оңшылдар	49	46	65
Ұлтшылдар және баяу-оңшылдар	95	102	120
Октябристер	148	120	98
Прогрессистер	25	36	48
Кадеттер	53	52	59
Ұлттық үш топ	26	27	21
Трудовиктер	14	14	10
Социал-демократтар	19	13	14
Партияда жоқтар	—	27	7
Барлығы	429	437	442

Бұл мәліметтерден шығатын бірінші қорытынды мынадай:— IV Думада бұрынғы екі көпшілік қалды: 283 даусы бар (65 + 120 + 98) оңшыл-октябристік және 226 даусы бар (98 + 48 + 59 + 21) октябристік-кадеттік көпшілік.

Самодержавиелік үкіметке Думада «өзінің» көпшілігі болғаны практикалық жағынан бәрінен де гөрі маңызды. Бұл жөнінен III Дума мен IV Думаның арасында-

* Мәліметтер Дума басылымдарынан алынды: 1908 жылғы «Көрсеткіш»; 1912 жылғы «Анықтауыш» және «Мемлекеттік (IV) думаның анықтауыш листогы», 1912, № 14, 2 декабрь, 1912 ж., 1912 жылдың 1-декабріне дейінгі түзетілген мәліметтер.— Ұлттық үш топ: поляктар, белорустар және мусылмандар.

ғы айырмашылық болмашы ғана. III Думада оңшыл-октябристік көпшілік бас кезінде 292 дауыс болды, аяқ кезінде 268 дауыс болды. Қазір осы цифрлардың тең ортасы келіп шықты: 283.

Бірақ III Думаның бас кезінен бастап аяқ кезіне дейін оңшыл көпшіліктің мықтап құлдырағандығы соншалық, үкімет, самодержавиелік үкімет болып қала отырып, сайлауды жасанды етудің тотенше шараларын қолданбай тұра алмады. Бұлай қолдан жасау — кездейсоқтық емес, системадан шегінгендік те емес, Мейендорфтар, Маклаковтар және $К^0$ мәселені осылай етіп көрсетуді тәуір көреді, қайта мұның өзі «системаны» қолдау үшін қажетті нәрсе.

Маклаков бастаған либерал мырзалар, сіздер «өкіметтің елмен» (яғни буржуазиямен) «ымыраға келуі» туралы айтып отырсыздар ма? Ал егер бұлай болатын болса, онда екінің бірі. Не сіздердің *ымыраға келу жөніндегі сөздеріңіз* бос сөз емес,— онда сіздер «сайлаудың жасандылығын» да мойындауларыңыз керек, өйткені нақтылы өкіметпен ымыраға келудің нақтылы шарты осындай. Сіздер «нақтылы саясатқа» соншалық әуес адамсыздар ғой! Не *сіздердің* «сайлаудың жасандылығына» қарсы *наразылықтарыңыз* бос сөз емес,— онда сіздер ымыраға келу туралы емес, қайта ымыраға келуге мүлде ұқсамайтын басқа бір нәрсе туралы айтуға тиіссіздер...

Үшінші июнь системасының екінші көпшілігі: октябристік-либералдық көпшілік III Думаның бас кезінде 252 дауыс болды, оның аяқ кезінде 235 дауыс болды да, IV Думада төмендеп 226 дауысқа түсті. Демек, істің шын мәнісіне келгенде, үкіметтің «сайлау науқаны» сәтті болды; үкімет практика жүзінде тағы да өзінің самодержавиесін дәлелдеп, өзінің дегеніне жетті. Өйткені оңшыл-ұлтшылдық көпшілік туралы даурығу тек қойылған сұрақты саудаға салу ғана болды. Ал шындығына келгенде үкіметке бұл екі көпшіліктің екеуі де керек, өйткені бұлардың *екеуі де* контрреволюциялық негіздегі көпшілік.

Либералдар болса демократияны алдап соғу үшін, ал либералдық жұмысшы саясатшылары (жойымпаздар)

болса зердесіздіктен бүркемелеп отырған бұл соңғы жағдайды көбірек баса көрсете бермесе де болады. Родзянконы сайларда мейлінше айқын байқалған кадеттердің октябристермен жасасқан блогы (ал Родзянконың сөйлеген сөзі жөнінде «Речьтің» жазған ерсі, құлшылдық сылдыр сөздерінде бұл блок, сірә, онан бетер айқын көрінді),— міне, бұл блок әсте де тек қана «техникалық» іс емес. Бұл блок жалпы алғанда, Гучковтан бастап Милюковқа дейін, буржуазияның контрреволюциялық пиғылдарының бірлігін білдіреді; бұл блок тек осындай пиғылдардың арқасында ғана болуы мүмкін.

Екінші жағынан, үшінші июнь режимінің бүкіл системасы тұрғысынан қарағанда үкіметке де либералдық-октябристік көпшілік қажет. Өйткені III (және IV) Дума әсте де «осал» мекеме емес, ропшиндік қайғырып-қамығу[171] мен «шақырымпаздық» сылдыр сөздің батпағына белшесінен батқан «солшыл» халықшылдар екінің бірінде Думаны осындай мекеме деп мылжыңдайды. Жоқ. III және IV Дума — самодержавиенің дамуындағы, буржуазияның дамуындағы кезең,— 1905 жылдың жеңістері мен жеңілістерінен кейін олардың іс жүзінде жақындасуының қажетті әрекеті. Сондықтан бұл әрекеттің сәтсіздігі Столыпин мен Макаровтың ғана, Марков 2-ші мен Пуришкевичтің ғана емес, *соңымен қатар «ымыраластырушы» Маклаковтың $К^0$-мен бірге де* сәтсіздікке ұшырауы болмақ!

Пуришкевичтердің құдіреттілігін сақтай отырып, Россияны ілгері жетектеуге тырысу үшін үкіметке либералдық-октябристік көпшілік қажет. Ал айрықша шапшаң, тым пысық либералдық-октябристік «прогрессизмді» үкіметтің ауыздықтайтын, жуасытатын құралдары керегінше жетіп жатыр: Мемлекеттік совет т. б., толып жатқан басқалары да бар...

III. ҮШІНШІ ИЮНЬ СИСТЕМАСЫ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Жоғарыда келтірілген мәліметтер контрреволюция дәуіріндегі помещиктер мен буржуазия арасындағы саяси партиялардың, топтар мен ағымдардың эволюциясы туралы мәселе жөнінде қызықты материал болып та-

былады. III және IV Думаның құрамы буржуазиялық (шаруалық) демократия жөнінде де, жұмысшы демократиясы жөнінде де ештеңе көрсетпейді деуге болады, мұның айқын себебі сол, үшінші июнь системасы демократияға жол бермеу үшін әдейі жасалған. Сол сияқты «ұлттық» партияларды да, яғни «үстем» халықтың партиясы емес партияларды да 3 июнь әдейі езіп, тұншықтырды.

Сондықтан біз оңшылдарды, октябристер мен орыс либералдарын ғана — үшінші июнь системасында берік орнығып алған және сол система арқылы демократиядан қорғалған партияларды ғана — бөліп алып, осы партиялардың ішіндегі өзгерістерді қарастырып көрейік.

	Үшінші Дума 1908 ж.	Үшінші Дума 1912 ж.	Төртінші Дума	Төртінші Думаны үшінші Думаның бас кезімен салыстыру
Оңшылдар	144	148	185	+41, яғни +28%
Октябристер	148	120	98	−50 » −34%
Либералдар (прогр. және кадеттер)	78	88	107	+29 » +37%

Артықша дәрежедегі жіктердің арасында «центр» дейтіннің қалай әлсіреп бара жатқаны және бұл жіктердің оң және либералдық қанатының қалай күшейіп бара жатқаны осыдан айқын көрініп отыр. Бір қызығы, сайлауды оңшылдардың пайдасына бұрмалау үшін үкіметтің қолданған ең шұғыл шараларына қарамастан, помещиктер мен буржуазияның арасында либералдардың көбеюі оңшылдардың өсуінен *тезірек* болып отыр.

Осы фактілерді еске алып, үшінші июнь системасының қайшылықтары шиеленісіп отыр, баяу-буржуазиялық прогрессизм болашақта салтанат құрады, т. т. деп көпірме сөздер айтуға құмар адамдар бар. Бұл адамдар мына жайларды ұмытып жүр: 1-ден, егер помещиктердің арасында және әсіресе буржуазияның арасында либералдар көбейетін болса, онда өзінің бүкіл саясатын түгелінен оңшылдармен «ымыраға келу» негізінде құратын либералдардың оң қанаты бәрінен

де тез өседі. Бұл жөнінде біз қазір толық айтамыз. 2-ден, бұл адамдар «буржуазияның» аты шулы «солшылдануы» демократияның шын мәнінде солшылдануының белгісі ғана екенін ұмытып жүр, ал режимді елеулі түрде өзгертуге *жалғыз осы демократия ғана* қозғаушы күштер бере алады. 3-ден, бұл адамдар мынаны ұмытып жүр: либерал буржуазияның және помещиктер реакцияшылдығының бүкіл демократиямен, әсіресе жұмысшы табымен әлдеқайда неғұрлым терең *ортақ* антагонизмі болып отырғанда үшінші июнь системасы әдейі сол либералдық буржуазияның және помещиктер реакцияшылдығының антагонизміне өте кең түрде пайдалануға бағытталып жасалған.

Онан соң. Біздегі либералдар істің жайын октябристердің күйреуі, былайша айтқанда, «ең соңғы үкімет билігінің партиясы» болған осы партияны қолдаусыз қалдырған «сайлаудың жасандылығынан» болды, т. т. деп көрсетуге әуес. Әрине, бұлай дегенде либералдардың өздері адал оппозицияның, тәуелсіз адамдардың, керек десе «демократтардың» ролінде бола кетеді, ал шындығына келгенде қайсы бір Маклаковтың октябристерден айырмашылығы мүлдем сағым сияқты нәрсе.

III Думаның бас кезі мен аяқ кезінің арасында болған өзгерістермен салыстырғанда III Дума мен IV Думаның арасында болған өзгерістерге қарап көріңіз. Сонда сіздер мынаны көресіздер: III Думаның ішінде октябристік партия IV Дума сайлауындағыға қарағанда (22) өзінің көп мүшелерінен айырылып қалды (28). Әрине, мұның өзі «сайлау жасандылығы» болған жоқ деген сөз емес; жасандылықтың өзі тіпті өрескел көлемде, әсіресе демократияға қарсы істелді. Бірақ мұның өзі, сайлаудың қандайлық жасанды болуына қарамастан, тіпті үкіметтің ықпал жасауына және жалпы алғанда «саясатқа» қарамастан, Россияның дәулетті таптарының арасында партиялық межелену процесі, контрреволюцияның оң, крепостниктік-реакцияшыл қанатының *дәл сол* контрреволюцияның либералдық-буржуазиялық қанатынан іргесін бөлу процесі жүріп жатыр деген сөз.

Октябристік-либералдық көпшіліктің (солшыл октябристер, прогрессистер, кадеттер) ішіндегі айырмашылықтар сияқты, Думаның оңшыл-октябристік көпшілігінің (оңшылдар, ұлтшылдар, баяу-оңшылдар, «центр», оңшыл октябристер, т. с.) жекелеген топтары мен фракцияларының арасындағы айырмашылықтар да тұрақсыз, екі ұшты, кездейсоқ, екінің бірінде қолдан бұрмаланған айырмашылықтар. Басымыздан кешіріп отырған заманға тән сипат әсте де үкіметке тәуелді октябристерді бейне тәуелсіз (сондағысы Маклаков қой!) конституционалист-демократтың ығыстырып отырғандығы емес. Мұның өзі либералдардың есуас ертегісі.

Тән сипат сол, нағыз таптық партиялардың құрылу процесі жүріп жатыр, атап айтқанда «өкіметтің елмен ымыраға келуі» деген айқын оппозициялық даурығулар мен тәтті сөздерді пайдаланып, контрреволюцияшыл либерализм партиясы топтасып жатыр.

Россияда барынша кең тараған либералдық баспасөз бұл процесті бүркемелеу үшін бар күшін салуда. Сондықтан біз думалық статистиканың дәлме-дәл мәліметтеріне тағы да жүгінеміз. Жеке адамдар сияқты, партиялар туралы да олардың сөздеріне қарап емес, істеріне қарап пікір айту керек екенін есте ұстаймыз. *Іс жүзіне келгенде* кадеттер мен прогрессистер неғұрлым маңызды деген нәрселердің бәрінде де бірге болып отыр, ал бұлардың екеуі де III Думада да, IV Думада да, жуырда біткен сайлауда да (Екатеринослав губерниясы: Родзянконың кадеттермен блогы!) толып жатқан мәселелер жөнінде октябристермен бірге болды.

Ал енді осы үш партия жөніндегі мәліметтерге қарап көрейік:

	Үшінші Дума		Төртінші Дума	Төртінші Думаны үшінші Думаның бас кезімен салыстыру
	1908 ж.	1912 ж.		
Октябристер	148	120	98	−50, яғни −34%
Прогрессистер	25	36	48	+23 » +92%
Кадеттер	53	52	59	+6 » +11%

Біз октябристердің орасан және үздіксіз азайғандығын;— кадеттердің болмашы азайғандығын, онан кейін аздап көбейгендігін;— *прогрессистердің орасан және үздіксіз көбейгендігін,* 5 жыл ішінде бұлардың *санының екі есе дерлік өскенін* көріп отырмыз.

Егер біз 1908 жыл үшін 1912 жылғы «Ежегодник Речидің» 77-бетінде Милюков мырзаның хабарлап отырған мәліметтерін алатын болсақ, онда жағдай мұнан да гөрі айқынырақ болған болар еді. Милюков мырза 1908 жылы III Думада 154 октябрист, 23 прогрессист және 56 кадет болды деп есептейді. IV Думамен салыстырғанда мұның өзі кадеттер санының мүлде болмашы көбейгенін, прогрессистер санының екі *еседен аса өскенін* көрсетеді.

Прогрессистер 1908 жылы кадеттерден екі еседен аса әлсізірек болды. Қазір прогрессистердің саны кадеттер санының 80 процентінен астам болып отыр.

Демек, мынадай даусыз факт келіп шығады: контрреволюция кезінде (1908—1912 жылдары) орыс либерализміне *барынша тән болған нәрсе* — прогрессизм орасан өсті.

Ал прогрессистер деген не?

Өзінің құрамы жағынан да, өзінің идеологиясы жағынан да, мұның өзі — *октябристердің кадеттермен қосындысы.*

Прогрессистер III Думада әлі бейбіт жаңартушылар[172] деп аталып жүргенде олардың көсемдерінің бірі, контрреволюцияшыл дворянсымақ Львов, I Думада кадет болатын-ды. III Думада прогрессистердің саны, біз жоғарыда көргендей, 25-тен 36-ға дейін, яғни 11 адамға көбейді; бұл 11 депутаттың 9-ы прогрессистерге басқа партиялардан көшті, атап айтқанда: 1-і кадеттерден, 2-і баяу-оңшылдардан, 1-і ұлтшылдардан және 5-і октябристерден көшті.

Орыс либерализмінің саяси өкілдерінің арасынан прогрессистердің тез өсуі мен «Вехидің» «қоғам» арасындағы табысы, мұның өзі — бір медальдың екі жағы. «Вехи» революцияны даттап-сөгіп, демократиядан безіп, буржуазияның жиркенішті баюын тәңірінің жер бетіндегі ісі, т. т., т. с. деп мадақтап, теорияда нені

уағыздаса, прогрессистер практикалық саясатта соны жүзеге асырып отырды.

Кадет Маклаков өкіметтің елмен ымыраға келуі туралы тілін безеген кезде, ол тек прогрессистердің істеп отырған ісін мадақтайды.

Біз 1905 және 1906 жылдардан неғұрлым қашықтаған сайын кадеттердің «жеңіске» барынша мастанған сәтінде оларды әшкерелеп, олардың партиясының қазір оқиғаның күллі барысы бірден-бірге айқын ашып беріп отырған нағыз мәнін жұртқа көрсетіп*, большевиктердің сол кезде әбден дұрыс істегені соғұрлым айқын бола түседі.

Егер кадеттердің бұқара арасындағы «беделін» үзілді-кесілді әлсіретпесе, орыс демократиясы бірде-бір жеңіске жете алмайды. Және мұның керісінше, кадеттердің вехишілдермен және прогрессистермен іс жүзінде қосылып кетуі пролетариаттың басшылығымен демократияның топтасуы мен нығаюының шарттары мен нышандарының бірі болып табылады.

IV. САЙЛАУДА КҮРЕС НЕ ҮШІН БОЛДЫ?

Сайлау туралы пікірлер мен мақалалардың басым көпшілігінде бәрінен гөрі осы мәселе екінші қатарға сырғытылып жүр немесе тіпті мүлде көмескіленіп жүр. Ал шынында мұның өзі сайлау науқанының идеялық-саяси мазмұнын көрсететін мәселе, ең маңызды мәселе, оның басын ашып алмайынша өзге мәселелердің бәрінің де, «оппозицияның проценттері» туралы әдеттегі мәліметтердің, т. б. бәрінің де мүлде құны кетеді.

Бұл мәселеге берілетін ең көп тараған жауап: күрес конституция бола ма әлде болмай ма дегеннің төңірегінде жүрді дейтін жауап. Оңшылдар осылай қарайды. Либералдар осылай қарайды. Бүкіл оңшыл, бүкіл либералдық баспасөздің көзқарасы — шынына келгенде екі лагерь күресті: біреуі конституцияны жақтады, екіншісі конституцияға қарсы күресті. Конституциялық-демократиялық партияның көсемі Милюков мырза

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 283—372-беттер. *Ред.*

және бұл партияның ресми органы «Речь» тура осы екі лагерь теориясын ұсынды, ұсынғанда конституциялық-демократиялық партия конференциясының атынан ұсынды.

Ал енді осы «теорияға» сайлау қорытындысының тұрғысынан қарап көріңіз. Бұл «теория» өмір шындығының сынынан қалай өтті?

Жаңа Думаның бірінші қадамы Родзянконың «конституциялық» кандидатурасы жөнінде кадеттердің октябристермен (керек десе тіпті оңшылдардың бір бөлегімен) блок жасауымен басталды, ал Родзянконың бейне конституциялық программа болып табылатын сөзін кадеттер сүйсіне құттықтады*.

«Центр фракциясының» немесе консервативтік конституционалистердің көсемі Крупенский сияқты, оңшыл октябристердің қатарына жатқызылып жүргені жұртқа мәлім октябристердің көсемі Родзянко да өзін конституцияшылмын деп есептейді.

Күрес конституция үшін болды деу дәнеңе айтпау деген сөз, өйткені бұлай дегенде бірден-ақ: әңгіме *қандай* конституция туралы болып отыр? Крупенскийдің рухындағы конституция туралы ма? әлде Родзянконың рухындағы ма? немесе Ефремов — Львовтың рухындағы ма? әлде Маклаков — Милюковтың рухындағы ма?— деген сұрақ туады. Ал бұдан әрі онан да гөрі маңызды мәселе, қағаз жүзінде қалатын тілектер, мәлімдемелер, программалар туралы мәселе емес,— қайта тілекке жетудің шын *құралдары* туралы мәселе алға қойылады.

Бұл ең басты (және бірден-бір елеулі) пункт жөнінде Гредескул мырзаның 1912 ж. (№ 117) «Речь» көшіріп басқан: жаңа революцияның қажеті жоқ, «тек конституциялық жұмыс» керек деген мәлімдемесі теріске шығарылмаған және теріске шығарылмайтындай дұрыс мәлімдеме болып қалады. Бұл мәлімдеме кадеттерді октябристермен *идеялық-саяси* жағынан консти-

* «Речьтің» сол кездегі мақалаларынан басқа Милюков мырзаның 1912 ж. 13 декабрьде Думада жасаған мына мәлімдемесін қараңыз: «Председатель (Родзянко) сөз сөйледі,.. өзінің декларациясын мәлімдеді, *мұны біз өз декларациямыз деп таныдық»* («Речь», 14 декабрьдегі 343-номері)!! Кадеттердің конституциялық (ойнамаңыз!) *декларациясы*, міне, қандай десеңізші!

туцияға, тіпті... демократияға да адалмыз, біздерді айыратын осы адалдығымыз деген мың мәртебе сендірулерден гөрі әлдеқайда берік, терең біріктіреді.

Россияда оқылатын барлық газеттердің, сірә, 90 процентіне жуығы октябристік және либералдық басылымдар болып отыр. Біреуі конституцияны жақтайды деген екі лагерь туралы пікірді оқушылардың құлағына құйып, бұл баспасөздің бәрі бұқараның саяси сапасын барынша аздыратындай әсер етіп отыр. Мына жағдайды ойластырып қараса болғаны: бұл науқанның бәрі Милюков қабылдайтын Родзянконың «конституциялық» декларациясымен аяқталып жүр!

Істің жайы осылай болып отырғандықтан, саяси ғылымның ежелгі — және жұрттың көбі ұмытқан — ақиқаттарын қайталауды барынша талап ете беруге болмайды. Конституция дегеніміз не? — Россиядағы *көкейтесті* мәселе, міне, осы.

Конституция дегеніңіз ескі (дворяндық, крепостниктік, феодалдық, абсолюттік) қоғамның тарихи күштері мен либерал буржуазияның арасындағы келісім. Бұл келісімнің нақтылы шарттары, ескінің жасайтын жеңілдіктерінің шамасы немесе либерал буржуазияның жеңістерінің көлемі анықталғанда ескінің күштерін демократияның, қалың халық бұқарасының (және ең алдымен жұмысшылардың) жеңуінің табыстарымен анықталады.

Біздегі сайлау науқаны Родзянконың «декларациясын» Милюковтың қабылдауымен аяқтала алған себебі тек мынадан: *іс жүзінде* либерализм ескінің *артықшылықтарын* (экономикалық, саяси, т. т.) жоюды көздемейді, қайта *бұл артықшылықтарды* (қысқаша айтқанда) помещиктер мен буржуазия арасында *бөлісуді* көздейді. Либерализм реакциядан гөрі, демократияның халықтық, бұқаралық қозғалысынан көбірек қорқады: капиталдың экономикалық күшінің тұрғысынан қарағанда, либерализмнің саясаттағы ғажап *дәрменсіздігі*, міне, осыдан туады.

3 июнь системасында либерализмнің төзерлік, жартылай жария оппозицияға монополиясы бар, ал жаңа саяси жанданудың (тым әлсіз, дәл емес сөзді қолданып отыр-

мыз) басталуы жетіліп келе жатқан жаңа демократияның қалың топтарын осы монополистердің ықпалына түсіріп отыр. Сондықтан Россиядағы саяси бостандық туралы мәселенің бүкіл *мәні* қазір екі лагерь емес, үш лагерьдің күресіп отырғандығын айқындап алуға тіреліп отыр, өйткені либералдар бүркемелеп отырған тек осы соңғы лагерьдің ғана саяси бостандықты жүзеге асыруға шынымен *күші бар*.

1912 жылғы сайлауда күрес әсте де «конституция үшін» болған жоқ, өйткені көбінесе октябристерге шабуыл жасап, соларды соққылаған басты либералдық партия болып табылатын кадеттер Родзянконың декларациясына қосылды. Үшінші июнь системасының полицейлік қыспақтары қусырған күрес *дербес*, либерализмнің ауытқушылықтары мен «октябристік тілектестігіне» тәуелді емес *демократияның* оянуынан, нығаюынан, топтаусынан барын болды.

Міне, сондықтан да сайлау науқанының нағыз идеялық-саяси мазмұнын *тек қана* «парламенттік» тұрғыдан алып қарау негізгі қателік болып табылады. 1912 жылды есте қаларлық еткен саяси стачкалық қозғалысқа түрлі партиялар мен топтардың қалай қарағандығы туралы мәселе барлық «конституциялық» программалар мен платформалардан жүз есе нақтылырақ болып отыр.

Кез келген елдің буржуазиялық партияларын пролетарлық партиялардан айыру үшін сынап көретін ең таңдаулы құралдардың бірі: экономикалық стачкаларға көзқарас. Белгілі бір партия өзінің баспасөзінде, өзінің ұйымдарында, өзінің парламентте сөйлейтін сөздерінде жұмысшылармен бірігіп экономикалық стачкаларда күреспейді екен,— онда бұл партия өзінің «халықтығымен», өзінің «радикалды социализмімен», тағы сондайларымен қаншама ант етсе де, буржуазиялық партия болып табылады. Россияда, mutatis mutandis (тиісті өзгерістерімен), демократиялы партиялармыз деп атангысы келетін партиялар жөнінде де осыны айту керек: сен пәлендей қағазда конституцияны, жалпыға бірдей сайлау правосын, коалициялар бостандығын, ұлттардың тең праволылығын, т. с. жаздым

деп құдайды аузыңа алып ант етпей-ақ қой, бұл *сөздердің* бағасы *бір тиын,* онан да сен маған 1912 жылғы саяси стачкалық қозғалыс жөніндегі істеген *істеріңді* көрсет! Бұл өлшем де *әлі* толық өлшем *емес,* бірақ дегенмен мұның іске қатысы бар өлшем, құрғақ уәде емес.

V. САЙЛАУ ҰРАНДАРЫНЫҢ ӨМІРДЕ СЫНАЛУЫ

Сайлау науқанының әрбір саналы саяси қайраткер үшін барынша көңіл қоярлық нәрсе болып табылатын себебі, бұл науқан қоғамның түрліше *таптарының* көзқарастары, ниет-пиғылы, демек, мүдделері туралы мәселе жөнінде *объективті* материал береді. Өкілдік мекеменің сайлауын бұл тұрғыдан халық санағымен салыстыруға болады: сайлау саяси статистика береді. Әлбетте, бұл статистиканың жақсысы да болады (жалпыға бірдей, т. т. сайлау правосының тұсында), жаманы да болады (біздегі, бұл сөзіміз үшін кешіре көріңіз, парламент сайлауы); әлбетте, қандай да болсын басқа статистика сияқты, бұл статистиканы да сынай білу керек, сынап пайдалана білу керек. Әлбетте, ақырында, бұл статистиканы жалпы алғанда бүкіл әлеуметтік статистикамен байланысты түрде алып қарау керек, сондықтан мәселен, кімде-кім парламенттік кретинизм ауруына шалдықпаған болса, ондай адам үшін стачкалар статистикасы екінің бірінде сайлау статистикасынан гөрі жүз есе елеулі және терең мағыналы болып шығады.

Бірақ осы ескертулердің бәрінен кейін күмәнсыз болатын нәрсе мынау: сайлау *объективті* материал береді. Түрлі таптарға жататын халық *бұқарасының* дауыс беруін есепке алу арқылы субъективті тілектерді, ниет-пиғылдарды, көзқарастарды тексеру ісі саясатшы үшін, бұл сөздің азды-көпті елеулі мағынасында қолданғанда, әрдайым да бағалы болуға тиіс. Партиялардың іс жүзіндегі, сайлаушы алдындағы, сайлау қорытындысының есебін шығара отырып, жүргізген күресі — әрдайым да ел ішіндегі қоғамдық күштердің ара салмағының қандай екенін, белгілі бір «ұрандардың»

маңызы қандай екенін біздің қалай түсінетінімізді *тексеретін* материал беріп отырады.

Сайлаудың қорытындыларына біз енді осы тұрғыдан зер салуға тырысып көреміз.

Саяси статистика туралы мәселе жөнінде бұл арада айтуға тура келетін басты нәрсе—әкімшілік «шараларын»: «түсіндірулерді», қысым жасауды, қамауға алуды, жер аударуды және ұшы-қиыры жоқ тағысын тағы сондайларды мейлінше ұятсыздықпен қолданудың салдарынан бұл статистиканың көпшілігінің көрінеу жарамсыз болып отырғандығы. Мәселен, түрлі курияларлардағы бірнеше жүз сайламшы жөніндегі мәліметтер бойынша «Наша Заряның» 9—10-номерінде қорытынды шығарушы Череванин мырза: 2-қалалық курия мен шаруалар куриясындағы оппозициялық сайламшылар проценттінің кемуін (III Дума сайлауымен салыстырғанда) оңшылданудың дәлелі деп білу *«кісі күлерлік болар еді»* деп мойындауға мәжбүр болды. Мымрецовтар, Хвостовтар, Толмачевтар, Муратовтар және К⁰ бұрмалап айла-шарғы *жасай алмаған* бірден-бір курия—1-қалалық курия болды. Ал осы курия октябристердің 20 проценттен 12 процентке дейін төмендеп, ал оңшылдардың 24 проценттен 21 процентке дейін төмендеп отырған жағдайында «оппозициядағы» сайламшылар санының 56 проценттен 67 процентке дейін өскендігін көрсетті.

Бірақ егер «түсіндірулер» сайлау статистикасының сайламшылар жөніндегі маңызын жоққа шығарса, егер артықша дәрежедегі үшінші июньдіктердің қатарынан жалпы *шығарылып тасталған* демократияшыл таптар осы түсіндірулердің бар рақатын өз бастарынан кешірген болса, *онда* либерализмнің демократияға *көзқарасы* дегенмен өзін сайлауда білдірді. Бұл пункт бойынша дегенмен объективті материал алынды, бұл материал сайлауға *дейін* түрлі «ағымдардың» не ойлап, не айтқандарын өмір тәжірибесі арқылы тексеріп қарауға мүмкіндік береді.

Либерализмнің демократияға көзқарасы жөніндегі мәселе әсте де «тек қана партиялық» мәселе емес, яғни қатаң партиялық бағыттардың бірінің тұрғысынан

ғана мәнді болып табылатын мәселе емес. Жоқ. Бұл мәселе — Русьте саяси бостандыққа ұмтылатын адамдардың *қай-қайсысы* үшін де ең мәнді мәселе. Бұл мәселе, атап айтқанда, Россиядағы жөні түзу, адал адамдардың бәрінің ортақ тілектерінің көздейтін нәрсесіне *қалай* жету керек деген мәселе.

1912 жылы сайлау науқанын бастағанда, марксистердің ең негізгі алға қойғаны либералдық жұмысшы саясатына қарама-қарсы *дәйекті* демократизм ұрандары болды. Бұл ұрандарды екі жолмен: 1-ден, басқа елдердің пікірі, тәжірибесі арқылы; 2-ден, 1912 жылғы *науқанның тәжірибесі* арқылы сынауға болады. Марксистердің ұрандары дұрыс па әлде теріс пе, мұның өзі қазір либералдар мен демократтардың арасында *іс жүзінде* қандай қатынас орнағанынан көрінуге тиіс. Ұрандарды бұлай сынаудағы объективизмнің өзі де мынада: бұл ұрандарды біздер өзіміз сынағанымыз жоқ, *бұқара* сынады, тегі бұқара ғана сынап қойған жоқ, атап айтқанда *біздің қарсыластарымыз* да сынады.

Сайлаудың үстінде және сайлаудың қорытындысында либералдар мен демократияның қатынастары марксистердің ойлағанындай болып қалыптасты ма? әлде либералдардың ойлағанындай болды ма? әлде жойымпаздардың ойлағанындай болды ма?

Бұл мәселенің байыбына бару үшін, алдымен осы «ойларын» еске түсірейік. 1912 жылдың ең бас кезінде, сайлау туралы мәселе енді ғана көтерілген кезде, кадеттер (өздерінің конференциясында) бірыңғай оппозиция ұранын (яғни *екі лагерьдің* оппозициясы) және солшыл октябристермен блок жасасуға болады деген ұранды көтерген кезде,— жұмысшы баспасөзі «Живое Делода» Мартов пен Данның мақалаларында, «Звездада» Ф. Л—коның және басқалардың мақалаларында (№№ 11 (47) және 24 (60), ал «Живое Дело» №№ 2, 3 және 8) ұрандар туралы мәселе көтерді.

Мартов: «реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыру керек»; Дан —«Думаны реакцияның қолынан жұлып алу керек» деген ұран ұсынады. Мартов пен Дан «Звезданы» либералдарды *қорқытты,* либералдар-

ды *қорқытып* Думадан орын алуға тырысты деп кінәлады.

Үш позиция айқындала түсті:

1) Кадеттер бірыңғай оппозицияны жақтады (яғни 2 лагерь жағында болды) және солшыл октябристермен блоктар жасасуға жол беру жағында болды.

2) Жойымпаздар: «Думаны реакцияның қолынан жұлып алу» ұранын, кадеттер мен прогрессистердің «өкіметке өтуін» жеңілдету (Мартов «Живое Делоның» 2-номерінде) ұранын жақтады. Демократтар үшін либералдардан *қорқыту жолымен* орын алынбасын деді.

3) Марксистер: «Думаны реакцияның қолынан жұлып алу» ұранына қарсы болды, өйткені мұның аты *помещикті* реакцияның қолынан жұлып алу деген сөз. «Біздің сайлаудағы практикалық міндетіміз тіпті де «реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыру» емес, жалпы алғанда демократияны, әсіресе жұмысшы демократиясын күшейту» (Ф. Л—ко «Звезданың» 11 (47) номерінде)*. Либералдарды *қорқыту* керек, олардан орынды *қорқытып алу* керек, қаражүздік қауіп жөніндегі айқай-шу арқылы үркітуден қорықпастан, либералдарға қарсы таласқа бару керек (мұны да жазған сол адам, № 24 (60)**). Либерализмнің ауытқуларына *қарамастан*, демократия жеңіп шыққан *кезде ғана* либералдар «өкіметке өтеді».

Ымыраға келмейтін нәрсені сөз жүзінде ымыраластыру түрлі ақ көңіл адамдарға қаншама оп-оңай болып көрінгенімен де, марксистер мен жойымпаздардың арасындағы пікір алалығы өте терең және ымыраға келмейтін алалық. «Думаны реакцияның қолынан жұлып алу» — мұның өзі тұтас бір идеялар тобы, *объективті* жағынан қарағанда гегемонияны либералдарға беру болып табылатын саясаттың тұтас бір жүйесі. «Демократияны либералдардың қолынан жұлып алу» — саясаттың бұған қарама-қарсы жүйесі, бұл жүйе либералдарға тәуелді болудан құтылған демократия ғана *іс жүзінде* реакцияны әлсіретуге *қабілетті* дегенге сүйенеді.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 176-бет. *Ред.*
** Қараңыз: бұл да сонда, 254-бет. *Ред.*

Ал енді басталмай *тұрып* жұрт неше саққа жүгірткен тартыстан іс жүзінде не шыққанын қарап көріңіз.

Тартыстың нәтижелерін айқындайтын куә есебінде «Наша Зарядағы» (№ 9—10) В. Левицкий мырзаны алайық,— сірә, *бұл* куәны «Звезда» мен «Правданың» бағытына іш тартады деп ешкім де шүбәланбас.

Жұртқа мәлім, «европалық» сайлауларға алыс та болса ұқсастығы болған және либерализм мен демократияның «кездесулері» туралы қорытынды шығаруға тіпті аз да болса мүмкіндік беретін бірден-бір курия болып табылатын 2-қалалық курияда болған тартыстың нәтижелерін бұл куә, міне, былайша анықтайды.

Куә социал-демократтар 63 рет дауысқа түсті деп есептеген, мұның 5 ретінде кандидатурадан бас тартуға *мәжбүр* болған, 5 ретінде басқа партиялармен келісім жасалған және 53 рет дербес түскен. Осы 53 рет дауысқа түсудің ішінен 4-і 4 ірі қалада және 49-ы сайламшыларды сайлау кезінде болған.

Осы 49 реттің 9-да социал-демократтардың кімге қарсы күрескені белгісіз; 3 ретінде — оңшылдарға қарсы күрескен (3 жеңістің үшеуі де социал-демократтардікі); 1 ретінде трудовиктерге қарсы күрескен (социал-демократтар жеңіп шыққан); *қалған 36 ретінде — либералдарға қарсы* күрескен (социал-демократтар 21 рет жеңді; 15 рет жеңілді).

Орыс либералдарын бөліп алғанда, социал-демократтардың оларға қарсы 21 рет күрес жүргізгенін көреміз. Мұның нәтижелері мынадай:

	Жеңгені *социал-демократтар*	*социал-демократтарға қарсылар*	*Барлығы неше рет күрес болды*
Социал-демократтар кадеттерге қарсы	7	8	15
» басқа либералдарға қарсы*	4	2	6
Барлығы	11	10	21

Сонымен, социал-демократтардың басты қарсыласы *либералдар* болды (3 ретке қарсы 36 рет); социал-де-

* Прогрессистер және кадеттер прогрессистермен немесе трудовиктермен *бірге*.

мократтарды *негізгі* жеңіліске ұшыратқандар *кадеттер* болды.

Онан соң 5 рет болған келісімнің екі ретінде оппозицияның оңшылдарға қарсы жалпы келісімі болды; *үш ретінде* «әңгіме кадеттерге қарсы солшыл блок туралы болуы мүмкін» (курсив менікі; «Наша Заряның» 9—10-номерінің 98-беті). Сонымен, келісім жасау реттерінің саны жалпы алғанда дауысқа түсу санының $^1/_{10}$ бөлегінен кем. Келісімдердің 60 проценті кадеттерге қарсы жасалған келісімдер.

Ақырында, ірі 4 қала жөніндегі қорытындылар мынадай:

	Берілген дауыстар (ең көп цифр):			
			Рига	
	СПБ.	Москва	1-сайлау	қайта дауысқа қою
Кадеттерге берілгені	19 376	20 310	3 754	5 517
Социал-демократтарға »	7 686	9 035	4 583	4 570
Октябристерге »	4 547	2 030	3 674	—
Оңшылдарға »	1 990	1 073	272	—
Трудовиктерге »	1 075	—	—	—

Сонымен, ірі 4 қаланың *бәрінде де* социал-демократтар *кадеттерге* қарсы күресіп отыр, оның үстіне 1 ретінде кадеттер қайта дауысқа қоюда *октябристердің* (бұларға «Прибалтика конституциялық партиясының» кандидатын жатқызғанда) *көмегімен* жеңіп шығып отыр.

Куәның өзінің қорытындысы мынадай:

«Қалалық демократияның өкілдігіне кадеттердің монополиясы бітуге жақып. Бұл салада социал-демократтардың таяудағы міндеті дербес өкілдігі бар 5 қаланың бәрінде либерализмнен өкілдікті жеңіп алу болып табылады. Бұл үшін психологиялық» (??) «және тарихи» (ал экономикалық ше?) «алғы шарттар — демократияшыл сайлаушының «солшылдануы», кадеттер саясатының қисынсыздығы және пролетариаттың өздігінен іс бастауына жаңадан қозғау салынуы қазірдің өзінде-ақ орын алып отыр» («Наша Заря», цитат келтірілген кітап, 97-бет).

VI. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛҒАН ҮМІТТЕРДІҢ «АҚЫРЫ»

1. Фактілер мынаны дәлелдеді: кадеттердің «біртұтас оппозиция» немесе «екі лагерь» деген ұранының шын мәні демократияны алдап соғу, демократиялық серпілудің жемістеріне либералдардың алдау арқылы ие бола кетуі, Россияны алға бастыра алатын бірден-бір күштің бұл серпілуін либералдардың *тұқыртуы, мұқалтуы, әлсіретуі* болды.

2. Фактілер мынаны дәлелдеді: «ашық», «европалық» сайлау күресіне азды-көпті ұқсас бірден-бір сайлау күресі *атап айтқанда* демократияны либералдардың қолынан жұлып алуда болды. Бұл ұран *нағыз өмірлік* ұран еді, бұл ұран жаңа демократияның жаңа қозғалысқа беттеп оянып келе жатқанын нақты көрсетті. Ал жойымпаздардың «Думаны реакцияның қолынан жұлып алу» деген ұраны либералдық-интеллигенттік үйірменің ойдан шығарып алып жүрген шірік өтірігі еді.

3. Фактілер мынаны дәлелдеді: кадеттерге қарсы жүргізілген «сұрапыл» күрес қана, либералдардың тұрлаусыз малайлары жойымпаздар бізді кадеттерге күн көрсетпеді деп кінәлайтын «кадеттерге күн көрсетпеушілік» қана нағыз бұқаралық науқанның нағыз қажеттігін білдірді, өйткені іс жүзінде кадеттер оларды біздің суреттеп жүргенімізден де *бетер нашар* болып шықты. Кадеттер социал-демократ Предкальнға қарсы, социал-демократ Покровскийге қарсы қаралардың тікелей одақтастары болып шықты![173]

Мұның өзі Россиядағы тарихи өзгеріс қой: кадеттерді жек көруге келгенде өздерін қоярға жер таппаған, кадеттерді басты жау деп білген қараларды оқиғалардың барысы социал-демократтарға қарсы кадеттерді өткізуге тап қылды. Осы бейне кішкентай фактінің өзінен аса зор партиялық өзгеріс болғаны көрініп отыр, мұның өзі анығында қаралардың кадеттерге жасаған және *кадеттердің қараларға жасаған* шабуылдарының қалай үстірт шабуыл болғанын көрсетіп отыр, Пуришкевич пен Милюков қалай оп-оңай *бірін-бірі таба қой-*

ғанын, социал-демократтарға қарсы өздерінің бірауыздылығын түсіне қойғанын көрсетіп отыр.

Өмір мынаны көрсетті: біздер, большевиктер, кадеттермен болуы мүмкін блоктарды (2-сатыда, т. с.) кемітіп көрсетпегеніміз былай тұрсын, қайта бұларды әлі де *асыра көрсетіп* келдік, өйткені *іс жүзінде* кадеттердің бізге қарсы шығып, октябристермен блок жасасып кеткен бірсыпыра реттері болды! Әрине, мұның өзі біздер бірсыпыра реттерде, мәселен, губерниялық сайлау жиналыстарында, кадеттермен жасаған блогымызды оңшылдарға қарсы пайдаланудан *бас тартуымыз* керек деген сөз емес (ынтасына ақылы сай емес кешегі күнгі кейбір шақырымпаздар мен олардың достары осылай еткісі келді). Мұның өзі, біздің ұстаған *жалпы бағытымызды* (3 лагерь; кадеттерге қарсы демократия) өмір растап, онан әрі қуаттады деген сөз.

Реті келгенде айта кетейік. Левицкий, Череванин мырзалар және «Наша Заряның» өзге де қызметкерлері қалай мақтаса да лайық ынтамен, ыждаһатпен біздің сайлау статистикамыз үшін бағалы материал жинады. Бір өкініштісі, олар — сірә, өздерінде бар — кадеттердің социал-демократтарға *қарсы* октябристермен және оңшылдармен жасаған тікелей және жанама блоктарының саны жөніндегі материалдарды жинақтап қорытпаған.

Предкальн мен Покровский жалғыз-жарым емес; губерниялық сайлау жиналыстарында бұл сияқты жағдайлар көп болды. Бұларды ұмытпау керек. Бұларға көбірек көңіл бөлген жөн.

Онан соң. Кадеттер туралы жоғарыда келтірілген қорытындыларды жасауға мәжбүр болған біздің «куә» бұл қорытындылардың конституциялық-демократиялық партияға берілген қандай бағаны *дәлелдегенін* мүлде ойланбаған. Кадеттерді қалалық демократияның партиясы деп кім атады? Және *1906 жылғы марттан бастап*, керек десе онан да ертерек, бұл либералдық партия демократияшыл сайлаушыны алдау арқылы өмір сүріп отыр деп дәлелдеп келген кім?

Енді келіп жойымпаздар, Иван Непомнящийлерге ұқсап: «кадеттер монополиясы бітуге жақын» деген әуенге басты... Демек, «монополия» болған ғой? Мұның мәнісі не? Монополия дегеніміз бәсекені жою деген сөз. Социал-демократтардың кадеттерге қарсы бәсекесі 1912 жылғыға қарағанда 1906—1907 жылдары көбірек жойылған ба еді??

В. Левицкий мырза өзінің аузынан шыққан сөздерінің мағынасына *ой жүгіртіп қарамастан* оғаш сөздерді қайталайды. Монополия дегенді ол «жай ғана» кадеттер басым болып еді, ал қазір бұл жойылды деген мағынада түсінеді. Бірақ егер сіздер марксизмге дәме қылады екенсіздер, мырзалар, онда тым болмаса партиялардың таптық сипаты туралы мәселенің аз да болса байыбына барып көру керек қой, өздеріңіздің күні кешегі мәлімдемелеріңізге соншама бейқам қарамау керек қой.

Егер кадеттер қалалық демократияның партиясы болса, онда олардың басым болуы «монополия» емес, қайта қалалық демократияның *таптық* мүдделерінің нәтижесі! Ал егер олардың басым болуы екі-үш жылдан кейін «монополия» болып шықса, яғни капитализмнің жалпы және негізгі заңдары мен капиталистік қоғамдағы таптар ара салмағының тұрғысынан қарағанда кездейсоқ, қалыптан тыс бір нәрсе болып шықса,— онда, демек, кадеттерді қалалық демократия партиясы деп білген адамдар оппортунистер болған, кадетизмнің сәнді көрінісіне бас иіп, минуттық табысқа беріліп кеткен, кадеттерді маркстік тұрғыдан сынаудан олардың алдында либералша жалпақтауға қарай шегінген.

В. Левицкий мырзаның қорытындысы конституциялық-демократиялық партияның таптық табиғаты туралы большевиктердің 1907 жылғы Лондон шешімін, меньшевиктер өршелене таласқан шешімін *түгелімен, сөзбе-сөз* растап отыр. Егер қалалық демократия, осы шешімде айтылғандай, *«дәстүр бойынша және либералдардың тура алдауымен»* кадеттердің соңынан еріп келген болса, онда 1908—1911 жылдардың ауыр сабақтары «конституциялық жалған үміттерді» сейілтіп,

«дәстүрді» күйреткені, «алдауды» әшкерелегені, сөйтіп «монополияны» жойылуға әкеліп соққаны әбден түсінікті.

Біздің заманымызда өткендегіні ерікті-еріксіз ұмыта берушілік тым етек алған нәрсе,— саясаттың барлық маңызды мәселелеріне дәл, тура, айқын жауап беруге және бұл жауаптарды 1905—1907 жылдар мен 1908—1912 жылдардың мол тәжірибесі арқылы сынап көруге соншама жеңіл қараушылық тым етек алған нәрсе. Оянып келе жатқан демократия үшін осындай ұмытушылық пен осындай көзқарастан асқан мерт қыларлық ештеңе жоқ.

VII. «ДВОРЯНДАРДЫҢ ЖЕР ИЕЛЕНУІНЕ ТӨНГЕН ОРАСАН ЗОР ҚАУІПТІҢ» БІРІ ЖӨНІНДЕ

Сайлау күресінің қорытындысын шығара келіп, Череванин мырза оппозициядан «нағыз жасанды түрде, мүлде ерекше шаралар арқылы ғана 49 орын тартып алынды» деп есептейді. Бұл орындарды шыпымен жеңіп алынған орындарға қосқанда, оның ойынша, 207 деген сан шығады, яғни басым көпшіліктен не бары 15 орын кем. Автордың қорытындысы: «үшінші июнь системасының негізінде, төтенше жасанды шаралар қолданылмағанда, дворяндық-крепостниктік реакция сайлауда толық және үвілді-кесілді (??!) жеңіліске ұшыраған болар еді».

«Дворяндардың,— дейді мұнан әрі автор,— жер иеленуіне төнген осы орасан зор қауіпке қарағанда...» поптардың помещиктермен соқтығысуы мәнді емес (цитат келтірілген кітаптың 85-беті).

Думаны реакцияның қолынан жұлып алу ұранының салдары, міне, осындай! Мартов ұранының әбден қисынсыздығын жеткізе айтып және, былайша айтқанда, «сайлау күресінің қорытындыларымен» бірге жойымпаздық жалған үміттердің қорытындыларын баянды етіп, Череванин Мартовты жанына батыра жазалады.

IV Думада прогрессистік-кадеттік көпшіліктің болуы *«дворяндардың жер иеленуіне төнген орасан зор қауіп»* болып табылар еді! Мұның өзі керемет.

Бірақ мұның өзі абайсыз айтылған сөз емес, қайта бүкіл идеялық мазмұнның болмай қоймайтын нәтижесі, либералдар мен жойымпаздар сайлау науқанына осындай мазмұн беруге тырысты.

Кадеттермен салыстырғанда прогрессистер ролінің орасан зор өсуін,— бұл прогрессистердің саясатта кадеттердің бүкіл ренегаттығын (вехизмін) жүзеге асыруын,— кадеттердің өздерінің іс жүзінде прогрессизмнің позициясына үн-түнсіз, астыртын көшуін,—осының бәрін жойымпаздардың көргісі *келмеп еді* және осының бәрі жойымпаздарды «череваниндік» кереметті айтуға дейін жеткізді. «Кадеттердің контрреволюцияшылдығы туралы тым көп айта бермеу керек»— бір жолы трудовик (жойымпаз-халықшыл) Водовозов мырза осылай немесе шамамен осылай деп жазды. Біздегі жойымпаздар да пак осылай қарады.

Олар тіпті III Думаның сабағын да естерінен шығарды, мұнда кадет Березовский ресми сөзінде кадеттердің аграрлық программасын «түсіндіріп», оның дворян-помещиктерге *тиімді* екенін дәлелдеген-ді. Ал енді келіп, 1912 жылы «оппозициялық» помещиктік Думадан, прогрессистерден, аздап өңі айналдырылған осы октябристерден «дворяндардың жер иеленуіне орасан зор қауіп» күтуге болады екен...

Бері қараңыз, Черванин мырза... қиялдай беріңіз, бірақ шама-шарқын да білу керек қой!

Жойымпаздық тактикаға Череваниннің жасаған қорытындысына байланысты біз сайлау қорытындыларының тамаша корінісін көріп отырмыз. IV Дума 78 дауыс қарсы болып, 132 дауыспен прогрессистердің кезектегі іске көшу формуласын қабылдады.

Басқа ешкім де емес, октябрист Антоновтың дәл өзі осы мейлінше жексұрын, құр бос формуланы октябристік формула ретінде әбден қанағат ететінін ресми мәлімдеді! Әлбетте, Антонов мырзанікі дұрыс. Прогрессистер нағыз октябристік формула ұсынды. Прогрессистер

октябристерді кадеттермен ымыраластырушы өз ролін атқарды.

Октябризм талқандалды, жасасын октябризм! Гучковтық октябризм «талқандалды», ефремовтық-львовтық октябризм жасауда*.

VIII. ЖЕҢІЛІСТІ ЖАСЫРУ

Бізге енді ең маңызды курия, жұмысшы куриясы бойынша жүргізілген сайлаудың қорытындыларын қарастыру қалды.

Бұл курияның социал-демократтар жағында екендігінде ешкімнің де күмәны болған емес, күмәны жоқ. Мұнда енді күрес халықшылдарға қарсы жүрген жоқ: бұлардың арасында халықшылдық жойымпаздыққа (Парижде «Починге»[174] және Питерде энестерге) жәнс халықшылдық шақырымпаздыққа тойтарыс берушілік *болған жоқ*, міне құлдыраушы ағымдарға осындай тойтарыс берушіліктің болмауы сонша халықшылдарды *ноль* етті.

Жұмысшы куриясындағы күрес тек марксистер мен либералдық жұмысшы саясатшыларының, жойымпаздардың арасында ғана болды. Марксистер *жұмысшы* куриясында (тек қана сонда) жұмысшы партиясын *қиратушылармен* келісім жасауға болмайтындығын 1912 жылы январьда турадан-тура, айқын, ашық түрде, жексұрындық жалтарыстарсыз жариялады**.

Бұл жалпыға мәлім факт. Мұнымен қатар мына жағдай да жалпыға мәлім: жойымпаздардың август конференциясын тіпті ымыраластырушы Плехановтың өзі де «бейшаралық», жойымпаздық конференция деп («Наша Заряның» ант-су ішуіне қарамастан), ал оның қарарларын *«дипломатия»*, яғни турасын айтқанда, алдау деп атаған болатын.

Ал сайлаудың қорытындылары нені көрсетті?

---

* 16 декабрьдегі «Речь» социал-демократтар да прогрессистердің жексұрын формуласын жақтап дауыс берді деп сендірмек болады. Бұл адам нанғысыз. «Правда» бұл жөнінде үндемейді. Мүмкін, залда отырған (немесе кету үшін орындарынан тұрған?) социал-демократтарды сол формуланы *жақтап* дауыс бергендердің «қатарына қосқан» болар.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 153-бет. *Ред.*

Бұл қорытындылар январьдағы мәлімдемелер мен августағы мәлімдемелердің шындыққа қатысы қалай деген мәселе жөнінде *объективті* материал берді ме, жоқ па? Жұмысшы табы сайлағандар кімнің соңында болып шықты?

Бұл жөнінде барынша дәл статистикалық материал бар, жойымпаздар бұл материалды көмескілеуге, көлегейлеуге, айғай-шумен, балағаттаумен басып тастауға тырысып жүр (бос әуре!).

Екінші Думадан бастап (біріншісіне социал-демократтардың көпшілігі бойкот жариялаған) жұмысшы куриясынан сайланған Дума депутаттарының социал-демократиялық партияның ішіндегі түрліше «ағымдарға» бөлінуінің дәл есебі бар. Бұл мәліметтер, міне, мыналар:

Жұмысшы куриясынан өткен Мемлекеттік дума депутаттары:

	Меньшевиктер	Большевиктер	Соңғылардың проценті
II Дума .... (1907)	12	11	47
III » .... (1908—1912)	4	4	50
IV » .... (1912)	3	6	67

Бұл цифрлар түсіндіруді керек етпейді!

1907 жылы партия ішінде көпшілік большевиктердікі болды, бұл ресми түрде есептелінген (большевиктер 105 делегат, меньшевиктер 97 делегат). Демек, жұмысшы куриясында 47 процент (бүкіл фракцияда 18 б. + 36 м. = 54 болды) жұмысшы партиясының ішінде 52 процент шамасындай болды.

1912 жылы тұңғыш рет *куриялық* алты депутаттың *бәрі де* — большевиктер болды. Бұл 6 губернияның — басты-басты өнеркәсіпті губерниялар екені белгілі. Басқа губернияларға қарағанда пролетариаттың өлшеусіз көп бөлегі осы губернияларда шоғырланғаны мәлім. Сондықтан жұмысшы куриясындағы 67 проценттің жұмысшы партиясының ішіндегі 70 процентінен астамы екені түсінікті нәрсе,— және мұны 1907 жылмен салыстыру толық дәлелдеп отыр.

Үшінші Думаның кезінде, интеллигенция жұмысшы партиясынан қашып, ал жойымпаздар мұны дұрыс деп ақтаған кезде, жұмысшылар жойымпаздардан қашты. Жойымпаз Белоусовтың III Думадағы социал-демократиялық фракциядан қашуы[175] және бүкіл осы фракцияның ($^3/_4$ бөлегі меньшевиктік) меньшевизмнен жойымпаздыққа қарсы жаққа бет бұруы* жұмысшылардың арасында да *дәл сол* процестің жүріп жатқандығының белгісі, ақиқат дәлелі болды. Мұны IV Дума сайлауы да дәлелдеді.

Сондықтан «Наша Заряда» Оскаров, Мартов, Череванин, Левицкий, т. б. қатты ашуланып, бейне сектанттық, бейне лениндік, бейне үйірме атына нағыз пуришкевичтік жүздеген «мақтау сөздерді» жаудырып отыр.

Үйірме-ақ екен, сектанттық-ақ екен, мұның жағында 1908—1912 жылдары жұмысшы куриясы үздіксіз өскен, IV Думада бұл курияның 67 процентіне дейіні болған! Жойымпаздар —ебедейсіз айтысшылар. Олар бізді жер-жебірімізге жетіп балағаттайды**, бірақ мұнысы біз үшін ең жақсы мақтау сөз болып шығып отыр.

Талас мәселелерді қым-қуыт айқаймен, балағаттаумен, жалаң нандырумен шешіп отыру — нақ интеллигенттік үйірмелердің дағдылы салты. Жұмысшылар мұнан басқа нәрсені — *объективті* мәліметтерді артық көреді. Ал Россияда, оның қазіргі саяси жағдайы тұсында, белгілі бір ағымның жұмысшылар бұқарасы ішіндегі күші мен ықпалына жұмысшы баспасөзі мен Думадағы жұмысшы куриясынан басқа *объективті* өлшеуіш жоқ, болуы да мүмкін емес.

---

* Жойымпаз Оскаров бұл даусыз фактіні кісі күлерлік формада мойындап отыр: большевиктер *«өз дегеніне жетті:* ең жауапты сәтте, формальды емес болса да, іс жүзінде фракцияны жікке бөлді» («Наша Заря», цитат келтірілген кітаптың 111-беті) — үшінші думалық фракцияны жікке бөлді. «Жікке бөлу» деп бұл жерде не жойымпаз Белоусовтың қашқандығы, не фракцияның ішінен 2 адамның жойымпаздық газетте, 8 адамның жойымпаздыққа қарсы газетте болып, қалғандарының бейтарап қалғандығы аталған болу керек.

** Жұмысшы куриясы бойынша өткен сайлаудың қорытындыларын орағытып өтіп, жойымпаздар Питер туралы: масқаралық екен! деп шулауға әуес. Әрине, масқаралық, мырзалар! Күн ілгері *басылған*, яғни ұйым қолдап өткізген *аманат* кімдерге қарсы алынса, сол адамдарға масқаралық. *Аманатқа* қарсы *адам* өткізу масқаралық. 3 те 3 болған кезде жеребе салудан бас тарту онан да бетер масқаралық болды. Питердегі белгілі «правдист» П. жойымпаз М.-ға жеребе салуды тіке ұсынған, бұл оны қабылдамаған!! Питердегі сайлау жойымпаздар үшін масқаралық!

Сондықтан, жойымпаз мырзалар, сіздер «Наша Заря» мен «Лучта» неғұрлым көбірек шулап, балағаттайтын болсаңыздар, біз жұмысшыларға соғұрлым сабырлы түрде мынадай сауал беріп отыратын боламыз: бұқарамен байланыс жасаудың жұмысшы баспасөзі мен Думадағы жұмысшы куриясынан басқа объективті өлшемін көрсетіңізші дейміз.

«Лениннің «сектанттық» үйірмесі» деген, т. с. даңғазадан құлақтары тұнған оқушылар жұмысшы баспасөзі мен Думадағы жұмысшы куриясы жөніндегі осы объективті мәліметтерді байыппен ойластырып көрсіншi. Бұл объективті мәліметтер жойымпаздардың айқайлағанда өздерінің әбден жеңілгендігін жасыру үшін айқайлайтынын көрсетеді.

Бірақ жеке адамдардың инициативасы арқасында *сайлау күні* жарық көрген «Лучтың» пайда болуы мен «Правданың» пайда болуын салыстырып қарау ерекше сабақ боларлық нәрсе. Жұмысшы қозғалысының апрельдегі толқыны — Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының ең ұлы, тарихи толқындарының бірі. Тіпті фабриканттардың есептеуі бойынша бұл қозғалысқа жүздеген мың жұмысшы қатысқан. Ал *бұл қозғалыстың* өзі,— алдымен «Звезданы» күшейтіп, оны апталықтан екі күнде бір шығатындай етіп, онан кейін «Правдаға» деп жинаған жұмысшы қаржыларын мартта 76-ға дейін және апрельде 227-ге дейін (жұмысшылардың топтасып жинаған қаржыларын ғана есептегенде) көтеріп,—өзінің қосымша жемісі ретінде *«Правданы» ұйымдастырды.*

Бұл арада біз реформистік сипаттан мүлде ада қозғалыстың қосымша жеміс есебінде не реформаларға, не кеңшілікке, не өрісті кеңейтуге, т. с. жеткізетіндігінің классикалық үлгілерінің бірін көріп отырмыз.

Реформистер жұмысшы қозғалысының қарыштап құлаш сермеуіне реформистік ұрандарды көсе-көлденең қойғанда (біздегі жойымпаздардың істеп отырғанындай), олар жұмысшы қозғалысы жөнінде опасыздық жасайды. Ал реформизмге қарсылар пролетариаттың күзелмей ұсынылған ұрандарына адал екені былай тұрсын, олар мұнымен қатар ең тәуір «практиктер» де

болып шығып отыр: кең құлаш сермеудің нақ өзі, күзелмеген ұрандардың нақ өзі, қосымша жеміс есебінде, не кеңшілікке, не реформаға, не өрісті кеңейтуге жеткізетін, не төменгілердің жоғарғыларға жағымсыз тиетін серпілуіне уақытша болса да амалсыз төзуге мәжбүр ететін күшті қамтамасыз етеді де.

Жойымпаздар 1908—1912 жылдары «астыртын жұмысты» сөгіп, одан «қашушылықты» ақтаумен, «ашық партия» жөнінде көкумен болған кезде,— олардан *бүкіл* жұмысшы куриясы кетіп болды, сөйтіп олар апрель-май толқынының тұңғыш, ұлы өрлеуін пайдалана алмай қалды!

Мартов мырза «Наша Заряда» өзі үшін осы өкінішті жағдайды мойындап отыр, бірақ бұл мойындауын тым күлкілі түрде көрсетіп отыр. Ол плехановшылдар мен впередшілдердің топтарын балағаттап, бұл топтарды ноль деп есептеп отыр, ал бұларды, тек орыс ұйымдарымен ғана санасу керек деген біздің талабымызға қарамастан, *жойымпаздардың дәл өздері* күні кеше «центрлер», ағымдар деп көрсеткен еді. Сонымен, Мартов: «лениндік» «сектанттық үйірме» «төтеп берді» және «астыртын жұмысқа ешбір қатысы жоқ ареналарда бекініп алып», «керек десе тіпті шабуылға көшіп отыр» деп, күйінішпен, ашу-ызамен, қисапсыз көп зәрлі (бурениндік-зәрлі) сөздер айтып мойындап отыр («Наша Заря», цитат келтірілген кітаптың 74-беті).

Бірақ Мартовтың бұл мойындауының бәрі кісінің күлкісін келтіреді. Адамның жаратылысы сондай, дұшпан қателік жасаған кезде біз табалап қуанамыз,— ал ол дұрыс қадам жасаған кезде біз кейде балаша бұртиямыз.

Өзіңіздің бізге арнап айтуыңызға *тура келген* мақтау сөзіңіз үшін рақмет айтамыз, либерал жойымпаз! 1908 жылдың аяқ кезінен бастап біз қозғалыстың ашық формаларын пайдалануды талап етудеміз, 1909 жылдың көктемінде біз осыған бола бірсыпыра достардан қол үздік[176]. Ал егер біз осы «ареналарда» күш болып шыққан болсақ, онда мұның себебі мынадан ғана: формаға бола шынайы мәнді құрбандық еткеніміз жоқ. Форманы дер кезінде пайдалану үшін, апрельдегі өрлеуді сезіп

білу үшін, жұмысшы куриясының марксист үшін аса бағалы тілектестігіне ие болу үшін ескіден безбеу керек еді, оған ренегаттықпен қарамау керек еді, қайта оның идеяларын, оның дәстүрлерін, оның материалдық негіздерін мықтап қорғау керек болатын. Апрельдегі өрлеудің өзінде нақ *осы* идеялар болды, 1912 жылғы жұмысшы куриясында нақ осы идеялар басым болды, сондықтан барлық арепалар мен барлық формаларда осы идеяларға берік болғандар ғана осы өрлеудің де, осы курияның да дәрежесіне сай бола алды.

«Просвещение» № 1, январь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Просвещение» журналының тексті бойынша басылып отыр

ОРЫСТАР МЕН НЕГРЛЕР

Бұл нендей таңырқарлық салыстыру?— деп ойлар оқушы.— Нәсілдердің бірін ұлттардың бірімен қалай қатар қоюға болады?

Салыстыруға болады. Негрлер құлдықтан басқалардың бәрінен де кеш құтылды және олар, тіпті алдыңғы қатарлы елдердің өзінде де, құлдықтың неғұрлым ауыр қалдықтарын осы кезге дейін арқалап келеді, өйткені капитализм праволық азаттықтан басқа азаттықты «сыйғыза» алмайды, ал осының өзін де түрлі жолмен тұжырып болады.

Орыстар жөнінде тарих *крепостниктік* құлдықтан олар 1861 жылы босады «дерлік» болды дейді. Шамамен дәл сол кезде, американ құл иеленушілерімен болған азамат соғысынан кейін, Солтүстік Америкадағы негрлер де құлдықтан босады.

Американ құлдарының босауы орыс құлдарының босауынан гөрі кемірек «реформаторлық» жолмен жүзеге асты.

Сондықтан қазір, жарты ғасыр өткеннен кейін, құлдық қалдықтары негрлерден гөрі орыстарда *анағұрлым көбірек* қалып отыр. Ал егер біз қалдықтары жайында ғана емес, онымен қатар мекемелері жайында да айтатын болсақ, тіпті дәлірек болған болар еді... Бірақ біз бұл шағын мақалада жоғарыда айтқанымызға бір кішкене мысал келтірумен: сауаттылық туралы мәселемен тыналық. Сауатсыздық — құлдық қалдықтарының бірі екені мәлім. Пашалар, Пуришкевичтер, т. с. езіп отыр-

ған елде халықтың көпшілігі сауатты бола алмайды.

— 9 жасқа дейінгі балаларды есептемегенде, Россияда *сауатсыздар —73 процент.*

Солтүстік-Америка Құрама Штаттарындағы негрлер арасында сауатсыздар (1900 ж.) — *44½ процент.*

Сауатсыздардың мұндай сиықсыз жоғары проценті цивилизациялы, алдыңғы қатарлы елге, солтүстік-американ республикасына масқарашылық болып табылады. Ал осының өзінде *жалпы* алғанда Америкадағы негрлердің жағдайы цивилизациялы елге лайықсыз екені кімге де болса мәлім: капитализм *толық* бостандықты, тіпті толық теңдікті де бере *алмайды.*

Америкадағы ақ адамдар арасында сауатсыздар не бары 6 процент екені тағлым аларлық нәрсе. Бірақ егер біз Американы бұрынғы құл иеленуші аудандар (американдық «Россия») және құл иеленбеуші аудандар (американдық Россия емес) деп бөлсек, онда *ақ адамдар арасындағы* сауатсыздар саны: біріншілерде 11—12 процент, екіншілерде 4—6 процент болып шығады! Бұрынғы құл иеленуші аудандарда *ақ адамдар арасындағы* сауатсыздар проценті *екі есе жоғары.* Құлдықтың қалдығы негрлердің мойнында ғана емес!

Негрлердің бұл жайы Америкаға масқара!..

1913 ж. январьдың аяғында — февральдың басында жазылған
Қол қойған: W.

Бірінші рет 1925 ж. «Красная Нива» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖАЛҒАН ҮМІТТЕРДІҢ КҮЙРЕУІ

«Бізде, құдайға шүкір, конституция бар»,— деп лепірді 1907 жылғы 3 июньнен кейін Милюков мырза. Либерал буржуазияның халыққа сенбейтіндігін, оның «конституциялық» жолдан шегінгісі келмейтіндігін, шегінуден қорқатындығын бүркемелеп, либерал буржуазияның көсемі өзін кісі күлерлік осындай сендірулермен жұбатты.

Нақ қазір, дәл сол Милюков мырзаның өзі немесе оның кекірейген қазыналық-либералдық «Речі» «қоғамдық өрлеудің басталуын» (№ 26) мойындап отырған кезде, осы конституциялық жалған үміттердің күйреуінің айқындала түсуі ерекше тән нәрсе. Ұнамсыз шындықтан (және «конституциялық» жолға ұқсамайтын жолдың ұнамсыз қажеттігінен) бойды аулақ салсақ деген ой, өздерін де, басқаларды да «конституциялық» сөзсымақтармен жұбатпақшы ой — бұл жалған үміттердің негізі, міне, осы.

Ал либералдардың қазіргі кезең жайындағы пікірлеріне қарап көріңіз!

«Думада іш пысады, неге десеңіз, күрес жоқ» (№ 25).

Бізде конституция бар деп мәлімдеу сіздерге, мырзалар, оп-оңай-ақ болып еді-ау!

«Айтылар сөздің бәрі айтылды. Енді іс керек, бірақ *оларға деген сенім жоқ*. Осыдан барып торығу туады» (бұл да сонда).



(1

Крушеніе конституціонных иллюзій.

„У нас есть, слава богу, конституція" — восклицал после 3-го іюня 1907 года г. Милюков. Такими забавными увереніями утешал себя вождь либеральной буржуазіи, прикрывая ея недоверіе к народу, ея колебаніе, ея боязнь выступить вне „конституціоннаго" пути.

Крайне характерно, что именно теперь, когда тот же самый г. Милюков и его „опорная, партійно-либеральная „Речь" признают „начало от-

В. И. Лениннің «Конституциялық жалған үміттердің күйреуі» атты қолжазбасының бірінші беті.— 1913 ж.

Кішірейтілген

Сіздер сөздеріңізді көбінесе октябристерге арнай отырып, өздеріңізді *сөзге* сенушілікпен жұбаттыңыздар. Енді келіп сіздер *істерге сенімнің* жоқ екендігін осы сөздермен бүркеп келгендеріңізді мойындап отырсыздар.

Либерал мырзалар, сіздер өздеріңізді өздеріңіз айыптадыңыздар.

Жалпы алғанда демократияда,— әсіресе жұмысшыларда — сөзге (конституция туралы) сенушілік болмаг-...*

1913 ж. январьдың аяғында — февральдың басында жазылған

Бірінші рет 1948 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 18-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Осы жерден қолжазба үзіледі. *Ред.*

ШАРУАЛАРДЫҢ ЖЕРЛЕРІН МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ

Жерді мобилизациялау деп жер меншігінің бір қолдан екінші қолға көшуі аталады. Біздің шаруалар жөнінде осы уақытқа дейін заңда да, «қоғамдық» пікірде де (тіпті либералдық пікірде де, кадеттер арасында) шаруалардың жерлерін мобилизациялау зиянды, сондықтан оған тыйым салу керек немесе шек қою керек деген *крепостниктік* көзқарас сақталып отыр.

Демократия тұрғысынан қарағанда шаруаларға — ересек адамдар мен толық праволы азаматтарға — өз жерін сатуға тыйым салуға немесе оны қиындатуға болады деген ойға барудың өзі-ақ шаруаларды нағыз арсыздықпен қорлау болып табылады. Жерді мобилизациялау ісіне мұндай көзқарас тек Россия сияқты елде, барлық чиновниктер мен либералдардың көпшілігі «мужикке» қарауымдағы, доғал, толық правосы жоқ адам деген әлі ескі крепостниктік көзқараспен қарайтын елде, орын ала алады.

Шаруашылық тұрғысынан алғанда жерді мобилизациялауға тыйым салу мен шек қою атаулының зияны аса зор. Тұрмыс жағдайы азын-аулақ болса да төзуге келсе, шаруа *еш уақытта* өз жерін сатпайды. Ал егер мұқтаждық немесе басқа жағдайлар (қоныс аудару, жұмыс істейтін адамның өлімі, т. с.) жерін сатуға *мәжбүр етсе,* онда *ешбір заң* оны ұстап тұра алмайды. Заңды *әрдайым* орағытып өтеді, сондықтан тыйым салу тек жерді сату шартын нашарлатады.

«Русская Мысльдің» — ең оңшыл кадеттердің, либералдар мен қаражүздіктер қосындысы органының — январьдағы кітапшасында сірə, шаруалар жерін мобилизациялау ісіне кəдімгі қаражүздік-либералдық көзқарасты жақтайтын бір В. Оболенский дейтін князь жерді мобилизациялауға шектер қоюдың ақымақтық жəне зиянды екенін дəлелдейтін *фактілер* келтіруге мəжбүр болды. Шаруа еместерге үлесті жер сатып алуға тыйым салады. Сатып алушы шаруа болып жазылады! Бір адамға алты жан үлесінен артық жер сатып алуға тыйым салады. Сатып алушы туысқандарының, т. с. атына жалған, алдамыш келісімдер жасайды! Үлесті жерді кепілдікке беруге тыйым салады. Нақ осы арқылы жалдаптардың қулық-сұмдығына жеңілдік жасалған, ал орта шаруалардың жер сатып алуы қиындатылған!

Жерді мобилизациялау ісіне шек қоюдың шаруаларға «жəрдемі» болады деп тек крепостниктер мен екіжүзділер ғана күте алады. Саналы шаруалар қиыншылықтан құтылу жолын мүлде бұдан іздемейді.

«Правда» № 26, 1 февраль, 1913 ж.
Қол қойған: Т.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СТАЧКАЛАР ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

«Луч» газеті бірқатар мақалаларында бұқаралық стачкаларға қарсы шықты.

Әрине, біз бұл арада «Лучқа», оның қылығына сай, қарсылық жасай алмаймыз.

«Лучтың» уағызының *сипаты* туралы біраз таза теориялық ескертпелермен шектелейік. «Лучтың» жазушылары батыс елдерден алынған мысалдарды ыждаһатпен келтіріп, «анархо-синдикализм» деген сияқты сөздерді мың құбылта қайталай келіп, Россиядағы 1912 жылғы стачкалардың тарихи өзгешелігін мүлдем түсінбейтіндіктерін көрсетті.

Европаның ешбір жерінде XX ғасырдағы стачкалардың біздің басымыздан кешіріп отырған заманымыздағы Россиядағыдай маңызы болған емес, болмай отыр және бола да алмайды. Неге?

Неге десеңіз, бүкіл Европада демократиялық терең өзгерістер дәуірі әлдеқашан мүлдем аяқталған, ал Россияда — осы сөздің тарихи мағынасында —нақ осындай өзгерістер кезекте тұр.

Россиядағы экономикалық стачкалардың, ал одан да гөрі экономикалық емес стачкалардың жалпы халықтық сипаты осыдан туып отыр. Европалық стачкалардың мұндай жалпы халықтық сипаты (елде демократиялық өзгерістер жүргізу тұрғысынан қарағанда) *жоқ*; ондағы стачкалар бұдан мүлдем басқаша өзгерістердің хабаршысы болып табылады. Онан соң, Россиядағы стачкалардың ауыл шаруашылық ұсақ, өндірушілер

(шаруалар) жағдайына қатынасы да батыс елдеріндегі осындай қатынасқа мүлдем ұқсас емес.

Осылардың бәрін жинақтап алғанда барып, біз «Лучтың» уағызы Россиядағы 1912 жылғы экономикалық және экономикалық емес стачкалардың нақ осы жалпы халықтық, демократиялық маңызын көлеңкеде қалдыратынын түсінеміз. Біздің стачкаларымыздағы ең маңызды және тарихи-өзіндік мәні бар нәрсе—либералдардың антидемократиялық пиғылдарына *қарамастан,* пролетариаттың гегемон (басшы) ретінде бой көрсетуі. Міне, нақ осыны «Лучтың» жазушылары түсінбейді және өздерінің жойымпаздық тұрғысынан олар мұны түсіне де алмайды.

Әлбетте, әңгіме тіптен де белгілі бір жеке стачканың мақсатқа сай, сай еместігін бағалау жөнінде болып отырған жоқ. Әңгіме тіптен де стачканы неғұрлым жоспарлы түрде әзірлеудің, ал кейде тіпті стачканы *біртектес* қимылмен алмастырудың қажеттігі жөнінде болып отырған жоқ. Әңгіме стачка атаулының маңызын, маңызы *болғанда* «коалиция бостандығы» немесе «ашық партия» ұранын қазіргі жағдайға қолайлы келмейтін, сәйкес келмейтін етіп отырған маңызын, жойымпаздардың *жалпы* түсінбеуі жөнінде болып отыр.

Жойымпаздар қозғалыстың жекелеген реттеріне емес, қозғалыстың бүкіл сипатына, марксистер мен саналы жұмысшылардың плюс қоятын жеріне, минус қояды. «Лучтың» уағызына жұмысшылардың әділетті түрде ашынғандығының және ашынып отырғандығының себебі, міне, осы.

«Правда» № 27, 2 февраль, 1913 ж.
Қол қойған: II.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІР ЖАҢАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Буржуазиялық қоғам тек миллиондардың жалдама еңбегімен ғана күн көріп, тіршілік етеді. Мұнысыз — помещиктердің табысы да, капиталистердің пайдасы да, тоқшылық омірдің қалам ақы, еңбек ақы сияқты және басқа әр түрлі «туынды» көздері де мүмкін болмаған болар еді. Ал миллиондаған адамдарды жалданушылар қатарына қуып тығатын күш аштық болып табылады.

Бұл — ескі, баршаға мәлім, жауыр болған факт. Буржуазиялық жұртшылық оған дағдыланып алады да, оны «байқамайды». Бірақ асқан молшылықпен қатар келетін мұқтаждықтың, жоқшылықтың сұмдық түрлері мезгіл-мезгіл — әсіресе буржуа мырзалардың денсаулығына, жайлы тұрмысына қауіп туатын болса! — «жаңалық» ашуға мәжбүр етіп отырады. Әрбір үлкен қалада, кез келген бір шалғай деревняда ойда жоқта келіп бір сұмдық, жан түршігерлік, адамға лайықсыз былықты, жоқшылықты, азып-тозушылықты «ашады». «Ашады да», «үлкен» газеттер арқылы жұртқа хабарлайды, бір-екі күн сөз қылады, сойте келіп ұмытады. Аштың жайын тоқ білмес...

Жуырда Петербургте Рождественск бөлігіндегі мүйістегі 251-пәтерді қарап шыққан доктор Козловский дейтін біреу жұртты осындай «жаңалықтардың» бірімен таныстырды.

«Қараңғы, дымқыл бөлмелер, ауасы тымырсық, лас, еденде, сандық үстінде ұйықтау, кісінің көптігі сұмдық (251 пәтерде

3578 адам тұрады), қабырғаларында жосадай қандала қаны, жан түршігерлік көрініс» («Новое Время» № 13236).

Осы баяндаманы тыңдаған халық денсаулығын сақтау қоғамы мәселе қарастырылсын.., өтініш жасалсын.., тексеру сұралсын.., деп қаулы алды, яғни қолынан келгенінің бәрін істеді.

С.-Петербург қаласының 1911 жылғы статистикасынан бірнеше цифр келтірелік. «Қайыршыларды тексеріп, қамқорлыққа алатын ерекше мекеме» қарамағына 16 960 қайыршы түскен. Олардың 1761-і *сотқа тартылған* — таза мырзалардың мазасын алма!— 1371-і туған жеріне жөнелтілген (қайыршылықпен әуре болуға деревня «үйренген ғой»), 1892-сі қамқорлыққа алыну үшін сол мекеменің қарамағында қалдырылған және 9694-і — *босатылған.*

Қалай дегенмен бұл мекемелер еңбек еткен, «тексеру» жүргізген, оларға жалақыны текке төлемейді ғой.

Осы 1911 жылдың ішінде қалалық еңбек биржасына (Москва заставасының сыртындағы) жұмыс іздеп 43 156 қара жұмысшы келген. Олардан 6076 адам жұмыс алған.

«Босатылғандар» («қамқорлықтан» босатылған қайыршылар, жұмыстан босатылған қара жұмысшылар) көшеге, түнектерге, бұрыштағы пәтерлерге түнейді... Жаңалықтар үшін материал.

«Правда» № 29. 5 февраль, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АҒЫЛШЫН ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІ

Лондонда жақаша 29 январьдан 31 январьға дейін британ Жұмысшы партиясының XIII съезі мәжіліс өткізді. Оған 500 делегат қатысты.

Съезд соғысқа қарсы қарар қабылдады және едәуір көпшілік дауыспен — партияның парламенттегі өкілдеріне: әйелдерге сайлау праволарын бермейтін сайлау реформасы жобасының қандайына болса да қарсы дауыс беруді ұсынған қарар қабылдады.

Оппортунистік «Тәуелсіз жұмысшы партиясымен» және социал-демократиялық «Британ социалистік партиясымен» *қатар* өмір сүре отырып, ағылшын «Жұмысшы партиясы» *қалың жұмысшылар партиясы* тәрізді бірдеңе болып табылады. Бұл—социалистік партия мен социалистік емес кәсіптік одақтары арасындағы мәмлелесу.

Бұл мәмлелесу ағылшын тарихының ерекшеліктерінен, жұмысшы табы *аристократиясының* социалистік емес, либералдық кәсіптік одақтары болып оқшаулануынан туған. Бұл одақтардың социализмге қарай бет бұра бастауы толып жатқан аралық, шырғалаң жағдайларды туғызып отыр.

Мәселен, партиялық тәртіп туралы мәселе жөнінде партияның және *парламенттік фракцияның* шешімдерін бұзғандық үшін партиядан шығару қатерін төндіретін қарар алынған.

Бұл қарар кімге қарсы бағытталған, либералдарға

қарсы ма әлде социалистерге қарсы ма? — деген, басқа ешқандай елде болуы мүмкін емес таластар шықты.

Мәселе парламенттегі 40 жұмысшы депутаттың 27-сі *социалист еместер* екендігінде!! Он үш социалисті,— деді қарарға қарсылық білдірген социалист Вилль Торн,— *социалист еместерге* бағындырып *матағысы* келеді. Тіпті қарарды жақтаған, Тәуелсіз жұмысшы партиясының мүшесі, Брюс Глейжер де осында консерваторлар арасынан орын алуға лайық *алты* жұмысшы депутаты бар деп мойындады.

Қарар қабылданды.

Партиялық үйлерде тек оппортунистік...[177] күнделікті газет «Күнделікті Хабаршының» ғана плакаттары ілініп қойылмасын деген қарарды 398 000 дауысқа қарсы 643 000 көпшілік дауыспен қабылдамай тастады. Мұнда дауысқа салуда делегаттардың өкіл болып келген мүшелерінің саны есептеледі.

Съездің көпшілігі социалист еместер мен мейлінше нашар социалистер жағында болды. Бірақ мұндай партияға жұмысшы бұқара наразы, жұмысшы бұқарасы депутаттардан заң шығарушылықты желеу етуді азайтып, социалистік насихатты көбейтуді талап етеді деген айқын дауыстар да болды.

«Правда» № 30, 6 февраль, 1913 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АШЫҚ СӨЙЛЕГЕНІНЕ АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Оңшылдардың Мемлекеттік советтегі көсемі Кобылинскийдің ашық айтқан сөздерін басып шығарғаны үшін қаражүздік «Новое Время» газетіне алғыс айтамыз. «Көсемнің» өзіне де алғыс айтамыз.

«Мемлекеттік дума мүшелері тарапынан кей-кейде заң шығару ісін білмеушілік, заң шығара алмаушылық байқалады..,— деп лепірді Кобылинский мырза.— *Тек дүкеншілер ғана заңды осылай жазады.*

...Архангельск губерниясында земство құру туралы заң жобасын қабылдамағандық үшін бізге шабуыл жасайды... Архангельск губерниясында мәдениетті элементтердің жоқтығынан және халықтың аз тұратындығынан онда земство басқармасына, бізде сықақтайтынындай, *бір мужикті,* бір бұғыны және бір аюды сайлауға тура келетінін Мемлекеттік дума тіпті ойламаған.

...Қайткен күнде де, III Мемлекеттік дума жобалағанындай, *мужиктік* земство құруға *біз жол бермейміз».*

Ал, осындай ашық айтқаны үшін оңшылдардың Мемлекеттік советтегі көсеміне, яғни Мемлекеттік советтің көсеміне қалайша алғыс айтпассың?

Мемлекеттік советке *қарсы* айтылған жауыр болған, мәнсіз, либералдық бос сөздердің орнына біз оқушыларға мәселенің Мемлекеттік совет *үшін* осы анық, шыншыл қойылысын шын ниетімізбен ұсынамыз.

Мемлекеттік думада дүкеншілер... земствода мужиктер мен аюлар... дүкеншілер мен мужиктерге жол бермейміз. Крепостник-помещиктің ашық сөзі, міне, осындай.

Аңғармай қалмаңыз: оның, бұл крепостниктің айтуы дұрыс, Мемлекеттік думада «дүкеншілерсіз», яғни саналы жұмысшының (жабайы помещиктің емес) тілімен айтқанда,— *буржуазиясыз* көпшілік *жоқ* дегені дұрыс. Оның, бұл помещиктің айтуы дұрыс, іс жүзінде өзін-өзі басқару *шаруалардың* (саналы жұмысшылар бұл сөзді жабайы помещиктер қолданып жүрген «мужиктік» деген сөзден артық көреді) өзін-өзі басқаруы болған болар еді дегені дұрыс. Шаруалар — көпшілік.

Мемлекеттік совет тіпті де кездейсоқ саяси мекеме емес, қайта ол *таптың* органы — Кобылинскийдің ақиқат сөзі, міне, осыны білдіреді. Бұл тап — ірі помещиктер. Олар «дүкенші мен мужикке» *жол бермейді.*

Россиялық либерал «дүкенші» мырзалар, октябристер мен кадет мырзалар, саяси мәселелерді байсалды түрде қоюшылықты Кобылинскийден үйренсеңіздерші!

«Правда» № 35, 12 февраль, 1913 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІРЛІК ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Кострома жұмысшыларының депутаты Шаговтың «Правдаға» жазған хаты (№ 22/226) социал-демократияның бірлігін жұмысшылар қандай шарттардың негізінде жүзеге асыруға болады деп есептейтінін өте-мөте айқын көрсетті. Жұмысшы куриясының бірталай басқа депутаттарының хаттары («Правда» №№ 21—28) осы көзқарасты дәлелдеді. Жұмысшылардың өздері бірлікті «төменнен» іс жүзіне асыруы тиіс. Жойымпаздар астыртын жұмысқа қарсы күрес жүргізбеуі тиіс, қайта өздері соған кіруі тиіс.

Мәселелердің осынша айқын және тура қойылысынан кейін «Лучтың» 27 (113)-номерінде Троцкийдің ескі, көпірме, бірақ мүлде мағынасыз сылдыр сөздерін кездестіріп отырғанымызға таңдануға болады. Мәселенің *мәні жөнінде* бірде-бір сөз жоқ! *Дәлме-дәл фактілер* келтіріп, оларды жан-жақты талдауға тырысушылық атымен жоқ! Бірліктің *нақты шарттары* туралы ешбір емеурін білдірмейді! Троцкийдің бар білгені — жалаң лепірме, көпірме сөздер, автор атап айтпай отырған дұшпандарға арналған тәкаппар қылықтар, әсерлі-байсалды сендірулер.

Бұл жарамайды, мырзалар. Сіздер «жұмысшылармен» *балалармен сөйлескендей* сөйлесесіздер, оларды біресе керемет қатерлі сөздермен («үйірмешілдіктің бұғаулары», «жан түршігерлік айтыс», «біздің партия тарихының феодалдық-крепостниктік дәуірі») қорқытасыздар,— біресе көзін жеткізбестен және істің мәні-

сін түсіндірместен жас балаларды көндіретініндей «көндірмексіздер».

Жұмысшылар өздерін қорқытуға да, көндіруге де жол бермейді. Олар «Лучты» да, «Правданы» да *өздері* салыстырады, мәселен, «Лучтың» 101-номеріндегі бас мақаласын («Жұмысшы бұқарасы және астыртын жұмыс») оқып шығып — Троцкийдің ділмарсуынан қиналмай-ақ бойын аулақ ұстайды.

«Астыртын жұмыс жайындағы жалған-принципті мәселені іс жүзінде социал-демократияның барлық бөлімдері мүлде біркелкі шешеді...»,— деп жазады курсивпен Троцкий. Петербург жұмысшылары мұның бұлай еместігін тәжірибеден біледі. Жұмысшылар Россияның қай түпкірінде болсын, егер «Лучтың» осы аталған бас мақаласын оқып шықса, Троцкийдің ақиқаттан жалтарып отырғанын бірден көреді.

««Луч» пен «Правданың» саяси тенденцияларының арасында,— дегенді оқимыз біз онан,— ымыраға келмейтін қайшылық бар деу адам күлерлік әрі қисынсыз нәрсе». Құрметті автор, мынаған сеніңіз: «қисынсыз» деген сөзден де, «адам күлерлік» деген сөзден де жұмысшылар қорықпайды, олар сізден өздерімен *ересектермен сөйлескендей* сөйлесуді, мәселенің *мәні жайында* сөйлеуді талап етеді: бұл тенденцияларды баяндап көріңіз! «Лучтың» 101-номеріндегі бас мақаланың социал-демократиямен «ымыраласатындығын» дәлелдеп көріңіз!— дейді.

Жоқ. Бос сөздермен, тіпті «ымырашылдық», тіпті нағыз тәтті сөздермен жұмысшыларды тойындыра алмайсыз.

> «Біздің тарихи фракцияларымыз, большевизм мен меньшевизм,— деп жазады Троцкий,— өзінің тегі жағынан таза интеллигенттік туындылар болып табылады».

Бұл — либералдық ертегіні қайталау. Ал іс жүзінде бүкіл орыс өмірі жұмысшылардың алдына либералдар мен шаруаларға қалайша қарау керектігі туралы мәселені қойды. Ешқандай интеллигенция болмаса да, жұмысшылар бұл мәселеге: либералдардың *соңынан* еру керек пе әлде либералдарға *қарсы* шаруаларға бас-

шылық ету керек пе деген мәселеге соқпай *кете алмас* еді.

Алауыздықтардың осы негізін «интеллигенттер» енгізген негіз деп көрсету либералдарға *тиімді*. Бірақ Троцкий либералдық ертегіні қайталап, тек өзін-өзі масқаралап отыр.

«Правда» № 39, 16 февраль, 1913 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДАРДА НЕ БОЛЫП ЖАТЫР ЖӘНЕ ДЕРЕВНЯДА НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

«Русское Богатство» журналы орыс өмірінің халықшылдық немесе трудовиктік тасқынындағы немесе ағымындағы нақ екі бағытты көрсетіп отыр; бұл екі бағытты саяси білімнің бұдан да гөрі тура, бұдан да гөрі тікелей, басқа деректері арқылы да зер салып көруге болады.

Мәселен, I және II Думадағы жарыс сөздерді еске түсірейік. Өкінішке қарай, бұл екеуінің де стенографиялық есептері қазір сатудан алынып тасталды. Бірақ қайткенде де, орыс шаруалары мен орыс трудовиктерінің көзқарастары мен тілектерін зерттеу жөніндегі осы есептердегі орасан көп саяси материал әрбір білімді адамның қолына ішінара қазірдің өзінде тиіп отыр, ішінара келешекте тиеді. Бұл материалдан шығатын басты қорытынды: трудовик-*интеллигенттер* (бұған эсер-интеллигенттерді де қоса алғанда) және трудовик-*шаруалар* елеулі айырмашылығы бар саяси ағымдар екені болып отыр.

Халықшыл-интеллигенттер ымырашылдық немесе «жалпы адамгершілік» сөзге әуес. Оларда әрқашан либерал сезіліп тұрады. Тап күресі деген көзқарас — оларға табиғи жат іс. Олар — ақылгөйсіген сөзуарлар. Олар демократияшыл шаруаларды *кейінге* тартады, тап жауына қарсы нақты тікелей күрестен бұлдыр, болымсыз, дәрменсіз, бейне бір социалистік сөзге тартады.

Халықшыл-шаруалар алғашқы екі Думада да — оттай қызу болды. Олар тікелей және батыл қимылға ба-

рынша ұмтылды. Олар қараңғы, білімсіз, аңқау, бірақ өздерінің тап жауына қарсы олардың бір беткей, ымырасыз, өшпенділікпен көтерілетіндігі соншa, сіз олардың өте елеулі қоғамдық күш екенін *сезесіз*.

Басқа сөзбен айтқанда: халықшыл-интеллигенттер — тым нашар социалистер және қожыраған демократтар. Трудовик-шаруалар өздеріне мүлдем жат социализмді тіпті де желеу етпейді, бірақ олар «жан-тәнімен», адал ниетті, албырт және жігерлі демократтар. Россияда шаруалар демократиясы жеңе ме, жоқ па,— оны алдын ала ешкім айта алмайды, өйткені мұның өзі тым күрделі объективті жағдайларға байланысты. Бірақ трудовик шаруалардың өз қозғалысына халықшыл интеллигенция әкелетін тенденцияларға *қарсы болғанда* ғана жеңе *алатыны* әбден күмәнсыз. Қолайлы тарихи жағдайда өміршең, тың, шынайы демократия жеңіп шыға *алады,*— ал «социалистік» *жел сөз,* халықшылдық тілмарлық еш уақытта жеңе алмайды.

Осы қорытынды маған орыс революциясының аса маңызды сабақтарының бірі болып көрінеді, сондықтан менің мұны бір кезде халықшылдардың алғашқы екі Думадағы сөздеріне толық талдау жасау және 1905—1907 жылдардағы басқа да саяси материалдар арқылы дәлелдермін деген үмітімді үзбеймін. Ал қазіргі уақытта бұл қорытындыны халықшылдардың басты және неғұрлым байсалды органы «Русское Богатствоның» соңғы кітапшасының (1912 ж., № 12) тамаша дәлелдеп бергенін атап айтқым келіп отыр.

Бұл кітапшадағы екі мақала күмәнсыз дағдылы әсер етеді. А. В. П. мырзаның мақаласы («Халықтық социализм бе әлде пролетарлық социализм бе?») — «халықтық социалистер» мен эсерлердің интеллигенттік пікірлерінің үлгісі.

Егер орыс шаруаларының бұқаралық күші А. В. П. және $К^0$ мырзалардың *пікірлеріне* «сәйкес» бағытталмай қоймайтын болса, онда орыс буржуазиялық демократиясының ісі үміт күтпестей болып ұтылар еді. Өйткені бос сөздер мен тілмарлықтан тарихи *қимыл* шыға *алмайды. Мұндай* халықшылдықтың дәрменсіздігінде дау жоқ.

Крюков мырзаның «Отсыз» деген мақаласында тілі тәтті попсымақ біреу шаруа мен шаруа өмірі және шаруа психологиясы туралы әңгіме қылып, шаруаларды сол шаруалардың *өздері* бой көрсеткеніндей және бой көрсетіп отырғанындай етіп бейнелейді. Егер осы бейнелеуі дұрыс болса, онда орыс буржуазиялық демократиясы — атап айтқанда шаруалар — ірі тарихи қимыл жасауға тиіс; қосарласа жүретін құбылыстардың аздыкөпті қолайлы жағдайында бұл қимылдың жеңіп шығуының толық мүмкіндігі бар.

Осыны түсіндіру үшін А. В. П. мырзаның «идеяларын» қысқаша сипаттап, тілі тәтті попсымақтың орыс шаруаларын суреттеген жерінен біраз цитат келтірейік.

А. В. П. мырза халықшылдықтың негіздерін «Заветыдың» жазушысы Сухановтан қорғайды; өйткені Суханов марксистерді халықшылдармен біріктіру тәрізді бірдеңені уағыздай келіп, халықшылдықтың толып жатқан түбегейлі теориялық қағидаларын марксизмге *беріп қояды.*

А. В. П. мырза бірігуден қашпайды, бірақ халықшылдық принциптерін «беріп қойғысы» келмейді. Міне, сондықтан халықшылдықтың принципті тазалығы мен беріктігін А. В. П. мырза сияқты күмәнсыз білікті және көрнекті халықшылдың дәл осы *қорғауы* оның позициясының мейлінше *үмітсіз екендігін, мұндай* халықшылдықтың *мүлде өмір сүре алмайтындығын* ашықтан-ашық көрсетеді.

Суханов мырза жаратылысы бойынша социалистік тап тек жалғыз пролетариат қана дегенге дейін барды. Әрине, егер аз да болса дәйектілікпен ойласа, мұның өзі марксизмді мойындап, халықшылдық *социализмді* толық жоққа шығару деген сөз.

А. В. П. мырза Суханов мырзаға қарсы шығады, бірақ оның дәлелдері — бұрын-соңды болып көрмеген бейшаралық бірдеңе. Мұның өзі — ревизионизм теорияға өмірдің түзетуін «өлшеусіз көптіртеді», ал ортодоксия оған босқа таласады деген тақырыпқа кілең ескертулер, түзетулер, сұрақ белгілері, эклектикалық ескертпелер болып шығады. А. В. П. мырзаның ұсынып отырған қойыртпағы, екі тамшы судың бір-біріне ұқсастығы

сияқты, барлық европалық елдердегі «адамгершіл» буржуалардың тап күресі мен таптық социализмге әдеттегі қарсылығына ұқсас.

Бүкіл дүние жүзінде тек пролетариат қана капиталға қарсы күнбе-күн ұдайы күрес жүргізеді, нақ пролетариат социалистік партиялардың бұқаралық тірегі болып табылады деген негізгі және жалпыға мәлім фактіні А. В. П. мырзаның теріске шығаруға батылы бармайды. Ел саяси жағынан *неғұрлым еріктірек* болса, шаруаларда социалистіктің ең әлсіз түрі де *соғұрлым кем* болатынын А. В. П. мырзаның білмеуі мүмкін емес. Сондықтан ол істі *шатастыру* үшін, марксизмге тұтас, тура, анық әлеуметтік теория сияқтанған бірдеңені болса да қарсы қоюға да талаптанбастан, европалық буржуазияшыл профессорлар мен оппортунистердің ой-пікірлерінің үзінділерін әшейін *желеу етеді*.

Сондықтан А. В. П. мырзаның мақаласындай жалықтыратын еш нәрсе жоқ. Россиядағы халықшылдық *социализмнің* идеялық жағынан бүтіндей құрығандығын бұдан гөрі айқын көрсететін еш нәрсе жоқ. Ол өлді. А. В. П. мырзаның «идеяларын» Батыстағы буржуазиялық социал-реформаторлық басылымдардың қайсысынан болса да түгел табасыз. Оларды теріске шығарып жату да қызғылықсыз.

Бірақ Россияда халықшылдық *социализм* өлген болса, оны 1905 жылғы революция өлтірген болса, А. В. П. мырзалар оны қолынан жерлеген болса, одан тек шірік бос сөз ғана қалған болса, онда Россиядағы шаруалар демократиясы әсте де социалистік демократия емес, 1860 жылғы Америкада, XVIII ғасырдың аяқ кезінде Францияда, XIX ғасырдың бірінші жартысында Германияда болған демократия сияқты, т. т., т. с. сияқты буржуазиялық демократия, міне, осы демократия *тірі*.

Тілі тәтті попсымақтың деревня туралы әңгімесі, Крюков мырзаның баяндап отырған әңгімесі, осыны толық дәлелдейді. Ал Крюковтың хабарлап отырғаны,— жол-жөнекей айта кетейік,— «Русская Мысльдегі» (1912 ж., № 11: «Сайлауда») демократияның көріну

жауы вехишіл Булгаковтың зерттеуінен, бәлкім, бұдан да гөрі анығырақ, дәлірек көрінеді.

«Жарамсақтық пен қорқақтық,— дейді Крюковтың попсымағы орыс дін басылары туралы,— бұл әрқашан болып келді!.. Бірақ айырмасы сол — бұл кездегідей шіркеуден *сұмдық тыныштықпен,* үн-түнсіз бас тартушылық ешқашан да болып көрген емес. Шіркеуде өмір рухы дәл бір сөнген тәрізді. Қайталап айтамын: жалғыз интеллигенция ғана кетіп қойған жоқ,— халық кетті... мұны мойындау керек,— мен екі жыл селолық священник болдым ғой».

Тілі тәтті попсымақ *бесінші* жылды есіне түсіреді. Ол кезде попсымақ шаруаларға манифесті түсіндірген.

«Мен көздері ашылар, тығыз одақ болар, *сүйіспеншілік,* байыптылық, байсалды ұғынушылық, сергу, жігерлілік болар деп күттім емес пе...,— деп күңіренеді ол.— Көздері ашылған да сияқты болды, бірақ бірігу мен одақтың орнына — өштік пен өзара қырқысу келіп шықты. Бәрінен де бұрын деревня нақ мені сыртқа тепті — айтарлықтай сыртқа тепті. Мен бар жаныммен, жүрегіммен сол деревняны жақтаған сияқты едім... Нақ сол бостандықтардың өзін, тағы сондайлардың бәрін түсіндірдім. Ал олар қандай тыңдады! Мен, енді менің кең айтқанымнан артық кеңейтіп айту мүмкін емес қой десем, олай емес екен... деревняға басқа сөздер де кіріп кетіпті. Ал жаңа түсіндірушілер: жер туралы, теңдесу туралы, мырзалар туралы айтып, қойыртпақты әлдеқайда молайтыпты. *Әрине, мужиктер мұны іле-ақ түсініп, ұғынып алды.* Ең алдымен олар маған келіп, руға үшін маған екі жүз сом емес, жүз сом төлейміз деп мәлімдеді...

...Алайда, мені өте-мөте *қынжылтқан* — жүз сом жөніндегі факт емес,— деревняның жаңа бейнесін жөпелдемеде туғызған барлық істің жиңағы. Деревняның көзін ашуға, буалдыр тұманын сейілтуге, қараңғылығына жарық сәуле түсіруге жан-жақтан тырысып-ақ бақты ғой! Ақыры, шынын айтатын болсақ, дегендеріне жетті. Соқыр адам кішкентай сәуле көрер болса, әбден көзі ашылып жетпесе де, сол көргенінен бастап ол енді соқыр емес... Ал осы шала-шарпы көз ашылуымен бірге ол ең қайғылы жағдайды білді, оған нағыз кернеген өштік сезімі келді... Кейде ол, бәлкім, өзінің қараңғы-надандығына күрсініп қоятын болар. Деревняны ашу-ызаның кернегені соншалық — тіпті деревняның бүкіл ауасы да ашу-ызаға толы сияқты... Пышақ, сойыл, өрт салу. Өзінің әлсіздігін білу, іш өртейтін, қайтпаған кек, өзара ұрыс-қағыс, талғамай жек көрушілік, өзінен тәуірірек, қолайлырақ, ауқаттырақ тұратындардың бәрін де көре алмаушылық. Бұрын да, әрине, көре алмаушылық болды, ызалану да, қайғы да, сасық күнә да болды, бірақ онда жұрт құдайдың құдіретіне және бұ дүниедегі байлықтың

бекерлігіне иланушы еді, илана отырып, о дүниеде рақат көретініне сеніп *шыдайтын күш табушы* еді. Бұл күнде мұндай сенім енді жоқ. Бұл күнде ондағы сенім мынадай: біздер — езушілер, олар — езілушілер. Бостандық туралы түсіндірулердің бәрінен деревня жерінде арам ниет пен өліткіш сөздер өрбіді... Ал енді, міне, жер туралы жаңа заңды алайық,— інісі ағасына, баласы әкесіне, көршісі көршісіне қарсы шықты! Ыза мен лаңның етек алғандығы сонша — олар деревняны тұншықтырады, сөзсіз тұншықтырады».

Біз тілі тәтті попсымақтың (нағыз халықшыл-интеллигент!) деревняны осылай айрықша тән суреттеуінен ерекше сипаты бар кейбір сөздерінің астын сызып көрсеттік.

Попсымақ — «сүйіспеншілікті» жақтаушы, «өшпенділіктің» дұшпаны. Бұл жөнінде ол біздегі кадеттер және кадетке ұқсастар ұдайы дамытып жүрген барып тұрған реакцияшыл толстойшылдық (христиандық,— деп айтса да болады) көзқарасты толығымен мақұлдайды. Әлдеқандай бір «жерді социализациялау» дегенді арман етуге, кооперациялардың «социалистік» маңызы туралы, «жер иеленушіліктің нормалары» туралы мылжыңдауға сірә, мұндай попсымақ қарсы емес, бірақ іс «сүйіспеншіліктің» орнына өшпенділікке жеткен кезде ол бірден райдан қайтып, үн-жұрғасы түсіп, көзінен сорасын ағыза бастады.

Сөз жүзіндегі, сылдыр сөздік «социализм» («пролетарлық емес, халықтық») дегеніңіз — ұшан-теңіз, мұны Европадағы кез келген сауатты мещанин де мақұлдайды. Ал егер іс «сүйіспеншілік» орнына «өшпенділікке» жетсе, онда біткені. Адамгершілік сөз жүзіндегі социализм болса — біз оны жақтаймыз; революцияшыл демократия болса — біз оған қарсымыз.

Тілі тәтті попсымақтың деревнядағы «бұзақылық» туралы жауыр болған тақырып жөніндегі айтқаны іс жүзінде ешбір жаңалық болып шықпайды. Бірақ «бұзақылық» дегені *крепостниктер* енгізген ұғым екені оның өз әңгімесінен анық көрініп отыр. «Іш өртейтін, қайтпаған кек» — міне, тілі тәтті попсымақтың айтып отырғаны осы. Ал мұның өзі «бұзақылықтан» әлдеқайда алысырақ жатқан бірдеңе екені күмәнсыз.

Марксистер халықшылдыққа қарсы күресте маниловшылдықты, тәтті сөзді, таптан жоғары тұрмыз деп колгірситін көзқарасты, іскерсінген әдісімен және алаяқтығымен жырынды болған қайсыбір француз «радикалсоциалисіне» лайық пасық «халықтық» социализмді қиратуды ежелден-ақ өзінің міндеті деп санады. Бірақ сонымен қабат марксистер ежелден-ақ халықшылдық көзқарастардың *демократиялық* өзекті мәнін бөліп алуды өзінің міндетті парызы деп санап келді. Халықшылдық социализм — шіріген және сасық өлексе. Россиядағы шаруа демократиясы, егер оны Крюковтың тілі тәтті попсымағы дұрыс бейнелеген болса, нақты күш. Әзірше Пуришкевичтер қожайындық етіп тұрғанда, отыз миллиондаған адам ашығып жатқанда, ол нақты күш болмай тұра алмайды.

«Талғамай жек көрушілік» деседі бізге. 1-ден, оның бәрі шындық емес. «Талғауды» көрмесе Пуришкевичтер көрмейді, чиновниктер көрмейді, нәзік жанды интеллигенттер көрмейді. 2-ден, тіпті Россиядағы жұмысшы қозғалысының бас кезінде де «талғамай жек көрушіліктің» белгілі бір элементі болды, мәселен, ол өткен ғасырдың 60—80-жылдарындағы стачкалар тұсында машиналарды қирату формасында болды. Ол тез-ақ жойылды. Мәселенің мәні онда емес. Осы жағдайдағы шыдамы таусылған адамдардан «ақ қолғап» талап ету пасықтық болған болар еді.

Ескі, үмітсіз-реакцияшыл дүние танымнан мүлде қол үзу, «езілушілер» туралы ілімді өліктей ұйқының емес, нақты өмірдің кепілі болып табылатын нақ сол ілімді терең ұғыну — міне, мән осында.

Халықшылдық социализм ең соңғы сатысына дейін шіріп бітті. «Сүйіспеншілік», «шыдамдылық», т. с. жөніндегі ілімдерден саналы түрде қол үзу негізінде демократияны тазарту, ағарту, ояту, топтастыру міндеті — нақты және өмірлік мәні бар міндет. Тілі тәтті попсымақ уайымдап отыр. Ал біздің өрісі ұшан-теңіз жігерлі жұмысқа қуануға барлық негізіміз бар.

«Просвещение» № 2,
февраль, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

ӨРШІП БАРА ЖАТҚАН СӘЙКЕССІЗДІК

ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ

I

Жуырда кадеттер депутаттарының осы партияның жергілікті қайраткерлерімен бірге өткізген кезекті кеңесі болды.

Олар, күтілгеніндей, қазіргі саяси кезеңнің ерекшеліктерін талқылады. Бұл кезеңге берілген либералдық баға мынадай:

«Елдің негізгі заңдарды қажетсінулері мен заң шығарушы мекемелердің қазіргі құрылысында және халық өкілдігіне өкіметтің қазіргі көзқарасы тұсында әлгі қажетсінулерді қанағаттандыру мүмкін еместігінің арасындағы өршіп бара жатқан сәйкессіздікке назар аударылды».

Бала мысықтың ойнап-ойнап шатастырып тастаған жібіндей болып тіл де шатасып жатыр. Біздегі байғұс либералдардың өз пікірлерін айқын айтып беретін жері де жоқ-ау!

Алайда үңіліңкіреп қарасаңыз: қырсық айтып беретін *жері жоқтығында* емес, либералдардың айтатын *еш нәрсесі* жоғында. Сәйкессіздік елдің қажетсінулері мен «қазіргі құрылыстың» үміт артуға болмайтындығының және тағы сондайлардың арасында ғана өршіп бара жатқан жоқ,— сонымен қатар елдің қажетсінулері мен либерализмнің *дәрменсіздігінің* арасында өршіп отыр.

Елдің қажеттерін қанағаттандыру неге мүмкін емес, либерал саясатшы мырзалар? Кадеттердің жауабы: заң шығарушы мекемелердің қазіргі құрылысы және халық

өкілдігіне өкіметтің қазіргі көзқарасы кедергі жасап отыр.

Қорытынды: өкіметтің басқаша құрылысы мен басқаша көзқарасы қажет. Мұның нақ қандай екенін біз келесі мақалаларда кадеттер кеңесінің «торт қағидасын» талдай келе көреміз.

Бірақ алдымен біз мынадай басты сұрақты қоюға тиістіміз: «қазіргі» «құрылыс пен көзқарастың» себебі неде? Одан *басқашасы* қайдан келмек? Кадеттер бұл жөнінде тіпті ойлап та көрген емес! Олардың бұл *негізгі* мәселе жөнінде үндемеуі жаман кеңесшілер болған, жақсы кеңесшілердің болуы мүмкін деген сияқты топас, азиаттық тоғышарлыққа келіп саяды...

Кадет мырзалар, «қазіргі» мен қандай да бір *таптың*, мәселен, ірі помещиктер табының, немесе ең бай буржуалар *мүдделерінің* арасында байланыс жоқ па екен? «Қазіргі» мен *белгілі бір таптар* мүдделерінің арасында толық *сәйкестік* жоқ па екен? Барлық таптардың арасындағы қарым-қатынастарды ескермейінше саяси кезеңді талқылауға кірісу бос мылжыңға салыну болатыны айқын емес пе?

Амал не! Кадеттердің өз саясаты мен елдің қажетсінулерінің арасында «өршіп бара жатқан сәйкессіздікті» бүркейтін мылжыңнан басқа еш нәрсесі жоқ.

II

Жалпы алғанда біздегі либералдар — ал оларға ере либералдық жұмысшы саясатшылары да (жойымпаздар) — Россияны «европаландыру» туралы айтқан үстіне айта беруді тәуір көреді. Мұнда кішкентай ғана шындық үлкен өтірікті бүркеу үшін қызмет етіп отыр.

Күмән жоқ, Россия, жалпы айтқанда, европаланып келеді, яғни Европаның үлгісімен, соның кейпімен қайта құрылып келеді (оның үстіне «Европаға» қазір, географияға қарамастан, Жапония мен Қытайды да қосу керек). Бірақ бұл европалану жалпы алғанда, Ұлы Петрден бері қарай болмаса да, II Александрдан бері болып келеді, өрлеу кезінде де (1905), *реакция кезінде* де (1908—1911) болып отырды, өздерінің демократияға

қарсы күрес тәсілдерін «европаландырып» отырған полицияда да, Марков тәрізді помещиктерде де болып отыр.

«Европалану» деген созсымақтың жалпылама сөзге айналып отырғаны сонша, ол сөз істі шатастыруға, саясаттың келелі мәселелерін көлегейлеуге қызмет етеді.

Либералдар Россияны европаландырғысы келеді. Бірақ Біріккен дворяндар советі де *өзінің* 1906 жылғы 9 ноябрьдегі (1910 ж. 14 июньдегі) заңымен европаландыруға тырысып отыр.

Либералдар европалық конституция болса дейді. Бірақ Европаның әр түрлі елдерінде орныққан конституциялар, бір жағынан, феодализм мен абсолютизм болып, екінші жағынан, буржуазия, шаруалар мен жұмысшылар болып, екі арада болған ұзақ, ауыр тап күресінің нәтижесі болған-ды. Жазылған және жазылмаған конституциялар, бізде жоқ деп либералдар біздегі реакционерлерді «ұялтып келген» конституциялар дегеніміз жаңаның ескіні қиындықпен қолға түскен бірсыпыра жеңулерінен кейінгі және жаңаның ескіден бірсыпыра жеңілістерінен кейінгі күрес *қорытындыларының* жазбасы ғана болып табылады.

Либералдар бізде плюстер мен минустердің қорытындыны құрайтын жиынтығы *болмай тұрып* қорытынды болуын тілейді! Либералдық программа мен либералдық тактика бізде: европалық уклад құрылсын, бірақ ол оны Европада жасап шығарған ауыр күрес *болмайақ* құрылсын! дегенге келіп тіреледі.

Либералдардың тілектері мен дәлелдерін біздегі Кобылинскийлердің «дүкеншілер» мен «мужиктерге» қарсы жиреніштi қылықтарымен қарсы алатыны түсінікті.— Сіздер, либерал мырзалар,— дейді Кобылинскийлер,— өздеріңіздің әлі өмірде қолдарыңыз жетпеген жеңістерді қағаз бетіне жазғыларыңыз келеді.

III

Кадеттердің кеңесі тактика туралы мәселе жөнінде 4 қағида қабылдады. 1-сі мынадай:

«Оппозицияның бүкіл майданымен бірігіп жұмыс істеу тактикасы Мемлекеттік думаның кезектегі іскерлік жұмысын жүзеге асыруға қажетті шарт бола отырып, алайда оппозицияның заң жобалары үшін Мемлекеттік думаның берік және тұрақты көпшілік алуына да, думалық центрдің көмегімен оппозицияның Мемлекеттік дума арқылы өткізе алатын заң жобаларын шын мәнінде жүзеге асыруға да кепіл бола алмайды».

Орыс тіліне аударғанда бұл балдыр-батпақтың мәні мынадай болып шығады:

Либералдар тек октябристермен қосылғанда ғана Мемлекеттік думада көпшілік бола алады. Ондай көпшілік тұрақты болмайды, ал оның шешімдері жүзеге аспайды.

Дұрыс. Бірақ бұдан шығатын қорытынды мынау: бұл шешімдерді «қажетті», «кезектегі» және «іскерлік» (!??) жұмыс деп атау өзін-өзі алдау және халықты алдау болады.

Октябристермен бірге дауыс беріп, оңшылдарды құлатып, IV Думада заң шығарушылыққа салыну тұрғысында болмайық, конституциялық жалған үміттерді таратпайық,— егер кадеттер тек сөз жүзінде ғана демократ болғысы келмесе олар халыққа, міне, осылай деулері керек еді.

Кадеттер кеңесінің бірінші «қағидасы» өзінің қисынсыздығымен таңдандырады. IV Думаның тұрақсыз және осал көпшілігінің шындығында жүзеге аспайтын заң жобаларын қабылдауы «іскерлік» жұмыс деп аталады!! Кадеттердің өздері мұны жүздеген рет іш пыстыратын қойыртпақ деп атаған еді және дұрыс атаған еді.

Бірақ кадеттердің логика тұрғысынан өрескел қисынсыз тактикасы таптық мүдделер тұрғысынан түсінікті болып шыға келеді. Социал-демократтардың III және IV Дума туралы 1907 жылдан бастап не дегендерін еске түсірейік.— Думада екі көпшілік бар деді олар: оңшыл-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік. Олардың екеуі де контрреволюциялық негіздегі көпшілік (салыстырыңыз: «Просвещение», 1913, № 1, 13-бет*).

Кадеттердің 1913 жылғы февральдағы кеңесі біздің 1907 жылдан бергі ресми шешімдерімізде айтқандарымызды растады.

* Қараңыз: осы том, 358—359-беттер *Ред.*

«Оппозицияның бүкіл майданымен бірігіп жұмыс істеу тактикасы... думалық орталықтың көмегімен» кадеттерге *қажет* болатын себебінің өзі де сол, олардың октябристер сияқты контрреволюциялық негізде болуында. Бұл екеуінің ішкі жақындығы болғандығынан олардың бірлескен, «іскерлік» жұмысқа ұмтылатындығы, қазір бұған үміт артуға болмайтындығына қарамастан осыған ұмтылатындығы түсінікті.

Октябристер өздерінің баспасөзінде өмір-бақи жыланады да жүреді, революцияны сөгеді, үкіметті, оңшылдарды, Мемлекеттік советті сөгеді,— ал Думада реформалар болса деумен ғана тынып, үкіметке ереді.

Кадеттер өздерінің баспасөзінде олардан да бетер жыланады, революцияны сөгеді, үкіметті, оңшылдарды, Мемлекеттік советті және октябристерді сөгеді,— ал Думада реформалар болса деумен ғана шектеліп, өздерінің оппозицияшылдығын октябристерге икемдеуге тырысады.

IV

Кадеттер кеңесінің екінші қағидасы мынадай:

«Мемлекеттік думаны, заң шығарушы және саяси фактор ретінде айтарлықтай күшейтуге негізгі үш шартты жүзеге асыру арқылы ғана жетуге болады, бұл шарттар: сайлау заңын демократияландыру (жалпыға бірдей сайлау правосы), Мемлекеттік советке түбегейлі реформа жасау және министрліктің жауапкершілігі».

Бұл жерде баяндалып отырған тактиканың мәнін: реформизм деген бір сөзбен білдіруге болады.

Тарих ғылымы бізге былай дейді: белгілі бір саяси укладты реформистік түрде және реформистік емес түрде өзгертудің айырмашылығы, жалпы айтқанда, мынада: біріншісінде — өкімет билігі бұрынғы билеуші таптың қолында қалады; екіншісінде — өкімет билігі бұрынғы таптың қолынан жаңа таптың қолына көшеді. Кадеттер тарихи өзгерістердің таптық негізін түсінбейді. Теория тұрғысынан қарағанда кадеттердің негізгі қатесі осында.

Ал практика тұрғысынан қарағанда бұл айтылып отырған теориялық айырмашылық: жалпы мен негізгі

өзгермей тұрғанында жеке жағдай өзгере ме, немесе осы жалпы мен негізгі өзгере ме дегенге келіп сайды.

Тарихтың әр түрлі кезеңдерінде әр түрлі елдерде буржуазия реформистік буржуазия да болды, реформизммен шектеліп қалмаған буржуазия да болды. Екінші жағынан, жұмысшы табы, реформа елеулі өзгерістер енгізе алады деп ешқашан мойындамаса да, белгілі бір жағдайларда таяудағы талаптарды реформа түрінде қоюдан әсте де бас тартпайды.

Мәселе, демек, мынаған келіп тіреледі: қазіргі үстемдік етіп отырған таптың, яғни феодалдық тұрпаттағы ірі жер иеленушілердің үстемдігінің сақталуын кадеттер талассыз деп санайды. Кадеттер ілік жалғаулы оппозицияның тұрғысында болумен келеді, «Россияда, құдайға шүкір, конституция бар» деген көзқараста болып келеді.

Басқаша айтқанда, кадеттердің «негізгі үш шарты» дегеніміз экономикалық және саяси артықшылықтарды феодалдық жер иеленушілік пен капитал арасында *бейбіт* бөлісін алудың либерал буржуазия ұсынып отырған шарттары.

Октябристер де нақ сол көзқараста (октябристің тілінде ме, кадет Маклаковтың тілінде ме, әйтеуір біреуінің тілінде — «өкіметті елмен жарастыру»), осының өзінде октябристер жер иеленушілік үшін бөлістің анағұрлым *«жағымпаздық»* шарттарын ұсынып отыр.

Октябристердің үлкен жағымпаздығы іске аспай қалды. Ендеше, кадеттердің кішкене жағымпаздығынан басқаша нәтиже күтуге нендей негіз бар? Реформизм тұрғысынан қарағанда октябристер анағұрлым дәйектірек, өйткені бұл көзқараста болған адам реформалардың *қолайлы-қолайсыздығын* есепке алуға тиіс, ал октябристік «реформалар» әлдеқайда «қолайлы».

Қорытынды біреу: либералдық реформизм мен елдің қажеттерінің арасындағы сәйкессіздік өршіп барады.

V

Кадеттер кеңесінің үшінші қағидасы мынадай:

«Бұл жағдайларды әзірлеу кадеттер тактикасының негізгі міндеті болуға тиіс, оның үстіне оппозицияның басқа топтарымен және центрмен бірге кезектегі заң шығару жұмысы, орындалатын болуына қарап пайдаланылуға тиіс, бірақ ол осы негізгі міндеттерді жүзеге асыруға қайшы келмеуге тиіс» («Речь» № 34, 4 февраль).

Мұнан бұрынғы «қағида» солшыл кадеттердің ыңғайына көшу болған еді, немесе, дұрысын айтқанда, демократияны қызықтыру еді: бізді, кадеттерді, қолдаңдар, өйткені біз — «демократтармыз», біз жалпыға бірдей сайлау правосын жақтаймыз!

Солға қарай бір бас шұлғығаннан кейін — оңға қарай шындап бет бұрыс жасалған: 3-қағиданы балдырбатпақтап орыс тіліне аударғанда былай болып шығады: *прогрессистермен және октябристермен* бірге біз, кадеттер, *бірігіп* кезектегі заң шығару жұмысын мойындаймыз!

Бірақ бұл «кезектегі» заң шығарушылық, 1-қағидада мойындалғанындай, *жүзеге асырылмайтын* заң жобаларын береді ғой? Кадеттердің: «орындалатын болуына қарап» деген ескертуі бар. Яғни, турасын айтқанда, қойыртпақпен біз шұғылданамыз, бірақ мұның жауапкершілігін октябристер алатын болсын! Біздегі кадеттер, шынында, қалжыңшыл-ау, осы...

Одан кейін. *Реформистік* тұрғыда кадеттерден гөрі дәйектірек бола тұрып, прогрессистер де, октябристер де жалпыға бірдей сайлау правосы, Мемлекеттік советке түбегейлі реформа жасау сияқты және т. с. «шектен асқан» либералдық талаптарға келіспейді. Демократизмге дәмеленумен келе жатқан кадеттер демократияның бұл көрінеу *дұшпандарымен бірлесіп* кезекті заң шығару жұмысын қалайша жариялай алады?

Ал бұл жерде де кадеттердің бір кішкене ескертуі бар: біз, кадеттер, жалпыға бірдей сайлау правосын *әзірлеумен*, октябристермен *бірлескен* жұмыс арқылы *әзірлеумен* шұғылданып жатырмыз, ол жалпыға бірдей

сайлау правосын «жүзеге асыруға қайшы келмеуге тиіс»! дейді.

Оңай сылтау: біз Родзянконың сөзін «конституциялық» сөз деп жариялаймыз, біз (социал-демократтар сияқты қателесіп емес, өз сеніміміз бойынша) министрлік декларация бойынша октябристік көшу формуласына дауыс береміз, өйткені мұның бәрі жалпыға бірдей сайлау правосын «әзірлеуге» *қайшы келмейді!!*

Бұл жерде енді кадеттер — қалжыңшыл ғой деп айтуға болмайды. Бұл жерде *басқа бір* сөз қолданған жөн болар еді...

Европалық елдердің бәрінде де контрреволюцияшыл, демократиядан сырт айналған либерал буржуазия: біз «негізгі» демократиялық реформаларды *әзірлеумен* (Пруссияда —национал-либералдармен бірге, Францияда — барлық прогрессистермен бірге) шұғылданып жатырмыз деп сендірумен келеді.

Реформистік жолға біржолата көшіп отырған буржуазия — өзінің либерализмі жөнінен әлсіз, демократиялық өзгерістер ісінде үміт артуға болмайтын, жұмысшыларға қас, халықтан оңшылдарға өтіп кеткен шірік буржуазия.

VI

Кадеттер кеңесінің соңғы, 4-қағидасы мынадай:

«Кеңес жоғарыда айтылған үш ұранды алға қоюмен қатар парламенттік күрестің неғұрлым белсенді тактикалық шараларын қолдану туралы мәселені қозғаудың да дер кезі келді деп біледі».

Тек парламенттік күрестің ғана ма? және тек мәселе қозғаудың ғана ма?

Ал «парламенттік күрестің неғұрлым белсенді тактикалық шараларын» дегеннің, шынында, немене екенін,— бір алла біледі. Кадеттердің кеңесі өзінің қағидаларын нағыз ұғымсыз тілмен нақ бір әдейі тұжырымдаған сияқты.

Неғұрлым белсенді шараларды сөз еткенде кадеттер өздерінің солшылданып отырғанын көрсеткісі келетіні айқын. Бірақ бұл тек қана *көрсету*, өйткені бұдан тиянақты еш нәрсені біліп болмайды.

Парламенттік күрестің қандай «шаралары», жалпы айтқанда, неғұрлым белсенді шаралар деп аталынуы мүмкін?

Октябристік және прогрессистік көшу формулаларын жақтап дауыс бермеу.

«Өкіметті елмен жарастыру» туралы сөздер сөйлемеу.

Оңшыл-октябристік көпшілік антидемократиялық шаралар өткізіп жатқанда ешқашан үндемей қалмау.

Жалпы, принципті айтыстарды жабуға және қысқартуға келіспеу.

Кадеттермен кездесетін адамдардың бәрі-бәріне беретін кеңесіміз кадеттерден мына жайларды сұрауды ұмытпасын: олар неғұрлым белсенді шаралар туралы мәселені «қозғады ма» екен? егер олар бұл мәселені қозғамақшы болған болса, мұны қалай шешті екен? «неғұрлым белсенді шараларды» олар іс жүзінде қалай қолданып жүр екен?

Ел солшылданып келеді. Жаңа демократия өмірге оянып келеді. Кадеттердің сырт көзге ғана аз-маз солшылдануының барынша айқын саяси мәні бар: осы жаңа демократияны алдау, оны өз соңына ертіп алу, өздерін осы демократияның өкілдері етіп көрсету.

Демократияның көкейкесті міндеті — осы алдауға бөгет жасау. Кімде-кім өткен кездің ауыр сабақтарынан: кадеттер тарапынан демократиялық элементтерге тіпті ішінара басшылық жасалуының өзі ауытқушылықтар, опасыздықтар, күрессіз масқара жеңілушіліктер тудырмай коймайды деген қорытындыға келмеген болса,— ол еш нәрсені үйренбеген. Ондай адамды демократияның жауы деп қарау керек.

VII

Жалпы және тұтас алғанда кадет кеңесі біздің «центрдің» саяси өмірі туралы көңіл аударарлық документ болып табылады. Әдетте мұндай документтерге, ұйымдасқан партиялардың анық және формальды шешімдеріне, баспасөз бізде аз көңіл аударады. «Қарарларды» жаратпайды. Интервью мен өсектерді артық көреді.

Бірақ саясатқа шындап қарау партия шешімдерін өте мұқият талдауды талап етеді, сондықтан марксистер осындай талдау үшін өздерінің қолынан келгенінің бәрін істейді.

Біз кадеттерді «центр» деп атадық. Бұлай деп оңшылдар мен оппозицияның аралығында тұрған октябристерді атау *әдет болған.*

Алайда,— саяси партиялардың таптық негіздері тұрғысынан қарағанда да, жалпы алғанда *осы заманғы* саясаттың мәні тұрғысынан қарағанда да,— партияларға талдау жасаған кезде Думамен шектеліп қалуға болмайды, тек октябристерді ғана «центр» деп есептеуге болмайды.

Біздегі партиялардың таптық негіздеріне көз салып қараңыздар: оңшылдар мен ұлтшылдар, жалпы алғанда,— крепостник-помещиктер. Олар қазіргі режимді сақтауды және «тереңдете түсуді» *жақтайды.*

Октябристерде, прогрессистерде және кадеттерде, күмәп жоқ, неғұрлым буржуазиялық тұрпаттағы помещиктің, ал одан кейін толып жатқан ірі буржуазияның да бар екенін көреміз. Осы партиялардың барлығы да *реформаны* қалайды. Олардың барлығы крепостник-помещиктер мен демократияның (шаруа және жұмысшы демократиясының) аралығындағы *нағыз* центрді құрайды.

Буржуазия реакциядан гөрі демократиядан көбірек қорқады; бұл прогрессистерге де, кадеттерге де қатысты. Соңғы екі партияның оппозицияшылдығы, әрине, күнбе-күнгі саясаттың практикалық міндеттерінде есепке алынуға тиіс, бірақ бұл оппозицияшылдық осы партиялардың октябристермен таптық жағынан туыстастығын бізден бүркемелеуге тиіс емес.

Крепостник-помещиктер жеке-дара да, буржуазияның жоғарғы топтарымен блок жасасып та үстемдік жүргізуде. Крепостниктер реформаларға қарсы. Буржуазия, жалпы айтқанда, реформаны жақтайды, жақтағанда ол реформистік позициямен шектеліп отырады, ал шаруа демократиясы жөнінде де, әсіресе, жұмысшы демократиясы жөнінде де бұлай деп айтуға болмайды.

Кадеттер кеңесі кадеттердің *реформизмін,* олардың бірден-бір тактикасы ретінде, бізге айқын көрсетіп отыр. Бұл тактиканың буржуазияның таптық мүдделерімен *байланысын* және бұл тактиканың *жеткіліксіздігін,* елдің тілектерімен оның «сәйкессіздігінің өршіп бара жатқандығын» түсініп алу бәрінен де маңыздырақ нәрсе. Кадеттердің октябристермен түпкі туыстастығын және кадеттердің басшылығымен демократияның қандай болмасын табыстарға жетуінің мүлдем мүмкін еместігін түсіну — бәрінен де маңыздырақ нәрсе.

VIII

Кадеттер кеңесіне арналған «Бұдан әрі не болмақ?» деген редакциялық мақаласы бар «Голос Москвы» газетінің 30-номерін алған кезімде менің шағын мақалам жазылып болған еді.

Думада 6 февраль күні дауыс беруге байланысты (Кассоның түсініктері бойынша көшу формуласын қабылдау)[178] бұл мақаланың соншама маңызы бар болғандықтан және ол кадеттердің октябристерге көзқарасы туралы мәселені соншама айқын көрсететін болғандықтан, олар жайында әңгімелей кету сөзсіз қажет болып отыр.

Октябристердің ресми органы «Голос Москвы» кадеттер кеңесін (кеңесті ол, неге екені белгісіз, конференция деп атайды) Милюков бастаған солшыл кадеттердің оңшыл кадеттерді жеңуі деп бейнелейді.

«Осы негізгі міндеттерге» (яғни жалпыға бірдей сайлау правосына, Мемлекеттік советтің реформасына және министрліктің жауаптылығына) «қайшы келмейтіндігіне қарап қана,— деп баяндайды «Голос Москвы» кадеттердің қарарын,— заң шығару жұмысын пайдалануға болады».

«Түсініктірек етіп айтқанда, мұндай формуланы қабылдау анық жүзеге асырылатын шеңберде заң шығарушылық жұмысының қандайынан да бас тартумен бірдей болады, сондықтан кадет оппозициясы бұдан былай ашық жауапсыз оппозиция сипатын алады».

Осыдан келіп «Голос Москвы»: енді тек Думаны тарату ғана қалып отыр, өйткені октябристер ешқашан

кадеттердің мұншама «келісімге келмейтін (ойнамаңыздар!) позициясына» түспейді, Думада ешқандай көпшілік жоқ, «толық үмітсіздік»... деген қорытынды жасайды.

Тарих, міне, осылайша жазылып отыр!

Кадеттер мен октябристердің етене туыстығы және олардың «керісулерінің» шын сипаты осы арада тамаша айқын ашылып отыр: ағайынның азары болса да...

Октябристердің Москвадағы ресми органының 6 февральда кадеттердің *4 февральдан бұрын* болып өткен кеңесінен кейін («Речь» кеңес болғанын 4 февральда жариялады) октябристік-кадеттік блоктың толық күйрегенін жариялағанын біз жоғарыда көрдік.

Дәл сол 6 февраль күні С.-Петербургте, IV Мемлекеттік думада, октябристер мен кадеттер *бірге* 153 дауысқа қарсы 173 дауыспен Кассоның түсініктеріне көшудің *октябристік-кадеттік* формуласын — кейін тексеру түрінде дауыс бергенде әлдеқалай өтпей қалған формуланы қабылдады!!

Жақсы екені рас емес пе?

Мұның өзі октябристер мен *кадеттердің* өз саяси «істерін» қалай амалын тауып жүзеге асыратынының тура классикалық үлгісі. Олар ешқандай «блокта» емес, құдай сақтасын! Бірақ олар жұртты алдап соғу үшін қызметті өзара «шебер» бөлісетіні соншалық, ешқандай ресми блок өздеріне мұндай «қолайлы жағдай» жасамаған болар еді. Кадеттер елдің солшылданып келе жатқанын, жаңа демократияның туып келе жатқанын көріп отыр, сондықтан да олар өздерінің кеңесі арқылы тіпті еш нәрсені айтпайтын, мүлдем мағынасыз, бірақ *солшылдыққа ұқсас* бірнеше сөздер қолданып, солшыл болғансып жүр. Октябристер жұрт алдында осы, кадеттер солшылданыпты деген пиғылды немесе пікірді *қуаттайды*, «Голос Москвыдың» редакциялық мақаласында *ресми түрде* кадеттердің позициясын келісімге келмейтін позиция деп жариялауымен, Думада октябристердің кадеттермен бірігуі арқылы көпшілік құруы мүмкін емес деп жариялауымен, кадеттерді солшылдық үшін талқандайды, Дума таратылады деп шу көтеруімен және т. б., т. с. қуаттайды.

Ал іс жүзінде — айғай-шуды пайдаланып кадеттермен саудаласады және кадеттердің солшылдығына қарсы өздерінің неғұрлым қатаң шүйлігуінің үстінде келіп кадеттермен ортақ формула жөнінде *саудаласып келіседі!!*

«Қасқыр да тоқ, қой да аман». Демократия да айтқанға сеніп алданып, кадет үйіріне тартылып отыр (кадеттер дегеніңіз сондай солшылдар ғой... солшылдығы үшін октябристердің оларға қалай ұрсып жатқанын қараңыз!), қара Думада октябристік-кадеттік блок та сақталып, нығайтылып, дамытылып отыр.

Ойпырмау! Либералдық кадеттік алдаудың осындай оп-оңай сырын Россия демократиясы қашан ғана ұғар екен? деп айқайлағың келеді. Ал енді европалық елдердің бәрінде де либерал буржуазиялық саясатшылар, қай түрде болсын, нақ осылай айлалап жүр ғой: халық алдында, сайлау үшін, ресми сөздерінде олар — демократтармыз, радикалдармыз (немістің «еркін ойлаушылары», Англиядағы Ллойд Джордж және К°), тіпті социалистерміз (Франциядағы радикал-социалистер) деп айғай салып, ант-су ішеді. Ал *іс жүзінде*, өздерінің *нағыз* саясатында сөзсіз антидемократиялық үкіметтермен және партиялармен, түрлі сарындағы және түрліше ұлттардың октябристерімен *бірге* болады.

Бұл тарих қандай ескі және оны кадеттер қаншалық шексіз жиі-жиі қайталай береді десеңізші!

IX

«Голос Москвы» кадеттер сайлау алдында былай істеді деп сендіреді:

«нақтылы жағдайлар шеңберінде заң шығарушылық жұмыстың қажеттігін дәлелдей отырып, солшылдармен қатты айтысты. Мұның өзі думалық центрдің оппозициямен келісімге келуі мүмкін деп сенуге негіз болды. Бірақ сайлаудан кейін конституциялық-демократиялық партия басшыларының көзқарасында елеулі өзгеріс болды. Думалық тактика туралы мәселе жөнінде Милюков ұсынып, конференция қабылдаған қарар сайлау кезінде, сірә, қалалық ірі буржуазияның дауыстарын өз жағына тарту үшін айтылған нәрселердің барлығына түбірінен қайшы келіп отыр. Әйтпесе, қалалық ірі буржуазияның қазір

конференция ұсынып отырған платформада кадеттерді қолдауға қосылуы екіталай болған болар еді».

Міне, аңқаулық қулыққа ма әлде аңқау надандыққа ма қайсысына таңдапарыңды білмейтін пайымдаудың үлгісі осы.

Кадеттер көзқарастарында *ешқандай* өзгеріс жоқ. Олар әрқашан демократияны алдап соңынан ертіп жүрген либерал партия болған және либерал партия болып қала береді. 1912 жылғы сайлауда да кадеттер ірі буржуазияның алдына өздерінің «нағыз» пішінін, өздерінің епшілдік «ниеттестігін», өздерінің капиталистер табының қызметшілері ретіндегі «байыптылығын» алдын ала ұсынған-ды. Ал демократияшыл сайлаушының алдында сол кадеттер дәл сол уақыттың өзінде біз — демократтармыз, біздің Думадағы тактикамыздың социал-демократиялық тактикадан ешбір елеулі айырмашылығы жоқ деп ант-су ішкен-ді.

Кадет саясатының осы екі жағы — барлық цивилизациялы елдердегі әрбір либерал партияның «костюмінің қажетті жағы». Әрине, партияның жекелеген мүшелері көбінесе өздерінің мамандығы етіп, біреулері — демократизмді желеу етуді, екіншілері — «әуестеніп кеткендерді» ақылға келтіруді және «келелі» буржуазиялық саясат жүргізуді қалап алады. Бірақ барлық елдерде де солай болады ғой. Мәселен, Англиядағы жұртқа әйгілі либерал шарлатан Ллойд Джордж халық алдындағы сөздерінде өзін тура революционер етіп жәпе социалист болуға сәл-ақ қана қалғандай етіп көрсетеді, ал іс жүзінде бұл министр саясат жағынан өзінің консерватордан ешбір қалыспайтын көсемі Асквитке ереді.

Егер «Голос Москвыдың» мақаласы Милюков мырзаны солшыл кадеттердің өкілі етіп көрсететін болса, бұл тек күлкіңді ғана келтіреді. Милюков мырза іс жүзінде — партияның демократиялық емес мәнін демократиялық сөзбен жарастыратып ресми кадет дипломатиясының өкілі.

«Голос Москвы» былай деп жазады:

«Милюков мырзаның «сайлаудан кейінгі» бұл жаңа позициясын конференция тіптен де бірауыздан мақұлдаған жоқ. Конференция мүшелерінің бірсыпырасы жекелеген жобалар мен

мәдени реформаларды өткізу мақсатымен думалық центрмен мәмлеге келу тактикасын талап етті. Бұл көзқарасты жақтаушылар: әр түрлі заң жобаларын талқылаған кезде фракция оларды либералдық рухта өткізуге тырыса отырып және оларды қолайсыз етіп алмай, келісімдерге келуге тиіс деп дәлелдеді». Бұдан кейін «кадеттердің атақты тәртібіне» және Милюков мырзаның «самодержавиелік еркіне» кадеттердің «сөзсіз бағынуына» қарсы әрекет болды.

Айла-шарғы айқын. Ақ жіппен көктегендей. Октябристер оңшыл кадеттерді жеңілді деп көрсетуге және оларды солшыл кадеттермен негұрлым батылырақ күреске шақыруға тырысып, оңшыл кадеттерді «ызаландырып отыр». Бірақ октябристердің бұл айла-шарғысынан (егер кадеттер мен октябристер бір шағын семьяның мүшелері болмаған болса, бұл айла-шарғы мүмкін болмаған болар еді) оңшыл кадеттер мен солшыл кадеттердің арасындағы, біздегі либерализмнің Ллойд Джорджлары мен Асквиттерінің арасындағы сарындар айырмашылығының даусыз фактісі жойылмайды.

«Русская Молваға» көз жіберіңізші. Прогрессистердің бұл органы, октябристер мен кадеттердің арасындағы мәмлені уағыздаушы орган конституциялық-демократиялық партияның *ресми* мүшелерін өзіне барған сайын көбірек тартып отыр. «Вехи» көсемі Струведен кейін оған бірден емес, біртіндеп, Мансырев те, Маклаков та, Оболенский де, Гредескул де, Александров та кіріп алды. Міне осы сияқты адамдардың октябристермен көбірек жақындасуға қарай тартқаны күмәнсыз. Оның басқаша болуы да мүмкін емес еді. Бірақ онымен қатар Милюковтың оларды жарнамасы демократиялық, ішкі мәні октябристік платформа негізінде «солшыл кадеттермен» татуластырып отырғаны да күмәнсыз.

X

Кассоның берген түсініктері бойынша әр түрлі партиялардың Думадағы көшу формулалары барынша көңіл қоярлық. Олар саяси талдау жасау үшін әр түрлі партиялардың депутаттары ресми түрде бекіткен, дәл материал береді. Әдетте бұл материалға бәрінен гөрі нақ талдау ісі жеткіліксіз болатын. Ол күнделікті баспасөз-

дің заметкаларының ішінде немесе Думаның тау-төбе стенографиялық есептерінің арасында көрінбей қалып отыратын. Ал әр түрлі партиялардың шын табиғатын түсініп алу үшін оған тоқталу өте қажет.

Сенімсіздік білдіру формуласын қабылдаған күннің ертеңіне «Речьтің» редакциялық мақаласы былай деп мәлімдейді: «Сонымен, орыс қоғамы Мемлекеттік думадан аламын деп дәмеленуге праволы нәрсесін алды» (№ 37, 7 февраль). Бұлай болғанда «қоғамға» керегі басқа еш нәрсе емес, Думаның Кассо мырзаға сенетінін немесе сенбейтінін білу ғана сияқты болып шығады!

Бұл дұрыс емес. Саясатта қолайсыз деп танылып отырған құбылыстың себептерін *түсіну* үшін, сөйтіп қолайлы құбылысқа *жол* таба білу үшін халық пен демократия сенбеудің *дәлелдерін* білуі керек. Кадеттердің, октябристердің және социал-демократтардың «сенбейміз» деген бір сөз бойынша ғана бірігуі мұндай аса маңызды мәселелер жөнінде ештеңе беріп жарытпайды. Октябристердің көшу формуласы мынадай:

«Мемлекеттік дума... былай деп есептейді: 1) орта мектептің оқушыларын саяси күреске тартудың қандайы да Россияның жас күштерінің рухани жағынан дамуына қатерлі және қоғамдық өмірдің қалыпты ағымына зиянды болады; 2) орта мектептегі ұнамсыз құбылыстар жайында өкімет орындары дер кезінде білген жағдайларда, ол құбылыстар қолайсыз сипат алғанша күте бермей, алдын ала шаралар қолдану қажет*; 3) табиғи педагогикалық ықпал етудің орнына оқушыларға оқу бастықтарының рұқсатынсыз 1912 жылғы 10. XII-де қолданылғандай полицейлік шаралар қолдануға батыл қарсылық білдіреді; 4) оқу орындарынан қуылған оқушылардың тағдырын шешудегі сылбырлықты антипедагогикалық сылбырлық деп біледі, сөйтіп бұл жағдайдың оқушыларға жақсы болатын мағынада дереу жойылуын күтіп,— кезектегі істерге көшеді».

Бұл вотумның саяси идеялары қандай?

Мектепте саясат зиянды. Оқушылар кінәлы. Бірақ

---

* Бұл текст 25 январьдағы мәжілісте енгізілген. 1 февральдағы мәжілісте 2-параграф былайша өзгертілген: «Бұл жеке жағдай жөнінде орта мектепте үстем болып отырған: оқушыларға формальдық және селсоқ қарауды, педагог қызметкерлердің семьядан алыс тұратынын атап көрсете келіп, жас өспірім ұрпаққа жалпы жақсы көзқарас тудыру қажет»,

оларды полицейлер емес, педагогтар жазалауға тиіс. Үкіметке наразы болғанда біз «жақсылық істеудің» кемдігі және сылбырлығы үшін наразымыз.

Бұл — антидемократиялық идеялар. Бұл — либералдық оппозиция: ескі өкімет системасы қала берсін, бірақ *оны* жұмсағырақ қолдану керек. Ұр, бірақ шамалап, дабыраламай ұр.

Прогрессистердің көшу формуласына көз жіберіңіз:

«...Дума былай деп табады: 1) Санкт-Петербургтің орта оқу орындарында соңғы кезде болған оқиғалардан хабардар болған халық ағарту министрлігі өзінің міндетіне селсоқ қарады және орта мектепті оның ішіне полицияның баса-көктеп кіруінен қорғамады; 2) полиция қызметкерлерінің халық ағарту министрлігі тарапынан қарсылықсыз қолданған: мектептерді тінту, балаларды учаскеге апарып қамауда ұстау, тергеудің жол беруге болмайтын әдістерін қолдану сияқты тәсілдерін ешбір ақтауға болмайды, әсіресе әңгіме бұл арада мемлекет қауіпсіздігін сақтау жайында емес, орта мектептегі тәртіпті қалпына келтіру жайында болып отырғандықтан да оны ақтауға болмайды; 3) халық ағарту министрлігінің мектепті семьядан бөлектеуге бағытталған шаралар жүйесінің бәрі жас ұрпақтың адамгершілік және ақыл-ес жағынан өсуін тұқырып отыратын мейірімсіз формализм арқылы мектеп өмірінде жарамсыз құбылыстардың тууына қолайлы жағдай жасайды. Халық ағарту министрінің берген түсініктерін қанағаттанғысыз деп таба отырып, Дума кезектегі істерге көшеді».

Бұл формула 30 январьда енгізілген, ал прогрессистер сол кездің өзінде-ақ: егер октябристер сенбеушілікті қосса, олар үшін дауыс беретіндерін мәлімдеген. Бұл саудаласудың нәтижесін біз жоғарыда көрдік.

Саудаласу қандай негізде *бола алды?* Жалпы алғанда келісім негізінде болды.

Прогрессистер де мектепте саясаттың болуын жөнсіз деп біледі, олар да «тәртіпті» (крепостниктік тәртіпті) «қалпына келтіруді» талап етеді. Оларда да ілік жалғаулы оппозиция, ескі өкіметтің системасына емес, оның «селсоқ, мейірімсіз» қолданылуына және т. с. оппозиция бар. 1860 жылдарда Пирогов дүре соғу керек дегенге қосылды, бірақ ол дүре селсоқ, мейірімсіз *соғылмасын* деп талап етті. Прогрессистер қазіргі әлеуметтік элементтердің «тәртіпті қалпына келтіре беруіне» қарсы емес, бірақ оларға мұны «етене жақындасып» істеу

керек деп кеңес беріледі. Бізде жарты ғасыр ішінде болған прогресс қандай десеңізші!

Кадеттердің көшу формуласы:

«Халық ағарту министрінің берген түсініктерін тыңдай келіп және: 1) ол түсініктерде педагогикалық көзқарасты полицейлік көзқараспен әбден араластырып жіберу бар; 2) бұл түсініктер мектеп пен семьяның арасында достық қарым-қатынас ынтымағын орнатуға болатын қалыпты негіздерді біржола теріске шығару болып табылады; 3) министрліктің саясаты оқушылардың арасында үлкен наразылық және қоғам ішінде заңды реніш туғызып, оқушы жастарды саясатқа ерте тартуға қолайлы жағдай жасауға өзі көмектеседі, сөйтіп өзі алдын алуға тиісті нәрселердің тууына өзі жағдай жасайды; 4) оқушыларға мемлекеттік қылмыстылар ретінде қарау жас өспірім ұрпақтан шығатын өте-мөте дарындыларының өміріне зиян келтіреді, оның қатарында көптеген құрбандықтардың болуына ұшыратады, сөйтіп Россияның келешегіне қауіп туғызады деп таба келіп,— Дума министрдің берген түсініктерін қанағаттанғысыз деп табады да, кезектегі істерге көшеді».

Саясатқа «ерте» тартылу бұл жерде де анағұрлым жұмсақ және бос сөздерге бөленген түрде айыпталады. Бұл — антидемократиялық көзқарас. Октябристер де, кадеттер де полицейлік шараларды айыптағанда олардың орнына *алдын алуды* талап ету үшін ғана айыптайды. Система жиналыстарды таратуға тиіс емес, олардың алдын алуға тиіс. Әрине, ондай реформадан система өзінің түсін ғана бояйтыны, бірақ өзгермейтіні анық. Біз министрліктің саясатына наразымыз,— деседі кадеттер,— сонда олардың айтқаны құдды октябристердің: қайсыбір жағынан тым тереңдеп кетпей, бұл саясатты өзгертуді *тілеудің мүмкіндігі* бар дегеніндей болып шығады.

Үкіметке қарсы сөйлегенде кадеттер октябристерден анағұрлым қатаңырақ сөйлейді, сондықтан саясатқа шорқақ элементтер осындай қатаң сөздер тасасынан кадеттер мен октябристердің *мәселені* либералдық, антидемократиялық тұрғыда *қоюының* әбден бірдей екенін аңдамай қалады.

Дума халықты саясатқа шындап үйретуге тиіс. Кімде-кім саясатты кадеттерден үйренсе, ол өз санасын өсірмейді, қайта аздырады.

Октябристердің, прогрессистердің және кадеттердің саудаласа келіп, ортақ формулаға келіскені—әлдеқалай нәрсе емес, негізінен алганда бұлардың идеялық-саяси ынтымақтастығының нәтижесі. Түсініктерді қанағаттанғысыз деп табу үшін ғана мектептердегі саясатты тура айыптауға келісіп отырған кадет саясатынан ұсақ еш нәрсе жоқ. Бірақ кадеттердің бұған келісіп отырған себебі, «ерте» тартылуды олардың өздері де айыптайды.

Еңбек тобының формуласы:

«Мыналарды еске алу керек: 1) 1912 ж. 9. XII. орта мектептің оқушы жастарына жасалған және орта мектеп оқушыларына педагогикалық бақылау ісіне охранка бөлімінің масқара түрде тартылуы арқылы қоғамды қайран қалдырған өрескел зорлық халық ағарту министрі Кассо мырзаның берген түсінігінде тек толық қуатталды және қоғамдық пікір табалай келеке етілді; 2) біріккен министрліктің, ал жекелеп айтқанда халық ағарту министрі Кассоның бүкіл саясатының нәтижесі болып табылатын тіміскілеу мен охранка жүйесі жас өспірім ұрпақты мүлдем талқандауға әкеліп соғады және келешекте оларды ауыр апаттарға кездестіру қаупін туғызады,— осыны еске ала келіп Мемлекеттік дума: 9. XII-де мектептен шығарылғандардың бәрін дереу қайта алуды және халық ағарту министрі Кассоның берген түсініктерін қанағаттанғысыз деп тауып, оның дереу отставкаға шығуып талап етеді, сөйтіп кезектегі істерге көшеді».

Бұл формула, кесіп айтқанда,— қатаң либералдық формула, бірақ либералдан *айырмашылығы ретінде* демократтың айтуға тиіс сөзі мұнда жоқ. Охранканың педагогикалық бақылауға тартылуын либерал да масқаралық деп таба алады, бірақ демократ саясат туралы үйірмелер мен әңгімелердің еркін ұйымдастырылуына *ешқандай* «бақылаудың» қол сұғуға хақы жоқ деуге тиіс (және халықты да соған үйретуге тиіс). «Біріккен министрліктің бүкіл саясатын» либерал да айыптай алады, бірақ Россиядағы демократ қандай болмасын басқа министрліктің де, шын мәніне келгенде, дәл сол саясатты жүргізуге мәжбүр болатын кейбір ортақ жағдайлар бар екенін түсіндіруге тиіс.

Трудовиктік формуланың демократизмі оның *тек* сарынында, авторларының көңіл-күйінде байқалып

отыр. Көңіл-күйі деген саяси белгі екенінде сөз жоқ. Бірақ көшу формуласынан «рух көтеретін» көңіл-күйін ғана емес, жете ойланылған пікірді де талап ету күпә болмайды.

Социал-демократтардың көшу формуласы:

«Халық ағарту министрінің түсініктерін тыңдап және оларда: 1) оқушы жастардың өзінің ой-өрісін өз бетінше білім алу жолымен кеңейтуге және жолдастық қарым-қатынас жасауға ұмтылған табиғи және қуанарлық талабына қарсы күресуге бел байлағандық бар деп біліп; 2) жоғары дәрежелі, орта және төменгі мектепке енгізіліп отырған, жастарды ақыл-парасат және адамгершілік жағынан аздыратын, ой дербестігі мен мінез-құлық тәуелсіздігінің қандай көрінісін де аяусыз жаншып тастап отыратын және оқушылар арасында өзін-өзі өлтіру індетін туғызатын чиновниктік формализм, шпиондық және полицейлік тыңшылық жүйесін ақтау бар деп біліп,— Мемлекеттік дума бұл түсініктерді қанағаттанғысыз деп таниды. Онымен қабат: 1) полицейлік көзқарастың халық ағарту ісіндегі үстемдігі бүкіл орыс өмірінде охранкалық полицияның үстемдігімен, азаматтардың ұйымдасқан өзіндік ісінің барлық түрлерін жапыштап отырумен және олардың правосыздығымен тығыз байланысты деп және 2) мемлекеттік құрылыс пен мемлекеттік басқару системасын түпкілікті қайта құру ғана азаматтарды полицейлік бұғаудан босата алады, мектепті де олардан босата алады деп таба келіп,— Мемлекеттік дума кезектегі істерге көшеді».

Бұл формуланы да мүлтіксіз дұрыс деп тануға бола қояр ма екен. Мұның өзі бұдан гөрі түсініктірек және бұдан гөрі тыңғылықтырақ баяндалса деп тілек білдірмеске болмайды, мұнда саясатпен шұғылданудың заңдылығы көрсетілмегеніне өкінбеске болмайды және т. т., т. с.

Бірақ біздің *барлық формулаларды* сынға алуымыз тіптен де редакциялау жөніне бағытталып отырған жоқ, тек авторлардың *негізгі саяси идеяларына* ғана бағытталып отыр. Демократ ең бастысын айтуға тиіс еді: үйірмелер мен әңгімелер *табиғи және қуанарлық іс.* Мән осында. Саясатқа тартылуды, тіпті «ерте» тартылуды да айыптаудың қандайы да екіжүзділік және обскурантизм болады. Демократ мәселені «біріккен министрліктен» мемлекеттік құрылысқа дейін көтеруге

тиісті еді. Демократ, 1-ден, «охранкалық полицияның үстемдігімен», 2-ден, экономикалық өмірде феодалдық типтегі ірі помещиктер табының үстемдігімен «ажыратқысыз байланысты екенін» атап көрсетуге тиіс еді.

1913 ж. 6—9 (19—22) февральда жазылған

1913 ж. март пен апрельде «Просвещение» журналының 3 және 4-номерлерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

«ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ» КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Жаңа аграрлық саясаттың нәтижелері қандай? Бұл мәселе барлық жұмысшылардың — және әбден заңды түрде — назарын аударып отыр. Үкіметтік статистика соншама нашар, соншама бір жақты жүргізілетіні сондай, оған сенуге болмайды. Жер жөніндегі жаңа саясаттың *буржуазиялық* саясат екені күмәнсыз, бірақ ол саясатты түгелімен Пуришкевич, Марков мырзалар және К^{0}, яғни ескі типтегі крепостниктер басқарады. Бұл сияқты «басқарудан» күйреуден басқа бір нәрсе күту қиын.

«Русская Мысльдің» (1913, № 2) соңғы кітапшасындағы В. Оболенский мырзаның қорытынды пікірлерін атап көрсетейік. Бұл — қаражүздік-кадеттік журнал. Мақаланың авторы да контрреволюционер,— демек, бәрінен гөрі помещиктерді тәуір көретін куә. Бұл автор Самара губерниясынан «жерге орналастыруда орасан» табыстарға жеткен бір уезді (Новоузенский) тауыпты: үй қожаларының жартысынан көбіне жер бір орыннан бөлініп берілген.

Дегенмен де, автордың келуге *тиісті* болған қорытындысы мынадай.

«...Аграрлық жаңа реформаның таяудағы нәтижелеріне келсек, онда... оларды қандай мөлшерде болса да қуантарлық нәтижелер деп табуға бола қояр ма екен... Үлесті жердің едәуірі шаруалардың жартылай пролетарларынан ауқатты шаруалар мен алыпсатар-жалдаптардың қолына тегін дерлік тиді... Аренда ақысы өсті... Учаскелік және қауымдық аралас та-

напты жер иелік арасында дақыл өндіру қабілеттілігінде айырмашылық мүлде болмашы... Жаңа заң... шаруашылық өмірдің жағдайлары мен оның ішкі мазмұны арасындағы қайшылықтардың шиеленісуіне жәрдемдесті... Мүмкін, шаруалардың ақыл-ойы өткен революцияның ең қызған кезіндегісінен гөрі қазір жігерлірек істейтін болар».

Шаруалардың жұмыс істейтін ақыл-ойының *қайда* бағытталып отырғаны туралы «Русская Мысльдің» либералынан сұраудың да керегі жоқ. Помещиктік жерлердегі крепостниктік шаруашылық туралы мәселені оның мүлдем көлеңкеде қалдырып отырғаны тегін емес.

Бірақ либерал помещиктің қорытындылары жөнінде ойлауға тұрады. Барлық қайшылықтар шиеленісті, қанау күшейді, аренда ақылары өсті, шаруашылық прогресі *мүлде болмашы.* «Мүмкін» дейтіні жоқ, шаруаның ақыл-ойы шынында да істеп отыр.

«Правда» № 45, 23 февраль, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКІЗГЕН КРАКОВ КЕҢЕСІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

26 ДЕКАБРЬ, 1912 ж. — 1 ЯНВАРЬ, 1913 ж.
(8—14 ЯНВАРЬ, 1913 ж.)

1

«ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ТУРАЛЫ» ҚАРАРДЫҢ* БАСТАПҚЫ НОБАЙЫ

Кіріспе (а) социал-демократтардың сайлаудағы жеңісі
(б) декларацияны және жігерлі жұмысты атап өту керек
(в) партиялық бақылау мен сынның қажеттігі

Жағымсыз жақтары

1. Ягелло
2. Мәдени-ұлттық автономия (Чхенкели).
3. Прогрессистік формулаға дауыс беру.

Жариялау үшін емес

(α) 6 және 7: өкілдіктің тепе-теңдігі және дауыс беру.
(β) «Лучтан» шығу...
(γ) *6-аудың коллективтік ұйымдастырушылық жұмысы*

---

* Қараңыз: осы том, 291—293-беттер. *Ред.*

NB || Партияны баспаханасы мен техникасы болғанда барып ілтипатқа алады.

|| (α) 40 с. ||
|| (β) шрифт ||

(α) Орталық Орган >* тапымал
Коба: (β) информация бөлімі.

---

* — негүрлым. *Ред.*

2

«ЖОЙЫМПАЗДЫҚҚА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БІРЛІК ТУРАЛЫ» ҚАРАРДЫҢ* БАСТАПҚЫ НОБАЙЫ

1) Август конференциясы қарардың құрамы

2) «Луч» (α) ашық партия
(β) стачкаларға қарсы.

1. Жариялылдық үшін *емес, қайта* партияны қирату үшін жойымпаздарға қарсы 4 жылдық күрес.
2. Ұйымымен және *жекелеген* инициативалық топтарымен бірге жікшіл-жойымпаздар.
3. Август конференциясы және оның құрамы *жікшілдер* («Вперед» және Плеханов) «Шетелдік орталықтар» және Россиядағы жұмысшы ұйымдары.
4. Август конференциясының қарарлары —олардың «дипломатиялық» және жойымпаздық сипаты.

(1-параграфқа??) партияшылдардың жария аренадағы 1912 жылдағы толық жеңісін, атап айтқанда маркстік бағыттағы күнделікті жұмысшы газеті саласындағы және Мемл. думаға жұмысшы куриясы бойынша болған сайлау саласындағы толық жеңісін енгізу.

* Қараңыз: осы том, 295—297-беттер. *Ред.*

5. *«Наша Заря»* мен *«Лучтың»* іс-әрекеті
   (α) ашық партия
   (β) іс жүзіндегі астыртын жұмысқа қарсы
   (γ) *революциялық* стачкаларға қарсы

| Осы арага 9-параграфты енгізу керек.

6. *Жария* баспасөзде «бірлікті» насихаттау, *құпия* партия туралы мәселені *орағытып өтеді,* сөйтіп жұмысшыларды алдайды.

Питер сайлауы туралы пункт қоссақ па екен?

7. *Құпия* ұйымның *бірлігі* және барлық жұмысшыларды оны құруға шақыру әбден қажет.
8. СПБ.-дегі Нарва ауданының және провинцияның *көптеген* жерлерінің бастамасы
   — құптап, қолдау
   — дұрыс жол.
9. *«Наша Заря»* мен *«Лучтағы»* жойымпаздар тобына қарсы, олардың жікшілдікті қолдауына, ұранына (дербес инициативалық топтар ұранына) және бұқара арасындағы революциялық жұмыс пен құпия партияны жоққа шығаратын уағызына қарсы батыл наразылық білдіру және күрес жүргізу.

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СТАЧКА МЕН КӨШЕ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ӨРІСТЕУІ»* ДЕГЕН МАҚАЛАҒА БАСТАПҚЫ ПОСТСКРИПТУМ

P. S.

Ф. Д.-ның «Лучтағы» «Тактикалық заметкаларына» социал-демократтардың айрықша назарын аударамыз. Көзбояу ымырашылдық пен Троцкийдің рухындағы «біріктіргіш» сөздердің ұшығы қалай тез ұшып кеткен! «Лучтың» *нақтылы* бағыты — шектен асқан жойымпаздық қалай айқын көрінген десеңізші!

Жария органда Ф. Д. тек революциялық бұқаралық стачкаларға қарсы ғана емес (көтеріліс туралы айтатын да ештеңе жоқ), сонымен бірге бұқара арасындағы революциялық үгіт атаулыға да қарсы үнемі соғысып келеді. Шын мәнісінде Ф. Д. В. А.-дан да («Лучтың» 56-номеріндегі) әлдеқайда асып түседі, революцияны бундшылдық «өшіріп тастаумен» идеялық жағынан әбден ағайындастығын көрсетіп береді. «Кезеңге» тура, айқын, формальды «баға беруден» жойымпаздықпен бас тарту, міне, осыған бастайды: іс жүзінде Ф. Д. жұмысшылардан *революция үшін*, жалпы алғанда бұқараны, соның ішінде шаруаларды *революциялық* қозғалысқа тарту үшін ұйымдасуды *талап ететін объективті* жағдайларды теріске шығарып, нақ лариндік тұрғыдан берілген бағаға қосылып отыр.

Ф. Д.-ның мақалаларына біз әлі ораламыз.

1913 ж. 12 (25) январьдан ертерек жазылған

Бірінші рет 1948 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуының 18-томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 313—320-беттер. *Ред.*

БЮДЖЕТТІК СӨЗ ЖӨНІНДЕ[179]

I. Негізгі қайшылық: «өтімді», «жарқыраған» бюджет және бұқараның *бірде-бір* цивилизациялы мемлекетте болып көрмеген адам айтқысыз жоқшылық көруі, ашаршылықтар!
Ergo*: «сырланған табыттар», бұқараны тонау, алым-салықпен титықтату; экономикалық тұрғыдан айтқанда: капитализм Россияда әлі де болса буржуазияның жоғарғы топтарында ғана жан сақтап тұр, кіріптарлықпен және барщинамен салыстырғанда помещиктік шаруашылықта әлі де болса бағынышты орында, әлі де болса бариндік әшекей болып қана қалып отыр, Батыстағыдай шаруашылық жүйесі мен бүкіл бұқараның өндіргіш күштерінің дамуын жақсартып отырған жоқ. Осы негізгі қайшылықтың өзі Россиядағы революциялық жағдайға себеп болып отыр, сондықтан біз бұл негізгі қайшылықты нақтылап корсетуге тиіспіз.

II. Жарқыраған бюджетті Россия бұрын да көрген (Виттенің тұсында). Ол жолы да «еркін меншік» болған, Европаның алдында мақтанушылық та болған, Европа буржуазиясынан үсті-үстіне Auspumpen** де болған. Ал нәтижесі ше? *Күйреу.*

III. Қазіргі бюджет, әрине, «ілгерілеп кетті» (орыс капитализмі сияқты): солай болмағанда ше! Тасбақаша тырбаңдап ілгері баспаса, финанс жүйесі

* — Демек. *Ред.*
** — қарыз алу. *Ред.*

бір жылға да шыдамас еді! Бірақ тасбақаша тырбаңдау «сіздердің» помещиктік «прогресіңіз» болып отыр ғой.

Соғыс мақсаттарына, полицияға және т. б., ягни билік жүргізуші крепостниктер табына бұл жолы да орасан көп қаржы бөлу ($^3/_4$).

Тағы сол мужикті ішімдікке итермелеу (800 миллион), тағы сол жанама салықтардың езгісі (57 процент). *Жанама салықтар туралы кеңейтіп айту керек.*

IV. Европада да бәрі нақ осылай *дерлік* деседі. Нақ солай «дерлік», мырзалар!

1-ден, Европа ерлік революциялық жолдармен крепостниктерден etc. азат болғалы 100 жылға жуық уақыт болды. Ал Россия әлі мұны көрген жоқ.

2-ден, Европада өндіргіш күштер *біздегідей емес!*

Россияның 1 тұрғынына мемлекеттің жұмсайтын шығыны — 13 сом [3208—1000] (2208:172). Америка (ҚШ) — 14 сом

Ауыл шаруашылық өнімдерінің құны — 34 сом [> 1/3] (шамамен 12%) —136 сом
34% (12%)

V. Жұмысшылар жөнінде де осындай салыстыру.

Фабрика-завод өнеркәсібі
Россияда
1908
жалақы 555.6 млн. сом :2.253 млн. жұмысшы
1910
=246 сом.

Американада
3427.0 млн. $:6.6 млн. жұмысшы
= 518 долл.
= *1036* сом
төрт есе артық

Еңбек өнімділігі:
Россияда
4650.8 млн. сом : 2.25 млн. жұмысшы = 2063 сом
Америкада
20672.0 млн. долл. : 6.61 млн. жұмысшы = 3125 долл.
4 1 3 4 4 млн. сом = *6 2 5 0* сом
үш есе артық

Темір жол жұмысшылары *жөнінде де:*

Россияда 321.5 млн. сом : 844 218 = 381 сом
Америкада 1143.7 » долл. : 1 699 420 = 673 долл.
= *1 3 4 6* сом
төрт есе артық.

VI. Россиядағы бидайдың (1905—1909) шығымы:
1 десятинадан 43 пұт

(«Речьтің» Әржылдығының» 651-беті)	Австрия:	»	»	89 »
	Ост. Индия:	»	»	55 »
	Англия:	»	»	156 »

Бидайды тұтыну
(«Речьтің» Әржылдығы» 654-бет) Россияда 1904/5—1908/9...3.8 пұт
Америкада (1910) 13.3 пұтқа *жуық*
Россияда барлық астық... 17.0 пұт.

[бушель сірә, 2 пұтқа жуық болар] Америка 40 » жуық

VII. Шойын тұтыну
(р. 570 «Statistical abstract») Россияда 1 тұрғынға = 1.25 пұт
Америкада 1910 17.5 »

VIII. Америка құл иеленушіліктен қалай құтылды?

IX. Шаруалардың табысы мен шығыны
ауыл шаруашылық кәсіпшілігі жөніндегі комитеттер, II Дума, 1212-бет[180].
Жоқшылық, лас, аштық, салықпен титықтату.
Мәліметтер ескірген бе? Жоқ. 1911 жылғы аштық.
1912 жылғы бірқатар губерниялардағы аштық

X. Себептері?
Крепостник-жер иелері езіп-жаншып отыр.
Ірі помещиктік жер иеленушілік.
Урал.

30 000—70 млн. десятина
10 000 000—70 млн. десятина

VS * 1—2000 десятина
300 à **
7 десятина[181]

XI. Мемл. совет VS ірі помещиктік жер иеленушілік.

XII. Бюджетті қабылдамай тастау керек. Көшу формуласы.
II Дума, 959,
NB
III Дума, 662[182].

1) халықтың өндіргіш күштерін талан-таражға салып, халық бұқарасын күйзелуге, жоқшылық пен ашаршылыққа ұшыратып отырған, ат төбеліндей жоғарыдағылармен капиталистік мәдениетті тежеп отырған крепостниктік мемлекеттің бюджеті
2) жанама салық салу,—баж салығы — маскүнемдікке итермелеу
3) самодержавиелік - бюрократтық режимді және крепостник-жер иеленушілерді қолдау
4) 8. III. ережелер[183].

* — versus — салыстырғанда. *Ред.*
** — бойынша. *Ред.*

XIII. Россия Европа мен алдыңғы қатарлы — демократиялық Азияның аралығында. [Демократиялық төңкерістің ерлік жолдары.]

1913 ж. январьда — майдың бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июль, 1912 — февраль, 1913)

1912 ж.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ СЕКРЕТАРЫ К. ГЮИСМАНСҚА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР

1912 жылғы сентябрь — ноябрьде жазылған бұл хаттар жөнінде қысқаша жазбалар Халықаралық социалистік бюроның кіріс және шығыс корреспонденцияларының кітабында бар, бұл кітаптың кейбір беттерінің фото көшірмелері КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Хаттарда В. И. Ленин IV Мемлекеттік думаның сайлауына байланысты Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне қатысуға мүмкіндігінің жоқтығын, II Интернационалдың Базель конгресіне әзірлік туралы, IV Мемлекеттік думаға Москва губерниясынан болған сайлаудың нәтижелері жайында хабарлаған болатын, РСДРП Орталық Комитетінде Халықаралық социалистік бюроның соңғы мәжілісі туралы жасайтын баяндамасын жазу үшін қажетті мәліметтер жіберуді сұраған еді.

БОЙКОТИЗМДІ СЫНАҒАН МАҚАЛА

Бойкотизмді сынап жазылған мақала «Звезда» газетіне немесе оның орнын басқан «Невская Звезда» газетіне арналған болатын. Мақала «Невская Звезда» жабылмастан бұрын, яғни 1912 жылғы 5 (18) октябрьден ертерек жазылған еді.

Бұл мақала туралы В. И. Ленин М. А. Савельевке 1913 жылғы 9 (22) февральда жазған хатында былай деп хабарлады: «Мен Сізге тым ертеректе былай деп жазған болатынмын: «Звездада», «Либералдық жұмысшы саясаты туралы Англиядағы таластар» деген мақаладан басқа, тағы да «Екі утопия» және бойкотизмді сынау (Амфитеатровқа қарсы, аты есімде жоқ) деген мақалалар қалды. Тағы да өтінемін: соларды тауып, маған жіберіңіз» (Шығармалар, 35-том, 60-бет).

М. А. САВЕЛЬЕВКЕ ХАТ

1912 жылғы 5 (18) октябрьден кешірек жазылған бұл хат туралы В. И. Лениннің 1913 жылғы 9 (22) февральда М. А. Савельевке жазған хатынан (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 60-бет) белгілі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА IV МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫҢ САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Баяндаманы В. И. Ленин 1912 жылғы ноябрьде, 11 (24)-інен ертерек жазды. Бұл баяндама туралы ескертпе В. И. Лениннің Л. Б. Каменевке жазған хатында бар (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ПАРЛАМЕНТТІК» ӨКІЛДІГІ». II МАҚАЛА ЖӘНЕ IV МАҚАЛА

1912 жылғы декабрьдің бірінші жартысында В. И. Ленин «Жұмысшы табы және оның «парламенттік» өкілдігі» деген сериялы мақалаларын жазады. Алайда сол кезеңде тек бірінші мақала ғана жарияланды («Правда» № 191, 12 декабрь, 1912 ж.). 1954 жылы тағы екі мақаланың қолжазбасы табылды, бұларды Ленин үшінші және бесінші мақалалар деп белгілепті. Екінші және төртінші мақалалардың тағдыры жайлы әзірше еш нәрсе белгісіз.

1912—1913 жж.

ЛИБЕРАЛ БУРЖУАЗИЯНЫҢ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯШЫЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛА

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде бұл мақаланың қолжазбасының төртінші (соңғы) беті сақтаулы.

1913 ж.

Н. В. КУЗНЕЦОВҚА ЖАЗЫЛҒАН Г. М. ВЯЗЬМЕНСКИЙГЕ КЕПІЛДЕМЕ ХАТ

Г. М. Вязьменскийге 1913 жылғы январьда, 9 (22)-ынан кешірек жазылған хатта Ленин былай деп хабарлаған еді: «Сіз сұ-

раған Кузнецов жолдасқа жазылған хатты қоса жіберіп отырмын» (Лениннің XIII жинағы, 215-бет). Н. В. Кузнецовқа жазылған кепілдеме хатта Ленин, сірә, одан Берлиндегі социалистік архивке арналған құпия социал-демократиялық әдебиетті Г. М. Вязьменскийге тапсыруды сұраған болса керек.

IV МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ ДЕПУТАТЫНА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕЙТІН СӨЗДІҢ ЖОБАСЫ

IV Мемлекеттік думаның социал-демократ депутатына арналған бюджет туралы сөйлейтін сөздің жобасын Ленин 1913 жылғы январьда — майдың бірінші жартысында жазған болатын. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сөз жобасы қолжазбасының 11—12 және 19—20-беттері сақтаулы.

«МАЕВСКИЙГЕ ЖАУАП», «БУЛГАКОВ ШАРУАЛАР ЖАЙЫНДА» ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ЕКІ МАҚАЛА

Бұл мақалалары жайында В. И. Ленин 1913 жылғы 8 (21) февральда «Правда» газетінің редакциясына жазған хатында еске алады және оларды «Просвещение» журналына тапсыруды сұрайды (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 58-бет).

1913 жылғы 9(22) февральда М. А. Савельевке жазған хатында Ленин былай деп жазды: ««Правдада» да пайдаланылмаған бірқатар мақалалар бар. Сізден қатты өтінетінім—соларды тауып алып, публицистің заметкалары етіп құрастырыңыз, қол қоюшы мейлі Т... болсын. Құрамы мына шамада: I. Маевскийге жауап («Лучта» жойымпаздық туралы).— (Қазір бұл тақырыптың керек болатын себебі — Дневницкий мен Плеханов «Правданың» 234-номерінде жағымсыз әуенге басты.) II. Булгаков «Русская Мысльде» шаруалар туралы (аты есімде жоқ). III. Адамгершілік туралы (кішігірім екі мақала)...» (Бұл да сонда, 60-бет).

ДЕМЬЯН БЕДНЫЙҒА ХАТ

Бұл хаттың мазмұны жайлы Демьян Бедныйдың В. И. Ленинге 1913 жылғы 12 (25) февральда жазған жауап хатынан белгілі. Өзінің хатында Ленин Демьян Бедныйдан «Правда» редакциясының жұмысы туралы, «Просвещение» журналы жайында, оның махистерге және впередшілдерге қалай қарайтыны жайлы сұрастырды, «Правда» редакциясының жұмысында «коллегиялық-маркстік» жұмыс әдісінің қажеттігін көрсетті (Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

«ПРОСВЕЩЕНИЕ» ЖУРНАЛЫ

№ 8—9 — июль — август, 1912 ж.
№ 1 — январь, 1913 ж.
№ 2 — февраль, 1913 ж.

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТА»

№ 9 — 12 август (30 июль), 1912 ж.

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 28—29 — 18 (5) ноябрь, 1912 ж.
№ 30—25 (12) январь, 1913 ж.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«САЙЛАУДАН КЕЙІН»

«Сайлаудан кейін» деген мақала 1912 жылғы 13 (26) ноябрьде «Правда» газетінің 167-номерінде жарияланды. Ол IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанындағы большевиктердің тактикасын түсіндіреді. Өзінің мазмұны жағынан «Сайлаудан кейін» деген мақала IV Дума сайлауына арналған «Сайлау алдындағы мобилизацияның кейбір қорытындылары», ««Кадеттерге күн көрсетпеу» туралы әңгіме», «Сайлаудың қорытындылары» деген және басқа лениндік еңбектерге ұқсас (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 345—350-беттер; осы том, 68—76, 355—385-беттер). Мақалада кадет Гредескулдың «Речь» газетінде басылған мәлімдемесіне сілтеме жасалады. Бұл мәлімдемені Ленин кадеттердің контрреволюцияшылдығын сипаттау үшін пайдаланып, сол дәуірде жазған бірқатар мақалаларында келтіреді: «Кішкене анықтама», «Құпия партия және жария жұмыс» және басқалары (қараңыз: осы том, 25—26, 194—204-беттер).

«ТРУДОВИКТЕР ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР»

Бұл мақала 1912 жылғы 21 ноябрьде (4 декабрьде) «Правда» газетінің 174-номерінде жарияланды. «Трудовиктер және социал-демократтар» деген мақалада сөз болған мәселелер,— трудовиктердің сипаттамасы, либерал-кадеттердің контрреволюцияшылдығын әшкерелеу, социал-демократтардың трудовиктерге degendegi міндеттерін анықтау,— мазмұны жағынан В. И. Лениннің «Шаруалар және IV Дума сайлауы», «Либерализм және демократия», «Трудовиктер және жұмысшы демократиясы» деген және басқа мақалаларымен үйлесіп келеді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 219—221, 263—273, 296—304-беттер). «Трудовиктер және социал-демократтар» деген мақалада текстің кейбір жерлері Лениннің аталған еңбектерімен үйлес.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Армия мен флоттағы көтерілістер»* атты мақала «Рабочая Газетаның» 1912 жылғы 30 июльдегі (12 августағы) 9-номерінде жарияланды.

«Рабочая Газета» («Жұмысшы Газеті») — большевиктердің кеңінен танымал болған құпия органы; 1910 жылғы 30 октябрьден (12 ноябрьден) 1912 жылғы 30 июльге (12 августқа) дейін Парижде дүркін-дүркін шығып тұрды; 9 номері шықты. «Рабочая Газетаны» шығарудың инициаторы В. И. Ленин болды. Оны шығару туралы мәселе ресми түрде Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс кезінде (1910 жылғы август) РСДРП өкілдерінің — большевиктердің, партияшыл-меньшевиктердің, Думадағы социал-демократиялық фракция өкілдерінің және басқаларының кеңесінде шешілген болатын. Кеңеске В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский, Н. Г. Полетаев, И. П. Покровский және басқалары қатысты.

Ленин «Рабочая Газетаға» басшылық етіп, оны редакциялады. Газетке С. И. Гопнер, П. А. Джапаридзе, Н. А. Семашко, С. Г. Шаумян және басқа большевиктер, сондай-ақ партияшыл-меньшевиктер қатысты. Редакцияның секретары Н. К. Крупская болды. А. М. Горький газетке зор материалдық көмек көрсетіп отырды. Шетелдегі большевиктік топтарда «Рабочая Газетаға» жәрдем беру үйірмелері құрылып, олар газетке едәуір материалдық қолдау жасап, оны Россияға жөнелтуге көмек көрсетіп отырды. «Рабочая Газета» жойымпаз-меньшевиктерге, шақырымпаздар мен троцкистерге қарсы, құпия маркстік партияны сақтау және нығайту жолында күрес жүргізді, революциялық тактиканы қорғады, Россияның жұмысшы табын жаңа революцияға идеялық жағынан әзірледі. Газет Россиядағы партия тұрмысының және халықаралық социалистік қозғалыстың мәселелерін кеңінен баяндап жазды. «Рабочая Газетада» Лениннің 14 мақаласы, соның ішінде «Революцияның сабақтары»,

«Демонстрациялардың басталуы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Иван Васильевич Бабушкин», «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «IV Дума сайлауы қарсаңында» деген мақалалары басылды. Газет Россиядағы жұмысшылар арасында барынша кеңінен тарады; оның тиражы 6 мың данаға жетіп жүрді. Жұмысшылар ақша жинап, газетті материалдық жағынан қолдап отырды және оған белсене қатысты. «Партия тұрмысы», «Жер-жерден хаттар» бөлімдерінде газет жұмысшылардың, жергілікті партия ұйымдарының хаттары мен корреспонденцияларын үнемі басып отырды.

«Рабочая Газета» РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын (январь, 1912) әзірлеу жөнінде үлкен жұмыс атқарды. Конференция «Рабочая Газетаның» партияны және партиялылықты батыл және дәйекті түрде қорғағанын атап көрсетіп, оны РСДРП-ның ресми органы деп жариялады.— *1.*

[2] *«Голос Москвы»* («Москва Үні») — күнделікті газет, октябристердің органы; 1906 жылдан 1915 жылға дейін Москвада шығып тұрды.— *1.*

[3] *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында пайда болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иелерінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалардың ішіндегі таптық жіктеліс пен қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін теріске шығарды. Эсерлердің көзқарастары халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет).

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және жерді қауымдардың қарамағына беруді, «еңбек негізін» және жерді «теңгерме» пайдалануды енгізуді, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған бұл программада шын мәнінде социалистік ештеңе жоқ еді. Эсерлердің программасын талдай келіп В. И. Ленин ортақ жерде товар өндірісі мен жеке меншікті шаруашылықтың сақталуы капитал үстемдігін жоймайтындығын, еңбекші шаруаларды қанау мен күйзелістен құтқармайтындығын көрсетті; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін құтқарушы құрал бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байытуға қызмет етеді. Мұнымен бірге Ленин жерді теңгерме пайдалану талабының социалистік талап болмағанымен, реакциялық помещиктік жер иеленуге қарсы бағытталғандықтан тарихи

прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болғанын атап көрсетті.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалист деген атты бүркемелепбекші болған әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал ету үшін эсерлерге қарсы табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасының жұмысшы қозғалысы үшін зиянды екендігін ашып берді. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте белгілі бір жағдайларда эсерлермен уақытша келісімдер жасауға да барды.

Шаруалардың таптық жағынан бір текті болмауы эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық пен ұйымдық жағынан ауа жайылушылықтың орын алуына, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқып отыруына себепші болды. Бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ эсерлер партиясынан оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрды, олар өздерінің көзқарастары жөнінен кадеттерге жақын болды; ал сол қанаты жартылай анархистік «максималистер» одағы болып қалыптасты. Столыпин реакциясы дәуірінде эсерлер партиясы толық идеялық және ұйымдық күйзелуді басынан кешті. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясының жеңісінен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлер партиясы шаруалардың помещиктік жер иемденуді жою жөніндегі талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещик жерлерін басып алып жатқан шаруаларға қарсы жазалаушы отрядтар жіберіп отырды.

1917 жылғы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасының арасында өз ықпалын сақтап қалуға тырысып, солшыл эсерлер сөз жүзінде Совет өкіметін мойындады және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп кешікпей Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру жұмысын жүргізіп, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер елдің ішінде және ақ гвардиялық эмиграция қосынында дұшпандық әрекеттерін одан әрі жүргізе берді.— *1.*

[4] *«Туркестанские Ведомости»* («Түркстан Ведомостары») — ресми бағыттағы газет, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін — генерал-губернаторлықтың органы; 1870 жылғы апрельден 1917 жылғы декабрьге дейін Ташкентте шығып тұрды, бастапқы кезде аптасына бір рет, 1893 жылдан — аптасына екі рет, 1904 жылдан — аптасына 4 рет және 1907 жылдан (97-номерден) күн сайын шығып тұрды.— *2*.

[5] *РСДРП Бүкіл россиялық алтыншы (Прага) конференциясы* 1912 жылғы 5—17 (18—30) январьда Прагада болды. Конференцияның 23 мәжілісі болды. Конференцияның мәжілістері Халық үйінде, чех социал-демократиялық газеті редакциясының үйінде өтті.

Конференцияда 20-дан астам партия ұйымдарының өкілдері болды. Петербургтен, Москвадан, Орталық-өнеркәсіпті облыстан, Саратовтан, Тифлистен, Бакуден, Николаевтан, Қазаннан, Киевтен, Екатеринославтан, Двинск мен Вильнодан делегаттар қатысты. Полицияның қуғындауы мен басқа да қиыншылықтар Екатеринбург, Тюмень, Уфа, Самара, Нижний Новгород, Сормово, Луганск, Дондағы Ростов, Барнаул және басқа да жерлердің партия ұйымдары делегаттарының конференцияға келуіне бөгет жасады. Бұл ұйымдар конференцияға қосылатындығы туралы жазбаша мәлімдемелер жіберді. Конференцияға Орталық Орган — «Социал-Демократ» газеті редакциясының, «Рабочая Газета» редакциясының, Шетелдік ұйым комитетінің, РСДРП Орталық Комитеті транспорт тобының өкілдері қатысты. Екі партияшыл-меньшевиктен басқа делегаттардың құрамы большевиктер болды.

Конференция делегаттарының арасында Тифлис ұйымынан — Г. К. Орджоникидзе, Бакуден — С. С. Спандарян, Петербургтен — Е. П. Онуфриев, Москвадан — Ф. И. Голощекин болды. Шетелдік ұйым комитетінен Н. А. Семашко, Орталық Комитеттің транспорт тобынан И. А. Пятницкий өкіл болды.

В. И. Ленин конференцияға Орталық Орган редакциясының атынан қатысты.

Конференцияның күн тәртібінде мынадай мәселелер тұрды: 1) Баяндамалар (Россиялық ұйымдастыру комиссиясының баяндамасы, жергілікті жерлерден баяндамалар, Орталық Органның баяндамасы, т. б.); 2) Конференцияны заңдастыру; 3) Қазіргі кезең және партияның міндеттері; 4) IV Мемлекеттік думаның сайлауы; 5) Думадағы фракция; 6) Жұмысшыларды мемлекеттік қауіпсіздендіру; 7) Стачкалық қозғалыс және кәсіптік одақтар; 8) «Петициялық науқан»; 9) Жойымпаздық туралы; 10) Социал-демократтардың ашаршылықпен күресудегі міндеттері; 11) Партиялық әдебиет; 12) Ұйымдық мәселелер; 13) Шетелдегі партия жұмысы; 14) Сайлау; 15) Әр түрлі мәселелер.

Конференцияны Ленин басқарды. Ол конференцияны ашқан кезде, конференцияны заңдастыру туралы мәселе жөнінде сөз сөйледі, қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, хабарламалар жасап сөз сөйледі, сондай-ақ Орталық Органның жұмысы туралы, социал-демократияның ашаршылықпен күресудегі міндеттері туралы, ұйымдық мәселе жөнінде, шетелдегі партия ұйымының жұмысы туралы және басқа да мәселелер бойынша жарыс сөзде сөйледі, жергілікті жерлерден болған баяндамаларды жазып отырды. Ленин конференцияның күн тәртібіндегі барлық аса маңызды мәселелер бойынша қарарлардың жобаларының авторы болды. Конференция қабылдаған қарарларды ол мұқият редакциялап шықты. Конференцияның протоколдары осы күнге дейін табылған жоқ. Кейбір мәжілістердің сақталып қалған протокол жазбалары тым үзік-үзік және толық емес.

Конференцияның бірінші мәжілісінде конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясының (РҰК) жұмысы туралы Г. К. Орджоникидзенің баяндамасы тыңдалды. Лениннің ұсынысы бойынша конференция осы мәселе жөніндегі қарарында Россиядағы барлық партия ұйымдарын топтастыру және партияны қалпына келтіру жөнінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының істеген жұмысының орасан зор маңызы бар екенін атап көрсетті (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том 145-бет). Конференцияға Россияда жұмыс істеп жүрген партия ұйымдарының бәрінің дерлік өкілдерінің қатысып отыруына байланысты конференция ерекше қарарда былай деп мәлімдеді: конференция «партияның жоғарғы органы болып табылатын РСДРП жалпы партиялық конференциясы болып заңдастырылады». Прага конференциясы іс жүзінде партия съезінің ролін атқарды.

Конференция ұлттық орталықтардан делегаттар болмағандығы туралы мәселе жөнінде арнаулы қарар қабылдады. Ұлттық социал-демократиялық ұйымдар конференцияға бірнеше рет шақырылды, бірақ олардың басшы органдары: Бунд Орталық Комитеті, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы, Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті конференцияның жұмысына қатысқысы келмегендерімен қоймай, конференцияны мойындамау жөнінде науқан жүргізді. Конференция ұлттық социал-демократиялық ұйымдар өкілдерінің келмегендігі үшін бүкіл жауапкершілікті олардың орталықтарына жүктеді. Конференция РСДРП Орталық Комитетіне ұлттық ұйымдармен қалыпты қатынастар орнатуға үнемі ұмтылып отыруды тапсырды және «барлық кедергілерге қарамастан, Россияның барлық ұлттарының социал-демократ жұмысшылары пролетарлық іс үшін және жұмысшы табының барлық жауларына қарсы қол ұстасып, ынтымақтаса күрестін

болады» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 148-бет) деген сенім білдірді.

Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасында және конференцияның қарарында елдегі саяси жағдайға терең талдау жасалып, бұқараның революциялық ниет-пиғылының өсіп отырғаны көрсетілді. Конференция шаруаларды өз соңынан ертіп отырған пролетариаттың өкімет билігін жеңіп алу міндеті бұрынғысынша Россияда демократиялық төңкерістің міндеті болып қала береді деп атап көрсетті.

Конференция жергілікті жерлердің баяндамаларын талқылады. Ол жергілікті жерлердегі партиялық жұмыс құпия партия ұйымдары мен топтарын қорғап, нығайту рухында, жойымпаздыққа қарсы күрес рухында жүргізіліп отырғанын атап көрсетті. Конференция жұмысшылардың жария бұқаралық ұйымдарындағы социал-демократиялық жұмысты күшейту қажеттігін айтты.

Партияны оппортунистерден тазарту конференцияның аса маңызды ісі болды. Оның «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы», «Шетелдегі партия ұйымы туралы» қабылдаған қарарларының орасан зор принципті және практикалық маңызы болды. Жойымпаздар екі жария журналдың — «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» төңірегіне топтасты. Конференция ««Наша Заря» мен «Дело Жизни» тобы өз қылығымен өзін партиядан біржолата тыс қойды» деп мәлімдеді. Жойымпаздар РСДРП-дан шығарылды. Конференция шетелдегі антипартиялық топтардың — голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдердің, троцкистердің іс-әрекеттерін айыптады. Конференция шетелде партияға жәрдемдесу жөнінде Орталық Комитеттің бақылауымен және оның басшылығымен жұмыс жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп тапты және «социал-демократиялық жұмыстың орыс орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Орталық Комитеттен тыс Россиямен ерекше байланыстар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын» шетелдік топтарды «РСДРП атағымен пайдалана алмайды» деп көрсетті. Бұл қарарлар Россияда маркстік партияның бірлігін нығайтуда орасан зор роль атқарды.

IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанына қатысу туралы мәселе конференцияның жұмысында үлкен орып алды. Конференция партияның сайлаудағы және социал-демократиялық фракцияның Думаның өзіндегі негізгі міндеті социалистік таптық насихат жүргізу және жұмысшы табын ұйымдастыру болды деп атап көрсетті. Партияның Дума сайлауындағы басты-басты сайлау ұрандары деп конференция программа-минимумның негізгі талаптарын: демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, бүкіл помещиктік жерді конфискелеу талаптарын ұсынды.

Конференция күн тәртібінің екі пунктін: ұйымдық мәселелер мен стачкалық қозғалыс және кәсіптік одақтар

туралы мәселені біріктірді. Осы екі пункт бойынша жалпы қарар — «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарар шығарылды. Ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде Ленин ұйымдық жұмыстың қазіргі кезең ұсынып отырған формаларының өзіндік ерекшелігін көрсетті. Икемді, оралымды, құрамы жағынан шағын партия ұяларын құру, деді Ленин, жария жұмыстың әрбір саласында партия бағытын жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс, бүкіл жария жұмысқа партиялылық рухын енгізуге тиіс. Ленин партия ұйымдарының жария жұмыстың барлық түрлерін, ең алдымен Думадағы фракцияның, кәсіподақтар мен жария жұмысшы қоғамдарының жұмысын шебер пайдалана білудің маңыздылығын атап көрсетті. Лениннің ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде айтылған ұсыныстардың бәрі конференция қабылдаған қарарға енді.

Конференция 1907 жылы партияның V (Лондон) съезінде қабылданған партияның ұйымдық уставына өзгерістер енгізудің Ленин ұсынған жобасын бекітті. Конференцияда «Социал-Демократ» газеті партияның Орталық Органы болып бекітілді. Ленин Орталық Органның редакциясына сайланды.

Халықаралық социалистік бюро туралы баяндамасында және делегаттардың сұрақтарына берген жауаптарында Ленин Халықаралық социалистік бюроның жұмысын жан-жақты баяндап берді. Ол герман социал-демократиясындағы істердің жайына, революцияшыл социал-демократтар мен реформистер арасындағы күреске ерекше тоқталды. Ленин былай деді: сырт қарағанда біртұтас герман социал-демократиясының ішінде түрлі ағымдар өсіп шығып, олар «сыртқа шығуға ұмтылуда» және реформистер мен революцияшыл социал-демократтар арасында дау-жанжал болуы даусыз деді. Ол Халықаралық социалистік бюродағы неміс делегациясының кейбір мүшелерінің оппортунистік қылықтарын қатты сынады.

Конференция халықаралық мәселелер жөнінде бірсыпыра маңызды қарарлар қабылдады. Ол қытай халқының Азияға бостандық әкелетін және европалық буржуазияның үстемдігін шайқалтатын революциялық күресінің дүние жүзілік маңызын атап көрсетті; патша өкіметі мен ағылшын империализмінің Персия (Иран) жөніндегі зорлықшыл саясатына қарсы наразылық білдірді; орыс патша өкіметі мен контрреволюцияшыл буржуазияға қарсы күресте Россия мен Финляндия жұмысшылары міндеттерінің бірлігін атап көрсетті. Конференция делегаттары герман социал-демократиясының рейхстаг сайлауында ірі жеңіске жетуіне байланысты оған құттықтау жолдады; конференцияның ұсынысы бойынша оны Ленин жазды. Конференцияның бұл шешімдерінен пролетарлық интернационализм принциптері айқын көрінді.

Прага конференциясында партияның Орталық Комитеті сайланды. Орталық Комитеттің құрамына В. И. Ленин,

Ф. И. Голощекин, Г. К. Орджоникидзе, С. С. Спандарян және басқалары кірді. Конференция Орталық Комитетке кооптациялау правосын берді. Орталық Комитеттің конференция өтіп жатқан күндері болған бірінші мәжілісінде Орталық Комитет мүшелерінің құрамына И. В. Сталин кооптацияланды. Орталық Комитет мүшелерінен біреу-міреу тұтқынға алына қалатындай болса деп А. С. Бубнов, М. И. Калинин, Е. Д. Стасова, С. Г. Шаумян Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар болып бекітілді. Кейінірек Орталық Комитеттің құрамына Г. И. Петровский мен Я. М. Свердлов енгізілді. Россиядағы революциялық жұмысқа басшылық жасау үшін практикалық орталық — Орталық Комитеттің Орыс бюросы құрылды. Ленин РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болып сайланды.

РСДРП Прага конференциясы большевиктер партиясын, жаңа түрпатты партияны құруда орасан зор роль атқарды. Ол большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресінің тұтас бір тарихи кезеңінің қорытындысын шығарды, большевиктердің жеңісін баянды етті. Жойымпаз-меньшевиктер партиядан қуылды. Конференция шешімдерінің негізінде жергілікті жерлердегі партия ұйымдары топтасты. Конференция партияны жалпы россиялық ұйым ретінде нығайтты. Ол партияның жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы саяси бағыты мен тактикасын белгілеп берді. Оппортунистерден арылып алған большевиктер партиясы халық бұқарасының революциялық күресінің жаңадан қуатты өрлеуін басқарды. Прага конференциясының халықаралық зор маңызы болды. Ол II Интернационал партияларының революцияшыл элементтеріне оппортунизмге қарсы үзілді-кесілді күрестің үлгісін көрсетті, бұл күресті оппортунистерден ұйымдық жағынан толық қол үзуге дейін жеткізді.— *2.*

[6] *РСДРП-ның Орталық Органы — құпия «Социал-Демократ» газеті* 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке меншікті баспаханада ішінара басылып та қойған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті шығаруға екінші әрекет жасалды. Басылып қойған тиражының дені тағы да жандармдардың қолына түсті. Бұдан кейін газетті шығару ісі шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909 — декабрь, 1913) — Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) Женевада басылып шықты. Барлығы 58 номері шықты, соның бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құралды. Іс жүзінде газеттің басшысы В. И. Ленин болды. Оның мақалалары «Социал-Де-

мократтың» негізгі арқауы болды. Газетте Лениннің 80-нен астам мақаласы мен заметкасы жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясының ішінде Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлігі (Каменев пен Зиновьев) лениндік бағытты іске асыртпай тастауға тырысып, жойымпаздарға ымырашылдықпен қарады. Редакцияның мүшелері меньшевиктер — Мартов пен Дан Орталық Органның редакциясындағы жұмысқа іріткі сала отырып, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық қорғады; олар Орталық Органға партияшыл-меньшевиктердің қатысуына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы бітіспес күресі нәтижесінде Мартов пен Дан 1911 жылғы июньде редакцияның құрамынан кетті. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның қиын-қыстау жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуі дәуірінде большевиктердің жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы, құпия маркстік партияны сақтау, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолындағы күресінде «Социал-Демократтың» орасан зор маңызы болды.

Большевиктік партияның Орталық Органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде өте-мөте зор роль атқарды. Газет беттерінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; бұл мақаласында ол социализмнің әуелі аздаған, тіпті жеке алған бір капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы қорытындыны тұңғыш рет тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияға тарауы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартып, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге көмектесті.

«Социал-Демократтың» бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде сіңірген еңбегін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды.—*2.*

[7] *«Невский Голос»* («Нева Үні») — жойымпаз-меньшевиктердің апталық жария газеті; 1912 жылғы 20 майдан (2 июньнен) 31 августқа (13 сентябрьге) дейін Петербургте шығып тұрды. Барлығы 9 номері шықты. Д. Ф. Костров «Живое Дело» газетінің орнына шығарып тұрды. Газетке П. Б. Ак-

сельрод, Л. Мартов, А. Мартынов, Ю. Чацкий және басқалары қатысты.— *3*.

[8] *Төртінші Мемлекеттік дума* өз жұмысын 1912 жылғы 15 (28) ноябрьде бастады. IV Мемлекеттік думаның сайлауы 1907 жылғы 3 (16) июньдегі реакцияшыл сайлау заңы негізінде 1912 жылдың күзінде өтті және Думада үкіметке жағымды қаражүздік көпшілік жасауға бағытталған толып жатқан үкіметтік шаралармен астасып жатты. Үкімет Думада жұмысшы табын өкілдіктен айыруға ұмтылып, жұмысшы депутаттардың сайлануына неше түрлі бөгеттер жасады, сайлауды өрескел түрде бұрмалауға барды, алдыңғы қатарлы жұмысшыларға қарсы қудалау шараларын қолданды. В. И. Ленин «Сайлаудың қорытындылары» (қараңыз: осы том, 355—385-беттер) атты мақаласында IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанын сипаттап, сайланған Думаның таптық және партиялық құрамына баға берді.

IV Мемлекеттік думада оңшылдар мен ұлтшылдардың 185 орны, октябристердің—98, кадеттердің—59, прогрессистер мен буржуазияшыл ұлтшылдардың —69, трудовиктердің —10 және социал-демократтардың 14 орны болды. Сөйтіп, IV Думада (III Думадағы сияқты екі контрреволюциялық көпшілік: оңшыл-октябристік (283 дауыс) және октябристік-либералдық (226 дауыс) көпшілік болды.

IV Думадағы социал-демократиялық фракцияға алты большевик — А. Е. Бадаев, М. К. Муранов, Г. И. Петровский, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов және Р. В. Малиновский (кейін анықталғанындай, арандатушы болып шықты), жеті меньшевик және фракцияның толық праволы емес бір мүшесі (Варшава қаласынан депутат — Е. И. Ягелло) болды, ол меньшевиктерге жақындасты. Большевик-депутаттар Россия пролетариатының бестен төрт бөлегі шоғырланған негізгі өнеркәсіпті губерниялардан сайланды. Меньшевик депутаттар Думаға елдің өнеркәсіпті емес аудандарынан өтті. Меньшевиктер фракциядағы өздерінің сан жағынан сәл басымдығын пайдаланып, фракцияның жұмысын қиындатты, большевиктер ұсынған бірқатар шешімдерді іске асыруға бөгет жасады. 1913 жылғы октябрьде большевик-депутаттар партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша біріккен социал-демократиялық фракциядан шықты да, дербес большевиктік фракция құрды.

Ленин большевик-депутаттардың жұмысына күнбе-күн басшылық жасап отырды, ол большевик-депутаттарды Дума трибунасын революциялық жолмен пайдалануға үйретті. Большевик-депутаттар Думада партияның көзқарасын қорғай отырып, жұмысшы табының талаптары туралы батыл мәлімдемелер жасады. Олар империалистік соғысты әзірлеуге қарсы шықты, жұмысшылар мен шаруалардың ауыр жағдайы туралы, ұлттық езгі туралы айтты. Большевик-депутаттар патша өкіметінің халыққа қарсы саясатын әшкере-

лей отырып, Думада өмірдің көкейтесті мәселелері жөнінде үкіметке сұрақтар түсіру сияқты насихат формасын кеңінен пайдаланды. IV Думаға Лена оқиғалары жөнінде, жұмысшылардың кәсіптік одақтардың қудалануы туралы, жиналыстарға және қауіпсіздендіру органдарына сайлауға тыйым салынуы туралы, Охта заводындағы жарылыс жөнінде, каторгалық түрмелердегі саяси тұтқындардың азапталуы туралы, стачка жасаушылардың қудалануы жөнінде, тоқыма фабрикаларындағы локауттар және басқалар туралы сұрақтар түсірілді. Алайда Думаның көпшілігі жұмысшы парламентарийлерінің қызметіне қасарысқан қарсылық көрсетіп отырды.

Мемлекеттік дума елдің объективті дамуы алға қойған үлкен мәселелерді шешуге қабілетсіз болып шықты, оның жұмысы барған сайын бос сөз сөйлеуге сайып отырды. IV Думаның заң шығарушылық қызметі едәуір дәрежеде самодержавиенің сот, шіркеу, полиция сияқты негіздерін нығайтуға бағытталды.

Мемлекеттік дума Россияның бірінші дүние жүзілік соғысқа кірісуін мақұлдады. Думаның 1914 жылғы 26 июльдегі (8 августағы) мәжілісінде барлық буржуазиялық-помещиктік фракциялардың өкілдері соғысты жеңімпаздықпен жүргізу үшін өздерінің үкіметтің төңірегіне топтасатынын мәлімдеді. Меньшевиктер мен эсерлер қорғампаздық позициясына көшті. Тек большевиктер партиясы ғана соғысқа үзілді-кесілді қарсы шықты. Большевиктік фракция соғыс кредиттерін бекітуге дауыс беруден бас тартты, бұқара арасында революциялық насихатты өрістетті. 1914 жылғы ноябрьде IV Думаның большевик-депутаттары қамауға алынып, сотқа берілді. Большевиктік фракция мүшелерінің сотта самодержавиені әшкерелеп сөйлеген батыл сөздері антимилитаристік насихатта, жұмысшы бұқарасының санасезімін революцияшылдандыруда үлкен роль атқарды.

1915 жылғы августа IV Мемлекеттік думаның буржуазиялық-помещиктік фракциялары «Прогрестік блок» дейтінді құрды; оған Думаның барлық депутаттарының тең жартысынан астамы кірді. Лениннің берген анықтамасы бойынша, бұл «Германияны жеңу үшін реформалар жасау және өнеркәсіпті мобилизациялау программасы бойынша патшамен келісім жасау үшін либералдық-октябристік блоктың құрылуы» болды (Шығармалар, 21-том, 387-бет). Соғыстың барысында Россияның жағдайының нашарлауына, шаруашылық күйзелісінің асқынуына және революцияның жақындай түсуіне қарай «Прогрестік блоктың» лидерлері патша өкіметінің саясатына, үкіметтің соғысты ақырына дейін жеткізуге қабілетсіздігіне наразылық айта бастады. Олар II Николайдың орнына басқа, буржуазияға қолайлырақ келетін патшаны отырғызу үшін сарай төңкерісін дайындауға қатысты.

1917 жылғы 26 февральда (11 мартта) патша IV Мемлекеттік думаның таратылғанын жариялады. Алайда Мемлекеттік

думаның мүшелері ашық наразылық білдіруге батылдары жетпей, мәжілістерін ресми емес түрде жалғастыра беруді ұйғарды. 27 февральда (12 мартта) олар революцияға қарсы күресу және монархияны сақтап қалу үшін Мемлекеттік думаның Уақытша комитетін құрды; бұл Уақытша комитет Петроград Советінің эсерлік-меньшевиктік өкілдерімен келісім жасап, буржуазиялық Уақытша үкімет құру туралы шешім қабылдады. Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшелері революцияның белсенді жаулары ретінде әрекет етті, олар өздерінің «жеке» кеңестерінде әскери диктатура жариялауды және Советтердің жойылуын талап етті. 1917 жылғы 6 (19) октябрьде буржуазиялық Уақытша үкімет революцияшыл бұқараның қысымымен Мемлекеттік думаны тарату туралы акт шығаруға мәжбүр болды.— *5.*

[9] *«РСДРП-ның сайлау платформасын»* В. И. Ленин 1912 жылғы марттың басында Парижде жазды. Сайлау платформасын Орталық Комитет бекітіп, Россияда (Тифлисте) Орталық Комитеттің атынан жеке листовка болып шығарылды. Листовка 18 пунктке, соның ішінде ірі-ірі пролетарлық орталықтарға жеткізілді. Листовкадан көшіріліп, Россияда басып шығарылған сайлау платформасы «Социал-Демократ» газетінің 26-номеріне қосымша түрінде жарияланды. Сайлау платформасы революция үшін күресуге шақырған айбынды программалық документ болды. Ленин партияның сайлау платформасына айрықша маңыз беріп, жойымпаздардың «сайлау үшін» жария, оппортунистік платформа ұсынуға тырысқан әрекеттерін әшкереледі.

«РСДРП-ның сайлау платформасы» атты листовканың көшірілген данасын «Звезда» газетінің редакциясына жолдай отырып, Ленин оған мынадай қосымша сөздер жазып берді: «Осы платформа *жұрттың бәрін,* әсіресе платформаны *жазушыларды* тек *хабардар* ету үшін жіберіліп отыр. Орталық Комитет бекітіп, басып шығарған платформа *барда* (Россияда бұл туралы листок *қазірдің өзінде шықты,* бірақ бізде *бір ғана* данасы бар, біз оны жібере алмаймыз; сондықтан оны көшіріп, көшірмесін жіберіп отырмыз), платформалар *жазуды қоятын* уақыт жетті» (Шығармалар, 17-том, 503-бет).— *5.*

[10] Ленин бұл арада жойымпаз-меньшевиктердің IV Мемлекеттік думаның сайлауында жұмысшы куриясы бойынша большевиктік кандидаттарға қарама-қарсы өз кандидаттарын ұсынамыз деп қоқан-лоққы жасағанын айтып отыр. Ленин «қос кандидаттар» туралы әңгімелер жұмысшы қозғалысынан қол үзіп қалған интеллигенттер үйірмесінен шығатын қорқытып-үркіту әрекеттері ғана болып табылады деп атап көрсетті. Жұмысшы куриясы бойынша сайлаудың практикасы мұны толық растап берді.— *7.*

[11] Бұл арада әңгіме ол кезде жойымпаздар жөнінде ымырашылдық позиция ұстаған Латыш социал-демократиясының Орталық Комитеті туралы болып отыр.

Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы 1904 жылғы июньде партияның I съезінде құрылды. Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1905 жылғы июньде болған II съезінде партияның программасы қабылданып, РСДРП-мен бірігу қажеттігі туралы шешім шығарылды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде (1906) РСДРП құрамына территориялық ұйым ретінде кірді. Съезден кейін Латыш өлкесінің социал-демократиясы деп аталатын болды.— *7.*

[12] *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврей жұмысшы одағы») 1897 жылы еврей социал-демократиялық топтарының Вильнода болған құрылтай съезінде құрылды; негізінен алғанда Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд «тек еврей пролетариатына арнайы қатысы бар мәселелерде ғана дербес болатын автономиялық ұйым ретінде» РСДРП құрамына кірді, («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылғы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП-мен арадағы РСДРП I съезі белгілеген ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Бундтың съезі өзінің қарарында РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайтынын, сондықтан Бундтың оған федерациялық бөлік ретінде кіруге тиіс екендігін мәлімдеді.

РСДРП II съезінде Бундтың өзін еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану жөніндегі талабы қабылданбай тасталғаннан кейін Бунд партиядан шықты. 1906 жылы партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) үнемі қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Большевиктердің ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады; антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күрес жүргізді. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың бас-

шылары контрреволюция күштерімен қосылып кетті. Соньмен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақ жасауға қарай ұмтылған бетбұрыс байқалды. 1921 жылғы мартта Бунд өзін өзі таратты, оның мүшелерінің біразы жалпы негіздерде РКП(б)-ға қабылданды.—7.

[13] Бұл арада әңгіме жойымпаздардың август конференциясы дейтінді әзірлеуі туралы болып отыр. Конференция 1912 жылғы августа Венада болды; онда ұйымдастырушысы Троцкий болған антипартиялық Август блогы құрылды. Конференцияға Бундтың, Закавказье облыстық комитетінің, Латыш өлкесі социал-демократиясының және шетелдік шағын топтардың — жойымпаздық, троцкистік, шақырымпаздық топсымақтардың («Голос Социал-Демократа» редакциясының, Троцкийдің веналық «Правдасы» редакциясының және «Вперед» тобының) өкілдері қатысты. Россиядан жойымпаздардың петербургтік және москвалық «инициативалық топтары», Красноярск ұйымы, «Севастополь социал-демократиялық әскери ұйымы», жойымпаздық «Наша Заря» және «Невский Голос» басылымдарының редакциялары делегаттар жіберді; конференцияға сондай-ақ «Спилканың» Шетелдік комитетінен өкіл қатынасты. Делегаттардың басым көпшілігі шетелде тұратын және Россия жұмысшы табынан қол үзген, жергілікті партиялық жұмыспен тікелей байланысы жоқ адамдар болды.

Конференция социал-демократиялық тактиканың барлық мәселелері жөнінде антипартиялық, жойымпаздық шешімдер қабылдады және құпия партияның өмір сүруіне қарсы шықты. Конференция сайлау платформасынан демократиялық республика құру ұранын алып тастап, оның орнына жалпыға бірдей сайлау правосы және толық билігі бар Дума құру ұранын ұсынды; помещиктердің жерін шаруалардың пайдасына конфискелеу ұранын қабылдамай тастап, конференция III Мемлекеттік думаның аграрлық заңын қайта қарау талабын ұсынды; ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұранының орнына конференция партия съездерінің шешімдерінде ұлтшылдықтың көрінісі деп айыпталған мәдени-ұлттық автономия талабын қойды. Сайлау тактикасы туралы мәселе жөнінде конференция жалпыға бірдей сайлау правосын және коалициялар бостандығын қорғауға міндеттенген либерал-буржуазиялық партиялардың кандидаттарын қолдауға болады деп тапты. Конференцияда қабылданған платформа көрінеу оппортунистік сипатта болды.

Жойымпаздардың Россияда өздерінің центристік партиясын құруға тырысқан әрекетін жұмысшылар қолдамады. Жойымпаздар Орталық Комитет сайлай алмай, Ұйымдастыру комитетін құрумен шектелді. Ала-құла элементтерден құрылған антибольшевиктік блок конференцияның өзінде-ақ ыдырай бастады; ал конференцияның басты міндеті осындай

блок құру болған еді. Конференцияның аяқталуын күтпей-ақ одан впередшіл кетіп қалды, көп кешікпей латыш социал-демократтары, одан кейін басқа да қатысушылары конференциядан кетіп қалды. Большевиктердің соққыларына шыдай алмай Август блогы бір-бір жарым жылдан кейін-ақ іс жүзінде ыдырап кетті. Август блогының ыдырауы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: ««Август» блогының ыдырауы», ««Августық» жалғандықты әшкерелеу», «Бірлік жөніндегі айқаймен бүркеніп, бірлікті бұзу туралы» (Шығармалар, 20-том, 155—158, 181—184, 333—357-беттер).—7.

[14] *«Живое Дело»* — («Нақты Іс»)—жойымпаз-меньшевиктердің апталық жария газеті; 1912 жылғы 20 январьдан (2 февральдан) 28 апрельге (11 майға) дейін Петербургте шығып тұрды. 16 номері шықты. Газетке Л. Мартов, Ф. И. Дан, П. Б. Аксельрод және басқалары қатысып жүрді. В. И. Ленин «Живое Делоға» «либералдық жұмысшы саясатының органы» деген баға берді.—7.

[15] *«Голос Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Үні»)—газет, меньшевиктердің шетелдік органы; 1908 жылғы февральдан 1911 жылғы декабрьге дейін әуелі Женевада, онан соң Парижде шығып тұрды. Газеттің редакторлары П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және Г. В. Плеханов болды. Бірінші номерінен бастап-ақ «Голос Социал-Демократа» жойымпаздарды қорғап, олардың антипартиялық іс-әрекетін ақтады. Газеттің жойымпаздық позициясын айыптаған Плеханов редакциядан шығып кеткеннен кейін «Голос Социал-Демократа» жойымпаздардың идеялық орталығы ретінде түкпілікті айқындалды.— 7.

[16] *Кавказ облыстық комитеті* (Закавказье облыстық комитеті)— кавказдық жойымпаз-меньшевиктердің фракциялық орталығы. Комитет Закавказье социал-демократиялық ұйымдарының V съезінде 1908 жылғы февральда сайланды. Съезге 15 меньшевик пен 1 большевик қатысты. Облыстық комитет сатқындық, антипартиялық жұмыс жүргізді. Ешқандай сайлаусыз, партия ұйымдарының еркімен санаспай, комитет РСДРП V (1908 жылғы Жалпы россиялық) конференциясына П. Б. Аксельродты, Ф. И. Дан мен Н. В. Рамишвилиді делегаттар етіп тағайындады. Бұл жойымпаздық ұйым жойымпаздардың шетелдік орталығы мен Троцкийдің тірегі болды. 1912 жылы комитет Троцкий құрған антипартиялық Август блогына кірді. — 7.

[17] *Ұйымдастыру комитеті* 1912 жылғы январьда жойымпаздардың — Бунд, Закавказье облыстық комитеті және Латыш өлкесі социал-демократиясы Орталық Комитеті өкілдерінің кеңесінде құрылды. Ұйымдастыру комитетінің жұмысына ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен қоса веналық «Правда» және «Голос Социал-Демократа» редакциялары,

«Вперед» тобы, жойымпаздардың петербургтік «инициативалық тобының» өкілдері белсене қатысты. Ұйымдастыру комитетінің іс жүзіндегі басшысы Троцкий болды. Ұйымдастыру комитеті 1912 жылғы антипартиялық август конференциясын шақыру жөніндегі ресми орган болды. — *7.*

[18] Бұл арада әңгіме «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі Станислав Вольский (А. В. Соколовтың бүркеншік аты) туралы болып отыр.

«Вперед» — шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың антипартиялық тобы; А. Богданов пен Г. А. Алексинскийдің инициативасы бойынша 1909 жылғы декабрьде, шақырымпаздық-ультиматистік фракциялық орталық — Капридегі мектеп тарап кеткеннен кейін құрылды. Топтың 1910—1911 жылдары Женевада шығып тұрған осы аттас баспасөз органы болды.

Впередшілдердің большевиктерге қарсы күресі өте-мөте принципсіз болды әрі күрес құралдарын таңдап-талғап жатпады. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумында впередшілдер голосшыл-жойымпаздармен және троцкистермен тығыз бірлесіп қимыл жасады. Пленумнан өз тобын «партияның баспа тобы» деп мойындатып алып және Орталық Комитеттен оны шығаруға қаржы бөлгізіп алып, впередшілдер пленумнан кейін пленум шешімдерін шақырымпаздық-ультиматистік позициядан қатты сынға алды, пленум шешімдеріне бағынудан бас тартты. 1912 жылғы Прага партия конференциясынан кейін впередшілдер конференция шешімдеріне қарсы күресте жойымпаз-меньшевиктермен және троцкистермен бірікті.

«Вперед» тобының антипартиялық әрі антимарксттік принципсіз әрекеттері онан жұмысшыларды бездірді. «Бұл топтың,— деп жазды Ленин,—ықпалы әрқашан өте мардымсыз болды, сондықтан ол Россиядан қол үзген және дәрменсіз әр түрлі шетелдік топтармен келісімпаздықтың арқасында ғана амалдан тіршілік етті» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 231-бет). Жұмысшы қозғалысында тірегі болмаған «Вперед» тобы 1913—1914 жылдары іс жүзінде ыдырап кетті; формальды жағынан ол 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін өмір сүруін тоқтатты. — *8.*

[19] *«Правда»* («Шындық») *(веналық)* — троцкистердің фракцияшылдық газеті; 1908—1912 жылдары шығып тұрды. Алғашқы үш номері Львовта басылды, одан кейінгі шығарылуы Венаға (Австрия) көшірілді; 25 номері шықты. «Спилка» атты украин одағының органы ретінде шыққан алғашқы екі номерін айтпағанда, газет Россияның қайсы бір партия ұйымының атынан шыққан жоқ, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «жекеше кәсіп» болды. Газеттің редакторы Л. Д. Троцкий болды. «Фракцияшыл емес» дегенді жамылып,

газет алғашқы номерлерінен бастап-ақ жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғап, большевизмге қарсы шықты; революционерлер мен оппортунистердің бір партияда ынтымақтасуының центристік «теориясын» уағыздады. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумынан кейін газет ашық жойымпаздық позиция ұстады. 1912 жылы Троцкий мен оның газеті антипартиялық Август блогының инициаторлары мен басты ұйымдастырушылары болды.—*8.*

[20] Бұл арада күнделікті жария большевиктік *«Правда»* газеті айтылып отыр; газеттің бірінші номері 1912 жылғы 22 апрельде (5 майда) Петербургте шықты.

Күнделікті бұқаралық жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы шешім РСДРП VI (Прага) Бүкіл россиялық конференциясы жұмысының барысында қабылданған болатын. «Правданы» шығару ісін әзірлеуде «Звезда» газеті үлкен роль атқарды; «Звезда» 1911 жылдың аяғынан бастап күнделікті жұмысшы газетін ұйымдастыруды жақтаған науқанды кеңінен өрістетті. «Звезда» Петербург жұмысшыларының осындай газет шығаруды ұсынып, оны өз ықтиярымен жарна төлеу арқылы ұстауға әзірлігін білдірген көптеген хаттары мен мақалаларын жариялады. Петербургтің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының инициативасы Россияның барлық жұмысшылары тарапынан қызу қолдау тапты.

«Правда» Лена қырғынына байланысты бүкіл елде бұқаралық саяси стачкалар кең өріс алған жаңа революциялық өрлеу жағдайында жарыққа шықты. «Жұмысшылардың *дәл апрельдегі өрлеуі,*—деп жазды В. И. Ленин,— жұмысшы газеті «Правданы» құрды» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 478-бет).

Газет жұмысшылардың өздері жинаған қаржымен шығарылып тұрды; ол 40 мыңға тарта дана болып таратылды, жекелеген номерлерінің тиражы 60 мыңға жеткізілді. Күнделікті жұмысшы газетін жолға қоюды Ленин Петербург жұмысшыларының атқарған ұлы тарихи ісі деп сипаттады.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, күн сайын дерлік газетке мақала жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды. Ол газеттің айбынды, революциялық рухта жүргізілуіне күш салды, принципті мәселелерде жеткілікті айқындығы жоқ мақалалар басқаны үшін редакцияны сынға алып отырды. «Правдада» Лениннің 270-тен аса мақаласы мен заметкасы жарияланып, бұларға мынадай әр түрлі бүркеншік аттармен қол қойылды: В. Ильин, В. Фрей, К. Т., В. И., И., Правдист, Статистик, Читатель, М. Н. және басқалар.

«Правда» редакциясының түрлі уақытта мүшелері және оның белсенді қызметкерлері болғандар: Н. Н. Батурин, Демьян Бедный, К. С. Еремеев, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, С. В. Малышев, Л. Р. және В. Р. Менжинскийлер,

В. М. Молотов, В. И. Невский, М. С. Ольминский, Н. И. Подвойский, Н. Г. Полетаев, М. А. Савельев, К. Н. Самойлова, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник, И. В. Сталин, П. И. Стучка, А. И. Ульянова-Елизарова және басқалары. Газетке IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары белсене қатысып отырды. «Правдада» А. М. Горький өз шығармаларын бастырды.

«Правда» партияны халықтың қалың бұқарасымен күнбе-күн байланыстырып отырды. Газеттің төңірегіне жұмысшы тілшілерінің қыруар армиясы топтасты. Газеттің әрбір номерінде жұмысшылардың ондаған корреспонденциясы басылды. Екі жылдан астам уақыттың ішінде жұмысшылардың 17 мыңнан астам корреспонденциясы жарияланды. Газет еңбекшілердің правосыздығы туралы жазды, жұмысшылардың экономикалық мұқтаждығының мысалдарын келтірді, стачкалар мен ереуілдердің барысын баяндап, партияның өрлеп келе жатқан революциялық қозғалысқа басшылық ету жөніндегі саясатын жүргізді, бұқараны пролетарлық ынтымақтастық, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. «Правда» жұмысшылар арасында зор беделге ие болды. Газетте патшалық Россиядағы шаруалардың жағдайын баяндап жазуға едәуір орын берілді. Газетте «Шаруа бөлімі» болды. «Правданың» беттерінде Ленин алда болатын революциядағы пролетариаттың гегемониясы жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жолында дәйекті күрес жүргізді, либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын әшкереледі. Газет IV Мемлекеттік думаның сайлауы жөніндегі сайлау науқанында маңызды роль атқарды.

«Правда» редакциясының жұмысы туралы мәселе РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінде арнайы талқыланды. Кеңес В. И. Ленин жазған ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарар қабылдап, онда редакцияның жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгіленді (қараңыз: осы том, 299—300-беттер).

«Правданың» редакциясына партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұяларының өкілдерімен кездесулер өткізілді, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы деректер осында келіп жатты, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің партиялық директивалары осыдан беріліп жатты.

«Правда» полицияның үнемі қудалауына ұшырап отырды. Шыға бастаған алғашқы жылдың өзінде-ақ оның редакторларына қарсы 36 сот ісі қозғалды. Ал бас-аяғын қосқанда редакторлар 48 айға жуық түрмеде отырып шықты. Газеттің 41 номері конфискеленді. Патша үкіметі газетті сегіз рет жапты, бірақ ол: «Рабочая Правда», «Северная Правда», «Правда Труда», «За Правду», «Пролетарская Правда», «Путь Правды», «Рабочий», «Трудовая Правда» деген басқа

аттармен шыға берді. Осындай қиын жағдайда большевиктер екі жылдан астам уақыттың ішінде «Правданың» 636 номерін шығара алды. 1914 жылғы 8 (21) июльде газет жабылып қалды.

«Правданы» шығару ісі тек 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ғана қайта басталды. 1917 жылғы 5 (18) марттан «Правда» РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің органы ретінде шыға бастады, 5 (18) апрельде, шетелден қайтып оралғаннан кейін В. И. Ленин редакцияның құрамына кіріп, «Правдаға» басшылық етті. 1917 жылғы июль—октябрьде, контрреволюциялық-буржуазиялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын талай рет өзгертіп, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) партияның Орталық Органы өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

Большевиктік партия мен революцияның тарихында «Правданың» маңызы өте-мөте зор. Газет партияның саясатын жүзеге асыру жолындағы күресте коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болды. Ол партиялылық үшін күрестің қайнаған ортасында болып, жойымпаз-меньшевиктерге, шақырымпаздарға, троцкистерге қарсы батыл күрес жүргізді, олардың сатқындық ролін әшкереледі.

«Правда» халықаралық оппортунизм мен центризмге қарсы күрес жүргізді. Газет жұмысшыларды революциялық марксизм рухында тәрбиеледі. Газет партияның айтарлықтай өсуіне, оның қатарып топтастыруын, бұқарамен байланысын нығайтуға көмектесті. «Правданың» жұмысы нәтижесінде бұқаралық большевиктік партияның берік негізі қаланды. «Правда» тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы Ұлы Октябрь социалистік революциясында және социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды.

«Правда» большевиктік баспасөздің тарихынан аса маңызды орын алады. Ол тұңғыш жария бұқаралық жұмысшы газеті болып, Россия жұмысшы табы мен халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бастап берді. 1914 жылдан бастап «Правданың» бірінші номері шыққан күн жұмысшы баспасөзінің мерекесі күніне айналды.

«Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар және «Правда»», «Жұмысшы табы мен жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» он жылдық мерекесіне» және басқа мақалаларында Ленин «Правдаға» баға берді (қараңыз: Шығармалар толық жи-

нағы, 21-том, 472—489-беттер; осы том, 77—79-беттер; Шығармалар, 20-том, 374—382, 517—560, 574—582-беттер; 33-том, 345—348-беттер). — *8.*

[21] В. И. Ленин бұл арада *«ашық жұмысшы қозғалысының социал-демократиялық қайраткерлерінің инициативалық топтарын»* айтып отыр, бұл топтарды жойымпаз-меньшевиктер 1910 жылдың аяғынан бастап құпия партия ұйымдарына қарсы құрып келген болатын. Жойымпаздар «инициативалық топтарды» өздері уағыздап келген жаңа, кең көлемдегі жария партияның, үшінші июньдік, столыпиндік режимнің шеңберіне бейімделген партияның ұялары деп есептеді.

Жойымпаздар Петербургте, Москвада, Екатеринославта және Константиновкада (Донбасс) «инициативалық топтар» құра алды. Бұлар жұмысшы табымен байланысы жоқ шағын интеллигенттік топсымақтар болды. Олар жұмысшылардың стачкалық күресі мен революциялық демонстрацияларына қарсы шықты, IV Мемлекеттік думаның сайлауында большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Жойымпаздар шетелде шығарып тұрған «Голос Социал-Демократа» және жойымпаздардың Россиядағы жария органдары — «Наша Заря» мен «Дело Жизни» «инициативалық топтардың» басшы орталықтары болды. — *9.*

[22] *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің әрайлық жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум (В. Ежов) және басқалары жазып тұрды. «Наша Заряның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы топтасты. 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілді: «Социал-демократтардың «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғап шықты» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 371-бет).—*10.*

[23] *«Листок Голоса Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Үнінің листогы») — жойымпаз-меньшевиктердің органы; 1911 жылғы июньнен 1912 жылғы июльге дейін Парижде шығып тұрды. 6 номері шықты.— *10.*

[24] *P. P. S. «Солшылдары»* («Поляк социалистік партиясы-«солшылдар»)— Поляк социалистік партиясының жікке бөлінуі

нәтижесінде 1906 жылы құрылған поляк жұмысшы партиясы.

Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасаған, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп олардың назарын самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұруға тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойында қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ ПКмЛСД-ның (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар австро-герман империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік ре-

жимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда біртұтас майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиграниттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ППР) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына қосылып, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны орнатуға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Польша біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *10.*

[25] *Үшінші Мемлекеттік дума* 1907 жылғы 1 (14) ноябрьден 1912 жылғы 9 (22) июньге дейін жұмыс істеді. Үшінші июнь сайлау заңы негізінде сайланған III Дума өзінің құрамы жөнінен қаражүздік-октябристік дума болды. Ол Россияның революциялық күштері жөнінде зорлық және жазалау шараларын қолданудың контрреволюциялық саясатын жүргізуде патша үкіметінің елгезек құралы болды.

Думаның бірінші сессиясы басталар алдында онда 11 саяси партия мен топтың өкілдері болды, олардың ішінде: оңшылдар (әсіре оңшылдар, ұлтшылдар мен баяу оңшылдар)— 147 депутат, октябристер — 154, поляк-литван-белорусс тобы—7, Поляк колосы—11, прогрестік топ—28, мұсылмандар тобы—8, кадеттер—54, Еңбек тобы—14, социал-демократтар— 19 депутат болды. Думада бірде-бір партия басым көпшілік бола алмады, мұның өзі помещиктер мен буржуазия арасында амалдап отырудың бонапарттық саясатын жүргізген патша үкіметінің мақсаттарына сай келді. III Думада екі контрреволюциялық көпшілік: қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік қалыптасты. Мұның біріншісі Столыпиннің жұмысшы, аграрлық және ұлттық мәселелерде патша үкіметінің саясатын жүргізуін қамтамасыз етті. Екінші көпшілік Россияда парламенттік өмір нормалары іске асырылып отыр деген елес туғызды, ұсақ жеңілдіктер жа-

сау — реформалар жүргізу арқылы бұқараның назарын революциядан басқа жаққа аударуға жәрдем етті.

III Мемлекеттік дума сыртқы және ішкі саясаттың барлық мәселелері жөнінде реакциялық үшінші июнь режимін толығынан қолдады, полицияға, жандармдарға, земство бастықтарына, соттарға, түрмелерге, қасиетті синодқа ақшаны аямай бөлді. III Думаның реакциялық рөлі жұмысшылар жөнінде заң шығарудан ерекше айқын көрінді. Думаның реакцияшыл көпшілігі жұмысшыларды қауіпсіздендіру жөніндегі бірнеше заң жобасын үш жыл бойы тығып тастады. Тек 1911 жылы ғана революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің ықпалымен Дума бұл заң жобаларын бекітті. Бірақ бұл жобалардың әбден күзелгені соншалық, олар 1903 жылғы заңға қарағанда қауіпсіздендіру шарттарын жақсартқан жоқ, қайта нашарлатты, 13 миллион жалдама еңбек адамының ішінен тек 2,5 миллион жұмысшы ғана қауіпсіздендірілуге ілікті. Думаның комиссиясы 1912 жылғы 5 (18) мартта стачкалар бостандығы туралы заң жобасын өткізбей тастады, тіпті оны Думаның мәжілістерінде талқылауға да жібермеді. III Думаның реакцияшыл көпшілігі патша үкіметінің орыстандыру саясатын қолдады, ұлт араздығын қоздырды. Сыртқы саясат саласында III Дума Балқан мемлекеттерінің істеріне белсене қол сұғуды жақтады, реакциялық, панславяндық пиғылдарды қолдады, соғыс кредиттерін көбейтуге күш салып отырды. Дума 1906 жылғы 9 (22) ноябрьдегі указдың негізінде қабылданған аграрлық заңды 1910 жылы мақұлдап, столыпиндік аграрлық заңдарды толығынан қолдады. Дума шаруа депутаттарының жері жоқ және жері аз шаруаларға жер беру жөніндегі жобаларының бәрін қабылдамай тастап, оларды өз мәжілістерінде талқылауға жібермей қойды.

III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция жұмыс жүргізу жағдайының өте ауырлығына, құрамының аз болуына және бірқатар қателіктерге жол бергеніне қарамастан, өз ішінде большевик депутаттардың болуы арқасында III Думаның халыққа қарсы саясатын әшкерелеу жөнінде, Дума мінбесін пайдалану арқылы да, сондай-ақ Думадан тыс жұмыс жүргізу арқылы да Россия пролетариаты мен шаруаларына саяси тәрбие беру жөнінде үлкен жұмыс істеді.— *11.*

[26] *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) Петербургте шығып тұрды; газетті іс жүзінде редакциялаған П. Н. Милюков пен И. В. Гессен болды, газет жұмысына М. М. Винавер, П. Д. Долгоруков, П. Б. Струве және басқалары етене араласты. 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет газетті жапты. Кейінірек (1918 жылғы августқа дейін) газет

«Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып тұрды. — *14.*

[27] *Кадеттер*—Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылғы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазия өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері мен буржуазия интеллигенттері кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалары болды. Еңбекшілер бұқарасын алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат қойып алды, іс жүзінде олар конституциялық монархия талабынан әрі барған жоқ. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалысқа қарсы күрес жүргізу деп есептеді де, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге тырысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы дәуірінде олар монархияны құтқарып қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие болып алған кадеттер халыққа қарсы, америкал-ағылшын-француз империалистеріне тиімді контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жаулары болып әрекет етті; барлық қарулы контрреволюциялық қимылдар мен интервенттердің жорықтарына қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда тұрған кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекетін тоқтатпады.— *14.*

[28] *«Ілік жалғаудағы оппозиция»* немесе «патша ағзамның оппозициясы» — либералдардың самодержавие жөніндегі «оппозициясын» мысқылдап осылай деп атаған. «Патша ағзамның оппозициясы» деген сөз тіркесін кадеттер партиясының лидері П. Н. Милюков шығарған болатын. 1909 жылғы 19 июньде (2 июльде) Лондонның лорд-мэрінде болған таңертеңгілік қонақасында сөйлеген сөзінде Милюков былай деп мәлімдеді: «...Россияда бюджетті бақылайтын заң шығарушы палата бар тұрғанда орыс оппозициясы патша ағзамға оппозиция емес, патша ағзамның оппозициясы болып қала береді» («Речь» № 167, 21 июнь (4 июль) 1909 жыл).—*14.*

[29] В. И. Ленин *«Швейцария жұмысшыларына хатты»* мына оқиғаларға байланысты жазған болатын. 1912 жылғы июльде РСДРП-ның Цюрихтағы біріккен ұйымының меньшевиктік-жойымпаздық бюросы «Die Eintracht» («Келісу») социал-демократиялық ұйымның басқармасына және Швейцария Жұмысшы одағына хат жолдады. Хатта бюро өзін РСДРП-ның

шетелдік топтарының Цюрихтағы бірден-бір өкілі деп жариялады. 27 июльде (9 августа) Цюрихта РСДРП Шетелдік ұйымының большевиктік швейцариялық секциясының кеңесі болды. Кеңеске Цюрих, Давос, Берн, Лозанна және Женева большевиктік топтарынан өкілдер қатысты.

Талқылаудың қорытындысында мынадай қарарлар қабылданды: 1) партия ішіндегі істердің жайы туралы; 2) шетелдегі істердің жайы туралы және 3) жойымпаздық бюроға қарсы наразылық білдіру қарары. Қарарлар гектографта басылған листовкалар түрінде шығарылды: алғашқы екі қарар орыс тілінде шығарылды; В. И. Лениннің осы хатымен бірге жарияланған соңғы қарар неміс тілінде жарияланды.— *17*.

[30] Бұл арада әңгіме *РСДРП Шетелдік ұйымының комитеті* (ШҰК) туралы болып отыр; ол 1911 жылғы декабрьде шетелдегі большевиктік топтардың Париждегі кеңесінде сайланған болатын. Бұл кеңес РСДРП Шетелдік ұйымын «жойымпаз-голосшылдармен тікелей немесе жанамалай келісім жасасудың қандайынан болса да бас тарту негізінде», «шын мәнісінде партиялық бағыт жүргізу негізінде» құру жөнінде қаулы етті. Кеңестің қарарында былай деп көрсетілді: «РСДРП Шетелдік ұйымын құрып және осы ұйымның комитетін сайлай отырып, кеңес жергілікті жерлердің бәрінде осы Шетелдік ұйымның бөлімдері құрылсын деп қаулы етеді және Россиялық ұйымдастыру комиссиясын, Орталық Орган мен «Рабочая Газетаны» қолдауға келісетін партиялылардың бәрін осы бөлімдерге тарту қажет деп есептейді» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 348-бет). Кеңес сайлаған Шетелдік ұйым комитетіне Н. А. Семашко, М. Ф. Владимирский, Инесса Арманд және басқалары кірді. Шетелдік ұйым комитетінің жұмысы В. И. Лениннің басшылығымен жүргізілді.

РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы Шетелдік ұйым комитетін бекіте отырып, барлық шетелдік антипартиялық топтардың іс-әрекетін айыптады және шетелде жұмысты Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп тапты.

Шетелдік ұйым комитеті партия күштерін топтастыруда, жойымпаз-меньшевиктерге, ымырашылдарға, троцкистерге және басқа да оппортунистерге қарсы күресте маңызды роль атқарды. Шетелдік ұйым комитеті Россиядағы маңызды-маңызды оқиғалардың бәріне, партиялық жұмысқа және орыс революциялық қозғалысына басшылық ету жөніндегі шараларға үн қосып отырды, сондай-ақ Орталық Комитеттің шетелде партиялық әдебиет шығаруына көмектесті.

Шетелдік ұйым комитеті 1917 жылы өз қызметін тоқтатты.— *17*.

[31] *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқарушы-информациялық органы; барлық елдердің социалистік партияларының өкілдерінен Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 жылғы сентябрь) қабылданған болатын. Орыс социал-демократтарының Халықаралық социалистік бюродағы өкілдері болып Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский сайланды. 1905 жылдан РСДРП-дан өкіл ретінде Халықаралық социалистік бюроға В. И. Ленин кірді. 1912 жылы Бүкіл россиялық VI (Прага) партия конференциясы В. И. Ленинді РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі етіп қайтадан сайлады. Ленин бюроның ішінде II Интернационал лидерлерінің оппортунизміне қарсы батыл күрес жүргізді. Халықаралық социалистік бюро өз жұмысын 1914 жылы тоқтатты.— *17.*

[32] *«Невская Звезда»* («Нева Жұлдызы») — большевиктік жария газет; 1912 жылғы 26 февральдан (10 марттан) 5 (18) октябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. 27 номері шықты. «Невская Звезда» бастапқы кезде «Звезда» газетімен қатар шығып тұрды да, ол жабыла қалған немесе конфискеленген жағдайда оның орнына шығарылуға тиіс болды; 1912 жылғы 22 апрельден (5 майдан) кейін жабылып қалған «Звезданың» орнына шығып тұрды. Газеттің редакциясында Н. Н. Батурин, В. М. Молотов, М. С. Ольминский және басқалары жұмыс істеді. В. И. Ленин шетелден газетке идеялық басшылық етті. «Невская Звездада» Лениннің 20 мақаласы және жұмысшылардың 360-тан астам корреспонденциясы жарияланды. Үкімет газетті үнемі қуғындап отырды: газеттің 27 номерінің 9-ы конфискеленді және 2-іне айып салынды, редакторлар талай рет сот жауапкершілігіне тартылды.

«Невская Звезда» меньшевиктерді, троцкистерді, сондай-ақ буржуазиялық либералдар мен революцияның басқа да жауларын әшкерелеуде маңызды роль атқарды. Ленин «Невская Звезданы» «саяси маңызы зор және тікелей көкейтесті маңызы бар» жұмысшы газеті (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 509-бет) деп атады.— *18.*

[33] *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, біртоға либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалары) қатысып тұрды, либерал халықшылдардың шығармалары басылып жүрді. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости», деп атап көрсетті Ленин *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар, 19-том, 120-бет) ерекше ұштастырды. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.—*18.*

[34] 1906 жылғы 9 (22) ноябрьде «Қолданылып жүрген заңның шаруалардың жер иеленуі мен жерді пайдалануына қатысты кейбір қаулыларын толықтыру туралы» П. А. Столыпин дайындаған указ шықты; бұл указ Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік советтен өткеннен кейін 1910 жылғы 14 июнь заңы деп аталды. 1906 жылғы 15 (28) ноябрьде «Үлесті жерлерді кепілге алу арқылы Шаруалардың жер банкінің несиелер беруі туралы» указ да шықты. Бұл указдар бойынша шаруаларға өздерінің үлесті жерлерін жеке меншігіне бекітіп алуына және қауымнан отрубтар мен хуторларға бөлініп шығуына право берілді. Хуторға немесе отрубқа бөлініп шығушылар жер алуға керекті қаржыны Шаруалар банкінен ала алатын болды. Столыпиннің аграрлық заңдарының көздеген мақсаты жерге помещиктік меншікті сақтап және қауымды зорлықпен бұза отырып, кулактар арқылы деревняда самодержавиенің жаңа әлеуметтік тірегін жасау болды. Столыпиндік аграрлық саясат крепостник-помещиктердің билігін, меншігі мен артықшылықтарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясының негұрлым ұзақ, азапты, «пруссиялық» дейтін жолмен жүруін тездетті, шаруалардың негізгі бұқарасының зорлықпен экспроприациялануын күшейтті, кедейлердің үлесті жерлерін су тегін арзанға сатып алуға мүмкіндік алған шаруа буржуазиясының дамуына себепші болды.

Ленин 1906 жылғы столыпиндік аграрлық заңды (және 1910 жылғы 14 (27) июньде шығарылған заңды) крепостниктік самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы 1861 жылғы реформадан кейін жасалған екінші қадам деп атады. Шаруалардың қауымдардан бөлініп шығуын үкіметтің барынша насихаттағанына қарамастан, Европалық Россияда 9 жылдың ішінде (1907 жылдан 1915 жылға дейін) қауымнан 2,5 миллионға жуық шаруа үйі ғана бөлініп шықты. Қауымнан бөлініп шығу правосын ең алдымен село буржуазиясы пайдаланды, ол осы арқылы өз шаруашылығын нығайтуға мүмкіндік алды. Кедейлердің бір бөлігі де өзінің үлесті жерін сатып және деревнядан біржолата қол үзіп, қауымдардан бөлініп шықты. Жоқшылықтың тауқыметін тартқан ұсақ шаруа шаруашылығы бұрынғысынша кайыршылық және мешеу күйінде қала берді.

Столыпиндік аграрлық реформа негізгі қайшылықты — барлық шаруалар мен помещиктер арасындағы қайшылықты жоймай, шаруалар бұқарасының онан әрі күйзелуіне, кулактар мен деревня кедейлерінің арасындағы таптық қайшылықтардың шиеленісуіне әкеліп соқты.— *19.*

[35] *1861 жылғы «Шаруалар реформасы»* — Россиядағы крепостниктік правоны жойған реформа, патша үкіметі бұл реформаны крепостник-помещиктердің мүддесін көздеп жүргізді. Реформаның нәтижесінде помещиктер шаруалар жерінің $^1/_5$ бөлігінен астамын, тіпті $^2/_5$ бөлігін өздеріне кесіп алды.

Шаруалардың үлесті жерлерінің ең жақсы бөліктері («кесінді жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалары) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерлерсіз шаруалар өз беттерімен шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Шаруалардың үлесті жерлерін өз меншіктеріне сатып алуы олардың помещиктер мен патша үкіметіне тікелей тоналуы болды. Шаруалардың патша үкіметіне борышын өтеу үшін 6 процент төлемімен 49 жыл мәулет берілді. Құнын өтеп алу операциялары бойынша берешектер жылданжылға өсе берді. Тек бұрынғы помещиктік шаруалар ғана патша үкіметіне құнын өтеп алу операциялары бойынша 1,9 миллиард сом төледі, ал шаруалардың қарамағына көшкен жердің рыноктық құны 544 миллион сомнан аспайтын еді. Іс жүзінде шаруалар өз жерлері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруалар шаруашылықтарының күйзелуіне әкеліп соқты.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларға жасалған алғашқы жаппай зорлық, помещиктердің капитализм үшін «жерді тазалауы» деп атады. 1861 жылғы реформа туралы В. И. Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетарлық-шаруалар революциясы» (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 149—153, 173—182, 183—193-беттер).—*21.*

[36] *Біріккен дворяндар советі* — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның негізгі мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иеленуді және дворяндардың артықшылықтарын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүдделерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын жасауға мәжбүр етіп отырған жартылай үкіметтік органға айналды. Біріккен дворяндар советі мүшелерінің бірсыпырасы Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталықтарына енді.— *23.*

[37] В. И. Ленин РСДРП V (1908 жылғы Жалпы россиялық) конференциясының «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» қарарының сөздерін цитатқа келтіріп отыр («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 269-бет). Ленин қарардың бұл жерін

«Жолға» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 388—399-беттер) деген мақаласында талдайды.— *23.*

[38] *Трудовиктер* — Россияның Мемлекеттік думаларындағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; бұл топ шаруалардан және халықшылдық ниеттегі интеллигенттерден құралды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылғы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруалар депутаттарынан құрылды.

Трудовиктер сословиелік және ұлттық шектеулердің бәрін жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді пайдаланудың халықшылдық «теңгермелі» принциптеріне негізделді: қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік жерлерден, сондай-ақ егер иеліктегі жер мөлшері белгіленген еңбек нормасынан асып түсетін болса, жеке меншіктегі жерлерден де жалпы халықтық қор жасау; иеліктен алынатын жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. В. И. Ленин 1906 жылы былай деп атап көрсетті: әдеттегі трудовик — шаруа, ол «монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Мемлекеттік думада трудовиктер кадеттер мен социал-демократтар арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқулар ұсақ қожайындардың—шаруалардың таптық табиғатының өзінен туды. Трудовиктер белгілі бір дәрежеде шаруалар бұқарасының өкілдері болғандығы себепті большевиктер патша өкіметі мен кадеттерге қарсы ортақ күрес үшін Думада кейбір мәселелер жөнінде трудовиктермен келісімге келу тактикасын ұстады. 1917 жылы трудовиктер тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірікті де, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағына шықты. — *25.*

[39] *«Вехи»* — кадеттердің корнекті публицистері, контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері Н. А. Бердяевтің, С. Н. Булгаковтың, М. О. Гершензонның, А. С. Изгоевтың, Б. А. Кистяковскийдің, П. Б. Струвенің және С. Л. Франктың мақалаларының жинағы; 1909 жылғы көктемде Москвада шықты. Орыс интеллигенциясына арналған мақалаларында «вехишілдер» Россиядағы азаттық қозғалысының революциялық-демократиялық дәстүрлерін, В. Г. Белинскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Н. Г. Чернышевскийдің, Д. И. Писаревтің көзқарастары мен қызметтерін қаралауға тырысты; олар 1905 жылғы революциялық қозғалысты даттады, «өзінің

найзалары мен түрмелері арқылы» буржуазияны «халық қаһарынан» құтқарып қалғаны үшін патша үкіметіне алғыс айтты. В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 179—188-беттер) кадет қаражүзділіктерінің жинағына сын тұрғысынан талдау жасап, саяси бағасын берді. «Вехидің» философиядағы және публицистикадағы программасын қаражүздік «Московские Ведомости» газетінің программасымен салыстыра келіп Ленин жинақты *«либералдық ренегаттықтың энциклопедиясы»*, «демократияға реакциялық тұрғыдан бастан-аяқ күйе жағудың дәл өзі» деп атады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Вехи» жинағының Ленин көптеген белгілер салған данасы сақтаулы.—*26.*

[40] Бұл арада Россияның фабрика-завод кәсіпорындарын финанс министрлігі өнеркәсіп бөлімінің 1908 жылы жүргізген тексеруі айтылып отыр. Тексерудің нәтижелері туралы алдын ала алынған деректер В. Е. Варзардың «Вестник Финансов, Промышленности и Торговлидің» 1911 жылғы 11 (24) декабрьдегі 50-номеріндегі «Империяның 1909 жылдың бас кезіндегі өңдеуші фабрика-завод өнеркәсібі» атты мақаласында жарияланды. В. И. Ленин осы мақаланың жиынтық кестесінде келтірілген деректерді пайдаланады.— *27.*

[41] Бұл арада «Фабрикалық инспекторлардың 1910 жылғы есептерінің жиынтығы» айтылып отыр. СПБ., 1911, XXXVII бет.— *29.*

[42] Бұл арада әңгіме кеншілердің 1912 жылдың көктеміндегі стачкасы туралы болып отыр; бұл стачкаға бір миллионға жуық адам қатысқан болатын. В. И. Ленин бұл стачка жөнінде «1912 жылғы ағылшын жұмысшы қозғалысы» атты мақаласында неғұрлым толығырақ баяндайды (қараңыз: осы том, 301—302-беттер). Ең аз мөлшердегі жалақы туралы төменде айтылатын заң да сол мақалада талданады.— *43.*

[43] В. И. Ленин цифрлық деректерді «Фабрикалық инспекторлардың 1910 жылғы есептерінің жиынтығынан» алып отыр (СПБ., 1911), XV бет.— *46.*

[44] *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болып, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертіп отырды. Бастапқы кезде баяу-либералдық газет болған ол 1876 жылы бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін реакцияшыл дворяндар мен чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүзділіктердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет

буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдап, большевиктерге қарсы өршелене жала жапты. 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет газетті жауып тастады.— *48.*

[45] *Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы* — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының басшы мекемесі.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) — поляк жұмысшы табының революциялық партиясы, 1893 жылы әуелі Польша Корольдігінің социал-демократиясы ретінде пайда болды, ал 1900 жылғы августан бастап, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, осы съезде поляк социал-демократтары мен литван социал-демократтарының бір бөлегі қосылғаннан кейін Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы деп атала бастады. Бұл партияның сіңірген еңбегі сол, ол поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы қозғалысымен одақтасуға бағыттады және ұлтшылдыққа қарсы күресті.

1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік партияның ұрандарына үндес келетін ұрандар үшін күресті, либерал буржуазия жөнінде ымырасыз позиция ұстады. Сонымен қатар Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателері де болды: ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық рөлін ұғынбады, жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың рөлін және ұлт-азаттық қозғалысының маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге оның Польшадағы революциялық қозғалысқа сіңірген еңбегін де атап көрсетті. Ол поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет) деп атап көрсетті. 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына қабылданды.

1905—1907 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясында ішкі партиялық мәселелер жөнінде алауыздықтар байқалды, 1912 жылдың бас кезінде бұл алауыздықтар поляк социал-демократиясының Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасын жақтаушылар («зажондашылдар» деп аталатындар) болып, бұлар жойымпаздар жөнінде ымырашылдық бағыт ұстады және бір кезде РСДРП-

дағы большевиктерге қарсы ағымдарды іс жүзінде қолдады, және Варшава мен Лодзь партия ұйымдарына сүйенген топ («розламшылдар» деп аталатындар) болып жіктелуіне әкеліп соқтырды, бұл кейінгі топ большевиктермен байланыс жасап РСДРП Орталық Комитетінің бағытын қолдады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы шетел империалистерін қолдауды жақтап шыққан пилсудскийшілдер мен эндектерге қарсы белсене күрес жүргізді және тұтас алғанда большевиктердің позициясына жақын позиция ұстады. Алайда Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы кейбір қателер де жіберді, центристер мен ымырашылдарға қарсы дәйекті күрес жүргізбеді.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап, Польшада пролетарлық революцияның жеңіп шығуы жолындағы күресті өрістетті. 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы және Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» Бірігу съезінде бұл екі партия бірігіп, Польша коммунистік жұмысшы партиясын құрды.—*50.*

[46] В. И. Ленин поляк социал-демократиясындағы жіктелістің тарихына «Поляк социал-демократиясындағы жіктеліс» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 321—326-беттер) тоқталады.— *50.*

[47] *Прогрессистер* — орыстың либералдық-монархиялық буржуазиясының саяси тобы; бұл топ Мемлекеттік думалардың сайлаулары кезінде және Думалардың өзінде түрлі буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтардан шыққан элементтерді «бейпартиялық» желеуімен біріктіруге тырысты.

III Мемлекеттік думада прогрессистер фракция құрып, оған «бейбіт жаңарту» және «демократиялық реформалар» партияларының өкілдері кірді. Жаңа революциялық дүмпуден қорқу прогрессистерді патша үкіметінің «шектен шығушылықтарын» сынға алуға итермеледі; олардың пікірінше, патша үкіметі өзінің кеңшілік жасамауы арқылы солшыл, революциялық күштердің қызметі үшін негіз жасаған. 1912 жылы IV Мемлекеттік думаның сайлауы кезінде прогрессистер кадеттермен блок жасасты, сөйтіп өздерінің жалған бейпартиялылығы арқылы оларға «буржуазиялық үшінші июнь сайлаушысының» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 348-бет) даусын қағып алуға көмектесті.

1912 жылғы ноябрьде прогрессистер мынадай программа ұсынып, дербес саяси партия болып қалыптасты: баяу тар цензілі конституция, ұсақ реформалар жүргізу, жауапты министрлік, яғни Дума алдында жауапты үкімет құру, революциялық қозғалысты басып-жаншу. В. И. Ленин прогрессистерді өзінің құрамы жағынан да, өзінің идеологиясы жағынан да — *«октябристердің кадеттермен қосындысы»* деп атап

көрсетіп, прогрессистер партиясының программасын национал-либералдық программа деп сипаттады. «Бұл,— деп жазды ол,— Германияда да біздің көріп отырғанымыздай «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады» (осы том, 272-бет).

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында прогрессистер партиясы әскери басшылықты ауыстыруды, өнеркәсіпті майдан мұқтажына жұмылдыруды және орыс буржуазиясынан өкілдер қатысқан «жауапты министрлік құруды» талап етіп, өз қызметін жандандырды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның кейбір лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметке қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін прогрессистер партиясы Совет өкіметіне қарсы белсене күрес жүргізді.

Прогрессистер лидерлерінің арасында Москваның белгілі фабриканттары П. П. Рябушинский, А. И. Коновалов, помещик И. Н. Ефремов және басқалары болды. Прогрессистер түрлі уақыттарда өздерінің саяси органдарын: «Московский Еженедельник» журналын, «Слово», «Русская Молва» және «Утро России» газеттерін шығарып тұрды.— *55.*

[48] *«Россия»* — реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін Петербургте шығып тұрды; 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қарамағына бөлген құпия («рептильдік») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полицейлік-сатқын газетсымақ» деп атады.— *56.*

[49] *Бірінші Мемлекеттік дума* (Витте Думасы деп аталатын дума) 1906 жылғы 27 апрельде (10 майда) Министрлер советінің председателі С. Ю. Виттенің жасап шығарған ережесі бойынша шақырылды.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы (1905) патшаны 17 октябрь манифесін шығаруға мәжбүр етті, мұнда революция жайпап кеткен кеңесші Булыгин Думасынан өзгеше заң шығару функциялары бар Мемлекеттік дума шақырылатыны жарияланды. Патша үкіметі жаңа Думаны шақыру арқылы революциялық қозғалысқа жік салып, оны әлсіретпек болды, елдің дамуын бейбіт конституциялық-монархиялық жолға түсірмекші болды. Конституциялық уәделер бере отырып, үкімет сонымен қатар Мемлекеттік думаны ұйымдастырғанда оның құрамы үкіметке жағымды болуын қамтамасыз етерліктей формаларды іздестіріп жатты. Дума сайлауы жөніндегі 1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі және 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заңдар осыған бағытталды. I Мемлекеттік думаның сайлауы 1906 жылғы февраль-мартта өтті. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсіріп, халықтың бір

бөлігінің оған сенімін әлсіретті, алайда сайлауды болғызбай тастаудың сәті түспеді. Бойкоттың сәтсіз болуының негізгі себебі Думаны шақыруды болғызбай тастай алатын бұқаралық революциялық өрлеудің болмағандығы еді. Меньшевиктердің іріткі салушылық нұсқаулары мен шаруалардың конституция жөніндегі жалған үміттерінің күштілігі де бойкоттың сәтсіздікке ұшырауына себепші болды. Ал Дума қалай дегенмен шақырылған соң, Ленин оны революциялық үгіт пен насихат мақсаттарына, Думаның халық өкілдігін өрескел бұзушылық екендігін әшкерелеу мақсаттарына пайдалану міндетін алға қойды.

I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, олардың ішінде: кадеттер — 179, автономистер — 63 (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа да буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер — 16, партияда жоқтар — 105, трудовиктер — 97 және социал-демократтар —18 болды. Сонымен Думадағы орындардың үштен бір бөлегінен астамы кадеттерге тиді.

I Мемлекеттік думаның мәжілістерінде талқыланған мәселелердің ішінде адамның жеке басының ісіне қол сұғушылық туралы, өлім жазасын жою туралы, ар-ождан және жиналыстар бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы және басқа мәселелер болды. Алайда осы мәселелер туралы көбінесе кадеттер енгізген заң жобалары шын мәнісіне келгенде «сөз бостандығына да *қарсы*, жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 316-бет) болды.

Мемлекеттік думада аграрлық мәселе өзекті орын алды. Думада негізгі екі аграрлық программа: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі трудовиктердің заң жобасы ұсынылды. Трудовиктерге қарама-қарсы, кадеттер көбінесе шаруалардың құрал-саймандарымен өңделетін немесе арендаға берілетін помещиктік жерлерді ғана «әділ баға бойынша» ақысын төлеп иеліктен айыруға болады дей отырып, помещиктік жер иеленуді сақтап қалуға тырысты.

1906 жылғы 8 (21) июльде патша үкіметі I Мемлекеттік думаны таратып жіберді.— *56*.

60 *Мемлекеттік совет* — революцияға дейінгі Россиядағы жоғарғы мемлекеттік органдардың бірі. 1810 жылы М. М. Сперанскийдің жобасы бойынша заң шығаруға кеңес беретін мекеме ретінде құрылды; Мемлекеттік советтің мүшелерін патша тағайындап, бекітті. 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң бойынша Мемлекеттік совет қайта құрылып, заң жобаларын Мемлекеттік думада талқылағаннан кейін оларды бекіту немесе қайырып тастау правосын алды. Алайда негізгі заңдарды өзгерту және айрықша маңызы бар бірқатар заңдарды шығару правосы патшаның қолында қалды.

1906 жылдан Мемлекеттік советтің құрамының жартысы дворяндардың, дін басыларының, ірі буржуазияның сайланып қойылатын өкілдерінен, енді жартысы патша тағайындайтын сановниктерден болатын болды. Осының нәтижесінде Мемлекеттік совет Мемлекеттік думада қабылданған тіпті баяу заң жобаларының өзін қабылдамай тастайтын барып тұрған реакциялық мекеме болды.— *61.*

51 *Булыгин Думасы* — кеңесші Мемлекеттік дума; бұл Думаны шақыру туралы заңның жобасын патшаның тапсыруы бойынша ішкі істер министрі А. Г. Булыгин жасаған болатын. 1905 жылғы 6 (19) августа патша манифесі, Мемлекеттік дума құру туралы заң және оның сайлауы туралы ереже жарияланды. Дума сайлауы үшін тек помещиктерге, капиталистерге және бір шоғыр үй иесі шаруаларға ғана сайлау правосы берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орыннан шаруаларға не бары 51 орын тиді. Халықтың көпшілігі — жұмысшылар, кедей шаруалар, батырақтар, демократиялық интеллигенция сайлау правосынан айырылды; әйелдер, әскери қызметшілер, оқушылар, жиырма бес жасқа толмаған адамдар және патшалық Россияның езгідегі бірқатар ұлттары сайлауға қатыстырылмайтын болды. Мемлекеттік думаның ешқандай заңдар қабылдауға правосы болмады, ол тек қана патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мәселелерді талқылай алатын болды. Булыгин Думасына сипаттама бере келіп Ленин былай деп жазды: ол ««халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет).

Большевиктер жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жариялауға шақырып, бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет құру ұрандарының төңірегіне топтастырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуға болады деп санап, либерал буржуазиямен ынтымақтасуды жақтады.

Большевиктер Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын барлық революциялық күштерді жұмылдыру үшін, бұқаралық саяси стачкалар өткізу және қарулы көтерілісті әзірлеу үшін пайдаланды. Булыгин Думасының сайлауы өткізілмеді, сөйтіп үкімет оны шақыра алмады; революцияның қарыштап өрлеуі және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны жайпап кетті. Булыгин Думасы туралы мәселе жөнінде В. И. Ленинніц мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және басқалар (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер).— *62.*

[52] *«Жойымпаздар және «бірлік»»* атты мақала «Правда» газетінде арнаулы бөліммен қоса берілді; бұл бөлімде жойымпаздардың «Правдаға» қарсы қойған айыптауларына сын айтылған болатын. Мақаланың бұл бөлімін М. С. Ольминский жазды. — *66.*

[53] *«Заветы»* («Өсиеттер») — эсерлік бағыттағы әрайлық жария әдеби-саяси журнал; 1912 жылғы апрельден 1914 жылғы июльге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналга Р. В. Иванов-Разумник, Б. В. Савинков, Н. Суханов, В. М. Чернов және басқалары қатысты. — *70.*

[54] Бірінші ретте (Ларинге сілтемеде) Ю. Ларинніқ «Возрождение» журналының 1910 жылғы 11-номерінде басылған «Біздің әлеуметтік-саяси даму перспективаларымыз туралы мәселе жөнінде («Возрождение» редакциясының жауабы)» атты мақаласы айтылып отыр; екінші ретте (Мартовқа сілтемеде) Л. Мартовтың «Жизнь» журналының 1910 жылғы 30 августағы 1-номерінде басылған «Публицистің заметкалары («Жойымпаздық» және «перспективалар»)» атты мақаласы айтылып отыр.— *73.*

[55] Бұл арада Р. М. Бланктың «Запросы Жизни» журналының 1912 жылғы 20 июльдегі 29-номерінде басылған пікірлері (Р. Б. деген инициалмен қол қойылған «Социал-демократиялық платформа» атты заметка) айтылып отыр. — *74.*

[56] *«Земщина»* («Земствошылдық») — күнделікті қаражүздік газет, 1909 жылғы июньнен 1917 жылғы февральға дейін Петербургте шығып тұрды.— *75.*

[57] *«Русская Мысль»* («Орыс Ойы») — әр айлық әдеби-саяси журнал; 1880 жылдан 1918 жылга дейін Москвада шығып тұрды; 1905 жылга дейін либералдық-халықшылдық бағытта болды. 1905 жылғы революциядан кейін — кадеттер партиясының оң қанатының органы; П. Б. Струвенің редакциясымен шығып тұрды. Журнал ұлтшылдықты, «вехишілдікті», поппшылдықты уағыздады, помещиктік меншікті қорғады.— *92.*

[58] В. И. Ленин Н. А. Некрасовтың «Русьте кім жақсы тұрады» (қараңыз: Н. А. Некрасов. Шығармалары мен хаттарының толық жинағы, III том, 1949, 185—186-беттер) атты поэмасынан үзінділі цитатқа келтіріп отыр.

Ленин одан кейінірек келтірген төрт жол өлең Некрасовтың «Маған «Олай болуы мүмкін емес» деген өлең жіберген белгісіз досқа» (қараңыз: Н. А. Некрасов. Шығармалары мен хаттарының толық жинағы, II том, 1948, 261-бет) атты өлеңінен алынған. — *93.*

[59] *«Пасықтыққа бейім»* деген сөздерді В. И. Ленин М. Е. Салтыков-Щедриннің «Либерал» атты сатиралық ертегісінен (қараңыз: Н. Щедрин (М. Е. Салтыков). Шығармалар толық жинағы, XVI том, 1937, 192, 193-беттер) алған. — *95.*

[60] *Неокантшылдық* — буржуазиялық философиядағы реакциялық бағыт; ол Канттың философиясын қайта жаңғырту деген ұранмен субъективтік идеализмді уағыздайды; он тоғызыншы ғасырдың орта шенінде Германияда пайда болды, мұнда бұл кезде кантшылдыққа әуестік күшейген еді. 1865 жылы О. Либманның «Кант және эпигондар» атты кітабы шықты; бұл кітаптың әрбір тарауы «Кантқа қарай кейін шегіну керек» деген шақырумен аяқталып отырды. Либман Канттың «негізгі қатесін»—«өзіндік заттың» бар екенін мойындауды түзеу міндетін алға қойды. Кантшылдықтың қайта жаңғыруына К. Фишер мен Э. Целлердің еңбектері себепші болды; агностицизмді негіздеу үшін физиологияны пайдалануға тырысқан Ф. А. Ланге неокантшылдықтың алғашқы өкілдерінің бірі болды.

Кейініректе неокантшылдықтың негізгі екі мектебі: Марбург (Г. Коген, П. Наторп және басқалары) және Фрейбург, немесе Баден (В. Виндельбанд, Г. Риккерт және басқалары) мектептері қалыптасты. Бірінші мектеп жаратылыс танудың табыстарын, әсіресе математикалық әдістердің физикаға енуін пайдаланып, идеализмді негіздеді; екінші мектеп қоғамдық ғылымдарды жаратылыс тану ғылымына қарсы қойды, тарихи құбылыстар мейлінше дараланып келеді және нендей бір заңдылыққа бағынбайды деп дәлелдемек болды. Екі мектептің екеуі де философияның негізгі мәселесін ғылымның логикалық негіздері туралы мәселемен алмастырды. Неокантшылдар Кантты «оң жақтан» сынай отырып, «өзіндік затты» таным жетуге ұмтылатын «шегіне жеткен ұғым» деп жариялады. Материялық дүниенің объективті түрде бар екенін бекерге шығара отырып, олар танымның зерттейтіні табиғат пен қоғамның заңдылықтары емес, тек сананың құбылыстары ғана деп есептеді. Жаратылыс зерттеушілердің агностицизмінен өзгеше, неокантшылдардың агностицизмі «ұялшақ материализм» болған жоқ, керісінше шындықты тану және өзгерту ісінде ғылым дәрменсіз деп пайымдаған идеализмнің бір түрі болды. Неокантшылдар марксизмге ашықтан-ашық қарсы шығып, оған «этикалық социализмді» қарама-қарсы қойды. Өздерінің таным теориясына сәйкес олар социализмді адам тұрмысының «этикалық мұраты» деп жариялады, адамзат бұл мұратына жетуге ұмтылады, бірақ жете алмайды деп есептеді. Неокантшылдардың бұл «теориясын» Э. Бернштейн бастаған ревизионистер іліп әкетіп, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген ұран көтерді. Неокантшылдық II Интернационалдың философиялық негіздерінің бірі болды. Россияда «жария марксистер» неокантшылдықты маркс-

измнен «ұштастыруға» тырысын көрді. Марксизмге неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасауға Г. В. Плеханов, П. Лафарг, Ф. Меринг қарсы шықты. В. И. Ленин неокантшылдықтың реакциялық мәнін ашты және оның буржуазиялық философияның басқа бағыттарымен (имманенттермен, махизммен, прагматизммен, т. б.) байланысын көрсетіп берді.

Қазіргі уақытта неокантшылдықтың өкілдері Батыс Германияда (Кёльнде) шығарылатын «Kantstudien» («Канттшылдық Зерттеулер») журналының төңірегіне топтасуда. —*95.*

[61] *Екінші Мемлекеттік дума* 1907 жылғы 20 февральда (5 мартта) жиналды. Дума сайлауы төте, тең сайлау болмады және әскери-далалық соттар мен жазалау жағдайында өтті. Осыған қарамастан, екінші Дума өзінің құрамы жағынан бірінші Думаға қарағанда солшылдау болды. Мұның себебі партиялардың жіктелуі бірінші Дума кезіндегіден гөрі неғұрлым айқын да қатаң болды, бұқараның таптық санасезімі өсті, сондай-ақ большевиктер сайлауға қатысты.

Думаның құрамы, бір жағынан, солшыл партиялардың— социал-демократтар мен халықшылдық топтардың, екінші жағынан, кадеттер есебінен оңшылдардың күшейгендігін көрсетті. II Мемлекеттік дума мүшелерінің саяси топтар бойынша бөлінуі мынадай болды: оңшылдар, ягни монархистер мен октябристер—54, кадеттер мен буларға жақындар—99, националдар — 76, партияда жоқтар — 50, казактар тобы — 17, «халықтық социалистер»— 16, эсерлер — 37, трудовиктер — 104, социал-демократтар — 65. Алайда өзінің құрамы жағынан неғұрлым солшыл болған екінші Дума революцияның бәсеңдеуі себебінен бірінші Думадан гөрі әлсіздеу болды.

Оңшыл партиялар II Мемлекеттік думада барлық мәселелер жөнінде самодержавиелік үкіметтің саясатын сөзсіз қолдауды жақтап шықты. Екінші Дума қарсаңында өзінің контрреволюцияшылдығын айқын көрсеткен кадеттер самодержавиемен мәмлеге келу позициясын ұстады.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда меньшевиктер басым болды. Кадеттермен блок болуды жақтаған және халық арасындағы конституциялық жалған үміттерді қолдаған меньшевиктердің оппортунистік тактикасы фракция жұмысына әсерін тигізді. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателерін қатаң сынады, Россия социал-демократиясының көпшілігі мен оның Думадағы өкілдігінің көзқарастары арасындағы сәйкессіздікті атап көрсетті.

Большевиктер Думаны патша өкіметін және контрреволюциялық буржуазияның сатқындық ролін әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялап, насихаттау үшін, шаруаларды либералдардың ықпалынан құтқарып алып, Думада жұмысшы табы мен шаруалар

өкілдерінің революциялық блогын құру үшін керекті мінбе ретінде пайдаланды. Большевиктердің бағыты пролетариат өкілдерінің парламенттік мекемелердегі іс-әрекетіндегі жаңа, революциялық-маркстік бағыт болды. Ал меньшевиктер болса, Думада кадеттерді қолдаудың оппортунистік тактикасын жүргізді.

Бірінші Думадағы сияқты, екінші Мемлекеттік думада да талқыланған өзекті мәселе аграрлық мәселе болды. Басқа мәселелердің ішінде Дума өз мәжілістерінде бюджетті, ашаршылыққа ұшырағандар мен жұмыссыздарға көмек мәселелерін, амнистия туралы мәселелерді талқылады.

1907 жылдың ортасына қарай, жұмысшылар мен шаруалардың патша өкіметін жеңуге күші жетпейтіндігі айқын болған кезде, патша үкіметі Думаны қуып таратып жіберуді ұйғарды. Патша охранкасының жәрдемімен П. А. Столыпин арандату әрекетін ұйымдастырып, Думадағы социал-демократиялық фракцияға социал-демократиялық жауынгер ұйыммен және социал-демократиялық әскери ұйыммен байланысты деп және мемлекетке қарсы заговор әзірледі деп айып тақты. 1 (14) июньде Столыпин Думаның жабық мәжілісінде бүкіл социал-демократиялық фракцияны Думадан дереу аластауды және 16 социал-демократ депутатты тұтқынға алуға Думаның келісім беруін талап етті. Кадеттер социал-демократиялық фракцияның басшыларын тұтқынға алуға келісті, ал фракцияның қалған мүшелері туралы мәселені Дума комиссиясына беруді ұсынды. Осының өзі Думаны қуып таратып жіберу үшін және сайлау жүйесін өзгерту үшін сылтау болды. 1907 жылғы 3 (16) июньге қараған түні Думадағы социал-демократиялық фракция тұтқынға алынды, ал 3 (16) июньде II Мемлекеттік дума патша указы бойынша таратылды. — *97*.

62 *«Русский Вестник»* («Орыс Хабаршысы»)—1856—1906 жылдары шығып тұрған саяси және әдеби журнал. 1856—1887 жылдары журнал Москвада шығып тұрды, оның редакторы және шығарушысы М. Н. Катков болды. Бастапқы кезде журналдың бағыты баяу-либералдық бағыт болды, XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап журнал крепостниктік реакцияның органына айналды. Катков қайтыс болғаннан кейін «Русский Вестник» 1887—1896 жылдары Петербургте, 1896—1902 жылдары — Москвада және 1902—1906 жылдары — қайтадан Петербургте шығып тұрды.— *98*.

63 *«Орыс халқы одағы»*—монархистердің барып тұрған реакциялық, қаражүздік ұйымы; революциялық қозғалыспен күресу үшін Петербургте 1905 жылы октябрьде құрылды. «Одақ» реакцияшыл помещиктерді, ірі үй иелерін, көпестерді, полиция шеніндегілерді, дін басыларын, қала мещандарын, құлақтарды, азғындаған және қылмыскер элементтерді біріктірді. «Одақты» басқарғандар: В. А. Бобринский,

А. И. Дубровин, П. А. Крушеван, Н. Е. Марков 2-ші, В. М. Пуришкевич және басқалар. «Русское Знамя», «Объединение» және «Гроза» газеттері «Одақтың» баспасөз органдары болды. Россияның көптеген қалаларында «Одақтың» бөлімшелері ашылды.

«Одақ» патша самодержавиесінің мызғымауын, жартылай крепостниктік помещиктік шаруашылықтың, дворяндардың артықшылықтарының сақталуын қорғады. Оның программалық ұраны крепостниктік право заманындағы «православие, самодержавие, халықтық» деген монархиялық ұлтшылдық ұран еді. «Одақ» революцияға қарсы күрестің басты әдісі етіп ойран салуды және кісі өлтіруді таңдап алды. Оның мүшелері полицияның жәрдемімен және жол беруімен алдыңғы қатарлы революцияшыл жұмысшылар мен демократиялық ниеттегі интеллигенция өкілдерін ашықтан-ашық, қысылыпқымтырылусыз ұрып-соқты, қалтарыстан тұрып өлтіріп кетіп жүрді, митингіге қатысушыларды қуып таратты, оларға оқ атты, еврей ойрандарын ұйымдастырып, орыс емес ұлттарды өршелене қудалады.

II Дума қуып таратылған соң «Одақ» 2 ұйымға: III Думаны контрреволюциялық мақсаттарға пайдалануды көздеген, Пуришкевич бастаған «Михаил Архангел палатасына» және бұрынғы атын сақтап, ашық контрреволюциялық террор тактикасын одан әрі жүргізген, Дубровин бастаған «Орыс халқы одағына» бөлінді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде бұл қаражүздік ұйымдардың екеуі де жойылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бұл ұйымдардың бұрынғы мүшелері Совет өкіметіне қарсы бүліктер мен заговорларға белсене қатысты.— *100.*

64 Бұл арада әңгіме төмендегі фактілер жайында болып отыр. 1908 жылғы ноябрь мен декабрьде Москвада ірі өнеркәсіп иелерінің (Ю. П. Гужон, Г. А. Крестовников және басқалары) кадет қайраткерлерімен (П. Б. Струве, А. А. Мануилов, А. А. Кизеветтер және басқалары) «ағымдағы мәселелер жөнінде» жабық кеңестері өткен болатын.

1910 жылғы октябрьде III Мемлекеттік думаның мүшесі Ф. А. Головин депутаттық уәкілдіктен өзінің бас тартатынын мәлімдеді де, біраз уақыттан кейін темір жол концессиясына белсене қатынасты.

1912 жылғы мартта III Мемлекеттік думаның мүшесі В. А. Маклаков өзінің депутаттық атағына қарамастан, Бакудегі ірі мұнай өнеркәсіп иесі, өзінің қызметшісі инженер Бебутовты азаптап-жәбірлегені үшін айыпталған Тагиевтің ісі бойынша қорғаушы болды.— *101.*

65 *«Запросы Жизни»* («Өмір Тілектері»)—апталық журнал; 1909—1912 жылдары Петербургте шығып тұрды. Журналға кадеттер, «халықтық социалистер» мен жойымпаз-меньше-

виктер қатысып жүрді. Ленин бұл журналды «жойымпаздық-трудовиктік-вехишілдік» журнал деп атады. — *110.*

[66] Бірінші цитат Ф. Энгельстің «Революция туралы Берлинде болған айтыстар» деген еңбегінен, екінші цитат — К. Маркстің «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» деген еңбегінен алынды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 64 және 299-беттер).— *113.*

[67] *Октябристер* — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшелері. Бұл ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік жолмен жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіріп, соларды қорғаған контрреволюциялық партия болды; оны ірі өнеркәсіп иесі және Москвадағы үй иеленуші А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды. — *119.*

[68] *«Парасатқа Шақыру»* («Appeal to Reason»)—американ социалистерінің газеті; 1895 жылы Канзас штатындағы (Америка Құрама Штаттары) Жирард қаласында құрылды. Американ социалистік партиясымен ресми байланысты болмаған газет социалистік идеяларды насихаттап, жұмысшылар арасында кеңінен танымал болды. Газетке американ социалисі Ю. Дебс қатысып жүрді.—*120.*

[69] *«Луч»* («Сәуле») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті жария газеті, 1912 жылғы 16 (29) сентябрьден 1913 жылғы 5 (18) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 237 номері шықты. Газет негізінен алғанда либералдардың берген ақшасымен күн көрді. Газетке идеялық басшылық П. Б. Аксельродтың, Ф. И. Данның, Л. Мартовтың, А. С. Мартыновтың қолында болды. Газет беттерінде жойымпаздар большевиктердің революциялық тактикасына қарсы шықты, «ашық партия» дейтінді құрудың оппортунистік ұранын уағыздады, жұмысшылардың революциялық бұқаралық стачкаларына қарсы шықты, партия программасының аса маңызды қағидаларын ревизиялауға тырысты. Ленин ««Лучты» либералдық саясат құлданып алған», деп жазып, газетті ренегаттардың органы деп атады.— *122.*

[70] *Үш жақты одақ* — Германияның, Австро-Венгрияның және Италияның дүние жүзін қайта бөліске салу үшін соғысқа әзірленуге бағытталған, 1879—1882 жылдары қалыптасқан әскери-саяси блогы. Үш жақты одақты құрудың инициаторы Германия болды; ол 1879 жылы Австро-Венгриямен одақ туралы шарт жасасты; 1882 жылы бұл одаққа Италия қосылды. Үш жақты одақ туралы шарт оған қатысушылардың бірлесіп қимыл жасауын көздеді және негізінен алғанда Россия мен Францияға қарсы бағытталды. Англияға финанс жөнінен тә-

уелді болған Италия Үш жақты одаққа одақтың дұшпандары қатарында Англия болмаған жағдайда ғана өз міндеттемемізді орындаймыз деген ескертумен кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталмай тұрғанд-ақ Италияның позициясында ауыткушылық байқалды. Соғыстың бастапқы кезінде Италия өзінің бейтараптығы туралы мәлімдеді, бірақ 1915 жылдың майында Антанта державаларының жағына шығып, өзінің бұрынғы одақтастары — Австро-Венгрия мен Германияға қарсы соғысқа кірісті. Үш жақты одақ осылайша өмір сүруден қалды.—*128.*

[71] *Үш жақты келісім,* Үш жақты уәде (басқаша айтқанда — Антанта)—Англияның, Францияның және патшалық Россияның империалистік блогы; Германияның, Австро-Венгрияның және Италияның империалистік Үш жақты одағына қарама-қарсы 1907 жылы түпкілікті қалыптасты. Антанта құрылардан бұрын 1891—1893 жылдары француз-орыс одағы және 1904 жылы ағылшын-француз келісімі жасалды. 1907 жылы ағылшын-орыс келісіміне қол қойылуы Антантаның құрылуының аяқталуы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Англия, Франция және Россия блогына АҚШ, Жапония, Италия және басқа бірқатар мемлекеттер қосылды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуінен және Совет республикасының империалистік соғыстан шығуынан кейін Антанта державалары Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция бастады. Совет халқының интервенттердің біріккен күштерін жеңіп шығуы және капиталистік дүниедегі қайшылықтардың шиеленісуі Антантаның ыдырауына әкеліп соқты. — *128.*

[72] Келтіріліп отырған сөздер К. Маркстің Л. Кугельманға 1871 жылғы 12 апрельде жазған хатынан алынған; бұл хатта Париж Коммунасына баға берілген болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 444-бет). — *130.*

[73] В. И. Ленин К. Маркстің «Философия қайыршылығы» атты кітабының немісше бірінші рет шығарылуына Ф. Энгельстің жазған алғы сөзін цитатқа келтіріп отыр (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 184-бет). — *132.*

[74] *Британ социалистік партиясы* 1911 жылы Манчестерде Социал-демократиялық партияның басқа социалистік топтармен бірігуі нәтижесінде құрылды. Британ социалистік партиясы марксизм идеялары рухында үгіт жүргізді және «оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес» (В. И. Ленин. Шығармалар, 19-том, 266-бет) партия болды. Алайда партиядағы мүше санының аздығынан және бұқарамен байланысының нашар болуынан ол біраз сектанттық сипатта болды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде (1914—1918) партия ішінде интернационалистік ағым (У. Галлахер, А. Инкпин, Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалары) мен Гайндман бастаған социал-шовинистік ағымның арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Интернационалистік ағымның ішінде бірқатар мәселелерде центристік позиция ұстаған дәйексіз элементтер болды.

1916 жылғы февральда Британ социалистік партиясы қайраткерлерінің бір тобы «The Call» («Үндеу») газетін ұйымдастырды; бұл газет интернационалистерді топтастыруда маңызды роль атқарды. Британ социалистік партиясының 1916 жылғы апрельде Солфордта болған әржылдық конференциясы Гайндман мен оның жақтаушыларының социал-шовинистік позициясын сөкті; сөйтіп олар партиядан шығып кетті.

Британ социалистік партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. Британ социалистік партиясының мүшелері ағылшын еңбекшілерінің Советтік Россияны шетел интервенциясынан қорғау жөніндегі қозғалысында үлкен роль атқарды. 1919 жылы партияның жергілікті ұйымдарының көпшілігі (4 ұйымға қарсы 98 ұйым) Коммунистік Интернационалға кіруді жақтап шықты.

Британ социалистік партиясы коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды. 1920 жылы болып өткен бірінші бірігу съезінде Британ социалистік партиясының жергілікті ұйымдарының басым көпшілігі Коммунистік партияға қосылды.— *135*.

75 *Англияның Тәуелсіз жұмысшы партиясы* — стачкалық күрестің жайданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партиялардан тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары құрған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар бұрынғы кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалында болып келген интеллигенция мен ұсақ буржуазия өкілдері енді. Партияны Кейр Гарди басқарды. Партия барлық өндіріс құрал-жабдықтарын коллектив болып иелену, коллектив болып өнім болу мен айырбастау, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, балалар еңбегіне тыйым салу, әлеуметтік қауіпсіздендіруді және жұмыссыздық бойынша жәрдем берілуін енгізу жолында күресуді өзінің программасы етіп қойды.

Тәуелсіз жұмысшы партиясы өзі құрылғаннан бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстап, күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлелесуге негізгі назарын аударып отырды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин «Іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген

оппортунистік партия» (Шығармалар, 29-том, 494-бет) деп жазды. — *135.*

[76] Бірінші орыс революциясы жылдарында П. Б. Аксельрод ұсынып, басқа көрнекті меньшевиктер қолдаған *«кең көлемдегі жұмысшы партиясын»* құрудың оппортунистік идеясының мәнісі түрлі жұмысшы ұйымдарының өкілдерінен «жұмысшы съезі» дейтінді шақыру және онда социал-демократтар, эсерлер мен анархистер кіретін жария жұмысшы партиясын құру еді. Іс жүзінде мұның өзі РСДРП-ны жойғандық және оны партиялық емес ұйыммен алмастырғандық болып шығар еді. Большевиктер «кең көлемдегі жұмысшы партиясын» құру идеясын батыл айыптады. «Кең көлемдегі партияның» және «жұмысшы съезінің» меньшевиктік идеясын сынға алуды В. И. Лениннің мына шығармаларынан қараңыз: «Революциялық ортадағы тоғышарлық», «Меньшевизмнің дағдарысы», «Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы интеллигенттік жауынгерлер», «Ашуға булығып абыржу (Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде)» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 47—59, 162—188-беттер және 15-том, 186—190, 191—205-беттер). — *137.*

[77] *Либералдық партия* Англияда XIX ғасырдың 50-жылдарының аяғында — 60-жылдардың бірінші жартысында қалыптасты; партия сауда және өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін білдірді. Англияның екі партиялы системасында виглердің байырғы партиясының орнын басқан либералдарға консерваторлар партиясы қарама-қарсы тұрды. XIX ғасырда — XX ғасырдың бас кезінде либералдар партиясы елдің саяси өмірінде көрнекті роль атқарды. 1905—1915 жылдары либералдық партия өкімет басында болды; 1916—1922 жылдары либералдардың лидері Д. Ллойд Джордж либералдық-консервативтік коалициялық үкіметті басқарды. Либералдар партиясы жұмысшы табын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысып, либералдық реформизм саясатын жүргізді; сонымен бірге либералдар үкіметі стачкашыларға қарсы әскер жіберіп, ашық зорлық-зомбылық жасаудан да тайыпбады. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) аяқталғаннан кейін, лейбористік партия мен консервативтік партияның ролі күшеюіне байланысты либералдық партияның ықпалы күрт кеміді. — *137.*

[78] *Англиядағы консервативтік партия*—ірі буржуазия мен жер аристократиясының партиясы, XIX ғасырдың 50-жылдарының аяғында — 60-жылдарының бас кезінде торилердің байырғы партиясының негізінде қалыптасты. Консерваторлар ағылшын үкіметін талай рет басқарды. Консерваторлар үкіметі жұмысшы қозғалысына қарсы қатал жазалау шараларын қолданып, отар халықтарды езу саясатын жүргізді. Консервативтік партия Советтік Россияға соғыс интервен-

циясын (1918—1920), ал одан кейінгі дәуірде түрлі автисоветтік арандату әрекеттерін жасаудың инициаторлары мен ұйымдастырушыларының бірі болды. — *137*.

[79] Бұл арада «Речь» газетінің 1912 жылгы 23 сентябрьдегі (6 октябрьдегі) 261-номерінде басылган «Сайлаудың бірінші сатысы» деген заметка айтылып отыр.— *143*.

[80] Бул арада әңгіме үшінші июнь мемлекеттік төңкерісі дейтін туралы болып отыр. 1907 жылгы 3 (16) июньде II Мемлекеттік думаны тарату туралы және сайлау заңына өзгерістер енгізу туралы патша манифесі шыгарылды. Жаңа заң помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының Думадагы өкілдігін әлдеқайда көбейтті және шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерінің санын бірнеше есе кемітті. Мұның өзі 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылгы Негізгі заңды өрескел бұзғандық еді; бул заңдар бойынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша, үкімет заңдар шығара алмайтын-ды.

Жаңа Ереже бойынша жер иеленушілер куриясында бір сайламшы 230 адамнан, бірінші разрядтагы қалалық курияда — 1 мың адамнан, екінші разрядтағы қалалық курияда— 15 мың адамнан, шаруалар куриясында — 60 мың адамнан, жумысшы куриясында — 125 мың адамнан сайланды. Помещиктер мен буржуазия барлық сайламшылардың 65 процентін, шаруалар — 22 процентін (бұрын 42 процент болатын), жұмысшылар 2 процентін (бұрын 4 проценті болатын) сайлады. Заң азиялық Россияның байыргы халқын, Астрахань және Ставрополь губернияларының түркі халықтарын сайлау правосынан айырды, Польша мен Кавказ халықтарының өкілдігін екі есе қысқартты. Бүкіл Россияда орыс тілін білмейтін адамдар сайлау правосынан айырылды. Осы заң негізінде сайланып, 1907 жылғы 1 (14) ноябрьде жиналган III Мемлекеттік дума өзінің құрамы жөнінен қаражүздік-октябристік Дума болды.

Үшінші июнь мемлекеттік төңкерісі Столыпин реакциясы дәуірінің бастамасы болды. — *144*.

[81] Қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шыгармалар, 2-басылуы, 19-том, 28-бет).— *145*.

[82] Бұл арада әңгіме мына факт жайында болып отыр. III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі А. А. Войлошников 1911 жылғы 2 (15) декабрьде Думаның 35-мәжілісінде әскери міндеткерлік туралы уставқа өзгеріс енгізу жайындағы заң жобасын талқылаған кезде сөйлеген сөзінде патша армиясын полициялық армия деп атап, тұрақты армияның орнына бүкіл халықты қаруландыруға шақырды. Осы сөзі үшін Дума председателі Войлошни-

ковты 5 мәжіліске қатыстырмауды ұсынды. Сол мәжілісте Войлошников екінші рет сөз сөйлегеннен кейін қатыстырмау мерзімі 15 мәжіліске дейін ұзартылды. Кадеттер председательдің бірінші ұсынысын жақтап дауыс берді. — *149.*

[83] РСДРП Орталық Комитетінің *«Россияның барлық азаматтарына»* үндеуін РСДРП Орталық Комитеті жеке листок етіп бастырып шығарды; үндеуді В. И. Ленин 1912 жылғы октябрьдің бас кезінде жазды. 10 (23) октябрьде В. И. Ленин үндеуді Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа жіберіп, социал-демократиялық партиялардың секретарьларына және баспасөз үшін осы документтің текстін хабарлауды сұрады. Көп кешікпей «Россияның барлық азаматтарына» атты үндеу «Leipziger Volkszeitung» және «Vorwärts» газеттерінде неміс тілінде, Бельгияның «Le Peuple» газетінде француз тілінде және Халықаралық социалистік бюроның мерзімді бюллетенінде француз, неміс, ағылшын тілдерінде басылды. РСДРП Орталық Комитетінің үндеуін сондай-ақ РСДРП Шетелдік ұйымының комитеті бастырып шығарды және «Социал-Демократ» газетінің 1912 жылғы 5 (18) ноябрьдегі 28—29-номеріне арнаулы қосымша болып басылды.—*150.*

[84] *Бірінші Балқан соғысы (октябрь, 1912—май, 1913)*—Түркия және Балқан одағы елдерінің: Болгарияның, Сербияның, Черногория мен Грецияның арасындағы соғыс. Соғыс Түркияның талқандалуымен аяқталды; ол Лондон бітім шарты бойынша өзінің Балқандағы иеліктерінің бәрінен де дерлік айырылды. Славян облыстары — Македония мен Фракия азат етілді; албан халқы мемлекеттік тәуелсіздік алды. Балқан елдерінің монархтары мен буржуазиясы бұл соғыста өздерінің династиялық, басқыншылық мақсаттарын көздегеніне қарамастан, бірінші Балқан соғысының тұтас алғанда прогрестік сипаты болды — Балқан халықтарының түрік езгісінен азат етілуі аяқталды, крепостниктіктің қалдықтарына соққы берілді. В. И. Ленин бірінші Балқан соғысын «Азия мен шығыс Европада орта ғасырлықтың күйрегенін көрсететін дүние жүзілік оқиғалар тізбегі буындарының бірі» (Шығармалар, 19-том, 19-бет) ретінде бағалады. — *150.*

[85] *«Русское Слово»* («Орыс Сөзі») — күнделікті газет; Москвада 1895 жылдан шығып тұрды (бірінші, байқау номері 1894 жылы шықты); И. Д. Сытин шығарды. Формальды жағынан бейпартиялық болған газет орыс буржуазиясының мүдделерін баяу либералдық позициядан қорғады. Газетте информация кең қамтылды. Ол Россиядағы елдің ірі қалаларының бәріне және дүние жүзінің көптеген астаналарына меншікті тілшілерін жіберген тұңғыш газет болды.

1917 жылғы ноябрьде жалақорлық антисоветтік хабарлар басқаны үшін газет жабылды. 1918 жылғы январьдан газет

біраз уақыт бойы «Новое Слово» және «Наше Слово» деген аттармен шығып тұрды, 1918 жылғы июльде біржола жабылды. — *153.*

[86] А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» комедиясындағы үй қызметшісі Лизаның сөздері (А. С. Грибоедов. Шығармалар, 1956, 31-бет).— *158.*

[87] *«Звезда»* («Жұлдыз»)— большевиктік жария газет; 1910 жылғы 16 (29) декабрьден 1912 жылғы 22 апрельге (5 майға) дейін Петербургте шығып тұрды. Бастапқы кезде газет аптасына бір шықты; 1912 жылғы 21 январьдан (3 февральдан) былай аптасына 2 рет, ал 1912 жылғы 8 (21) марттан бастап — аптасына 3 рет шығатын болды. «Звезданың» тікелей жалғасы «Невская Звезда» газеті болды; «Звезда» жиі-жиі конфискелене берген соң «Невская Звезда» шығарылған болатын. «Звезданың» тиражы шығарыла бастаған кезде 7—10 мың дана болды. 1912 жылғы Лена күндерінде газеттің тиражы 50—60 мың данаға жетті.

В. И. Ленин «Звездаға» идеялық басшылық жасады; ол редакция мүшелерімен хат жазысып, олардың жұмысына бағыт беріп отырды, әсіресе «Звезда» өмір сүрген бастапқы кезде, редакцияның құрамында партияшыл-меньшевиктер де болған уақытта қателерін сынға алып, газеттің ұстамды маркстік бағыт ұстауы үшін күрес жүргізді. «Звезда» мен «Невская Звездада» В. И. Лениннің мынадай қолдар қойылған 50-ге жуық мақаласы жарияланды: В. Ильин, В. Ф., Вильям Фрей, Ф. Л-ко, К. Т., Т., В. К., М. Ш., П. П., Р. Силин, Р. С., Б. Г., Не-либеральный скептик, К. Ф., Ф. Ф., М. М. және басқалар.

«Звездада» Н. Н. Батурин, Н. Г. Полетаев, К. С. Еремеев, М. С. Ольминский зор редакциялық және ұйымдастыру жұмысын жүргізді. Газетке В. Д. Бонч-Бруевич, Демьян Бедный және басқалары белсене ат салысты. Ленин «Звездаға» қатысуға А. М. Горькийді тартты. Газетте Г. В. Плехановтың бірқатар мақалалары басылды.

Лениннің басшылығымен «Звезда» жауынгер маркстік газетке айналды. Ол революциялық марксизм принциптерін қорғап, насихаттады, жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы, маркстік партияны нығайту, жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағы жолында күрес жүргізді, большевиктердің IV Мемлекеттік дума сайлауындағы сайлау платформасын қорғады. «Звезда» Думадағы социал-демократиялық фракция мүшелерінің сөздерін және фракцияның Думаға түсірген сұрақтарын басып отырды. Газет РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының шешімдерін іске асыру жолында белсене күрес жүргізді.

«Звезда» фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларымен тұрақты тығыз байланыс орнатты; жұмысшы қозғалысы бөлімінде газет жұмысшылардың ең көкейтесті мұқтажда-

рына үн қосып отырды. «Звезда» Россия жұмысшылары арасында зор беделге ие болды. 1912 жылдың көктемінде жұмысшы қозғалысының өрлеуіне байланысты «Звезданың» ролі өте-мөте күшейді. Әсіресе жұмысшы хроникасы бөлімі ұлғайды; онда Лена оқиғаларына үн қосқан хабарлар басылды. Газетте Россияның түрлі қалаларынан ереуілдер, демонстрациялар мен митингілер туралы толып жатқан хабарлар жарияланды, жұмысшылардың «Звездаға» жолдаған хаттары, фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылар жиналыстарында Лена қырғынына қарсы қабылданған наразылық білдіру қарарлары басылды.

Газет редакциясының патша үкіметі тарапынан ұдайы қуғын-сүргінге ұшырау жағдайында жұмыс істеуіне тура келді: номерлері конфискеленді, айыптар салынды, газетті шығаруға тыйым салынды, редакторлары қамауға алынды. 1912 жылғы Лена күндерінде «Звезданың» әрбір номері конфискеленіп отырды, бірақ тиражының бір бөлегін конфискелегенге дейін жұмысшылар арасында таратып үлгеріп жүрді.

«Звезда» пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарына арналды. Күнделікті бұқаралық большевиктік газет шығару қажет болды. «Звезда» мұндай орган құру идеясын насихаттауда зор роль атқарды. Күнделікті жұмысшы газетінің қорына «Звезда» редакциясы ашқан қаржы жинау ісі жұмысшы бұқарасының арасында қызу қолдау тапты. «Звезда» өз оқушыларына жұмысшылардың үн қосуы туралы үнемі хабарлап, жаңа баспасөз органын шығару қорына түскен ақша сомасы туралы есептер жариялап отырды. «Звезда» газеті бұқаралық жария большевиктік «Правда» газетін шығару ісін әзірледі.— *160.*

[88] П. Н. Милюковтың сыртқы істер министрі С. Д. Сазоновпен кездесуі 1912 жылғы сентябрьдің аяғында немесе октябрьдің басында болды; бұл кездесуде патша үкіметінің Балкандағы саясаты талқыланды. Газеттердің хабарлағанындай, «сыртқы істер министрі әңгімелесуші адамның айтқан барлық көзқарастарына дән риза болды».— *162.*

[89] *«The Daily Chronicle»* («Күнделікті Хроника»)— ағылшын империалистік буржуазиясының газеті; 1855 жылдан 1930 жылға дейін Лондонда шығып тұрды. — *175.*

[90] Бұл арада РСДРП V (Лондон) съезінің «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» қарары («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 229-бет). — *177.*

[91] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері» 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 65-бет.— *188.*

[92] Бұл арада әңгіме 1908 жылғы 21—27 декабрьде (1909 жылғы 3—9 январьда) Парижде болған *РСДРП Жалпы россиялық V конференциясы* туралы болып отыр. Конференцияға шешуші дауыспен 16 делегат, оның ішінде 5 большевик (2-і Орталық-өнеркәсіпті облыстан, 2-і Петербург ұйымынан және 1-і Урал ұйымынан), Кавказ облыстық комитетінің мандаттары бойынша 3 меньшевик, 5 поляк социал-демократы және 3 бундшыл қатысты. Тікелей Россияда жұмыс істеген большевик-делегаттар РСДРП-ның аса ірі партия ұйымдарының өкілдері болды. Түрлі бұрмалау әрекеттері арқылы мандаттар алған меньшевиктер делегациясы шетелде тұрған және Россиядағы партиялық жұмыспен байланысы жоқ адамдардан құралды. Поляк социал-демократиясының делегациясы конференцияда большевиктерді қолдады. Бундшылдар көптеген мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктерге ерді.

Конференцияның күн тәртібінде мынадай мәселелер тұрды: 1) РСДРП Орталық Комитетінің, Поляк социал-демократиясы Орталық Комитетінің, Бунд Орталық комитетінің, Петербург ұйымының, Москва және Орталық-өнеркәсіпті облыстың, Урал, Кавказ ұйымдарының есептері; 2) Қазіргі саяси жағдай және партияның міндеттері; 3) Думадағы социал-демократиялық фракция туралы; 4) Өзгерген саяси жағдайларға байланысты ұйымдық мәселелер; 5) Жергілікті жерлерде ұлттық ұйымдармен бірігу; 6) Шетелдегі жұмыстар.

Конференцияда большевиктер барлық мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктер мен оларды жақтаушыларға қарсы бітіспес күрес жүргізді. Конференция жойымпаздықты оппортунистік ағым ретінде қатты айыптап, партияны жоюға тырысқан әрекеттерге қарсы барынша үзілді-кесілді идеялық және ұйымдық күрес жүргізуге шақырды. Сонымен бірге Ленин «өңін айналдырған жойымпаздар» деп өлтіре түйреген шақырымпаздарға да соққы берілді.

Конференцияның жұмысында Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасы өзекті орын алды. Большевиктер бұл мәселеге зор маңыз берді, өйткені конференция партияның реакция жылдарындағы жұмысының ауыр жағдайларына сәйкес келетін тактикалық бағытты белгілеуге тиіс болды. Меньшевиктердің бұл мәселені конференцияның күн тәртібінен алып тастауға тырысқан әрекеті іске аспай қалды. Конференция Ленин ұсынған қарарды болмашы өзгерістермен қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 357—360-беттер).

Большевиктер енгізіп, конференция қабылдаған «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарда фракцияның жұмысы сынға алынып, оның нақты міндеттері көрсетілді.

Ұйымдық мәселені талқылаған кезде большевиктер өз қарарының жобасында мынаны атап көрсетті: партия құпия

партия ұйымдарын құруға және нығайтуға ерекше көңіл бөліп, бұқара арасындағы жұмыс үшін неше түрлі жария қоғамдардың кең желісін пайдалануға тиіс. Ал меньшевиктер іс жүзінде құпия партияны жоюға және революциялық жұмыс атаулыны тоқтатуға күш салды.

Конференция Ленин енгізген «Ұйымдық мәселе жөніндегі комиссияға арналған директиваларды» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 361-бет) қабылдады және қарар шығару үшін комиссия құрды. Комиссия, ал кейін конференция да қарардың большевиктік жобасын қабылдады.

РСДРП V конференциясы қабылдаған жергілікті жерлердегі ұлттық ұйымдарды біріктіру туралы қарарда партия қатарындағы жұмысшыларды ұлттық белгісі бойынша болуге күш салған, бундшылдар қорғаған федерализм принципі үзілді-кесілді қабылданбай тасталды.

Орталық Комитеттің жұмысы туралы мәселені талқылаған кезде меньшевиктер Орталық Комитеттің тұрағын Россияға көшіруді және Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын таратуды ұсынды. Қарардың жойымпаздық жобалары қабылданбай тасталды. Конференция Орталық Комитеттің жұмысы туралы қарар қабылдады; бұл қарарда «шетелде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы формасындағы жалпы партиялық өкілдік болуы пайдалы және қажет нәрсе» деп тапты. Орталық Орган туралы мәселе жөнінде большевиктердің қарары қабылданды; меньшевиктердің Орталық Органды шығаруды Россияға көшіру туралы ұсынысы қабылданбай тасталды.

Конференцияның маңызын бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «РСДРП-ның жақында өткен Жалпы россиялық конференциясы партияны жолға шығарады және ол контрреволюция жеңгеннен кейінгі орыс жұмысшы қозғалысының дамуындағы бетбұрыс кезең болып табылуы мүмкін» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 388-бет).— *194.*

93 «Бірігу пленумы» деген атпен мәлім болған *РСДРП Орталық Комитетінің пленумы* 1910 жылғы 2—23 январьда (15 январь — 5 февральда) Парижде болды.

Партияны және оның бірлігін нығайтудың жолдары мен әдістері туралы мәселе 1909 жылы күзде айрықша күшті қойылды. 1909 жылғы ноябрьде В. И. Ленин «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы Кеңесінің шешіміне сәйкес жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы бірлесіп күрес жүргізу үшін большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен жақындасу, блок құру жоспарын ұсынды. Лениндік жоспарға қарама-қарсы, ымырашылдар Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев пен А. И. Рыков большевиктерді голосшыл-меньшевиктермен (жойымпаздармен) және троцкистермен біріктіруге күш салды, мұның өзі іс жүзінде большевиктік партияны жойғандық болар еді. Орталық Комитеттің мүшелері И. Ф. Дубровинский мен В. П. Ногин де ымырашылдық ауытқу пиғы-

лында болды. Партия ішінде және Россияда қалыптасқан жағдай партиялық күштерді біріктіруге байланысты мәселелерді шешуді қатты талап етіп отырғандықтан, большевиктер 1909 жылғы 1 (14) ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына ең таяудағы уақытта партияның Орталық Комитетінің пленумын шақыру қажеттігі туралы мәлімдеме жолдады.

Орталық Комитеттің Январь пленумының жұмысына барлық фракциялар мен топтардың өкілдері, сондай-ақ ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері қатынасты. Пленумда ымырашылдар көпшілік болды.

Ленин пленумда оппортунистер мен ымырашылдарға қарсы табанды күрес жүргізді, жойымпаздық пен шақырымпаздықты батыл айыптауға күш салып, большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен жақындасу бағытын жүргізді. Пленумдағы жағдайды сипаттай келіп, Ленин кейінірек А. М. Горькийге былай деп жазды: «үш апта әуре-сарсаң болдық, барлық нервілеріміз қажып бітті, жүз мың шайтан басқыр!» (Шығармалар, 34-том, 428-бет).

Пленумның күн тәртібінде мынадай мәселелер болды: 1) Орталық Комитеттің Орыс бюросының есебі; 2) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының есебі; 3) Орталық Орган редакциясының есебі; 4) Ұлттық социал-демократиялық партиялардың орталық комитеттерінің есептері; 5) Партия ішіндегі істің жайы; 6) Кезекті партия конференциясын шақыру туралы; 7) РСДРП Орталық Комитетінің Уставы және басқа мәселелер.

Негізгі мәселені — партия ішіндегі істің жайы туралы мәселені — талқылаған кезде пленумда впередшілдермен блок құрған, троцкистер қолдаған голосшыл-меньшевиктер жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғауға тырысты. Алайда ымырашылдар мен ұлттық ұйымдардың өкілдері голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдердің және троцкистердің қысымымен «Партия ішіндегі істің жайы туралы» қарарда жойымпаздар мен шақырымпаздарды өз атымен атамауға келісім бергеніне қарамастан, пленум, Лениннің қатты талап етуі бойынша, жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптады, бұл ағымдардың қауіптілігін және оларға қарсы күресу қажеттігін мойындады.

Ленин Январь пленумының маңызына баға бере келіп, былай деп атап көрсетті: пленум РСДРП V (1908 жылғы Жалпы россиялық) конференциясының қарарын дамыта келіп, жойымпаздық пен шақырымпаздық дегеніміз пролетариатқа буржуазиялық ықпалдың көрінісі деп қаулы алып, партияның контрреволюция дәуіріндегі тактикалық бағытын түпкілікті белгілеп берді. Пленум сондай-ақ сол кездегі тарихи дәуірдегі партияның идеялық-саяси міндеттеріне байланысты партияның нағыз бірлігін орнату қажеттігі туралы мәселені алға қойды.

Сонымен бірге Ленин пленумның ымырашылдық шешімдерін қатты айыптады. Ымырашылдар Троцкиймен одақтасып алып, Ленинге қарсы келіп, партияның орталық мекемелеріне партияшыл-меньшевиктерді емес, голосшыл-меньшевиктерді (жойымпаздарды) өткізді. Пленум Троцкийдің газеті — веналық «Правдаға» қаржы беріп тұру және оның редакциясына Орталық Комитеттің өкілін енгізу жөнінде қаулы алды. «Вперед» тобы партияның баспа тобы деп танылды. Большевиктік орталық таратылып, «Пролетарий» газетін шығару тоқтатылды; большевиктер өз мүлкінің біразын Орталық Комитетке берді, ал қалғанын олар бөгде адамдарға, сақтаушылар дейтіндерге (К. Каутский, Ф. Меринг, К. Цеткин) берді, бергенде де оны бұлар екі жыл мерзімнің ішінде Орталық Комитетке тапсырады, соның өзінде егер голосшыл-меньшевиктер өздерінің фракциялық орталығын жойып, өздерінің фракциялық органын шығаруды тоқтатқан жағдайда ғана тапсырады деген шартпен берді. «Фракциялық орталықтар туралы» шешімінде пленум «партия мен партиялық бірліктің мүдделері *«Голос Социал-Демократа»* газетін таяудағы болашақта жабуды талап етеді» деп атап көрсетті. Алайда, Лениннің жазғанындай, пленум голосшылдар (жойымпаздар) мен впередшілдердің өзіміздің фракциялық орталықтарымызды таратамыз, фракциялық басылымдарымызды шығаруды тоқтатамыз деген сөз жүзіндегі уәделерімен ғана шектелді.

Пленумның ымырашылдық шешімдері жойымпаздар мен шақырымпаздардың отына май құйып, партияға үлкен зиян келтірді. Голосшыл-меньшевиктер, впередшілдер және троцкистер пленумның шешімдеріне бағынудан бас тартты. «Голос Социал-Демократа» жабылмады. Жойымпаздар Россияда өздерінің «Наша Заря» атты органын жария шығара бастады, оған голосшылдар қатысып отырды. «Вперед» тобы өзінің жікшілдік әрекетін тоқтатпады. Троцкистік «Правданың» редакциясы Орталық Комитеттің бақылауына бағынудан бас тартты. Жойымпаз-меньшевиктер партияның орталық мекемелеріне кіріп алып, олардың қызметін және жергілікті партия ұйымдарының жұмысын жолға қоюға бөгет жасады.

Осыған байланысты 1910 жылдың күзінде большевиктер Январь пленумында фракциялар қабылдаған келісімге өздерінің мойынсұнуды қажет деп таппайтынын мәлімдеді. Большевиктер өз органы —«Рабочая Газетаны» шығара бастады. Олар жаңа пленум шақыруға күш салып, Орталық Комитеттің қарамағына шарт қойып берген мүлкі мен ақша қаражатын өздеріне қайтарып беруді талап етті.

Январь пленумының протоколдары табылған жоқ. Пленумның жұмысы, онда жойымпаздарға, впередшілдерге, троцкистерге және ымырашылдарға қарсы жүргізілген күрес В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары» деген мақала-

сында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330-беттер) егжей-тегжейлі баяндалған. — *194.*

[94] *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі») — мерзімді емес орган, 1905 жылғы марттан 1912 жылғы апрельге дейін (ұзақ үзілістермен) Женевада Г. В. Плеханов шығарып тұрды. 16 номері шықты. Ол 1916 жылы Петроградта қайтадан шығарыла бастады, бірақ не бары бір номері шықты.

Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов әсіре оңшыл меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды уағыздады, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғап, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін сөкті.

1909—1912 жылдары «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде Плеханов жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шығып, құпия партия ұйымдарының болуын қорғады. Алайда тактиканың негізгі мәселелері жөнінде ол меньшевиктік позицияларда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді. — *194.*

[95] *Энестер («халықтық социалистер»)* — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «халықтық социалистер» партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы дәуірінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *200.*

[96] *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрған әрайлық журнал. 90-жылдардың басынан былай қарай Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті. «Русское Богатствоның» төңірегіне кейінген эсерлер, «халықтық социалистер» партияларының және Мемлекеттік думаларда-

ғы еңбек топтарының көрнекті мүшелері болған публицистер топтасты. 1906 жылы журнал жартылай кадеттік Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестердің) органына айналды.— *201.*

[97] *«Пролетарий»*— большевиктік құпия газет. В. И. Лениннің редакциялауымен 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, И. Ф. Дубровинский, А. В. Луначарский белсене қатысты; газетті шығарудың техникалық жұмысын А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалары жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгта баспаға әзірленіп, сонда терілді (жіберілген матрицалардан басып шығару ісі Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия орган басып шығару жағдайларының тым нашарлап кетуі салдарынан РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес «Пролетарийдің» редакциясы газет шығару ісін шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шығарылды).

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» редакциясындағы негізгі жұмыстың бәрін Ленин жүргізді. Газеттің көптеген номерлерінде Лениннің бірнешеден мақаласы бар. «Пролетарийде» Лениннің жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінде 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, Орталық Комитеттің партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөніндегі хаттары және бірқатар басқа да документтер жарияланып отырды. Газеттің 46-номеріне берілген қосымшада «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының 1909 жылғы 8—17 (21—30) июньде Парижде болған кеңесі туралы хабар, сондай-ақ сол кеңестің қарарлары басылды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» большевиктік ұйымдарды сақтап, нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистер мен құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды.

РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы Январь пленумының шешімдеріне сәйкес газетті шығару тоқтатылды. — *201.*

[98] *«Дело Жизни»* («Өмір Ісі»)— жария журнал, жойымпаз-меньшевиктердің органы; Петербургте 1911 жылғы январь—октябрьде шығып тұрды. 9 номері шықты. — *203.*

99 *Америка Құрама Штаттары Ұлттық прогрестік партиясы* 1912 жылдың жазында, Республикалық партиядан бөлініп шығып, президент сайлауының қарсаңында құрылды. Жаңа партияның 1912 жылғы 5 августа Чикагода ашылған съезі Т. Рузвельтті президенттікке кандидат етіп ұсынды. Сайлаушылардың қалың бұқарасының дауыстарын алуды көздеп жасалған партияның программасында сайлау жүйесін демократияландыру, трестерге бақылау қою, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, жұмысшыларға күн көріс минимумын қамтамасыз ету, т. с. талаптар болды. Әлеуметтік демагогия мен либералдық реформизмнің бұл программасы ұсақ және орта буржуазияның едәуір бөлегін, сондай-ақ жұмысшылардың бір бөлегін Рузвельттің жағына тартты; осының нәтижесінде 1912 жылдың күзіндегі президент сайлауында Рузвельт 4119 мың дауыс алып, екінші орынға шықты. Ұлттық прогрестік партия 1916 жылға дейін өмір сүрді. — *211.*

100 *Америка Құрама Штаттары Республикалық партиясы* 1854 жылы Оңтүстік плантаторларының үдей түскен дәмегөйліктеріне тойтарыс беру үшін біріккен құл иеленушілікке қарсы элементтерден құрылды. Солтүстіктің өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін білдірін және сол дәуірде фермерлер мен жұмысшылардың қолдауын пайдалана отырып, Республикалық партия құл иеленушілердің саяси өкіметін жоюды, құлдықты шектеуді және бірте-бірте жоюды, Батыста жатқан жерлерді фермерлерге тегін қоныстануға беруді өзінің алдына міндет етіп қойды. 1860 жылы Республикалық партияның кандидаты А. Линкольн президент болып сайланды. Америка Құрама Штаттарындағы азамат соғысынан (1861—1865) кейін Республикалық партия ірі өнеркәсіп және финанс буржуазиясының мүдделерін қорғаушы ретінде әрекет етті. Империализм дәуірінде ол американ империализмінің агрессиялық және халыққа қарсы саясатын бөлсене жүргізуші монополистік капиталдың партиясына айналды.—*211.*

101 *Америка Құрама Штаттарындағы азамат соғысы* — экономикалық және әлеуметтік жағынан прогресшіл болған солтүстік штаттар мен бүлік шығарған құл иеленуші оңтүстік штаттардың арасындағы соғыс. Құлдыққа қарсы болған адам, Республикалық партияның кандидаты А. Линкольннің 1860 жылы Америка Құрама Штаттарының президенті болып сайлануы бүліктің шығуына белгі болды. Декабрь айында Оңтүстік Каролина штаты Одақтан шығатынын жариялады. Басқа да құл иеленуші штаттар оның ізімен жүрді. Соғыс қимылдары 1861 жылы апрельде басталды.

Солтүстіктегі штаттар тарапынан соғыстың прогресшіл, революциялық сипаты болды. 1862 жылғы сентябрьде А. Линкольн үкіметінің құл негрлерді азат ету туралы прокламация шығаруы соғыстың барысындағы бетбұрыс

кезең болды. Сондай-ақ гомстед (тегін үлесті жер беру) туралы заңның қабылдануының, армия мен мемлекеттік аппаратты сатқын элементтерден тазартудың, армияға негрлерді алудың, реакциялық газеттерді жабудың және революциялық-демократиялық сипаттағы басқа да шаралар қолданудың да зор маңызы болды. Соғыс жүргізудің революциялық әдістеріне көшу азамат соғысында Солтүстіктің жеңісіне жеткізді. 1865 жылғы апрельде оңтүстіктегілердің әскерлері талқандалды.

Құл иеленуші плантаторларды соғыста талқандауда халық бұқарасы — жұмысшылар, фермерлер, негр халқы шешуші роль атқарды. Неғұрлым прогресшіл қоғамдық құрылыс, экономикалық және адам ресурстары жөнінен едәуір басым болуы солтүстіктегі штаттардың жеңісін қамтамасыз етті. Азамат соғысының нәтижесінде Америка Құрама Штаттарында капитализмнің қаулап дамуы үшін жол аршылды.—*211.*

102 *Америка Құрама Штаттары Демократиялық партиясы* 1828 жылы құл иеленушілердің және буржуазияның құл иеленушілермен байланысты кейбір топтарының партиясы ретінде пайда болды; партияға сондай-ақ фермерлер мен қаланың ұсақ буржуазиясының едәуірі кірді. Кейінірек Демократиялық партия ірі құл иеленуші плантаторлар мен ірі буржуазияның бір бөлегінің партиясына айналды. Америка Құрама Штаттарындағы азамат соғысынан (1861—1865) кейін Демократиялық партия барған сайын Республикалық партиямен жақындаса берді. Империализм дәуірінде Республикалық партия сияқты Демократиялық партия да американ империализмінің агрессиялық және халыққа қарсы саясатын белсене жүргізуші монополистік капиталдың партиясына айналды. — *211.*

103 В. И. Лениннің *«Жұмысшы депутаттардың сөйлейтін кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде»* атты тезистері IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның декларациясының негізіне алынды. Тезистердің қолжазбасы толық сақталған жоқ.

Декларацияны қабылдаудың алдында большевик депутаттар фракцияның меньшевиктік жетеуіне қарсы шиеленіскен күрес жүргізді. Социал-демократиялық фракцияның мүшесі большевик А. Е. Бадаев өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «Дума ашылардан бұрын-ақ декларацияны талқылауға біздің фракция бірқатар мәжілістерін арнады. Жарыс сөз өте-моте қызу болып, кейде түннің бір уағына дейін созылып жүрді. Декларацияны талдап жазуға екі жақтан да депутаттардан басқа сол кезде Петербургте болған партия қызметкерлері де қатысты... Ұзақ та табанды күрестен кейін, меньшевиктермен бірқатар қызу шайқастан соң біз, ақырында, декларацияға большевиктердің негізгі талаптары-

ның бәрін енгіздік» (А. Бадаев. «Большевиктер Мемлекеттік думада. Естеліктер». М., 1954, 67-бет).

Лениннің нұсқауларына сәйкес декларацияға программа-минимумның басты-басты пункттерінің бәрі дерлік енді. Алайда меньшевиктердің мәдени-ұлттық автономия талабы қойылған пунктті енгізуінің дегенмен сәті түсті. 1912 жылғы 7 (20) декабрьде социал-демократиялық фракцияның декларациясы Мемлекеттік думаның мәжілісінде оқылды.

1912 жылғы 8 (21) декабрьде «Правдада» Дума мәжілісінің декларацияның тексті бар стенограммасы жарияланды. Декларацияны жариялағаны үшін «Правданың» номері конфискеленді, ал газеттің редакторы сотқа тартылды. — *217*.

[104] *II Интернационалдың төтенше халықаралық социалистік конгресі* 1912 жылғы 24—25 ноябрьде Базельде болды. Конгресс төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупіне қарсы күресу туралы мәселені шешу үшін шақырылған болатын; бірінші Балқан соғысы басталғаннан кейін дүние жүзілік империалистік соғыстың қаупі онан сайын күшейе түскен еді. Конгреске 555 делегат қатысты. РСДРП Орталық Комитеті 6 делегат жіберді.

Конгресс ашылған күні соғысқа қарсы көп адам қатысқан демонстрация және соғысқа қарсы наразылық білдірген халықаралық митинг болды. 25 ноябрьде конгресте соғыс туралы манифест бірауыздан қабылданды.

Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік соғыс қаупінен сақтандырды. «Европаның ұлы халықтарының,— делінді манифесте,— кез-келген уақытта бір-біріне қарсы айдап салынуы мүмкін, сонымен бірге адамшылыққа және ақыл-парасатқа қарсы мұндай қылмысты қандай да болсын бір халық мүддесі үшін деген ешбір желеумен ақтауға болмайды... Егер үкіметтер дүние жүзілік соғыстың сұмдығы туралы ойдың бір өзі ғана жұмысшы табының наразылығы мен ашу-ызасын туғызатынын түсінбесе мұның өзі есуастық болар еді. Пролетариат капиталистердің пайдасына бола, династиялардың даңғойлығына бола, құпия дипломатиялық шарттардың орындалуына бола бір-біріне оқ атуды қылмыс деп есептейді» (қараңыз: «Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912». Berlin, 1912, S. 23, 26).

Манифест империалистер әзірлеп жатқан соғыстың тонаушылық мақсаттарын әйгілеп, барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы, бейбітшілік жолында батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымақтастығының қуатты күшін қарама-қарсы қоюға» шақырды. Империалистік соғыс шығып кеткен жағдайда манифест социалистерге соғыс туғызатын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға кеңес берді.

II Интернационалдың көсемдері (Каутский, Вандервельде және басқалары) конгресте соғысқа қарсы манифесті қабылдауды жақтап дауыс берді. Алайда олар үшін бұл манифест әншейін қағазға қол қоя салу болды; II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің ішінен ешкім де Базель конгресінің шешімін жүзеге асыруды ойламады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін олар Базель манифесін ұмытып, өздерінің империалистік үкіметтерін жақтап шықты. — *219.*

105 Бұл арада әңгіме Кутомара және Алгачи түрмелеріндегі саяси тұтқындар арасындағы толқулар туралы болып отыр. 1912 жылғы августа басталған бұл толқуларға себеп болған нәрсе Забайкалье әскери губернаторының Нерчин каторгасындағы түрмелерде саяси тұтқындармен қарым-қатыс жасауда әскери ережелерді енгізу туралы жарлығы болды. Кутомара түрмесінің саяси тұтқындары бұған наразылық ретінде 15 күнге аштық жариялады. Түрме бастықтары бұған тұтқындағыларды жаппай азаптаумен жауап берді. Әбден ашынған бірнеше тұтқын өзін-өзі өлтірді. Алгачи түрмесінде де осы сипатты оқиғалар болды. 1912 жылдың жазы мен күзінде Россияның басқа да түрмелеріндегі саяси тұтқындар арасында толқулар болды. Петербург, Москва, Варшава және Рига жұмысшыларының наразылық білдірген ереуілдері осы оқиғаларға үн қосу еді. Социал-демократиялық фракция мен Еңбек тобы атынан IV Мемлекеттік думаға тұтқындағыларды қорлау жөнінде сұрақ түсірілді. Мәселені талқылау көпшілік дауыспен кейінге қалдырылды да, мәселе кейін талқыланбай қалды. — *219.*

106 В. И. Ленин жер жөніндегі бұл жобаға «Жаңа аграрлық саясат» және «III Думадағы аграрлық жарыс сөздер» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 454—458 және 17-том, 338—354-беттер) деген мақалаларында баға берді.— *220.*

107 *«Думадағы жұмысшы депутаттары және олардың декларациясы туралы мәселе жөнінде»* деген документ социал-демократиялық фракцияның декларациясының жобасы болып табылады. Документті Н. К. Крупская көшіріп жазып, 1912 жылғы 13 (26) ноябрьде Краковтан Думаның большевик-депутаттарына жіберілді. Декларацияның жобасы патша полициясының қолына түсіп қалды. — *223.*

108 Демонстрация Петербургтің жекелеген аудандары мен кәсіпорындарының өкілдері болған большевиктердің инициативасы бойынша ұйымдастырылды. IV Мемлекеттік дума ашылардан бірнеше күн бұрын кәсіпорындарда жұмысшыларды 1912 жылғы 15 (28) ноябрьде бір күндік саяси ереуіл және Таврия сарайына демонстрация ұйымдастыруға ша-

қырған листовка таратылды. «Луч» газетінде жойымпаздар демонстрацияға қарсы шықты. 13 (26) ноябрьде социал-демократиялық фракция Петербург комитетінің, «Правда» редакциясының, жойымпаздардың басшы орталығы — Ұйымдастыру комитетінің және жойымпаздық «Луч» газетінің өкілдерінің қатысуымен кеңес шақырды. Кеңесте большевиктер қаражүздік Думаның ашылатын күнін стачка және демонстрация жасаумен атап өту жөніндегі жұмысшылардың ұсынысын қолдады; жойымпаздар үзілді-кесілді қарсы болды. Кеңестен кейін социал-демократиялық фракция баспасөзде саяси жағынан қате мәлімдеме жасады, бұл мәлімдемесінде ереуілге өзінің теріс қарайтынын білдірді. Жойымпаздардың қарсылығына және социал-демократиялық фракцияның саяси қатесіне қарамастан, Дума ашылатын күні ондаған мың жұмысшылар ереуіл жасады. Бірқатар кәсіпорындарда жедел митингілер ұйымдастырылды, бұл митингілерде жұмысшылар «Луч» газетіне бойкот жасау туралы шешімдер шығарды.

Демонстрациядан кейін Думаның большевик-депутаттары жұмысшылардың жиналыстарында өздерінің қатесін мойындап сөздер сөйледі. — *228.*

[109] Бұл арада М. В. Родзянконың IV Мемлекеттік думаның председателі болып сайланғаннан кейін сөйлеген сөзі айтылып отыр. Сөйлеген сөзінде ол өзін «конституциялық негіздегі өкілдігі бар құрылысты жақтаушымын» деп жариялады, сонымен бірге патшаға «қалтқысыз берілгендігін» құлша бас иіп мәлімдеді. Родзянконың сөзі аяқталғаннан кейін Думаның кадеттік-октябристік көпшілігі оған овация жасады. Кадеттік «Речь» газеті 1912 жылғы 16 (29) ноябрьдегі 315-номеріндегі бас мақаласында Родзянконың Думаның председателі болып сайлануын «саяси демонстрация» деп бағалап, оның атына айтпаған мақтауы қалмады. — *228.*

[110] Бұл арада әңгіме қай мақала жөнінде болып отырғаны анықталған жоқ. — *231.*

[111] *Поляк социал-демократиясының «Өлкелік конференциясы»* 1912 жылғы 11—17 августа (жаңаша) болды. Конференцияға қатысушылардың бәрі Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының жақтаушылары («зажондашылдар») болды, бұлар жойымпаздар жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, большевиктік позицияларда тұрған «розламшылдарға» қарсы шықты. Конференция Бас басқарманың қызметін мақұлдады, «розламшылдарды» қолдайтын партия ұйымдарын таратуға қаулы етті, IV Мемлекеттік думаның сайлауында Бундпен және Поляк социалистік партиясы-«солшылдармен» тактикалық келісім жасауды жақтаған пікір білдірді. Конференция сондай-ақ поляк

социал-демократиясының РСДРП-ға қатынасы жөнінде осы мақалада талданып отырған шешімді қабылдады. — *247.*

[112] Жойымпаздарға қарсылардың органы — «Социал-Демократ» газеті. Бұл арада В. И. Лениннің «Социал-Демократ» газетінің 1911 жылғы 8 (21) декабрьдегі 25-номерінде басылған «Партия дағдарысының шешілуі» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 1—12-беттер) атты мақаласы айтылып отыр.

Жойымпаздардың органы — «Голос Социал-Демократа» газеті. Бұл арада А. Мартыновтың «Голос Социал-Демократаның» 1911 жылғы декабрьдегі 26-номерінде басылған «Большевик-поляк блогының қираған орнында» атты мақаласы айтылып отыр.— *251.*

[113] *«Австрия» федерациясы* — бұл ретте Австрия социал-демократиялық партиясының ұлттар бойынша ұйымдық құрылымы. 1897 жылы Вимберг (Вена) съезінде біртұтас партия жойылып, оның орнына алты ұлттық «социал-демократиялық топтың»: неміс, чех, поляк, русин, итальян және оңтүстік славян топтарының федерациялық одағы құрылды. Бұл топтардың бәрі өзара тек қана жалпы съезд және жалпы Орталық басқарма арқылы байланысты болды. 1899 жылы Брюнн съезінде партияның Орталық басқармасы ұлттық социал-демократиялық партиялардың атқару комитеттерінен құралатын федерациялық орган болып қайта құрылды. Ұйымдық федерализмнің салдарынан біртұтас Австрия социал-демократиялық партиясы тарап кетті. — *255.*

[114] *Американ еңбек федерациясы* (АЕФ) — Америка Құрама Штаттарының 1881 жылы құрылған кәсіподақ бірлестігі. Цехтық принцип бойынша құрылған Американ еңбек федерациясы көбіне «жұмысшы аристократиясын» біріктірді. Американ еңбек федерациясының ресми органы 1894 жылдан бері Вашингтонда шығатын, әрайлық «American Federationist» («Америкен Федерейшенист») журналы.

Американ еңбек федерациясының реформистік басшылығы социализм мен тап күресі принциптерін бекерге шығарады, «таптық ынтымақты» уағыздайды, капиталистік тәртіптерді қорғауды жақтайды. Американ еңбек федерациясының басшылығы халықаралық жұмысшы қозғалысын жікке бөлу саясатын жүргізіп, американ империализмінің агрессияшыл сыртқы саясатын белсене қолдап келеді. 1955 жылы Американ еңбек федерациясы басқа кәсіподақ бірлестігімен — Өндірістік кәсіподақтар конгресімен бірікті. Жаңа бірлестік Американ еңбек федерациясы — Өндірістік кәсіподақтар конгресі (АЕФ—ӨКК) деп аталады.—*257.*

[151] *«Жұмысшы табы және оның «парламенттік» өкілдігі»* атты мақала В. И. Лениннің II, III, және IV Думалардағы со-

циал-демократиялық фракцияның жұмыс тәжірибесі туралы «Правдаға» арнап жазған мақалалар циклының бірінші мақаласы. «Правдада» бірінші мақала ғана жарияланды. 1954 жылы Польша біріккен жұмысшы партиясының Орталық комитеті В. И. Лениннің Краков-Поронино архивінен Краковта табылған материалдарды КПСС Орталық Комитетіне берді; бұл материалдардың ішінде «Жұмысшы табы және оның «парламенттік» өкілдігі» атты үшінші және бесінші мақалалардың қолжазбалары бар болып шықты. Төменде басылып отырған бұл мақалалар бірінші рет 1954 жылғы апрельде «Коммунист» журналында жарияланды. Екінші және төртінші мақалалар табылған жоқ. — *259.*

116 В. И. Ленин бұл арада РСДРП V (Лондон) съезі делегаттарының құрамын айтып отыр. — *259.*

117 Бұл арада РСДРП IV («Жалпы россиялық үшінші») конференциясының «Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның тактикасы туралы» қарары (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 255—257-беттер) айтылып отыр.— *261.*

118 Бұл арада әңгіме РСДРП V (1908 жылғы Жалпы россиялық) конференциясының «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарары (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 272—276-беттер) жөнінде болып отыр. — *262.*

119 Бұл арада партияшыл-меньшевиктер— жойымпаз-меньшевиктерден бөлініп шыққан топ айтылып отыр, Г. В. Плеханов бастаған бұл топ 1908—1912 жылдары жойымпаздарға қарсы шықты. Меньшевизм позициясында қала отырып, плехановшылдар сонымен бірге құпия партия ұйымын сақтауды және нығайтуды жақтады, осы мақсатпен большевиктермен блок жасасты. — *262.*

120 IV Думаның социал-демократиялық фракциясының Е. И. Ягеллоны социал-демократиялық фракцияға қабылдау туралы мәселе жөніндегі қарары 1912 жылғы 1 (14) декабрьде «Правда» (№ 182) және «Луч» (№ 64) газеттерінде толық жарияланды. Бұл қарарға В. И. Ленин осы мақалада, сондай-ақ РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінің «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарында (қараңыз: осы том, 291—293-беттер) баға берді. — *264.*

121 Бұл арада И. В. Сталиннің «Правда» газетінің 1912 жылғы 1 декабрьдегі 182-номерінде жарияланған «Ягелло — социал-

демократиялық фракцияның толық праволы емес мүшесі» атты мақаласы айтылып отыр.— *267.*

[122] *Балалайкин* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Қазіргі замангы идиллия» атты шығармасындағы кейіпкер; либерал даңгаза, авантюрист әрі суайт. — *269.*

[123] *«Русская Молва»* («Орыс Үні») — күнделікті газет, прогрессистер партиясының органы; 1912 жылғы 9 (22) декабрьден 1913 жылғы 20 августқа (2 сентябрьге) дейін Петербургте шығып тұрды. — *271.*

[124] *«Слово»* («Сөз») — күнделікті буржуазиялық газет; 1903 жылдан 1909 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Бастапқы кезде — оңшыл земствошылардың органы, 1905 жылғы ноябрьден октябристер партиясының органы болды. 1906 жылгы июльден былай газеттің шыгуы тоқтатылды. Газет 1906 жылгы 19 ноябрьде (2 декабрьде) пыш мәнінде октябристерден түк айырмасы болмагап «бейбіт жаңартушылар» партиясының органы ретінде қайта шыға бастады. — *273.*

[125] *РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген кеңесі,* конспирация мақсатымен «февраль кеңесі» деп аталған кеңес 1912 жылғы 26 декабрь — 1913 жылғы 1 январьда (1913 жылгы 8—14 январьда) Краковта болды. Кеңестің жұмысына В. И. Ленин, Н. К. Крупская, И. В. Сталин, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский, Н. Р. Шагов және басқалары қатысты. Кеңесте Петербург, Москва облысы, Оңтүстік, Урал және Кавказ құпия партия ұйымдарының өкілдері болды.

Кеңесті шақыру жөніндегі әзірлік жұмысын тікелей В. И. Ленин атқарды, ол Россиядағы партия қызметкерлерімен көп хат-хабар алысып, РСДРП Орталық Комитетінің Орыс бюросына кеңесті ұйымдастыру мәселелері жөнінде нұсқаулар беріп отырды. Краков кеңесі В. И. Лениннің председательдік етуімен өтті. Ол «Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері», «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» баяндамалар (баяндамалардың тексті сақталған жоқ) жасады, кеңестің барлық қарарларын жазып, редакциялады және РСДРП Орталық Комитетінің кеңес туралы «Хабарын» жазды.

Кеңес жұмысшы қозғалысының аса маңызды мәселелері жөнінде: жаңа революциялық өрлеуге және стачкалық қозғалыстың өсуіне байланысты партияның міндеттері туралы, құпия ұйымның құрылысы туралы, Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысы туралы, қауіпсіздендіру науқаны туралы, партия баспасөзі туралы, ұлттық социал-демократиялық ұйымдар туралы, жойымпаздықпен күрес туралы және пролетариат партиясының бірлігі туралы шешім-

дер қабылдады. Кеңесте жергілікті жерлердегі партиялық жұмыстың жайы туралы баяндамалар тыңдалды.

Краков кеңесі партия ұйымдарына РСДРП-ның программа-минимумының талаптары жолында үгітті ұлғайтып, күшейтумен қатар, революциялық бұқаралық стачкаларды жан-жақты қолдауды және жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық қимылдарының барлық түрлерін ұйымдастыруды бірінші қатарға қоюды ұсынды.

Кеңес ол дәуірдегі партия құрылысының бірден-бір дұрыс түрі жария және жартылай жария қоғамдар желісі қоршаған құпия партия болғанын атап көрсетті. Партия құрылысының аса маңызды кезектегі міндеті барлық фабрикалар мен заводтарда неғұрлым белсенді жұмысшылардан таза құпия партия комитеттерін құру деп табылды. Партиялық басшылықты жақсарту және жергілікті партия ұйымдары мен РСДРП Орталық Комитетінің арасында неғұрлым тығыз байланыс орнату үшін кеңес жұмысшы қозғалысының басты-басты аудандарында облыстық орталықтар құру қажет деп тапты. Жергілікті жерлерде басшы жұмысшылар арасынан бөлінетін жұрт сенген адамдар жүйесін құру аса маңызды практикалық міндет ретінде қойылды.

Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысы туралы мәселе жөнінде кеңес былай деп атап көрсетті: жұмысшы табына саяси тәрбие беру және партияның Думадағы жұмысын дұрыс жолға қою мүдделері үшін социал-демократиялық фракцияның әрбір қадамына мұқият зер салып отыру және оның жұмысын бақылап отыру қажет. Кеңес социал-демократиялық фракцияның жұмысындағы табыстар мен кемшіліктерді атап көрсетті; ол большевик депутаттардың жігерлі жұмысын, олардың сөйлеген сөздерін, олардың түсірген сұрақтарын құптады және фракцияның жойымпаздық бөлегінің қате әрекеттерін қатаң айыптады.

Краков кеңесі «Правда» газеті редакциясының жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгіледі және «Правда» редакциясының партия шешімдерін неғұрлым дәлме-дәл жүзеге асыру, газетті партия тұрмысын баяндау үшін жұмысшы трибунасы ретінде жақсылап пайдалану қажеттігіне назар аударды. Орталық Комитет жариялауға тиіс деп белгілеген материалдарды редакция дереу басуға міндетті болды.

Жойымпаздыққа көзқарас туралы мәселе жөнінде кеңес партияның аса маңызды міндеттерінің бірі бұрынғысынша «Наша Заря» мен «Луч» жойымпаздарының тобына қарсы батыл күрес жүргізу және олардың уағыздарының барынша зияндылығын жұмысшылар бұқарасына түсіндіріп отыру екенін атап көрсетті. Кеңес РСДРП-ның құпия ұйымын мойындаған жағдайда және ол ұйымға кірген жағдайда барлық жұмысшы социал-демократтарды төменнен біріктіруге кеңес берді.

Краков кеңесі ұлт мәселесіне көп көңіл бөлді. Ол Россияның барлық ұлттарының жұмысшыларын ұлтшылдықтың кез

келген көріністеріне қарсы батыл күрес жүргізуге, жергілікті жерлердегі социал-демократ жұмысшыларды РСДРП-ның бірыңғай ұйымдарына мейлінше тығыз топтасып, қосылуға шақырды. Кеңес ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың басшы мекемелерінің (Бундтың Орталық комитетінің, Поляк социал-демократиясы Бас басқармасының, Латыш өлкесі социал-демократиясы Орталық комитетінің) РСДРП-дан оқшаулануға және жойымпаздардың жікшілдік қимылдарына жәрдемдесуге тырысқан әрекеттерін сөкті.

Кеңестің шешімдері партияны және оның бірлігін нығайтуда, партияның қалың еңбекшілер бұқарасымен байланыстарын ұлғайтып, нығайтуда, жұмысшы қозғалысының өрлей түсуі жағдайында партия жұмысының жаңа формаларын талдап жасауда зор роль атқарды.

Краков кеңесінің қарарларын РСДРП Орталық Комитеті бекітті және кеңес жұмысы аяқталғаннан кейін көп кешікпей гектографта басылып шықты. 1913 жылғы февральдың бірінші жартысында (жаңаша) қарарлар Орталық Комитеттің кеңес туралы «Хабарымен» бірге Парижде жеке кітапша болып басылып шықты. ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарар да, бәлкім, кеңес аяқталғаннан кейін Орталық Комитеттің жабық мәжілістерінде талқыланса керек, бірақ конспирация мақсатымен жарияланбады. Қарардың Н. К. Крупскаяның қолымен жазылған көшірмесі сақталған. В. И. Ленин Шығармаларында бұл қарар бірінші рет басылып отыр.

Кеңестің протоколдары сақталған жоқ. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде тек кейбір мәселелерді талқылаған кезде жарыс сөздердің барысы бойынша Лениннің қысқаша конспекті жазбалары және оның революциялық өрлеу, стачкалар туралы және партияның міндеттері туралы баяндамасының қысқаша жоспары ғана бар. — *277.*

[126] Бұл арада әңгіме социал-демократиялық фракцияның мүшесі меньшевик А. И. Чхенкелидің Мемлекеттік думаның 10-мәжілісінде 1912 жылғы 10 (23) декабрьде сөйлеген сөзі туралы болып отыр. — *292.*

[127] *РСДРП II съезі қабылдамай тастаған тұжырым,*— бұл бундшыл В. Д. Медемнің (съезд протоколдары бойынша — Гольдблаттың) партия программасының жалпы саяси бөлімінің «мемлекеттің құрамына кіретін барлық ұлттардың өзін-өзі билеу правосы» туралы 8-параграфына «және олардың мәдени дамуына толық еркіндік болуына кепілдік беретін мекемелер құру» деген қосымша енгізу туралы ұсынысы (қараңыз: «РСДРП Екінші съезі. Июль—август, 1903 жыл. Протоколдар». М., 1959, 190—192-беттер).—*292.*

[128] Мемлекеттік думаның 1912 жылғы 15 (28) декабрьдегі 14-мәжілісінде үкімет декларациясы бойынша жарыс сөздер тоқтатылғаннан кейін кадеттер, прогрессистер, трудовиктер мен ұлтшылдар кезектегі істерге көшу формуласының жобаларын ұсынды. Көпшілік дауыспен прогрессистердің формуласы қабылданды; онда үкімет 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті жүзеге асыратын болады деген сенім білдірілген болатын. Социал-демократиялық фракцияның мүшелері осы формуланы жақтап дауыс берді. Кейін олар өздерінің дауыс берулерінің қате болғанын мойындады. — *293.*

[129] Текстері сақталмаған, жарияланбаған бұл пункттердің мазмұнын «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарардың бастапқы нобайына қарап білуге болады. Қарардың нобайы осы томдағы «Дайындық материалдар» бөлімінде жарияланып отыр (қараңыз: осы том, 437-бет).—*293.*

[130] *Орталық Комитеттің бюросы* — РСДРП Орталық Комитетінің Орыс бюросы — большевиктік партияның Россиядағы революциялық күреске басшылық ету жөнінде 1912 жылғы январьда РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясында құрылған практикалық орталығы. Орыс бюросына Орталық Комитеттің мүшелері Г. К. Орджоникидзе, Я. М. Свердлов, С. С. Спандарян, И. В. Сталин, Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар М. И. Калинин, Е. Д. Стасова және басқалары кірді. Кейінірек Россиядағы партия қызметкерлерінің жиі-жиі қамауға алына беруіне байланысты Орыс бюросының құрамы талай рет өзгеріп отырды, шығып қалған мүшелерінің орнына жаңа мүшелер кооптацияланып отырды.

Орыс бюросының жұмысына В. И. Ленин бастаған партияның Орталық Комитеті басшылық етті. Бюроның міндеттері мыналар болды: РСДРП Прага конференциясының шешімдерін жүзеге асыру, жергілікті партия ұйымдарын партияның Орталық Комитетінің төңірегіне идеялық және ұйымдық жағынан топтастыру, партия қатарының бірлігін нығайту, оппортунистік ағымдармен күресу. Орыс бюросы листовкалар, үндеулер және большевиктердің басқа да құпия әдебиетін шығарып, тарату жөнінде зор жұмыс жүргізді. Ол Орталық Комитет пен жергілікті партия ұйымдарының арасындағы маңызды жалғастырушы буын болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Орыс бюросы өз қызметін тоқтатты. — *293.*

[131] 1911 жылдың күзінде III Мемлекеттік дума қабылдаған қауіпсіздендіру туралы үкіметтің заң жобасының мазмұнын В. И. Ленин РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының «Жұмысшыларды мемлекеттік қауіпсіздендіру туралы думалық заң жобасына көзқарас жөнінде»

деген қарарында талдайды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 160—164-беттер).—*293.*

[132] «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 269-бет. — *295.*

[133] Бұл арада IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның большевиктік алтауы айтылып отыр.— *299.*

[134] Бұл арада ай сайын шығатын большевиктік теориялық жария *«Просвещение»* («Ағарту») журналы айтылып отыр; 1911 жылғы декабрьден 1914 жылғы июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың тиражы 5 мың данаға дейін жетіп жүрді.

Журнал Москвада шығып тұрған большевиктік «Мысль» журналын патша үкіметі жауып тастағаннан кейін соның орнына В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылды. Журналға В. В. Воровский, А. И. Ульянова-Елизарова, Н. К. Крупская, В. М. Молотов, М. С. Ольминский, И. В. Сталин, М. А. Савельев қатысып отырды. Ленин «Просвещениенің» беллетристика бөліміне басшылық ету үшін А. М. Горькийді тартты. Ленин Парижде, онан соң Краков пен Поронинода жүріп «Просвещениеге» басшылық етті, мақалаларды редакциялады, редакция коллегиясының мүшелерімен үнемі хат жазысып отырды. Журналда Лениннің «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы» атты және басқа бірқатар еңбектері жарияланды.

Журнал оппортунистерді — жойымпаздарды, шақырымпаздарды, троцкистерді, сондай-ақ буржуазияшыл ұлтшылдарды әшкереледі, жұмысшы табының жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы күресін баяндап жазып отырды, IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанындағы большевиктік ұрандарды насихаттады; журнал II Интернационал партияларындағы ревизионизм мен центризмге қарсы шықты. Журнал Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына маркстік интернационалистік тәрбие беруде аса көрнекті роль атқарды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында «Просвещение» журналын патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылдың күзінде журнал қайтадан шыға бастады, бірақ бір ғана (қосарланған) номері шықты, онда Лениннің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» және «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген еңбектері басылды. — *300.*

[135] Англияның темір жол жұмысшыларының стачкасына (август, 1911) 200 мыңдай адам қатысты. Стачка елдегі темір

жол қатынасын тоқтатып тастап, өнеркәсіп жұмысының мықтап бүлінуіне әкеліп соқты. Үкімет ереуіл жасаушыларға қарсы әскер жіберді. Ливерпульде, Ланеллиде және Англияның басқа да жерлерінде қарулы соқтығыстар болды; бірнеше жұмысшы өлді, көп адам жараланды. Бұл жазалау елде ашу-ыза дауылын тугызды. Қозғалыстың құлаш жаюынан үрейі ұшқан темір жол компанияларының иелері кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды, атап айтқанда темір-жолшылар кәсіподағы іс жүзінде танылды. — *301.*

[136] В. И. Ленин неміс ақыны Георг Гервегтің 1863 жылы Жалпы герман жұмысшы одағына арнап жазған жұмысшы әнінің сөздерін келтіріп отыр. — *301.*

[137] *«Жұмысшы Әншілер Газеті»* (толық аты «Deutsche Arbeiter Sängerzeitung») — социал-демократиялық бағыттағы газет, «немістің жұмысшы әншілер одағының» органы болды; 1907 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып келді, әдетте, айына бір рет шығып тұрды. — *306.*

[138] *Жалпы герман жұмысшы одағы* — неміс жұмысшыларының саяси ұйымы, 1863 жылы Лейпцигте жұмысшы қоғамдарының съезінде Ф. Лассальдың белсене қатысуымен құрылды. Одақтың құрылу фактісінің жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, алайда Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға бастады. Одақ өзінің мақсаттарын жалпыға бірдей сайлау правосы жолындағы күреспен және бейбіт парламенттік қызметпен шектеді. Ф. Энгельстің атап көрсеткеніндей, ««жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосын» Лассаль жұмысшы табының саяси өкімет билігін жеңіп алуы үшін бірден-бір және мінсіз құрал ретінде уағыздады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 340-бет). Одақтың басшылары мемлекет қаржыландыратын өндірістік жұмысшы ассоциацияларын құру талабын қойды; бұлардың көмегімен Пруссия мемлекетін бейне бір «еркін халықтық мемлекет» деп аталатынға бірте-бірте айналдыруға болады-мыс деп есептеді; олар шаруаларды реакцияшыл бұқара деп қарады. Лассальшылдар Германияны «жоғарыдан», Пруссияның династиялық соғыстарының көмегімен біріктірудің контрреволюциялық жолын мақұлдады. Жалпы герман жұмысшы одағы 1875 жылға дейін өмір сүрді. — *306.*

[139] *Социалистерге қарсы ерекше заңды* Бисмарк үкіметі Германияда 1878 жылы жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу үшін енгізген болатын. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қудаланып, жер аударылды. Алайда қуғын-сүргін социал-демократиялық партияның сағын сындыра

алмады; партияның қызметі астыртын өмір сүру жағдайына бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы — «Der Sozialdemokrat» («Социал-Демократ») газеті шығарылып, партия съездері мерзімінде (1880, 1883 және 1887) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар жедел түрде қайта құрыла берді; бұларды астыртын Орталық Комитет басқарды. Сонымен бірге партия бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді де кеңінен пайдаланды, оның ықпалы үздіксіз өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарды жақтап берілген дауыстар 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті. К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетті. 1890 жылы барған сайын күшейе түскен бұқаралық жұмысшы қозғалысының қысымымен социалистерге қарсы ерекше заң жойылды. — *307.*

[140] *Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы «Vorwärts»* («Алға») *күнделікті газеті* 1884 жылдан бері шығып келген «Berliner Volksblatt» («Берлин Халық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галледе болған съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет беттерінде Ф. Энгельс оппортунизм көріністері атаулыға қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай қарай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына түсіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып отырды. РСДРП-дағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті әдейі бұрмалап бейнелей отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал кейін партия жікке бөлінгеннен соң — меньшевиктерді қолдап отырды. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, Лениннің, большевиктердің теріске шығарған жауаптар беруіне және партия ішіндегі істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. — *308.*

[141] *«Bremer Bürger-Zeitung»* («Бремен Азаматтық Газеті») — күнделікті социал-демократиялық газет, 1890 жылдан 1919 жылға дейін шығып тұрды; 1916 жылға дейін Бремен солшыл социал-демократтарының ықпалында болды, кейін социал-шовинистердің қолына көшті.— *308.*

[142] *«Большевизм туралы»* атты мақала Н. А. Рубакиннің «Кітаптар әлемінде» деген кітабының екінші томына арнап жазылған болатын. 1913 жылғы 12 (25) январьда В. И. Ленин

бұл мақаланы Кларандағы (Швейцария) Рубакинге қосымша хатпен бірге жіберді, бұл хатында *«қандай да болса өзгерістің болмауын»* (Шығармалар, 35-том, 50-бет) мақаланы басудың шарты етіп қойды. Мақала толық басылды.— *310.*

[143] *«Экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы—XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің бір түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары —«Рабочая Мысль» газеті (1897—1902) және «Рабочее Дело» журналы (1899—1902) болды. Ленин орыс бернштейншілдері деп атаған «экономистердің» программалық документі 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» дейтін болды.

«Экономистер» жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді, саяси күрес либерал буржуазияның ісі деп пайымдады. Олар жұмысшы табы партиясының басшылық ролін бекерге шығарып, партия тек қана қозғалыстың стихиялық процесін аңдап, оқиғаларды тізіп отырушы ғана болуға тиіс деп есептеді. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын кемітті, социалистік идеология стихиялық жұмысшы қозғалысынан туа алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін бекерге шығарды да, осынысымен буржуазиялық идеологияға жол ашты. «Экономистер» социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады, жұмысшы табының бір орталыққа бағынатын партиясын құру қажеттігіне қарсы шықты. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Лениннің «Россия социал-демократтарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған, Сибирьде айдауда жүрген кезінде 1899 жылы жазылып, айдауда жүрген он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер, 5-том, 392—400-беттер) деген шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған. Ленин «Не істеу керек?» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер) деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан талқандау ісін аяқтап шықты. Лениндік «Искра» «экономизмге» қарсы күресте үлкен роль атқарды.—*310.*

[144] *«Искра»* («Ұшқын») (ескі) — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық маркстік құпия газет.

Лениндік «Искраның» 1900 жылдың декабрі деп белгіленген бірінші номері Лейпцигте шықты; одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылгы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газет шығаруды жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Алғашқыда редакция секретары И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. «Искра» басты назарын Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне аударды, халықаралық өмірдің, әсіресе халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысы және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын топтастыру мен тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.) лениндік-искралық бағытта РСДРП топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын дайындады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП-ның II съезін әзірледі. Съезд шақырылар қарсаңда Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысында партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына қаратып

алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды.— *310.*

[145] *РСДРП екінші съезі* 1903 жылы 17 (30) июльде—10 (23) августа болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қуғындауына байланысты съезд мәжілістері Лондонға ауыстырылды.

Съезді «Искра» әзірледі, ол Лениннің басшылығымен Россия социал-демократтарын революциялық марксизмнің принциптері негізінде топтастыру жөнінде орасан зор жұмыс жүргізді.

Съезге 26 ұйым («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» және 20 россиялық социал-демократиялық комитет пен одақ) атынан шешуші дауыспен 43 делегат қатысты. Кейбір делегаттардың екі даусы бар еді, сондықтан съезде шешуші дауыстың саны 51 болды. Съездің құрамы әртекті еді. Оған «Искраның» жақтастары ғана емес, оның қарсыластары, сондай-ақ тұрақсыз, солқылдақ элементтер де қатысты.

Съездегі ең маңызды мәселелер партияның программасы мен уставын бекіту және партияның басшы орталықтарын сайлау болды. Ленин және оның жақтастары съезде оппортунистермен батыл күрес жүргізді.

«Искра» редакциясы әзірлеген және съезде талқыланған партия программасының жобасына, әсіресе партияның жұмысшы қозғалысындағы басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пунктке және программаның аграрлық бөліміне оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Съезд оппортунистерге тойтарыс беріп, партия программасын бірауыздан (бір адам қалыс қалды) бекітті, программада пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяудағы міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революцияның жеңісін және пролетариат диктатурасын орнатуды көздейтін міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін халықаралық жұмысшы қозғалысы тарихында тұңғыш рет революциялық программа қабылданды, онда Лениннің күш салуы арқасында пролетариат диктатурасы үшін күрес жұмысшы табы партиясының негізгі міндеті ретінде қойылды.

Партияның уставын талқылаған кезде партия құрылысының ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінде қызу күрес болды. Ленин және оның жақтастары жұмысшы табының айбынды революциялық партиясын құру үшін күресті, сөйтіп олар барлық солқылдақ, ауытқушы элементтердің партияға кіріп кетуін қиындататындай устав қабылдау қажет деп есептеді. Сондықтан уставтың бірінші параграфы-

ның Ленин ұсынған тұжырымында партияға мүше болу үшін программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар партия ұйымдарының біріне жеке басының тікелей қатысуы да шарт етіліп қойылды. Съезде Мартов бірінші параграф жөнінде өзінің тұжырымын ұсынды, ол партияға мүше болу үшін программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, тек партия ұйымдарының бірінің басшылығымен партияға үнемі жеке жәрдемдесуін шарт етіп қойды. Съезде барлық солқылдақ элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын антиискрашылдар мен «батпақ» («центр») қана емес, сонымен бірге «солқылдақ» (тұрақсыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп съезд оны болмашы көпшілік дауыспен қабылдады. Ал негізінен алғанда съезд Ленин әзірлеген уставты бекітті. Съезд тактикалық мәселелер бойынша да бірқатар қарарлар қабылдады.

Съезде «Искраның» бағытын дәйекті жақтаушылар — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдардың — Мартовты жақтаушылардың арасында жік туды. Лениндік бағытты жақтаушылар партияның орталық мекемелеріне сайлауда көпшілік дауыс алып, большевиктер деп аталды, ал азшылық дауыс алған оппортунистер — меньшевиктер деп аталды.

Россияда жұмысшы қозғалысын дамытуда съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагерлікті, үйірмешілдікті жойды, сөйтіп Россияда маркстік революциялық партияның, большевиктер партиясының негізін қалады. Ленин былай деп жазды: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет).

РСДРП II съезі барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі-өнеге болған жаңа тұрпатты пролетарлық партия құрып, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы бетбұрыс кезең болды.— *310.*

[146] Бұл арада ескі, лениндік «Искрадан» өзгеше, *меньшевиктік «Искра»* айтылып отыр.

РСДРП II съезінде «Искра» партияның Орталық Органы деп танылды; съезд редакцияның құрамын бекітіп, оған В. И. Ленинді, Г. В. Плехановты және Л. Мартовты енгізді. Алайда меньшевик Мартов, съездің шешіміне қарамастан, II съезде сайланбаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциясымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшті де, съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды редакция құрамына енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылғы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, Орталық Комитеттен оппортунист-

меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциясымен шықты, ал 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов, партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторлары Аксельродты, Потресовты және Засуличті өз бетімен кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздайтын трибунаға айналдырды. 1905 жылы октябрьде газетті шығару тоқтатылды.— *310.*

[147] Бұл жөнінде В. И. Ленин «Земство науқаны және «Искраның» жоспары» деген кітапшасында (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 79—103-беттер) толық айтады.—*310.*

[148] *РСДРП үшінші съезі* 1905 жылы 12—27 апрельде (25 апрель — 10 май) Лондонда болды. Оны большевиктер дайындады және В. И. Лениннің басшылығымен өтті. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартты, сөйтіп Женевада өздерінің конференциясын шақырды.

Съезге 38 делегат: 24-і шешуші даусымен, 14-і кеңесші даусымен қатысты. РСДРП-ның 21 комитетінен шешуші даусымен делегаттар қатысты. Ленин Одесса комитетінен делегат болды. Делегаттардың ішінде В. В. Воровский, Р. С. Землячка, Н. К. Крупская, А. Богданов, А. В. Луначарский, М. М. Литвинов, М. Г. Цхакая және басқалар болды. Съездің председателі болып Ленин сайланды.

Съезд Россияда кең өріс алып бастаған революцияның түбегейлі мәселелерін қарады және пролетариат пен оның партиясының міндеттерін белгіледі.

Съезд талқылаган барлық негізгі мәселелер жөнінде қарарлардың жобаларын Ленин жазды. Съезде Ленин социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы, шаруалар қозғалысын қолдау жайындағы қарар туралы баяндамалар жасады және қарулы көтеріліс туралы, төңкеріс қарсаңында үкімет тактикасына көзқарас туралы, социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары туралы, партия уставы туралы, Орталық Комитеттің жұмысы туралы баяндама жөнінде және басқа да мәселелер туралы сөз сөйледі. Съезд партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық жоспарын белгіледі, оның мәні мынада болды: пролетариат революцияның көсемі, басшысы болуы керек, шаруалармен одақтаса отырып, буржуазияны оқшау қалдырып, революцияның жеңісі үшін — самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою үшін күресуі керек. Осы стратегиялық жоспарды негізге ала отырып, съезд партияның тактикалық бағытын белгіледі. Партияның басты және

шұғыл міндеті ретінде съезд қарулы көтеріліс ұйымдастыру міндетін алға қойды. Халықтың қарулы көтерілісінің жеңуі нәтижесінде, деп көрсетті съезд, революциялық уақытша үкімет құрылуы тиіс, ол контрреволюцияның қарсылығын басып, РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруы керек, социалистік революцияға өту үшін жағдай әзірлеуі тиіс.

Съезд партияның уставын қайта қарады; ол уставтың партияға мүшелік туралы бірінші параграфын лениндік тұжырымда қабылдады; партиядағы екі орталық (Орталық Комитет пен Орталық Орган) болу жүйесін жойды да, бірыңғай басшы партиялық орталық — Орталық Комитетті құрды, Орталық Комитеттің праволарын және оның жергілікті комитеттермен қатынасын нақты белгіледі.

Съезд меньшевиктердің әрекеттерін, олардың ұйымдық және тактикалық мәселелердегі оппортунизмін айыптады. «Искра» меньшевиктердің қолына түсіп, оппортунистік бағыт жүргізгендіктен, РСДРП III съезі Орталық Комитетке жаңа Орталық Орган — «Пролетарий» газетін ұйымдастыруды тапсырды. 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Комитеттің пленумында В. И. Ленин «Пролетарийдің» редакторы болып тағайындалды.

РСДРП III съезінің орасан зор тарихи маңызы бар. Бұл тұңғыш большевиктік съезд болды. Съезд партияны және жұмысшы табын демократиялық революцияның жеңуі жолындағы күрестің айбынды программасымен қаруландырды. Партияның III съезінің жұмысы мен маңызы жөнінде Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 225—232-беттер). Съездің шешімдерін Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында негіздеген болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер).—*311.*

[149] *Меньшевиктердің Женева конференциясы* 1905 жылы апрельде РСДРП III съезімен бір мезгілде өтті. Қатысушылардың саны аз болғандықтан (9 комитеттен ғана делегаттар қатысты), меньшевиктер өздерінің жиналысын партия қызметкерлерінің конференциясы деп атады.

Конференцияның шешімдері меньшевиктер өздерінің алдына революцияны одан әрі өрістету міндетін қоймағанын көрсетті. Олар пролетариаттың революциядағы гегемондығын және пролетариаттың шаруалармен одақтасу саясатын теріске шығарды. Олар либерал буржуазияны буржуазиялық-демократиялық революцияның басшысы деп және революция жеңгеннен кейін өкімет билігі осы либерал буржуазияның қолына өтуге тиіс деп есептеді. Меньшевиктер революциялық уақытша үкімет құрудың және оған социал-демократия өкілдерінің қатысуының қажеттігін теріске шығарды.

Конференция қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі шешімдерінде пролетариат партиясы көтерілісті әзірлеумен шұғылданбауға тиіс, ойткені мұның өзі буржуазияны үркітіп жіберуі мүмкін деп есептеп, көтеріліске байланысты пролетариаттың алдында тұрған практикалық міндеттерді белгілемеді. Конференция социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы пікір айтты. Ол помещиктік жерлерді тартып алу үшін революциялық шаруалар комитеттерін ұйымдастыру міндетін қойған жоқ; жер мәселесін шешу болашақтағы құрылтай жиналысына қалдырылды. Конференцияның ұйымдық мәселе жөнінде оның «ұйымдық уставында» айтылған шешімдері партияны II съезден кейін қарай, ұйымдық бытыраңқылыққа, үйірмешілдікке қарай тартты. Женева конференциясының шешімдері меньшевиктердің жұмысшы табын реформизм рухында және либерал буржуазияның тактикасына бейімделу рухында тәрбиелеп, жұмысшы табын идеялық және ұйымдық жағынан қарусыздандырғанын, жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды таратушы болғанын дәлелдеді. Лениннің атап көрсеткеніндей, олардың тактикасы «революцияға опасыздық ету, пролетариатты буржуазиялық таптардың дәрменсіз қуйыршығына айналдыру» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 89-бет) тактикасы болды. В. И. Ленин «Үшінші адым кейін» деген мақаласында, «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген шығармасында, ««Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөзде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер; 11-том, 1—139, 169—175-беттер) және басқа да еңбектерінде Женева конференциясы шешімдерінің оппортунистік сипатын ашып, оларды өлтіре сынады.—*311.*

150 *Стокгольм съезі* — РСДРП төртінші (Бірігу) съезі 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрельде — 8 майда) болды. Съезге РСДРП-ның жергілікті 57 ұйымынан шешуші дауыспен 112 делегат және кеңесші дауыспен 22 делегат қатысты. Съезде ұлттық ұйымдардан: Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясынан, Бундтан және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясынан үш өкілден, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы мен Финляндия жұмысшы партиясынан бір өкілден болды. Сонымен қатар, съезге Болгар социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі қатысты.

Большевик-делегаттардың ішінде В. И. Ленин, В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Ф. А. Сергеев (Артем), И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский болды.

Меньшевиктер съезде көпшілік болды. Оның себебі, бұқараның қарулы қимылдарын бастаған көптеген большевик-

тік партия ұйымдары талқандалған еді, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Большевиктердің тірегі — Орталықтан, Уралдан, Сибирьден, Солтүстіктен келген делегаттар саны аз болды. Ал елдің бұқаралық революциялық қимылдар болмаған өнеркәсіпті емес аудандарында сан жағынан анағұрлым үлкен ұйымдары бар меньшевиктер делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды.

Съезде барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктердің арасында қиян-кескі күрес болды. Ленин аграрлық мәселе бойынша, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер бойынша баяндамалар жасады, сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын дайындайтын комиссияға қатысты. Съезде меньшевиктердің сан жағынан басым болуы оның шешімдерінің сипатын белгіледі. Табанды күрестен кейін съезд Мемлекеттік дума туралы, қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті, меньшевиктердің аграрлық программасын қабылдады. Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе бойынша халықаралық Амстердам конгресінің қарарын құптаумен шектелді. Съезд кәсіптік одақтар туралы ымырашылдық қарарды және шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарды талқылаусыз қабылдады.

Сонымен қатар, партия бұқарасының талап етуімен съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын алып тастады. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым уставқа тұңғыш рет енгізілді.

Съезде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу мәселесі шешілді, олар РСДРП құрамына сол территориядағы барлық ұлттардың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйымдар ретінде кірді.

Съезде сайланған Орталық Комитеттің құрамына 3 большевик және 7 меньшевик енді. Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің редакциясы меньшевиктерден ғана құралды.

Съезд партия тарихына «Бірігу» съезі ретінде енді. Бірақ съезде РСДРП-ның формальды түрде бірігуі ғана жүзеге асырылды. Іс жүзінде меньшевиктер мен большевиктердің революцияның аса маңызды мәселелері жөнінде өз көзқарастары, өз платформасы болды және іс жүзінде олар екі партия еді.

Съездің жұмысына Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер) талдау жасады.— *311.*

[151] *Лондон съезі* — РСДРП бесінші съезі — 1907 жылы 30 апрельде —19 майда (13 май —1 июньде) болды.

Съезге партияның 147 мыңнан астам мүшелерінің өкілдері болған 336 делегат қатысты. Большевик-делегаттар —105, меньшевиктер — 97, бундшылдар — 57, поляк социал-демократтары —44, Латыш өлкесі социал-демократиясының өкілдері—29, «фракциядан тысқарылар»—4 болды. Ірі өнеркәсіп орталықтары съезге большевиктерді жіберді. Петербург партия ұйымы 17 делегаттан 12 большевик, Москва және Москва округтық партия ұйымдары 19 делегаттан 16 большевик, Урал партия ұйымы 19 большевик, Иваново-Вознесенск, Владимир, Кострома округтық, Брянск, Қазан, Красноярск партия ұйымдары тек қана большевик делегаттар жіберді. В. И. Ленин съезге Верхне-Камск ұйымынан сайланды. Съезге В. И. Ленин бастаған большевик-делегаттардың ұйымшыл тобы қатысты, олар: А. С. Бубнов, К. Е. Ворошилов, И. Ф. Дубровинский, М. Н. Лядов, В. П. Ногин, М. Н. Покровский, К. Н. Самойлова, И. В. Сталин, А. М. Стопани, И. А. Теодорович, М. Г. Цхакая, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский және басқалар болды. Съездің жұмысына кеңесші дауыспен А. М. Горький қатысты.

Ұзаққа созылған қым-қиғаш жарыс сөздерден кейін мынадай күн тәртібі қабылданды: 1) Орталық Комитеттің есебі; 2) Думадағы фракцияның есебі және фракцияны ұйымдастыру; 3) Буржуазиялық партияларға көзқарас; 4) Мемлекеттік дума; 5) «Жұмысшы съезі» және бейпартиялық жұмысшы ұйымдары; 6) Кәсіптік одақтар және партия; 7) Партизандық қимылдар; 8) Жұмыссыздық, экономикалық дағдарыс және локауттар; 9) Ұйымдық мәселелер; 10) Штутгарттағы халықаралық конгресс (1 май, милитаризм); 11) Армиядағы жұмыс; 12) Әр түрлі мәселелер. Съездің жұмысы созылып кетуі салдарынан жұмыссыздық туралы, экономикалық дағдарыс және локауттар туралы, Штутгарттағы халықаралық конгресс туралы мәселелер талқылаудан алынып тасталды.

Ленин съездің президиумына сайланды және съездің 6, 7, 14, 15, 27, 34, 35-мәжілістерінде председательдік етті; ол күн тәртібінің аса маңызды мәселесі — буржуазиялық партияларға көзқарасы туралы мәселе бойынша баяндама жасады және қорытынды сөз сөйледі, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама бойынша, Думадағы фракцияның қызметі туралы баяндама бойынша сөз сөйледі, партияның буржуазиялық революциядағы тактикасының негіздері туралы жалпы принципті мәселелерді съездің күн тәртібіне енгізуді жақтап сөз сөйледі; меньшевиктерге, бундшылдарға, Троцкийге қарсы сөз сөйледі.

Съезде большевиктерді Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Латыш өлкесі социал-демократиясының делегаттары қолдады. Оларды революциялық платформа негізінде топтастырып большевиктер съезде көпші-

лік болды, сөйтіп революциялық, маркстік бағыттың жеңуіне жетті. Барлық негізгі мәселелер бойынша съезд большевиктік қарарлар қабылдады.

Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде Ленин жазған қарар қабылданды. Бұл қарарда съезд пролетарлық емес партиялардың бәріне — қаражүзділерге, октябристерге, кадеттерге, эсерлерге — большевиктік баға беріп, революциялық социал-демократияның бұл партиялар жөніндегі тактикасын тұжырымдады. Мұның өзі большевиктердің үлкен жеңісі еді. Партия, деп жазды Ленин кейіннен, «пролетарлық емес партиялар туралы Лондон қарарында революция сабақтарының негізгі қорытындыларын шығарды. Социал-демократиялық пролетариат бұл қарарда таптардың революциядағы қарым-қатынастарын дәл және айқын бағалап, барлық басты партиялардың әлеуметтік негізі мен жұмысшы қозғалысының демократия үшін күрестегі жалпы міндеттерін белгіледі» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 189-бет).

Съезд Мемлекеттік дума туралы большевиктік қарар қабылдады, онда социал-демократияның Думадағы міндеттері тұжырымдалды; социал-демократияның Думадағы жұмысы, делінді қарарда, Думадан тысқарғы жұмысқа бағындырылуға тиіс, Думаны ең алдымен самодержавиені және буржуазияның келісімпаздық саясатын әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін трибуна ретінде пайдалану керек. Думадағы фракцияның есебі жөніндегі қарарында съезд Думадағы социал-демократиялық фракция съезд директиваларына сәйкес және Орталық Комитеттің басшылығымен Россия пролетариатының ісіне қызмет ете береді деп сенім білдірді.

«Жұмысшы съезі» туралы мәселе бойынша «Пролетариат ішіндегі анархистік-синдикалистік ағымға байланысты бейпартиялық жұмысшы ұйымдары туралы» қарардың съезге Ленин жазған жобасы негізінде әзірленген большевиктік қарар қабылданды. «Кәсіптік одақтар және партия» мәселесі бойынша қарарда съезд кәсіподақтардың «бейтараптығы» жөніндегі оппортунистік теорияны қабылдамай тастады, партияның кәсіподақтарға идеялық және саяси басшылық етуіне жету қажет деп тапты. Съезд екі орталық болуын (съезде Орталық Комитеттің және Орталық Органның сайлануын) жойып, РСДРП уставына өзгерістер енгізді. Өзгертілген устав бойынша съезде тек Орталық Комитет қана сайланды, ал Орталық Орган редакциясын Орталық Комитет тағайындап, оның жұмысына бақылау жасап отыруға тиіс болды. Уставта партия өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау үшін мезгіл-мезгіл партиялық кеңестер шақырып отыру көзделді.

Орталық Комитетке 5 большевик, 4 меньшевик, 2 поляк социал-демократы, 1 латыш социал-демократы сайланды. Ор-

талық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып 10 большевик, 7 меньшевик, 3 поляк социал-демократы және 2 латыш социал-демократы сайланды. Орталық Комитеттің мүшелері және мүшелікке кандидаттары болып В. И. Ленин, Ф. Э. Дзержинский, И. Ф. Дубровинский, В. П. Ногин, Л. Б. Красин, Я. Тышка, Ю. Мархлевский және басқалар сайланды. Кейіннен Орталық Комитеттің құрамына тағы да 3 адам: Бундтан 2 адам және Латыш өлкесі социал-демократиясынан 1 адам енгізілді.

Әр түрлі ағымдардың өкілдері кірген Орталық Комитет тарапынан жасалатын басшылықтың сенімсіздігі (ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері большевиктер мен меньшевиктердің арасында жиі ауытқып отырды) ескеріліп, съезд жұмысының соңында, большевиктік фракцияның мәжілісінде, Ленин бастаған Большевиктік орталық сайланды, оған «Пролетарий» газетінің редакциясы да кірді.

РСДРП Бесінші съезі Россияның жұмысшы қозғалысында большевизмнің жеңісі болды. Съездің шешімдерінде буржуазиялық-демократиялық революция кезеңінде партияның оппортунистік, меньшевиктік қанатына қарсы большевиктердің күресінің қорытындысы шығарылды. Большевиктік тактика бүкіл партия үшін бірыңғай тактика есебінде мақұлданды.— *311.*

152 *Махизм* — реакциялық идеалистік-субъективтік философиялық ағым; XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында Батыс Европада кең таралды. Мұның негізін австриялық физик әрі философ Э. Мах пен неміс философы Р. Авенариус салды. Махизм буржуазиялық идеалистік философияның жұмысшы табына мейлінше қауіпті бағыты болды, өйткені ол сөз жүзінде идеализмге қарсы шығып, қазіргі жаратылыс тану ғылымына сүйенген болды, мұның өзі оған сырттай қарағанда «ғылыми» түр берді. Реакция жылдарында Россияда социал-демократиялық интеллигенцияның бір бөлегі махизмнің ықпалына түсті. Махизм әсіресе интеллигент-меньшевиктердің арасында (Н. Валентинов, П. С. Юшкевич және басқалар) кең тарады. Большевиктерден де әдебиетшілердің бір бөлегі (В. Базаров, А. Богданов, А. В. Луначарский және басқалар) махизм позициясына түсті. Орыс махистері марксизмді дамыту туралы екіжүзді мәлімдемелерді бетке ұстап, іс жүзінде маркстік философияның негіздеріне ревизия жасады. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында махизмнің реакциялық мәнін ашып берді, маркстік философияны ревизионистердің қастандығынан сақтап қалды, диалектикалық және тарихи материализмді жаңа тарихи жағдайда жан-жақты дамытты. Махизмді талқандау меньшевизмнің, шақырымпаздық пен құдай жасампаздықтың идеялық позицияларына аса күшті соққы болып тиді.— *311.*

[153] *Шақырымпаздық*—большевиктердің арасында туған оппортунистік ағым, оны А. Богданов басқарды. Революцияшыл сөздерді бүркемелеңіп, шақырымпаздар социал-демократ депутаттарды III Мемлекеттік думадан кері шақырып алуды және жария ұйымдардағы жұмысты тоқтатуды талап етті. Реакция жағдайында партия тек қана құпия жұмыс жүргізуге тиіс дей отырып, шақырымпаздар Думаға, жұмысшылардың кәсіптік одақтарына, кооператив ұйымдарына және басқа бұқаралық жария және жартылай жария ұйымдарға қатысудан бас тартты, сөйтіп бүкіл партиялық жұмысты құпия ұйым шеңберінде шоғырландыру қажет деп есептеді. Шақырымпаздықтың бір түрі ультиматизм болды. Ультиматистердің шақырымпаздардан тек форма жағынан ғана өзгешелігі болды. Олар Думадағы социал-демократиялық фракцияға партияның Орталық Комитетінің шешімдеріне фракцияның сөзсіз бағынатыны туралы ультиматум қоюды, ал мұны орындамаған жағдайда социал-демократ депутаттарды Думадан кері шақырып алуды ұсынды. Ультиматизм іс жүзінде бүркемеленген, жасырынған шақырымпаздық болды. Ленин ультиматистерді «ұялшақ шақырымпаздар» деп атады.

Шақырымпаздар партияға орасан зор зиян келтірді. Олардың саясаты партияны бұқарадан қол үзуге, оны жаңа революциялық өрлеу үшін күш жинай алмайтын сектанттық ұйымға айналдыруға бастады. Ленин шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» ретінде әшкерелеп, шақырымпаздыққа бітіспес соғыс жариялады. «Шақырымпаздық — большевизм *емес*, қайта оның ең қаскөй саяси дұшпаны ғана ойлап шығара алатын ең нашар саяси карикатурасы»,— деп жазды Ленин (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 402-бет).

1908 жылдың күзінде РСДРП V конференциясына (1908 жылғы Жалпы россиялық) делегаттар сайлаған кезде Петербург ұйымында ультиматист-шақырымпаздар айрықша платформа жасап, онысын Петербург комитетінің кеңейтілген мәжілісіне қарар түрінде ұсынды. Қарар партия ұйымдары арасында кең қолдау таппады. Конференцияда шақырымпаздар өз платформасын ұсынып ашық шығуға батылы бармады; олар оз жақтастарының шағын тобын ғана құра алды.

Шақырымпаздардың платформасын Ленин «Большевизмге карикатура» деген мақаласында (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 430—443-беттер) кең көлемде сынға алды. Ленин шақырымпаздардың көзқарастарының бүкіл дәйексіздігін, принципсіздігін, марксизмге дұшпандығын ашып берді. Лениннің «Екі хат жайында», ««Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақала жайында», «Жойымпаздықты жою», «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» деген және басқа мақалалары да шақырымпаздықты сынауға арналған (Шығармалар толық

жинағы, 17-том, 318—337, 400—404-беттер; 19-том, 44—53, 77—115-беттер).

Шақырымпаздар лидерлерінің біразы (Богданов, Луначарский) жойымпаз-меньшевиктермен (Валентинов, Юшкевич) бірге баспасөз бетінде марксизмнің теориялық негіздеріне — диалектикалық және тарихи материализмге шабуыл жасады. Луначарский құдай жасампаздықты — жаңа дін жасау, социализмді дінмен ұштастыру қажеттігін уағыздай бастады.

1909 жылдың көктемінде шақырымпаздар, ультиматистер мен құдай жасампаздар Капри аралында фракциялық мектеп ұйымдастыру жөніндегі инициативалық топты (Богданов, Алексинский, Луначарский және басқалары) құрды. 1909 жылғы июньде «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі «РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым болып табылатын большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ешбір қатысы жоқ» деген шешім қабылдап, большевиктерді революциялық марксизмнен бұл ауытқушылықтарға қарсы барынша үзілді-кесілді күрес жүргізуге шақырды. Шақырымпаздардың дем берушісі Богданов большевиктердің қатарынан шығарылды.

Кейінірек «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Ленин былай деп жазды: большевиктер революция жеңіліске ұшырағаннан кейін дұрыс шегініп, өз қатарын сақтап қала алды, оның себебі «шегіну керек екенін, шегіне білу керек екенін, нағыз реакцияшыл парламенттерде, нағыз реакцияшыл кәсіподақтық, кооперативтік, қауіпсіздендіру және сондай ұйымдарда міндетті түрде жария жұмыс істеп үйрену керек екенін түсінгісі келмеген сөзуар революционерлерді аямай әшкерелеп, қуып шығып отырды» (Шығармалар, 31-том, 12—13-беттер).— *311.*

154 *«Вперед»* («Алға») — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; 1904 жылғы 22 декабрьден (1905 жылғы 4 январьдан) 1905 жылғы 5 (18) майға дейін Женевада шығып тұрды. 18 номері шықты. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Редакцияның құрамына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский енді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен бүкіл хат-хабарын Н. К. Крупская жүргізді. В. И. Ленин газеттің мазмұнын айқындай отырып, былай деп жазды: ««Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 253-бет). «Вперед» газетінде В. И. Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары жарияланды. Ленин кейбір мақалаларды редакцияның басқа мүшелерімен (Воровскиймен, Ольминскиймен және басқаларымен) бірігіп жазды.

«Вперед» газеті жарық көргеннен кейін көп ұзамай-ақ жергілікті партия комитеттерінің ықыласына ие болды, оны

олар өздерінің органы деп таныды. Жергілікті партия комитеттерін лениндік принциптер негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін әзірлеуде үлкен роль атқарды; Лениннің газет беттерінде ұсынған және негіздеген нұсқаулары съезд шешімдеріне негіз етіп алынды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен үдайы байланыс жасап отырды.

Партияның үшінші съезі өзінің арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялықты қалпына келтіру үшін күресте, революциялық қозғалыс тудырған тактика мәселелерін көтеріп, жаза білуде, съезді шақыру жолындағы күресте үздік роль атқарғанын атап көрсетті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына «Пролетарий» газеті шығарыла бастады.— *311.*

[155] *«Пролетарий»* — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; РСДРП Орталық Органы, партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылды. Партияның Орталық Комитеті пленумының шешімі бойынша 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды. Газет 1905 жылғы 14 (27) майдан 12 (25) ноябрьге дейін Женевада шығып тұрды. Барлығы 26 номері шықты. «Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» жолын ұстады және большевиктік «Вперед» газетімен сабақтастықты толық сақтады.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің мақалалары газеттің саяси бетін, идеялық мазмұнын және большевиктік бағытын белгіледі. Ленин газеттің басшысы және редакторы ретінде орасан зор жұмыс істеді.

Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский үнемі қатысып тұрды. Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпинский редакцияда үлкен жұмыс атқарды. Газет Россия жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болды; газет бетінде революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан жұмысшылардың мақалалары мен заметкалары жарияланып тұрды.

«Пролетарий» Россия және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы барлық елеулі оқиғаларға үн қосып отырды, меньшевиктерге және басқа оппортунистік, ревизионистік элементтерге қарсы аяусыз күресті.

Газет партияның III съезі шешімдерін насихаттауда үлкен жұмыс жүргізді және большевиктерді ұйымдық, идеялық жағынан топтастыруда маңызды роль атқарды. «Пролетарий» революциялық марксизмді дәйектілікпен қорғады, Россияда өріс алған революцияның барлық негізгі мәселелерін талдап зерттеді. 1905 жылғы оқиғаларды жан-жақты баяндап жаза отырып, «Пролетарий» еңбекшілердің қалың бұқарасын революцияның жеңісі жолындағы күреске көтерді.

«Пролетарий» жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға үлкен ықпал жасады. Большевиктік жергілікті газеттер Лениннің кейбір мақалаларын «Пролетарий» газетінен көшіріп басты, листовка етіп таратты.

1905 жылы ноябрьдің бас кезінде Ленин Россияға жүріп кеткеннен кейін көп кешікпей газеттің шығуы тоқтатылды. Соңғы екі номері (25 және 26) В. В. Воровскийдің редакциялауымен шықты, бірақ бұларға арнап та Ленин бірнеше мақала жазған болатын, олар Ленин Женевадан жүріп кеткеннен кейін жарияланды.— *311.*

156 *«Новая Жизнь»* («Жаңа Өмір») — большевиктік тұңғыш жария газет; Петербургте 1905 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) 3 (16) декабрьге дейін күн сайын шығып тұрды. Ресми түрде газеттің редактор шығарушысы болып ақын Н. М. Минский, бастырып шығарушы болып М. Ф. Андреева есептелді. 1905 жылы ноябрьдің басында В. И. Лениннің эмиграциядан Петербургке қайтып келуіне байланысты газет Лениннің тікелей басшылығымен шыға бастады. Редакция және қызметкерлер құрамы өзгертілді. «Новая Жизнь» іс жүзінде РСДРП-ның Орталық Органы болды. В. Д. Бонч-Бруевич, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский және басқалар газетке жақын араласты. А. М. Горький «Новая Жизньге» белсене қатысты, сондай-ақ газетке үлкен материалдық жәрдем де беріп тұрды. Газетке шетелден қатысатындар тізімінде Роза Люксембург, Карл Либкнехт, Марсель Кашен, Поль Лафарг және басқалар бар еді.

Газетте В. И. Лениннің 14 мақаласы басылды. Бұл мақалаларда партияның бірінші орыс революциясы кезіндегі міндеттері мен тактикасы белгіленді.

«Новая Жизнь» РСДРП Орталық Комитетінің барлық шешімдері мен шараларын белсенді түрде жүзеге асырып отырды. Ол бұқараны саяси ағарту және ұйымдастыру ісінде үлкен роль атқарды, бұқараны қарулы көтеріліске жұмылдырды.

Газет партия ұйымдарымен, революцияшыл жұмысшылармен тығыз байланыс жасады, олардың арасында үлкен беделге ие болды. Редакцияға хаттар елдің түпкір-түпкірінен келіп жатты; хаттардың авторлары жұмысшылар, шаруалар, қызметшілер, әскери адамдар, студенттер болды. Редакция үйі партиялық кездесулер, жиналыстар, кеңестер өтетін орын болды. Газеттің күнделікті тиражы 80 мың данаға дейін жетіп жүрді.

«Новая жизнь» талай рет қудаланды. Патша үкіметі 27-номері жарыққа шыққаннан кейін 2 декабрьде газетті жауып тастады. Соңғы, 28-номері құпия түрде шықты.— *311.*

157 *«Волна»* («Толқын») — большевиктік күнделікті газет; 1906 жылғы 26 апрельден (9 майдан) 24 майға (6 июньге) дейін Петербургте жария шығып тұрды. 25 номері шықты. «Вол-

наны» 9-номерінен бастап іс жүзінде В. И. Ленин редакцияпады. Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов және басқалар қатысты. Газетте Лениннің 25-ке жуық мақаласы жарияланды, олардың көбі бас мақала ретінде басылды. Бұқараның революциялық күресіне большевиктердің басшылық етуінде, пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығын көтеруде «Волна» үлкен роль атқарды.

Патша үкіметі «Волнаны» қуғынға салды: редакторы бірнеше рет сотқа тартылды; газеттің көптеген номерлеріне тыйым салынды. 1906 жылғы 24 майда (6 июньде) патша үкіметі газетті жауып тастады. «Волнаның» орнына «Вперед» газеті, ал одан соң «Эхо» шыға бастады.— *311.*

158 *«Эхо»* («Жаңғырық») — күнделікті большевиктік жария газет, 1906 жылғы 22 июньнен (5 июльден) 7 (20) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 14 номері шықты. Газеттің іс жүзіндегі редакторы В. И. Ленин болды. Әрбір номерінде Лениннің мақалалары басылып тұрды; газетте Лениннің барлығы жиырмадан астам мақаласы мен заметкасы басылды.

«Эхо» газеті номерлерінің бәрі дерлік қудалауға ұшырады: шығарылған он төрт номерінің он екісіне өкімет орындары тыйым салды.— *311.*

159 *«Мысль»* («Ой») — ай сайын шығып тұрған большевиктік жария философиялық және қоғамдық-экономикалық журнал; 1910 жылғы декабрьден 1911 жылғы апрельге дейін Москвада шығып тұрды; барлығы бес номері шықты. Журналдың бірінші номері 3000 дана тиражбен шықты. Журнал В. И. Лениннің инициативасы бойынша жойымпаздық жария органдарға қарсы күресті күшейту үшін және алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен интеллигенттерді марксизм рухында тәрбиелеу үшін құрылды. Ленин журналға шетелден басшылық етті, редакциямен үнемі хат жазысып тұрды. «Мысльдің» бірінші номерін алғаннан кейін Ленин А. М. Горькийге былай деп жазды: «Құттықтаңыз — Москвадағы *біздің,* маркстік журнал. Бүгін біз сондай қуанышқа бөлендік» (Шығармалар, 34-том, 448-бет).

Журналдың алғашқы төрт номерінде Лениннің «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы», ««Ескертімпаз» сабаздар», «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)», «Мереке жайында», «Өкіметтің әлеуметтік құрылымы, перспективалар және жойымпаздық туралы» және «Айтыс заметкалар» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 411—443-беттер; 20-том, 97—103, 122—143, 173—182, 200—223, 224—227-беттер) деген мақалалары басылды. Журналға В. В. Воровский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов етене араласып отырды. Оған сондай-ақ партияшыл-меньшевиктер — Г. В. Плеханов, Ш. Раппопорт жә-

не басқалары да қатысып жүрді. «Мысльдің» соңғы, бесінші номері конфискеленді, ал журналдың өзі жабылды. Көп кешікпей Петербургте «Просвещение» журналы шыға бастады, ол іс жүзінде «Мысльдің» жалғасы болды.— *312.*

160 Петербург губерниясынан IV Мемлекеттік думаға жұмысшы куриясы бойынша сайламшылар сайлау үшін 1912 жылғы 5 (18) октябрьде уәкілдер съезін шақыру қарсаңында үкімет 21 кәсіпорны (сайлауға қатысқан 44 фабрика мен заводтың ішінен) бойынша бұл кәсіпорындарда уәкілдер сайлау теріс деп табылды деген «түсіндірме» дейтінді берді. Үкіметтің «түсіндірмесіне» жауап ретінде Петербургтің көптеген заводтары мен фабрикаларының жұмысшылары саяси ереуіл бастады. «Бірінші болып Путилов заводы ереуілге шықты,— деп жазды А. Е. Бадаев өзінің естеліктерінде.— Сайлау болатын күні, 5 октябрьде, түстен кейін жұмысшылар жұмысқа кіріспестен шеберханалар бойынша жиналып, ереуіл жариялады. Бүкіл завод — 14 мыңдай адам ереуіл жасады. Күндізгі сағат 3-те бірнеше мың жұмысшы заводтан шығып, революциялық әндер айтып, Нарва қақпаларына қарай беттеді, бірақ полиция оларды таратып жіберді. Путилов заводынан кейін Нева кеме жасау заводының жұмысшылары ереуіл жасады, бұл заводтың 6 500 жұмысшысы митинг өткізіп, саяси демонстрация жасады. Оларға Паль фабрикасының, Максвель фабрикасының, Охтадағы Алексеев ағаш бұйым фабрикасының, т. б. кәсіпорындардың жұмысшылары қосылды. Келесі күндері Эриксон, Лесснер, Гейслер, Дюфлонның «Вулкан», Лангензипен, «Феникс» заводтары, Чешер, Бек, Лебедев фабрикалары және басқалар ереуілге қосылды» (А. Бадаев. «Большевиктер Мемлекеттік думада. Естеліктер». М., 1954, 39-бет). Ереуіл Петербургтің барлық аудандарына тарап, көп адам қатысқан митингілермен және демонстрациялармен ұштасып отырды.— *313.*

161 Бұл арада әңгіме Рига мен Москвадан жіберіліп, 1913 жылғы 12 (25) январьда «Социал-Демократ» газетінің 30-номерінде басылған корреспонденциялар туралы болып отыр; бұларда жұмысшылардың стачкалары мен демонстрациялары туралы хабарланған болатын. 1912 жылғы 11 (24) ноябрьде Рига жұмысшылары Севастопольдегі әскери-теңіз сотының «Иоанн Златоуст» броненосецінің бір топ матростарын өлім жазасына кескен үкімдеріне қарсы, түрмелерде саяси тұтқындарды жәбірлеуге және Балқанда басталған соғысқа қарсы наразылық білдіріп, демонстрация ұйымдастырды. 1500-ден астам жұмысшы революциялық әндер айтып, қызыл жалаулар көтеріп, Риганың көшелерімен өтті және халық оларды іш тарта қарсы алды. 12 (25) ноябрьде Риганың көптеген ірі фабрикаларында саяси ереуіл басталды. 8 (21) ноябрьде Москваның бірқатар фабрикаларының жұмысшылары Севастопольде матростарды өлтіруге қарсы наразылық белгісі ретін-

де ереуіл жасады. Демонстрация жасалды, бірақ оны полиция көп кешікпей қуып таратып жіберді.— *316.*

[162] *Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының алтыншы съезі* 1908 жылғы 5—13 декабрьде (жаңаша) Прагада өтті. Съезге Варшава, Лодзь, Домбровск, Ченстоховск және Белосток партия ұйымдарынан делегаттар қатысты. Съезд мынадай мәселелерді талқылады: Бас басқарманың есебі; Россия мен Польшадағы саяси жағдай; партияның тактикасы және Думадағы социал-демократиялық фракцияның қызметі; кәсіптік және кооператив қозғалысы; Поляк социалистік партиясы «солшылдарына» және Поляк социалистік партиясы «революциялық фракциясына» көзқарас; Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының РСДРП ішіндегі позициясы; партияның аграрлық және ұлттық программасы және басқалар.

Бас басқарманың есебі бойынша қызу жарыс сөз өрістеді. Варшава делегаттары Бас басқарманың ұйымдық саясатын сынап сөз сөйледі; олар Бас басқарма жергілікті ұйымдардан қол үзген, ол сын еркіндігін тежеп келді, партия активін партияға басшылық етуге жеткілікті дәрежеде тартпай келді, сондай-ақ басқа да бірқатар елеулі қателіктер жіберді деп атап көрсетті. Домбровск және Лодзь ұйымдарының өкілдері Варшава делегаттарының сөздерін қостады. Жарыс сөздердің нәтижесінде Бас басқарманы жақтаушылардың оған сенім білдіру туралы ұсынған қарары қажетті мөлшерде дауыс жинай алмады, сөйтіп съезд келесі істерге көшу туралы шешім қабылдаумен шектелді.

Съезд жойымпаздық және шақырымпаздық тенденцияларды сөгіп, құпия партия ұйымдарын нығайту және ұлғайту, жұмысшы табын ұйымдастыру мүддесі үшін жария мүмкіндіктер атаулының бәрін пайдалану міндетін алға қойды.— *321.*

[163] Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының оның құрамынан шығып қалған үш мүшесі,— бұлар А. Малецкий, Я. Ганецкий және В. Ледер.— *322.*

[164] *Варшава аудан аралық конференциясы* — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Варшава ұйымының 1911 жылғы 10 декабрьде (жаңаша) шақырған конференциясы. Конференция Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының қателіктерін атап көрсетіп, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының съезін шақыруды немесе ең болмағанда Варшава ұйымынан өкілдікті бір делегаттан үш делегатқа дейін көбейтіп, кеңейтілген құрамда конференция шақыруды талап етті. Бұл талаптарға жауап ретінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы Варшава ұйымына

карсы бағытталған бірқатар қаулылар мен нұсқау-хаттар қабылдады.— *322.*

[165] *Лодзь конференциясы* — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Лодзь ұйымының 1911 жылғы 17 декабрьде (жаңаша) болып өткен конференциясы. Лодзь конференциясы Варшава ұйымының өнегесі бойынша Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының кеңейтілген конференциясын шақыруды талап етті. РСДРП және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қарым-қатынасы туралы қарарда Лодзь конференциясы Бас басқармадан өлкелік партия ұйымдарының пікірімен санасуды және жойымпаздық туралы мәселені жедел талқылауды талап етті.— *322.*

[166] *Радикалдар мен радикал-социалистердің республикалық партиясы*— Францияның буржуазиялық партиясы, ұйымдық жағынан 1901 жылы қалыптасты, іс жүзінде XIX ғасырдың 80-жылдарынан бері өмір сүріп келеді. Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін негізінен алғанда ұсақ және орта буржуазияның мүдделерін білдіріп келді. Бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар аралығындағы дәуірде партияда ірі буржуазияның ықпалы күшейді. Партияның лидерлері талай рет француз үкіметін басқарды. — *328.*

[167] В. И. Ленин Д. В. Давыдовтың «Қарт гусар жыры» деген өлеңінің сөздерін келтіріп отыр (қараңыз: Д. Давыдов. Өлеңдерінің толық жинағы, 1933, 106-бет). —*331.*

[168] *Панама* — XIX ғасырдың 80-жылдарының аяғында Панама каналын қазу жөніндегі француз акционерлік компаниясының күйреуіне байланысты шыққан аты шулы жанжал. Кейін анықталғанындай, алаяқтық операцияларға бірқатар саяси қайраткерлер араласқан болып шықты, миллиондаған қаржының ұрланғаны, көрнекті қызметтегі адамдардың сатып алынғаны анықталды. «Панама» деген термин саяси және финанстық ірі-ірі алаяқтық әрекеттерді білдіретін ұнамсыз сөзге айналды. — *331.*

[169] Бұл арада К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесіндегі» мына қағида айтылып отыр: «Осы заманғы мемлекеттік өкімет — бүкіл буржуазия табының жалпы істерін басқарып отыратын комитет қана» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 426-бет).— *332.*

[170] В. И. Ленин К. Маркстің «Гегельдің право философиясына сын жөнінде. Кіріспе» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс.

Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 415-бет) атты еңбегінен цитат келтіріп отыр. — *332.*

[171] Бұл арада 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін эсерлік интеллигенция арасында кең тараған және Б. В. Савинковтың (Ропшиннің) әдеби шығармаларында неғұрлым айқын бейнеленген реакциялық идеялар мен торығу пиғылдары айтылып отыр. — *360.*

[172] *«Бейбіт жаңарту» партиясы* — ірі буржуазия мен помещиктердің конституциялық-монархиялық ұйымы; I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін 1906 жылы біржола қалыптасты. Партия «солшыл» октябристер мен оңшыл кадеттерді біріктірді. Бейбіт жаңартушылардың лидерлері П. А. Гейден, Н. Н. Львов, П. П. Рябушинский, М. А. Стахович, Е. Н. және Г. Н. Трубецкойлар, Д. Н. Шипов және басқалар болды. Өзінің программасы жөнінен партия октябристерге жақын болды; партия сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және шаруашылығын капиталистік жолмен жүргізетін помещиктердің мүдделерін қорғады. Ленин «бейбіт жаңарту» партиясын «бейбіт тонау партиясы» деп атады, өйткені оның іс-әрекеті «миллиондаған «мужиктердің» табан ет, маңдай терінс Россияның ақ сүйек дворяндарының *праволарын* әйтеуір бір амалын тауып сенімдірек,ептірек, шеберірек, ішкі жағынан берігірек, сырт жағынан байқаусыз етіп қорғап қалуға...» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 46-бет) бағытталды. III Мемлекеттік думада «бейбіт жаңарту» партиясы «демократиялық реформалар» партиясы дейтінмен бірге «прогрессистер» фракциясына бірікті. — *364.*

[173] Бұл арада әңгіме Рига мен Екатеринодарда IV Мемлекеттік думаның сайлауы туралы болып отыр, мұнда кадеттер оңшылдармен, қаражүздік партиялармен бірге социал-демократиялық кандидаттарға қарсы дауыс берген болатын. — *375.*

[174] *«Почин»* («Бастама»)— халықшылдық-жойымпаздық бағыттағы журнал; эсерлердің бір тобы шығарған. Жалғыз-ақ номері 1912 жылғы июньде Парижде шықты. — *380.*

[175] Жойымпаз Т. О. Белоусовтың III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракциядан қашып кетуі туралы В. И. Лениннің «Депутат Т. О. Белоусовтың Думадағы социал-демократиялық фракциядан кетуі жөнінде» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 210—215-беттер) деген мақаласын қараңыз. — *382.*

[176] Бұл арада әңгіме 1908 жылы декабрьде болған РСДРП V (1908 жылғы Жалпы россиялық) конференциясының және «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының 1909 жылғы

июньдегі кеңесінің шешімдері туралы болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 268—281, 287—312-беттер).— *384.*

[177] «Правда» газетінің бұл жерінде, сірә, бір жол қалып қойса керек. Қарардың талданып отырған жобасында партия үйлерінде оппортунистердің қолында болған «Күнделікті Азамат» («The Daily Citizen») газетімен бірге «Күнделікті Хабаршы» (The Daily Herald») газетін де іліп қою ұсынылған болатын.

«Күнделікті Хабаршы» — Британ социалистік партиясының органы, 1912 жылғы апрельден Лондонда шығып тұрды; 1922 жылдан газет лейбористік партияның органына айналды. — *399.*

[178] Халық ағарту министрі Л. А. Кассоның IV Мемлекеттік думадағы түсінігі Думаның 44 депутатының 1912 жылғы 14 (22) декабрьде Петербургтің орта оқу орындарының 34 оқушысының Витмердің жеке гимназиясындағы жиналыста қамауға алынғаны жөнінде түсірген сұрағынан туған еді. Охранка бөлімшесі оқушыларды құпия үйірмеге қатысы бар деп күдіктенді. Сұрақ Думаның 12, 17, 18, 19 және 20-мәжілістерінде талқыланды. 1913 жылғы 6 (19) февральда көпшілік дауыспен кезектегі істерге көшу формуласы қабылданды, бұл формула патша министрінің берген түсінігін қанағаттанғысыз деп тапты. — *422.*

[179] Бұл документ 1913 жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы мәселе жөнінде большевик-депутаттардың бірінің IV Мемлекеттік думада сөйлеуі үшін В. И. Ленин дайындаған сөздің жобасының жоспары болып табылады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы екі үзіндісінен басқа сөздің жобасы табылған жоқ.

Бюджет бойынша сөйленетін сөздің жарияланып отырған жоспары социал-демократиялық фракция өкілінің 1913 жылғы 13 (26) майда Думаның 45-мәжілісінде сөйлеген сөзінің негізіне алынды. — *442.*

[180] В. И. Ленин III сайланған Мемлекеттік думаның стенографиялық есебіне сілтеме жасап отыр, II сессия, I том, 1212-бет; мұнда депутаттардың бірінің сөйлеген сөзінде Курск және Орел губернияларының шаруаларының күйзелуі туралы мәліметтер келтірілген болатын. — *445.*

[181] В. И. Ленин келтіріліп отырған цифрларға «Соңғы клапан» (қараңыз: осы том, 19-бет) атты мақаласында талдау жасайды. — *445.*

[182] Ленин II сайланған Мемлекеттік думаның: II сессия, I том, 959-бет және III сайланған Мемлекеттік думаның: I сессия, I бөлім, 662-бет, стенографиялық есептеріне сілтеме жасап отыр; бұларда II және III Думалардағы социал-демократиялық фракциялардың өкілдерінің бюджет туралы мәселе жөнінде енгізген кезектегі істерге көшу формулалары келтірілген болатын.—*445*.

[183] Бұл арада әңгіме кірістер мен шығыстардың мемлекеттік тіркелуін қарау тәртібі туралы 1906 жылғы 8 (21) мартта патша үкіметі бекіткен ережелер туралы болып отыр. Бұл ережелерге сәйкес мемлекеттік бюджеттің кейбір шығыс статьялары, мәселен, патша сарайы шығындарының едәуір бөлегі, мемлекеттік заемдар бойынша төлемдер, соғыс уақытының қажетін өтеуге сметадан тыс берілетін төтенше кредиттер Думаның қарауына жатпайтын болды. — *445*.

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

российская конференция Рос. соц.-дем. раб. партии 1912 года. Изд. ЦК. Paris, кооп. тип. «Идеал», 1912, стр. 22—23. (РСДРП). — *194, 289.*

— *Об отсутствии делегатов от национальных центров на общепартийной конференции.* [Резолюция, принятая на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции РСДРП].— Там же, стр. 15—16. — *255, 297.*

— *Об оценке текущего момента.*—«Пролетарий», Женева, 1908, № 38, (14) 1 ноября, стр. 1—3. — *98.*

— *Орган либеральной рабочей политики.* —«Звезда», Спб., 1912, № 11 (47), 19 февраля, стр. 1. Подпись: Ф. Л—ко.— *371, 372.*

— *Плохая защита либеральной рабочей политики.*—«Звезда», Спб., 1912, № 24 (60), 1 апреля, стр. 3. Подпись: Ф. Л—ко.— *371, 372.*

— *Победа кадетов и задачи рабочей партии.* Спб., [«Наша Мысль», 1906]. 79 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *365.*

— *Принципиальные вопросы.*—«Правда», Спб., 1912, № 79, 31 июля, стр. 1. — *25, 55.*

— *Развязка партийного кризиса.* —«Социал-Демократ», [Париж], 1911, № 25, 8 (21) декабря, стр. 5—6. — *251.*

— *Революционный подъем.* —«Социал-Демократ», [Париж], 1912, № 27, 17 (4) июня, стр. 1. — *2, 3.*

— [*Резолюции, принятые на Краковском совещании Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками.* Краков, 1913]. 17 стр. Гект. — *279—280.*

— *Резолюция о тактике с.-д. фракции в* [*III*] *Государственной думе,* [принятая на Четвертой конференции РСДРП («Третьей общероссийской»)]. —«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 20, 19 ноября, стр. 4. На газ. место изд.: М. — *261.*

— *Сравнение столыпинской и народнической аграрной программы.* —«Невская Звезда», Спб., 1912, № 15, 1 июля, стр. 1. Подпись: Р. С. — *18.*

— *Стачечная борьба и заработная плата.* —«Правда», Спб., 1912, № 86, 9 августа, стр. 1. — *64.*

*— *Эсеровские меньшевики.* —«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 4, 19 сентября, стр. 3—6. На газ. место изд.: М. — *201.*

— 1912, № 86, 9 августа, стр. 1. — *64.*

— 1912, № 118, 15 сентября, стр. 1. — *108.*

— 1912, № 120, 18 сентября, стр. 1—2. — *122.*

— 1912, № 135, 5 октября, стр. 1. — *160.*

— 1912, № 136, 6 октября, стр. 2—3. — *160, 161.*

— 1912, № 164, 9 ноября, стр. 1. — *234.*

— 1912, № 169, 15 ноября, стр. 2. — *229, 230, 316.*

— 1912, № 180, 29 ноября, стр. 1. — *353.*

— 1912, № 182, 1 декабря, стр. 1, 2. — *264—267, 291—292.*

— 1913, № 2 (206), 3 января, стр. 1. — *307.*

— 1913, № 21 (225), 26 января, стр. 2—3; № 22 (226), 27 января, стр. 2; № 23 (227), 29 января, стр. 2; № 24 (228), 30 января, стр. 2; № 26 (230), 1 февраля, стр. 1—2; № 28 (232), 3 февраля, стр. 1—2. — *402.*

«Правда». — «Невский Голос», Спб., 1912, № 7, 17 августа, стр. 3. — *66.*

«Правда» о выборах в Варшаве. — «Луч», Спб., 1912, № 43, 6 ноября, стр. 2. Подпись: Г. А. — *325.*

Правила о порядке рассмотрения государственной росписи доходов и расходов, а равно о производстве из казны расходов, росписью не предусмотренных. [8 (21) марта 1906 г.]. — «Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате», Спб., 1906, № 51, 10 марта, ст. 335, стр. 735—737. — *445.*

Предостережение. — «Луч», Спб., 1912, № 49, 13 ноября, стр. 3. — *229.*

Предостережение. — «Луч», Спб., 1912, № 50, 14 ноября, стр. 2. — *229.*

Предпоследний и последний этапы. — «Речь», Спб., 1912, № 230 (2184), 23 августа (5 сентября), стр. 1. Подпись: Старообрядческий епископ Михаил. — *91.*

[*Примечание от редакции к статье А. Б. Шимановского «Как относятся с.-р. к выборам в 4-ю Г. думу.* (Письмо в редакцию)»]. — «Наша Заря», Спб., 1912, № 6, стр. 73. — *10.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии. — В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *188, 191, 292, 296, 297.*

«Пролетарий», Женева. — *311—312.*

«Пролетарий», [Выборг]—Женева—Париж. — *311—312.*

*— [Выборг], 1906, № 4, 19 сентября, стр. 3—6. На газ. место изд.: М. — *201.*

— 1907, № 20, 19 ноября, стр. 4. На газ. место изд.: М. — *261.*

— Женева, 1908, № 38 (14) 1 ноября, стр. 1—3. *98.*

— [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 3—7. — *384.*

«Просвещение», Спб. — *300, 312.*

— 1913, № 1, стр. 10—28. — *415.*

[*Протопопов, В. В.*] *Эхо дня.*—«Новое Время», Спб., 1912, № 13178, 17 (30) ноября, стр. 13. Подпись: Незнамов.—*243.*

Пуришкевич, В. М. Плачь, погибшая Россия. —«Земщина», Спб., 1912, № 1142, 28 октября, стр. 2. — *179.*

Резолюции, принятые [*IX*] *конференцией* [*Бунда*].— В кн.: Отчет о IX конференции Бунда. Genève, 1912, стр. 40—48. (РСДРП. Всеобщий еврейский рабочий союз в Литве, Польше и России). — *298.*

Резолюции, [*принятые на августовской конференции ликвидаторов 1912 г.*]. — В кн.: Извещение о конференции организаций РСДРП. Изд. ОК. [Wien], сентябрь 1912, стр. 23—44. (РСДРП). — *274, 295—296, 380, 439—440.*

[*Резолюции, принятые на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г*].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10—11, в отд.: Из партии. — *194.*

Резолюции, [*принятые на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)*].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4—7. (РСДРП). — *98, 274, 384.*

— 1912, № 117 (2071), 30 апреля (13 мая), стр. 2. — *14, 25—26, 70, 103, 184, 199—200, 220, 225, 366.*

— 1912, № 123 (2077), 7 (20) мая, стр. 2. — *349.*

— 1912, № 133 (2087), 18 (31) мая, стр. 4. — *365—366.*

— 1912, № 174 (2128), 28 июня (11 июля), стр. 2. — *1.*

— 1912, № 179 (2133), 3 (16) июля, стр. 3. — *1.*

— 1912, № 181 (2135), 5 (18) июля, стр. 4. — *1.*

— 1912, № 187 (2141), 11 (24) июля, стр. 2. — *1.*

— 1912, № 201 (2155), 25 июля (7 августа), стр. 1. — *14—15.*

— 1912, № 202 (2156), 26 июля (8 августа), стр. 1 — *71—72.*

— 1912, № 208 (2162), 1 (14) августа, стр. 1. — *25, 55, 103—104.*

— 1912, № 210 (2164), 3 (16) августа, стр. 1. — *53.*

— 1912, № 230 (2184), 23 августа (5 сентября), стр. 1. — *91.*

— 1912, № 253 (2207), 15 (28) сентября, стр. 2. — *118—119.*

— 1912, № 261 (2215), 23 сентября (6 октября), стр. 4.— *143.*

— 1912, № 265 (2219), 27 сентября (10 октября), стр. 2. — *147—148.*

— 1912, № 267 (2221), 29 сентября (12 октября), стр. 4. — *153, 162—166.*

— 1912, № 268 (2222), 30 сентября (13 октября), стр. 3. — *147—148.*

— 1912, № 272 (2226), 4 (17) октября, стр. 1—2. — *169—170.*

— 1912, № 275 (2229), 7 (20) октября, стр. 2. — *158.*

— 1912, № 278 (2232), 10 (23) октября, стр. 1—2. — *165.*

— 1912, № 279 (2233), 11 (24) октября, стр. 3. — *167—168.*

— 1912, № 281 (2236), 13 (26) октября, стр. 3. — *173.*

— 1912, № 287 (2241), 19 октября (1 ноября), стр. 4. — *173—174.*

«Русское Слово», М. — *153, 162.*

Савинков, Б. В. Конь бледный. Спб., «Шиповник», 1909. 147 стр. Перед загл. авт.: В. Ропшин. — *341.*

— *То, чего не было.* (Три брата). —«Заветы», Спб., 1912, № 1, апрель, стр. 64—82; № 2, май, стр. 33—55; № 3, июнь, стр. 31—46; № 4, июль, стр. 5—43; № 5, август, стр. 5—20; № 6, сентябрь, стр. 5—41; № 7, октябрь, стр. 5—47; № 8, ноябрь, стр. 5—40; 1913, № 1, январь, стр. 83—112. Подпись: В. Ропшин. — *341.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. Либерал. — *95.*

Самойлов, Ф. Н. [*Письмо в редакцию*]. —«Правда», Спб., 1913, № 24 (228), 30 января, стр. 2. Под общ. загл.: Впечатления с.-д. депутатов с мест. — *402.*

С.-Петербург, 20 января. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1911, № 20 (1616), 21 января (3 февраля), стр. 1—2. — *365—366.*

С.-Петербург, 21 марта. [Передовая].— «Речь», Спб., 1912, № 79 (2033), 21 марта (3 апреля), стр. 1. — *365—366.*

С.-Петербург, 25 июля. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1912, № 201 (2155), 25 июля (7 августа), стр. 1. — *14—15.*

С.-Петербург, 14 августа. [Передовая]. —«Россия», Спб., 1912, № 2072, 15 (28) августа, стр. 1. — *64—65.*

С.-Петербург, 5 сентября. Сила денег. —«Новое Время», Спб., 1912, № 13106, 6 (19) сентября, стр. 2. — *120.*

С.-Петербург, 15 сентября. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1912, № 253 (2207), 15 (28) сентября, стр. 2. — *118—119.*

С.-Петербург, 26 сентября. Очередные задачи дипломатии. — «Новое Время», Спб., 1912, № 13127, 27 сентября (10 октября), стр. 3. — *127—128.*

С.-Петербург, 7 октября. [Передовая].—«Речь», Спб., 1912, № 275 (2229), 7 (20) октября, стр. 2. — *158.*

С.-Петербург, 10 октября. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1912, № 278 (2232), 10 (23) октября, стр. 1—2. — *165.*

С.-Петербург, 16 ноября. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1912, № 315 (2269), 16 (29) ноября, стр. 2. — *228, 360, 365—366.*

С.-Петербург, 16 декабря. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1912, № 345 (2299), 16 (29) декабря, стр. 2. — *380.*

— 1913, № 30, 12 (25) января, стр. 7—8. — *316.*

Социал-демократия перед выборами. —«Наша Заря», Спб., 1912, № 7—8, стр. 101—104. Подпись: А. Б. — *380.*

[*Список выборщиков социал-демократов по рабочей курии С.-Петербургской губернии*]. —«Правда», Спб., 1912, № 135, 5 октября, стр. 1. — *160.*

Справочник 1912 г. [Государственной думы]. Вып. 5. Составлен приставской частью Государственной думы. Спб., гос. тип., 1912. 192 стр. (Государственная дума. IV созыв. I сессия).— *358—359, 361, 363—364.*

Справочный листок Государственной думы. (Четвертый созыв.— Первая сессия). [Спб.], 1912, № 14, 2 (15) декабря. 14 стр.— *358—359, 361, 363—364.*

Среди газет и журналов. —«Новое Время», Спб., 1912, № 13093, 24 августа (6 сентября), стр. 3. — *97, 105—106.*

Среди рабочих печатного дела. —«Невский Голос», Спб., 1912, № 7, 17 августа, стр. 4. Подпись: А—ъ. — *66.*

[*Сталин, И. В.*] *Наказ петербургских рабочих своему рабочему депутату.* [Листовка. Спб., 1912]. 1 стр. — *382.*

— *Ягелло, как неполноправный член с.-д. фракции.*—«Правда», Спб., 1912, № 182, 1 декабря, стр. 1. Подпись: К. Сталин. — *266—267.*

Статистика землевладения 1905 г. Свод данных по 50-ти губерниям Европейской России. Спб., тип. Минкова, 1907. 199 стр.; L стр. табл. (Центральный стат. ком. м-ва внутр. дел). — *143—144.*

**Стенографические отчеты* [*Государственной думы*]. 1906 г. Сессия первая. Т. I—II. Спб., гос. тип., 1906. 2 т. (Государственная дума).

— Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). XXII, 866 стр. — *405.*

*— Т. II. Заседания 19—38 (с 1 июня по 4 июля). Стр. 867—2013. — *405.*

**Стенографические отчеты* [*Государственной думы*]. 1907 год. Сессия вторая. Т. I—II. Спб., гос. тип., 1907. 2 т. (Государственная дума. Второй созыв).

*— Т. I. Заседания 1—30 (с 20 февраля по 30 апреля). VIII стр., 2344 стлб. — *405, 445.*

*— Т. II. Заседания 31—53 (с 1 мая по 2 июня). VIII стр., 1610 стлб. — *405.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1907—1908 гг. Сессия первая. Ч. I—II. Спб., гос. тип., 1908. 2 т. (Государственная дума. Третий созыв).

— Ч. I. Заседания 1—30 (с 1 ноября 1907 г. по 19 февраля 1908 г.). XIV стр., 2141 стлб. — *218, 261, 444.*

— Ч. II. Заседания 31—60 (с 21 февраля по 6 мая 1908 г.). XV стр., 2962 стлб. — *388, 418.*

Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1912—1913 гг. Сессия первая. Ч. I. Заседания 1—30 (с 15 ноября 1912 г. по 20 марта 1913 г.). Спб., гос. тип., 1913. XXI стр., 2438 стлб. (Государственная дума. Четвертый созыв). — *268, 269, 291—292, 356, 358—359, 363, 364, 379, 418, 419, 420, 422, 423, 427—432, 437.*

Стенографический отчет С.-Петербургского телеграфного агентства [о заседаниях Государственной думы. 1908 г. Третий созыв. Сессия вторая. Ч. I. Заседания 1—35 (с 15 октября по 20 декабря 1908 г.). Приложение к газете «Россия»]. Спб., [тип. газ. «Россия»], 1908. 1124 стр. — *55—56, 57, 58—61, 379.*

Струве, П. Б. А. И. Гучков и Д. Н. Шипов. —«Русская Мысль», М. — Пб., 1912, кн. XI, стр. 182—184. — *272.*

Судаков, П. И. На собрании уполномоченных.—«Правда», Спб., 1912, № 136, 6 октября, стр. 2—3. — *160, 161.*

— *Письмо в редакцию.* —«Луч», Спб., 1912, № 19, 7 октября, стр. 2. — *160, 161.*

Суханов, Н. По вопросам наших разногласий.—«Заветы», [Спб.], 1912, № 6, сентябрь, стр. 1—23. — *407.*

Съезд уполномоченных от рабочих. —«Правда», Спб., 1912, № 136, 6 октября, стр. 2. — *160.*

Тан. Пестрые встречи.—«Речь», Спб., 1913, № 1 (2313), 1 (14) января, стр. 4. — *336.*

Третья Государственная дума. Фракция народной свободы в период 15 октября 1908 г. — 2 июня 1909 г. Спб., 1909. 59, 228 стр. — *62—63.*

*[*Троцкий, Л. Д.*] *Письма об единстве.* —«Луч», Спб., 1913, № 27 (113), 2 февраля, стр. 2—3. Подпись: Н. Троцкий. — *402—403.*

— *Принципы и предрассудки.*—«Наша Заря», Спб., 1912, № 5, стр. 11—27. Подпись: Н. Троцкий. — *189—190.*

Туган-Барановский, М. И. Вздорожание жизни. —«Речь», Спб., 1912, № 272 (2226), 4 (17) октября, стр. 1—2. — *169—170.*

«Туркестанские Ведомости», [Ташкент], 1912, № 148 (4309), 4 (17) июля, стр. 2. — *2.*

Угловые квартиры. —«Новое Время», Спб., 1913, № 13236, 16 (29) января, стр. 5, в отд.: Хроника. — *396—397.*

Указ правительствующему Сенату [*о выходе крестьян из общин и закреплении в собственность надельных участков.* 9 (22) ноября 1906 г.]. —«Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1. — *357.*

Указ правительствующему Сенату [*об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу.* 11 (24) декабря 1905 г.]. —«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1. — *356—357.*

Указатель к стенографическим отчетам [*Государственной думы*]. (Ч. I—III). Третий созыв. Сессия I. 1907—1908 гг. Заседания 1—98 (1 ноября 1907 г. — 28 июня 1908 г.). Спб., гос. тип., 1908. III, 672 стр. — *358—359, 361, 363—364.*

[*Цедербаум, С. О.*] *От стихийности к организации.*—«Невский Голос», Спб., 1912, № 1, 20 мая, стр. 2. Подпись: В. Ежов. — *203.*

— *Тов. Ягелло и с.-д. фракция.*— «Луч», Спб., 1912, № 56, 21 ноября, стр. 1. Подпись: К. Августовский.— *326.*

Череванин, Н. Итоги выборной борьбы.— «Наша Заря», Спб., 1912, № 9—10, стр. 75—87.— *370, 378, 379, 382.*

Что же дальше?— «Голос Москвы», 1913, № 30, 6 (19) февраля, стр. 1.— *422—423, 424—425, 426.*

Что же дальше?— «Луч», Спб., 1912, № 53, 17 ноября, стр. 1.— *317, 394—395.*

Шагов, Н. Р. [*Письмо в редакцию*].— «Правда», Спб., 1913, № 22 (226), 27 января, стр. 2. Под общ. загл.: Впечатления депутатов с.-д. фракции с мест.— *402.*

[*Jowett, F. M.*] *Parliamentary policy.* [The resolution having moved at the 20-th annual conference held at Merthyr].— In: Report of the 20-th annual conference held at Merthyr, 27-th and 28-th May 1912. London, June 1912, p. 77. (Independent Labour Party).— *136—141.*

«Der Kampf», [Wien], 1912—1913, Jg. 6, Nr. 2, 1. November, S. 63—76.— *205.*

Komunikat, wystany do Miedzynarodowego Biura Socjalistycznego.— «Gazeta Robotnicza», organ Komitetu Warszawskiego SDKPiL, zatwierdzony przez Zarząd Główny partii. Warszawa, 1912, N 16, 14 lipca, s. 10. Подпись: Zarząd Główny Socjaldemokracji Królestwa Polskiego i Litwy.— *50—51, 323, 325.*

«Leipziger Volkszeitung», 1912, Nr. 204, 3. September. 1. Beilage zu Nr. 204, S. 1.— *85.*

[*Lenin, W. I.*] *List tow. Lenina, przedstawiciela Socjaldemokratycznej Partii Robotniczej Rosji w Międzynarodowym Biurze Socjalistycznym, do sekretariatu tegoz Biura.*— «Gazeta Robotnicza», organ Komitetu Warszawskiego SDKPiL. Warszawa, 1912, N 19, 21 listopada, s. 10.— *325.*

— *Zur gegenwärtigen Sachlage in der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands.* Dargestellt von der Red. des Zentralorgans («Sozialdemokrat») der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands. [Leipzig], Leipziger Buchdr. A. G., 1912. 16 S.— *17.*

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [*angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel*].— In: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel. Berlin, Buchh. «Vorwärts» 1912, S. 23—27.— *219, 223.*

[*Murray, R.*] *Parliamentary policy.* [The resolution having moved at the 20-th annual conference held at Merthyr].— In: Report of the 20-th annual conference held at Merthyr, 27-th and 28-th May 1912. London, June 1912, p. 78. (Independent Labour Party).— *138.*

Oświadczenie.—«Gazeta Robotnicza», organ Komitetu Warszawskiego SDKPiL. Warszawa, 1912, № 17—18, 24 września, s. 18.— *323—324.*

Pottier, E. Chants révolutionnaires. Préf. de H. Rochefort. Paris, Dentu, 1887. XX, 240 p. — *304.*

— *La délégation libre à l'exposition de Philadelphie.* Poésie offerte par les ouvriers d'Amérique aux ouvriers de France. Publ. et impr. par le «Parti socialdémocratique des ouvriers de l'Amérique du Nord». New-York, 1876. 8 p. — *304.*

— *Quel est le fou?* Chansons. Avec une préface de G. Nadaud. Paris, 1884.— *304.*

Report of the 20-th annual conference held at Merthyr, 27-th and 28-th May 1912. London, June 1912. 112 p. (Independent Labour Party).— *136—141.*

[*Die Resolution des dreizehnten Parteitages der britischen Labour Party*].— «Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 28, 2. Februar. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 2; Nr. 29, 4. Februar. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3, in dem Art: Der Parteitag der englischen Arbeiterpartei.— *398—399.*

Richter unter sich.— «Leipziger Volkszeitung», 1912, Nr. 204, 3. September. 1. Beilage zu Nr. 204, S. 1. Под общ. загл.: Politische Übersicht.— *84—85.*

Sitzung des Internationalen Bureaus.— «Bremer Bürger-Zeitung», 1912, Nr. 256, 31. Oktober. 2. Beilage zu Nr. 256, S. 1.— *308.*

Sitzung des Internationalen Sozialistischen Bureaus.— «Vorwärts», Berlin, 1912, Nr. 256, 1. November. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2.— *308.*

Sprawozdanie z VI zjazdu Socjaldemokracji Królestwa Polskiego i Litwy. Kraków, 1910. 2, XXII, 180 s.— *321.*

Stanowisko SDKPiL w SDPRR. [Uchwala, przyjęta na konferencji krajowej SDKPiL w sierpniu 1912 r.].— In: Zawiadomienie o konferencji krajowej Socjaldemokracji Królestwa Polskiego i Litwy, odbytej w sierpniu 1912 roku. Б. м., [1912], s. 24—26. (SDPRR. SDKPiL).— *247—252, 254.*

**Statistical abstract of the United States 1911,* No. 34. Prep. by the bureau of statistics, under the direction of the secretary of commerce and labor. Washington, 1912. 803 p. (Department of commerce and labor). — *387, 443—444.*

Towarzysze! W dniu 29/X otrzymaliśmy od Krakusa... 1/XI 1912 г. [Листовка]. Б. м., [1912]. 1 s. Подпись: Zarząd Główny SDKPiL. Гект. — *322—323.*

Uchwały [*konferencji krajowej Socjaldemokracji Królestwa Polskiego i Litwy, odbytej w sierpniu 1912 roku*].— In: Zawiadomienie o konferencji krajowej Socjaldemokracji Królestwa

Polskiego i Litwy, odbytej w sierpniu 1912 roku. Б. м., [1912], s. 15—31.(SDPRR. SDKPiL). — *251—252.*

[*Uchwaty konferencji miedzydzielnicowej organizacji warszawskiej* SDKPiL. 10 grudnia 1911 r.].— В листовке: Do organizacji warszawskiej SDKPiL. Styczeń 1912. Б. м., [1912], s. 4. Под общ. загл.: Warszawska konferencja międzydzielnicowa.— *322.*

«Vorwärts», Berlin, 1912, Nr. 256, 1. November. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2.— *308.*

— 1913, Nr. 28, 2. Februar. 2. Beilage des «Vorwärts», S. 2; Nr. 29, 4. Februar. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 3.— *398—399.*

W szponach ochrany.—«Gazeta Robotnicza», organ Komitetu Warszawskiego SDKPiL, zatwierdzony przez Zarząd Główny partii. Warszawa, 1912, N 16. Dodatek do N 16 «Gazety Robotniczej», 22 lipca, s. 1—4.— *323—324.*

Zawiadomienie. Czerwiec 1912. [Листовка]. Б. м., [1912]. 2 s. (SDPRR. SDKPiL). Подписи: Zarząd Główny SDKPiL, Komitet Warszawski SDKPiL.—*322—323.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Азеф, Е. Ф. (1869—1918) — эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және оның «жауынгер ұйымы» басшыларының бірі; 1892 жылдан полиция департаментінің құпия агенті. Эсерлер басшыларының сеніміне кіріп алу үшін бірнеше террорлық әрекеттер әзірлеп, жасаған. Сөйтіп жүріп эсерлер партиясының және оның «жауынгер ұйымының» мүшелерін талай рет полицияға ұстатып берген. 1906 жылы ішкі істер министрі Дурновоға, ал 1907 жылы II Николайға жасалмақ қастандықты болдыртпаған. 1908 жылы Азеф әшкереленді.—*347.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі. РСДРП II съезінен кейін—белсенді меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздар басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газеті редакциясына енген; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында—центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды жақтады. — *204, 345.*

II Александр (Романов) (1818—1881) — орыс императоры (1855—1881).— *413.*

Александров, А. М. (1868 ж. туған) — Екатеринослав губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кадет, мамандығы адвокат. Екатеринослав уездік және губерниялық земстволарының мүшесі болды, бірқатар ірі саяси процестерде сөйлеген, адвокаттардың Бүкіл россиялық одағын ұйымдастыруға қатысқан. Прогрессистердің органы «Русская Молва» газетіне жазып тұрды. 1917 жылы кадеттер партиясынан контрреволюциялық «Россия республикасының Уақытша советіне» (Предпарламентке) енді. — *426.*

Алексинский, Г. А. (1879 ж. туған)—өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. Бірінші орыс революциясы дәуірінде большевиктерге қосылып жүрді. Реакция жылдарында — шақырымпаз, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—социал-шовинист, бірқатар буржуазиялық газеттерге жазып тұрды. 1917 жылы Плехановтың «Бірлік» тобына кіріп, контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылы июльде әскери контрразведкамен бірлесіп, қолдан жалған документтер жасап, В. И. Ленинге және большевиктерге жала жапты. 1918 жылы апрельде шетелге қашып кетті. Эмиграцияда әсіре реакция лагеріне қосылды.— *311.*

Алехин, Н. И. — қатынас жолдарының инженері, Сибирь темір жолы құрылысында істеген. 1912 жылы өз шаруасымен Австрияға барған, онда шпионаж жасады деген айып тағылып, тұтқындалған, алайда екі айдан кейін босатылған.— *347—348.*

Андреев, Н. Н.— қараңыз: Николин, Н.

Аничков, Е. В. (1866 — шамамен 1937) — либерал-буржуазиялық сыншы әрі әдебиет зерттеуші, ұлтшыл және шовинист. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде — Бүкіл россиялық шаруалар одағына белсене қатысты, одан кейін кадеттерге қосылды. Өнердің діни ғұрыптан шыққандығы туралы реакциялық идеяларды уағыздады, батыс европалық және орыс декаденттік ағымдарын насихаттады, реализмге қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *173.*

Антоний Волынский (Храповицкий, А. П.)* (1863—1936) — барып тұрған қаражүздік, орыс православие шіркеуінің әсіре оңшыл бағытының басшысы, патша өкіметінің реакциялық саясатын мейлінше белсенді жүргізушілердің бірі. 1902 жылдан Волынь епископы, кейінірек — Харьков архиепископы болды. Азамат соғысы және шетел соғыс интервенциясы кезінде Деникинмен ауыз жаласты. Контрреволюция талқандалғаннан кейін шетелге қашып кетіп, онда монархияшыл эмиграция лидерлерінің бірі болды.— *94.*

Антонов, Н. И. (1859 ж. туған) — ірі помещик, Харьков губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаға депутат, октябрист. Думаларда секретарьдың орынбасары болды. Думаға сайланбастан бұрын жиырма бес жылдан астам уақыт юстиция министрлігі жүйесінде қызмет еткен.—*379.*

Арч (Arch), *Джозеф* (1826—1919) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. 1872 жылы Ауыл шаруашылық жұмысшыларының ұлттық одағын (National Agricultural Labourers Union) құрды, село жұмысшыларының жағдайын жақсарту үшін күресті. 1885, 1892 және 1895—1900 жылдары либералдық партиядан парламентке мүше болды.— *44—45.*

Асквит (Asquith), *Герберт Генри* (1852—1928) — ағылшынның саяси және мемлекет қайраткері, либералдар партиясының лидері. Парламентке тұңғыш рет 1886 жылы сайланды. Бірнеше дүркін рет министр қызметін атқарды, 1908 жылдан 1916 жылға дейін үкімет басшысы болды. Ағылшын империалистік буржуазиясының көзқарасын және оның аннексиялық пиғылын білдіруші болды. Жұмысшы және азаттық қозғалысын басу саясатын жүргізді. 1916 жылы орнынан түскеннен кейін айтарлықтай саяси роль атқарған жоқ.— *426.*

---

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

ты Ленин «цензурасыз демократиялық баспасөздің... ең жақсы шығармаларының бірі» (Шығармалар, 20-том, 247-бет) деп атады. Белинский революциялық-демократиялық эстетика мен әдебиет сынының негізін қалады. Пушкин, Лермонтов, Гоголь туралы мақалаларында және 1840 жылдан 1847 жылға дейінгі орыс әдебиетіне жасаған шолуларында Белинский орыс әдебиетінің өзіне тән ерекшелігі мен ұлылығын көрсетті, оның реализмі мен халықтығын ашып берді. Белинскийдің қызметі Россиядағы қоғамдық ой-пікірдің одан әрі дамуына және азаттық қозғалысына орасан зор әсер етті.— *48, 93—94.*

Белоусов, Т. О. (1875 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик, Иркутск губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты. 1912 жылы февральда Думадағы социал-демократиялық фракцияның құрамынан шықты, бірақ депутаттық уәкілдіктерінен бас тартқан жоқ. В. И. Ленин «Депутат Т. О. Белоусовтың Думадағы социал-демократиялық фракциядан кетуі жөнінде» деген мақаласында (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 210—215-беттер) Белоусовтың іс-әрекетін қатты айыптады.

Кейін саяси қызметтен шеттеп кетті, Москвада кооператив ұйымдарында істеді.— *262, 382.*

Березовский, А. Е. (Березовский 1-ші) (1868 ж. туған) — помещик, кадет, земство қайраткері, мамандығы жөнінен агроном. Симбирск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Думада азық-түлік, жер жөніндегі және басқа комиссиялардың құрамына енді. 1918 жылдан бастап өз мамандығы бойынша жұмыс істеді. — *14, 55—56, 57—58, 59—61, 62, 379.*

Бёрнс (Burns), *Джон Эллиот* (1858—1943)— ағылшын саяси қайраткері. 80-жылдары — тред-юниондар басшыларының бірі, ағылшын Социал-демократиялық федерациясының мүшесі болды, алайда ұзамай одан шықты. 1892 жылы парламентке сайланды, онда жұмысшы табының мүдделеріне қарсы шықты, капиталистермен ынтымақтасуды жақтады. 1905—1914 жылдары — жергілікті өзін өзі басқару министрі, ал одан кейін—сауда министрі (1914). В. И. Ленин Бёрнсті «министрлік орынға бола буржуазияға сатылып, жұмысшы табына тікелей опасыздық етушілердің» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 262-бет) бірі ретінде сипаттады. 1914 жылы орнынан түсті. — *331.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932)—герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта шенінен қатысты. 1881 жылдан 1889 жылға дейін Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдары «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жария-

лады, бұл мақалалар кейін «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинистік позицияда болды. Кейінгі жылдарда Бернштейн империалистік буржуазияның саясатын қуаттаумен болды, Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *192.*

Бисмарк (Bismarck) *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылғы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері болды да, 20 жыл бойы Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен қатар юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі жүргізген ерекше заңның жәрдемімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру туралы заңдар енгізді. Алайда Бисмарктің болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысқан әрекетінен нәтиже шықпады. 1890 жылы орнынан түсті. — *113, 114, 115—116, 145, 328, 350, 357—358.*

Биссолати (Bissolati), *Леонида* (1857—1920) — Итальян социалистік партиясын құрушылардың және оның әсіре оңшыл реформистік қанаты лидерлерінің бірі. 1896—1904 және 1908—1910 жылдары социалистік партияның орталық органы «Avanti!»-дің («Алға!») редакторы болды. 1897 жылдан — парламент мүшесі. 1912 жылы Итальян социалистік партиясынан шығарылғаннан кейін «социал-реформистік партия» құрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтаушы. 1916—1918 жылдары портфельсіз министр ретінде үкіметке кірді.— *192, 242—243.*

Бланк, Р. М. (1866 ж. туған) — публицист, мамандығы жөнінен химик. Орыс либерал буржуазиясының органы «Освобождение» журналында қызмет етті, редакция құрамына кірді, одан кейін іс жүзінде «Наша Жизнь» газетінің редакторы болды,

лар, 36-том, 145-бет) деп сипаттады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист. 1917 жылы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының басшы құрамына енді. Польша коммунистік жұмысшы партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. Поляк сейімінің депутаты болып сайланған, сеймнің коммунистік фракциясының председателі болды. 1929 жылы СССР-ге эмиграцияға келді, Маркс—Энгельс—Ленин институтында поляк жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеумен шұғылданды. — *249.*

Вейсман, С. — орыс охранкасының агенті, кейін Австрия шпионы. 1900 жылы орыс саяси эмигранттарына тыңшылық ұйымдастыру үшін Венаға баратын болып тағайындалып, 1905 жылға дейін орыс полициясына мәліметтер беріп тұрды. Бұдан кейін біраз уақыт Америкада тұрды. 1908 жылдан — Австрия ішкі істер министрлігінің қызметкері. — *347—348.*

Вильсон (Wilson), *Вудро* (1856—1924) — американ мемлекет қайраткері. 1910—1912 жылдары — Нью-Джерси штатының губернаторы. 1913 жылы Демократиялық партиядан Америка Құрама Штаттарының президенті болып сайланды, бұл қызметте 1921 жылға дейін болды. Ел ішінде жұмысшы қозғалысын аяусыз басып-жаншу саясатын жүргізді.

Вильсон үкіметінің сыртқы саясаты талау-тонау, экспансионистік сипатта болды, әсіресе Латин Америкасы елдері жөнінде осындай болды, бұл елдердің ісіне ол сан рет қару қолданып қол сұқты. В. И. Ленин былай деп жазды: «Вильсонның дәріптеген демократиялық республикасы іс жүзіне келгенде нағыз құтырынған империализмнің, әлсіз және аз халықтарды нағыз арсыздықпен езудің және тұншықтырудың формасы *болып шықты»* (Шығармалар, 28-том, 183-бет). Американ миллиардерлерінің мүдделерін қорғай отырып, Вильсон Америка Құрама Штаттарының Антанта жағында бірінші дүние жүзілік соғысқа тартылуына себепші болды.

Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Россияны бөлшектеу жоспарын ұсынды, антисоветтік контрреволюциялық күштерді қолдады, Америка Құрама Штаттарының Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы Америка Құрама Штаттарының дүние жүзіне үстемдігін орнатуға бағытталған империалистік бітім программасын («он төрт пункт») ұсынды. Париж бітім конференциясында (1919—1920) американ делегациясын басқарды. 1920 жылғы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті. — *120, 211.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүддесін қорғаған мемлекет қай-

раткері, самодержавиені жанын сала жақтаушы, либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасау арқылы және халыққа қатаң жазалар қолдану арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль—август, 1892), финанс министрі (1892—1903), Министрлер советінің председателі (октябрь, 1905—апрель, 1906) болып тұрғанда Витте финанс, баж саясаты, темір жол құрылысы, фабрикалық заңдар шығару саласындағы өзінің жасаған шаралары арқылы, шетел капиталының енуін барынша көтермелеуі арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржа агенті»— оған В. И. Ленин осындай сипаттама берді. — *62, 63, 96—97, 442.*

Водовозов, В. В. (1864—1933) — либералдық-халықшылдық бағыттағы публицист. 1904 жылдан —«Наша Жизнь» газеті редакциясының мүшесі; 1906 жылы солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне қатысып жүрді, II Мемлекеттік думаның сайлау науқаны кезінде трудовиктерге қосылды. 1912 жылы «Запросы Жизни» журналында мақалаларын бастырып тұрды, бұл журналға кадеттер, «халықтық социалистер» және жойымпаз-меньшевиктер жазып тұратын. 1917 жылы Водовозов «Былое» журналы редакциясына кірді, либерал-буржуазиялық «День» газетіне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық ниетте болды. 1926 жылы шетелге эмиграцияға кетті. — *25, 379.*

Войлошников А. А. (1877—1930) — Забайкалье казак әскерлерінің әскери халқынан III Мемлекеттік думаға мүше, социал-демократиялық фракцияға кіріп, большевиктерге қосылып жүрді. Әскери міндеткерлік туралы устав жайындағы сөздері үшін Войлошниковты Дума председателі 15-мәжіліске қатысудан шығарды. 1911—1912 жылдары большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне қатысып тұрды. 1913 жылдан —Забайкалье губерниялық кооперативтер одағы басқармасының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Новосибирскіде, Саратовта, Қазанда және Москвада шаруашылық жұмыста болды. — *148—149, 262.*

Вольский, С. (Соколов, А. В., С. В.) (1880 ж. туған) — социал-демократ. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — шақырымпаздар лидерлерінің бірі, Караидегі және Болоньядағы (Италия) фракциялық мектептерді ұйымдастыруға және олардың жұмысына қатысты, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің әскери секциясында жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық ниетте болды, эмиграцияға кетті, бірақ көп ұзамай Советтік Россияға

қайтып оралды. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында және Сауда халық комиссариатында істеді. 1927 жылдан әдеби жұмыспен шұғылданды. — *8.*

Воровский, В. В. (Орловский, П.) (1871—1923) — профессионал революционер, большевиктік партияның көрнекті қайраткері, аса көрнекті совет дипломаты, публицист және әдебиет сыншысы. Революциялық қызметін 1890 жылдан студенттік үйірмелерде бастады. 1894 жылдан — Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағымен» тығыз байланысты Москва «Жұмысшы одағының» белсенді мүшесі. 1902 жылы лениндік «Искраның» қызметкері болды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. 1905 жылы В. И. Ленинмен, М. С. Ольминскиймен және А. В. Луначарскиймен бірге «Вперед» және «Пролетарий» газеттерінің редакциясына енді. РСДРП Николаев комитетінен партияның III съезіне делегат. 1905 жылдың аяқ шенінен бастап большевиктердің Петербург ұйымында және большевиктік «Новая Жизнь» газетінің редакциясында істеді. 1906 жылы — РСДРП IV (Бірігу) съезінің делегаты. 1907 жылдан 1912 жылға дейін Одесса большевиктік ұйымына басшылық етті. Белсенді революциялық қызметі үшін бірнеше рет тұтқынға алынып, жер айдалды. 1915 жылы Стокгольмге барды, ал 1917 жылы, В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін басшы дипломатиялық жұмыста болды. 1923 жылғы 10 майда Лозаннада ақ гвардияшылдың қолынан қаза тапты. — *312.*

Воронин, С. А. (1880—1915) — жұмысшы, Владимир губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты. Социал-демократиялық фракцияның құрамына кірді, большевиктерге қосылып жүрді. Большевиктік жария «Звезда» газетіне жазып тұрды. — *262.*

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — экономист әрі публицист, 80—90-жылдардағы либералдық халықшылдықтың идеологтарының бірі, «Россиядағы капитализмнің тағдыры», «Біздің бағыттарымыз», «Теориялық экономия очерктері» деген және басқа кітаптардың авторы, бұл кітаптарында Россияда капитализмнің дамуын жоққа шығарды, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Патша өкіметімен ымыраға келуді уағыздап, марксизмге қарсы шықты. Воронцовтың көзқарастары В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде қатты сыналды. — *338.*

Г

Гаазе (Haase), *Гуго* (1863—1919) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, центрист. 1911 жылы Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының председателі болып

сайланды. 1897—1907 және 1912—1918 жылдары рейхстаг депутаты. 1912 жылдан—рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы Каутскиймен бірлесіп, «Германияның тәуелсіз социал-демократиялық партиясын» құрды. Ленин Гаазені және неміс «тәуелсіздері» партиясының басқа да лидерлерін «малай жандар, доктринерлер, қорқақтар, буржуазияның жігерсіз жәрдемшілері және реформистер» (Шығармалар, 29-том, 565-бет) деп атады. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген Халық уәкілдер советі дегеннің құрамына кірді.—*308—309.*

Габрилович, Л. Е. (Галич, Л.) (1878 ж. туған) — кадет, публицист. Петербург университетінің приват-доценті болды, либералдық «Русское Слово» газетіне, кадеттік органдар —«Русская Мысль» журналына, «Речь» газетіне және басқа буржуазиялық басылымдарға қатысып тұрды. — *105.*

Габсбургтер (Habsburg)—«Герман ұлтының Қасиетті Рим империясындағы» (1273—1438 жылдар арасында үзілістермен, 1438—1806), Австрия империясындағы (1804—1867) және Австро-Венгриядағы (1867—1918) императорлар әулеті. — *151, 153.*

Галич, Л. — *қараңыз:* Габрилович, Л. Е.

Ганецкий (Фюрстенберг), Я. С. (1879—1937)— поляк және орыс революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері. 1896 жылдан социал-демократиялық партияның мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар съездеріне, сондай-ақ РСДРП-ның II, IV және V съездеріне қатысқан. РСДРП V съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының VI съезінде (1908) бірқатар партиялық ішкі мәселелер жөніндегі алауыздықтарға байланысты Бас басқармадан шықты, сөйтіп 1912 жылы поляк социал-демократиясындағы жіктелістен кейін, большевиктерге негұрлым жақындау тұрған «розламов» оппозициясы дегеннің басшыларының бірі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Циммервальд солшылына» қосылды. Бірнеше рет тұтқынға алынған, жер айдалған. 1917 жылы — РСДРП(б) Орталық Комитеті Шетелдік бюросының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Финанс халық комиссариатында істеді, дипломатиялық жұмыста болды, Сауда халық комиссариатының және Халық шаруашылығы жоғарғы советі коллегиясының мүшесі болды. 1935 жылдан — СССР Революция музейінің директоры. — *51, 322, 325.*

Гапон, Г. А. (1870—1906) — священник; арандатушы, патша охранкасының агенті. 1905—1907 жылдардағы революцияға қарсаңында полиция департаментінің тапсырмасы бойынша, зубатовтық ұйымдардың үлгісімен, полиция департаменті қаржыландыратын «Петербург орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысы» ұйымын құрды. Петербург жұмысшыларын 1905 жылы 9 январьда петициямен патшаға шеру жасап баруға арандатты. Шетелге қашып барып, онда эсерлерге жақын болды. Россияға қайтып оралғаннан кейін әшкереленіп, эсерлер өлтірді. — *230.*

Гарди (Hardie), *Джеймс Кейр* (1856—1915) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері, реформист, Тәуелсіз жұмысшы партиясы лидерлерінің және лейбористік партияның негізін қалаушылардың бірі. Саяси мансабын Шотландия көмір қазушылары кәсіподақ ұйымының басшысы ретінде бастады. 1888 жылы Шотланд жұмысшы партиясының негізін қалады. 1892 жылы парламентке сайланды, буржуазиялық партиялардың өкілдерімен келісімпаздық саясатын жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде центристік позиция ұстанды, одан кейін ашықтан-ашық социал-шовинистерге қосылды.— *140.*

Гегечкори, Е. П. (1879 ж. туған) — меньшевик. Кутаиси губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты, Думадағы социал-демократиялық фракция лидерлерінің бірі. 1917 жылғы ноябрьден — Закавказье контрреволюциялық үкіметінің (Закавказье комиссариатының) председателі, одан кейін Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі және үкімет председателінің орынбасары. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін — ақ эмигрант. — *262.*

Гервег (Herwegh), *Георг* (1817—1875) — 1848—1849 жылдардағы буржуазиялық революцияны әзірлеу дәуіріндегі немістің белгілі ақыны, ұсақ буржуазияшыл демократ. Өзінің шығармаларында діни және ақсүйектік өкіметті әшкереледі, революциялық көтеріліске және бостандық жолындағы күреске шақырды. 1842 жылы К. Маркспен танысты, Маркс редакциялаған «Рейн Газетіне» қатысып тұрды. Алайда Гервегтің творчествосы қарама-қайшылықты болды. Бостандық жолында әділетті соғысқа шақыра отырып, ол сонымен бірге жоғарыдан реформалар болады деп үміттенді. К. Маркс 1848 жылы Гервегпен қатынасын үзді. 1863 жылы Гервег Жалпыға бірдей герман жұмысшы одағына арнап жұмысшы өлеңін жазды, ақынның қызметінің ең соңғы дәуіріндегі бірден-бір елеулі өлең осы болды. — *306.*

Герцен, А. И. (1812—1870) — орыстың ұлы революционер-демократы, философ-материалист, публицист әрі жазушы; «орыс», «шаруа» социализмінің негізін салушы. Герцен азаттық

қозғалысына декабристер дәстүрін жалғастырушы дворян революционері болып аяқ басты. 1829—1833 жылдары Москва университетінде болған кезінде XVIII ғасырдағы революцияшыл ойшылдар мен социалист-утопистердің саяси және теориялық ілімдерін оқып-үйренген алдыңғы қатарлы, революциялық ниеттегі жастардың үйірмесін басқарды. 1834 жылы үйірменің басқа мүшелерімен бірге тұтқынға алынып, 1835 жылы Пермьге, одан кейін Вяткаға, Владимирге және Новгородқа жер аударылды. 1842 жылы айдаудан қайтып оралғаннан кейін Москвада тұрды. Оның осы кезде жазған «Ғылымдағы дилетантизм» және «Табиғатты зерттеу туралы хаттар» деген философиялық еңбектері орыстың материалистік философиясын дамытуда маңызды роль атқарды. 1847 жылғы январьда патша үкіметінің қуғындауына байланысты Герцен эмиграцияға кетті. 1852 жылы Лондонда орыс баспаханасын құрып, шетелде орыстың еркін баспасөзінің негізін салды. Революциялық бірнеше прокламация, кітапшалар және мақалалар шығарғаннан кейін 1855 жылы «Полярная Звезда» альманағын, ал 1857 жылы Н. П. Огаревпен бірге «Колоколды» шығара бастады.

Герценнің орыс азаттық қозғалысының тарихында атқарған роліне В. И. Ленин «Герценді еске түсіру» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 284—291-беттер) баға берді. — *338.*

Гиммер, Н. Н. — қараңыз: Суханов, Н.

Глейзиер (Глейжер) (Glasier), *Джон Брус* (1850—1920) — ағылшын социалисі, лейбористік партияның негізін салушылардың бірі; мамандығы металлист-жұмысшы. Социалистік қозғалысқа XIX ғасырдың 80-жылдарының бас кезінен қатыса бастаған. 1893 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясына кірді, оның Ұлттық советінің мүшесі, ал 1899—1900 жылдары осы Ұлттық советтің председателі болды. Тәуелсіз жұмысшы партиясынан Халықаралық социалистік бюроға делегат болды. 1906 жылдан 1910 жылға дейін Тәуелсіз жұмысшы партиясының апталық органы «The Labour Leader»-ді («Жұмысшы Көсемі»), 1913 жылдан 1917 жылға дейін «The Socialist Review» («Социалистік Шолу») әрайлығын редакциялады. В. И. Ленин Глейзиер туралы былай деп жазды: «...оның пролетарлық уыты бар, бірақ дегенмен ол — төзуге болмайтын оппортунист» (Шығармалар, 35-том, 162-бет).—*399.*

Гоголь, Н. В. (1809—1852) — орыстың ұлы жазушысы, орыс әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салушылардың бірі. Өзінің шығармаларында («Ревизор», «Өлі жандар» және басқаларында) крепостниктік Россиядағы помещиктер мен чиновниктер өмірі мен тұрмысын өлтіре суреттеп берген. В. И. Ленин өзінің еңбектерінде Гоголь жасаған көркем образдарды талай рет пайдаланды. — *93--94.*

Головин, Ф. А. (1867 ж. туған) — земство қайраткері, кадет. 1898 жылдан 1907 жылға дейін Москва губерниялық земство басқармасының мүшесі, кейін оның председателі. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. II Мемлекеттік думаның председателі, III Мемлекеттік думаның депутаты болды. Ірі темір жол концессиясына қатысушы. 1917 жылы мартта—буржуазиялық Уақытша үкіметтің сарай министрлігі жөніндегі комиссары. — *101, 102.*

Гольдман, М. И. — *қараңыз:* Либер, М. И.

Гомперс, (Gompers), *Самюэл* (1850—1924) — американ кәсіподақ қозғалысының қайраткері. Американ еңбек федерациясының (АЕФ) негізін салушылардың бірі; 1895 жылдан бастап оның үзбей председателі болды. Капиталистермен таптық ынтымақтасу саясатын жүргізді, жұмысшы табының революциялық күресіне қарсы шықты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетіне дұшпандық ниетпен қарады.—*257—258.*

Горемыкин, И. Л. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакциялық бюрократияның өзіне тән өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист. 1895—1899 жылдарда — ішкі істер министрі, 60-жылдардағы реформаларды әлсіретуге және жоюға бағытталған реакциялық саясат (контрреформалар саясаты деп аталатынды) жүргізді; жұмысшы қозғалысын аяусыз тұншықтырып отырды. 1906 жылғы апрельден августқа дейін және 1914 жылғы январьдан 1916 жылғы январьға дейін Министрлер советінің председателі болды. — *62.*

Гредескул, Н. А. (1864 ж. туған) — юрист және публицист, профессор, кадет. I Мемлекеттік думаның депутаты, Дума председателінің орынбасары болды. Кадеттік «Речь» газетінде және бірқатар басқа да буржуазиялық-либералдық органдарға жазып тұрды. 1916 жылы кадеттер партиясынан шықты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық «Русская Воля» газетін шығаруға қатысты, ол газет большевиктер партиясына қарсы үгіт жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың жоғары оқу орындарында профессор болды. 1926 жылы «Бұрынғы және қазіргі Россия» деген өзінің жазбаларын бастырып шығарды, онда Октябрь революциясына және оның жеңістеріне тәуір баға берді. — *14, 25—26, 70, 75, 91—95, 102, 103—104, 107, 184—185, 199, 220, 366—367, 426.*

Гурвич, Ф. И. — *қараңыз:* Дан, Ф. И.

Д

және бірқатар конференцияға қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, жойымпаздық «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. 1922 жылдың бас кезінде Совет мемлекетінің жауы ретінде шетелге қуылды. — *320, 345, 353, 371, 441.*

Даниельсон, Н. Ф. (Николай — он) (1844—1918) — экономист-жазушы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдықтың идеологтарының бірі. К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастаған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады, осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды. Алайда Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады, сөйтіп кейінірек оған қарсы шықты. 1893 жылы «Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды, бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықтың теориялық негізі болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатты сынға алды. — *338.*

Дебс (Debs), *Юджин Виктор* (1855—1926) — Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. 1893 жылы Теміржолшылардың американдық одағын ұйымдастырды, онда 1897 жылға дейін президент болды. Дебстің басшылығымен Одақ бірнеше рет ереуіл жасады, олардың ішінде, әскер күшімен аяусыз басып тасталған Чикагодағы Пульман вагон жасау заводтарында 1894 жылғы жасалған ереуіл ерекше көзге түседі. Дебс социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі болды, ол партия 1900—1901 жылдары қалыптасқан Социалистік партияның негізгі ұйтқысын құрды. 1900, 1904, 1908, 1912 және 1920 жылдары Америка Құрама Штаттары президенттігіне кандидат болып ұсынылды. 1905 жылы Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары атты кәсіподақ ұйымын құруға қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды, социал-шовинистердің сатқындығын қатты айыптады, Америка Құрама Штаттарының соғысқа кіруіне қарсы шықты. Дебс Октябрь социалистік революциясының жеңісін құттықтады. 1918 жылы антиимпериалистік насихат жүргізгені үшін 10 жыл түрмеге отыруға кесілді, бірақ 1921 жылы амнистия берілді. Дебс американ социалистерінің барынша танымал көсемі болды, алайда ол марксист болмады, өз қызметінде бірқатар оппортунистік қателер жіберді. — *211.*

Джолитти (Giolitti), *Джованни* (1842—1928) — итальян мемлекет қайраткері, либералдар партиясының лидері. 1882 жылдан — парламент мүшесі, 1889—1890 жылдары—финанс министрі, 1892—1921 жылдары бірнеше рет премьер-министр болды. Итальян ірі капиталы мүдделерінің өкілі бола отырып, итальян буржуазиясының клерикалдармен блогының негізін қалады; болмашы реформалар жасау жолымен, социалистік партияның оппортунистік лидерлерімен ынтымақ жасауымен жұмысшы қозғалысын революциялық бас көтерулерге жібермей ұстап қалуға тырысып отырды. 1922 жылы, өкімет басына фашистер келгеннен кейін, белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. — *242—243.*

Джоуэт (Jowett), *Фредерик Уильям* (1864—1944) — ағылшын саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы лидерлерінің бірі. 1887 жылдан журналистикамен шұғылданды. 1892 жылы Брадфорд қаласының муниципальдық советіне сайланды. 1906—1918, 1922—1924 және 1929—1931 жылдары парламент мүшесі. 1909—1910 және 1914—1917 жылдары Тәуелсіз жұмысшы партиясы атқару комитетінің председателі болды; 1924 жылы Макдональдтің бірінші лейбористік үкіметіне қоғамдық жұмыстардың парламенттік комиссиясының председателі ретінде енді. Кейін — Тәуелсіз жұмысшы партиясының консультативтік советінің мүшесі. — *136, 137, 138—139, 140.*

Доноугоэ (Donohoe), *Мартин Генри* (1869—1927) — ағылшын журналисі және әскери тілші. 1899 жылдан Лондонның «Daily Chronicle» («Күнделікті Хроника») газетінің Париждегі тілшісі; орыс-жапон, балқан және басқа соғыстардың көптеген майдандарында болды. Бірінші дүние жүзілік соғыста — британ барлау корпусының офицері. — *175—176.*

Е

Евсеев, И. Т. (1877 ж. туған) — Петербург губерниясынан IV Мемлекеттік думаның депутаты, шыққан тегі шаруа, прогрессист. Думада Шаруалардың ерекше тобы бюросының мүшесі болды. Думаға сайланғанға дейін, 1897 жылдан 1902 жылға дейін село мұғалімі болды, одан кейін губерниялық земствода статистик болып қызмет етті. 1908 жылдан 1911 жылға дейін— Ямбург уездік земство басқармасының мүшесі. Бұдан кейін уездік және губерниялық земство жиналыстарының мүшесі, болыстық соттың председателі болды. — *239.*

Егоров, Н. М. (1871 ж. туған) — жұмысшы, Пермь губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты. Социал-демократиялық фракцияға енді. Большевиктік жария «Звезда» газетіне жазып тұрды, кейін троцкистерге қосылды. 1913 жылы — жо-

йымпаздардың «Луч» газетінің тұрақты қызметкері. 1917 жылы «аудан аралықшылар» тобына кірді. — *262.*

Ежов, В. — *қараңыз:* Цедербаум, С. О.

Ефремов, И. Н. (1866 ж. туған) — ірі помещик, I, III, IV Мемлекеттік думалардың депутаты. «Бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі, кейін — прогрессистер буржуазиялық партиясының лидері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Мемлекеттік думаның Атқару комитетінің мүшесі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің құрамына кірді. — *366.*

Ж

Жоннар (Jonnart), *Шарль Селистен* (1857—1930) — француз саяси қайраткері, ірі монополиялардың мүдделерін білдіруші. 1889 жылдан 1917 жылға дейін — Франция депутаттар палатасының мүшесі. 1893—1894 жылдары — қоғамдық жұмыстар министрі. 1900—1901, 1903—1911 жылдары — Алжирдің генерал-губернаторы, 1913 жылы — сыртқы істер министрі. 1917 жылы Грецияда одақтастардың бас комиссары болып тағайындалды, кейін одақтастар аралық репарациялық комиссияның председателі болды. 1920 жылы республика президенті сайлауында өз кандидатурасын ұсынғанынан ештеңе шықпады. 1921 жылдан 1924 жылға дейін — Ватиканда елші. Кейін саяси қызметтен шеттеді. — *331.*

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, ол партия 1905 жылы Франция социалистік партиясымен қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары — парламент мүшесі; парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетін ұйымдастырып, оны өмірінің ақырына дейін редакциялады, бұл газет 1920 жылы Француз коммунистік партиясының орталық органына айналды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде орыс халқының күресін құттықтады. Жорес тынбастан демократияны, халық бостандығын қорғап, бейбітшілікті жақтап, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы болды. Соғыстар мен отарлық езгіні тек социализмнің ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда, Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресі жолымен емес, «демократиялық идеяның гүлденуі» нәтижесінде жеңіске жетеді деп есептеді. Ленин Жоресті оппортунизм жолына итермелеген оның реформистік көзқарастарын қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік жолындағы, төне түскен соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін туғызды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді. — *192.*

З

Захаров, М. В. (1881 ж. туған) — жұмысшы, большевик. Москва губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты. Большевиктік жария «Звезда» газетіне жазып тұрды.— *262.*

Зеленин, И. В. (1887—1912) — 1912 жылы Қара теңіз флоты кемелерінде әзірленген қарулы көтеріліс басшыларының бірі. Флотта 1908 жылдан қызмет етті. Севастопольде әскери-теңіз сотының үкімі бойынша атылды. — *1.*

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі болды. 1908 жылдан 1917 жылдың апреліне дейін эмиграцияда болды, партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» пен большевиктік «Пролетарий» газетінің редакцияларына кірді. Реакция жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға және троцкистерге ымырашылдықпен қарады. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, 1917 жылы октябрьде Каменевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешіміне өздерінің келіспейтіндігі жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп буржуазиялық Уақытша үкіметке партияның жоспарын білдіріп қойды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару Комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды; 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы антипартиялық троцкистік-зиновьевтік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы қайта алынып, 1932 жылы партиядан қайта шығарылды; 1933 жылы тағы қайта алынды. 1934 жылы антипартиялық әрекеті үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *312.*

И

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазиялық публицист. Бастапқыда «жария марксист» болды, бір кезде социал-демократтарға қосылды, 1905 жылы кадеттер партиясына ауысты да, оның идеологтарының бірі болды. Кадеттердің органдары: «Речь» газетінде, «Южные Записки» және «Русская Мысль» журналдарына жазып тұрды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан

кейін декаденттенуші интеллигенттер тобының журналы — «Вестник Литературыға» жазып тұрды. Контрреволюциялық публицистік іс-әрекеті үшін 1922 жылы шетелге қуылды. — *69, 94, 97, 101, 105, 139, 242—243.*

Ильин, В. — *қараңыз:* Ленин, В. И.

Иогихес, Лео — *қараңыз:* Тышка, Ян.

Исув, И. А. (Оскаров) (1878—1920) — социал-демократ, меньшевик. 1907 жылы меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің құрамына кірді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Наша Заря» журналында және жойымпаздық басқа басылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылы меньшевиктердің Москва комитетінің мүшесі болды, Москва Советі Атқару Комитетіне және бірінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Еңбек музейінде істеді. — *382.*

Ичас, М. М. (1885—1941) — литван қоғамдық және мемлекет қайраткері, журналист, мамандығы — юрист. 1912 жылы Ковно губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды, Думада Шаруалардың ерекше тобының бюросына кірді, кейін кадеттерге қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ағарту вице-министрі болды. 1918 жылы Советтік Россиядан неміс әскерлері оккупациялаған Литваға қашып, онда буржуазиялық Литваның тұңғыш үкіметін құруға белсене қатысты. 1918—1919 жылдары — финанс министрі. Мемлекет қаржысын өз басының баюы үшін пайдаланды, бірқатар өнеркәсіп орындарын иемденіп алды. Литвада Совет өкіметі орнағаннан кейін Германияға, одан кейін Португалия мен Бразилияға қашты. — *239.*

К

Кавелин, К. Д. (1818—1885) — тарихшы және юрист, Москва университетінің (1844—1848) және Петербург университетінің (1857—1861) профессоры, дворяндық-буржуазиялық либерализмінің өкілі. «Современникке», «Отечественные Запискиге» және «Вестник Европыға» жазып тұрды. 1861 жылғы «шаруалар» реформасын әзірлеу және өткізу дәуірінде революциялық-демократиялық қозғалысқа қарсы шықты, самодержавиенің реакциялық саясатын мақұлдады. — *94.*

Каменев. Л. Б. (Розенфельд, Л. Б., Каменев, Ю.) (1883—1936) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі болды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында жойымпаздар, шақырымпаздар және троцкистер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1915 жылы, қамауға алынған кезінде, пат-

ша сотының алдында империалистік соғыста патша үкіметінің жеңілуін көздейтін большевиктік ұраннан безіп шықты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революция жасауға алған бағытына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде Зиновьевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы шешіміне өздерінің келіспейтіндігі жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп буржуазиялық Уақытша үкіметке партияның жоспарын білдіріп қойды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар жауапты қызметтерде болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевтік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателеріп мойындағандығын мәлімдеген соң партияға қайта алынды, алайда антипартиялық әрекетін тоқтатқан жоқ, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық әрекеті үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *212.*

Караулов, В. А. (1854—1910) — кадет, мамандығы — юрист. Енисей губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты; Лениннің жазғанындай, Думада «аузынан екіжүзділік бос сөз түспейтін нағыз пасық, контрреволюцияшыл кадеттердің арасынан... алдыңғы орындардың бірін» алды (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 106-бет).— *14, 75, 107.*

Караулов, М. А. (1878—1917) — казак подъесаулы, Терек облысынан II және IV Мемлекеттік думаларға депутат, монархист. «Казачья Неделя» журналын редакциялады. IV Мемлекеттік думада Шаруалардың ерекше тобы бюросына кірді, жерді муниципализациялауды қорғады. 1917 жылы Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті құрамында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Теректегі контрреволюция басшыларының бірі. Терек казак әскерінің бірінші атаманы, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *239—240.*

Кареев, Н. И. (1850—1931) — тарихшы, социолог және публицист, Францияның аграрлық тарихы жөніндегі еңбектерімен белгілі. Социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі болды. 90-жылдардан бастап марксизмге қарсы шықты. 1905 жылдан — кадеттер партиясының мүшесі. 1910 жылы Петербург ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды; 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының құрметті академигі.— *173.*

«Қауымдық жер иелену, оның ыдырауының себептері, барысы және салдары», «Семьяның және меншіктің шығуы мен дамуының очеркі», «Қазіргі демократияның шығуы», «Социология» деген және басқа еңбектердің авторы.— *69, 173, 272.*

Козловский, П. И. (1874 ж. туған) — Петербургтің Выборг ауданының санитарлық дәрігері, кедейлерге арналған Мариинск ауруханасында істеген. Бірқатар медициналық еңбектердің авторы.— *396.*

Козьминых-Ланин, И. М. (1874 ж. туған) — инженер-механик. 1913 жылы Москва губерниясының фабрикалық инспекторы болды, кейін Московның бірқатар жоғары оқу орындарында сабақ берді. Москва губерниясындағы еңбек статистикасы жөнінде жазған еңбектері бар.— *31—32, 33—42.*

Коковцов, В. Н. (1853—1943) патшалық Россияның көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1904 жылдан 1914 жылға дейін (1905—1906 жылдардағы аз-кем үзіліспен) — финанс министрі, ал 1911 жылдан бастап, Столыпин олтірілгеннен кейін, Министрлер советі председателінің қызметін қоса атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Коковцов — ірі банк епшілі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *269.*

Кольб (Kolb), *Вильгельм* (1870—1918) — неміс социал-демократы, нағыз ашық оппортунист және ревизионист, «Volksfreund»-тің («Халық Досы») редакторы. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. — *192.*

Конуэй (Conway), *Михаэль* (1869 ж. туған) — Англия Тәуелсіз жұмысшы партиясының мүшесі, мамандығы — мұғалім. 1919 жылдан Оқытушылардың ұлттық одағы Атқару Комитетінің мүшесі, ал 1923—1924 жылдары осы одақтың председателі болды. Брадфорд қаласы муниципальдық советіне бірнеше рет сайланған, онда лейбористер тобын басқарды.— *136.*

Коробка, Н. И. (1872—1920) — әдебиет тарихшысы және сыншы, кадеттердің либералдық-буржуазиялық баспасөзіне жазып тұрды; жұмысшы баспасөзіне қарсы шықты. 1910—1915 жылдары — Петербург қалалық думасының мүшесі. «Русское Богатство», «Русская Мысль», «Образование» журналдарында және басқаларына қатысып тұрды.— *68, 75.*

Крупенский, П. Н. (1863 ж. туған) — Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, ірі жер иеленуші. IV Думада — центр фракциясы лидерлерінің бірі, бюджет, әскери және теңіз істері жөніндегі, жарлық және басқа комиссиялардың мүшесі; солшыл партияларға қарсы ойрандауға шақырған сөздер сөйлеген. 1910 жылдан 1917 жылға дейін — сарай камергері. Октябрь социалистік революциясынан

кейін Россияның оңтүстігінде шетелдік соғыс интервенциясына жәрдемдесті.— *366.*

Крюков, Ф. Д. (1870—1920) — публицист-жазушы, трудовик; Дон облысынан І Мемлекеттік думаға депутат. «Халықтық социалистер» (энестер) партиясын ұйымдастыруға қатысты. Либерал-буржуазиялық «Северный Вестник», «Русское Богатство» журналдарына, «Русские Ведомости», «Сын Отечества», «Петербургская Газета» газеттеріне жазып тұрды.— *407, 408—409, 411.*

Кузнецов, Г. С. (1881 ж. туған) — жұмысшы, меньшевик. Екатеринослав губерниясынан ІІІ Мемлекеттік думаның депутаты, социал-демократиялық фракцияға енді. Жұмысшы мәселесі жөніндегі комиссияның мүшесі.— *262.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде болған кезінде «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда ұзамай бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмге ревизия жасау жолына түсті. Кускованың бернштейншілдік рухта жазып, «Credo» деп аталған документі «экономизмнің» оппортунистік мәнін өте-мөте айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобы тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуылды, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *68, 75.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінде жұмыс істеді, кейінірек егіншілік және жерге орналастыру министрі болды; ІІ және ІІІ Мемлекеттік думалардың мүшесі, кадеттердің аграрлық программасының жобасы авторларының бірі. Бұл жобаны және Кутлердің позициясын В. И. Ленин өзінің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 153—164-беттер; 16-том, 205—244-беттер) егжей-тегжейлі сынады.
Октябрь социалистік революциясынан кейін Кутлер Финанс халық комиссариатында істеді. — *57—58, 62—63.*

Л

Л — ко, Ф.— қараңыз: Ленин, В. И.

Л. М.— қараңыз: Мартов, Л.

Ланде, А. С.— қараңыз: Изгоев, А. С.

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықты белсене уағыздаушы. 1912 жылы Троцкий құрған антипартиялық Август блогына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында қызмет істеді. — *72—73, 199.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ-буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм түрлерінің бірі — лассальшылдықтың негізін салушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, алайда, Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға бастады. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу арқылы, юнкерлік мемлекет қаржыландырып отыратын өндірістік ассоциациялар құру арқылы «еркін халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қуаттады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруда бөгет болды, жұмысшылардың таптық санасын қалыптастыруға кедергі келтірді. Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастарын марксизм-ленинизм классиктері қатты сынға алды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар). — *306.*

Левицкий, В. (Цедербаум, В. О.) (1883 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздық лидерлерінің бірі; меньшевиктік орталыққа кірді, партияны жою туралы «Ашық хатқа» қол қойған меньшевиктердің ішінде болды; «Наша Заря» журналын редакциялады, «Голос Социал-Демократаға», «Возрождениеге» және басқа меньшевиктік-жойымпаздық мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист, қорғампаздардың барып тұрған оңшыл тобын қолдады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық ниетте болды, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; 1920 жылы контрреволюциялық «Тактикалық орталықтың» ісі бойынша жауапқа тартылды. Кейінірек әдеби жұмыспен шұғылданды. — *199, 203, 204, 345, 373, 376, 377, 382.*

Ледер, В. Л. (1882—1938)—поляк жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі. 1900 жылдан Польша Корольді-

гі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД) мүшесі. 1904 жылы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Варшава комитетіне, ал 1905 жылы—Шетелдік комитетіне кірді. 1905 жылдан 1911 жылға дейін — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының мүшесі. Бірнеше рет тұтқынға алынды. 1908 жылы үкіметтің қуғындауына байланысты эмиграцияға кетті. 1910 жылдан 1911 жылға дейін— Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының секретары және РСДРП-ның Орталық Органы «Социал-Демократ» редакциясындағы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өкілі. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы мен Техникалық комиссияға кірді. Ымырашылдардың большевиктерге қарсы әрекеттерін қолдап отырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинистік позицияда болды. 1919—1920 жылдары Польша коммунистік жұмысшы партиясының жұмысына белсене қатысты. 1921 жылдан — Коминтерннің және Профинтерннің жауапты қызметкері, совет баспасөзіне белсене қатысушы.— *322.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин, Н., Ильин, В., Л—ко, Ф.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *2, 17, 18, 50—51, 57, 64, 66, 71, 87, 90, 234, 308—309, 311, 325, 371, 372, 383, 422.*

Ленсбери (Lansbury), *Джордж* (1859—1940) — ағылшын лейбористік партиясы лидерлерінің бірі. 1892 жылы Социал-демократиялық федерацияға кірді, 1906 жылы лейбористерге қосылды. 1910—1912 және 1922—1940 жылдары парламент мүшесі болды. 1912—1922 жылдары күнделікті «The Daily Herald» («Күнделікті Хабаршы») газетін шығарды және оны редакциялап тұрды. 1929—1931 жылдары — қоғамдық жұмыстар министрі. 1931—1935 жылдары — лейбористік партияның председателі.— *140—141.*

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — Троцкий құрған антипартиялық Август блогының белсенді қайраткері. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару Комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтаушы болды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды. Кейін шаруашылық жұмыста болды.— *326.*

Липкин, Ф. А.— қараңыз: Черванин, Н.

Ллойд Джордж (Lloyd-George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшын мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партия-

сының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Англия үкіметінің бірінші дүние жүзілік соғысты әзірлеуге бағытталған саяси бағытын белгілеуде көрнекті роль атқарды. Пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы шықты; жұмысшыларға жарамсақтанып, жалған айтып, уәде беру арқылы жұмысшы табының революциялық партиясын құруды бөгеуге немесе оны құрғызбауға тырысты. В. И. Ленин былай деп жазды: «Ллойд Джордж буржуазияға айта қалғандай қызмет етеді және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет етеді, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиып жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отырады» (Шығармалар, 23-том, 119—120-беттер). 1916—1922 жылдары — премьер-министр, Таяу және Орта Шығыста, Балқанда ағылшын империализмінің позицияларын нығайтуға күш салды, отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы бағытталған соғыс интервенциясы мен блоkаданың рухтандырушылары мен ұйымдастырушыларының бірі. 1922 жылы, бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, орнынан түсті, алайда, өмірінің ақырына дейін белгілі дәрежеде саяси ықпалын сақтап қалды.— *43—44, 424, 425—426.*

Луначарский, А. В. (1875—1933) — профессионал революционер, кейін көрнекті совет мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде араласты. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», ал одан кейін «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жалғастыруды талап етті. Бірінші дүние жүзілік соғыста Луначарский интернационализм позициясында болды. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кіріп, сол топпен бірге РСДРП(б) VI съезінде партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан кейін СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі. 1930 жылдан — академик. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер мен әдебиет жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *311.*

Лурье, М. А.— қараңыз: Ларин, Ю.

Львов, Н. Н. (1867—1944) — помещик; В. И. Лениннің анықтамасы бойынша «сатқын кадеттің үлгісі». «Азаттық одағының» негізін салушылардың бірі. 1906 жылы кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, кейінірек — «бейбіт жаңарту» партиясын құрушылардың бірі. I, III және IV Мемлекеттік дума-

М

редакторы. II Интернационалдың Базель конгресіне (1912) және Халықаралық социалистік бюро шақырған Брюссель кеңесіне (1914) қатысты. 1921—1922 жылдары—Сыртқы істер халық комиссариатының информациялық бюросының меңгерушісі; 1922—1925 жылдары —«Коминтерн» журналы редакциясының секретары; 1926—1935 жылдары — жоғары оқу орындарында оқытушы, одан кейін В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхананың философия бөлімі бойынша ғалым консультанты.— *51, 322, 325.*

Малиновский, А. А.— қараңыз: Богданов, А.

Малиновский, Р. В. (1876—1918) — арандатушы, Москва охранка бөлімінің құпия қызметкері. 1906 жылы арамдық ниетпен жұмысшы қозғалысына қосылды, металлистер одағы жұмысшы комитетінің мүшесі және осы одақ басқармасының секретары болды. 1907 жылдан өз еркімен полицияға мәліметтер беріп отырды, ал 1910 жылы патша охранкасының құпия агенті болып тіркелген. 1912 жылы РСДРП Прага конференциясында Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды, IV Мемлекеттік думаға Москва губерниясының жұмысшы куриясынан депутат болып өтті, бұл үшін мұның жолындағы жақпайтын адамдарды тайдырып отырған охранканың қызметін пайдаланды. 1914 жылы ішкі істер министрлігінің талап етуі бойынша Мемлекеттік думаның мүшесі уәкілдігінен бас тартып, шетелге жасырынды. 1918 жылы Советтік Россияға келді, сотқа беріліп, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы трибуналының үкімі бойынша атылды.— *270.*

Мансырев, С. П. (1866 ж. туған) — князь, ірі помещик, Рига қаласынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кадет. 1890 жылдан 1896 жылға дейін ішкі істер министрлігі ведомствосы бойынша Лифляндия губерниясында алым-салық инспекторы болып қызмет істеген. Ригада бірқатар либералдық қоғамдардың председателі болды. 1912—1913 жылдары прогрессистер партиясының органы «Русская Молва» газетіне жазып тұрған.— *178, 426.*

Марков, Н. Е. (Марков 2-ші) (1876 ж. туған)— ірі помещик, патшалық Россияның реакцияшыл саяси қайраткері, «Орыс халқы одағы» және «Михаил Архангел палатасы» деген қаражүздік-ойраншыл ұйымдардың басшыларының бірі. Курск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. Думада — оң қанат лидерлерінің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін—ақ эмигрант.— *22—23, 360, 413—414, 433.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын

қараңыз — Шығармалар, 21-том, 31—81-беттер). — *113, 114—115, 130, 138, 145, 169—170, 332.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *10, 73, 262, 308, 309, 326, 345, 371, 372, 378, 382, 384.*

Мартынов, А. (Пикер, А. С.) (1865—1935) — «экономистер» лидерлерінің бірі, көрпекті меньшевик; кейін Коммунистік партияның мүшесі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаздардың органы «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден шеттеді. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға алынды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында жұмыс істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі.— *345.*

Маслов, П. П. (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды; жерді муниципализациялаудың меньшевиктік программасын ұсынды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — академик.— *19.*

Мейендорф, А. Ф. (1869 ж. туған) — октябрист, жер иеленуші, білімі жөнінен юрист. 1892 жылдан 1907 жылға дейін Сенатта, Мемлекеттік советтің кеңсесінде және ішкі істер министрлігінде қызмет істеген. 1902—1905 жылдары — Петербург университетінің приват-доценті. Лифляндия губерниясынан III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты, III Думаның алғашқы екі сессиясы кезінде председательдің орынбасары болды. 1919 жылы шетелге эмиграцияға кетті.— *359.*

Н

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылғы 2 декабрьге қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер). — *224, 357.*

Нарышкин, А. А. (1839—1916) — Орел губерниясының ірі помещигі, реакционер. 1892 жылы Подольск губернаторы болып тағайындалды; 1894 жылы — мемлекеттік мүліктер министрінің орынбасары. 1898 жылдан — сенатор, 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. Біріккен дворяндар Советі председателінің орынбасары болды.— *62.*

Незнамов — қараңыз: Протопопов, В. В.

Некрасов, Н. А. (1821—1878) — орыстың ұлы ақыны, революцияшыл демократ. В. И. Ленин Некрасовтың творчествосын жоғары бағалап, оның шығармаларындағы образдарды жиі пайдаланды. — *93, 94—95.*

Николаев, Н. Н. (1872 ж. туған) — помещик, кадет, Кубань мен Терек облыстарынан және Қара теңіз губерниясынан IV Мемлекеттік думаның депутаты. Екатеринодар округтық соты секретарының көмекшісі болып қызмет істеді, қалалық думаның мүшесі болды. 1906 жылдан бастап кадеттер партиясының Кубань облыстық комитетінің председателі болды.— *178.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. Жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша 1918 жылғы 17 июльде Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *11, 152.*

Николай — он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

Николин Н. (Андреев, Н. Н.) (1876 ж. туған) — социал-демократ, 90-жылдары маркстік үйірмелерге қатысты. 1901—1905 жылдары шетелде жүргенде большевиктерге қосылды. Россияға қайтып келгеннен кейін Петербургтің социал-демократиялық ұйымдары мен жұмысшы клубтарының жұмысына қатысты. 1910 жылдан меньшевиктерге қосылып, «Луч» газетіне және жойымпаздардың басқа да басылымдарына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың бірқатар жо-

О

П

волюциясынан кейін медицина саласында ғылыми жұмыспен шұғылданды, Ригада қалалық балалар ауруханасын басқарды. — *178, 262, 375, 376.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде —«экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметте азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік әрекеті үшін СССР-ден қуылды.— *69.*

Протопопов, В. В. (Незнамов) (1866—1916) — буржуазиялық-либералдық бағыттағы драматург және журналист. Мерзімдік «Новости», «Петроградская Газета», «Биржевые Ведомости», «Новое Время» басылымдарына жазып тұрды. 1903 жылдан — Әдебиет-көркем өнер қоғамының директоры. 1915 жылы «Финансовая Газетаны» құрған. Көптеген пьесалардың авторы. — *243.*

Протопопов, Д. Д. (1865 ж. туған) — публицист, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Самара губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. Екі аптада бір рет шығып тұрған «Земское Дело» журналын бастырып шығарушы, «Русские Ведомости» және басқа басылымдарға қатысып тұрды. Октябрь революциясына және Совет өкіметіне дұшпандық ниетте болды. 1920 жылы «Тактикалық орталық» дейтіннің ісі бойынша сотталды. — *272.*

Пуанкаре (Poincaré), *Раймон* (1860—1934)—француз буржуазиялық саяси қайраткері, мамандығы жөнінен адвокат. 1887 жылы алғаш рет депутаттар палатасына сайланды. 1893 жылдан бастап бірнеше рет француз үкіметінің құрамына кірді, француз буржуазиясының неғұрлым агрессияшыл топтарының пікірін білдіруші болды. 1912 жылы Францияның премьер-министрі, ал 1913 жылдан 1920 жылға дейін президенті болған. Бұл қызметтерінде өзін соғысқа әзірленудің белсенді жақтаушысы етіп көрсетті, сол үшін «Пуанкаре-соғыс» деген атқа ие болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін барлық антисоветтік күштердің Советтік Россияға қарсы шығуын қолдап отырды, шетел соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі. 1922—1924 және 1926—1929 жылдары — Францияның премьер-министрі. Оның саясатының ерекшелігі барынша антисоветтік бағытта болғандығы, француз еңбекшілерінің өмірлік праволары мен демократиялық бостандықтарына шабуыл жасағандығы, француз коммунистерін қуғындағандығы болды. — *327—328.*

дұшпандық ниетпен қарады. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1922 жылы меньшевиктерден қол үзді. Одан кейінгі жылдарда ғылыми-педагогикалық жұмыста және әр түрлі мекемелерде әкімшілік жұмыста болды. Россияның тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *203.*

Розанов, В. В. (1856—1919) — реакцияшыл философ, публицист және сыншы, «Московские Ведомости», «Новое Время» газеттерінің және «Русский Вестник» журналының қызметкері. Идеализм мен мистиканы уағыздады, самодержавиені қорғады. — *94, 99.*

Рокфеллерлер — Америка Құрама Штаттарындағы аса ірі финанс шонжарларының семьясы. Әулеттің негізін салушы — Джон Дэвисон Рокфеллер (Rockfeller) (1839—1937) Америка Құрама Штаттарының мұнай өнеркәсібін монополиясына алған «Стандарт ойл» трестін құрды. Қазіргі уақытта Рокфеллерлер — Америка Құрама Штаттарының негізгі финанс-монополистік топтарының бірі; елдің сыртқы және ішкі саясатын белгілеуде маңызды роль атқарады.—*213, 238.*

Романовтар — 1613 жылдан 1917 жылға дейін патшалық еткен орыс патшалары мен императорларының әулеті. — *151, 280.*

Ропшин, В. — *қараңыз:* Савинков, Б. В.

Рузвельт (Roosevelt), *Теодор* (1858—1919) — американ мемлекет қайраткері. Республикалық партия қатарында болды. 1897—1898 жылдары — теңіз министрінің көмекшісі. 1897—1900 жылдары— Нью-Йорк штатының губернаторы. 1901—1909 жылдары — Америка Құрама Штаттарының президенті. Рузвельт Америка Құрама Штаттары монополияларының өте-мөте ықпалды өкілдерінің және американ империализмі идеологтарының бірі болды. Теодор Рузвельттің үкіметі жанталаса қаруланып, Латин Америкасы елдері жөнінде агрессиялық сыртқы саясат жүргізді (1903 жылы Панама каналы аймағын басып алу, 1906—1909 жылдары Кубаны оккупациялау). 1912 жылы Рузвельт Америка Құрама Штаттары Ұлттық прогресшіл партиясын құрушылардың бірі болды, бұл партия оның кандидатурасын президенттік лауазымға ұсынды. 1912 жылғы президент сайлауында буржуазиялық реформизм программасын ұстанып түсіп жеңіліп қалды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Америка Құрама Штаттарының тезірек соғысқа кірісуін талап етті. — *120, 211, 212, 213, 234, 235.*

Рябушинский, П. П. (1871 ж. туған) — Москваның ірі банкирі және өнеркәсіп иесі, контрреволюция басшыларының бірі. Прогрессистердің буржуазиялық партиясын құруға белсене қатысты, ірі буржуазияның мүддесін білдірген «Утро России» га-

ретін шығарып тұрды. 1917 жылы августа революцияны «аштықтың арбиған қолымен» тұншықтырамын деп қорқытты, корниловшылдыққа дем берушілердің және оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті, онда Совет мемлекетіне қарсы контрреволюциялық жұмыс жүргізді. — *102, 145.*

С

С. В. — *қараңыз:* Вольский, С.

Саблер (Десятовский), В. К. (1847 ж. туған) — помещик, қаражүздік, патша өкіметінің көрнекті чиновнигі, мамандығы жөнінен юрист. 1872—1873 жылдары Москва университетінде сабақ берді. Одан кейін синод кеңсесінің директоры және синод обер-прокурорының орынбасары болып қызмет істеді; сенатор және Мемлекеттік советтің мүшесі болды. 1911 жылдан 1915 жылға дейін — синод обер-прокуроры. — *146.*

Савин Ант. — *қараңыз:* Шимановский, А. Б.

Савинков, Б. В. (Ропшин, В.) (1879—1925 — эсер партиясының көрнекті қайраткері, оның «жауынгерлік ұйымы» басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін—соғыс министрінің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы; оның инициативасы бойынша майданда өлім жазасы енгізілді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет республикасына қарсы бірқатар контрреволюциялық бүліктерді және соғыс интервенциясын ұйымдастырушы. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келген кезінде тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы сотының әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды, СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша ең ауыр жаза 10 жыл түрмеге қамаумен ауыстырылды. 1925 жылы түрмеде өзін өзі өлтірді.

Савинков В. Ропшин деген бүркеншік атпен «Сорлы ат», «Болмаған нәрсе» және мистицизмге толы басқа да бірнеше роман, сондай-ақ өмірбаяндық «Террористің естеліктерін» жазды.—*341.*

Сазонов, С. Д. (1861—1927) — патшалық Россияның көрнекті дипломаты, ірі помещиктер мен капиталистердің мүддесін көздеуші, Антантаны нығайтуды жақтаушы. 1904 жылдан Европада бірқатар дипломатиялық қызметтерде болды; 1909 жылы сыртқы істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. 1910—1916 жылдары — сыртқы істер министрі. 1916 жылы Лондондағы елші болып тағайындалды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады. Октябрь

социалистік революциясынан кейін Колчактың, ал одан кейін Деникиннің Париждегі өкілі болды, сонда эмиграцияда қалды. — *153, 162—165.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. (Щедрин, Н.) (1826—1889)—орыстың ұлы сатирик жазушысы, революцияшыл демократ. Өзінің шығармаларында Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік құрылысты өлтіре сынады, ұр да жық помещиктердің, патша бюрократиясы өкілдерінің, қоян жүрек либералдардың образдарының тұтас бір галереясын жасады және орыс көркем әдебиетінде тұңғыш рет буржуазиялық жыртқыштардың типтерін суреттеді. «Головлев мырзалар» романының басты кейіпкері Иудушка Головлевтің образын Ленин мәңгілік образ деп атады, Салтыков-Щедрин шығармаларындағы басқа да образдар сияқты, оны да өзінің еңбектерінде талай рет пайдаланып, халыққа қас әлеуметтік топтар мен саяси партияларды әшкереледі. Салтыков-Щедриннің шығармаларын К. Маркс жоғары бағалады. — *95.*

Северянин, А. (Быков, А. Н.) (1860—1919) — кадет, білімі бойынша инженер-технолог. 1889 жылдан 1906 жылға дейін фабрика инспекторы болған. Буржуазиялық-либералдық «Русские Ведомости», «Русское Слово», «Вестник Европы» және басқа органдарға қатысып тұрды. Мына кітаптардың авторы: «Практиканың 10 жылы ішінде», «Қара топырақты жер ортасында», «Россиядағы фабрикалық заңдар және олардың дамуы». — *105.*

Сиряков, Т. Т. (1887—1912) — 1912 жылы Қара теңіз флоты кемелерінде әзірленген қарулы көтеріліс басшыларының бірі. Флотта 1908 жылдан қызмет етті. Әскери-теңіз сотының үкімі бойынша Севастопольде атылды. — *1.*

Смайли (Smillie), *Роберт* (1857—1940) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. Қаршадайынан фабрикада, 17 жасынан рудниктерде жұмыс істеді. 1894—1918 және 1921—1940 жылдары Шотландия кен жұмысшылары одағының председателі болды. 1912—1921 жылдары — Великобритания кеншілері федерациясының председателі. Оның басшылығымен 1912 жылы көміршілердің ірі стачкасы өткізілді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — пацифист. 1923—1929 жылдары — парламент депутаты. 1928 жылы — тред-юниондар конгресі Бас советінің мүшесі, оның сол қанатына қосылды.— *43.*

Сноуден (Snowden), *Филипп* (1864—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, өзі 34 жыл (1927 жылға дейін) мүше болған Тәуелсіз жұмысшы партиясының оң қанатының өкілі, лейбористік партия лидерлерінің бірі. 1903—1906 және 1917—1920 жылдары Тәуелсіз жұмысшы партиясының председателі болды. 1906 жылдан— парламент мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист; буржуазиямен коалиция жасасуды жақтады. Макдональдтың кабинетінде 1924 жылы, сондай-ақ 1929—

1931 жылдары—казначейлік канцлері. Коммунизмнің қас жауы. Англия жұмысшы қозғалысы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *141.*

Соколов, А. В. — қараңыз: Вольский, С.

Сталин, И. В. (Джугашвили, И. В., Сталин, К., Коба) (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылғы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде партияның Орталық Комитеті құрған көтерілісті әзірлеу жөніндегі Әскери-революциялық орталыққа кірді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлар Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Республика революциялық-әскери советінің мүшесі болды да, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және ірі ұйымдастырушы ретінде Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың тімiскі әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, Қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінің дұрыс жақтарымен қатар теріс жақтары да болды. Партиялық және мемлекеттік аса маңызды қызметтерде бола отырып, Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия тұрмысы нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының дәлелсіз жаппай жазалану шараларына ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын, марксизм-ленинизмге жат осы жайды батыл айыптап, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін, партия тұрмы-

Судаков, П. И. (1878—1950) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі. 1899—1905 және 1911—1913 жылдары «Крейтон және К°» акционерлік қоғамының Петербургтегі заводында слесарь болып істеді. 1912 жылы, IV Мемлекеттік дума сайлауы жөнінде уәкілдікке сайланғаннан кейін, меньшевиктер жағына ауысты. 1914 жылы меньшевиктерден қол үзіп, большевиктерге қайтып келді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтау жөніндегі төтенше комиссияның председателі, Солтүстік ауданның халық шаруашылығы советінің председателі болды. 1921 жылдан 1924 жылға дейін Халық шаруашылығы жоғарғы советінде Главметалдың председателі болып жұмыс істеді. Кейінгі жылдары Әскери-өнеркәсіп Басқармасында және РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында әкімшілік-шаруашылық қызметтерде болды. — *160—161.*

Сунь Ят-сен (1866—1925) — Қытайдың аса көрнекті революционер-демократы және мемлекет қайраткері. Білімі жөнінен дәрігер. 1894 жылы революциялық Синчжунхуэй ұйымын (Қытайды қайта жаңғырту одағын) құрған, бұл ұйым маньчжур әулетін күшпен құлатуды мақсат етіп қойды. 1905 жылы Сунь Ят-сен Синчжунхуэйді неғұрлым кең көлемді революциялық программасы бар неғұрлым бұқаралық ұйым — Тунмынхуэй (Одақтық лига) етіп қайта құрды. Жаңа ұйымның программасының негізіне Сунь Ят-сен талдап жасаған үш принцип: ұлтшылдық (маньчжур әулетін құлату), халықтық өкімет орнату (республика құру) және халықтың игілікке жетуі (жер жөніндегі праволарды теңгеру) принциптері алынды. Бұл программаның революциялық-демократиялық мәнін Ленин жоғары бағалады, сонымен бірге ол Сунь Ят-сеннің кейбір халықшылдық қате көзқарастарын сынады. Тунмынхуэй Қытайдағы 1911 жылғы революцияны әзірлеген басты саяси ұйым болды. Алайда Сунь Ят-сен бастаған Қытай демократиясы революцияның барысында халықтың қалың бұқарасын жұмылдырып, ұйымдастыра алмады, антиимпериалистік және антифеодалдық дәйекті программа ұсынып, жүзеге асыра алмады. Республиканың уақытша президенті болып сайланған Сунь Ят-сен, 1912 жылғы февральда бұл қызметтен бас тартты. Тунмынхуэй ұйымы негізінде 1912 жылы августа Гоминдан партиясы құрылды. Партияның председателі болып Сунь Ят-сен сайланды.

Бұдан кейінгі жылдарда Сунь Ят-сен ішкі реакция мен шетел империалистеріне қарсы күрес жүргізе берді. Сунь Ят-сен өзінің дүниеге көзқарасына үлкен ықпал жасаған Октябрь социалистік революциясын құттықтады, Қытай мен Советтік Россия арасында достық қатынастар орнатуға шақырды. Елдің тәуелсіздігі мен демократиялануы жолындағы күрестің жалпы ұлттық майданын құру мақсатымен Сунь Ят-сен Гоминданның Қытай коммунистік партиясымен ынтымақтас болуын белсене жақтады. — *73—74, 209.*

Т

Тафт (Taft), *Уильям Говард* (1857—1930) — американ мемлекет және саяси қайраткері, мамандығы — юрист. 1901—1904 жылдары — Филиппин аралдарының губернаторы. 1904—1908 жылдары — әскери министр, Кубадағы 1906 жылғы көтерілісті аяусыз басып-жаншыған. 1908 жылы Республикалық партиядан Америка Құрама Штаттарының президенті болып сайланды. Президент болған кезінде Тафт протекционизм саясатын жүргізді, ел ішіндегі жұмысшы қозғалысын аяусыз басып отырды, американ монополияларының басқа елдерді құлдануына бағытталған «доллар дипломатиясын» жариялап, жүзеге асырып отырды, бұл ретте әскери-саяси қысым мен тікелей қарулы интервенция (Никарагуадағы интервенция) жасау әдістерін кеңінен пайдаланды. 1912 жылы президент сайлауында өз кандидатурасын қайта ұсынды, бірақ жеңіліп қалды. 1921—1930 жылдары — Америка Құрама Штаттары Жоғарғы сотының председателі. — *120, 211.*

Толмачев, И. Н. (1863 ж. туған) — патша армиясының генералы, қаражүздік «Орыс халқы одағы» ұйымының белсенді қайраткері. 1907—1911 жылдары — Одессаның қала бастығы, жұмысшы ұйымдарын, прогресшіл баспасөзді аяусыз қуғындады, революционерлерді өлтіруді және еврейлерді ойрандауды көтермелеп отырды. Толмачев жол берген әкімшілік озбырлық пен заңсыздықтардың жанжалдық сипат алғаны соншалық, 1911 жылы патша үкіметі оны қызметінен түсіруге мәжбүр болды. — *370.*

Торн (Thorne), *Вилль* (1857—1946)—ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. 1884 жылдан бастап Англия Социал-демократиялық федерациясының жұмысына қатысты, 1889 жылдан—газ жұмысшылары мен әр түрлі жұмыстағы жұмысшылардың ұлттық одағының бас секретары. 1906 жылы парламентке сайланды, 1945 жылға дейін оның депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде қорғампаз болды, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға келіп, империалистік соғысты жалғастыруды жақтап үгіт жүргізді. Кейін ағылшын жұмысшы қозғалысының оң қанатында болды. — *399.*

Трещенков, Н. В. (1875—1915) —1912 жылғы апрельде Лена алтын кендерінде жұмысшыларды атқылауды басқарғандардың бірі, жандарм ротмистрі, жергілікті полицияның бастығы. — *191, 320.*

Троцкий (Бронштейн) Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракцияшылдықтан тыспын» дегенді бүркеніп, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогын ұйымдастырушы болды. Бірінші дүние жүзілік

соғыс дәуірінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күресті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді де, олармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар мемлекеттік қызметтерде болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы болды, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партия ішіндегі ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік әрекеті үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айырылды. Шетелде жүріп Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады. — *7, 11, 186, 189, 192, 202, 203, 204, 326, 402—404, 411.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдары — «жария марксизмнің» көрнекті өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, буржуазиялық Украин орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі» (1898) және басқалар. — *169—170.*

Тышка (Tyszka), *Ян (Иогихес, Лео)* (1867—1919) — поляк және неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Польша Корольдігі социал-демократиясының негізін салушылардың бірі және осы партияның Бас басқармасының мүшесі болды. 1900 жылдан — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының мүшесі. Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы күрес жүргізді, ұлтшылдыққа қарсы шықты, поляк және орыс пролетариатының бірлесіп күресуі қажеттігін жақтады. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысып, онда Орталық Комитеттің құрамына сайланды. Реакция жылдарында Тышка жойымпаздарды айыптай отырып, дегенмен, бірқатар жағдайларда олар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1912 жылы Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты. В. И. Ленин Тышканың осы дәуірдегі

қызметін қатаң сынады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Тышка Германияда жүріп, герман социал-демократиясының жұмысына қатысты, интернационалистік позиция ұстады; «Спартак одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1916—1918 жылдары тұтқында отырды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы босатқаннан кейін Германия коммунистік партиясын құруға қатысып, оның Орталық Комитетінің секретары болып сайланды. 1919 жылы мартта тұтқынға алынды, ал одан кейін Берлин түрмесінде өлтірілді.—*247—252, 254, 321—326.*

Ф

Ф. Д.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Фальборк, Г. А. (1864—1942) — халыққа білім беру және земство қозғалысының көрнекті қайраткері, Петербургтегі Педагогика академиясын құрушылардың бірі. «Одақтар одағы» орталық бюросының құрамына кірді. 1912 жылы Фальборк Петербург қалалық думасының Балқандағы соғыс туралы қарарын әзірлеуге және соған дауыс беруге қатысты. В. И. Ленин бұл қарарды «буржуазиялық шовинизмнің үлгісі» деп атады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін Абхазия мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі болып істеді; кейін Ленинградқа қайтып оралды. Халыққа білім беру жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *167, 173.*

Фирсов, К. К. (1864 ж. туған) — Астрахань губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Шаруалардың ерекше тобы бюросының мүшесі, өз бетімен адвокаттық құрған, шыққан тегі шаруа. Думаға сайланғанға дейін егіншілікпен және бағбандықпен шұғылданды.— *239.*

Фогельзангер (Vogelsanger), *Иоганн Якоб* (1849—1923) — Швейцария социал-демократы, оппортунист. 1878—1892 жылдары — «Grütlianer» («Грютлиандық») газетінің редакторы. 1890—1905 жылдары — Цюрихтағы ұлттық кеңесші; 1892—1919 жылдары — Цюрих магистратының мүшесі.—*87.*

Франк (Frank), *Людвиг* (1874—1914) — неміс социал-демократы, ревизионистер лидерлерінің бірі, социал-шовинист, мамандығы — адвокат: 1907 жылдан — рейхстаг мүшесі. Магдебург партейтагында (1910) соғыс кредиті үшін дауыс беруді жақтап шықты. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде өз еркімен армияға барып, майданда өлтірілді.— *192.*

Фюрстенберг, Я. С.— қараңыз: Ганецкий, Я. С.

Х

Ц

Ч

орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы — меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газетаның» редакторларының бірі және меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық ниетте болды.— *370, 376, 378, 379, 382.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утописі, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі және көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революцияшыл күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашына әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавловск қамалына отырғызды, мұнда екі жылдай отырды, ал одан кейін жеті жылға каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский айдауда 20 жылдан астам болды. Ол өмірінің ақырғы күніне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қалды.

Чернышевскийдің қаламынан саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында бірқатар тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдердегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» романынан тәлім-тәрбие алды.— *48, 94, 338.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Тифлис губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, IV Думаның меньшевиктік фракциясын басқарды. Ленин Чхеидзені Думада «оппортунистерді қорғаштап, оларға қызмет ете білетіндігін» көрсеткен «партия төңірегінде жүрген социал-демократ» деп атады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде — Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшесі, қорғампаз. Чхеидзе Жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Грузия Құрылтай жиналысының — контрреволюциялық меньшевиктік үкіметтің председателі. 1921 жылы, Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін Парижге эмиграцияға кетті.— *262.*

Чхенкели, А. И. (1874 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик, мамандығы — юрист. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Батум мен Карск облыстары-

нан және Сухуми округынан IV Мемлекеттік думаға депутат. Думада социал-демократиялық фракцияның меньшевиктік жетеуі тобының құрамына, ал одан кейін меньшевиктік фракцияға кірді, мәдени-ұлттық автономияны — ұлт мәселесін шешудің буржуазиялық-ұлтшылдық программасын қорғаған. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Закавказьедегі өкілі. 1918—1921 жылдары — Грузия меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі, одан кейін ақ эмигрант.—*292, 437.*

Ш

Шагов, Н. Р. (1882—1918) — революциялық қозғалысқа белсене қатысушы, большевик, Кострома губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, мамандығы — тоқымашы-жұмысшы. Думада социал-демократиялық фракциядағы большевиктік алтаудың құрамына, ал кейін большевиктік фракцияға кірді. РСДРП Орталық Комитетінің Краковта және Поронинода партия қызметкерлерімен өткізген кеңестеріне қатысты. 1914 жылы Думадағы большевиктік фракцияның басқа мүшелерімен бірге тұтқынға алынып, Сибирьде мәңгі тұруға айдалды, одан 1917 жылы ғана қайтып оралды.— *402.*

Шимановский, А. Б. (Савин, Ант.) (1878 ж. туған) — публицист, мамандығы — агроном. 1904 жылы эсерлер партиясына қосылды, Ригада және Петербургте үгіт жұмысын жүргізді. 1909 жылы эсерлер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Кейінірек эсерлерден қол үзіп, жойымпаз-меньшевиктерге қосылды, олардың «Наша Заря» органына қатысып тұрды. 1912 жылдан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. Совет өкіметі жылдарында Егіншілік халық комиссариаты органдарында істеді.— *10.*

Шипов, Д. Н. (1851—1920) — ірі помещик, земство қозғалысының көрнекті қайраткері, октябристер партиясын ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің председателі. 1906 жылы «17 октябрь одағынан» шығып, «бейбіт жаңарту» партиясы лидерлерінің бірі болды; сол жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. Октябрь революциясын дұшпандық ниетпен қарсы алды, контрреволюциялық ақ гвардиялық «Ұлттық орталық» ұйымы басшыларының бірі болды.— *272.*

Шурканов, В. Е. (1876 ж. туған) — жұмысшы, Харьков губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Социал-демократиялық фракцияның мүшесі. Большевиктік «Звезда» газетіне және жойымпаздық «Живое Дело» газетіне жазып тұрды. Кейін айқындалғанындай 1913 жылдан охранка бөлімінің құпия қызметкері болған.— *262.*

Щ

Э

Я

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июль, 1912 — февраль, 1913)

1912

1912 жылғы июль — 1913 жылғы февраль.	Ленин Краковта тұрады, Россиямен тығыз байланыс орнатады, партия ұйымдарының жұмысын бағыттап отырады, «Правда» газетіне, большевиктердің IV Мемлекеттік дума сайлауы жөніндегі сайлау науқанындағы жұмысына және Думадағы социал-демократиялық фракцияға басшылық етеді.
30 июль (12 август).	Лениннің «Армия мен флоттағы көтерілістер», «IV Думаның сайлауы қарсаңында», ««Коалициялар бостандығы» ұраны қазір жұмысшы қозғалысының негізі бола ала ма?» деген мақалалары «Рабочая Газетаның» 9-номерінде жарияланады.
31 июль (13 август).	Лениннің «Принципті мәселелер» деген мақаласы «Правданың» 79-номерінде бас мақала болып жарияланады.
Июль.	Ленин «Швейцария жұмысшыларына хатты» жазады, бұл хат гектографпен басылған листовка түрінде Цюрихта 1912 жылғы августа неміс тілінде басылып шығады.
3 және 25 август (16 август пен 7 сентябрь) аралығында.	Ленин Н. И. Коробканың 1912 жылғы 3 (16) августа «Запросы Жизни» журналының 31-номерінде жарияланған мақаласына белгілер қойып, сөздерінің астын сызады; бұларды өзінің ««Кадеттерге күн көрсетпеу» туралы әңгіме» деген мақаласында пайдаланады.
5 (18) август.	Лениннің «Соңғы клапан» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 20-номерінде жарияланады.

8 (21) август. Лениннің «Кішкене анықтама» және «Россиядағы жұмысшылардың жалақылары мен капиталистердің пайдасы» деген мақалалары «Правда» газетінің 85-номерінде жарияланады.

9 (22) август. Лениннің «Стачкалық күрес және жалақы» деген мақаласы «Правда» газетінің 86-номерінде бас мақала болып жарияланады.

11 (24) август. Лениннің «Москва губерниясының фабрикаларындағы жұмыс күні» деген мақаласы «Правда» газетінің 88-номерінде жарияланады.

12 (25) августан ертерек. А. М. Горькийге хатында Ленин орыс социал-демократиясындағы ағымдар күресінің сипаты мен идеялық тамырлары туралы жазады, Горькийдің «Запросы Жизни» журналында жариялатқан мақалаларына баға береді.

Ленин А. А. Поляковқа (Кацапқа) Москва аудандарының Қацапты жойымпаздардың август конференциясына жіберу туралы шешімінің егжей-тегжейін хабарлауды өтініп және осыған байланысты Орталық Комитеттің Краковтағы Шетелдік бюросына оның жолығуы қажет екендігін айтып хат жазады.

12 (25) август. Лениннің «Москва губерниясындағы жұмыс күні мен жұмыс жылы» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 21-номерінде жарияланады.

Лениннің «Англияда» және «Россияда өндірістің шоғырлануы» деген мақалалары «Правда» газетінің 89-номерінде жарияланады.

18 (31) август. Ленин «Халықаралық социалистік бюроның секретариатына» мәлімдеме жазады, онда Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының Халықаралық социалистік бюроға поляк социал-демократтарының арасында жіктеліс бар деп хабарлаған нұсқау-хатына наразылық білдіреді. Мәлімдеме 1912 жылғы 21 ноябрьде «Gazeta Robotnicza»-ның 19-номерінде жарияланды.

Лениннің «Мансап» деген мақаласы «Правда» газетінің 94-номерінде жарияланады.

18 және 23 август (31 август пен 5 сентябрь) аралығында.	Ленин «Невский Голос» газетінің 1912 жылғы 17 августағы 7-номерінен жойымпаздардың газетіне қаржы жинау туралы көшірмелер жазып алады, бұларды өзінің «Жойымпаздар және «бірлік»» деген мақаласында пайдаланады.
18 және 24 август (31 август пен 6 сентябрь) аралығында.	Ленин ««РСДРП ішіндегі қазіргі жағдай жөнінде» деген кітапшаға алғашқы постскриптум» жазады.
19 август (1 сентябрь).	Лениннің «Кадеттер және аграрлық мәселе» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 22-номерінде жарияланады.
20 августан (2 сентябрьден) кешірек.	Ленин жойымпаздардың 1912 жылғы август конференциясына баға беріп, «Социал-Демократ» газетінің редакциясына записка жазады.
21 август (3 сентябрь).	Лениннің «Нашар қорғау» деген мақаласы «Правда» газетінің 96-номерінде бас мақала болып жарияланады.
22 август (4 сентябрь).	Ленин Краковта Любомирский көшесіндегі 47-үйге пәтерге көшеді.
24 август (6 сентябрь).	Лениннің «Жойымпаздар және «бірлік»» деген мақаласы «Правда» газетінің 99-номерінде жарияланады.
26 август (8 сентябрь).	Ленин «Правда» редакциясына хатында «Звезда», «Невская Звезда», «Правда» және «Живое Дело» газеттерінің жетіспейтін номерлерін өзіне жіберуді сұрайды, «Правда» газетінің тиражы мен таратылуы туралы ай сайындық статистика жариялап отыруды ұсынады, М. С. Ольминскийдің (Витимскийдің) «Мәдениетті жандар және кінәратты ұждан» деген мақаласына жақсы деп баға береді.
	Лениннің ««Кадеттерге күн көрсетпеу» туралы әңгіме» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 23-номерінде жарияланады.
29 август (11 сентябрь).	Лениннің «Жұмысшылар және «Правда»» деген мақаласы «Правда» газетінің 103-номерінде жарияланады.
30 август (12 сентябрь).	Лениннің «Бұрын және қазір», «Судьялардың халықаралық съезі» деген мақалалары «Правда» газетінің 104-номерінде жарияланады.

31 август (13 сентябрь). — Лениннің «Швейцарияда» деген мақаласы «Правда» газетінің 105-номерінде жарияланады.

1912 жылғы август— 1913 жылғы январь. — Ленин Л. Б. Каменевке хаттарында герман социал-демократиясының Хемницте болатын съезіне баратын РСДРП делегациясының өзін қалай ұстауы туралы, II Интернационалдың Базель конгресіне әзірлену жөнінде бірқатар нақты шаралар қолдану туралы және РСДРП делегациясының конгрестегі жұмысы туралы нұсқаулар береді, «Социал-Демократ» газетінің кезекті номерлерін (№ 28—29 және № 30) баспаға мезгілінде әзірлеуді талап етеді. РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінің құрамы мен жұмыс барысын хабарлайды, «РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген кеңесінің хабары мен қарарлары» деген кітапша шығару жөнінде практикалық кеңестер береді.

1 (14) сентябрь. — Лениннің «Дін басылары және саясат» деген мақаласы «Правда» газетінің 106-номерінде бас мақала болып жарияланады.

2 (15) сентябрь. — Ленин өзінің «РСДРП ішіндегі қазіргі жағдай жөнінде» деген кітапшасына постскриптум жазады.

2 және 9 (15 және 22) сентябрь. — Лениннің «Демократияға қарсы тағы бір жорық» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 24—25-номерлерінде жарияланады.

4 (17) сентябрьден кешірек. — Ленин «Роза Люксембург және поляк «Partei» vorstand-ы Мартовтың ізімен кетіп барады» деген мақала жазады.

5 (18) сентябрь. — Лениннің «Кадеттер мен нововремяшылдардың бірігуі» деген мақаласы «Правда» газетінің 109-номерінде жарияланады.

15 (28) сентябрь. — Лениннің «Н. С. Полянскийдің хаты жайында» деген мақаласы «Правда» газетінің 118-номерінде жарияланады.

16 (29) сентябрь. — Лениннің «Саяси бағыт туралы» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 26-номерінде жарияланады.

17—18 сентябрь (30 сентябрь — 1 октябрь).	Ленин «Кадеттер сайлауға немен бара жатыр?» деген мақала жазады.
18 сентябрь (1 октябрь).	Лениннің «Американ жұмысшыларының табыстары» деген мақаласы «Правда» газетінің 120-номерінде жарияланады.
18 сентябрьден (1 октябрьден) кешірек.	Ленин «Жұмысшылардың бірлігі және сайлау» деген мақала жазады.
20 сентябрьден (3 октябрьден) ертерек.	Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа жазған хатында Ленин IV Мемлекеттік думаның сайлауына байланысты Халықаралық социалистік бюроның 1912 жылғы 1 және 9 ноябрь аралығында болатын мәжілісіне қатыса алмайтындығын хабарлайды.
20 сентябрьден (3 октябрьден) кешірек.	Ленин «Правда» газетінің редакциясына хат жазады, онда IV Мемлекеттік думаның сайлауы бойынша Петербургте екінші курия бойынша дауысқа түсетін кандидатуралар туралы сұрайды, «Правданың» редакциясына сайлау науқанына байланысты жойымпаздарға қарсы күресті шырата түсу қажеттігі жөнінде нұсқау береді.
25 сентябрь (8 октябрь).	Ленин Женевадағы В. А. Карпинскийге XIX халықаралық бейбітшілік конгресі туралы хат жазады, оппортунистермен «дипломатияға салынушылыққа» қарсы пікір айтады.
28 сентябрь (11 октябрь).	Лениннің «Италияның Түркияға қарсы соғысының аяқталуы» деген мақаласы «Правда» газетінің 129-номерінде жарияланады.
Сентябрьдің аяғы.	Ленин «Правда» мен «Невская Звезданың» редакциясына хат жазады, мұнда жұмысшы демократиясының басшы органы үшін оппортунистерге қарсы күресте тиянақты да дәйекті саясат жүргізудің, жұмысшы бұқарасына жойымпаздардың антимарксстік бағытын күнбе-күн түсіндіріп отырудың, редакция жұмысында коллегиялылық принципін бұзуға жол бермеудің қажет екендігін көрсетеді.
Октябрьдің бас кезі.	Ленин А. М. Горькийге жазған хатында оның денсаулық жайын сұрайды, «Правдаға» жазып тұруын өтінеді, IV Мемлекеттік дума сайлауының барысы туралы хабарлайды.
4 (17) октябрь.	Ленин А. М. Горькийге жазған хатында «Правда» редакциясының атынан оған газет-

ке ұдайы қатысып тұруды ұсынады, IV Мемлекеттік дума сайлауына байланысты жойымпаздарға қарсы қыза түскен күрес туралы, Москва мен Харьковте жойымпаздарды жеңіп шыққандық туралы хабарлайды.

Лениннің «Құмарлық ойыны» деген мақаласы «Правда» газетінің 134-номерінде бас мақала болып жарияланады.

5 (18) октябрьден ертерек. Ленин «Екі утопия», «Либералдық жұмысшы саясаты туралы Англиядағы таластар» деген мақалаларын және бойкотизмді сынаған мақаласын жазады. «Либералдық жұмысшы саясаты туралы Англиядағы таластар» деген мақала 1913 жылғы апрельде «Просвещение» журналының 4-номерінде жарияланды.

5 (18) октябрь. Лениннің «Сайлаудағы дін басылары және дін басыларымен бірге жүргізілген сайлау» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 27-номерінде бас мақала болып жарияланады.

6 (19) октябрь. Лениннің «Милюков мырзаның «позициясы»» деген мақаласы «Правда» газетінің 136-номерінде жарияланады.

10 (23) октябрьден ертерек. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің «Россияның барлық азаматтарына» үндеуін жазады, мұны 10 (23) октябрьде Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманска жолдайды, социал-демократиялық партиялардың секретарьларына және баспасөзге осы үндеудің текстін хабарлауды сұрайды.

11 (24) октябрь. Ленин К. Гюисмансқа жазған хатында поляк социал-демократиясы Варшава комитетінің мәлімдемесін жібергенін, бұл мәлімдемеде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының Варшава комитетіне қарсы кінә тағып, Халықаралық социалистік бюроға ұсынған айыбының теріске шығарылғандығын хабарлайды және осы документті II Интернационалға кіретін барлық партиялардың назарына жеткізуді ұсынады.

12 (25) октябрь. Ленин Н. Г. Полетаевқа жазған хатында «Правда» редакциясына газеттің арнайы бір номерін IV Мемлекеттік дума сайлауына арнау жөнінде нұсқау береді, Петербургтегі жұмысшы куриясы бойынша сайланған уәкілдердің съезі алдында большевиктердің сайлау

	платформасын кеңінен насихаттауды, сайламшы болуға ұсынылған большевиктік кандидаттардың тізімдерін толық жариялауды талап етеді, осы мәселе жөнінде редакцияға өзінің мақалаларын жібергендігін хабарлайды.
16 (29) октябрь.	Лениннің «Петербург жұмысшыларының депутаты», «Балқан халықтары және европалық дипломатия» деген мақалалары «Правда» газетінің 144-номерінде жарияланады.
17 (30) октябрьден ертерек.	Ленин А. М. Горькийге хатында оның хатын алғандығын хабарлап, революция тарихы жөнінде материалдар жинау жоспарын құптайды.
17 (30) октябрь.	Лениннің «Саяси тұрлаусыздық туралы (Редакцияға хат)» деген мақаласы «Правда» газетінің 145-номерінде жарияланады.
18 (31) октябрь.	Лениннің «Түлкі және тауық күркесі туралы» және «Масқаралық қарар» деген мақалалары «Правда» газетінің 146-номерінде жарияланады.
19 октябрь (1 ноябрь).	Лениннің «Кадет профессоры» деген мақаласы «Правда» газетінің 147-номерінде жарияланады.
20 октябрь (2 ноябрь).	Ленин «Правда» газетінің редакциясына екі хат жазады, бұл хаттарында Петербургте сайлауда жұмысшы куриясы бойынша дауыс беру туралы мәліметтерді алғанын хабарлайды, IV Дума сайлауының қорытындыларын одан әрі зерттеудің қажеттігін және жұмысшы сайламшыларын сайлау туралы есепті, олардың алған дауысының санын көрсетіп, сондай-ақ путиловшылардың, семянниковшылардың дауыс беруі туралы анкеттерді жариялап отырудың қажет екендігін көрсетеді. Ленин большевиктердің Москва ұйымы құпия әдебиет әкелу үшін Краковқа жіберген жұмысшы Василий Шумкинмен кездеседі.
20 октябрьден (2 ноябрьден) кешірек.	Ленин «Правда» редакциясына жазған хатында А. М. Горькийдің газетке жазып тұруға келіскендігін хабарлайды, оған «Правда» мен «Невская Звезданың» бірқатар номерлерін жіберуді өтінеді, жойымпаздардың «Луч» газетінің оштескен қылығына «Праваданың» жауап қайтарар ойы бары-жоғын сұрайды.

21 октябрь (3 ноябрь). Лениннің «Бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа тарауы» деген мақаласы «Правда» газетінің 149-номерінде жарияланады.

24 октябрь (6 ноябрь). Лениннің «Кадеттер мен ұлтшылдар» деген мақаласы «Правда» газетінің 151-номерінде жарияланады.

25 октябрь — 7 ноябрь (7—20 ноябрь). Ленин II Интернационалдың Базель конгресіне әзірленуге байланысты мәселелер жөнінде К. Гюисманспен хат алысады, Москва губерниясы бойынша IV Мемлекеттік думаға депутаттар сайлаудың нәтижелерін хабарлайды, Халықаралық социалистік бюроның соңғы мәжілісі туралы РСДРП Орталық Комитетінде баяндама жасау үшін өзіне керекті кейбір мәліметтерді жіберуді сұрайды.

28 октябрь (10 ноябрь). Лениннің «Соғыстың сұмдықтары» деген мақаласы «Правда» газетінің 155-номерінде жарияланады.

Октябрь — ноябрьдің басы. Ленин «Социал-Демократ» газетінің 28—29-номерлерін редакциялайды.

1 (14) ноябрь. Лениннің «Кадеттер мен ірі буржуазия» деген мақаласы «Правда» газетінің 157-номерінде бас мақала болып жарияланады.

4 (17) ноябрь. Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында одан К. Каутскийдің 1912 жылғы 8 ноябрьде «Die Neue Zeit» журналының 6-номерінде басылған «Der Krieg und die Internationale» («Соғыс және Интернационал») деген мақаласымен большевиктердің келіспейтіндігі туралы II Интернационалдың Базель конгресінің комиссиясына хабарлауды сұрайды, ол мақалада революциялық бұқаралық стачканың қажеттігі теріске шығарылған болатын.

Лениннің «Нағыз орыстық әдеттер» деген мақаласы «Правда» газетінің 160-номерінде жарияланады.

5 (18) ноябрьден ертерек. Ленин «Социал-Демократ» газетінің баспаханасына И. В. Сталин дайындаған «Петербург жұмысшыларының өз жұмысшы депутатына аманатын» жібереді.

5 (18) ноябрь. Лениннің «Реформистердің платформасы және революцияшыл социал-демократтардың

платформасы», «Құпия партия және жария жұмыс» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 28—29-номерлерінде жарияланады.

7 (20) ноябрь. Лениннің «Серб-болгар жеңістерінің әлеуметтік маңызы» деген мақаласы «Правда» газетінің 162-номерінде бас мақала болып жарияланады.

8 (21) ноябрь. Лениннің «Жаңарған Қытай» деген мақаласы «Правда» газетінің 163-номерінде жарияланады.

9 (22) ноябрь. Лениннің «Америкадағы президент сайлауының қорытындысы мен маңызы» деген мақаласы «Правда» газетінің 164-номерінде жарияланады.

11 (24) ноябрьден ертерек. Ленин Халықаралық социалистік бюроға IV Мемлекеттік думаның сайлауы туралы баяндама жазады.

Ленин Я. А. Берзинге берген телеграммасында «поляк оппозициясының» («розламшылдардың») II Интернационалдың Базель конгресіне шақыру алмағандарының себептерін К. Гюисманстан сұрап білуді өтінеді.

11 (24) ноябрь. Ленин «Правданың» редакциясына жазған хатында И. В. Сталин жазған «Петербург жұмысшыларының өз жұмысшы депутатына аманатын» газеттің көрнекті жеріне басуды сұрайды.

11 (24) ноябрьден кешірек. Ленин «Жұмысшы депутаттардың сөйлейтін кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде» тезистер жазады, бұл тезистер IV Мемлекеттік думаның социал-демократиялық фракциясы декларациясының негізі болып алынды.

12 немесе 13 (25 немесе 26) ноябрь. Ленин Краковта РСДРП Орталық Комитетінің мәжілісін өткізеді, онда: «Правда» газеті редакциясының финанс қиыншылықтары туралы, РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен болатын кеңесі туралы және басқа да мәселелер талқыланады.

13 (26) ноябрьден ертерек. Ленин «Правда» редакциясына хатында өзіне газеттің 8-номерін жіберуді сұрайды.

13 (26) ноябрь. Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарына социал-демократиялық фрак-

ция декларациясының өзі жазған жобасын жібереді.

Ленин «Правданың» редакциясына жазған хатында газеттің 1912 жылғы 11 (24) ноябрьдегі 166-номеріндегі кемістіктерді көрсетеді, IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі А. Е. Бадаевтан «Правдадағы» жұмысқа көбірек көңіл бөлуді талап етеді.

15 (28) ноябрьден ертерек. Ленин IV Мемлекеттік думаның депутаты М. К. Мурановпен алдағы думалық жұмыс туралы әңгімелеседі.

Ноябрьдің екінші жартысы. Ленин «15 ноябрьдегі оқиға туралы мәселе жөнінде (Сөйленбеген сөз)» деген мақала жазады.

17 (30) ноябрь. Ленин В. И. Невскийге (Кривобоковқа) хат жазады, онда IV Мемлекеттік думаның сайлауы туралы алған әңгімесі үшін алғыс айтады және РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен болатын кеңесіне қатысу үшін оған Краковқа келуді ұсынады.

17 (30) ноябрьден кешірек. Ленин 1912 жылғы 30 ноябрьде «Bremer Bürger-Zeitung» газетінің 281-номеріне қосымшада жарияланған «Neues vom Wesen der Rentgenstrahlen» («Рентген сәулелерінің табиғаты туралы ең жаңа мәліметтер») деген мақаланың сөздерінің астын сызады және белгілер салады.

21 ноябрь (4 декабрь). Ленин Харьковтегі В. И. Невскийге (Кривобоковқа) жазған хатында РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен болатын кеңесіне қатысу үшін Краковқа келуін сұрайды.

22 ноябрь (5 декабрь). Ленин Демьян Бедныйға жазған хатында оның «Правда» қызметкерлерінің сапатына қайтып келгендігіне қанағаттанғандығын білдіреді, газет редакциясындағы істердің жайы және оның жұмысы туралы толығырақ хабарлауды сұрайды.

23 ноябрь (6 декабрь). Ленин И. В. Сталинге 1905 жылғы 9 январь оқиғаларының жылдығына байланысты жұмысшыларды бір күндік стачкаға, митингілер өткізіп, демонстрациялар жасауға шақыр-

ған листок шығарудың қажеттігін және жойымпаздарға қарсы күресте IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарының міндеттерін айтып хат жазады.

24 және 29 ноябрь (7 және 12 декабрь) аралығында. Ленин «Демократияшыл студенттер арасындағы партиялылық туралы мәселе» деген мақала жазады.

25 ноябрьден (8 декабрьдеч) ертерек. Ленин «Америкадағы сайлаудан кейін» және «Әлін білмей электену» деген мақалаларын жазады.

27—28 ноябрь (10—11 декабрь). Ленин «Тағы да IV Думадағы шаруалар депутаттары туралы» деген мақала жазады.

28 ноябрь (11 декабрь). Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарына арналған қарар жобаларын қосып И. В. Сталинге хат жолдайды. Бұл қарар жобалары: социал-демократиялық фракцияға депутат Ягеллоның қабылданылуы жөнінде; Думаның ашылуы күнгі ереуілге көзқарас туралы; IV Думаға Петербург жұмысшы қуриясынан социал-демократ кандидаттар сайлау кезінде жойымпаздардың іріткі салушылық қылықтары жөнінде болды.

Ленин Петербургке «Просвещение» журналының редакциясына большевик-депутаттарға жұмысшы курриясы бойынша сайлаудың қорытындыларын шығару үшін анкеттік лист жібереді.

29 ноябрь (12 декабрь). Лениннің «Реформизм дерті» деген мақаласы «Правда» газетінің 180-номерінде жарияланады.

30 ноябрь (13 декабрь). Лениннің «Капиталистік қоғамдағы жоқшылыққа ұшырау» деген мақаласы «Правда» газетінің 181-номерінде жарияланады.

Ноябрь. Ленин «Біздің партиямыздың «толғағы жеткен мәселелері»» деген мақала жазады. Бұл мақала 1913 жылғы августа поляк социал-демократиясының Варшава және Лодзь комитеттері шығарған «Pismo Dyskusyjne» журналының 1-номерінде жарияланды.

Ноябрь — декабрь. Ленин туысқандарымен хат алысады, семьяға деген шынайы сезімін білдіреді, анасы мен апа-қарындастарының денсаулығын сұ-

растырады, Краковтағы өзінің тұрмысы туралы хабарлайды.

Ноябрьден кешірек. Ленин «Ұлт мәселесі. II» дәптерінің мазмұнын құрады, мына кітаптардан: С. Н. Щеголев. «Украин қозғалысы — оңтүстік орыс сепаратизмінің қазіргі кезеңі ретінде» (Киев, 1912), «Россиядағы ұлттық-социалистік партиялар конференцияларының протоколдары. 16—20 апрель, 1907 ж.» (СПБ., 1908), М. С. Грушевский, «Россиядағы украин қауымы, оның тілектері мен мұқтаждары» (СПБ., 1906) және Струвенің «Русская Мысль» журналындағы «украиншылдық» туралы мақалаларынан сыни ескертпелерін қосып көшірмелер жазып алады.

Ленин К. Фортунатовтың «Россияның ұлт облыстары (1897 жылғы жаппай санақтың мәліметтері бойынша жүргізілген статистикалық зерттеулер тәжірибесі)» (СПБ., 1906) деген кітапшасына белгілер салады.

1 (14) декабрь. Ленин «Правданың» баспасы мен редакцияның кассасын М. К. Мурановтың атына көшіру жөнінде шұғыл шаралар қолданудың қажеттігі туралы; «Правда» редакциясындағы ақша дағдарысы және оны болдырмаудың шаралары туралы; жойымпаздарға қарсы күрес туралы; РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен Краковта болады деп белгіленген кеңесін ұйымдастыру туралы И. В. Сталинге хат жазады.

4 (17) декабрь. Н. И. Подвойскийдің атына IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарына жазған хатында Ленин «Правданың» финанс жағдайын реттеудің шаралары туралы хабарлайды және IV Мемлекеттік думаның материалдарын жіберуді тездетуді сұрайды.

7 (20) декабрьден ертерек. Ленин «Америкада» деген мақаласын жазады.

Г. Л. Шкловскийге жазған хатында Ленин II Интернационалдың Базель конгресінің жұмысы «Правда» газетінде жеткіліксіз баяндалып жүргендігін көрсетеді; «Просвещение» журналы мен «Правда» газеті редакцияларындағы ақша зәруліктері және оларды жан-жақты қолдау қажеттігі туралы, IV Мем-

лекеттік думаның сайлауы науқанының қорытындылары туралы, құпия жұмыстың жағдайы туралы хабарлайды.

7 (20) декабрь. И. В. Сталин мен Р. В. Малиновскийге хатында Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның декларациясына меньшевик-депутаттар қабылдаған мәдени-ұлттық автономияны талап еткен пунктті енгізуге қарсы болады; Думадағы социал-демократиялық фракцияның большевик-депутаттарының бұл мәселе жөнінде үн-түнсіз жүргендеріне ашынғандық білдіреді; РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен болатын кеңесіне алты большевик депутаттың бәрінің Краковқа келуіне жетуді сұрайды.

9 (22) декабрь. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілдігі туралы мәселе жөнінде К. Гюисмансқа француз тілінде хат жазады.

9 немесе 10(22 немесе 23) декабрь. Ленин «Правда» газетінің финанс жағдайының ауыр екендігі және оны қолдаудың қажеттігі, большевиктердің IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанында қол жеткен табыстары мен бұқара арасындағы революциялық жұмыс туралы А. М. Горькийге хат жазады.

15 (28) декабрь. Лениннің «Ұлтшылдардың кадеттермен «ымыраласуы»» деген мақаласы «Правда» газетінің 194-номерінде бас мақала болып жарияланады.

Декабрьдің бірінші жартысы. Ленин «Жұмысшы табы және оның «парламенттік» өкілдігі» деген атпен сериялы мақалалар жазады. Бірінші мақала 1912 жылғы 12 декабрьде «Правда» газетінің 191-номерінде жарияланады. Басқа мақалалары ол кезде жарияланған жоқ.

Ерте дегенде 21 декабрь (1913 жылғы 3 январь). Ленин «Социал-Демократ» газетінің 30-номеріне арналған мақалалардың корректурасын оқумен болады.

22 декабрь (1913 жылғы 4 январь). Лениннің «Национал-либералдар» деген мақаласы «Правда» газетінің 200-номерінде бас мақала болып жарияланады.

26 декабрь (1913 жылғы 8 январь).

А. М. Горькийге жазған хатында Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен болатын кеңесіне қатысу үшін IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның большевик-депутаттарының, сондай-ақ Россиядағы партия қызметкерлерінің Краковқа келгендігі туралы; «Правда» газеті редакциясының ақшадан көріп отырған қиыншылығы және оны жоюдың шаралары туралы; жұмысшылар арасында революциялық ниет-пиғылдың өскендігі және жойымпаздарға қарсы күресті күшейтудің қажеттігі туралы хабарлайды.

26 декабрь — 1 январь (1913 жылғы 8—14 январь).

Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесіне басшылық етеді.

Ленин «Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері туралы», «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» баяндамалар жасайды.

Ленин кеңестің «Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері», «Құпия ұйым құрылысы», «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы», «Құпия әдебиет туралы», «Қауіпсіздендіру науқаны туралы», «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы», ««Ұлттық» социал-демократиялық ұйымдар туралы», ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарарларын жазып, редакциялайды. Ленин кеңесте сөйлегендердің сөздерін жазып алады.

Декабрь.

Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізетін Краков кеңесіне арнап «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» тезистер жазады.

Ерте дегенде 1912 жыл.

Ленин Karl Radek. «Der deutsche Imperialismus und die Arbeiterklasse». Bremen, 1912 (Карл Радек. «Неміс империализмі және жұмысшы табы». Бремен, 1912) деген кітапшаға ескертпелер жасап, неміс тілінде көшірмелер жазып алады.

Жылдың аяғы.

Ленин «Bremer Bürger-Zeitung» газетінің редакциясына неміс тілінде хат жазады, мұнда Р. Люксембургтің кітабына жазылған рецен-

	зия басылған газеттің номерін жіберуді сұрайды, Халықаралық социалистік бюроның октябрьдегі мәжілісі туралы берілген жаңсақ есепті газет редакциясының түзетуі қажет екендігін көрсетеді.
1912 жылдың аяғы — 1913 жылдың басы.	Ленин мына кітапшаға ескертпелер жазады: A. Pannekoek. «Klassenkampf und Nation». Reichenberg, 1912 (А. Паннекук. «Тап күресі және ұлт». Рейхенберг, 1912), мына кітапшаға белгілер салып, сөздерінің астын сызады: Josef Strasser. «Der Arbeiter und die Nation» Reichenberg, 1912 (Иосиф Штрассер. «Жұмысшы және ұлт». Рейхенберг, 1912).
1912—1913 жж.	Ленин либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын әшкерелеген мақала жазады.

1913

1 (14) январь.	Лениннің «1912 жылғы ағылшын жұмысшы қозғалысы» деген мақаласы «Правда» газетінің 1-номерінде жарияланады.
Январьдың бас кезі.	РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесі аяқталғаннан кейін Ленин Орталық Комитеттің мәжілістерін өткізеді, оларда мына мәселелер талқыланады: Орталық Комитеттің құрамы, «Правда» редакциясының жұмысы, IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның большевик-депутаттарының жұмысы және басқа да мәселелер.
1 және 8 (14 және 21) январь аралығында.	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесі туралы «Хабар» жазады және кеңестің қарарларын редакциялайды. Қарарлар ең әуелі гектографта басылып, 1913 жылғы январьда Краковта шығарылды.
3 (16) январь.	Лениннің «Евгений Потье (Қайтыс болғанына 25 жыл толуына)» деген мақаласы «Правда» газетінің 2-номерінде жарияланады.
3 (16) январьдан кешірек.	Ленин «Германияда жұмысшы хорларының дамуы» деген мақала жазады.

6 (19) январь. Ленин «Ештен кеш жақсы» деген мақала жазады. Мақала 1913 жылғы 11 январьда «Правда» газетінің 8-номерінде жарияланды.

8 (21) январьдан ертерек. РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінен кейін Ленин большевик-депутаттармен әңгімелесіп, сайлау округтарындағы жұмыс туралы сұрастырады.

8 (21) январь. Ленин А. М. Горькийге хат жазады, мұнда одан большевиктік «Просвещение» журналына көмектесуді сұрайды.

9 (22) январьдан кешірек. Берлиндегі орыс социалистік архивінің меңгерушісі Г. М. Вязьменскийге жазған хатында Ленин оның орыс социал-демократиялық құпия әдебистін жіберсеңіз деген өтінішін орындауға тырысатынын хабарлайды, «бір аптаға» 1907 жылғы «Известия ЦК РСДРП-ны» жіберуін сұрайды.

12 (25) январьдан ертерек. Ленин өзінің «Революциялық стачка мен көше демонстрацияларының өрістеуі» деген мақаласына алғашқы постскриптумын жазады.

Ленин «Большевизм туралы» деген мақала жазады. Бұл мақала 1913 жылы Н. А. Рубакиннің «Кітаптар әлемінде» деген кітабының 2-басылуының екінші томында жарияланды.

12 (25) январь. Ленин Н. А. Рубакинге жазған хатында «Кітаптар әлемінде» деген кітаптың екінші томына арнап «Большевизм туралы» мақаласын жібергенін хабарлап, мақаланы басқанда *«қандай да болса* өзгерістің» болмауын тиянақтап шарт етіп қояды.

Ленин Н. И. Подвойскийге жазған хатында «Правда» газетінің редакциясын қайта құрудың жоспары туралы хабардың жоқтығын хабарлайды, редакцияның қателерін сынайды, газеттің ақша қаражатына бақылау қоюды талап етеді.

Лениннің «Революциялық стачка мен көше демонстрацияларының өрістеуі» және «Поляк социал-демократиясындағы жіктеліс» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 30-номерінде жарияланады.

12 (25) январьдан кешірек

Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінің «Хабары» мен қарарларын бұларды жеке кітапша етіп шығару үшін Парижге жібереді. Кітапша 1913 жылғы февральдың бірінші жартысында (жаңаша) басылып шықты.

А. М. Горькийге жазған хатында Ленин оған РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінің қарарларын жібергендігін, Москвада жария жұмысшы газетін шығарудың жоспарын хабарлайды, Горькийдің қомақты большевиктік журнал шығармақ ниетін мақұлдайды, сонымен қатар «Просвещение» журналын нығайтып, ұлғайту қажеттігін көрсетеді.

15 (28) январь.

Лениннің «Пуанкаренің сайлануының мәні» деген мақаласы «Правда» газетінің 11-номерінде жарияланады.

17 (30) январь.

Лениннің «Ашықтан-ашық» деген мақаласы «Правда» газетінің 13-номерінде жарияланады.

18 (31) январь.

Н. Осинскийге жазған хатында Ленин жергілікті земстволық және фабрикалық-статистикалық басылымдарды тауып беруді сұрайды.

Лениннің «Бриан кабинеті» деген мақаласы «Правда» газетінің 14-номерінде жарияланады.

19 январь (1 февраль).

Лениннің «Өмір үйретеді» (бас мақала) және «Жаңа демократия» деген мақалалары «Правда» газетінің 15-номерінде жарияланады.

20 және 22 январь (2 және 4 февраль).

Лениннің «Халықшылдық туралы» деген мақаласы «Правда» газетінің 16 және 17-номерлерінде жарияланады.

20 январь және 23 апрель (2 февраль және 6 май) аралығында.

Ленин 1913 жылғы январь — мартта «Луч» газетіне түсті деген ақшалардың санын шығарып, белгілер салады және сөздерінің астын сызып қояды. Бұл мәліметтерді ол «Қорытындылар мен фактілер туралы бірдеңе» деген мақаласында пайдаланған болатын.

22 январь (4 февраль).

Ленин жойымпаздарға қарсы бағытталған «Социал-демократтарға» деген үндеу жаза-

ды. Бұл үндеу 1913 жылғы январьдың аяғында Краковта жеке листовка болып гектографта басылып шықты.

25 январь (7 февраль). Лениннің «Азефтер дүниесінде» деген мақаласы «Правда» газетінің 20-номерінде жарияланады.

27 январь (9 февраль). Я. М. Свердловқа жазған хатында Ленин «Правда» газетінің маңызын атап көрсетеді, редакция жұмысындағы кемшіліктерді сынайды, газет редакциясын дереу қайта құруды талап етеді.

29 январь (11 февраль). Лениннің «Буржуазия және реформизм» деген мақаласы «Правда» газетінің 23-номерінде жарияланады.

30 январь (12 февраль). Лениннің «Ашық партия туралы» деген мақаласы «Правда» газетінің 24-номерінде жарияланады.

31 январь (13 февраль). Н. А. Рубакинге хатында Ленин «Большевизм туралы» мақаласына редакциялық өзгертулер жасауға келісім беруден бас тартады.

Январь. Ленин И. А. Пятницкийге (Альбертке) жазған хатында Краков кеңесінің ««Ұлттық» социал-демократиялық ұйымдар туралы» қарарына жасаған оның ескертпелерін сынға алады және большевиктердің ұлт мәселесі жөніндегі позициясын баяндап береді.

Лениннің «Сайлаудың қорытындылары» деген мақаласы «Просвещение» журналының 1-номерінде жарияланады.

Январь — майдың бірінші жартысы. Ленин IV Мемлекеттік думаның социал-демократ депутатына арнап, бюджет туралы сөйленетін сөздің жоспары мен жобасын жазады; 1910 және 1912 жылдардағы «Ежегодник России» мен Құрама Штаттардың статистикалық анықтамасынан («Statistical abstract of the United States». Washington, 1912) көшірмелер жазып алады.

Январьдың аяғы—февральдың басы. Ленин «Орыстар мен негрлер» және «Конституциялық жалған үміттердің күйреуі» деген мақалаларын жазады.

Январь — февраль. Ленин мына анықтаманы қарап шығады: «Monatliche Übersicht der bedeutenderen Erscheinungen des deutschen Buchhandels». J. C. Hinrichs sche Buchhandlung in Leipzig (Лейпцигтегі кітап саудасын жүргізуші Хинрикстің «Немістің кітап рыногының азды-көпті айтарлықтай жаңалықтарының ай сайынғы шолуы»).

1 (14) февраль. Ленин «Правданың» редакциясына хат жазып, онда редакцияны сынайды және газеттің 24-номерінде А. Богдановтың «Правдаға» қызметтес болуы жөнінде қойған шарттары туралы хатының басылғанына қарсы наразылық білдіреді.

Лениннің «Шаруалардың жерлерін мобилизациялау» деген мақаласы «Правда» газетінің 26-номерінде жарияланады.

1 және 12 (14 және 25) февраль аралығында. Ленин А. М. Горькийге хат жазып, «Просвещение» журналының беллетристика бөлімін редакциялауға оның келіскеніне қанағаттанғандығын білдіреді; IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның большевик-депутаттарының жұмысы, А. Богдановтың махистік-идеалистік сөздері, сондай-ақ большевиктердің ұлт мәселесін талдап әзірлеп жатқандығы туралы хабарлайды.

2 (15) февраль. Лениннің «Стачкалар туралы бірер сөз» деген мақаласы «Правда» газетінің 27-номерінде жарияланады.

5 (18) февраль. Лениннің «Бір жаңалық туралы» деген мақаласы «Правда» газетінің 29-номерінде жарияланады.

6 (19) февраль. Лениннің «Ағылшын жұмысшы партиясының съезі» деген мақаласы «Правданың» 30-номерінде жарияланады.

6—9 (19—22) февраль. Ленин «Өршіп бара жатқан сәйкессіздік. Публицистің заметкалары» деген мақала жазады. Мақала 1913 жылғы март пен апрельде «Просвещение» журналының 3 және 4-номерлерінде жарияланды.

6 (19) февраль. Ленин «Правданың» редакциясына газет редакциясының қайта құрыла бастағанымен құттықтап және оның жұмысының алдағы

	уақытта табысты болуына тілектестік білдіріп хат жазады.
8 (21) февральдан ертерек.	Ленин «Маевскийге жауап», «Булгаков шаруалар туралы» деген мақалаларын және адамгершілік туралы екі мақала жазады.
8 (21) февраль.	Ленин «Правданың» редакциясына хат жазады, онда редакцияны газеттің жақсара бастауымен құттықтайды. К. Маркстің қайтыс болуының 30 жылдығына арнайы номер шығарудың қажеттігін көрсетеді, өзіне «Правданы», жаңа кітаптар мен журналдарды ұқыптырақ жіберіп тұруды сұрайды.
Ерте дегенде 8 (21) февраль.	Ленин К. Маркстің қайтыс болуының 30 жылдығына арналатын кітапшаның немесе жинақтың жоспарын жасайды.
9 *(22) февраль.*	М. А. Савельевке жазған хатында Ленин өзінің «Звезда» газетіне басылмай қалған «Либералдық жұмысшы саясаты туралы Англиядағы таластар», «Екі утопия» деген мақалалары мен бойкотизмді сынаған (Амфитеатровқа қарсы) мақаласын жіберуді, ал «Правда» газетінде басылмаған және қосымша жіберілген мақалалардан «Публицистің заметкаларын» құрастырып, «Т» деп қол қойып, «Просвещение» журналында жариялауды сұрайды.
11 (24) февраль.	Ленин Саратовтағы М. А. Ульянова мен А. И. Ульянова-Елизароваға хат жазады, өзінің Краковтағы тұрмысы туралы сөз етеді, «Правданың» жанынан социал-демократиялық кітапшаларды бастырып шығаруды ұйымдастырмақ ойын хабарлайды.
12 (25) февральдан ертерек.	Ленин Демьян Бедныйға хатында «Правда» редакциясының жұмысы, «Просвещение» журналы туралы, оның махистер мен впередшілдерге көзқарасы туралы сұрап, «Правда» газеті редакциясындағы істі коллегиялылықпен жүргізу қажеттігін көрсетеді.
12 (25) февраль.	Ленин «Социал-Демократ» газетінің редакциясына хатында И. В. Сталиннің «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген мақаласына жоғары баға береді және мұны «Просвещение» журналына дискуссиялық мақала

етіп баспақ болғаны үшін А. А. Трояновскийді сынайды, «Правда» редакциясында қайта ұйымдастырудың басталғандығы, Петербургте, Москва облысында, Оңтүстікте құпия социал-демократиялық ұйымдардың ныгаюы туралы хабарлайды.

Н. Г. Полетаевқа хатында Ленин оның социал-демократиялық фракциядағы большевик-депутаттардың «Луч» редакциясынан шығуына берген бағасының теріс екендігін көрсетеді, Полетаевтың «Правда» газеті қызметкерлерінің ішінде болмауына қынжылатынын білдіреді, үлкен газет, сондай-ақ кітаптар мен кітапшалар шығарудың Полетаев ұсынған жоспары жөніндегі ойын айтады.

Лениннің «Ашық сөйлегеніне алғыс айтамыз» деген мақаласы «Правда» газетінің 35-номерінде бас мақала болып жарияланады.

Февральдың ортасы. Лениннің басқаруымен РСДРП Орталық Комитетінің кеңесі болып өтеді; кеңесте «Правда» газеті редакциясының бұдан былайғы жұмысы туралы, «Просвещение» журналы туралы, «Правданың» жанынан социал-демократиялық сериялы кітапшалар шығарудың қажеттігі туралы мәселелер талқыланады.

16 февраль (1 март). Лениннің «Бірлік туралы мәселе» деген мақаласы «Правда» газетінің 39-номерінде бас мақала болып жарияланады.

21 февральдан (6 марттан) кешірек. Ленин А. М. Горькийге хатында Романовтар үйінің 300 жылдығына байланысты Россияда шыққан амнистия туралы манифест жайында хабарлайды, Горькийге отанға қайту үшін амнистияны пайдалануға кеңес береді.

23 февраль (8 март). Лениннің ««Жерге орналастырудың» кейбір қорытындылары» деген мақаласы «Правда» газетінің 45-номерінде жарияланады.

Февраль. Лениннің «Халықшылдарда не болып жатыр және деревняда не болып жатыр?» деген мақаласы «Просвещение» журналының 2-номерінде жарияланады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1913 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды, 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1977.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 22. Июль, 1912 — февраль, 1913.
658 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
В. В. Горбунов пен *Е. Н. Стеллиферовская*

Әдебиет корсеткішін дайындаған
Л. А. Кашницкая

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Ю. Г. Никифоров

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

ИБ № 299

Сдано в набор 15/XI 1976 г. Подписано к печати 9/IX 1977 г.
Формат $84\times108^{1}/_{32}$—21,5 печ л =36,12 усл. печ. л (32,51 уч-изд л)
Тираж 15000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп
Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан»,
г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ 514. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.